

Ұлы Жеңістің
70 жылдығына арналады

**ӘШПЕС
ЕРЛІК**





**ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ
70 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ**

**ӨШПЕС
ЕРЛІК**

Петропавл - 2015 жыл

УДК 355/359

ББК 63.3 (2) 622.78

Ө-97

Ө-97 Өшпес ерлік / г. Петропавловск: Издательство «Северный Казахстан», 2015 - 472 с.

ISBN 978-601-7247-62-1

Ұлы Отан соғысындағы Женсіс күнінің 70 жылдығына арналған осы кітаптың жарыққа шығуына Солтүстік Қазақстан облыстық ардагерлер кеңесі қолдау көрсетті.

Кітапты Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұраҗайының жанындағы «Асыл мұра» орталығы ұйымдастырды.

Кітапты баспаға құрастырып, дайындағандар:
Таңат Сүгірбаев және Жоламан Шаханов

Кітап Ұлы Отан соғысы жылдарында майданың барлық шебінде жаумен шайқасып, Отан корғау жолында қаһармандық ерліктің ғаламат үлгісін көрсеткен ардағерлерге және тылда жанқиярлықпен еңбек еткен тыл еңбеккерлеріне арналады. Кітаптың бір ерекшелігі; бұрын есімдері аса елнен бермеген, газет бетін көрсе де кітапқа шықпаған ардагерлер мен тыл еңбеккерлері қамтылды. Кітапқа облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінде жарық көрген және ардагерлер мен олардың ұрпақтары жазған естеліктер, мақалалар, әңгімелер, өлеңдер, архивтерінде сақталған суреттер пайдаланылды. Ардагерлердің жалынды рухын, өшпес ерлігін, тыл еңбеккерлерінің қажыр-қайратын баяндайтын бұл кітап жастар арасындағы патриоттық тәрбиенің үйітқысы боларына сенимдіміз.

УДК 355/359

ББК 63.3 (2) 622.78

ISBN 978-601-7247-62-1

© Издательство «Северный Казахстан», 2015

**1941-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ
ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ
ЖЕҢІС КҮНІНІҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫ
ҚҰРМЕТИНЕ АРНАЛҒАН БІРЫҢГАЙ
МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬ ТУРАЛЫ**

1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Женіс күнінің 70 жылдығы құрметтіне, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің ерлігіне, қаһармандығы мен қайсарлығына тәреп құрмет көрсете отырып, **қаулы етемін**:

1. Қоса беріліп отырған «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Женіске 70 жыл» бірыңғай мерекелік медалімен наградтау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Қағидаларға сәйкес «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Женіске 70 жыл» бірыңғай мерекелік медалімен Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері мен өзге де адамдар наградталсын.

3. Осы Жарлық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті
Н. НАЗАРБАЕВ**

Астана, Ақорда, 2015 жылғы 19 қантар. №992



СОЛТУСТИКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ОТАН ҮШІН ОТ КЕШТІ

Адамзат тарихындағы ұшан-теңіз шежіренің ішінде өмірге қара бұл болып шүйлген ең шерлі, ең катель беттердің бірі ретінде есте қалған екінші дүниежүзілік соғыстың зұлматы артта қалғалы қашан. Әйтсе де, жер-жаһанды жалмал өтіп, миллиондаған адамның ғұмырын қиған қанды қырғын соғыстың қаһарлысызы, сан жылдарға созылған жаңғырығы, адам жанына салған жарасы жадымыздан мәнгі шықпақ емес.

Міне, 9 мамыр күні бүкіл еліміз сияқты Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Женістің 70 жылдығын атап өткелі отырмыз. Елбасының сөзімен айтқанда, бұл Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасиетті соғыс болса, Ұлы Женіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәнгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке.

Іә, Ұлы Женіс – қасиетті де қастерлі мереке. Бұл мереке – төрт жылға созылған сұрапыл соғыста зұлым жауды өз ұясында күйретіп, женіс туын тіккен халқымыздың қайсарлығы мен қаһармандығын, батылдығы мен батырлығын, бірлігі мен төзімділігін паш ететін және тарихта мәнгілік қалатын мереке. Бұл мереке – ел басына күн туганда қолына қару алғып соғысқа аттанған, майданын барлық шебінде шыбын жанын шүберекке түйін, оқ пен оттың арасында жүріп жауға қарсы қайсарлықпен шайқасқан, ерліктің талай ғаламат улғисін көрсеткен, сөйтін соғыстың қиямет зардалтарын өз көздерімен көрген ардагерлер үшін ерекше қасиетті. Бұл мереке – далада егін салып, күн-тұн мал баққан, станоктардың құлағында тұрып, тынымсыз жұмыс істеген, сейтіп женісті барынша жақындаға түсуге қажырлы енбектерімен үлестерін қосқан тыл еңбеккерлері үшін ерекше қастерлі. Аға буынның соғыстағы қаһармандық ерлігін, тылдағы қажырлы енбегін бүгінгі және болашақ ұрпақ ешқашан ұмытпайды, ұлғы тұтады. Сондықтан да Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында Ұлы Женістің 70 жылдығын лайықты атап өту – Жаңа Қазақстандық патриотизмді ұрпақ жадына сіңруде айрықша рөлге ие екенин атап көрсетті.

Соғыс жылдарында еліміздегі сияқты біздің облысымызда да майдан шептерін жауынгерлермен, азық-тұлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етуде игі істер жүйелі жүргізіліп жатты. Ұлы Отан соғысы жылдарында әрбір үшінші солтүстікқазақстандық қолына қару

алып майданға аттанды. Солардың 45364-і туып-өсken жерлерін қайтып көрмей, майдан далаларында ерлікпен каза тапты. Әрбір елді мекенде майданнан оралмаған боздақтарға арналып құлпытас, ескерткіш орнатылды. Олардың есімдері ешқашан ұмытылмайды, әрдайым еске алып, рухтарына тағызым етіп отырамыз.

Соғыс жылдарында солтүстікқазақстандықтар майданың барлық шебінде, құрлықта, теңізде, әуеде жауға қарсы шайқасып, аяマイ соққы берді. «Фашистік басқыншыларды өз ұясында күйретеміз», «Елге жеңіспен ораламыз» деп ант берген жауынгерлеріміз сол серттерінде түрдү. Петропавл қаласында негізінен солтүстікқазақстандықтардан жасақталған 314-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлері талай майдан шебінде ғаламат ерліктер жасап, өшпес данқа бөленді. Ленинград қаласын қорғап, жау құрсауынан құткаруға қатысқан бұл дивизияның жауынгерлік жолы Чехославакияның солтүстік аудандарына дейін жалғасып, ерлік даңқы арта түсті. 1944 жылдың 1 ақпанында Кингисепп қаласын азат етіп, жаудың күл-талқанын шығарған керемет ерлігі үшін дивизияға «Кингисептік дивизия» деген құрметті атак берілді. Дивизияның есімі соғыс тарихында алтын әріппен жазылды. Жерлестерімізден жасақталған 36-шы жеке атқыштар бригадасы, 29-ыныш атқыштар дивизиясы Мәскеу, Сталинград қалаларының түбіндегі қанды шайқастарда жауды есінен тандырған ерліктерімен ерекше көзге түсті. Дивизиялық бақылау тобының комиссары, жерлесіміз Николай Зебницкий 22 жасында партизандар отрядын басқарып, жау тылында аса маңызды операцияларды орындаған. Сол үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыс жылдарында көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін 55 солтүстікқазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Ал жерлесіміз, Мамлют ауданының тумасы Сергей Гаврилович Гуденко Қазақстанда бірінші болып бұл атаққа ие болғанын мақтаныш тұтамыз. Он бір жерлесіміз Даңқ орденінің толық иегері. Жау кемелерін суға батырған Кеңес Одағының Батыры Б.П. Ущевтің, жау тылұның түкпіріне дейін еніп, дүшпанға ойран салған танк бригадасының командирі Т.С.Позолотиннің, сұрапыл шайқаста жаудың бетін қайтарған Е.С.Дәуітотовтың, Одер езенін кесіп өткен ІІ.Ыбыраевтың және басқа да жерлестеріміздің ғаламат ерліктері Ұлы Отан соғысы тарихынан өшпес орын алды. Фашизмнің соңғы қамалы Берлиндегі Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен кеңес жауынгерлерінің қатарында қазақ қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың есімі аталуы да біз үшін үлкен мақтаныш. Өйткені ол Петропавл қаласында Борки селосында жауынгерлік дайындықтан өтіп, осы жерден соғысқа аттанды.

Соғыс жылдарында тылдағы жағдай да майданнан кем болған жоқ. Елде қалған әйелдер мен жасөспірімдер, қариялар 13-14 сағаттан жұмыс істеді. Станок басында тұргандар кейде сол жерде көзшырымын ғана алып, күн-түн еңбек етті. Соғыстың алғашкы жылында батыстан қаламызға көшірілген 20 зауыт пен фабрика аз уақыттың іншінде іске қосылып, майданға қару-жарап, оқ-дәрі шығаруға кірісті. Атақты «Катюшаның» реактивті снарядтары да осында дайындалды. Күн сайын, ай сайын вагон-вагон киим-кешек, азық-түлік, қару-жарап майданға жөнелтіліп жатты. Сол кездегі «Бәрі майдан үшін, бәрі Женсі үшін» ұранымен еңбек еткен тылдағы еңбеккерлеріміздің рухы құшті болды.

Облыста соғыс ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне қамкорлық жасау, құрмет көрсету мәселесі де назарымыздан тыс қалып көрген жоқ. Қажетсінген ардагерлерге пәтер беріліп, қаржылай қолдау жасалып, медициналық және басқа да материалдық, әлеуметтік көмектер көрсетілуде. Ұлы Женістің 70 жылдығына дайындық кезінде де бұл шаралар жалғасуда. Артындағы ұрпағына бейбіт өмір тарту еткен ардагерлерге қандай құрмет көрсетсек те лайық. Біз еслі ерлердің алдында қарыздармыз.

*Ерік СҰЛТАНОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

МАЙДАНГЕРЛЕР – МЫҚТЫЛАР!

Ардагерлер!

Өшпейді естен алыстағы от күндер,
Женіс туын желбіретіп, Берлинге де жеттіндер.
Қанды қырғын соғыстан аман қайтқан ерлерім,
Уақыт мұжіп барады-ау, тым азайып кеттіндер?!

Оралғанда елге аман бәрің бір-бір бәрі едің,
Айтсын оны өмірдегі барлығына тере күн.
Соғыстан соң ауылдың бойына қан жүгірткен,
Еңбектерінді женістің жалғасындаі көремін.

Танкі мінген тарландардың тракторға отырып,
Тыңдан түрән тілгені – өзі бір ерлік тақырып.
Зұлмат соғыс зардабын көріп өскен ұрпақтың –
Шолақ аяқ, шолақ қол ұстаздардан оқыдық...

Өздеріңмен ауылдың қайта кіріп ажары,
Гүлденгениң көрдік біз, оны тарих жазады.
Женіс қандай көрім, Женіс қандай өміршеш –
Күлкісіне көмілген балалы үйдің базары!

Бейбіт күнде жатқасын ерліктерің жаңғырып,
Өлмейтіндей көруші ек өздерінді мәңгілік.
Ер кіндікті жарты жүрт кеткендей-ақ сендерге,
Қара тасқа қашалған аманатын қалдырып?!

Мықты едің-ау майдангерлер, оқ пен отты кеңкендер –
Әлі дағы өмір жүктің қамыт бауын шешпендер!
Соңғы демі қалғанынша шебін бермес сарбаздар,
Сендерге ғой қарыздар бейбіт күнде өскендер!!

*Toқтар ЗІКІРИН, ақын,
Қазақстан Жазушылар одагының мүшесі*

ЕРЛІК ШЕЖИРЕСІ

1941 ЖЫЛ:

22 маусым. Гитлерлік Германия Кеңес Одағына тұтқылдан басып кірді.

23 маусым. Петропавл қаласының ет комбинатында, темір жол торабында, пима-аяқ киім фабрикасында және басқа ұжымдарда, сондай-ақ облыстың көптеген елді мекендерінде көп адам қатысқан митинг болды.

Еңбеккерлер дереу Отан қорғауға дайын екендіктерін білдіріп, фашист басқыншыларын айыптады.

24 маусым. Петропавл қаласында жұмысшылардың, ал Булаево, Пресновка, Явлена және басқа аудан орталықтары мен селоларда бұқаралық митинглер жалғасын тапты.

1 шілде. Полудин МТС-нің Василиса Бондаренко бастаған тракторшы әйелдер бригадасы республиканың барлық село еңбеккерлеріне «Әйелдер, трактор мен автомобиль рулине отырындар!» деген Үндеу қабылдады. Бұл Үндеуге Қазақстанның 13 мың елжанды қыз-келиншегі үн қосты.

5-10 шілде. Осоавиахим ұйымы Петропавлда халықты соғыс ісіне жаппай үйретуді өрістетті.

20 шілде. Солтүстік Қазақстан облысында 314-ші атқыштар дивизиясын жасақтау басталды.

20 шілде. Ворошилов атындағы ұжымшардың 17 әйелі ер-азаматтардың мамандықтарын менгеру жөнінде бастама көтерді. Солтүстік Қазақстанның елжанды әйелдерінің бастамасын республиканың мындаған еңбеккерлері қолдады.

30 шілде. Петропавл консерві зауытының ұжымы майданға арналған өнімдер шығарудың айлық жоспарын асыра орындады.

15-20 тамыз. 1921-1922 жылдары туған петропавлдық коммунистер мен комсомолецтердің үлкен тобы Алматының, Ташкенттің, Фрунзениң және басқа қалалардың әскери командалық училищелеріне іріктелді.

20-30 тамыз. Петропавлдың кәсіпорындарында Бұқілхалықтық қорғаныс қорын құруға бастама көтерген мәскеуліктерді қолдаған митинглер өткізілді.

5 қыркүйекке дейін. Пулемет взводының командирі, лейтенант, Кеңес Одағының Батыры, солтүстікказакстандық Сергей Гаврилович Гуденко жаудың шабуылына пулемет оғымен тойтарыс бере отырып, қанды шайқаста қаза тапты.

7 қыркүйек. 314-ші атқыштар дивизиясының жауынгерлері Ладога көліне жеткен неміс солдаттарымен тізе қосқызбай, Свири өзенінде тұсында неміс-фин әскерлерін тоқтатты.

15-30 қыркүйек. Облыста Қазан қарсаңдағы социалистік жарыс басталды.

27 қыркүйек. Петропавлдық Б.П.Ущев басқарған торпедолық катерлер звеносы Балтық теңізінде неміс крейсері мен екі минотасығышты суға батырды.

12 қазан. Көлік қызметінің қысқа әзірлігін аяқтау жөнінде Петропавл теміржөлшыларының бұқаралық жексенблігі өткізілді.

30 қазан. Петропавл тігін-аяқ киім фабрикасының ұжымы 1941 жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындағы. Өнімнің біраз бөлігі майданға жөнелтілді.

1942 ЖЫЛ:

1-10 қаңтар. Өнеркәсіп пен көлік кәсіпорындарының, кеңшарлардың, МТС пен ұжымшарлардың еңбек ұжымдары соғыс жағдайындағы жартыжылдық жұмыстың қорытындысын жиналыстарда талқылап, майданға көмекті күшету шараларын белгіледі.

16 қаңтар. Құрамында жазушы И.П.Шухов, облпартком лекторы П.А.Лукошин және паровө машинисі И.Н.Якимушин бар облыс еңбеккерлерінің алғашқы делегациясы Свири өзенінде қорғаныста тұрған 314-ші атқыштар дивизиясына елдің сәлем-сауқатын жеткізді.

17 ақпан. Солтүстікқазакстандықтар Қызыл Армияның 24 жылдығына орай майданға 12 вагөн сыйлық жөнелтті.

Наурыз. Ет комбинаты мен былғары зауытының жұмысшылары Париж коммунасы атындағы танк колоннасын жасауға бір күндік еңбекақыны аудару жөнінде облыстың барлық еңбекшілеріне Үндеу қабылдады. Облыстың барлық еңбек ұжымдары оларды қолдады.

Сәуір. Куйбышев МТС-інде ардагер диқандардын слеті болды. Оған қатысушылар барлық ардагер диқандарды өздерінің бай тәжірибелеріне сүйене отырып, 1942 жылдың бітік егіні жолындағы күреске тікелей қатысуға, майданға шама-шарқынша жәрдемдесуге шақырды.

2 мамыр. Сөлтүстікқазакстандықтар Ленинград майданындағы кенес жауынгерлеріне 16 вагөн сыйлық жіберді. Оларды тапсыру үшін құрамында 7 адам бар облыс делегациясы жолға шықты.

24 мамыр. Петропавлда МЛД зауытының құрылышы басталды. 10 қыркүйекте алғашқы 10 двигатель шығарылды.

30 мамыр. Көктемгі егістегі облыс диқандары жарысының қорытындысы шығарылды. 60 трактор бригадасы майдандық 3-ші гвардиялық атақтар алу құқығына ие болды.

Мамыр. Петропавлға қоныс аударған академик К.И. Скрябин басқарған Мәскеу мал емдеу институты облыстың мал өсірушілеріне зор көмек көрсетті. Ғалымдар облыстың шаруашылықтарында эпидемияға қарсы және мал емдеу-санитарлық шаралар үйимдастыруға белсene қатысты.

КСРО Жоғарғы Кеңесинің Төралқасы республиканың солтүстік және солтүстік-батыс облыстарының 350-ден астам озаттарын ордендермен және медальдармен марапаттады.

10 маусым. Көктемгі егіс қорытындыланды. Облыста бір миллиондай гектар жерге тұқым себілді, бұл 1941 жылғы көктемдегіден 67 мың гектар артық.

18 шілде. Курстарда және жаппай оқу үшірмелерінде әскери әзірліктиң кезекті циклы аяқталды. 2744 атқыш, 272 танк атқыш, 723 ПВХО нұсқаушысы және басқа да әскери мамандықтарға 324 адам даярланды. ПВХО курсын 35,7 мың адам тәмамдады.

5 қыркүйек. Облыстың қалалық және аудандық соғыс комиссариаттарының шақыру комиссиялары мындаған өтініштерді қарай келін, 240 жасөспірім мен 33 қыздың өтінішін қанағаттандырыды: оларды майданға жіберді.

4 қазан. Совет ауданының еңбекшілері жерлес партизан И. Теміровтен майданға көмекті күшеттуге шақырған хат алды. Хат аудан жұмышшылары мен қызметшілерінің жиналыстарында кеңінен талқыланды.

14 қазан. Петропавлда қайтадан үйимдастырылған үш әскери госпиталь жааралы майдангерлерді қабылдай бастады.

30 қазан. Солтүстік Қазақстан облысында 1673 тракторшы әйел мен 16 тракторшы әйелдер бригадасы жарысты өрістеткенін Қазақ КСР Жерхалкомының саяси басқармасы атап көрсетті.

Солтүстік Қазақстан облысы Қарағанды көмір бассейніндегі № 1,2 және 18 шахталарды қамкорлыққа алды.

Қазан. Халықтық құрылыш тәсілімен, Петропавл ЖЭО-1 құрылышы негізінен аяқталып, ол зауыттар мен фабрикаларға жарық бере бастады.

26 желтоқсан. КСРО Жоғарғы Кеңесинің Төралқасы 3-ші гвардиялық армияның 17-ші жеке танк полкінің командирі, гвардия подполковникі, солтүстікқазақстандық Тимофей Семенович Позолотинге Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

Желтоқсан. Пресновка станциясының казактарынан келін түскен жеделхатта көрсетілгенідей, олар танк колоннасы құрылышының қорына мемлекеттік банкке 200 мың сом аударды.

Мамлют ауданындағы Калугин селосының «Память Кирова» ауыл шаруашылық артелінің колхозшылары «Солтүстік Қазақстан колхозшы» танк колоннасының құрылышына бір миллион сом аударды, Қызыл Армияның қорына өз үйлерінен мың пүт астық тапсырды.

Ленин ауданындағы «Жаңалық» ұжымшарының төрағасы Төле-ген Темірбаев 130 мың сом, Мамлют ауданындағы Вильямс атындағы ұжымшардан Темпляковтар отбасы 100 мың сом аударды.

Елжандылар өнегесі облыс еңбекшілерінің арасында кеңінен өріс алды.

1942 жыл. Петропавл торабының теміржолшылар ұжымы «Солтүстік қазақстандық» бронепоезын, поезд моншаны және бірнеше жылжымалы асууді жабдықтап, майданға жөнелтті.

Петропавл облыстық драма театры госпитальдерде жаралы жауынгерлерге «Данқ», «Біздің қаланың жігіті», «Глатон Кречет», «Бактар гүлдейді» және басқа да спектакльдер көрсетті.

Ленин ауданындағы «1-ші Мамыр» (Малиновка селосы) ұжымшарының шопаны И.Гавриш облыста рекордтық көрсеткішке қол жеткізді: өзіне бекітілген әрбір жұз саулықтан 184 қозы алды және оларды өсірді.

Солтүстікказақстандық комбайншылар Варвара Мокина, Безбородова, Андрей Поднебесный, Донсков, Л.Бухарова басқарған Полудии МТС-нің тракторшы эйелдер бригадасы және тракторшы Заболотная респубикалық социалистік жарыстың жеңімпаздары деп танылды.

1943 ЖЫЛ:

Қантар. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті екпінді еңбегі үшін Петропавл ет комбинатының ұжымына ауыспалы Қызыл Ту тапсырды.

1 ақпан. Солтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитеті облыстың комсомолецтері мен жастары Сталинградқа көмек қорына со- масы 385 мың сомның облигациясын жинағанын хабарлады. Көптеген ұжымдар көмек қорына айлық жалақыларының 25-30 пайзыны аударды.

1-3 ақпан. Кәсіпорындар, кеншарлар, МТС-тер мен ұжымшарлар ұжымдарында «Қазақ халқының майдангерлерге жатының» мәтінін талқылау жөнінде жиналыстар мен митинглер өтті.

12 ақпан. «Казахстанская правда» хабарлағанында, солтүстікқа-закстандықтар танк колоннасы мен ұшақтар эскадрильясының құрылышына 26,6 миллион сом аударды.

Қыркүйек. Тамыздағы жарыс корытындысы бойынша Петропавл ет комбинатының ұжымына Корғаныс Комитетінің Қызыл туытапсырылды.

Облыстың кәспорындарында, ұжымшарларында, МТС пен кеңшарларында Днепрден өткен кеңес әскерінің женісі құрметіне майдандық айлық өткізілді.

15 қазан. Аңызға айналған 8-ші гвардиялық Панфилов дивизиясының жеке құрамын толықтыру үшін 750 солтүстікказакстандық және сарбаздарға сыйлықтар жөнелтілді. Дивизия командирі өз жағында даңқты құраманың толықтырылғанына алғысын білдірді.

16 қазан. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 8-ші атқыштар дивизиясы 229-шы атқыштар полкі атқыштар ротасының командирі, аға лейтенант, солтүстікказакстандық Әбу Досмұхамбетовқа Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

17 қазан. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы барлаушылар взводының командирі, кіші лейтенант, солтүстікказакстандық Иван Иванович Куренковқа Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

Қазан. Құрамында В.И.Макаров, А.Долгушин және И.П.Иванченко бар еңбеккерлер делегациясы облыс еңбеккерлері атынан 314-ші атқыштар дивизиясына сәлем-сауқатын жеткізді.

21 қараша. 314-ші атқыштар дивизиясының жыл басынан бергі ұрыс қимылдарының қорытындысы шығарылды. Дивизия жауынгерлері жаудың 24365 солдаты мен офицерін, соның ішінде мергендер 6114 адамын жер жастандырды. Ұрыстардағы ерлігі мен қаһармандығы үшін 7127 адам ордендермен және медальдармен марапатталды.

Полудин МТС-інен В.Бондарева мен Л.Бухарованың бригадалары, сондай-ақ осы МТС тракторшысы В.Морозова тракторшы әйелдер бригадалары арасындағы республикалық жарыстың женімпаздары атанды.

Петропавл кәспорындарында 69 комсомол-жастар бригадасы мен ауысымдары құрылды. Олардың ишинде 9 бригада – майдандық, 5-ші гвардиялық атақты женіп алды.

1944 ЖЫЛ:

10 қантар. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы үшінші гвардиялық әуе-десант дивизиясы 8-ші гвардиялық әуе-десант полкінің

бөлімше командирі, кіші сержант, солтүстікқазақстандық Фали Зәкіровке Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

15 қаңтар. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 16-шы атты Чернигов дивизиясы 58-ші гвардиялық атты әскер полкінің пулеметшісі, қатардағы жауынгер, петропавлдық Ескендер Садықұлы Дәуітовке Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

15 қаңтар. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 76-шы атқыштар дивизиясы 154-ші гвардиялық атқыштар полкінің взвод командирі, гвардия лейтенанты, солтүстікқазақстандық Жәлел Қизатовқа Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

4 ақпан. Жоғарғы Бас қолбасшының бүйрығымен Кингисепп қаласын азат етуде көзге түскен 314-ші атқыштар дивизиясына «Кингисепп» атауы берілді.

22 ақпан. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 25-ші гвардиялық Қызыл тұлы Синелников атқыштар дивизиясы 88-ші атқыштар полкінің бөлімше командирі, гвардия сержантты, солтүстікқазақстандық Филипп Васильевич Чижиковқа Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

23 ақпан. Облыстың ауыл шаруашылығы еңбеккерлері Кеңес Армиясының 26 жылдығына майдандық өндірістік вахтаға тұрды. Колхозшылардың жеке қорынан 31,5 центнер ет, 114 кг. май, 15 ц. картоп, 50 кг. темекі, 42 кг. кондитер бүйымдары майданға жөнелтілді.

Қала жұмысшылары майдангерлердің балаларына көмек қорынан жексенбілік өткізді.

25 ақпан. Солтүстік Қазақстан облысы Орелдың азат етілген Дубровский, Жуковский, Клетнянский және Шаблыкин аудандарын қамқорлығына алды. Оларға 63 жылқы, 3300 бас қара мал, 5600 қой мен ешкі, 811 шошқа, 17 мың бас құс жөнелтілді.

31 наурыз. Ет комбинатының бір топ жұмысшылары тاماқ өнеркәсібі Халқомының «Жарыс үздігі» құрметті белгісімен және Құрмет грамотала-рымен маралатталды.

5 сәуір. Облыстық мал өнімдерін дайындау кеңесі қамқорлыққа алынған Орел облысына жөнелту үшін халықтан 9,4 мың бас қара мал, 5 мың қой, 2 мың шошқа сатып алды.

13 сәуір. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 4-ші әуе армиясы 214-ші авиация дивизиясы 622-ші авиация полкінің эскадрилья командирінің орынбасары, солтүстікқазақстандық лейтенант

Вениамин Борисович Кошуковқа Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

17 мамыр. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 116-шы атқыштар дивизиясы 441-ші атқыштар полкінің бөлімше командирі, кіші сержант, петропавлдық Никифор Акимович Ахрименкоға Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

Маусым. Петропавлға қоныс аударған Мәскеудің жерге орналастыру институты облыстың шаруашылықтарына көп көмегін тигізді.

2 шілде. Жоғарғы Бас қолбасшының бүйірығымен 314-ші атқыштар дивизиясының 1076-шы, 1078-ші атқыштар полктері Выборг атауын алды.

9 шілде. Облаткомның әйелдер кеңесі және оның белсенділері З.А.Важенина, Е.Чубарова, Махова, Пропащева, Наумова, Әбденова және Жбанникова госпитальге қамқорлық жасағандары үшін жаралы жауынгерлерден алғыс алды.

21 шілде. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 272-ші атқыштар дивизиясы 1061-ші атқыштар полкінің взвод командирі, солтүстікқазақстандық лейтенант Семен Яковлевич Киреевке Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

1945 ЖЫЛ:

27 ақпан. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 12-ші танк корпусы 34-ші гвардиялық Вапияр Қызыл тулы Суворов орденді бригадасы мотоатқыштар батальонының командирі, гвардия майоры Александр Владимирович Матвеевке Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

24 наурыз. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 34-ші Қызыл тулы Витебск дивизиясы 1233-ші атқыштар полкінің бөлімше командирі, солтүстікқазақстандық сержант Александр Матвеевич Ершовқа Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 3-ші Белорусс майданы 13-ші шекара полкі заставасының бастығы, солтүстікқазақстандық кіші лейтенант Гавриил Федорович Кирдищевке Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Тәралқасы 290-ші атқыштар дивизиясы 878-ші атқыштар полкі 2-ші миномет ротасының взвод командирі, солтүстікқазақстандық аға лейтенант Павел Васильевич Коваленкоға Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы 19-шы танк корпусы 8-ші жеке гвардиялық танк полкінің механик-жұргізуісі, солтүстікқа-закстандық кіші техник-лейтенант Виктор Михайлович Скачковқа Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы 39-шы атқыштар дивизиясы 117-ші гвардиялық атқыштар полкінің рота парторгы, солтүстікқа-закстандық катардағы жауынгер Андрей Максимович Хименкоға Кеңес Одағының Батыры атағын берді.

8-9 мамыр. Петропавлдағы Женіс күні бұқаралық митинглермен, сан жұз адам қатысқан жиналыстармен, бүкілхалықтық салтанатпен атап етілді. Кеңшарлардағы, МТС пен ұжымшарлардағы митинглер танап басында еткізілді.

Мамыр. Әскери қызметшілердің көмекті керексінетін 49,9 мың отбасысы облыстық органдардың есебінде тұрды. 1945 жылғы 5 айда оларға 9.500,5 мың сомның жәрдемақысы мен зейнетақысы берілді.

31 мамыр. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы К.Е.Мосякинді 1-ші дәрежелі Даңқ орденімен марапаттады.

29 маусым. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Я.И.Батыревті, Әміреш Дәрменов пен И.С.Кравченконы 1-ші дәрежелі Даңқ ордендерімен марапаттады.

1945 жыл ишінде шығарылған өнеркәсіп өнімдері 1940 жылғыдан 187 пайыз артық. Электр қуатын өндіру өсті. Зауыттар мен фабрикалар бейбіт өнімдер және халық тұтынатын тауарлар өндіруге кірісті.



ҚЫРЫҚ БІРДІҢ ЖАЗЫ ЕДІ

Ұлы Отан соғысы басталғанда біз 11-12 жастағы бала едік. Ағалар майданға аттанып жатты. Егін піскен, шөп жиналмай қалды. Аныраған ана, жылаған бала, дауыс қылған әйелдер, күйзелген шалдар. Жарқыраған күн тұнеріп, аяқ астынан пайда болған үрей бәрімізді есенгіретіп жіберді. Таңертеңнен кешке дейін ойынға тоймайтын біз енді балалық шақпен қоштасып, үлкендермен бірге жұмыска шықтық.

Шөпті маяға тасу үшин шалдар ағаштан сүйретпе жасап береді. Қаруы бар келиншектер шөпті маялап, қысқа жетерлік кор жинап алдық. Енді арбаға өгізді жегіп, астық тасимыз. Тәтиләп, Қөпей, Сафилә, Катипа, Аққұ, Қаншайым, Зылиқа, Нағима секілді жеңгелерім, Зейнеп, Ұлжан сыйылды апаларым ер жігіттердің жұмысын еңсеріп-ақ жібереді. Бірен-сарап еркектер, шалдар ауыр жұмыска ойысты. Ерте тұрдық, кеш жаттық. Ерініміз жарылды, аяғымыз ісінді. «Красный обоз» деген пайда болды: астықты майданға жөнелтеміз. Нан сұраған бізге шешелеріміз: - Сендер елдесіндер ғой, жау оғының астында жүрген әкелеріңе, ағаларыңа жіберейік, - дейтін. Қуырған бидаймен шай ішіп, жүре беретінбіз. Қант, кәмпіт дегенді мұлдем білмейтінбіз. Еркелік қалды, тез ер жеттік, тез есейдік. Тал шыбықты ат қылып, көшени шандатып, асыр салатын біз өгіз бен сиырға жегілген сокамен жер жырттық, егіс бригадасының белді мүшесіне айналдық.

Тұған елін, бауырын, ата-анасын, сүйген жарын сағынған солдаттың өлеңдері жиі келіп жатады. Сол кездे екінің бірі ақын, шылымшы болып кеткен еді. Өлеңдердің ішінде көбірек айтылатыны Қали ағамның өлеңдері болатын. Ол кісі суырып салма ақын еді. Тағы бір өлең, авторы белгісіз болса да, жиі айтылатын:

Сөзді құп ал, достым, құлағың сал,
Сүйкімді сүйіп алған, сүйкімді жар.
Ой тулас, жүректе шер тарқататын,
Айтатын бір өзіңе терең сыр бар.

Өлеңнің авторын әркімге телитін едік. Кейін өлеңнің авторы Сафуан Шаймерденов ағамыз екенін облыстық газеттен білдік.

Біздің ауылда Ғалымжан деген кыз нәшине келтіре айтқанда, көзіне жас алмайтын жан болмайтын. Майданнан келген өлеңдердің бәрі зарлы, мұнды, сағынышқа толы болып келетін.

Бір айта кететін жайт, сол сұрапыл жылдары ауыр сыннан өткен махаббаттардың мәңгілік жалғасқанын айтпауға болмайды. Қаншама аналар іште қалған баланың болашағын күтіп, тұрмыс құрмай, күдерін үзбей, дүниеден өтті. Қаншамасы 5-6 баласын әкесіз өсіріп, азамат қатарына қосты.

Соғыстан бергі өткен уақыт адам ғұмырымен өлшегенде ұзақ мерзім. Соғыс аяқталып жатқанда дүниеге шыр етіп келген сәби бүгінде салиқалы ел ағасы, анасы тіпті, ата, әже атанып, немере сүйіп отыр. Адамзат тарихына қанды сойқан болып енген қырық бірінші жылдың жазын көз алдымызға елестетсек, нелер жайсандар мен боздактар өрімдей шағында Отан үшін опат болыпты. Бәрі көңілде сайрап тұр. Жойқын жауды гізе бүктіріп, ал деп жан-жағымызға қарағанда көргеніміз: қансыраған қалалар, күлге айналған деревнялар, таяқ ұстап, қос балдаққа сүйенген жарымжан жауынгерлер. Қара қағаз алып, басын жерден көтере алмай, өмірден күдер үзген арулар. Экеден айрылып, жетім атанған балалар.

Әлі күнге дейшін таң қалатыным: адамдар қаншама тарығып, шаршап жүрсе де, түпсіз уайымға салынбайтын. Майдангерлердің сағынышқа толы хаттары мен өлеңдері ғаламат қуат дарытатын, тылсым күш беретін. Сондай сэттерде қандай алапат дүлей күштен де өте алатын өрлік пен ерлік пайда болатын. Бұл бейбіт тірлік қанды жорықтан титтей де кем емес еди.

Өкініштісі, сол кездегі ұл-қыздар мен ата-аналардан бүгінде саусақпен санарлықтай ғана қалды. Көбі жарық дүниемен қоштасып, бақылық болды. Қаншама шаңырақ ортасына гүсіп, қаншама түндік жабылды. Жауынгер ерлерінен, ұлдарынан күдер үзбей, зарыға күтіп отырған аяулы жарлар, ақ шашты аналар әлі де бар. Соғысқа олар лағнет айтады.

Ерлердің есімі ұмытылмақ емес. Көк байрағымызды желбіреткен тәуелсіз мемлекет болсақ та, фашизм салған қайғы-касіретті ешкім де жадынан шығармайды. Өйткені, біздің әкелеріміз, ағаларымыз Отан үшін жандарын пида етті. Ендеше, аруактарды қастерлеп, олардың алдында басымызды иіп жүреійік.

*Уалихан ҚУАНЫШҰЛЫ.
Шал ақын ауданы.*



ЖАУДЫ ЕСІНЕН ТАНДЫРҒАН ТАНКИСТ



Анатолий Гершунов

Петропавл қаласының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының және Қарулы Күштердің құрметті ардагері, Александр Невский орденінің иегері Анатолий Иванович Гершунов Мәскеуде өтетін Ұлы Женс күнінің 70 жылдық мерекелі шеруіне қатысуға шақырту алды. Бұл ардагерге көрсетілген улкен құрмет.

Анатолий Иванович Гершунов 1921 жылдың 20 қаңтарында Челябинск облысының Троицк қаласында дүниеге келген. 1940 жылы он тоғыз жасында Петропавл қалалық әскери комиссариатынан міндепті әскерге алынады. Отан алдындағы борышын Белоруссияда атты барлаушылар взводында өтейді. Әскери жаттығулар мен тапсырмаларды үздік орынданап, үлгілі әрі іскер жауынгер ретінде көзге түсken ол

1941 жылдың көктемінде Минскінің танк училищесіне курсант болып қабылданады. Осында оқып жүргенде Ұлы Отан соғысы басталады. Бірақ курсанттарды бірден майдан шебіне жібермей, оқуды аяқтау үшін тылдағы Ульянов қаласына жөнелтеді. Анатолий Иванович училищені толық аяқтап, кіші командирлер шеінмен соғыс танктерін жүргізу, басқару мамандығын игеріп шығады. 1942 жылы 31-інші армияның құрамында Батыс майданына жіберіледі.

Анатолий Гершунов Батыс майдан шебінде 42-ші танк бригадасының взвод командирі болып тағайындалып соғысқа кіреді. Арадағер Смоленск бағытында алғашқы ұрысқа кірген сәтін әлі күнге дейін есінде сақтаған. Қаланы қайтсе де жау шенгелинен босату үшін бүйрек алған бригада қиян-кескі ұрыс жүргізеді. Неміс басқыншылары қаланы өз қолдарында ұстап тұру үшін бар күштерін жұмылдырып, қарсыласып бағады. 42-інші танк бригадасы соның шінде А.Герину-нов басқарған танк взводы жаудың қалың құші шоғырланған ұрыстың қайнаған ортасына тап болады.

— Дәл жанымызға түсін жарылып жатқан снарядтар, бұршақтап жауған оқ танктеріміздің брондарына сарт-сұрт тиіп, от жарқылдайды. Соған қарамастан өршелене алға жылжып, немістердің окоптарын басып-жаншып нанша иледік. Жаудың шоғырланған күшін кейін ығыстырып, шегіндіре отырып, жаяу жауынгерлеріміздің Устро өзенінен өтуіне жол аштық. Танктеріміз Смоленск қаласына басып кіріп, ізімізден келген жауынгерлеріміз көшелерді жаудан тазара та бастады. Сол күн таңдан басталған шабуыл інір қараңғысында аяқталып, қала жаудан азат етілді, - дейді ардагер. Смоленскін алған осы ұрыста Анатолий Гершуновтың кеудесіне алғашкы жауынгерлік награда – Қызыл Жұлдыз ордені тағылады.

Омірдің таңдауы солай болды ма, қайнаған қан майданның ортасында жүрген Анатолий Гершуновты генерал Вахрушев өзіне адьютант етіп алады.

— Бірақ мен майдан даласынан кеткім келмеди. Бейбіт жатқан елімізге ойран салып, жазықсыз жандарымызды қырғынға ұшыратқан жауға деген қанымның қайнағаны сондай, танкімнің табанына салып езгім келін түрді. Осы ыза мен кек намысымды буып майданға сұрандым. Ақыры жарты жылдан кейін өгінішім қабыл болды. 213-ші танк бригадасына байланысшы офицер болып тағайындалдым. Осы бригаданың құрамында соғыстың аяғына дейін майдан шебінде болдым. 1945 жылдың көктемінде біздің бригада Шығыс Пруссияда соғысты – дейді ардагер.

Анатолий Иванович өзінің жауынгерлік жастық шағын, жүріп өткен майдан жолын еске алғанда ең ауыр шайқас Ржев түбінде, Смоленскін алуда, Шығыс Пруссияда болғанын энгімелейді. Шығыс Пруссияда капитан Гершунов енді танк батальонының командирі міндетін атқарады. Бір елді мекенде жау мықты бекініс жасап алып, табандылықпен қарсылық танытады. Батальонда біраз шығын болады. Комбат жалғыз қалған T-34 танкісімен жаудың бейқам түсын байқап қалып, басқару нұктесіне тұтқылдан оқ жаудырады. Немістердің есі шығып, тым-тырақай қашады. Осы сәтті пайдаланып, ол өзінің экіпажымен жау батальонының командирін күзетшілерімен бірге тұтқынға түсіріп, біздің шепкे алып келеді. Шығыс Пруссиядағы осы шайқастағы ерлігі үшин Анатолий Гершунов Александр Невский орденімен марапатталады. Соғыстың аяқталуына бір апта қалғанда жараланған ол Женіс күнін госпитальда қарсы алады. Анатолий Ивановичтың ұзақ жауынгерлік жолы соқпалы болды және ауыр жарақат оның денсаулығына өз таңбасын қалдырыды. Соған қарамастан ол әлі күнге дейін кәрілікке бой алдырмай, денесін тік ұстап, өмірге деген құштарлық сезімін жоғалтпауда.

Соғыстан кеин А.Гершунов Қарулы Қүштер қатарындағы қызметін одан әрі жалғастырды. Ленинградта өздігінен жүретін артиллерияның Жоғары офицерлік мектебін және Орталық әскери бронетанктық курсы бітіргеннен кеин Германияға, одан кеин Закавказ әскери округіне қызметке жіберілді. 1961 жылы полковник шенімен құрметті демалысқа шықты. Оған өмір бойы полковник әскери формасымен жұру құқығы берілді.

Ардагердің қеудесінде Александр Невский, екі Еңбек Қызыл Тү, екі Қызыл Жұлдыз, бірінші және екінші дәрежелі Стан соғысы ордендері мен көптеген медальдар жарқырайды. Сол омырауында сыңғыр қаққан әр марапаттың тарихына үңіліп құлак тұрсаң, ардагердің соғыстагы жаужүрек жауынгерлік ерліктері мен бейбіт өмірдегі ерен еңбектерінен терең сыр ақтарады. Оның нағыз патриоттық сезімі мен өнегелі өміріне осы марапаттар арқылы-ақ көз жеткізуге болады. Құрметті демалысқа шықса да тіршілік ағымынан қол үзбей, қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны және жастар арасындағы патриоттық тәрбиеге атсалысқаны үшін ол «Парасат» орденімен де марапатталды. 1995 жылы Анатолий Иванович Гершунов Женістің 50 жылдық мерекесінде Солтүстік Қазақстан облысының атынан Мәскеудің Қызыл алаңында өткен Женіс шеруіне қатысып қайтты. Ал 2005 жылы 9 мамырда Женіс шеруін Астанада қарсы алды. Енді міне, Мәскеудегі салтанатты Женіс шеруіне тағы шакырту алыштырып отыр.

Зайыбы Галина Николаевна ардагермен өмірдің ыстығы мен сұығын, қызығы мен қыншылығын бірге бөліскең ең жақын жаны болған. Оны училищеге, майданға шығарып салды, соғыс жылдарында сарғая күтіп қарсы алды. Екеуі уш бала тәрбиелеп өсіріп, азамат етіп қатарға қости. Олардан немере, шөбере көріп, қызыққа бөленинде. Гершуновтардың отбасы жыл сайын Женіс күнін бір шаңырактың астында қарсы алышп, Ұлы мереке ретінде атап өтуді дәстүрге айналдырған. Ал Анатолий Ивановичтің өзі жыл сайын 9 мамыр күні Мәңгілік алауға келип, майдандас достарын еске алуды, қаза тапқан жауынгерлерінің рухына бас ишп, тағзым етуді әсте есінен шығармайды.

Жоламан ШАХАНОВ

КАПИТАН КӘБЖАТТИҚ ЕРЛІГІ

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына қанша жыл өтсе де, осынау сұрапыл майданға қатысып, ерлік үлгісін көрсеткен майдангерлердің есімдері ешқашан ұмытылмақ емес. Сол соғыс жылдарында өшпес ерлік жасап, Ленин орденімен марапатталған ардагерлер казір арамызда жоқтың қасы. Сондай аяулы азаматтардың бірі гвардия капитаны Кәбжат Тоқбергенов болатын.

Ол – бұрынғы Көкшетау, қазіргі Солтүстік Қазакстан облысының Айыртау ауданына қарасты Сарыөзек ауылының тумасы. Әскер қатарына 1936 жылды алыныпты. Ақ финдермен соғысқа қатысқан. Ұлы Отан соғысы басталғанда 54-ші гвардиялық танк бригадасының құрамында әскери борышын атқарған. Бірақ ол танкист болған жоқ. Танк бригадасындағы автоматшылардың мотобатальонына басшылық жасады.

К. Тоқбергенов басқаратын автоматшылар танктерге отырып және оларды тасалай жүріп, талай рет шабуылға шығып, дүшпанды бекіністерінен қуып жүрді. Танктер өте алмайтын жерлерге Тоқбергеновтің батальоны өтін, жауға оқты қардай боратыпты.

1945 жылдың 12 қаңтарында Сантомир бекінісінен жүргізілген 107 минуттық артиллериялық атыстан кейін батальон шабуылға шықты. Батальон командири Кәбжат өзінін бір топ автоматшыларымен алғы шепте болды да, келесі күн Чарна өзенінен өтүге тұра келді. Бұл шағын өзен болғанымен, танктерге едәуір кедергі жасайтын еді. Сондықтан өзенінен өткел іздеп табу қажет болды. Гвардия капитаны Кәбжат осы іске тікелей өзі кірісіп, Котлица деген поляк деревнясы тұсынан өткел тапты. Енді алдымен жауды осы деревнядан қуып шығу керек болатын. Бұл міндетті Кәбжат бастаған автоматшылар ойдағыдай орындал, көзге тұсті. Сейтіп, батальонға шебер басшылық жасаған гвардия капитаны Кәбжат Тоқбергенов ұрыс барысында өз жауынгерлеріне улғы көрсетті.

...Ченстахова қаласы Польшаның онтүстігінде орналасқан. Онда көптеген кәсіпорындар мен көліктік тораптар шоғырландырылған. Міне, сол қаланы жаудан азат ету міндетті осы 54-ші гвардиялық танк бригадасына жүктелді. 1945 жылдың 16 қаңтарында таңғы алакеуімде Пилица өзенінін өткелі арқылы Радошевница деревнясы тұсынан өткен бригада жауынгерлері бес қаруы сай фашист жандеттеріне қарсы шабуылға шықты. Әдеттегідей алда мотобатальон автоматшылары болды. Айқас күнүзәққа созылды. Дүшпан жағы да

қатты қарсылық көрсөтті. Соған қарамастан, автоматшылар Ченстахова қаласына басып кіріп, оның орталығына қарай ұмтылды.

Гвардия капитаны К.Тоқбергенов қалаға басып кірген колоннаның алдыңғы танкісінде отырып, шабуылды бастап келе жатқан. Оның жанында жиырмаға жуық автоматшы болды. Бұлар қала орталығында немістермен кескілескен ұрыс жүргізіп жатқанда арада екі сағат өткен соң бригаданың қалған бөлігі де келип жетті. Ал қалада жаудың екі мыңға жуық офицері мен солдаты орналасқан болатын. Олар бар күштерін салып, қарсылық көрсөтті. Дегенмен, бригада жауынгерлері бұл қарсылықты тойтара отырып, жаудың алты минометін, көптеген автомашиналары мен басқалай техникаларын, 158 офицері мен солдатын қолға түсіріп, тұтқыннады. Ал 17 қантарда, тұс кезінде қала жаудан толық азат етілді. Эрине, оған гвардия капитаны К.Тоқбергенов басқарған батальон жауынгерлерінің де қосқан үлесі зор болды. Осы қаланы жаудан азат етуде бригада жауынгерлерінің ерлігі атап көрсетілін, бригада туына Ленин ордені тағылды. Бригаданың осындай ерлік қымыл көрсетуінің арқасында жау қаладағы фабрикалар мен зауыттарды, су құбырлары мен электр станциясын істен шығаруға үлгере алмады.

Жауға қарсы осы ұрыста ерлік көрсеткен жауынгерлерді марапатқа ұсыну жөнінде бүйрық берілді. Сөйтіп, КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының 1945 жылғы 10 сәуірдегі бүйрығымен гвардия капитаны К.Тоқбергенов Ленин орденімен марапатталды. Жалпы ол Украина мен Польша жеріндегі шайқастарға қатысып, көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жүлдэз», «II дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Одан кейін де көптеген ұрыстар болды. К.Тоқбергенов басқарған бригада жауынгерлері Берлинге жасалған шабуылға қатысып, көтеріліске шыққан Прагаға көмекке барды. Соғыс аяқталған соң батальон командирі туған ауылына оралды да, бейбіт еңбекке белсене араласып кетті. Отбасында төрт қызы, екі ұл тәрбиелеп өсірді.

*Айтмаганбет Дауылбаев,
ауылдық округ ардагерлері кенесинің төрағасы.
Айыртау ауданы.*



ҚҰПИЯ НЫСАНДАРДЫ ҚОРҒАҒАН

Осыдан біраз уақыт бұрын Ұлы Отан соғысының ардагері Кәрібай Жұнисов ақсақалмен кездескен едім. Тоқсанга жасы таяп қалған ардағердің еңсесі тік, сөзі нық, жүрісі ширақ еken. «Әттең, қан қысымынан басым ауырмаса, күн сайын көшеге шығып, қаланың өзгеріп жатқан эсем келбетін тамашалап, бой жазып келип отырар едім», дейді қарт көрліктің белгісіне қынжылып.

Қазіргі Мағжан Жұмабаев ауданындағы Байшілік аулында 1924 жылы дүниеге келген Кәрібай ақсақал жеті ағайынды болған еken. Отызыншы жылдардағы ашаршылықтың зардабынан бірге туған алты бауыры мен әкесі ауру-сырқауға шалдығып, қайтыс болған. Шешесі екеуі әкесінің немере інісі Жәнібекті сағалайды. Ол да кедейліктің күрмеуге келмейтін тіршілігін басынан кешкен жан еken. Шешесін алғып қалып, 1932 жылы Кәрібайды Медвежка балалар үйіне тапсырады.

— Жәнібек туысыма өкпеміз жоқ, шешемді қолынан келгенише күтіп, менің балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алғып шығуыма себепши болды. Балалар үйіне тапсырмаса, қалай білім алар едім, - дейді Кәрібай ақсақал өткенді еске алыш.

Софыс алдында Кәрібай Жұнісов Молотов колхозында кілтші, есепші болып еңбек етеді. Софыс басталғанда ауылдағы еркек атаулы майданға аттанып, колхоздың бар ауыртпалығы жалғыз Кәрібай мен кәрі-құртаң, эйелдердің мойнына түседі. Ақыры он сегізге енді ғана толған Кәрібайға да 1942 жылдың 5 тамызында Булаев әскери комиссариатынан шақырту қағазы келеді. Аудан орталығынан аттанған жетпіс адам қалаға келип, осы жерде кідірмestен эшелон толы жауынгерлермен Мәскеу бағытына аттандырылады. Мәскеу түбіндегі Ковров қалашығына келип жеткен олар осы жердегі эк шығаратын зауытта үш ай әскери жаттығудан өтеді. 1942 жылғы желтоқсаның соңында жан-жақтан жиналған жауынгерлерге біліміне, әскери жаттығу кезіндегі жауынгерлік шеберлігіне қарай іріктеу жасалып, Кәрібай Жұнісов НКВД-ның арнайы әскери ротасына 1лігеді. Бұл



Кәрібай Жұнісов

рота Мәскеу әскери округінің 75-інші полкінде ерекше құрам болатын. Өйткені, мұндай бөлімшелердің жауынгерлеріне құпия қорғаныс шебінде болып, құпия нысандарды құзету жүктелген.

Кәрібай Жұнісов соғыс жылдарындағы жауынгерлік жолын осы ротаның құрамында Мәскеу, Горький қалаларының маңындағы қалың қарагайлы орманның ішінде орналасқан зауыттың құпия қорғаныс шебін құзетуден бастайды. Бұл зауыттың жер үстіндегі қабатында автомобиль шығарылса, жер астындағы қабатында «КВ» танкісі шығарылған. Тәулік сайын бір эшелон танк майдан шебіне жіберіліп тұрган. Сонымен бірге, осы зауытта майдан шебіне қажетті тағам өнімдері де дайындалған. Сондықтан, зауыт өте құпия саналған.

— Біз соғыстың сонына дейін осы зауыттың құпия қорғаныс шебінде болғанымызда оған кіріп-шықсан жұмысшыларды көрғен емеспіз. Естуімізше, жұмысшылар күндіз-түн станок басынан кетпей, жұмыс істейді екен. Соның ішінде үйықтал, соның ішінде тамақтанатын көрінеді. Бұл жердің тағы бір құпиялық маңызы, әлдеқандай жағдай бола қалса, Сталиннің жасырынатын бункері де осы жерге орналастырылған екен. Сондықтан, зауыттың айналасындағы аумақтың әрбір нүктесі ерекше бақылауға алынған. Біздің траншеямыз да зауыт аумағын айнала екі-үш қатар қазылған. Көпшилік белігінің үсті қарагаймен, оның беті балшықпен жабылып, шеп өсірылген. Соның астында жылышып, демалып, құзетімізді жалғастырамыз. Эйтеуір, бар уақытымыз осы қазылған траншеяның ішінде өтеді, - дейді ардагер сол бір жылдарды еске түсіріп.

Қанша жасырғанымен, жау барлаушылары бұл төңіректе әскери маңызы бар нысанның орналасқанын сезген көрінеді. Оған себеп, 1942-1943 жылдардың қыс айларында майдан шебін бұзып өткен жаудың бірнеше ұшағы осы төңіректі жі бомбалайды.

— Бірде Василий Падалко, Жаныбай Аңдамасов үшеуміз кезекті құзетте тұрганбыз. Қараша айының іші болатын. Күн сүyk. Бір кезде жау ұшактарының дыбысы естілді. Жедел траншея ішіндегі жауынгерлер тік тұрып, эп-сэтте қаруларын дайындал үлгерді. Құпия корғаныс болғандықтан, жауынгерлер әр түрлі калибрлі зениттік пулеметтермен, автоматтармен, снайперлік винтовкалармен жақсы каруланған еді. Жау ұшактарының қарасы көрінген кезде дәл нысанаға алып, окты қарша бораттық. Екеуіне оқ тиіп, жерге құлады. Қалғандары үстімізден ұшып өттіп, бірнеше бомба тастап үлгерді. Ауыр бомбаның жарықшағы тиіп жаараланған Василий Падалко балшық астында көміліп қалды. Жаныбай екеуіміз лезде әлгі жерден оны алып шығып, жабық траншеяның астына енгіздік. Табан астында дәрігерлік көмек көрсетіліп, аман қалды.

Тағы бірде жау ұшактары диверсанттар түсірді. Парашюттері ашылған кезде бірнешеуін аспанда атып өлтірдік. Ал жерге түскен он шакты диверсантты қоршауға алғып, көздерін жойдық. Өйткені, олардың бірде-бірін тірі қалдыруға болмайтын. Осындай шабуыл кезінде үстіміздегі шинеліміз снаряд жарықшактарынан шүрк-шүрк тесіліп қалатын. Суық күндері шинеліміздің жыртық-тесігіне қарастан, кузет шебінен кетпейтінбіз. Өйткені, қалың орманның ішінде қорғаныс шебінде әрбір қыбырлаған затты көзден таса қалдырмау қатаң тапсырылған болатын. Біз, құпия қорғаныс шебіндегі жауынгерлер, өздерімізге жүктелген жауынгерлік тапсырысты мін-сіз атқардық, - дейді ардагер.

Кәрібай Жұнисов тоғызынышы армияға қарасты 272-інши полктің құрамында 1945 жылдың аяғынан 1947 жылдың сонына дейін Польша, Чехословакия жерінде жасырынып қалған жау топтарымен, жергілікті бандылармен құресуге, осы елдерде жаңа үкімет орнатысуға қатысты. Женіске қол жетін, енді елге ораламыз деп қуанып жүрген қаншама жауынгеріміз арманына жете алмай, осы жерлерде қаза тапты. Ал Кәрібай Жұнисов 1949 жылдың наурыз айында ғана ішкі әскери бөлімнен облыстық ішкі істер басқармасына ауысып, елге аман-есен оралды. Сол жылдан 1985 жылға дейін облыстық, бұрынғы Булаев аудандық ішкі істер органдарында әр түрлі жауапты қызметтерді атқарады. Осы саладан зейнеткерлікке шықты. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жауынгерлік ерлігі, бейбіт өмірдегі ерен еңбектері бағаланып, екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, жиырмаға жуық медальдармен, Құрмет грамоталарымен марапатталды. 1970 жылы «Ұздік милиция қызметкері» атағына ие болды. Казакстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері. Сахарабану әжеймен 1949 жылды отау құрып, міне, алпыс жылға жуық тату-тәтті түрмис кешті. Екі ұлы мен екі қызы білім алып, шаруашылықтың әр саласында қызмет атқаруда.

– Мен соғыс ардагерлеріне көрсетіліп жатқан құрметке ризамын. Зейнетақымды үйге әкеліп береді. Сырқаттана қалсам, дәрігер де жедел көмек көрсетеді. Оның үстінен учаскелік дәрігеріміз де айна бір рет денсаулығымызды тексеріп отыруды қалт жібермейді, - деді ардагер ризалық көнілмен.

... Тағдырың жазуына шара бар ма! Тоқсан жасқа толғанын той-лап, енді Ұлы Женістің жетпіс жылдығын майдандас достарымен, отбасымен бірге қарсы алам ғой деп үміт сезіміне бөленін жүрген ардагер осыдан үш ай бұрын дүниеден өтті.

Жоламан ШАХАНОВ

БАТЫР БАРЛАУШЫ

ДАНҚ ОРДЕНІНІҢ ТОЛЫҚ ИЕГЕРІ
ӘМІРЕШ ДӘРМЕНОВТІҢ ЕСІМІ
ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАУҒА ТИІС



Әміреш Дәрменов

Шіркін сол кезде ерліғін аны-
зға айналдырып айтар, түймедейін
түйедей етіп көрсетер адам болса,
Әміреш Дәрменұлының даңқы жер
жарар еді-ау! Бірақ ол түйік адам
болды. Қазбалап сұрамасан, еш-
теме айтпайды. Жетелеп отырсан
ғана сырын сыйдақтатып шығарады.
Сонда да бірде маған соғыс жылда-
рындағы ерлік істерін аздап болса
да айтып берген болатын.

— Соғыс басталысымен біздің
шағын ауылдың жастары түгел-
ге дерлік майданға аттанды, - деп
бастаған еді Әміреш Дәрменұлы
әңгімесін, - 1941 жылдың аяғына
қарай мениң де кезегім келді. Әлі
есімде, бізді майданға аттандырар
сэтте Қарақамыс ауылдық Кенесінің
төрағасы Мырзаханов:

— Әміреш, жауды жер жастандыр да, ауылға батыр болып орал, біз
мында қарап жатпаспсыз, киім, тамақ жіберні тұрамыз, - деді.

Осы күні ойлап отырсам, ауыл ағасының тапсырмасын орын-
дағандаймын. Және жай қатардағы жауынгер ретінде ғана емес,
соғыстағы ең қын да қауіпті мамандықтардың бірі – барлаушы
ретінде орындадым. Осы күні соғыстың мәні, біздің жеңісіміз ту-
ралы әрқылы пікірлер айтылып жүр ғой. Мениң барлаушы болуым
туралы да бірде сондай жалған әңгіме естідім.

Соғыс кезінің өзінде ерекше ерлік жасаған жауынгерлерді мара-
пattaудың бір түрі – демалыс беріп, туған жеріне жіберін алатын.
Мениң де сондай мүмкіндікті пайдаланғаным бар. Әлгілердің айтуы
бойынша мен демалыстан кейін ауылда жүріп алып, соғысқа қай-
та оралмасам керек. Әскери комиссариат арқылы қайта соғысқа ат-
танған көрінемін. Содан кейін мені соғыстан бас тартқан есебінде
барлауға жіберсе керек.

Оның жалған екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Өйткені, мен өз еркіммен бармасам, тапсырманы ешқашан ойдағыдай орындаі алmas едім. Ол былай болған. Әскери құрамаға келісімен, бізді салқа тұрғызыда да, командир:

— Кім барлауға барады? — деп сұрады.

— Мен — деп бір адым басып алға шықтым. Өйткені, алдын ала осындағы жағдайды шолып қарасам, барлаушыларға ерекше назар аударылатын көрінеді. Бірақ барлаушы болу үшін өз қалауым жеткіліксіз, мұнда іскерлігің, ойламаған жағдайда бірден шешім қабылдай білу және басқа да қабілеттер қажет екен. Ең алдымен осындаі қабілеттер тексеріледі де, содан кеін арнайы даярлықтан өткізеді. Мен осының бәрінен өттім.

Сөйтін, қысқа мерзімдік даярлықтан ксін соғысқа Ленинград маңында ендім. Бұл неміс-фашист басқыншылары осы қалаға шабуыл жасап жатқан шақ еді. Волхов майданының жауынгерлері өздерінің шебінде жаудың талай шабуылдарына тойтарыс беріп тұрды. Бір күні ертемен атқыштар батальоны қорғаныстан шабуылға көшуге бұйрық алды. Алдымызда қалың орман болатын. Маған батальон командирінің бұйрығын рота командиріне жеткізу міндеті тұрды. Өйткені, телефон байланысы үзіліп қалған.

Соғыстың аты — соғыс. Жарылған снарядтар мен атылған оқтардан тутін мен топырақ араласып, тәңіректің астан-кестенің шығарады. Мен осындаі сәтті пайдалана отырып, бұйрықты рота командиріне жеткіздім. Бірақ қайтар жолда мені жау әскерлері көріп қалса керек, оқ жан-жақтан жауды. Осы сәтте біздің әскерлер шабуылға шықты. Оған мен де қосылып кеттім. Сөйтіп, жаумен алғаш рет бетпе-бет келдім. Бір мезетте маған қарсы үш неміс әскері тап болды, біреуін атып, біреуін шапашып үлгердім, үшіншісі маған оқ атып жіберді.

Мені келесі күні жауынгерлер окоптан тауып алса керек. Санитарлық батальондаған есімді жибым. Сол аяғымнан жарапанған екенмін, госпитальда төрт ай жатуға тұра келді. Сауыққаннан кейін сол өзімнің 2-ші Беларусь майданының 609-шы атқыштар полкіне қайта бардым. Дәл осы сәтте бізге Могилев облысының Горбачи деревнясын жаудан азат ету міндеті қойылды. Ол үшін жаудың орналасқан жерін, олардың санын, күшин білу керек болды. Мен басқарған бөлімше түн жамылып барлауға кірістік. Түн ішінде немістердің штабы, құралдары — бәрі картага түсірілді. Келесі күні деревняны жаудан азат еттік.

ТАҒЫ БІР ОКИГА. Бұл біздің әскерлердің Польшаны жаудан тазартуға кіріскең шағы еді. Фашистердің бекініс шептеріне жакындаған сайын үрүс күшіне түсті. Дүшпанның ең мықты қорғаныс шебі Нан-

рев өзенінің арғы бетінде болатын. Дзоттардан көз аша алмайсын. Жау өзендең өткелді сыммен қоршап, миналар да қойып үлгерген. Фаннистер оқ жаудырып, бет қаратар емес. Біздін әскери құраманың штабы шабуылдың алдында барлаушылар жіберіп, жау күшин анық білуді үйгәрді. Бір тәулік ішінде жау әскерлерінің бекінісін барлау тағы мен басқаратын бөлімшеге жүктелді.

Ерекше тапсырманы орындауға жан-жакты әзірлендік. Өзенге өтетін жолдың әр метрін анықтап тексерін шықтық. Манаиды бағдарладық. Миналардан тазартылған аландармен өзен жағасына да келип жеттік. Ай жарық еді. Жау андаушыларының бізді көріп қалуы мүмкін. Эйтсе де. уакыт кымбат, рәзенке кайыкка жел толтыра бастадық. Кешкпей алты барлаушы өзенниң арғы бетіне шықтық. Айнала тыныштық еді. Қарамағындағы жиғтермен фаннистердін алғы шебін барлауға кірістік.

Мұндайда уақыт тез өтеді. Құншығыс жақтан тан шапағы да аздал біліне бастады. Әйтеуір, жаудың блиңдаждарына келип жеттік. Ештеп алға журе бастағанымызда немістердің етктерін бір-біріне қаққаны естилді. Карта бойынша жаудың құшті бекінісі осы арада. Біз алдымен күзетті жоюға кірістік. Жанымдағы Бабушкин екеуміз екі немістің аргтарынан мысықша атылып, жондарына қанжар сұғыл, ауыздарына шүберек тығып үлгердік. Осы мезетте барлаушы Коровин дзот есігіне миналар қойып болған екен. Енді он минуттан кеін олар жарылады. Тез кету қажет.

Жаралы немістерді сүйрете артқа шегіндік. Ганақ да жарыла бастады. Сол сәтте немістердің бекінген жерінде абыржу басталды. Жағалай оқ та жаудырылды. Бұл кезде біз қалың орман ішіне еніп үлгерген едік. Осы жерде алдын ала қазылған ордың үстіне ағаш жапырағын жауып, кешке дейін отыруға тұра келді. Штабқа гүнде келип жеттік. Взвод командирі Киселевке көрген-білгендерімізді айтып, екі немісті табыс еттік. Экелген «тілдеріміздің» бірі бұрынғы үшкыш екен. Ол арқылы да жаудың біраз күтиялары білінді. Тапсырманы ойдағыдай орындаған барлаушыларға әдетте бір-екі үн демалыс беріледі. Бізді ертеңіне штабқа қайта шақырды Коровин, Бабушкин үшеуміз шақырылған екенбіз. Өйткени, әлгі немістер осынша бекіністерден өтпі, өздерін осында жеткізген жауынгерлерді көрсетуді сұрапты. Содан кеін үшеумізді суретке түсіріп, газетке мақала жариялады. Көл кешкпей үшеуміз де үшиші дәрежелі Данқ орденімен марапатталдық.

Айта берсен, әңгіме көп. Уақыт ұзаған сайын біраз оқиғалар ұмытыла бастайды. Сонда да тағы екі оқиға ссте ерекше сакталыпты. 1945 жылдың наурыз айы еді. Біздін әскерлер неміс басқыншылары-

на тойтара соккы бере отырып, оларды кеін қарай қуып келе жатты. Осы кезде Польша-Германия шекарасына да жеткен едік. Арадағы калың орман арғы беттің қашыктығын да, қандай бекіністің барын да білуге мүмкіндік бермеді. Тағы да «тіл» алу керек болды.

Бұл жолы да бізге – барлаушыларға аса жауапты міндет жүктелді. Бізге қосымша жиырма автоматшы қосылды. Орман арасынан өтіп бара жатқан бізді неміс гер көріп қалды. Жан-жактан оқ борады. Кей жерлерден миналар да жарыла бастады. Біз қорғаныс жағдайына көштік. Екі жақта да атыс қыза тұсті. Сонда да тапсырманы орындау керек. Атыс тоқтасымен біз өз жұмысымызға кірістік. Сөйтіп тағы да «тіл» әкелдік.

Ал Одер өзенінен өту де қынға соққан еді. Өзеннің ені жалпақ еken. Біз бөренелерді қосақтап байлап, жылжымалы өткел жасадық. Бірінші болып барлаушылар, одан кейшіп автоматшылар ротасы өтуге тиис болатын. Сөйткенше болған жоқ, жаудың зенбіректері қалған жауынгерлерді өзенінен өткізбей, бізден кесіп тастанады. Атыс үдей тұсті. Осы шайқаста Хохлов екеуміз ерекше көзге түскен екенбіз. Кейінгі ұрыстардың бірінде ол ерлікпен қаза тапты. Мениң осы жолғы ерлігім, талай әкелген «тілім» екінші дәрежелі Даңқ орденімен аталағы өтілді.

Бірінші дәрежелі Даңқ ордені 1958 жылы қолыма тиді. Мені Қостанай облысының Пресногорьков аудандық эскери комиссариаты шақырып, сонда табыс етті. Төрт жыл өлім мен өмір арпалысқан соғыстың бел ортасында болып, туған ауылымга осы уақытқа дейін Киевте кірпіш зауытында еңбек етін, қаланы қалпына келгіруге қа-тыстым.

Мені ауылда да оңай тұрмыс күтіп тұрған жоқ еken. Соғыста әкем Дәрмен Нұғытаев хабарсыз кетті, немере ағаларым Кәмәли мен Шауыпкел Күшікевтер де майданнан оралмады. Шағын ғана Жалтыршадан қаншама боздақ Отан үшін, ел үшін шәйіт болды. Ауылға келісімен сол ұжымшардың қара жұмысына ендім де кеттім. Зейнеткерлікке шыққанша мал шаруашылығында еңбек еттім. Көп қындықты бастан кешірдік қой. Оның бәріп айта берсөң, бір дастан.

– Соғыста екі жақтың құпір тең болған жоқ қой. Неміс-фашист басқыншыларының жауынгерлері де көп. Соғыс техникасы да базым, киім мен тамақтарын да біздің жауынгердікімен салыстырып болмайды. Осында жағдайда біздің жауынгерлер қалайша жеңіске жетті? – деп сұраймын.

– Соғыс кезінде бірнеше ұлттың өкілі бір ата-ананың баласындай коян-қолтық болып, үлкен үйімізді – Отанымызды аждана жаудан қорғадық қой. Ойткеңі, біз елімізді, жерімізді, халқымызды сүйдік.

Біздің женіске жетуіміздің сырты осында, - деген еді сонда Әміреш Дәрменұлы.

Есепке жүйрік, сауатты жігіт соғысқа дейін өзі туып-өскен Жалтыршада трактор-егіс бригадасының, содан кеін колхоздың есепшісі болып істеген. Ал соғыстан кейін елге оралған Әміреш Дәрменұлы, өзі айтқандай, мал шаруашылығында еңбек етіп, жасы келген соң зейнеткерлікке шықты. Жалғыз ер баласы Сапар да әскери міндетін абыраймен аткарды. Әскери бөлім командирінен әкесіне талай рет алғысхаттар келіп гүрді. Бірақ жастай дуние салды.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» дегендей, қан майданда екі рет жарапанса да, елге есен-сая оралған Әміреш Дәрменов абайсызда бір аяғынан айрылып қалды. Ол былай болған екен. Батыр ағамыз тұратын төніректегі елді мекендердің тұрғындары Кекшетау мен Қорған жаққа Бауман стансасы арқылы өтетін поездбен қатынайды. Бірде Қорған қаласынан керек-жарагын әкеліп, стансадан түскен ол екінші жолда тұрған составтың астынан өтпек болған. Поездан түскендердің копшилігі сыртта тосып тұрған көліктерден қалып қоймас үшін осылай істейді екен. Бұл жолы поезд ойламаған жерде орнынан жылжи жөнеледі де, Әміреш Дәрменұлы состав астынан денесін алып шыққанымен, бір аяғын тартып үлгере алмай қалады. Сөйтін, айдың-күннің аманында бір аяғынан айрылып, жасанды мүшемен күн кешуіне тұра келеді.

Осы жайт әсер етті ме екен, соңғы кезде онда мазасыздану пайда болған. Басы жастыққа тисе, соғыстағы атыс-шабыс түсіне енеді. Өңінде бәрін ұмытқысы келеді. Ол үшін жасы егде тартқанда үйленген екінші әйелімен қосылып алып, «аашы судан» дәм татып, ойын басқа жаққа аударуға тырысады. Мұның жақсылыққа бастар жол емес екендігіне мән бермейді.

Батыр ағамыздың осындай тұрмысын ауыл жақтан келін жататын ағайындардан естігеннен кейін оның хал-жағдайын биліп қайтуды үйғардым. Бұл 1994 жыл болатын, облыстық теледидарда еңбек етуші едім. Сол кезде Жамбыл ауданына (орталығы Благовещенка) Жұсип Бәшіров әкім болып келген-ді. Оған телефон шалып, мән-жайды түсіндіріп, Әміреш Дәрменов тұрып жатқан Озерный ауылында кездесуге келістік.

Уағдаласқан күні совхоз кеңесінің алдында кездесін, сол маңайда тұратын Әміреш ағайдың үйіне келдік. Жерде, тәсениш үстінде отыр екен. Біраз әңгімелескеннен кейін теледидарға түсіріп, сұхбат алатын болдық. Толып жатқан ордендер мен медальдарды тағатын бір дұрыс киім таба алсақшы. Осьдан кейін әкім мен совхоз директоры бір сираж ет, пешке жағатын отын-көмір, диван, костюм алып берді.

—
үшінде кө

Престор
дық қорға
көмектесті.
да кара таст

Жуырда о
ынды екі т
кирнің
зираттың а
ардагерлес к
Отан соғыс
тылынты
не забы..
ты. Оның
ауыл ада
еткен, қазір бі
Ресейдің
жазылған
женин болаша

етіл, Әміреш атам жалғыз қалған соң
күттім. 2003 жылы желтоқсанда дұ
чемересі Хамитолла. — Атамды
на койдық. Басына үй тұрғызуға
пен цементті жеткізуға аудан
басшылығы көлік тауып беріп
тыр атамыздын басына ең құрыған
к сұрап едік, қол ұшын бермеди.

Тұмда туған-туысқандарының ағай-
бияда жатқан қабір басына силикат
тім. Қолдан құйылған құлпытас. Ал
әрғындарының айтуынша, аудандық
округ бірлесіп, Жалтыршадан Ұлы
Жаңғартақта қаза тапқандарға құлпытас орна-
болса да, тасқа «Никто не забыт, ничто
не умрет» дегендегі қозақ мемориалынан
боздақтар түгел қамтылмаган деседі
соғыста ерлік жасап елге оралып, еңбек
жауынгерлер мүлде енгізілменті. Сонау
дегі Даңқ мемориалына есімі қашалып
желден Әміреш Дәрменовтің қай жерде жерлен-
генін болаша дақ қай-ли билмек? Бұл – ойланатын мәселелер.

*Амандақ ЖАНТЕМІРОВ,
Мәдениет қайраткері,
Қазақстанның құрметті журналисті*



КАН МАЙДАНДА КАШАЛҒАН ДОСТЫҚ

Елімізде үш бірдей Қызыл Жүлдэз орденінің иегері аттанған жалғыз майдангер Петропавл қаласында турады. 1943 жылы небары 17 жасында соғысқа аттанған Василий Турашев – бүгінде сексеннің сенгіріне шыққан қария.

Жылғадан акқан су сияқты жылдам жылжитын жылдар алға жетелеп. сүм соғысты тарих қойнауына сұнгітсе де, Василий Сергеевич сүйк хабар жеткен сол сәтті оқтын-оқтын есіне алып отырады.

– Мектеп оқушысы едім. Балалармен бірге демалыс уақытында егіс даласында еріктілердің қатарында жұмыс істеп жүрдік. Ауылдан келген шабарманның сүйк хабары бақытты шағымыздың быт-шытын шығарып жіберді. Тамылжыған мәңгілік қалды, - деді қария ауыр күрсініп. – Жау

шапқанын естігенде өмір бір сэтке токтағанда болды. Ерлер жаппай майданға аттанып жатты. Кәмелеттік жасқа толып, әскер қатарына шақырылғанша мен де ауылда еңбектендім.

Жасы жетіп әскер қатарына алынған Василий Турашев майданға аттанады. Оны 1944 жылдың мамыр айында әскери эшелонмен Витебск қаласына әкеліп, Балтық жағалауы майданының 43-ші атқыштар бөліміне жібереді. 17 жастағы бозбала аталмыш бөлімнің барлау взводына барлаушы болып тағайындалып, Шумилино станциясын азат ету үшін алғашқы ұрысқа катысады. Алғашқы медалі де осы майдан даласындағы ерлігі үшін кеудесіне тағылады.

– Ол кездерде ерлік дегеннің не екенин, ол үшін берілетін марапаттың бар екенин білмеймін. Міндегі айқын – еш тайсалмай жауға қарсылық көрсете білу, - дейді қарт майдангер алғашқы ұрысты еске ала. – Сол жолы взвод басшылығы маған «Ерлігі үшін» медалын салтанатты түрде тапсырғанда жүрегімді толқытқан отансүйгіштік сезімін сөзбен айттып бере алмаспын.

Василий Турашев

Витебск қаласында Василий тетелес қазақ жігітімен достасады. Мұрты жаңа тебіндеп шығып келе жатқан Біржан да барлаушы болатын. Екі жауынгер өздерінің жас шамаларына қарамай, бір-бірінің жігерін жаңып отырып, жастық қайратпен барлау жұмыстарына кірісетін еді. Василий майдандас досын есіне алған сәтте көзінен бір ұшқын жарқ ете қалғандай болды.

– Соғыс кезінде жолдастық көмек аса жоғары бағаланатын және барлығы бір үйдің балаларындағы бір-бірі үшін жанкиярлық әрекетке барып жататын. Тағдыр мені Біржан сияқты адал жанмен кездестіргеніне разымын. Жас та болса сондай ұстамды, ұтқыр, сауатты, сыпайы қазактың бозбаласымен бірден тіл табысып, достасып кеттім. Бірге автоматшы болдық, кеін екеумізді де барлаушы қызметине ауыстырды. Түйдей құрдас болсақ та көп жағдайда оның ақыл-кеңестерін тындастынмын. Тіпті, Біржанның көзқарасына, дүниетанымна қызығып та қызғанып қарағанымды да жасырмаймын. Біржанның қай жерде туып-өскені есімде қалмапты, бірақ оның тәрбиелі отбасынан шыққаны өн-бойынан байқалып тұратын еді.

Кеінірек кіші лейтенанттар курсына жіберілген барлаушы Василий Турашев Біржанды қайтып көрmedі. Өйткені, ұрыстан кеін ол 77-ші атқыштар дивизиясына барлау взводының командирі болып тағайындалады. Барлаушы болғандықтан, көрші әскери бөлімше тұрмақ, өздерінікінің қай жерде орналасқанын біле бермейді. Сондықтан қимас досты қайтадан табу мүмкін болмайды. Барлауға шығарда бүкіл құжаттарын тапсырып, тек қана ата-анасының, не сүйген қызының суретін өздерімен алуға және қаза тапқан жағдайда жауынгер жайында қандай да бір ақпарат болу үшін тәсбелгілердің бірін алуға ғана рұқсат етілетін.

– Майданда діні мұсылман жолдастарым көп болды. Мен олармен достық байланыс орнатуға тырысатынмын. Мүмкін оған Біржан да себепші болған шығар. Мен үшін олар үйымшыл, тапқыр, сыпайы болып көрінетін. Татар жолдасым алғаш рет жылқы етін же-үге үйреткені әлі есімде. Балтық жағалауы жаңында басқыншылық әрекеттер тоқтаған болатын. Екі-екі адамнан топтасып, окоп қазып, сонда дамылдау туралы басшылықтан бүйрық берілді. Менімен бірге Қазан қаласынан келген кішкентай ғана татар жігіті болды. Кешкүрим уақытта ол өзінің ауылдастарын көргенін айтып, соларға барып келуге менен рұқсат алып кетіп қалды. Сол кеткеннен мол кетті. Бойды қорқыныш сезімі билей бастады. Мен ол үшін жауаптымын фой. Түннің бір уақыты болғанда келді, әйтеуір. Өзімен біре – екі кесек піскең ет экеліпті. Маған бір кесегін ұсынды. Қарным ашқаны соншалықты мән-жайды сұрап жатпай, дәмі тіл үйрер етті

асап жатырмын. Бір кезде ол әкелген ет жылқынің екенін айтты. Сол уақытқа дейін жылқының етін жеп көрмегендіктен, таңданып «Оны қайдан алдың?» деп жатырмын. Сөйтсе, майдан алаңында екі ат жараланыпты. Соларды сойып, пісіріп жеген екен, - деді Василий Сергеевич татар досын есіне ала отырып.

Қазакстан бойынша З бірдей Қызыл Жұлдыз орденіне ие болған жалғыз майдангер қария осылайша өткен отты жылдардың елесін көз алдына әкелін, ауық-ауық курсініп отырды. Еңсесі тік, омырауы толы наградалар. Ардақты ардагердің медальдарының қатарын жақында алған «Ішкі істер министрлігінің құрметті ардагері» төсбелгісі толыктыра түскен.

– Бұл жұлдыздар мен үшін аспандағы жұлдыздай сондай бағалы әрі ыстық, - деді ол Қызыл Жұлдыз ордендерін көрсетіп. – Алғашқысы дивизия 9 ай бойы ұстай алмаған жау «тілін» ұстағаным үшін берілді. Екінші орденді 87-ші атқыштар дивизиясында 1379-шы атқыштар полкінің жеке жаяу барлаушылар взводының командирі болған кезде алдым. Онда барлау ақпаратын жинауды ұйымдастырудың және 3 «тілді» ұстадым. Ал, ушиші Қызыл Жұлдыз бейбітшілік кезде қеудеме тағылды, - деді майдангер.

Ұлы Жеңісті ол Лиепава қаласының түбінде, окопта қарсы алады. Майданда әскери қымылға машиқтанып, әбден шыныққан Василий Сергеевич соғыс аяқталғаннан кейін де өмірін әскермен тығыз байланыстырды. Бейбіт өмірдегі әскери қызметі Пермь облысындағы 87-ші атқыштар дивизиясынан бастау алып, ПМ Ішкі Әскерінің Петропавлдағы 6637 әскери бөлімінде өз жалғасын табады. Осында ол взвод командирінен бастап бөлім командиріне дейінгі сара жолды жүрін өтті. Өзінің үшинші Қызыл Жұлдыз орденін де Василий Турашев осында өзі басқарған 6637 әскери бөлімінің жауынгерлік және саяси дайындығын жоғары деңгейге жеткізгені үшін алған.

Жасы үлғайған, қарттық деңдей бастаса да сексеннің сенгіріне шыныққан ардагер 9 мамыр күні мәңгілік алауға барып, майданнан қайтпаған қаруластарымен сұрапыл соғыс табыстырған достарын еске алады.

Жадыра ЕСЕНГЕЛДІ




СОҒЫСҚА ҚАТЫСҚАН АЛТЫ АТАМ – МЕН ҮШИН БӘРІ ДЕ БАТЫРЛАР

Біздің әулетте нағашы атамды қосып айтқанда бір-бірімен тете-лес өскен жеті атам болды. Біреуі соғысқа дейін дүниеден өтсе, қалған алтауы Ұлы Отан соғысына қатысип, қолдарына қару алып жаумен шайқасты, бұғынгідей бақытты болжашағымызды қорғап қалған Ұлы Женіске өз үлестерін қости.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей, солардың төртеуі сүм соғыстың сұрапыл шайқастарын бастарынан кешіріп, мұз жастанып, су кешип, қарша бораған оқтың астында өліммен талай беттесіп, елге аман-есен оралды. Ал екі атама туған жердің топырағы бұйырмады.

Нағашы атам – Кәрімжан өте білімді, ақыл-парасатымен жұртқа жұғымды, елге сыйлы адам болған. Сол кезде үлкен қызметте жүргендіктен, соғысқа бармау жөнінде броны да болған. Бірақ ел басына құн туғанда қатардан қалып қойғанын намыс санап, бойында жауға деген ашу-ызасы қайнап, майданға баруға бірнеше рет өзі сұранған. Тылдағы еңбекке де ес билетін, білімі бар адам керек дегендеріне қарамаған. Ақыры Кәрімжан атамның өтініші қабыл болып, соғыстың басында майданға аттанады. Сол кеткеннен хабар болмайды. Нағашы әжеміз Уәзипа ұзак күтті. Ақыры ол да өмірден өтті. Патриоттық сезімі жоғары, азamatтық борышын адал сезінген, Отан үшін отқа түсуге тартынбай ажалдан қаймықпай майданға өз еркімен аттанған Кәрімжан атам – мен үшін батыр тұлғалы жан.

Соғыстан елге қайтып оралмаган екінші атамның есімі – Мағауия. Ол кісіні бауырлары Мағыпер деп атайды екен. Бұл кісінің бойына біткен ерекше бір қасиет – алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы. Соғыста майданның алғы шебінде журін, талай қиян-кескі шайқастарға қатысқан, талай ерлік жасаған көрінеді. Сондай сұрапыл



1 імтуір атам

шайқастардың бірінде бас көтертпей жауып тұрган жау снарядта-
рынан ауыр жарапаланып, екі колы мен екі аяғынан айырылады. Го-
спитальда ұзак жатқанымен, халі мүшкілдене түскенін өзі де сезеді.
Сонда батырлығы мен қайсарлығы сондай – қол-аяғы жоғына қара-
мaston, қаламды тісімен тістеп, госпитальда жатқанын, халі мүшкіл
екенін білдіріп, «күпендер мені» деп елмен қоштасып хат жазған.
Кешкпей артынан қайтыс болғаны жөнінде «қара қағаз» келді.

Енді соғыстан елге аман-есен келген төрт атам туралы айтайды.
Олардың ұлкені – Қажыракым. Атасы, біздің ұлы атамыз – Жандәulet
қажыл. Қтан келіп жатқанда тұған оның есімін Қажыракым деп атапты.

Қажыракым атам өз теңдестерінің арасында есқише, орысша са-
уаттылығымен, сөзге шешен, жиналған жүртты әңгіме айтқанда ау-
зына қаратқан серілігімен ерекшеленген адам болатын. «Соғыста
талай қыншылық көріп, небір тығырықта жол тауып, елге аман-
есен оралуымның бір себебі – орысша жақсы білгендігімнің арқа-
сында» деп айтып отыратын.

Бала кезімізде соғыс туралы фильмдерге жіңі барып, жауынгер-
леріміздің жауды бауша қырып, танкілерін жайратып жатқанын
көріп сүйсінетінбіз. Сонда үйге келгесін:

– Ата, біздің солдаттардың керемет ерліктерін көрдік. Сіз қанша
неміс өлтірдініз, қанша танк өртедіңіз? – деп сұрайтынын. Онсыз
да соғыс туралы әңгімені аса айта қоймайтын атам маған бір қарап
алып, бала көңілімді киғысы келмей сөзін бастайтын:

– Соғыстың аты – соғыс. Оны сөзбен айтып жеткізу қын. Жа-
рылып жатқан бомбалардан, қарша бораған оқтан көк пен жер тұта-
сып отқа оранған киян-кескі ұрыста қайсыбірін еске сақтайсың.
Қарсы бетте жау, мына бетте біз, андысумен боламыз. Себебі, біз
бұрын атпасақ, олар бізді бұрын атады. Жаудың қарасы көрінсе бол-
ды, оқты қарша боратамыз. Жұзделеген жауынгер бірлесіп оқ жауды-
рғанда кімнің оғы жауға тип жатқаның қайdan есептейсің?! Әйтеуір,
жау шегінсе, женгенімізді білеміз, алға жылжимыз. Соғыста орден,
медаль алайын, небір атак-данққа ие болайын деп ойлаған адамды
көрген жоқпыз. Басты мақсатымыз – жауды жеңіп, Отанды корғап,
аман оралу. Шайқаста бір күн тірі жүрсөн, соған Алла тағалаға риза-
шылығынды білдіресің, - дейтін.

Қажыракым атам елге келгеннен кеинін бейбіт өмірде ұзак уақыт
енбек етті. 97 жасқа келип қайтты. Көзі тірісінде жасы кіші інілері –
Койшыбай мен Тімтуірге аға әрі әке ретінде қамқорлық жасап, тәр-
биелеп, өз қолымен үйлендіріп, еншілерін беріп, үй қылып шығарды.
Олар Қажыракым атамның бұл жақсылығын өле-өлгенише ұмытқан
жоқ.

Екінші атамыз – Көкен даусы зор, мінезі қаталдау, бірақ өте қайырымды адал адам болған. Соғыстан кейін ел шаруасына араласып, алпыстан асқан шағында қайтыс болды. Одан кейінгі Қойшыбай атамыз да сауатты, білімді еді. Соғыста офицер шенімен бөлімше, взвод, рота жауынгерлеріне басшылық жасаған. Ол да – соғыстағы ерлігімен, бейбіт, өмірде атқарған істерімен ел құрметіне бөлөнген жан. Сексеннен асқан шағында дүниеден өтті.

Соғыстан аман оралған төрт атамың ең кішісі әрі еркесі – Тімтуір атамыз осыдан бес жыл бұрын дүрілдетіп тойлаған Ұлы Женістің 65 жылдығында 85-ке толды. Атын неге бұлай койғанын білмеймін, өзім адами қасиеттеріне қарап Тымтәуір ғой деп ұғынамын. Жасы үлкен атамыз бен женгелері оны Бала деп атайдын. Көрши-колан, құрдастары Шолақ дейтін. Кейінгі келіндер кіші ата десе, өзіміз Тұту деп атап кеттік. Шолақ деп атануының себебі – соғыста бір қолынаң, бір көзінен айрылып келген. Бірақ сонысына қарап, ешкім кемітіп көрген жок.

Тімтуір атамыз 17 жасқа толмай майданға аттанған.

– Тұту, соғысқа жасың жетпей неге ерте бардың? Төрт ағаң соғыста жүргенде сен елге көмекші болып неге қалмадың? – деймін.

– Е, шырағым-ай, соғыс кезінде елде жағдай қызын болды ғой, тамақ жетіспейтін, жұмыстың бар ауыртпалығы қызы-келіншектер мен кәрі-құртаңдардың мойнына түсті. Басында мен де олардың қатарында болдым. Соғыстағы жағдайды да естіп жатамыз. Оның үстине екі күннің бірінде елге «қара қағаздар» келип жатты. Осының бері он жетіге толғанда жігіттік жігерімді ояты. Денем болса мығым әрі комсомол мүшесімін. Бір күні Марьевкаға әскери комиссиядан өтуге бардым. Денсаулығым жақсы болды. Бірақ жасым толмады. Қыр соңдарынан қалмай, бір-екі жас қосып, майданға жіберуді оғіндім. Соңдарынан қалмаған соң:

– Винтовка ұстауды, атуды белесің бе? Соғыстан қорықпайсың ба? – деп сұрап, өтінішімді орындастын сыңайларын білдірді. Ауданға бірге барған әкем Габдолла көзіне жас алып тұрса, мен майданға аттанатын болып куанып жүрмін, – дейді Тұту атамыз сол бір жалындаған жігерлі жастық шағын есіне алып.

Келесі күні, ол ауылдасты Нәби Баймұқанов, Шәкен Дәненов үшеші Петропавл қаласына жеткізіледі. Мұнда Борки кентінде аз уақыт әскери дайындықтан өткенин кейін оларды майданға аттандырады. Бұл кезде майданның барлық бағытында шешуші шайқастар жүріп жатқан болатын. Тұту атамыз бірден Курск инициативасының қыян-кескі ұрысқа кіреді. Сонда сұрапыл ұрыстың бірінде жарапанып, госпитальға түседі. Жазылып ішкікан соң Панфилов дивизиясының құра-

мындағы 8-ші гвардияның катарына қосылып, майдандағы жауынгерлік жорығын одан әрі жалғастырады. 1945 жылдың кантарында шабуыл кезінде бір колынан айырылып, бір көзіне оқ тиіп, ауыр жаракатымен Мәскеудің госпиталіне жеткізіледі. Сол шайқаста майданға бірге барған Шәкен Дәненов каза табады. Женісті осы госпитальда жатып естиді.

Тұту атамыздың соғыс кезінде көрсеткен ерлік істері аз емес. Атқыштар құрамында жүріп, жауынгерлік тапсырманы ерлікен орындағаны үшін I дәрежелі Отан соғысы орденімен, кейін осы орденмен екінші рет наградталады. Қеудесінде қатар түзеп жарқыраған медальдары да аз емес. Соғыстан кейін бейбіт еңбекке араласып, артынан малдәрігерлік курсы тәмамдалған, мал шаруашылығында ұзак жыл жұмыс істеді. Кейін зейнеткерлікке шыққанға дейін кеңшарда жем-шөп қоймасының менгерушісі болып еңбек етті. Осыдан бес жыл бұрын өмірден өткен зайыбы Магишамен 56 жыл бірге тау-тәтті өмір сүріп, тоғыз баланы дүниеге әкеліп, өз теңділерінің қатарына косты. Өмірден ерте өткен Сыралы деген ұлынан басқа бәрі қазір өз алдына шаңырақ құрып, ардагер атамызға немере, шөбере сүйдіріп, бақытты тұрмыс құруда.

– Мен қазір кенже ұлым Кенжеболат пен келінім Риманың қолында тұрамын. Кемпірімнің жоғын сездірмей, көnlімді баулап, жақсы күтім жасаған оларға өте ризамын, - дейді ардагер атамыз.

Соғысқа қатысқан ардағерлердің бәрі – батыр. Бүгінгідей бақытты болашағымыз үшін жаумен айқасып, қасық қанын төккен, керек болса қеудесіндегі шыбын жанын аямаған ардакты ардағерлерге біздер, кейінгі ұрпақ, мәнгі қарыздармыз. Оларға шексіз құрмет көрсету – біздің төл парызымыз. Сондықтан ағайын-туыс, бала-шаға, құда-құдағилар дегендегі бәріміз жиналдып, Ұлы Женістің 65 жылдығы – 9 мамыр күні 85 жасқа толған Тұту атамыздың құрметіне өзіміз туған Қаратал ауылында шағын той жасап, бәйге ұйымдастырық. Бұл ардагер атамызға көрсетілген құрметтің бірі.

Жомарт ҚАЖЫРАҚЫМОВ



ЕРЛІК ӨНЕГЕСІ

Дүмпуімен дүниені шарпыған екінші дүниежүзілік соғыс әлемнің әр қырына шенгелін салғаны саңадан өшпейді. Соғысқа тікелей қатысқан екі елді ғана емес, бүкіл Еуропаны, қала берді өзге құрлықтарды құрсаулаған осы соғыстан сырт қалғандар кемде-кем.

Менің әкем Жылқайдар (Ғабит Мұсіренов ауданы, Шағалалы ауылы) марқұм жиырма жасында әскерге шақырылыпты. Бұл фашистік Германияның азын айдай әлемге ақситып, арыстандай жалы құдірейіп түрған кезі ғой. Соғыс қарсаны. Еңкейген кәрісден сібектеген балаға дейін күні ертең бір сүмдиктың боларын сезген тұсы.

Әкем Литваның Паневежис қаласында атқыштар полкінде пуллеметші болады. 1941 жылдың жаңа таңы атысымен ол әскери ант қабылдап, Отанымызды қасық қаны қалғанша қорғауға серт береді. Арада жарты жыл өтпей жатып, Ұла Отан соғысы басталардан тұра бес күн бұрын, құрамында әкем борышын өтеп жүрген полкті Шығыс Пруссияның шекарасына жеткізіп, қорғаныс шебін құрғызады.

Теке-тіреске, тап берер тайталасқа таяп қалған сол тұста бәрі де соғыстың басталарын сезгенін әкем кеин әңгімелеуші еді. Маусымның 22-сі күні таңсәріде неміс ұшақтары бұл шепті бомбаның астына алады. Содан соң жаудың жаяу әскерлірі шкараны бұзып өткен.

Сөйтіп, қиян-кескі атыс басталады. Арада жеті сағат қызыл қырғын өтеді. Жасанып келген жау шыдатсын ба, әбден машиқтанып алған, бұған дейін Еуропаның біраз мемлекестін ми батпактай езіп өткен немістер шыдатсын ба? Амалсыз шегіну, қажыған, кеінген, жүйкесі тозған, әсіресе, ұнжырғасы тұсқен жауынгерлерде дүшпанға дүрсе коя беретіндегі қажыр-қайрат қайда? Әйтеуір, шегіне жүрсе де жалт берметен, өлмей беріспейтіндей бүйрек алған әскерлер әл-дәрмені құрығанша соғысады. Осылайша, қорғаныс шебін құрып, Балтық бойында жауға тойтарыс береді.

1941 жылғы шілдеде Шауляй қаласының түбінде осы 3656-шы атқыштар полкі өзге құрамалармен қоян-қолтық қимылдап, жауға тұнғыш рет соққы береді. Бақса, немістердің де дақпырты көп екен. «Өжеттен өлім қорқады» демекші, осы жолы неміс әскерлері де бұлардың қайратын сезеді. Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуковтың «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы» мемуарында осы оқиға жайлы да баяндалады.

Әрине, соғыс соқпақтарымен өткен жалғыз менің әкем емес. Талай есте қаларлық оқиғаларды бастан кешіріп, әбден ысылған әкем жаудың тылынан «Тіл» әкелуге де машиқтанған. Сөйте жүріп үш рет жараланған. Алғашқысында Калинин облысында 1941 жылдың шіл-

десінде жараланыпты. Ал екінші жолғысы – 1942 жылғы 23 ақпандағы жаракат. Бұл жолы Орел облысының Мценск қаласының түбінде жау снарядының жарықшағы басына тиген. Өте ауыр жаракат.

Алайда, алда майдан жолы. Қол қусырып қарал отыратын кез бе? Үшінші рет ол Ржев қаласын жаудан азат етуде жаракатталған. Осының салдарынан үшінші топтағы мүгедек болып әскерден босатылған.

Майдан далаларында көрсеткен ерлігі үшін 3656-шы полктің сержантты Жылқайдар Омаров «Бірінші дәрежелі Отан соғысы» орденімен, бірнеше медальдармен маралатталған. Әскербасылардың алғыс айтқан марапаттары да жетерлік еді.

Әкем өте еңбекқор адам еді. Сол қасиеті бейбіт істе де танылып, өциріне 8 медаль тағылды.

Кезінде халық шаруашылығының біраз салаларында ерінбей еңбек еткен ол бізге де осы қасиетін дарыта білді. Селолық кеңестің төрағасы болып, адамдардың әл-ауқатын жаксарту ісіне қадри-халинше үлес қосқан еді.

Оның шаңырағынан өрбіп шыққан жеті баласы «Жылқайдардың жетеуі» дегендегі жақсы лебізге бөлөнгенімізді мәртебе көреміз. Осыдан жеті жыл бұрын дүниеден озған оның тұлғасы ордамыз тағымым етерлік сипатқа ие болып, есімізде мәңгілік жүреді.

Әкемнін немере ағасы Әжікен Қожахметұлы да ол сияқты Ғабит Мұсірепов ауданында дүниеге келген.

Әжікен ағам да жауды алдымен қарсы алғандардың қатарында болған. Ол соғыстың алтыншы күні Могилев түбінде кескілескен майданға кірген. Гвардия старшинасы болған ол атакты генерал Доватордың атты әскерлерінің корпусында барлаушы қызметін атқарған. Ағай талай рет немістің офицерлерін желкелеп әкеліп, жауп алдырыпты. Осы ерліктері үшін «Екінші дәрежелі Отан соғысы», «Қызыл Ту» ордендерін және бірнеше медальдарды омырауына қадаған. Мысалы, «Москваны қорғағаны үшін», «Варшаваны азат еткен үшін», «Берлинді алғаны үшін» сияқты медальдарының езі ағайдың қай бағытта соғысқанын айқастайды.

Жау тізе бүккеннен кеін ол бесінші екпінді армияның құрамында Кеңес Одағының Батыры генерал-полковник Николай Эрастович Берзариннің басшылығымен Берлинде қызмет атқарады. Соғысты әбден тәмамдал, жау астанасында бейбіт тірлікті қамтамасыз еткен әскерлер елге оралған кезде Әжікен ағам да туған үйге қайтады.

Ол соғыс тәмамдалған соң Петропавл педагогика институтын бітіріп, Чистополь ауданындағы Қалмаққөл сегізжылдық мектебін басқарады. Отбасында сегіз бала өсіріп, олардың бәріне әкелік қамқорлық жасаған қарт майдангер 1991 жылы дүниеден озды.

Ұлы Женістін ұлан-ғайыр мереке, салтанат сәтінде өзіміз мактан тұтатын осы ардактыларымның Отан қорғау ісіне зәредей де қосқан үлесін, майдан далаларында көрсеткен ерліктерін тілге тиек етуді жөн көріп отырамыз. Олардың осы сипаттары, азаматтық тұлғалары бізге – тікелей ұрпақтарына зор ғибрат.

*Нұрым ОМАРОВ.
Ғабит Мұсірепов ауданы*

ҚАЙРАН, БОЗДАҚ АҒАЛАР

Ел басына күн туғанда Ұлы Отан соғысына көппен бірге менің екі нағашым – казіргі Шал ақын ауданындағы Жаңаталап ауылының тумалары Әбен мен Бимақан Нұрмұқанұлдары да аттаныпты. Әбен нағашым соғыс аяқталған соң аман елге оралды, ал ішісі Бимақан сол кеткеннен хабарсыз. Соңғы хатын Сталинград түбіндегі шайкасттан жазған екен. Анасының жылаумен көзі кетін, зарығып тосумен дуниеден өткенін білеміз. Артында жас жары мен 1940 жылы туған Жамбыл атты ер баласы қалған еді. Рабиға апатайым уылжыған жас қалпы қалса да, тұрмысқа да шыққан жоқ, өмір бойы тосумен өтті. Жамбылын ержеткізді, келін алып, немерелер сүиіп, қартайып дүние салды. Бірақ жалғыз баласы Жамбылдың да ғұмыры қысқа болды, елу жастың шамасында дүние салды. Әкемнің ен кенже інісі Олжабай да 17 жасында майданға аттанып, содан оралмады. Ол әуелі Омбы қала сында әскери жаттығудан өтіп, одан әрі ордалы жауға қарсы батысқа жөнелтілген екен. Жанында ауылдан бірге аттанған нағашысы Рақым деген кісі бірге болған. Оның айтуынша, командирі балғын жасты аяп, ат-арбамен ок-дәрі тасуға койыпты. Жаудың бұлардың шебін кезекті бір бомбалауы кезінде командирі бәріне окопка тығылуға бұйрық берген. Олжабай енді ғана окопка түсіп жата бергенде, анадай тұрған аты үркіп шаба жөнелген. Ағайымыз соны ұстаймын деп жүгіргенде бомба түсіп, қаза болған екен. Рақым атай соғыстан оралғанда Олжабайдың қойын дәптерін, айна-тарағын әкеп әжеме беріпті, сонда оның соғыста жүріп шығарған өлеңдері бар екен. Сондағы ұзақ өлеңдердің бірінен үзінді келтірсем артық емес сияқты.

Жаздым сәлем анамыз,
Аялаған панамыз.
Сағынып сәлем жазады,
Қоңқай атты балаңыз.

Жаздым сәлем женеше,
Мінездерің өзгеше.
Сыйласып жүрген бауырлар,
Сау болындар көргенше.

Жаздым сәлем нағашы,
Көңілдің көп ед жарасы.
Қайрия мен Мәркеннің,
Тәңірі болсын панасы.

Өткен дәурен келер ме,
Тілекти тәнірім берер ме?
Ағатайлап, соңымнан
Игібай, Зайра ерер ме?

Жаздым сәлем қауымға,
Бірге туған бауырға.
Тілек қабыл болар ед,
Аман барсақ ауылға.

Сәлем жаздым халайық,
Неміске ойран салайық.
Қуат беріп бір Алла,
Жауды женеп қайтайық.

Ұзап кеттім ауылдан,
Үйім кетпес ойымнан.
Басымызға іс түсіп,
Еркелік кетті бойымнан.

Осымен бітсін аяғы,
Көңілім жоқ баяғы.
Санаменен сарғайған,
Атаның ерке саяғы.

Елде жүргенде Олжабай ағатайымды ауылдағылар еркелетіп Конқай деп атаған екен. Он сегізге толмай соғыста қыршын кеткен жастың өлеңі осы. Сүм соғыстың құрбаны болған, аяулы асылымыз, ардақты ағамыз әрдайым есімізде. Осыған ұқсас тағдырлар көп қой, сол кезде тұмасақ та, кітаптан оқып, кинодан, теледидардан көріп жүргендіктен оның бәрі көз алдымыздан өткендей болады. Сол

сүрапылды ұрпақтардың санасында қалды деп айтатыны сондықтан шығар.

Енді елімізде мызғымас бейбітшилік сақталып, ұрпағымыз бақытты өмір сұрсін десек, өз басым осы бейбітшилікті сақтап, әлемдік саясатта дұрыс бағыт ұстанып отырған Елбасымызды қолдауымыз керек. Елімізге береке, бірлік және тыныштық берсін деп тілеймін.

*Лейла ОРЫНБАИҚЫЗЫ.
Қаратал орта мектебінің мұғалімі.*

БАТАЛЬОН КОМСОРГІ

«Қызыл Жұлдыз», I дәрежелі Отан соғысы ордендерінің, төрт «Ерлігі үшін» медалінің иегері Дәuletбай Сыздықов марқұм майданда ерекше ерлік көрсеткен еді.

Уақыт өз дегенин жасайды. Қазіргі уақытта майдангерлер күннен-күнге азайып барады. Кейде: «Айыртау – киелі жер, Аумақты қосып есептегендеге он бір батыр бар», - деп ауыз толтырып асыра мақтанып кеткеніміз бар. Жекпе-жекте жалғыз өзі сегіз фашисті өлтірген Есентай Данкиннің, ақын партизан Жұмағали Сайнның, он жеті дүшпанды жер жастандырган Дәuletбай Сыздықовтың ерлігі ұрпақтан-ұрпаққа жеткені ләзім. Аныз етіп айта журу біздің азаматтық парызымыз, абыройлы борышымыз болмақ.

Халық ақыны Кекен Шәкеев Сыздықов ағамыз туралы былайша толғанған екен:

«Дәuletбай, алдындағы нарымдайсың,
Жігіттік дәуренінің арындейсың.
Құрдастар да барады саны азайып,
Сөнбеші, лапылдаған жалындейсың».

Оқырманға түсінікті болу үшін мына жайтты да аша кетейік. Ресpubлика, тіпті кеңегі Одақ көлемінде Жұмағали Сайнды білмейтін адам кемде кем-ақ шығар. Ал Дәuletбай Сыздықов ағамыз Сайнның туған інісі болып келеді. Және Сайнның қолында тәрбиеленген. Ағайынды екі арыстың бірі партизан отрядында, екіншісі майдан далаында елін данққа бөлеп, өздері де халқының құрметіне бөленіп, мың өлін, мың тірілген қазағымның адал ұлдарына айналды. Өшпес ерліктері тарих бетіне алтын әріппен жазылды.

Дәuletбай Сыздықов ағаның туып-өскен жері – қазақша Мәңжұр, орысша Златогор ауылы. Оныншы сыныпты бұрынғы астанамыз –

Алматыда Жұмағали Саин ағаның қолында бітіріп, заң техникумына оқуға түседі. Сейтіп жүргенде сұрапыл соғыс басталып кетеді. Тепсе темір үзетін балаң жігіт шығыстың Чарджоу қаласына көшіп келген Орел қаласындағы таңдаулы жаяу әскер училищесіне оқуға жіберіледі. Сол жылдың қараша айында Орел қаласын азат ету операциясына қатысады. Осы ұрысқа кірерінде Дәuletбай Сыздықов партия қатарына қабылданады. Қаланы атой салып алған қаһарман жауынгерлер құрметіне одақ бойынша салют берілген-ді. Осы ұрыста Сыздықов «Ерлігі үшін» медалімен бірінші болып марапаттады. Марапатқа ұсынылған құжатта: «№2 атқыштар батальонынан Дәuletбай Сыздықов Менжинск ауданындағы елді мекендер үшін болған айқаста зенбіректен тұра атып, жаудың бір автомашинасын, 17 неміс солдатын құртып жіберді» деп жазылған.

Ал КСРО Қорғаныс министрлігінен алынған құжатта төмендеғідей деректер келтірілген: «1943 жылдың қазан айының 6-сынан 15-інші жүлдзызы аралығында ерлік пен батырлықтың тамаша үлгісі көрсетілді. Оның зенбірегі ақаусыз жұмыс істеді. Федорово деревнясы үшін болған шайқаста Сыздықовқа жаудың алыс нұктесін құрту және жаяу әскерлеріміздің басын көтертпей бөгесін жасап, он буйірден атып тұрған немістердің екі пулеметінің үнін өшіру міндеті жүктелгенді. Рота командирі Дәuletбай Сыздықов бұл бүйрықты да қалтқысыз орындалды».

Жыл жарым оқ пен оттың шіндеге жүрген балаң жігіт ысылды. Шындалды. Талай рет жаудың оғынан аман қалды. Небір қыршын боздақ достарынан айырылды. Жан достарының қабірі басына егіліп сөз сөйледі. Ант берді. Елі үшін туған абзал азамат өлім мен өмір ар-пальысында жүрсө де, ар-ожданына кір келтірмей, намыс туын жоғары ұстады.

Осындай күндердің бірінде Дәuletбай қызмет етіп жүрген атқыштар полкі Орта Азия республикаларынан келген өрімдей жігіттермен толықтырылды. Рас, олардың шіндеге орыс тілін білмейтіндері көп еді. «Мені, - деп еске алады Дәuletбай ағамыз, - бұған дейін үгіт-насихат жұмыстарын абырайлы басқарып жүргенимді ескеріп, полк командованиесі батальонға комсорг етіп қойды. Полк комиссары Чернов көп ақыл-кенесін айтты. «Әр уақытта жауынгерлердің рухын көтеріп отыр, жүрекжарды шынайы сөз оларды ерлікке, батырлыққа жетелейді», деді.

Түиіндең айтқанда, запастағы капитан, рота командирі, батальон комсоргі Дәuletбай Сыздықовтың өшпес ерлігін полковник жазушы Н.И. Тараненко «Ерлік шептері» («Рубежи мужества») деген кітапта егжей-тегжейлі жазған екен.

Соғыстан елге женіспен оралған Дәuletбай Сыздыков ұзак жыл халқына адал қызмет етті. Зейнеткерлікке шықканға дейін заң орғандарында жұмыс істеді. Отбасын құрды. Аяулы қызы Ақкуын оқытып, күттү орнына қондырды.

Тайлак ЖАЛМҰРЗЕНОВ.
Айыртау ауданы

ШАҢЫРАҚ ОТЫ ӨШКЕН ЖОҚ

Зұлмат соғыстың алғашқы жылдарында ауылдастарымен бірге Айымжан ауылының тумасы Амандық Мұқанов та қан майданға аттанып еді. Артында зайыбы Мағиза, ұл-қызы Әскер мен Әсия қалды. Сирек болса да, әскерден келген хаттарды бүкіл ел болып оқып, көңілдеріне жұбаныш етуші еді. Соғыс жылдары ел ішінде жағдай қандай болғаны бәрімізге белгілі. Барлық жылы – жұмсағын соғысқа жіберіп отырған тыл енбеккерлері қариялар, бала-шаға, қыз-келіншектер таңың атысы, құннің батысы ауыр жұмыстарда «Соғыс тез бітсін» деген бір ойдан күш алып, тынбай енбек етті. Олардың арасында Мағиза, Әсия, Әскер де бар. Танаптарда бел жазбай енбек етіп жүрген оларға да «қара қағаз» келді. Кос құлының құшақтал, қанды соғысқа қарғысын айтып жылаған Мағиза апамызды қыын сэтте демеген де, қамқорлық жасаған да – қайын ағасы Мұхамеджан Жолмұқанов. Інісінің балаларын өзінін Жақия мен Жақила деген қос баласымен бірге өсірді. Жесір мен жетімдерді қанаттыға қақтырмады, тұмсықтыға шоқытпады.

Содан бері қаншама жыл өтті. Соғыста қаза тапқан Амандық Мұқановтың балалары Әсия мен Әскер үилі-баранды болды. Әттең, Әсиянің ғұмыры қысқа болып, ерте үзілгенімен, көзіндегі болып артында ұл-қыздары қалды. Ал Әскердің туған ауылы Айымжанда зайыбы Кәмаш екеуі 8 бала өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере-жиен сүиіп, ата-әже атанып отырған жайы бар. Облысмызда шыққан «Боздақтар» кітабында аға барлаушы Амандық Мұқанов Ленинград облысының Могинский ауданындағы Хандрова ауылында жерленген деп көрсетілген. Сүйегі жат жерде қалған әке шаңырағының отын өшірмей, маздатып отырған Әскер бүгінгі қунға тәубесін айттып, немерелерінің күлкісімен қартайып жатқанына риза. Лайым бейбіт өміріміз баянды болсын!

Шолпан САДЫҚОВА, ардагер ұстаз.
Жамбыл ауданы

«РУХЫМЫЗ МЫҚТЫ, ЖІГЕРІМІЗ ЖАЛЫНДЫ ЕДІ»



Федор Щеглов

Адамзат тарихындағы ең зұлмат қыргын – екінші дүниежүзілік соғыс жер-жаһанда миллиондаған адамдардың ғұмырын жалмап кетсе, ең зор ауыртпалықты көтерген Кенес одағы азаматтарының қазасы соның жартысынан асып түседі. Осының ішінде мындаған қазақстандықтар да бар.

Осы қырғыннан аман-сау оралып, бейбіт өмірде тірлігін жалғастырғандардың алдының жасы бүгінде бір ғасырлық ғұмырға таяса, кейінгілері тоқсанға жақындал қалған. Мен әңгімеге тартқан қарт – қазір арамызда аман-сау жүрген үркердейғана шоғырдың бірі. Ол – Петропавлда тұратын 88 жастағы майданғер Федор Щеглов.

– Федор Васильевич, жастық шағынызға ойша оралыңызышы.

Майданға қашан және қалай аттандыңыз?

– Мен 1927 жылы қазіргі Қызылжар ауданындағы Новоникольское ауылында туғанмын. Ұлы Отан соғысы басталғанда он төрт жаар жасөспірім едім. Батыста соғыс жүрін жатқанын, қаһарман кеңес қауынгерлері Отанды жанқиярлықпен қорғап, қасық қаны қалғанша ан төгіп жүргенін ұстаздарымыздан, ересектерден естіміз. Таңыңғысы, күннің батысы радиоға құлақ түрін, диктор Левитанның «От Советского информбюро» деп басталатын майдан жаңалықтары қайлы хабарларына құлақ түреміз.

Ал осы қыргынды мен де бастаң кешіремін-ау дегенді, шынымы айтайын, ойламадым да. Алайда, тағдырдың салғанына көнеді кенсің. 1944 жылдың 17 қарашасында маған да майданға шақыру елді. Он сегіз жасқа да толмағанмын. Мені және басқа да жастарды ашқұртстанның Уфа қаласынан жеті шақырым жерде орналасқан қу-жаттығу лагеріне әкеліп, үш ай бойы соғыс өнеріне, қару-жаакты менгеруге үйретті. Онда жаяу әскердің негізгі қаруы ППШ втоматы болатын. Осы үш айдың ішінде айтарлықтай болмаса да, іраз соғыс тәсілдеріне машықтанып қалдық.

Үш ай мерзім өткен соң біздін тобымызды тұрақты әскери құрамды толықтыру үшін Кенигсберг (қазіргі Калининград) қаласында жасақталған 371-ші атқыштар дивизиясының қатарына қосты. Бұл дивизия генерал-полковник Николай Крылов басқаратын 5-ші армияга қарайтын. Осында алғаш рет жаумен шайқасқа кірдім.

— Бұл неміс әскерлерінің, бұрынғыдай емес, қауқары қайта бастаған тұсы ма?

— Эрине, соғыстың бастапқы кезіндегі болмаса да, немістер әлі мығым екен. Әсіресе, соғыс кемелері күшті, Балтық теңізінде мықты қорғаныс шебін құрған. Оның үстіне жау самолеттерінің әуеден қолдауы да басым. Өл берер емес.

Осыдан соң біздің дивизияны кенеттен майдан шебінен алып кетіп, біраз тынықтырды да, қайтадан эшелонға мінгізін, басқа бағытқа аттандырды. «Бізді Қыыр Шығыска, Жапониямен соғысуға апарады» деген сөз шықты. Ақыры, осы сөз рас болып, әуелі Красноярскіге келін тоқтадық. Тамақтандырып, тынықтырды. Моншаға апарды. Ал соғыс уақытында монша деғен жауынгердің бір рақатқа бататын жұмағы сияқты.

Бұқіл 5-ші армияның жауынгерлерін осында жеткізғенін білдік. Сондай-ақ, 39-шы армия, 2-ші, 3-ші Беларусь армияларының жауынгерлері келіпті. Қебі – майданда ысылған жауынгерлер. Мен сијакты жастары да жетерлік.

Бірер күннен соң Спасск-Дальний қалашығына жетін, осында Жапонияның шекарасына жаяу жорыққа тас-түйін даярлыққа кірістік.

Жорыққа шыққанда түнде жүреміз де, күндіз ағаш-арасында сыйбыс білдірмesten жатамыз. Жапондықтарға тұтқылдан шабуылға шығу аса құпия жағдайда болуы керектігі жөнінде қатаң тапсырма берілген.

— Ал бұл кезде Берлин тізе бұкгі ғой?

— Солайы солай ғой. Бірақ Жапония Германияның одақтасы емес пе?! Оның бір миллион адамдық Квантун армиясы бұқіл соғыс бойы ту сыртымыздан қатер төндіріп тұрған жоқ па еді?! Оны осы үшін талқандау керек, сөйтін фашистік Германияның одақтасын да тізе бүктіруге тиіс болдық.

1945 жылдың 9 тамызында жапондармен соғысқа кірдік. Өте қырғын болды. Мұндайды сөзбен айтып жеткізу қыын. Аспан мен жер ауысып кеткендей, қайда жүргеніңді айыру қыын. Сонда сол қолымнан және оң қабағынан қатты жараландым.

— 1945 жылғы 9 мамырда Германия тізе бүккеннен кеін Жапония соғыстагы одақтасымен барлық келісімдерінен 15 мамырда бас тартты ғой?

– Бірақ бұл кеш жасалған айла деп түсіндірді бізге. Өйткені, бұл уақытта кеңес әскерлерінің күш-куаты аса мықты еді. Жапонияның билігі ендігі қоқан-лоқы бос әуре екенін білгендейten, Квантун армиясын сактап қалуды көксеп, тізе бүккен одактасынан айнып, сатып кетті. Мұны бізге комиссарларымыз жетемізге жеткізіп түсін-дірген еді.

– Сізді соғыста жеті жыл болып қайтты деп естіген едім. Оның мәнісі неде?

– Бұл анық. Мен жапондармен соғыска кірердің алдында танк жүргізу курсын тәмамдап, механик-жүргізуши болған едім. Соғыстың бел ортасынан ауғанда біздің жауынгерлеріміз мықты, жетілген қару-жараптармен қамтамасыз етілді ғой. Біздің неміс танктерінің бронін талқандайтын, қолда ұстап тұрып, иыққа тіреп қойып ататын жаңа қаруымыз болды. Осыны жапондарға да колдандық.

1945 жылғы 2 қыркүйекте жапон милитаристері тізе бүкті. Бірақ мен туған жерге орала қойған жоқпын. Біздің 108-ші танк полкімізді қайтадан Германияға жіберді. Мұнда кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті тұрды ғой. Мен ысылған жауынгер, сержант ретінде келіп жеткен жас жауынгерлерді танк жүргізуға, соғыс қимылдарына машықтандыратын нұсқаушы қызметін атқарып, көптеген адамдарды үйреттім.

Сөйтіп, 1951 жылы ғана армия қатарынан босатылып, Петропавлға оралдым.

– Бейбіт өмірге араластыңыз ғой?

– Иә, соғыс аяқталды. Бірақ өмір өз ағысынан жаңылмайды емес пе?! 1958 жылы Мария Мельникова деген қызбен танысып, шаңырақ құрдым. Зайыбыммен елу екі жыл отастық. 2010 жылы өмірден озды. Үш бала сүйдім. Тұнғышым – қыз бала, егіз екі ұлым ержетті. Қазір олар басқа жерлерде, өздерінің отбасыларымен өмір сүруде. Мен жалғыз тұрамын. Құдайға шүкір, зейнетақым өзіме жетеді.

Соғыстан кеін Пётропавлдағы 7-ші және 4-ші құрылым-монтаж басқармаларында құбыр төсеумен айналыстым. Кейінгі жылдары Пётропавлда тұрсам да, СМУ-4-тің құрамында Корған қаласында жұмыс істедім. 1986 жылы зейнетке шыққанмын.

– Төсіңіз орден-медальдарға толы екен. Ең қадірлісі мына «II дәрежелі Отан соғысы» ордені болар?

– Иә, оны маған соғыстағы ерлігім үшін берді. Кейінгі ордендермен, медальдармен Жеңіс мерекелеріне орай марапаттадым.

– Федор Васильевич, сіз майдан тақырыбындағы кітаптарды, киноларды оқып, көргенде қандай ойда боласыз? Оны айтып отырғаным, панфиловшылардың Москва түбіндегі ерлігі туралы жазылған

«Волоколам тас жолы» романын бастарда Александр Бек Бауыржан Момышұлымен кездескенде, қаһарман полк басшысы: «Тек шындықты жазыңыз. Ақиқаттан айнушы болмаңыз. Егер қосып жазатын болсаныз, мен ештеңе айтпаймын!» – деген екен.

– Мен мұны білемін. Бауыржан Момышұлы қайсар, адал қолбасшы болды ғой. Талабы солай. Онын үстіне роман 1943 жылы соғыс жүріп жатқан майдан кезінде жазылды. Егер Бауыржан Момышұлы жалған сөйлесе, жазушы жанынан қосып жіберсе, жауынгерлер, армия не дер еді? Бауыржан Момышұлы бір сезінде «Генерал-үрэй» деген лебізді айта келіп, Александр Бекке: «Соғыста қорықпайтын адам болмайды. Бара-бара етің үйренеді. Бірақ бойдағы үрейді жеңе білу үшін жігер, намыс лаулагап тұруға тиіс», – дейді ғой.

Ал кейбір кітаптарды оқығым келмейді. Өйткені, жазушы жанынан қосып жібереді. Соғыс жайындағы кейбір фильмдерді де басынан аяғына дейін көргім келмейді. Себебі, асыра мақтау, шындыққа жаңаспайтын оқиғалар кездеседі. Нағыз от-жалынды, қанды қырғынды кешіп келген сақа сарбазға мұндай жалған дүниені көрсету – бос әуре. Жас режиссерлер шындықты талғап жатпайтын сыңайлы. Біз жеңдік, немістер жеңілді! Бітті! Қалғанын жамал-жасқай бер.

Өзініз ой жіберіп көрінізші, бүкіл дүниежүзін қамтыған қырғын. Мұздай қаруланған, ысылған неміс әскерлері бүкіл Батыс Еуропа-ны жаулап алды. Кейбір елдерді бір жетінің ішінде табанға басты. Сұрапыл соғыс 1418 күнге созылды. Германияның соғыс алдындағы бүкіл өнеркәсібі соған арналды. Қару-жарағы аса мықты болды. Құрлықта да, теңізде де, аспанда да толық басымдыққа қолы жетті. Ал кинода осындағы аса зұлмат жауды оп-онай талқандаған болып шығамыз. Мен сондықтан жастармен әңгіме, сұхбат кездерінде осыны үнемі айтып жүремін.

Тылда адамдар күні-түні «Бәрі майдан үшін!», «Бәрі Жеңіс үшін!» деп жансебілдікпен еңбек етті, жауынгерлеріміз жанқиярлықпен соғысты. Біз осы ерлікті қосласыз, ақиқат қалпында ұрпағымыздың санасына сініруге тиіспіз.

– Әңгіменізге ракмет!

Әңгімелескен: Зейнолла ӘКІМЖАНОВ



ЕРЛІГІ ДЕ, ЕҢБЕГІ ДЕ ҮЛГІ

Ұлы Отан соғысы жылдарында қолына қару алғып, Отан-Ананы қорғауда қасық қаны қалғанына жаумен шайқасып, оқ пен оттың ортасында жүрген, соғыстан аман-есен елге оралған соң да бейбіт еңбекке бел шешіп араласқан, сөйтіш, қаһармандық ерліктиң, жанқиярлық еңбектиң үлгісін көрсеткен ардагерлерге көрсетер күрметіміз шексіз. Олардың басым көшпілігі бүтін арамызда жоқ. Бірақ о дүниелік ардагерлер есімізден ешқашан шықпайды, есімдері ешқашан ұмытылмайды. Олардың рухына бас ипп, әрдайым тағызым етіп отырамыз. Сондай майдангер, еңбеккер ардагердің бірі - Сұнғат Фалиев.

Сұнғат Фалиев 1911 жылы Қызылту ауданындағы Жамантұз ауылында дүниеге келген. Омбы қаласында 1928 жылы жетіжылдық мектепті бітіріп, орталуа білім алғып шығады. Мектепті тәмамдаған соң еңбек жолын ауылдық кенестің хатшылығынан бастайды. Бұдан кейін мемлекеттік және ауылнауашылығы саласында әр түрлі қызметтер атқарады. 1939 жылдан әскерге шақырылғанға дейін Қызылту аудандық дайындау конторасында бас есепші болып еңбек етеді.

1942 жылдың 25 мамырында Қызылту аудандық әскери комисариатынан әскерге алынады. 1942 жылдың 21 маусымында әскери ант қабылдап, кіші командирлер және соғыс мамандарын дайындастын арнайы мектепке курсант болып қабылданады. Сол жылдың шілдесінде соғысқа жіберіледі. 1943 жылдың мамыр айына дейін Ленинград майданында жүріп, жаумен талай киян-кескі ұрыстарға қатысады. Бұдан кейін Брянск майдан шебіндегі әскери құрамаға ауысады. Майдангер 1943 жылдың қыркүйегінде Карабово ауданындағы Телятников деревнясын жаудан тартып алудағы қанқұйлы ұрысты кейде есіне алғып отырады. Бұл кезде ол 83-ші армиядағы 348-інші атқыштар дивизиясының құрамындағы 1174-ші атқыштар полкінің сапында жауынгер болатын. Немістер деревняны бермеу



үшін мықтап бекініп алған. Бірак біздің жауынгерлер жаудың қасарысқан қарсылығын тегеуірінді күшпен жанышып, ілгері жылжұға мүмкіндік алады. Осы ұрыста жауынгерлік ерлік жасап, алғы шепте жүрген Сұнғат Фалиев ауыр жарапанады. Госпитальде жатып, емделіп шыққаннан кейін ол 1944 жылдың тамыз айына дейін 390-шы атқыштар полкінің құрамында арнайы жасакталған НКВД бөлімінде қызмет атқарады. Мұнда да өзіне жүктелген жауынгерлік тапсырмаларды мінсіз атқарып көзге түседі. Жауды өз ұясында күйретіп, Женіс туын желбіреткен сәтті Сұнғат Фалиев Беларусс майданында жүріп қарсы алады.

— Бұл күні қуанышымызда шек болмады. Қуанғанымыздан көзімізге жас та алдық. Аспанға неше дүркін оқ атып, бас кимдерімізді аспанға лақтырып, бір-бірімізді қайта-қайта құшақтап бойынды ерекше бір қуаныш сезімі биледі, - дейтін майдангер.

Сұнғат Фалиев 1946 жылдың акпанында аман-есен елге оралады. Соғыс жылдарында көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін бірінші дәрежелі Отан соғысы, «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдармен марапатталады.

Елге оралған соң бірден бейбіт еңбекке араласып, әр түрлі сала-да лауазымды қызметтер атқарады. Біраз жыл аудандық май зауытында директор болады. 1948-1957 жылдары Қызылту ауданындағы Амангелді ұжымшарда төраға болып қызмет істейді. Қай салада қандай қызмет атқарса да абыройлы еңбегімен ел құрметине бөлене білді. Бейбіт еңбекте Еңбек Қызыл Ту орденімен, бір неше медальдармен марапатталады. КСРО Халық шаруашылығы көрмесіне де қатысты. 1957 жылы құрметті демалысқа шығып, республикамыздың дербес зейнеткери атанды. Соғыс жылдарында ауыр бомбаның жарықшақтарынан алған жарақаттар денсаулығына әсер етін, 1969 жылы дүниеден өтті.

Жамбыл ТАСЕМЕНОВ,
зейнеткер



НАН ҚҮДІРЕТИ

Астың арқауы – нан. Тіршіліктің тірегі – нан. Өмірдің жүрегі – нан. Дастарканға туралған нан гүгел желинбей, жуындыға төгілп жатса немесе кесек-кесек нан гүйрлері даладағы қоқыс қорабына шығарылып жатса, ішім удай ашып, төбе құйқам шымырлайды. Өйткені, нан құдіретін сезініп өстік.

«Алаңсыз шак», «Бакытты шақ», «Балдәурен» деп атайдын балалық шағымыз Ұлы Отан соғысының сұрапыл уакытымен қатарлас келді. Мылтық даусын естімесек те, дәрі пісін іскемесек те, ел мұңын, ел қайғысын көзімізben көріп, көңілімізben сезініп өстік. Жапырағы өرت шалған ағаштай, уызға жарымаған жетім қозыдай болып балалық шакты кештік. Ойын-құлқіден тыйылып өстік.

Киров ауылдарын (Жамбыл ауданы) түрғыны Сағынбайдан Жұмағұл, Жұмабай, Жағыпар, Сәрсен атты төрт бала туады. Жұмағұл ертеректе кайтыс болып, одан Мәпираш деген бала қалады. Соғыс басталғасын-ақ үш бірдей баласы араға екі-үш ай салып, майданға аттанды. Қарт еке-шеше 18 жасқа енді ғана толған немересі Мәпирашты әскерге шақыру қағазы келгенде уайымға шыдай алмады, араға он күн салып бірнен соң бірі қайтыс болды. Өйткені, ауылдан алғашқы лекпен майданға аттанған ер-азаматтардан «қара қағаздар» да келін, кейбір шанырактың іргесі сөгіліп, уайым-қайғыға батып жатты. Бір жылға толар-толмас уақыт шінінде бір үйден төрт бірдей адамды майданға, қарт еке-шешемізді о дуниеге жөнелтип, бала-шаға болып шулап қалдық. Иә, бұл жалғыз біздің үйге түскен қасірет емес. Сол жылдары жұз шақты тұндігі бар Киров ауылдарынан қырықтан астам адам майданға аттанған екен. Сол кездегі ойын баласы біздер ауылға түскен ауыр қасірет, оқ пен оттың арасында жүрген әкелеріміздің тағдырынан гөрі бір тойып жейтін нанды көбірек ойлайтынбыз. Соғыс салған салмақты нан тапшылығынан ғана сезінетінбіз. Бізге тиесілі нанды неміс фашистері жеп жатыр, қашан соғыс бітіп, қарнымыз нанға тояды деп ойлайтынбыз.

Соғыс басталғасын көп ұзамай-ақ ауылға майданға кеткендерден «қара қағаздың» келуі жиілей бастады. Зарлап жылаған дауыс шықса болды – біздер ойындарымызды тастай сала сол үйге барамыз. Өйткені, ол үйге ауылдың үлкендері жиналады. Қали молда Құран оқиды. Есік алдындағы қара қазанда бауырсақ пісріледі. Қолымызға бір-бірден шанышқы шыбық ұстап, жарыққа үймелеген шыбындей қазанды қоршап аламыз. Бауырсақ пісріп түрған әйел: «Алда қу жетімектер-ай» деп шанышқы шыбығымызбен ыстық бауырсақты қазаннан түйреп алып береді. Содан кеин ол бауырсақ дастарқанға

төгілгенде де аналарымыздың сыртында отырамыз. Жалғызынан айрылып зарлап жылап жатқан ана қайғысын сезінуден сол үйден бауырсақ жеудің куанышы артық сияқты болып көрінетін. Бала қөніл қайғыны қайдан сезсін? Сөйтіп, ауылда барған сайын бауырсақ жеуіміз де жиілей тұсті. Бауырсакты бірге ойнап жүрген Марат, Мәкен, Нұрлыбайдың үйлерінен де жедік, 1944 жылдың сәуір айында бауырсақ жеудің кезегі біздін үйге де келді.

Соғыс кезінде ауыл егінді ауылдың онтүстік бетіне, 40-50 гектар шамасында «Шалабай шілігі», «Гәлі» деп аталатын жерлерге себеді. Күзде піскен егінді лобогрейка деп аталатын техникамен орып, мая қылып үйеді де, колхоздағы жалғыз «Сталинец – 6» дейтін комбайнмен бастырады. Комбайн тетіктерін ұзын лента арқылы ат күшімен іске қосады. Бидайды комбайнның өңешіне алдымен айырмен жақындағы алады да, қолға бір сүйем ағаш алып итеріп салып тұрады. Қөп салуға да, аз салуға да жарамайды, қөп салсаң қақалып қалады, аз салсаң тетіктері бос айналып істен шығады. Мұндай жұмысты істеушілерді «жем берушілер» деп атайды. Ең ауыр жұмыс осы. А나ам осы жұмыста істеді. Қалың шаңнан жұмыс істеп жатқаны көрінбейтін. Қашан көрінгенше демімді іштен алып, зәрем ұшатын. Көріне қалса, бет-аузын қалың қара шаң басып, танымастай күйге түсетін. А나амның мұндай күйін көріп қатты аятынымын.

Комбайн жүргізуі – комбайнның жалғыз маманы Бойдан дейтін неміс ұлтының адамы. Сенкібай, Қали, Мақыш, Әлмақан, Беген дейтін қарттар ең жауапты жұмыста – комбайнның бункерінен колхоз албарына астық тасиды. Егін науқаны кезінде ауылдың кәрі-жасы тегіс комбайн басында болатын. Біздер үшін осы шақтың бір қызығы, маядан-маяға комбайнды қөшіру еді. Өйткені, оған колхоздың бар өзіздерінің күші жетпейді, сондықтан барлық адамдар жабылып итереді, итергенде комбайнның ұстайтын жері болмай, арқан байлап, арқанға жегіліп тартатын. «Бір, екі, үш» деп айғайлағанын қызықтайтынбыз. Осы көріністі жарты ғасырдан артық уақыт өтсе де, әлі де көз алдыма елестетіп отырамын.

Отбасының маған тапсырған жұмысы анама екі мезгіл айран жеткізу болатын. Әкелетін айраным бір литрдей ғана болса да, үш литрлік ыдыспен әкелемін, қайтарда ыдысыма бидай салып әкетемін. Оның үстіне үйдегі апаларым – Бибәтай мен Биғайша жаман костюмнің жан қалтасын астарымен қосып тігіп берген. Осы қалтама да біраз бидай кетеді. Ауылдан екі шақырымдай жердегі комбайннан бір орап келгенімше үйдегі екі апам мен әкелген бидайды үгіп, таба наң қылып пісіріп қояды. Цирктең аңдарды қампит беріп ойнататын сияқты тиесілі тамағымнан тыскары бидай әкелгенім үшин қосым-

ша нан береді. Бұдан кейін ешкім жұмысамаса да, ауылдағы ойынымды тастап, өзім барамын. Кей күндері төрт рет оралып жүрдім. Бір күні орта жолда колхоздың басқармасы куып жетті. Қасында бұрын көрмеген зор денелі бір адам отыр. Ондай зор денелі адамды осы уақытқа дейін көргем жоқ. Ол адамның есімінің алдына «дөкей» деген сөзді қосып айтатын (казір балалары бар, есімін атамай отырмын – С.Ж.). Осы адам:

– Эй, бала үинде апарамыз, арбаға отыр, - деді. Жолағым келмеп еді, бірақ қорыққанымнан арбаға міндім. Кімнің баласы екенімді сұрап білді де, қалтамдағы, ыдысымдағы бидайды төккізіп алды. Кейін білсек, ол адам ауданнан келген уәкіл екен. Менен алынған би-дай 4,5 кило болыпты. Осы бидай үшін звено жетекшісі стахановшы болып жүрген анама соңғы сөгіс жариялапты. Эйтпесе мұндай би-дай үшін ол кезде сотталып кету де ғажап емес еді. Абырой болғанда анамның күні-түнгі еңбеккорлығы араша болған. Бұл оқиғадан кейін де «нан» кәсібінен айрылғым келмеді. Екі апаммен ақылдаса келе, комбайннан қайтарда тура қара жолмен емес, бұрыс та болса ешкімнің көзіне түспейтін «Біз ағашы» деп аталатын қалың қызылдың ішімен келетін болдым. Бір күні комбайннан кешірек оралып келе жатып, ағаш шинде демалып отырған жерімде ұйықтаң кетіп-пін, ояна қелсем маңай қап-қаранды, қорқып кеттім. Алыста атымды атаң, мені іздеп жүрген екі апамның даусы шығады. Нан құдіреті бұл қорқынышты да женді, ертеңіне комбайнға қайта тарттым.

Ауылдың солтүстік-шығыс жағында жел диірмен болды. Оны жүргізуши Мұсей деген орыс қарты еді. Ауылдың жейтін наны осы жел диірменде үгілетін ұннан пісіріледі. Жел болмаса, диірмен тұрып қалып, ашыға бастаймыз. «Ысқырындар, жел болады» деген сөзben диірмен басына жиналып, ысқырамыз. Тоқтаусыз ысқырғандықтан, кейбіреулеріміз басымыз айналып, ұшып түсіп құлап жатамыз. Әлі есімде, шаруашылығы төмендеу бір үйдің баласы бір сағатқа дейін тұра алмай, тамақ беріп әзер тұрғызып алды.

Біздің отбасымыздың жағдайы Мәпираш ағамның майданнан аман оралуымен жақсара бастады. Бір аяқ, бір қолдан жаралы болып оралған ағам колхозға есепші болып орналасты. Ол кезде есепшілік белді де беделді жұмыс саналатын. Өйткені, егіншілері еңбеккүн жазу есепшінің қолында болатын. Дала қосындағы механизаторларға нанды таразымен өлшең беретін. Нанды ауылдағы Степан мен Мұсей қарттың үшін пісіреді. Бір бөлке нанның салмағы үш килодай. Мұсей үйі пісірген нан одан да үлкен болатын. Мен егіншілер қосына апартастын нан тасушыдан қалмай, бірге баратын едім. Егіншілер қосы («Отряд» дейтінбіз) «Баян шілігі» дейтін жерде еді.

Бір күш ағам бір бөлке нан берді де: «Тойғаныңша же де, қалғанын үйге апарасың», - деді. Шіліктің ішіне барып нанды жеп, қалғанын құшактаң жатып ұйықтаң кетіппін. Ояна келсем, наным жоқ, анадай жерде үнемі соңымнан қалмайтын сары құшігім жеп жатыр. Үйдегі екі апама апарамын ғой деп ойлағанмын. Өкініштің сондай – жылап жіберішін. Бала кезімде нені жоғалтпадық, неден айрылмадық, бірақ нанымды итке жегізгенім осы уақытқа дейін өкініш күйде есте қалыпты. Нан құдіреті деғен осы да. «Ашаршылықта жеген күйқаның дәмі аузыңдан кетпес» деп тегін айттылмаған ғой, сол Мұсей мен Степан үйінің жел диәрменің ұнынан пісірілген наннан артық нан жоқ сияқты.

Нанның ысырап болып жатқанын көргенде, алыста қалған бала-лық шағымдағы жадымнан шықпас осы сияқты көріністер көз алдынан тізбектелін өтеді. Содан бері қанша жыл өтсе де, сұрапыл соғыс салған санадағы жара жазылар емес. Тек кейінгі ұрпақ қын-шылық көрмей, бақытты өмір сұрсін деп тілейміз.

Социал ЖҰМАБАЕВ

ЕСТЕЛІК ЕСКІРМЕЙДІ

Адамзат тарихына қатысты ұшан-теніз шежіренің ең шерлі беттерінің бірі ретінде есте қалған екінші дүниежүзілік соғыстың зұлматы артта қалды. Ал соғысқа қатысып, оқ пен оттың ортасынан аман оралған аяулы ардағерлердің қатары күн өткен сайын сиреп барады. Кейінгі ұрпақ сұрапыл жылдардың шындығына, көзі тірі сол күзегерлер арқылы қанығудамыз.

Міне, Ұлы Отан соғысының женіспен аяқталғанына да 70 жыл болады. Бұл – сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен тәзімділіктерін паш ететін, тарихта мәнгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктиң сан үлгісін көрсеткен ардағерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы енбегімен женісті жақыннатқан, станоктың қасында, егін даласында, күн-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүиқтілерін көздерінен жас кетпей тәзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен агалары қанын төгіп, жанын қып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы Женістің құрдастары тойлайды. Ал елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, дос-жа-

рандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қашарман ерлерді бүкіл ел болып еске тұсіреді.

Қазақстаннан әскерге алынған 1 миллион 200 мың азаматтың жартысынан астамы оралған жоқ. Мерт болды, хабарсыз кетті... Бұл қасіретті Тимирязев ауданындағы Жаманшұбар деген жерде тұратын Сәлік Жұсіповтің отбасы да бастан кешірді. 1941 жылы 18 жастағы атам Сәлік, ағасы Мәлік екеуі соғысқа бірге аттанады. Ағасы соғыста із-түзсіз жоғасып кетті.

Атам он саусағынан өнер тамған шебер еді. Заманның тар кезінде ауылдастарына тұрмысқа қажетті дүниелеріп жасап бәріне қолғағыс еткен. Әсіресе, үйенәкі ағаштан шана жасайтын. Осылай шеберлігімен ел алғысына бөленген атам Сәлік 76 жасында өмірден озды. Ол соғыс жайлы көп айта қоймайтын. Бұл тақырыпты қозғағанды ұнатпайтын. Біз қоярда-қоймай сұрақтың астына алғанымызда ол қысқаша ғана әңгімелеп беретін. Ұлы Отан соғысының аяғына дейін қатысқан атам 4 рет жарапанып, 20 жасар жігіт 2-ші топтағы мүгедек атанаип, кенес әскері қатарынан босатылған. Ауылға оралған ол қаншама жыл енбек етті. Бұл қызметі елеусіз қалмады. Ерен еңбегі үшін Ленин «Құрмет Үелгісі» ордендерімен, «Тын және тынайған жерлерді игергені үшін» арнайы медалімен, Құрмет грамоталарымен марапатталды. Өмір жолындағы талай қыыншылық ол кісіні ерте есейтті. Атам Сәлік сияқты жастық шақтың қызығын көре алмаған бүтінгі ардагерлеріміздің батырлығын ұмытпау кейінгі ұрпақтың басты міндеті деп ойлаймын.

Ақбөне ЖҰСІПОВА, колледж оқытушысы

ҚАЙРАН МЕНИҢ АҒАЛАРЫМ!

Күркіреп өткен соғыстың мәнгі ұмытылмас, жанынды мәнгі сиздатар қасіреті бар екен. Мен осы бір қасіретті сезіп өстім.

Көктем шығып, 9 мамырдағы Ұлы Жеңіс мейрамы жақындаған сайын әкемнің күрсінуі көбейіп, ақыр-сонында жатып қалатын. Қанды майдан даласындағы қырғыннан оралмаған өзінің төрт бірдей туған бауырларының қайғысы мен қасіретін көтеру әкем үшін әрине оңай болған емес-ті.

Көріп, дұға қылайын десем қабыры жоқ, оқыын десем хаты жоқ, - деп егілетін қайран әке журегі.

Әкемізбен бірге Жеңіс күні біз де егілетінбіз, біз де жылайтынбыз. Соғыс даласынан қайтпай қалған әкемнің екі ағасы Мұқаметқали мен Нұрғали. екі інісі – Нәбіғали мен Киянатқали Жұмжұмаұлда-



Нәбіғали Жұмжұмаұлы



Кианатгали Жұмжұмаұлы



Сәйіл Әушамаұлы

рын іздестіріп, солар жайлы деректер жинауға әкемнің жан күйзелісі әсер еткен еді. Бір қызығы, осы ағалардың қазасы жайында елге бірде-бір қаралы қағаз келмеген көрінеді. Красноармеец (қазіргі Тайынша) аудандық әскери комиссариатындағы мұрагатта отырып, шаң басқан папкілерді ақтарғанымда да ешбір дерек табылмады.

Әкемнің өз бауырларын «тірі келіп қалады» - деп көзі жұмылғанша күтуіне себеп, міне, осы да болған шығар. Өз бауырларын тірілер қатарында санап, жыл сайын төртеуіне тиесілі пітір-садақасын да өзі беріп жүретін.

Ағалар жайлы нақтылы бір дерек болмаған соң, КСРО Қорғаныс министрлігінің мұрагатына сұрау салып хат жазуға тұра келді. 1983 жылдың 21 сәуір күні одан алынған № 86359-шы жауапта мына жай хабарланған еді. Қатардағы жауынгер Мұқаметқали Жұмжұмаұлы 1904-ші жылы туған, 1942 жылдың шілде айында, 1906-шы жылы туған Нұрғали 1942 жылдың қазан, 1916-шы жылы туған Нәбіғали 1943 жылдың қараша, ал 1919 жылы туған Қиянатқали 1943 жылдың наурызында хабарсыз кеткен.

Қорғаныс министрлігінен алынған осы бір жан сыздатар, қаралы хабарды әкеме айта алмадым. Бұл жайында әкем білмей өтті дүниеден. Әкемнің «олар тірі, келеді әлі, мен жоқта танымай да қаласындар-ау» деп отырар тәтті бір соңғы үмітін үзгім келмеди. Өмірдің түрлі-түрлі қасіретінен онсыз да мұқалып жүрген әрі өзінің төрт бірдей туған бауырларын зарыға тоскан әке жаны күйзелмесе еken дедім.

Міне, кешегі соғыстың біздің үйдің төрт бірдей арысын жалмап кеткен қасіреті мен мұңы енді келіп, мениң жүреғімді сыздатады. Әкеден қалған жалғыз тұяқ, кей-кейде мен де жалғызыңды сезіпіп, жан ашыр аға, бауыр іздер сэттерімде соғыстан оралмаған ағаларымды ойлаумен күн кешемін.

Қайран, сол төрт бірдей ағалардың соңынан шіркін-ай, тым болмаса бір-бірден үл қалса ғой, олар да өсіп-өнін, ендігі біз де бір айтулы үй болып отырар едік-ау, деп камығамын... Сол ағаларымның соңынан ұрпақ қалса ғой, кешегі күш әкем дуниеден озғаннан кейін атадан балаға мұра болып келе жатқан қара шаңырактың есігіне жылай-жылай құлыш салып, егіле кетпес едім-ау елімнен деп те мұнажа-ямын.

Өкініш, міне, осы бір өкініш, сүм соғыс ойып түскен бір шаңырактың қасіреті ет жүргегінді тырналап, өз қасіретіңің иіріміне батыра береді әлі қүнге дейін.

Соғыстан қайтпай жүрген ағаларымның туған елдегі, туған тоғырақтағы ізі өшнесін деген ниетпен әке қабырының басына орнатылған құлпытасқа төрт ағаларымның аттарын, Қорғаныс министрлігінің мұрағатынан алдырған анықтама бойынша туған және соғыста хабарсыз кеткен жылдарын тасқа қашап, жазғызып қойдым. Ағалар соғысқа аттанған қара шаңырактың қазан-ошактары мен дастарқанын да шашау шығармай сактап отырмын әзірге. Бәлкім, келін те қалар...

Ағалар тағдырына аландаған көңіліммен деректер жинастыра жүрін, біздің шағынғана – Қарағаш ауылынан соғысқа 125 ер-азаматтың аттанып, солардың 68-і майдан даласынан қайтпағандығын, қаралы қағаз келгендігін, хабар-ошарсыз кеткендігін анықтадым. Отан үшін от кешкен ағалардың 45-іне ғана елге аман-сау оралып, туған елінен дәм татуды жазған екен жаратқан ием!

Соғыстан оралмаған төрт бірдей ағаларымның әзірге екеуінің ғана фотосуреттерін қолға түсірдім. Нәбігали (ел іші Нәбікен деген) суретке колхоз басқармасының мүшесі, партия үйімінің мүшесі, партия үйімінің хатшысы болып жүрген кезінде, яғни соғыстың алдында түскен көрінеді. Ал, Қиянатқали соғысқа Кекшетаудағы қазақ педучилищесін бітіріп келін. Ортақ ауылында мұғалім болып жүрген жерінде алынған көрінеді. Сейіл Әушамаұлы бізге жиен. Жұмжұма атамыздың інісі Әушаманың (Тентага) қызы Рахима апамыздан туған үл. Бірақ үл баласы болмағандықтан Сейілді бауырына басып, асырап алған көрінеді. Сейілді билетін көрген адамдар оның дене түркүйінің ірлігін, азаматтық қадір-қасиетін айтып, күн бүтінге денин тамсанып отыратындары бар. Сол Сейіл ағам соғыстан аман-сау келін, эне-мине үйленемін деп жүргенде, соғыстан жазылмай қайтқан жарасы асқынып кетіп дүние салған көрінеді.

Дүние дөңгеленіп, шыр айналып тұрған сәтте соғыс салған жара жанымызды сыйздатар әлі. Майдан даласынан қайтпаған қайран ағалар, сендердің жүргегімдегі де, өмірдегі де орындарың мәңгілік то-

лар да емес. Бәлкім, ол мениң жанымның жазылmas жарасы, айықпас мұны мен сағынышы да шығар.

Жабал ЕРҒАЛИЕВ, жазушы,
Қарагаш ауылы, Тайынша ауданы

ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР

«Өткен күнде белгі бар» деген халық даналығы болған оқиғалардың ақиқаттығын актайдын нақыл. Уакыттың қаншалыкты ұшқырлығын, күндердің ұршықтай үиірілп өтетінін ойласаң да оқиғалар, әсіресе, ел өміріндегі елеулілері әсте ұмытылмайды. Мұны Ұлы Отан соғысының бел ортасында от кешін қайткан жауынгер өмірінен де табуға болады.

Қазіргі Ақкайың ауданындағы Үлгі ауылының тумасы Ниязбек Сопаковтың өнегесі, үлгісі сияқты. Анығында да, жас ғұмыры күн көзіне ұмтылған қызыл гүлдей қырмызы шағында батыс жактан пиғылы арам, мұздай қаруланған зымиян жау қаруын жалаңдатып бас салғанда елін осы қырмызы гүлдей жігіттер қорғады. Ниязбек те солардың бірі еді.

Ол соғыстың дабылы естілген алғашқы күннен-ақ «Бәрі Отан үшін! Бәрі Женіс үшін!» деген ұранның екпініне ерік берген ел азаматының бірі еді.

Әскерге шақырылысымен қару қолдану, жаудың пиғылын андау, соғысты жүргізу әдісі сияқты машықтарды бойына дарыткан жігіттердің қатарында Ниязбекtiң де алғырлығы сезілді. Елден келген хаттар оның көңілін құлазытпай, есесіне өзі олардың сенімін тулетіп, сезімдеріне серпін беріп, жауап жазатын. Ол майданда жүргендеге 1943 жылы әкесі Сопақ дүниеден өтілті. Жауынгер жігіт бұл қазаны елге оралған соң ғана естіген. Тағдыр деген қызық қой, бейбіт ауылдағы әкесі өмірден өткенде қан майданың ортасында от кешкен баласы аман оралған. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлеңді» деген қазақтың нақылы керемет-ау!

Майданда шағын құраманың басшысы болған Ниязбек айырықша батыл жігіт екенин айғақтап, талай мәрте ерліктің үлгісін көрсетеді. Бірде артиллеристер жаудың қара құрттай қаптаған танкілеріне қарсы тұруға бұйрық алады. Майданың шындығы сол – өзіне бұйырылған жерде шеп бұзылмауы керек. Біртұтас стратегиялық ой-мудденің олқы тұсы болса, бүтіндей тұлғаға ақау түскендей сезілді. Сөйтіп, бірегей қымыл-әрекеттің берекесі кетеді. Сондықтан өлсөң де өзіне тапсырылған жерде жауды жайратуың керек.

Осындағы тапсырманы шағын ғана топ орындаі алар ма? Міне, Ниязбектің миын солқылдатып, жанын жегідей жеген осы болды. Қырык төрт «Тигр» танкісі шепке лап қойды. Танкілердің тасасында автомоттарын безенген немістер. Бірақ артиллеристер касық қаны калғанша шайқасты. Шепті жанын қорғағандай сактап қалды. Жігіттердің қатары да сиреді. Әсіресе, Ниязбек Сопақов айрықша ерлік көрсетін, жаудың бірнеше танкісін жайратты. Осы ерлігі үшін Ниязбек бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. Айта берсе, Ниязбектің соғыс соқпактарындағы ерліктері жетерлік. Жауды ел шетінен әрі қуған біздің әскерлер енді Европаны азат ете бастады. Бұрын ауылданан ұзамаған қаһарман қазақтар да осы ержүрек жігіттердің қатарында Европаның елдерін басып өтті. Ниязбек осы лекте Одер өзенінен өтіп, Дрезден қаласын бағындыруда ерлік көрсетті. Осындағы қайсар қимылды үшін, ол омырауына «Қызыл Жұлдыз» орденін тақты.

Соғыстың дабылы басылып, жаудың жалауы табанға тапталған соң, елімізде бейбіт тірлік қайта көктеді. Майданнан оралған Ниязбек Сопақовты ауылдастары ұжымшар басшысы қылып сайлады. Баяғы жігер, сенімді әрекет осы 1стерде де танылды. Оның ұжымшары талай мәрте жарыс көшін бастап, марапатқа кенелді. Ниязбек «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды. Екі мәрте Бұқілодактық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысты. Оның есімі 1966 жылы «Ивановский» кеңшарының Құрмет кітабына жазылды.

Міне, тағдыр-талайы өмірдің қыын қыстау тұсына тап келген азаматтың жолы осындаидар. Бұл жол баршаға үлгі боларлық, ғибратты. Сондықтан мұндай азаматтарға бас имеу, тағзым етпеу мүмкін емес.

*Азамат ӨТЕШОВ.
Аққайың ауданы*

ҚҰПИЯ ӘУЕЖАЙ

Солтүстік Қазақстан облысында соғыс кезінде әскери әуежайдың болғанын көпшілік біле бермесе керек. Өйткені бұл ол кезде ерекше құпия болатын.

1941-1942 жылдары соғыстың ең ауыр да, ең қауіпті кезеңдің бастан кештік. Жау Мәскеуді ойлаған мерзімінде басып ала алмаған соң негізгі күшин Оңтүстік-батысқа шоғырландырды. Ондағы максаты мұнайлы Кавказды басып алып, Еділге шығу. 1942 жылдың жазда әйгілп Сталинград майданы басталғанда қазақ жерінде – Гурьев

(казіргі Атырау) аспанында жаудың барлаушы ұшактары пайда бола бастады. Осы оқиғадан кейін іле Гурьев қорғаныс комитеті құрылып, төңректе әуе полктарын орналастыру қолға алынды.

Сондай жағдаймен Солтүстік Қазақстан облысында Красноармейск қаласында (Тайынша ауданы) әскери әуежай пайда болды. Бұл жерге әскери әуежайды орналастырудың бірнеше себебі бар еді. Біріншіден, майданнан шалғай болуы, екіншіден, жердің ұшакқа қолайлы жазықтығы, үшіншіден, тоғысқан теміржол торабының жақындығы. Ең бастысы Қостанайда ұшқыштар училищесі, Петропавлда әуе механиктерін даярлайтын училище және Омбы қаласындағы ұшак заводы осы әскери әуежайға жақын болып, кажетті мамандармен, ұшқыштармен, техникамен қамтамасыз етіп тұруға мүмкіндік берді.

Сонымен Тайынша өнірінде 1942 жылы Ленинградтан теңіз әуежайы полкі көшірілп орналастырылды. Полк офицерлері мен негізгі мамандары пәтерлерге тұрды. Қазіргі қала орталығындағы № 5 қазақ мектебінің ғимаратына әскери штаб қоныстанса, оның шеберханасы асханаға айналды. Полктиң ұшактар ұшып, қонағын екі әуежай алаңының бірі – Тайынша қаласының шығысында, екіншісі қазіргі Большой Изюм селосы маңында болды. Бұл алаңдарда оқып жүрген курсанттар, ғоспитальдан шыққан ұшқыштар ұшу-әскери әдіс жаттығуларын жасаған. Көбінесе нысананаға дәлдеп бомба тастауға жаттыққан.

Соғыс кезінде резервте тұрып, дайындық жасаған ұшқыштар жергілікті тұрғындармен жақсы қарым-қатынаста болып, керек-жарағын алып тұрған. Кейбір қыздар ұшқыштарға тұрмысқа да шыққан. Мәселен, жергілікті қызға үйленген И.П.Федотовский деңен ұшқыш денсаулығына байланысты әскери комиссиядан өте алмай, Красноармейск қаласындағы № 1 орта мектепте ұзақ жыл ұстаздық еткен. Соғыс кезінде шығарылған кейбір шумақ өлеңдер де осы жерде әуежай болғанын, ұшқыштар мен жергілікті жастар жиі араласып жүргенін аңғартады. Оған мына бір әзіл шумақ өлең дәлел:

Әй, Марфуга, Марфуга,
Кешке қарай бар суға.
Ұшқыштардың барағы,
Жақын дейді сол суға.

Тайынша жеріндегі тағы бір әуежайдың тарихы өзгеше. Соғыс жылдары Кенес Одағының АҚШ-пен байланыс жасауы қынга түсken. Тынық Мұхиты жағындағы су жолында Жапония, Атлант

мұхиты жағында Германия бөгет жасаған. Сонда Аляска түбегінен Қызыр Шығысқа ұшақ арқылы байланыс жасалған. Осы маңызды міндепті атқаруда Тайынша маңындағы Многоцветное селосының іргесіне орналасқан әуежайдың да қатысы болған. АҚШ-тың сол кездегі зәулім «Дуглас» әскери ұшактары осы Многоцветное әуежай алаңына жетіп, одан батыстағы майданға жөнелтіліп отырған. Соғыс аяқталғаннан кейін 1946 жылы бұл әскери әуежайлар жабылып, зиянды заттары жерге көмілген.

*Қанат ТІЛЕУТАЙ, тарихшы.
Тайынша ауданы*

ЕРДІ ЕЛІМЕН ҚАУЫШТЫРҒАН АЗАМАТ АТАСЫНЫҢ АМАНАТЫН ОРЫНДАДЫ



Мәлгаждар Исағұлов

Өзім Есіл ауданының тумасымын. Кіндік қаным тамған жер – Тауғаш ауылы. Мен үшін туған жерімнің бір уыс қара топырағынан қымбат нәрсе жоқ шығар. Иә, оны, мүмкін, жастар түсіне де қой-

Төрт жылға созылған отты жылдар қанша жаның өмірін қиып, қаншама шаңыракты шайқалтты. Сол зұлмат күндерде бауырын жоғалтқан азаматтардың бірі – Мағзұм Исағұлов. Ақсақалмен кездескенде соғысқа аттанған атасының үш ұлы жайында әңгімелескен едік.

– Өмірдің қызығы мен қындығын қатар көріп, бүгінгі ша tartқан кезінізде өкше басып келе жатқан кейінгі толқынға айтарыңыз коп екені сөзсіз. Дегенмен де, әңгімені әріден бастап, сол ұмытылmas күндерге тағы бір қайтып оралсақ...

– Эр адам үшін өмір деген қымбат емес пе? Алланың жазуымен дүниеге келген соң арынды жолдас қылып, ақ жолмен жүру адам баласының парызы деп түсінемін. Өзімнің ұстанғаным да, үл-қыздадыма ұлағат еткенім де осы.

мас. Дегенмен де, шашыңды ақ шалып, қариялық жасқа келгенде сағындырған жерге, «ұлым» деп күшак жайған елге, тіпті еркелетін, мандағындан сипаған самал желгे деген ынтызырың арта түспесе кемімесі анық. Мениң балалық шағым соғысқа тұспа-тұс келді. Жау жағадан алғанда қару көтерер ер азamatтардың барлығы дерлік майданға жол тартты. Бір ғана Тауағаш ауылынан майдан шебіне 116 адам аттанып, оның 74-і жат жердің құшағында қалды. Елге аман оралған жауынгерлердің бүгінде екеуі ғана арамызда. Олар: Сапар Дүйсенов және Қожатай Некібаев.

— Майдан шебіне Исағұл атанаңдың үш ұлы аттанғанын білеміз, солардың тағдырына тереңірек үңіл-сек деп едік...

— Иә, соғысқа атамыздың Кәкімжан, Рақымжан және Мәлгаждар есімді үш ұлы қатысқан. Әкем Кәкімжан Исағұлов Сталинград майданына қатысып, мүгедек болып елге оралды. Рақымжан соғысқа 1942 жылы аттанды. Ол — Ленинград құрсауына қатысқандардың бірі. Рақымжан 143-ші атқыштар полкінің командирі болып, соғыста көрсеткен ерлігі үшін бірнеше медальмен марапатталған. Елге 1945 жылы оралды.

Ұлы Отан соғысындағы Женістің 50 жылдығына орай Елбасы Нұрсултан Назарбаевтың құттықтау хатын алған әкем соғыстан кейін де елдің көркеюіне сүбелі үлес қосты. Әрине, екесін әр баланың орны бөлек. Сондықтан да, атамыз олардың барлығын өзінше жақсы көрді, амандықтарын тіледі. Бірақ, үш арыстың ішінде Мәлгаждардың із-түссіз жоғалып кеткені атама қатты багты. Ол кісі көзі тірісінде хабарсыз кеткен ұлын бір көріп, бауырына басуды армандаушы еді...

— Брест қамалын неміс басқыншыларынан қорғауда кеудесін оққа тосқан Мәлгаждар Исағұловтың ерлігі үрпаққа үлғі болары ақиқат. Ел де, ер де сыналар сәтте қайраттылық танытқан жауынгер өмірінен естелік айта отырсаңыз.

— Соғысқа аттанар алдында Мәлгаждар ағамыз орталығы Ново-никольское селосы болып табылатын Киров бөлімшесінде ұстаз-



Мағзұм Исағұлов

дық етеді. Содан соң 1940 жылы міндетті әскерге алынып, Брест қаласында орналасқан әскери бөлімшеде қызмет атқарған. Неміс басқыншыларымен бетпе-бет кездескен жерлері де осы еді. Мәлгаждардың ұрысқа түсер алдындағы үйге жазған хаты әлі күнге сактаулы. Оның әр жолы, әр сөзі жадымда мәнгі жатталған. Елге деген сағынышын өлең жолдарымен өрнектеген бауырымның үш бума хаты мынадай еді:

«Ардакты біздің анамыз,
берді сәлем балаңыз,
Жанған өртті бетке ұстап,
мине, кетіп барамыз.
Кару ұстап қайратпен,
жауға тұра шабамыз.
Сіз үшін, ел үшін, туып өскен жер үшін
куш-қайратты саламыз.
Дарымаса жау оғы,
мүмкін тірі қалармыз.
Колыңыздан дәм тартса,
әлі-әк жетіп барамыз».

Бұл Мәлгаждардың соңғы хаты еді. Осыдан қайтып ағамыздан хабар болмады.

– Бірақ, соғыста із-түссіз жоғалған ағаңызды кейін сіз таптыңыз ғой.
– Эрине, бұл атамның арманы еді. Сондықтан да, оны орындауды өз парызым деп түсіндім.

Өмірдің өзі іздеу мен қутуден құралған ғой. Соғыс аяқталған соң да жоғалған ағамыздан хабар тосумен болдық. «Бірге туған болса да, бірге тұрмақ жок» дегендей, әкеміз оралғанымен, інісіне туған жердің дәм-тұзы бүйірмады. Тіпті оның жерленген жерін де біл-медік. Бірақ, іздеуді доғармадық. Осы мақсатпен «Брест қамалы» кітабын жазған Лениндік сыйлықтың иегері, жазушы С.Смирновқа хат жаздым. Өз хатымда Мәлгаждардың «Брест қамалы жанында ұрысқа дайындалып жатырмыйз, жау жақындал қалды» деген сөздерінен үзінді келтірдім. Жазушы мұрағат құжаттарын тексеру барысында жауынгер Мәлгаждар Исағұловтың Брест қамалын қорғауда ақтық демі қалғанша күрескені анықталды. Кейін Мәлгаждардың есімі Брест қамалы батырларының тізіміне енгізіліп, мұражайына фотосуреті ілінді. Осылайша соғыс кезінде ерлікпен қаза тапқан ерлер арасында тағы бір жауынгердің есімі енгізілді. Елдің болашағы үшін басын өлімге тігіп, қамалды қорғауда ақтық демі қалғанша

күрескен қырандардың бірі – Мәлгаждар ағамның тағдырының тарихы, міне, осындай.

– Ер азаматты елімен қауыштырганыңыз үлкен ерлік. Бұл үшін айтар алғысымыз мол. Ал енді алдағы жоспарларыңызбен де бөлісө отырсаңыз.

– Құдай қаласа, Жеңіс күні қарсаңында Брест қаласына баруды жоспарлап отырмын. Ондағы мақсатым – Мәлгаждар ағамның есімі жазылған ескерткіш басына барып, тағзым ету. Бұл – менің азаматтық борышым.

– Әңгімелізге рахмет.

Түйин: Жылдармен жарысып, жоғалтқанын іздеген Мағзұм ата әңгімесін аяқтап, алдында жатқан фотосуреттерді қайта-қайта қарайды. Олардың әрбіреуі – бір-бір тағдыр, бір-бір тарих.

Ақсақал ұрпақ алдындағы парызын өтеп, жоғалған батырын елімен тағы бір қауыштырды.

Әңгімелескен Алма ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

ВАРШАВАНЫ АЗАТ ЕТУГЕ ҚАТЫСҚАН



Кази Досымбеков

Кази Досымбеков 1909 жылдың 1 желтоқсанында Көкшетау уезінің Айыртау бولысында, қазіргі Ыбырай ауылында дүниеге келген. Жеті жасынан бастап ауылдық мектепте оқып, төрт сыныптық білім алған. 1928 жылы колхозга мүшіе болып, енбекке араласады. 1929 жылы қоғамдық жұмысқа белсене араласа жүріп, комсомол қатарына қабылданады. 1932-1936 жылдар аралығында Есіл ауылдық кенесінде хатшысы қызметін атқарып, кейін ауылдық кенестің төрағалығына сайланады. Бұл қызметті үш жыл атқарады. 1938-1942 жылдар аралығында Кенес, Онұшжылдық, Көктерек колхоздарында басқарма болып қызмет істейді.

1942 жылдың 1 маусымында әскер қатарына алынып, 25-ші ғвардиялық атқыштар дивизиясының 1297 атқыштар полкінің құрамында соғысқа аттанады. Белімше командирі болып тағайындалған Қази Досымбеков Смоленск бағытында алғашқы ұрысқа қатысады. 1943 жылы Смоленск түбіндегі киян-кескі шайқаста аяғына оқ тиіп жараланады. Госпитальде жатып, емделін шыққаннан кейін қайта соғысқа кіреді. Біраз елді мекендерді, қалаларды жаудан азат етуге қатысады. 1944 жылдың 24 шілдесінде Варшава қаласының түбінде болған сұрапыл ұрыста басынан ауыр жараланып госпитальға жеткізіледі. Алты ай госпитальда жатып, одан ері соғысқа қатысуға ұрықсат етілмеген қағазбен елге мүгедек болып оралады.

Бұл кезде де елде жағдай ауыр болатын. Осыны сезинген ол денсаулығына қарамай еңбекке араласады. 1952 жылға дейін Октябрь ауданының Ленин колхозында партия үйымының хатшысы болып қызмет атқарады. Сол жылы Ленин ауылының пошта бөліміне менгеруші болып тағайындалады. 1963-1969 жылдар аралығында құрылыс участкесінде қойма менгерушісі болып жұмыс істейді. 1969 жылы құрметті демалысқа шығып, 1983 жылы қазан айында дүниеден өтті. Соғыс жылдарында алған «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін» медальдарымен қатар, бейбіт өмірде «Ерен еңбегі үшін» және басқа да марапаттарға ие болды.

Жоламан ШАХАНОВ

ЕР ЕСІМІН ЕЛ САҚТАР

1959 жылдың 1-ші қыркүйегінде Балуан сегізжылдық мектебінің 1-ші сыныбына барғаным әлі есімде. Сол оку жылдың 9 мамырында мұғаліміміз бізді ауылдың орталығында орналасқан Ұлы Отан соғысында шейіт болған жерлестеріміздің ескерткішине апарады.

Салтанатты шеруден кейін сыннықа оралған соң Рақида тәтейіміз: «Балалар, өздерің көрген ескерткіштегі аты-жөндері жазылған адамдар – фашистік Германиямен соғыста ұрыс даласында жанын қиған жауынгерлер. Олар бүкіл халықтың бақытты болашағы үшін ерлікпен қаза тапты. Ерлердің есімдері мәңгілік ел есінде», - деді.

Ол кезде біз ете кішкентай едік, сондықтан мұғалімнің айтқан бір сөзін түсінсек, бір сөзін түсінбедік. Жылдар жылжып, біз төртінші сынныққа да жеттік. Сол оку жылында бастауыштағы мұғаліміміздің қоныс ауыстыруына байланысты бізді Ұлы Отан соғысына қатысқан мұғалім – Науша Есенжолов оқытатын болды.

Қазір марқұм болған Науша ағай ете биязы, жылы жүректі жан еді. Ол ағайымыздан біз көп гибрат алдық. Ағайымыз біздің бойы-

мында білім негіздерін дамытумен қатар, қазақ әуенін, әнін, күйін сүюге де баулыды.

Бастауышта оқып жүргенде ағай ән сабактарына домбырасын ала келетін. Оның бірінші үйреткен әні «Елім-ай» еді. Майдан даласынан аман келген ағайымыз бізге соғыс қасіреті туралы көп айтатын. Біз, балалар оны ұйып тыңдайтынбыз. Ағай 3-ші Украина майданында барлаушы болған екен. Венгрияны, Румынияны азат етуге қатысқан. 1943 жылы «тил» әкелуге барғанда ауыр жарапана-ды. Соғыстагы көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

1959-1969 жылдары Балуан сегізжылдық мектебінде Сейтен Сауытбеков, Нәби Жағыпаров, Қажытай Мұстафин және осы Науша Есенжолов сынды соғыста от кешкен ұстаздар еңбек етті. Осы аяулы ұстаздарымыз бізге, жас үрпаққа отансуїгіштік тәрбие берді.

Мектеп директоры Сейтен ағай соғыста пулеметші болыпты. Ал жоғары сыныптарда тарих, география сабактарын оқытқан Нәби ағай алғашында фин соғысында болып, кейіннен Сталинград шайқасының қанды қырғынына қатысып, Берлинге дейін жеңісті жолдан өткен. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. Ол Кенес армиясының офицері болған, менін есімде қалғаны 1960-1970 жылдар аралығында кейде мектепке соғыс кезінде киген офицерлік галифе шалбарлы кителімен келетін. Тарих сабактарында Ұлы Отан соғысына арналған тақырыптарды өте әсерлі, терең түсіндіруші еді. Әсіресе, Бауыржан Момышұлы, Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіровтің ерліктерін бізге ұлғы ететін. Бұл ағайымыз соғыста алған жарақаттың салдарынан зейнет демалысына жете алмай кетті.

Бастауыш сыныптың тағы бір мұғалімі – Қажытай Мұстафин соғысқа жиырмада толмай алынып, Саратов танк училищесінде оқиды. Ол Калининград майданында, Орел, Курск, Брянск, Чернигов, Беларусьтің бірқатар қалаларын азат етуге, Кенигсберг шайқасына қатысады. Соғысты атақты Т-54 танкісімен Прагада аяқтады. Шайқастардағы ерлігі үшін «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Ауыл орталығында Ұлы Отан соғысынан оралмаған боздақтарға тұрғызылған ескерткіште 80-нен астам жауынгерлердің аты-жөндері жазылған. Бала кезімізде ескерткішке барып, ондағы боздақтардың аттарын қайта-қайта оқуды әдетке айналдырып едік. Олардың аты-жөндері алфавит бойынша жазылған. Тізімнің басындағы Ақышевтар әулетінің боздақтары төрт адамнан тұрады. Одан кейін балалар әрқайсысы өз туыстарының аттарын іздейтін. Мен біздің шаны-

рактан кеткен Сәдуақасовтарды тауып алдым. Әкемнің туғандары – Әкімжан, Файзолла. Міне, Тәжиндер – үш адам. Тізім осылай жалғаса береді. Әр отбасынан кем дегенде бір немесе екі-үш адамнан кеткен. Шіркін, боздактар! Сендерге туған жердің бір уыс топырағы да бұйырмады фой. Неткен катыгез тағдыр! Бір мезет көзге жас келеді, көңілге қаяу түседі. Аяулы боздақтар, сол кездे сіздер Отан, ел, халық, атамекен үшін жан қидыңыздар. «Сіздердің арқаларыңызда қазір біз бакытты өмір сүріп отырмыз» деген ойымды іштей айтЫП, балалар көрмесін деп теріс қарап, көз жасымды сұртуши едім. Сол бала кезімде ескерткішке қанша рет барсам да, соғыс даласында қалған жерлестеріме, аталарыма деген сағынышым, мақтанышым бір толастамаушы еді. Үйге келгеннен кеин соғыс жөнінде анамнан сұраушы едім. «Қызыым-ай, соғыстың ауыртпалығын мен де жүртпен бірге көрдім. Тылда күздің кара суығында табаны жарық пимамен өгіз айдаи, жер жырттық. Сенін әкең де Ұлы Женістің тез жетуине өз үлесін еңбек армиясында ок-дәрі жасау арқылы қосты фой. Ақыры ет пен терінің арасына кірген қорғасының уы оны алып тынды фой.

Сонау 1942 жылдың көктемі әлі есімде. Бір топ жігіттер соғысқа аттанып барады. Әйелдер, шешелер, балалар жылаудамыз. Сол кезде көлікте отырған жігіттердің біреуі шырқап жіберді. Ұмытпасам:

Кір жуып, кіндік кескен жер, аман бол!
Шортандай жүзген айдын көл, аман бол!
Бір басы ер жігіттің не көрмейді,
Келгенше біздер қайтып ел, аман бол

– деп шырқағанда өлең соңы күніренген жыласқа айналды, қарғым. Бірақ біз жылап отыра берсек, өзі аз күш-қуатымыздан айрылатын едік. Біз қатайдық, аянбай Женісгі жақыннату үшін қажырлы еңбек еттік», - деп еді марқұм анам.

Ұлы Отан соғысынан Балуаның екі жігіті аяқсыз келді. Солардың бірі – Букан. Ол 314-ші атқыштар дивизиясының құрамында, ерекше саперлер полкінде соғысқан. Прибалтика жерін азат етіп, ерлігі үшин орден-медальдармен маралаттالған. Иә, Ұлы Отан соғысының отты жылдары тарих беттерінен лайықты орын алды. Ұлы Женіс елімізге оңайға түскен жок. Шағын ғана облысымыз сол келмеске кеткен соғыс жылдарында 32 000-нан аса адамынан айрылды. Отан үшін от кешкендер есімі ел есінде! Боздақтар есімін ел-жүртты ешқашан ұмытпайды! Петропавл қаласындағы мемориалдық кешенде Ұлы Отан соғысында опат болған солтүстікказакстандықтарға арналған мәнгілік алау жанып тұр.

Қалалық саябакта Даңқ ескерткіші орнатылған. Оның іргесине солтүстікказақстандықтар ерлікпен шайқасып, ірі женіске жеткен жерлерден экелінген топырақ қойылған. Есіл өзенінің биік жағалауында Женіске арналған мәрмәр ескерткіш тұр.

Міне, осының бәрі елі үшін, туған жері үшін жанын аямаған ерлерімізге деген ел құрметі болып табылады.

«Болмасын кантөгіс,
Қазылмасын жас қабір!.
Болашақ ұрпаққа, бейбіт өмірге,
Нұр жаусын, гүл жаусын лайым.
Ең соңғы соғыстың солдаты мен-ақ болайын!» -

деген жауынгер-ақын Тоқаш Бердияровтың жыр жолдарымен сөзімді туиндеймін.

*Зейнеп ТӘНІБАЕВА,
Озерный орта мектебинің мұғалімі.
Қызылжар ауданы.*

ҚАРАҒАЙЛАРДЫ ҚҰЛАТҚАН ҚАЙСАР ҚЫЗ БОЛҒАН БҰЛ ӘЖЕ

– Ну қарағай орманның ортасына ұзынша етіп салынған баракқа үшеумізді алып келді. Қараңғы бөлменің ишинде ұйықтап жатқан адамдардың пысылы естіледі. Солардың бір шетіне біздер де қисая кеттік. Бөтен жер болғандықтан, жүрегім аузыма тығызып, корықкан сайын бүгле түсемін. Артық кимылдауға жүрегім дауаламай, деңемнің бәрі ұйыған күін сол барактағы алғашқы таңымды атырдым. Тамыз айының таңғы сәулесі барактың сығырайған терезелерінен сәуле шаша бастады. Орындарынан баяу қозғалып тұрып жатқан ондағы қыздар мен әйелдердің жүздері жүдеу, қабақтары қатынқы еді. Барлығы да соғыс салған қасіреттен қалжыраған сыңайлы. Сол үйқысыз атырған таңым соғыстың салқыны ала келген азапты құндерімнің жалғасы болатын, - деп әңгімесін бастаған кейуана Сәбира Мырзахметова даусы дірілдеп, әжімденген әлсіз саусақтарымен көзінің жасын сұртті.

Бұл 1943 жылдың жазы болатын. Колына қару ұстауға жарамды ер-азаматтардың барлығы Отан қорғауға аттанған. Елде тек кәрі-құртаң, бала-шаға, оларға бас-көз болып жүрген әйелдердің барлығы тылдағы майданның ауыр жүгін арқалап, төзімділікпен еңбек етіп

жатқан уақыт. Сәбира әжейдің 15-ке енді толған өрімдей жас кезі. Бойшан, еті жұқа, нәзік қыз егіс алқабында өгіз жетектеп, масақтың қалдығын жинап, көпшілікпен бірге еңбекке ерте араласып кеткен. Жеті сыйыптық білімі бар бойжеткеннің есеп-қисапқа кабілетін байқаған ұжымшар басшысы оны есепші етіп тағайындаиды. Кейін Қызылжар қаласындағы бухгалтерлер даярлайтын үш айлық курста оқып, елге оралған соң ұжымшарда есепші болып еңбек етеді.

Бір куні ұжымшар басқармасының төрағасы Сәбира Қабдолқызының қолына бір жапырақ қағазды ұстагады. Ол қағаз ол жылдары жүргізілп жатқан еңбек армиясындағы жұмысқа шақырту құжаты болатын. Ауылдан алысқа ұзап көрмеген ол сары уайымға салынып, кімге барып шағым айтарын білмейді. Жалғыз әпкесінен басқа жаңашыры жоқ жетім қыз тағдырдың бұл тәлкегіне де мойынсұннады. Сөйтіп, қазіргі Есіл ауданындағы Жарғайын ауылының қызы мен бір келіншегі қолдарына еңбек армиясына жіберілген алты айлық жолдама қағаздарын қысып, бір кеште облыс орталығына жеткізіледі. Келер куні поезға отырған олар Ақмола облысының аймағындағы еңбек армиясына келіп қосылады.

- Біздер жасымыздан ауыр еңбекке етіміз үйренген жандармыз ғой. Жұмыстан қорықпаймыз, бірақ әйел адамның күшине лайық емес ауыр жұмыстан діңкен құрыған кезде өмірдің сол бір ауыртпалығына лағынет айтатын кездер де болатын. Онда қасымдағы екі жерлесіммен бірге өзімізге берілген бір ара мен балтаны кезектесе ұстап, таңын атысынан кешкі інірге дейін қарағайларды кесіп құлатып, бұталаймыз. Бүгінде сол үлкен агаштардың құлап келе жатқанын көз алдымға елестетсем, тұла бойым түршигеді. Оның үстіне сол еңбек майданында біздерді басқарған орыстың бір сөзін ұқсақ, екіншісін түсінбейміз. Не керек, әйтеуір, азалты ауыр күндер кезегімен етіп жатты.

Содан күндердің күнінде біздің жатқан жатағымызға бір қазақ жігіті келіп, егістік басындағы жұмысқа адамдар сұрамасы бар ма. Әлгі Кәжен деген жігіттің Қызылжар өнірішен екенин естіген біздер оған тиіттен жалынып, оның жұмысына тілендік. Ондағы жағдай тиіттен ауыр болды, жұмыстың бәрі қолмен атқарылады. Оның үстіне ашқұrsaқ болып жүріп, қатты зорығатын едік. Сөйтіп, белгіленген алты айлық уақыттың аяқталған соң құр сүлдемізді сүйретіп, ақырган ақпанның ортасында аш-жалаңаш, бірнеше жұз шақырым жерді жаяулап-жалпылап жүріп өтіп, елге оралдық-ау. Мүмкін, одан кеін де мені біреудін орнына қайтадан еңбек армиясына жіберер ме еді, егер жан дегенде жалғыз бауырым Мәрмар әпкем үстіндегі жана сатып алған пальтосын парага беріп, мені алып қалмаса. Сол кез-

де ел басына қындық төнсө де, өз есебімен жүретін түрлі адамдар болды. Бұғынгі 80-нен асқан ғұмырымда өмірдің жаксы-жаманың бірдей бастаң өткіздік қой, - деді кейуана.

Қартайған сайын адам көңілшек бола ма, әлде өз өмірінде коғамға тигізген пайдасының кей уақытта еленбей қалатынына көңілінің налығаны ма, қайдам, екеуара әнгімемізден кеін «Жүргімнің түкпіріндегі барлық шерімді шығардым-ау» деп бір күрсінді. Шындығында, сонау жылдары дүниеге келип, қабырғалары қатпаса да, жеріне, халқына төнген қауіпті түсініп, ерте есейген бозбалалар мен бойжеткендердің еңбектері соғыс шебіндегілердің ерлігімен пар-пар десе болғандай. Ішерге тамағы, киерге кімі болмаса да, Женіс үшін маңдай терлерін төгіп, аяnbай еңбек еткен оларға бұғынде үлкен тағым етуіміз керек.

Сәбира әжейдің қала тұрғыны атанғанына да бесінші жылға кетіп барады еken. Балаларының еті тірлігінің арқасында соғыс жылдарындағы ерен еңбегі елеңіш, Ұлы Женістің 65 жылдығына орай ардагерлерге Үкімет тарапынан көрсетілетін сый-құрметке ие болды. Оның үстіне 1947 жылы майданнан тосып алып, қосылған Жәкен Жапарұлынан сүйген жеті баладан бұғынде 24 немере, 14 шөбере сүйіп отырған кейуана «Алтын алқа» алушы үміткерлердің қатарына қосылды. Сәбира әжейдін айтудынша, сыйлықтың да, каржылай көмектің де қажеті жоқ, оған тек жүргегінде жазылmas жара қалдырған сол жылдардағы Женіс үшін қосқан үлесі жылы сөздермен ескерілсе дейді.

— Мен өз өміріме өкінбеймін. Жас кезімде қындыққа мойымасам, көрер қызығым алда деп сендім. Кейін ана болғанда ұрпағымды жетілдіремін деп ауыр асуладардан өткен сайын ысыла тұстім. Тәнірге дән ризамын. Ашаршылықты да, соғысты да, соғыстан кейінгі елді қалпына келтіру жылдарындағы қындықтардың берін де көпpen бірге котердім. Енді, міне, сол көрген бейнетімнің орны толып, ше берелерімнің қолынан дәм татып, бақытқа кенеліп отырмын. Бұғынде елімізде тыныштық орнаса, ол — мемлекетімізді басқарып отырған Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген саясатының арқасы. Соғыс болмай ұрпағымыз жасай берсе, басқа қындықтардың жолы табылар-ау, - деп сөзін аяқтаған Сәбира әжейдің беті мен қолдарына қарап, терең сызылған әр әжімі оның өмірде көрген ауыртпалықтарының белгісіндей көрінді. Соңғы айларда науқастан жүзі жүдеп, көздері үңірейіп тұрса да, қарашығының тұңғиғының бақытты жанның жанары жарқырайтынын байқау қын емес.

Гүлгүл ҚУАТҚЫЗЫ

АҒАШ АЯҚ

Біреулерден хабар келіп қаралы,
Бәз біреулер елге оралды жарагы.
«Соғыс» деген сұмдық аты айғақ бол,
Тойынбаған кан майданың араны.

Жүректерде алаулап от жанды кеп
Бойды кернеп жауға деген қанды кек.
Отыратын қарт майдангер есімде
«Қанды қырғын бір аяқты алды!» деп.

Нағыз ерлер шет қалмаған қатардан,
Болып шықты ел сыйлаған қаһарман.
Төлеген де сондай ердің бірі еді –
Ел ішінде «Мер аяқ» деп аталған.

Осы бір қарт шығар емес есімнен,
Бір аяғы тұра саннан кесілғен.
Мүгедек бол оралса да аман кеп,
Төл ұрпағын – ұл мен қызын өсірген.

Ағаш аяқ, әрі таяқ қолында,
Жас немере келеді еріп соңында.
Мейірлене қарайды оған қарт қыран,
Женіс күн – мерекесі оның да.

Жене алмай бойындағы құмарды,
Немересі қойды қартқа сұрауды.
«Ағаш емес, ата, мениң аяғым,
Айтшы сениң аяғынды кім алды?!».

Бұл қарт көрген өрің менен еңіс көп,
Отты кешкен «Отан үшін!», «Женіс?» деп.
Немереге айтты сонда атасы:
«Аяғымды жеп кетті ғой неміс кеп!».

Қарттың қандай күйде екенін кім білсін,
«Ондай сұмдық көрмесін, - дер, - бұл қыршын!».
Көзі үйқыға тығыларда құбірлеп,
Анасына сұрақ қойды бұлдіршін.

Атасына жаны ашыған немере
Болғандықтан, сенбейтінге сене ме?
«Мама, - деді, - мен немістен сұрасам,
Ол атама аяқ әкеп бере ме?».

Анасы айтты: «Шығар мұны есіңнен,
Аяғы оның соғысқанда кесілген.
Түсінесің соғыс сұмдық екенин
Ер жеткенде, жігіт болып өсумен!».

Сұрақ қойған сәби сол ойланбай,
Жігіт болды бүтін енді ай мандай...
Аяқ-қолы кеміс қарттар кезіксе,
Көруші еді немістер жеп қойғандай...

Зейнолла ЭКІМЖАНОВ

ЖАСҰЛАН ҚҰДАБАЕВ: МЕН ДУНИЕГЕ ҚЫЗЫҚҚАН ЕМЕСПІН

Сәби шыр етіп дүниеге келгенде
оның тағдыры пешенесіне жазылып
қояды деседі. Кейбір адам әлдекалай
жағдайға тап бола қалса «оның пе-
шенесіне солай жазылған ғой» деп
жатады. Ал ерен де адал еңбегімен,
ерекше қылышымен немесе ерлік
ісімен көзге түскен адам болса ше?
Онда халық оның ісіне сүйсінеді,
елі қадірлейді. Біздің Қызылжар
өніріндегі сондай қадірлі адамдар-
дың бірі – Жасұлан Құдабаев. Бұл
күндері сексеннің сенгіріне келип
отырган қария өзинің бар саналы
ғұмырын адамзат баласының ең ба-
сты байлығы – алтын астық өсіруге
арнаған. Сол еңбегі зая кетпеді. Әлі
күнғе тұғырдан тайып отырган жоқ,
денесі шымыр, қадамы нық. Аттан



түспей, Петропавл қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметін аткарды.

Мен Жасұлан Құдабайұлын қырық бес жылға жуық уақыттан бері біледі екенмін. Қызмет бабымен талай кездесуге, әңгімелесуге, ой бөлісуге тура келген. Қайда, қашан, ол қандай қызмет дәрежесінде болмасын әңгімелескенде Жәкеңің бойынан қарапайымдылық, өз мамандығының нағыз шебері әрі патриоттық қасиеттерін, біліктілігі мен үйымдастырушылық қабілеттерін көруші едім. Осы жолы Жасұлан Құдабайұлымен Қызылжар қаласындағы жұпинағы ғана пәтерінде кездесу сәті түсіп отыр.

– Жәке, өзіңіз де білесіз, бұрынырақта ауылда сақал-мұрт қойып, колдарына таяқ ұстап жүретін шалдар көп болушы еді ғой. Сонда олар бізге өте кәрі адамдар сияқты көрінетін. Ал шын мәнінде, олар алпысқа да жетпегендер екен ғой. Қазір ондай адамдарды кездестіру киын. Соның бір айғағы, тіл-аузым тасқа. миңе, өзіңіз сексенге келсөніз де, әлі жігіт ағасы сияқтысыз. Жетпіс жасқа дейін ауыл шаруашылығында еңбек етіп, соңғы он жылдан бері Петропавл қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасарысыз. Өзінізді осы жасқа дейін осылай сақтай білудің сырьы неде?

– Мені тінті жасартып тастандың ғой, көп раҳмет! Дұрыс айтасың, бұрынырақта ауылда шал-кемпірлер көп болатын. Солардың жасындағы адамдар қазір де бар. Бірақ олардың арасында айырмашылық едәуір. Мысалы, бұрын казіргідей техника бар ма еді, жоқ қой, бәрі қолмен атқарылды. Бейнет адамды тез қартайтады. Сол бейнеттің бел ортасында өзім де болдым. Ұста шебері темірден түйін тую үшін оны отқа қыздырады да, керек затын жасағаннан кейін сұық суға салып, шындалды ғой. Мен де солай шындалдым.

– Сөзініздің төркінін түсініп отырмын. Сіздің нағыз балалық балғын шағының Ұлы Отан соғысы жылдарына дәл келген ғой. Еңреген баладан енкейген кәріге дейін еңбек етіп, майданға азықтұлік, кінм-кешек жіберіп жатқанда Сіз асық ойнамаған боларсыз?

– Дәл солай. Мен ол кезде 11-12-дегі баламын. Экем Құдабай өзіміз туып-өсken Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданындағы Орталықта күзетші болып істеді. Шешем ерте дүние салған. Ауылдың басқа балаларымен бірге мені бригадаға жіберді. Екі өгіз, алты сиыр болды. Оларды жұптаған соқаға жегеді. Бір жұптағы соқаны мен айдадым. Жыртылған жерге шалдар дорбаға салынған астықты шашады. Олар ауырып қалса, бұл жұмыс та біздің мойнымызда.

Жазғы айларда шөп шабумен айналысамыз, күзде лобогрейкада істейміз. Комбайншылар Зікірия Дүйсекин, Қасен Жанмұрзин, Қабыл Байсеркин күні-түні еңбек етуші еді. Солардың жанында біз де

жүріп, астық бастырамыз. Одан кейін оны тазалау керек, қысы-жазы бос болмайсың.

— Агрономдың білім алудың сәті қалай түсті? Ол кезде колхозда еңбекақыға ақша бермейді. Еңбеккүн жазады да, күзде шамалап қана бидай беруші еді ғой. Өз отбасына қажетінше ұнға тарттырганынан артылғанын сата алсаң ғана ақша болады. Ауылда өскеннен кейін мен де мұны жақсы білеміш.

— Сәті түссе бәрі де болады екен. Соғыс Жеңіспен аяқталды. Майданға кеткен кейбір ер-азаматтар ауылға орала бастады. Эрине, біразына туған жерден топырақ бұйырмады. Бейнеттің бел ортасында жүріп, соғыс аяқталса оқуға түсермін деп армандағынын. Жұмысты жақсы істегенімнен болар, мені 1944 жылы колхозға мүшелікке қабылдаған. Енді одан шығу керек болып, басқарма төрағасы Куандық Әбілдинге өтініш жаздым. Бірақ бригадир Бимырза Төлебаев менің колхоздан шығуыма қарсы болды. Оны да түсінуге болатын еді, жұмыс ауқымы көп, ал жұмыс күші жетіспейтін кез ғой ол. Бірақ басқа бригаданың бригадири Нұрақай Құсайынов:

— Баланың талабы бар. Бағын байламандар. Босатындар колхоздан. Оқысын, білім алсын, - деп кесіп айтты.

Сөйтіп, колхоздан босап, Петропавлға келип, ауыл шаруашылығы техникумының агрономия факультетіне емтихан тапсырып, түстім. Ол кезде техникум қазіргі облыстық аурухананың бесқабатты жаңа ғимаратының орнында болатын.

— Ауылдан келген әрі қазақша оқыған балаға техникумда оқу оңайға түспеген шығар?

— Біріншіден, орысша оқу қын болса, екіншіден, қаржының жоқтығы қинады ғой. Бірақ сәті түсейін десе, бәрі орала кетеді екен. Сол кездегі техникумының басшылары мен ұстаздары Василий Рожков, Сергей Абакумов, Николай Желнин және шаруашылық мәңгерушісі Иван Сапрыкин менің жағдайымды түсініп, қол ұшын берді. Олар техникумының тәжірибе шаруашылығында өсірілген бүршак, картоп сияқты өнімдерді беріп тұрды, пима алып берді. Дене шынықтыру пәні мұғаліміне айтып, шкім бергізді. Өзім де қарап отырған жоқпын, ай сайынғы оқуақыға базардан жарма, бидай, басқа да азық алып, пісіріп жеп күн көрдім. Әйтеуір, мамандық алып шықтым. Артынан қызмет істей жүріп, Омбының ауыл шаруашылығы институтында сырттай оқып, жоғары білім алдым. Осының бәрі зия кеткен жоқ.

— Техникумды бітіргеннен кейін қайда жіберді? Ол кезде мамандық алған жастарды жолдамамен еліміздің түкпір-түкпіріне жіберіп жатушы еді ғой.

ры қалыптасты. Солардың ішінде Тимирязев ауданындағы «Восход» совхозынан Леонид Коренкий, Соколов ауданындағы «Петропавл» совхозынан Степан Веселый, өзініз және басқалары. Олардың кейбірі кезінде совхоз директорлығына ауыстырылды. Мысалы, Степан Веселыйды «Преснов» совхозына директор етіп жіберді. Бұрын алдыңғы қатарда келе жатқан шаруашылық біртіндеп артта қала бастады. Яғни, білімді агрономнан іскер басшы шықпады. Сіз де «Қайранкөл» совхозын үйымдастыруға атсалысқанмен жұмысқа қайта ауыстыңыз. Мұны қалай түсінуге болады?

— Мен жоғарыда айттым ғой, агроном болып істегендеге танаптарды жаяу аралап, күніне 60-70 шақырым жол жүретінмін. Эр танапта қыста қанша қар тоқтатылды, жаз қанша тыңайтқыш енгізілді, тұқым қалай себілді, егіннің шығу барысы қалай, оны қалай ору керек, міне, осының бәрі менің назарымда болатын. Ал совхоз басқару ондай мүмкіндікті шектейді. Басқа мәселелер шаин етектен. Онда тек әкімші болуың керек. Ал егін өсіру үшін жерге етене жақын болып, оның тамырын үнемі басып отыруың керек. Степан Веселыйды да, мені де қайта жерге итермелеген күш сол.

— Жасұлан Құдабайұлы, көңілінізге келмесін, бір ыңғайсыздау сұрақ қойғалы отырмын.

— Айта бер, құлағым сенде.

— Айтсам, өзініз сияқты кезінде совхоз басқарған, облыс қөлемінде қызмет атқарған кейбір азаматтар қазір не коттеджде, не зәулім үйде, тіпті болмаса, европалық үлгіде жөндөлген пәтерде тұрады. Ал Сіз болсаңыз, жұпның ғана пәтерде өмір сүріп жатқан көрінесіз.

— Оған шамданбаймын. Бір досым менің істеген қызметтеріме, араласып жүрген адамдарыма қарап, «Жасұлан осы мүмкіндікті пайдаланса не хан сарайында отырады, не түрмеде отырады» деп әжуалайтын. Құдайға шүкір, оның бірі де орындалған жоқ. Мен дүниеге қызыққан да, жинаған да адам емеспін. Менің ойым еліме адал қызмет етіп, бала-шағамды асырап-жеткізу болды. Жолдасым Сара Рахметқызы тігінші болып істеді, балаларымның бәрін оқыттым. Үлкен ұлымыз Талғат – инженер, Марат полиция подполковникінен отставкаға шықты, қыздарымыз Роза, Майра және Светлана Түркістанда, Алматыда және Қекшетауда тұрады. Немерелерім мен жиендерімді өмірімнің жалғасы деп білемін. Солардың күміс күлкісі бізді қуантады, жасартады.

Әңгіменізге рахмет!

Әңгімелескен Амандақ ҘАНТЕМИРОВ

ҚАРУ МЕН ҚАЛАМДЫ ҚАТАР ҰСТАҒАН

Біздің редакциямыздың дәлізінде «Отан үшін от кешкендер» де-ғен тақта ілулі тұратын. Сол тақтада төрт майдангеріміздің суреттері койылған. Топ басында Мұқаметқали Нұрғожин, содан соң Рашит Бәдірленов, Каби Махметов және Иван Лукин бар. Төртеуі бүгінде арамызда жоқ.

Алдыңғы екі ағамыз – қаламdas ақылшы ұстазымыз. Эрқайсының минезі де әртүрлі: бірі биязы, бірі қатаң. Ал ебін таба білсөн, Мұқаң мен Рекен екеуі де әңгіменің кілтін ағыта жөнеледі.

Совет құрылышы белімін басқаратын Мұқаң нағыз әскери тәртіптен адамы болды. Асыра мақтауды ұнатпайтын, бір қарағанда түсі суықтау, ызгарлы көрінетін. Оның себебі де бар екен.

– Бұл соғыстан қалған әдет қой, - деп отыратын – 1942 жылы майданға алғынан, 1946 жылғы май айындаған босатылды. Темірдей тәртіп сол жылдарда қалыптасты, - дейтін ол әңгімесінде.

Брянск майданының 133-ші жеке дивизиясының 487-ші атқыштар полкінің құрамында соғысқан гвардия лейтенанты Мұхаметқали Нұрғожин рота командирінің орынбасары болған. Брянск түбінде 1943 жылы болған қанды қақтығыс кезінде Мұқаң аса ауыр жараланады. Жау автоматшысының дәл көздел атқан оғы жауынгерлерді шабуылға көтерген Мұқанды құрактай қызып түскең. Жаңбырдай себелеген оқقا қарамастан, алға ұмтылған жауынгерлердің сонында естен танып қалған Мұқанды санитарка қыз сүйреп алғып шықпаса, сол жерде қаза табуы мүмкін екен.

– Құдай қақты деген сол ғой, есімді санитарлық белімде бір тәулік жатқанда зорға жинаппын – деуші еді ағай осы жайлы әңгімесінде.

Госпитальда емделіп шыққасын 25-ші гвардиялық атқыштар полкінің құрамына қосылып, алға жылжыған әскерлер сапында қайтадан майдан жорықтарына қатысады. Бірақ сол 1943 жылдың тамызында жамбасына оқ тин, тағы да госпиталь төсегіне таңылады. Ол кездегі дәрігерлердің біліктілігі шамалы болды ма екен, әлде майданға жедел жөнелтуге тұра келді ме, әйтеуір аса айығып кетпесе де, Мұқаң тағы да қолына қару алады.

Жарадан толық айықпағаны күн санап сезіле бастайды. Жүріс-тұрысы қындағаны сезілсе де, майданда бір адамның бағасы алтыннан ардақты емес пе? Мұқанды майдан басшылығы 1944 жылдың қантарынан жеке резерв полкіне насиҳатшы етіп белгілейді. Сөзге шешендігінен бе, болмаса жазу, қаламгерлік қабілеті танылды ма, әйтеуір Мұқаң жас жауынгерлер арасында үгіт-наси-

хат жұмыстарын жүргізеді. Қанды қырғыннан келген, оқ пен от ортасынан оралған сақа жауынгердің ұлгісі жастардың жігерін шындауды.

Картайып, шау тартқан күннің өзінде бойында батылдығы атой-лап тұратын Мұқаның жас кезінде қандай от жүректі жігіт болғанына көзіміз жететін. Ол осы қайсар да қайратты қасиетін танытып, жауынгерлер арасында зор абырайға бөлениген.

– Бірде мені майданның «Отан намысы үшін» газетінің редакторы шақыртып: «Сізді газеттің тілшісі қызметіне аламын. Жауынгерлер арасында беделініз зор. Оның үстіне мақала жазуға қабілетіңіз барын байқадым» дегесін осы газеттің тілшісі болып істедім. Сөйтіп, 1946 жылдың мамырына дейін тілші болдым, - деген еді ардагер.

– Мұқа, соғыс аяқталғалы бір жыл өтіп кетті ғой, - дейміз біз сен-бекендей.

– Мыналар мені жалған сөйлем отыр дей ме? – деп Мұқаң шегір көздерін өңменіңнең өткізе кіжінеді. Мінезі қызба қартты ренжітін алмайықшы деп сипайы сөйлем басу айтамыз. Мұқаң сонда ғана жібіп, жадырап барып жымияды да, қайта жалғайды баянын.

– Сендер әскери тәртіпті біле бермейсіндер ғой. Тәртін солай. Үнқағаз майданда ауадай қажет. Сондықтан мені бір жылдан артық ұстады, - деп нүктө қояды карт.

Мұқаның екінші бір елеулі әңгімесі мынау: ол 1943 жылы екінші рет жараланып, госпитальдан шыққанда жарасынан толық айықпаса керек. Жамбасында оқ қалып қойыпты. Қазақ телеграф агенттігінің облысымыздағы тілшісі Николай Варов бұл оқиға жайлы жазып, ол ел басыдымдарында жарияланғаны есіме түсіп отыр бүгін.

Майданнан оралған Мұқаң «Ленин туы» газетіне тілші болып орналасады.

– Мен сонау 1927-28 жылдардан бастап он жасынан былай газетті үзбей оқитын едім, - деген ол баспасөз мерекесі күндерінің бірінде. – Жастай армандаған ісімді жиырма үш жылдан кеин, 1950 жылы отыз үш жасында қолға алдым.

Айтса айткандай, Мұқаң 1963 жылы «Ленин туы» жабылғанша әдеби қызметкер болып бастап бөлім менгерушісі, редактордың орынбасарына дейін жоғарылайды. Өңірдегі жалғыз қазақ газеті жабылып қалғанда ұлт тілінде жазатын қаламгерлер күнкөріс қамымен өзге қызметтерге орналасқаны белгілі. Сол ырықпен Мұқаң да Сергеевкадағы 22-ші жылжымалы механикалық колонна бастығының орынбасары болып істейді. Алайда, 1966 жылы «Ленин туы» қайта ашылғанда редактор Құрмантай Мендіғожин совет күрылышы бөлімін ашып, оның менгерушілігіне Мұқанды шақыртыпты.

Мұқаң осы бөлімді 1977 жылға – зейнет демалысына шыққанға дейін басқарып, жаны жайсан, жүргегі нүрлі ақылшы аға болды. Тек жеті-сегіз жылдан соң қос жанарына ақау түсіп, екі көзі бірдей табан жолын көруден қалды.

– Мені ұмытпаңдар, жігіттер, - деп телефон шалатын. – Көзім көрмесе де, газетті үйдегілерге оқытып отырамын.

Мен ағаймен жақын араласып, 1988 жылға дейін үйіміз көрші орналасқандықтан, газеттер апарып беретінмін. Арада ұзіліс боп қалса, өзі телефон соғатын.

– Зорға деп теріп алдым нәмірінді, - деуші еді.

...Ағамыз 1994 жылғы тамыз айында өмірден озды.

Зейнолла ЭКІМЖАНОВ

МІНЕЗІН МАЙДАН ШЫҢДАҒАН ҚАЛАМГЕР

«Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады» дегендей, әрі ұстазым, әрі әріптесім Рәшиит Бәдірленов бұғанасы бекімей колхозда енбекке араласып, шыңдалған, қан майданда неміс-фашист басқыншыларына қаруын кезене қарсы шығып, Ұлы Женісті жақыннатуға өзіндік үлес қосқан өжет азamat еді. Ол бейбіт өмірде де ұстаздық ете, қарындашын ұштаپ, қаламын шыңдарап өңір жылнамасын жазуға атсалысқан шақта да кездескен қындықтарға, өткен ғасырдағы қылышынан қан тамған партия қолшоқпарларының әділетсіз әрекеттеріне де ымырашылдық жасамай, мылтықсыз майданда да кеудесін окқа тосып, женіске жете билетін қайсарлығымен ерекшеленетін.

Оны бәріміз Рекең дейміз. Ол материалды жазбас бұрын ақ қағаздың жоғарғы жағына сыйғышты қойып, қарындашпен түзулеп сыйып алатын. Содан кейін жазуға кіріседі. Асықпай жазады. Жазуы маржандай болып түседі. Оны машинкаға бастырып алғаннан кейін дауыстап оқып, кателерін түзейді. Жалпы газетке кезекшілік құрғанда да беттердегі материалдарды ежіктеп, дауыстап окуппы еді.

Жұмыс арасында, болмаса басқа жерде басымыз қосылғанда соғыста басынан өткерген қызық оқиғаларды айтқызымыз. Міндетті әскер қатарына 1939 жылы алыныпты. Ұлы Отан соғысы жылдаrynда екінші Беларусь майданының жеке саперлық батальонында болған.

– Сапер өмірінде бір-ақ рет қателеседі. Сак болындар, - деп ескертпіп отыратын командиріміз, - дейтін Рәшиит Бәдірленов.

Шынында да, мианы анықтай алмай жарылып кетсе, өміріңің киылғаны емес пе?

— Бірде, - дейді Рекен, - кескілескен шайқас болып, кімнің қайда екенін де білмейтін жағдай туды. Мен өз жолдастарымнан айрылып, адасып қалдым. Кездескен жауынгерлерден біздін батальонды сұрасам, ешкім білмейді. Сөйтіп жүргенде бір штабқа кезіктім. Кенсеге кіріп, шамалы орысшаммен мән-жайды түсіндірген едім, шамасы түсінбеген болар.

— Дезертир! — деді командир.

— Никак нет! — дедім мен де жұлып алғандай.

Сонда ғана командир менің адасып қалғанымды түсінді. Жаныма жауынгер қосып, батальонымды тауып алуға көмектесті.

Болмысынан қарапайым да аңқау адам еді Рекен. Мен редакцияда қызмет істей жүріп, Алматыдағы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеттін журналистика факультетінде сырттай оқыдым. Жылда сессияға барып, бақылау жұмыстарын жазып, университетті уақытында бітірдім. Менен бірнеше жыл бұрын осы оқу орнына түскен әрштесім Байтұяқ Жанымбетов бізге келіп қосылып, бірге бітірді. Ол кезде жоғары, орта арнаулы оқу орындарын бітіргендеге төсбелгі (ромбик) беретін. Оны төске тағып жүру мәрте-бе саналатын. Ал университеттің төсбелгісі тіпті ерекше. Бірак біз бітірген жылы төсбелгі болмай қалды. Байтұяқ Жанымбетов өзінің Алматыдағы бажасының төсбелгісін алды, тағып келіпти.

— Эй, Амандық, сенде неге ромбик жоқ? — деп сұрады бір күн Рекен менен.

— Өй, Реке, қазір тәртіп өзгеріпті, - дедім.

— Не қылған тәртіп?

— Егер университетті он жыл оқымасаң, ромбик бермейді екен. Анау Байтұяқ он жыл оқыды, оған берді, маған бермеді, - дедім.

— Өй, қызық екен. Сонда енді саған ешқашан төсбелгі бермей ме? — деп шын сеніп, таң қалған еді.

Ойнап айтқанымды естігеннен кеин қарқылдан тұрып күлгені бар.

Еңбек жолын Совет (казіргі Аққайын) ауданындағы Үлгідегі қарапайым колхозшыдан бастап Петропавл педагогика училищесін тәмамдағаннан кеин де туған ауылына оралып, мұғалім болған Рәшит Бәдірленұлы кейіннен аудандық партия комитетінде нұсқаушы, аудандық газеттің редакторы қызметтерін атқарды. Ал 1966 жылы облыстық газет қайта ашылғанда редактордың орынбасары болып тағайындалды. II дәрежелі Отан соғысы, «Германияны жеңгені үшін», «Тың және тыңайған жерлерді иғергені үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбектегі ерліліп үшін» медальдарымен марапатталған.

Ұстанымы ның, адал адам еді Рекен. Әсіресе, сол кездегі партияның саясатын желеу етіп, қарапайым халықтан өздерін жоғары қоятын мансапкорларды, қарамактарындағы қызметкерлерді тұқырта ұстауға тырысатындарды жек көретін, олардың теріс әрекеттеріне қаймықпай қарсы шығатын.

Рекен 1992 жылы 72 жасында дүниe салды.

*Амандақ ЖАНТЕМИРОВ,
Мәдениет қайраткери,
Казақстанның құрметті журналисі.*

ЖҮРЕКТЕ ҚАЛҒАН САҒЫНЫШ

Адам баласының табиғаты, жаратылышы, дүниетанымы ерекше гой. Жер басып жүрген кез келгенімізде махаббат, қайырымдылық, өзін қоршаган ортаға, таныстарға деген сүйіспеншілік, өмір болған соң рениш пен күйінш те болады. Біз оларды жаратқан иеміздің адамзаттың бойына сыйлаған қасиеттері деп қабыл аламыз. Мен айтар едім, басқа тіршілік иелеріне қарағанда адамзаттың бойындағы сағыныш сезімі бәрінен де биік тұрған қасиет. Өйткені ол өзінің керемет күшімен көңлінді құлазытып, жүргегінді сыздатады. Бұл сезімнің аяғы тәтті бір арманға жетелеп, көкжиекке сағымданып кете барады.

Менін ғүгін қолыма қалам алуыма осы сағыныш сезімі түрткі болды десем артық айтқандық деп қабылдаманыздар. Бейнесі кез алдымнан кетсе де, биік тұлғасы көңлімнің тукишінен берік орын алған әкеме деген сағыныш сезімі жылдар өткен сайын ауық-ауық қайта орала береді.

Оз жасымнан пайымдай қарасам біздің әкелеріміз откен ғасырдағы қазан төңкөрісінін дүмпүі қазақ даласына жеткенде алды таяқты ат қылып мінген бала, соны бесіктегі сәбилер болатын-ды. Одан бері ұжымдастырудан тұған қолдан жасалған жұт-аштықтан, «шықпа жаным шықпа» дейтін уақыттан да аман қалған біздің әкелер. Олар үшін бұл да бір майдан екені хақ. Оған іле-шала олардың алды жігіт, соны жеткіншек-бозбала кезінде «халық жауларына» қарсы «майдан» басталып кетті де, олардың әкелері нәубет заманын бастан өткөріп, бір дүрбелен кезді кешті. Әкелеріміз енді ат жалын тартып мінген жігіт кезінде әскер қатарына алышып, фашистік Германиямен болған қырғын соғыста көбінің өмірі майдан даласында қылды. Азшылығы ғана Ұлы Женіске жетіп, елге орала сала қызу енбектиң майданына кірісті.

Менің әкем Ахметжан Нұрғалиев те осындай көптің қатарында болған азаматтардың бірі еді. Ол да осындай сокпактардан, тар жөл, тайғақ кешулерден өткен. Ұлы Абай айтқандай, әуелі құдайға сыйынып, сосын өзінің қайратына сүйеніп, еңбек еткенге қара жер де беретінін, құр тастамайтынын ұғынған әкем жастайынан өзінің еңбекқорлығымен, жаңашылдығымен, қайырымдылығымен жерлестері арасында құрметке бөлөнген. Және біздің, балаларының бойында да осындай касиеттерді тәрбиелей білді. Әкем өзі туралы көп айтқанды ұната қоймайтын, көңіл-күйин де, сырын да ішіне сактай білетін жан еді. Өзім ес білгелі тек оның зейнет жасына шыққанға дейін ұжымшар басқарғанын, басқа да жауапты қызметтер атқарғанын білетінмін. Бірақ жастық па әлде аңғалдық па мінезі тұйықтау әкемнен өмір жолы туралы көп сұрамаппын.

Әкеме деген сағыныш сезімі мені облыстық мемлекеттік мұрағатқа жетелеп әкелгендей болды. Оның директоры Сәуле Мәліковаға келген шаруамды айтып едім, елгезек басшы екен, бірден әкем туралы мағлұматты алдыма жайып салды. Әкемнің өз қолымен маржандай әріппен жазған өміrbаяны, басқа құжаттары көзіме оттай басылды. Уақыт сынынан сарғыш тартқан оқушы дәптеріне жазылған өміrbаянды жүргімे қыстым.

Әкем дүниеден өткенше Ұлы Женіс күнін ерекше қастерлеп өтті. Бұл күні кеудесіне наградаларын тағып, мерекелік дастарқан жайғызуны еді. Әкем әсіресе «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін кадір тұтатын. Бұл күні жерлесі Кеңес Одағының батыры Жәлел Қизатов екеуі жиі кездесетін. Әкем соғысқа дейін Ленин (қазіргі Есіл) ауданындағы Бұлақ ауылында колхозшы, мал бригадирі, шаруашылық менгерушісі, ауылдық кеңес хатшысы болып істеген. Ұлы Отан соғысы басталғанда өзі сұранып майданға аттанған. Әкемнің соғыс туралы аз-мұз айтқанынан қазір есімде қалғаны тек оның Ленинград қаласын қорғауға катысканы ғана екен. Осындағы бір шайқаста ауыр жарақаттанады. Майдандағы санитарлар ұрыс алаңында қаза тапқандарды бір күн бойы жинапты. Келесі күні оларды жерлеу кезінде ғана ес-түзсіз жатқан әкемнің тірі екенін біліпті. Сөйтін «қырық жылғы қырғында ажалды ғана өледі» дегендей әкем соғыстан мүгедек болып елге оралды. Жарақаттан қысқарған қолын бізге көрсетіп, көретін қызығым бар екен деп отыруши еді.

Сол дәстүрмен біз де әлі күнге дейін мамыр айындағы әкемнің туған күнімен тұспа-тұс келетін Женіс күні дастарқан жайып, құран бағыштап отырамыз. Әкемнің кіндігінен тараған Зайра әпкем мен Асқат інім ғана арамызда жоқ. Мәраш, Құлбаршын әпкелерім, мен бүгіндері немере-жиен сүиіп отырған ақ жаулықты әжелеріміз. Ал

нілерім Сағадат пен Жәмшит әке жолын қуып ел қамын ойлайтын азаматтар болып өсті. Ақтық демі таусылғанша жүрегі елім деп соққан әкемізге деген сағыныш сезімі біздің бойымызда әрдайым болары сөзсіз.

Ләззат РУСТЕМБАЕВА,
Саумалкөл №1 орта мектебінің мұғалімі,
Айыртау ауданы

«ЖІФІТТЕР, БҮЛ ЖАЛҒАНГА БІЗ БІР ҚОНАҚ»

Жуырда кітапты ұйымдастыру алқасына зейнеткер ұстаз Ескен-дір Нұрымов келін, бір қолжазбаны ұсынды. Оны кезінде «Ленин туы» газетінде (қазіргі «Солтүстік Қазакстан») қызмет істеген, одан кейін Жезқазған облыстық газетінде редактор болып, зейнеткерлікке шыққан соң елге келіп тұрып, осыдан 2-3 жыл бұрын қайтыс болған Сабыр Сауытбаевтың мұрағатынан алған екен. Төменде сол дүниелікті кітапқа енгізіп отырмыз.

...Қастерлі сезімнің атойлап тұруы қандай ғажап! Сол сезім, онда да туған елғе, жер мен суға, көз көрғендердің баршасына деген сағыныш сазы соғыс өрті өршіп жатқан қан майданда, өмір мен өлім беттескен сэтте бойда билеп тұрса, бүл әдеттегі сезімнен әбден бөлек болар-ақ. Сейіл ағамның жайсан жүрегі мен қарымды қаламынан төгілген жаңағы жыр жолдары қаһарлы жауға қарсы күресте қолдағы автоматынан артық болмаса, кем болмағанына құдайдай сенемін.

Сол Сейіл Сәкетұлы Байтоқов ағам (әкемнің туған інісі) соғыстан оралғанда мен әлі бала едім. Жай оралған жок, қос балдақпен оралады. Көз тоқтатып, көңіл қоя жүріп қарасам, ауыл-үйді аузына қаратып, өзіне де, сөзіне де баршасы тоқтам қылатын адам екен. Ескіше де, жанаша да оқыған-тоқығаны мол. Айтар қисса-жырларында есеп жоқ. Домбыраға 1лескен қоңыр үні қандай жарасымды. Аят, Құран оқығанда ләбізіне ел елжіреп отыратын. Өзі құсбегі, саятшы, балықшы. Сал-серілігі бір төбе. Біраз жыл қазіргі Есіл ауданындағы Карабұлақта (бүл күнде ол ауыл жоқ) колхозға төрагалық етті. Халқына қадірлі болды.

Өзі өлең шығаратын. Бір ғажабы, оны өзі домбыраға қосып айтқанда жүрт ұйып тыңдал, қағазға түсіргені ауылға 1ле-ақ тарап кетуші еді. Бала болдық, тым жас болдық. Оны жазып алу кімнің ойына келген. Өкінішті-ақ. Оның үстінен туған аға-женгесі (менің әке-шешем) о дүниелік болды да, аумалы-төкпелі әрі тұрмыс биле-

ген бір заманда Ресей асып кетті. Сол жақта тұрмыс түзеп, ұрпақ өсірді. Қазір бала-немерелері өз облысымында, көрші Түмен облысының Қазан ауданында тұтін тұтетіп отыр.

Сейіл Сәкетұлының ел жақта өзі тетелес көзі тірі адамдардан, не жұрт арасында әлі қунғе ауыздан тұспей жүрген біраз өлендерін хатқа түсіріп алдым. Соның бірін бүгін оқырмандар назарына ұсынып отырмын. Одан өзі бел ортасында болып, жараланған қанды майданның көріністері, жүрек түкпірінде тұган ел мен жерге, ағайын-туыстарға деген жүрек сағынышының лебі есіп тұрғандай.

Сабыр САУЫТБАЕВ, журналист



Сейіл, зайыбы Сапия Байтоқовтар

Март айы, үйден шықтым қауіп жолға,
Бір Алла, не берсең де, өзің онда.
Күдая фазлықпен рақым қылып,
Кездесер күн бола ма Женіс таңға?!

Ай жарым біз ойнадық Қызылжарда,
Кездестік бұл уақытта қайғы-зарға.
Ақырын бұл сапардың берсін Алла,
Хат етем 124 мың Пайғамбарға.

Дәм тартты тағы бізді Күнбатыстан.
Жиналған талай саңлақ әрбір тұстан.
Күн санап қауіп-қатер болды бізге.
Тілеймін мен шапагат, Ғұмар-Ғұсман.

Қайран ел, алыс калдың бізден жырак,
Каранды көрер ме екем, Карабұлак.
Арман жоқ, қайран елден топырақ жазса,
Тілеймін күндіз-түні Хақтан сұрап.

Біз жеттік 15 сөтке тынбай жүріп,
Жүрмеген ата-баба жерді көріп.
Жанбырдай жауған оқты көрген кезде
Балқыдық корғасындаі, майдай еріп.

Карағай, қайыңменен болды мекен,
(Сөзімде, гайып етпе, болса қатем).
Жарылып мина жатыр қып-қызыл шоқ,
Окопта иман айтып, зорға жатам.

Зу етін оң жағымнан тиді бір оқ,
Ойладым өтті ме деп дүние бок.
Талықсып окопта жатқанымда,
Сүйейтін қолтығымнан бір адам жоқ.

Жалғыздық, міне, түсті біздін басқа,
Бермесін мұндай жолды дүшпан қасқа.
Жан жолдас Таласбай да қасымда жоқ,
Айрылып кетін еді бөлек басқа.

Мен жаттым бұл арада күн батқанша,
Тулайды, шіркін, жүрек шапқан атша.
Бір адам: «Халиң қалай, ағай?» - деді,
Куандым сөйлегенге мен қазақша.

Жараны байлаң жатыр келе сала,
Кез қылған осы адамды хақ тағалам.
Карасам көзімді ашып бір мезгілде
Майысқан балдыրғандай бір жас бала.

Жалындым: «Ала кет!» - деп бұл балаға,
Кетпе, - деп, - мен тастап бұл далаға.
Кететін бұл арадан менде хал жоқ,
Жеткізсін мұратыңа хақ тағалам.

«Кетпеин сені тастап, ағатайым,
Біздерге жәрдем берсін бір Құдайым!»
Деді де сөмкесінен алып берді,
«Жалға, - деп, - жүрегінді!» сары майын.

Арқалап жатқан жерден алып ұшты,
Құдая, құдіретің мұндай күшті.
Жақындалп частьқа жакын келген кезде
Калжырап етпетінен ұшып тұсті.

«Ағатай, қалжырадым, қуат кетті,
Кетпеин орындармай айтқан сертті.
Келеин қайта айналып, ауқаттанып», -
Деді де сол араға тастап кетті.

Бұл жерде таң атқанша қалдым жатып,
Мұздады жылы дене тас бол қатып.
Қарасам бір мезгілде жан-жағыма,
Келеді машрихтан таң да атып.

Ақырын дыбыс берді «ағатайлап»
Бір жолдас носилкамен алған сайладап.
Көтеріп носилкаға салған шакта,
«Жет, - дедім, - мұратыңа!» қатты айғайлап.

Санчастьқа алып келді осы бала,
Кез келген бақытыма, хак тағалам.
«Қош, аға, риза бол!» деді-дағы,
Жөніне жүрін кетті осы бала.

Болмаса осы бала – үлкен қауіп,
Кім алар сүйегімді мениң тауып?
Жан жолдас Таласбай да қалды білмей,
Барар еді жауған оққа қарсы шауып.

Айрылып кетіп едік екі басқа,
(Еді ғой Таласбайдың жаны басқа)
Бір Алла көрісуге жазсын бізді,
Айттар жоқ, жан жолдасым, бұдан басқа.

Адастым кайран жолдас – Таласбайдан
Бірнеше ай сыр айттысып, шер тарқасқан.
Қайтейін, қайран жолдас, халың нешік?
Сактасын хақ тағалам ажал-оқтан.

Мінгізіп самолетке алып ұшты,
Орталық астанаға түсті.
Мәскеуді көрем деген ойда бар ма еді,
Құдая, құдиретің мұндай құшты.

Әкеліп мені салды госпитальға,
Батады, шіркін, жара шыбын жанға.
Сағынып қайран елім еске түссе,
Шығамын кірпік қақпай ұзақ таңға...

Қария, сәлем жаздым, аталарым,
(Сөкпендер сөзде болса қателерім).
«Көл, - деген, - көп тілегі» бұрынғылар,
Тілеймін – бізге бере гөр баталарын.

Сәлемді мен айтамын, аналарым,
Сағынып, сарғайды ғой балаларың.
Айырылған ботасынан нардай болып,
Сіздердің аз емес қой жараларың.

Физатлу сәлем жаздым, ағаларым,
Жел жақта қара ағаштай панаңдарым.
Алтынның қолда барда қадірі жоқ,
Зарықтым бір көруге қараларын...

Сөйлеуге бұдан әрі тілім өлақ,
Жігіттер, бұл жалғанға біз бір қонақ.
Бұйырса көпшіліктен тәпірақ маған,
Аллаға ризамын, менде арман жоқ.

Ойға алып, әр нәрсені жазған хатым,
(Жақсының жаман қайдан білсін затын).
Уақиға бастан кешкен, хатқа жазған,
Сейіл еді Сәкетұлы – менің атым.

Сейіл БАЙТОКОВ,
(5 қыркүйек, 1942 жыл)

шөбін жинағаннан кеін өгіздерді ағытып, шошақ салуға кірісеміз. Мен үстіне шығамын, шал айырмен шөп әпереді. Сөйтін күніне 5-6 шошақ тұрғызамыз. Ішетін тамағымыз аңы айран мен құрт-ірімшік немесе мосыға шәугім асып, от жағып, қуырылған бидаймен шай ішеміз.

Бұл мениң ғана басымнан өткен жағдай емес. Мен қатарлылардың бәрінін басынан өткен жағдай. Сөйтін жүріп окудан да қалмадық...

Соғыс жылдары Сатай деген ауылда екі-үш үйдің адамдары бір баспананы паналадық. Олар: Бәтшән апай, Құсайын нағашым, оның бәйбішесі мен балалары және біз (шешем, інім және мен). Қыста жағатын отынымыз – тезек, шырпы, шөп-шалам. Жейтін тамағымыз – танертең де, түсте де, кешке де бір табак қуырган бидай. Тұс кезінде Бәтшән апай бір қазан көже қайнатады. Көже болғанда, қыстан қалған сүйек-саяқтарды шауып-шауып, қазандағы суға салады. Со-сын масақтан жинаған қос уыс бидайды қолдирименге тартып, оның ұнын қайнаған суға себеді. Жұдырықтай құртты оның үстіне тастайды. Сөйтіп, көже дайын болған кезде бізге бір үзім нан мен бір-бір кесе көже береді. Оны ішіп алған біз кешке дейін тамақ іздемейміз. Қыскы соғым деп отырганым (сүйек-саяқ) – кишкентай бұзау, тайыншаның еті. Оны әзірлеудің өзіндік ерекшелігі бар. Тайыншаны бауыздағаннан кеін ишек-карнын алып, терісімен бітеудей үтеді. Сыртқы жұні қүйген соң пышақпен қырып, тазалап жуады, содан кейін барып мүшелеп бұзады. Қабырғаның қыртысы терісімен үйткеннен кеін қалындаі түседі.

Сонау қыын-қыстау кезде Бәтшән апайдың жоктан бар қылып, аш қарнымызды тойдырғаны әлі күнге дейін есімнен кетпейді...

*Мұратбек ШАЙКЕНОВ, еңбек ардагері,
Ақжар ауданы, Жаңаауыл ауылы*

АУЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ МҰҒАЛІМІ

Менің экесін Кенжебай Қазбеков 1914 жылдың 19 мамырында Есіл ауданының Тауғаш ауылында дүниеге келген. Петропавл қаласындағы мұғалімдер даярлайтын училищен, одан соң Қарағанды мұғалімдер институтын тәмамдаған.

Елде жаңпай колективтіндіру жүргізілген кезде 1935 жылы «Тауғаш» ұжымшары құрылды. Сол ауылда Қосшығұл қажы мешітінен Тауғаш бастауыш мектебі салынып, 1935 жылы әкем 1-4 сынып оқушыларына сән алғашқы ауыл мұғалімі болып сабак берген.

1941 жылы Тауағашта мұғалім болып жүрген жерден майданға аттанады. Ташкент қаласындағы танк училищесін бітірген соң 1942-1943 жылдары өздігінен жүретші артиллерия қондырғысының командирі болып, Москва түбіндегі шайқастарға қатысады. Сол шайқастардың бірінде қарнына снаряд жарықшағы тиіп, жарақаттанады. 1943 жылы Ленинград түбінде контузия алады. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Ленинградты азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Соғыстан оралған соң қазіргі Жамбыл (бұрынғы Преснов ауданы) ауданының Орталық, Ленин ауылдарында, ал 1951 жылдан 1974 жылы зейнетке шыққанға дейін езіп тұган ауылы Тауағашта мұғалім болып еңбек етті. Қазақ ССР «Халық ағарту ісінің үздігі» атағының иегері елде әрқашан абырайлы азамат болды. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ол кісінің алдынан тәлім алған оқушылары – облысқа, республикаға танымал, әр салада қызмет жасаған азаматтар.

Әкеміз бен шешеміз Жамал Белгібайқызы (ол кісі де 33 жыл мұғалім болған, Қазақ ССР «Халық ағарту ісінің үздігі» атағы бар) екеуі жеті ұл мен қыз тәрбиелеп өсірді. Олардың бәрі де республиканың түкшір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр.

Жасұлан ҚАЗБЕКОВ,
Петропавл қаласы

ОФИЦЕР КҮНДЕЛІГІ

Мен капитан Шоң Рахымов жайлы очерктиң бірінші бөлімін Ұлы Женістің 50 жылдығы қарсаңында жазған едім. Одан бері де біраз жылдар өтіп кеткеніне қарамастан, жазған кейндерлерімнің тағдырларын ескерусіз қалдырмай зерттеп жүргенімді несіне жасырамын.

Жакында Шоң Рахымовтың өз қолынан жазған күнделігімен фотоальбо-



Ш. Рахымов (оң жақта)

мы қолыма түсті. Соғыстан кейінгі жылдарда шалғайдағы жүдеу-жадау колхозды ауылдардың жағдайын жақсарту ісіне субелі үлесін қоса білген совхоз директоры, бөлімше басқарушысы, ауыл шаруашылығының тағы басқа салаларында жемісті еңбек ете жүріп, кейінгі ұрпақ үшін майдандас достары жайлы мол деректер жинап, өзінің жүріп өткен жолын картага түсірген екен.

Запастағы офицер Шоң Рахымов туралы алғаш 1985 жылдың шілде айында марқұм, публицист-жазушы Жанайдар Мусиннен естіген едім. Осы жылдары жазушы ағамыздың біздің ауданға жолы түсіп, ат басын біздің үйге тіреді. Дәм үстінде:

— Осы сіз «Александр Невский» орденінің иегері болған Шоңның баласы емессіз бе? — деп сұрады Жанайдар Мусин аудандық Советтің атқару комитеті тәрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалған Болат Рахымовтан.

— Иә, - деді Болат Шоңұлы.

Осы кездесуде Жанайдар Мусин офицер Шоң Рахымовтың сұрапыл соғыс жылдары жасаған өшпес ерліктері жайлы, соғыстан кейін обкомда, тың игеру кезінде колхоз басқармасы, совхоз директоры болғанын әсерлі әңгімелеп берді. Сөзге ұста, қаламының желі бар жазушы Жанайдар Мусин әңгіме бастаса, майын тамызып, тыңдаушысын таңдай қақтырып, тамсандырып, жеріне жеткізе сөйлейтін еді ғой. Міне, сол жолғы кездесуде айтылған осы бір шырайлы әңгімені есіме алдым.

Петропавл қаласындағы педагогикалық техникумды бітірген, тепсе темір үзетін балаң жігіт Шоң Рахымұлы еңбек жолын бұрынғы Красноармеец, казіргі Тайынша ауданындағы бір мектепте физика-математика пәнінің мұғалімі болудан бастайды. 1939 жылы ақ финдермен соғысқа қатысады. 1941-1945 жылдары неміс-фашист басқыншыларамен соғыста тағдырын сынға салса, қырық бесте Жапон милитаристерімен шайқасты. Қаһарман қазақ офицері өз күнделігінде былай жазыпты: «1940 жылы Краснодар әскери-атқыштар училищесінде оқыдым. Қырық бірдің жазында неміс-фашист басқыншылары Ота-нымызға опасыздықпен шабуыл жасағанда бізге шұғыл училищені бітірткізді. Лейтенант шенін бергеннен кейін Мәскеуге Бас командованиеңің қарамағына шақырылдық. Бұл Мәскеу үшін шайқастың нағыз шегіне жеткен кезі болатын. Қараша айының басында Дзержинский атындағы әскери академияның подвалында тағы бір айлық оқуға кірістік. Бұл жолғы оқу ерекше болды. Себебі, біз мұнда алғаш «Катюшаны» ату тәсілін оқыған едік. Ал қырық бірдің желтоқсан айында Бас қолбасшының бүйрығымен Кенжегали Құттығұлов, Серікбаев секілді жас офицерлермен бірге мені Алматыға көмектесуге жіберді.

1942 жылдың шілде айында әскери дайындықтан өткен 100 бригаданы майданға аттандырды. Бізбен бірге шығыстың болашақ батыр қызы Мәншүк Мәметова өз еркімен майданға аттанған еді. Алғашында Мәншүк штабта қызмет істеді де, кеін пулеметші оқуын оқыды. Мәншүкпен Ржев, Великие Луки, Невель қалалары үшін болған шайқастарда бірге болдым».

Сұрапыл сөғыс жылдары өшпес данқка бөлеген 100-ші атқыштар бригадасында Шоң Рахымов дивизия командирі болған екен. Қаһарман оғицер мына бір шайқасты даралап жазыпты. 1943 жылдың 15 қазанында Калинин облысының Изочи станциясын босатып алу жөнінен шұғыл бүйрық беріледі. Бұл екі жаққа да стратегиялық маңызы орасан зор пункт болатын.

Қаһарман жауынгерлер немістерге шабуылды таңғы сағат бестен бастады. Екі жақ та оқты қарша боратып жатыр. Талай өрім жастар қыршинынан қылды, қан судай акты. Изочи станциясы біресе жау қолына, біресе біздің қолға көшті. Өмір мен өлім арпалысқан сын сағатта Мәншүк Мәметованың пулеметі жауды баудай жусатты. Батыр қыздың көмекшілері патрон әлеруге әзер үлгеріп отырды. Жүздеген жау жер жастанды. Шоң Рахымұлы естелігінде көне орыс қаласы Невельдің орталық алаңындағы бауырластар зиратына қарулас қос серігі Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова мен дивизия командирінің орынбасары, подполковник Әбілқайыр Баймолдиннің қатар жерленгенін ет жүрегі елжіреп жазады. Бұл жөнінен әйгілі халық жазушысы Өзілхан Ңұршайықов та егіле қалам тербеген еді.

Рахымов осы ұрыста дивизион командирінің орынбасары, Невель қаласы үшін болған соғысқа 100-ші атқыштар бригадасының автоматшылар батальонының командирі болып қатысқан қанды көйлек досы, лейтенант С.Қасымовтың да ерлікпен қаза тапқанын айта кетеді.

Қыранша өмір сүріп, талай ерлік жасаған қаһарман оғицер өзі жайлы аздал қана елес беріп кетеді. Соның өзінде қолда бар құжаттарға сүйенсек, қаһармандарымыздың Мәскеуден басталған соғысты Шығыс Пруссияда аяқтауынан-ақ біраз жай аңғарылды.

– Әсіресе, 1944 жылғы Вильнюс қаласы үшін шайқас шиеленісті өтті. Мұнда немістер ең мықты деген дивизияларын шоғырландырған болатын. Жау қанша күшті болғанымен, үшінші Беларусь майданының от жүректі жауынгерлерниң тегсурінді қимылы кайдан шыдатсын?! Бір күнде жаудың 12 шабуылына тойтарыс берілді. - деп жазды Шоң Рахымұлы.

Вильнюс қаласы үшін болған шайқаста асқан ерлік көрсеткен Шоң Рахымов II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. Бұл

оның жетінші наградасы еді. Солардың ішінде даралап айтартымыз: қаһарман офицердің «Александр Невский» ордені. Шоң Рахымұлы аталмыш орденге 1945 жылы Манчжурияда жапондармен болған шайқаста ие болған еді. Қаһарман офицердің ерлігі жоғары бағаланды. Ол барлығы 18 наградамен марапатталды.

Ұлы Отан соғысынан елге оралған майдангер Шоң Рахымов халық шаруашылығын көтеру ісіне белсене араласып, адал қызымет істеді. Тыңың алғашқы жылдары бұрынғы Ленин ауданына қарасты «Жанаауыл» совхозының алғашқы қазығын қағып, оның экономикасын, мәдениетін көтеру жолында көп енбектенді. 1972 жылы Еңбекшілдер ауданындағы «Восточный» совхозында бөлімше басқарушысы болып жүргендеге өндірістегі ерен енбегі үшін «Октябрь Революциясы» орденімен марапатталды.

Тайлақ ЖАЛМҰРЗЕНОВ,
Журналистер одагының мүшесі,
Айыртау ауданы

БАРЛАУШЫ ИВАН ОШМАРИН



Ошмарин Иван Андреевич
зайыбы Ольга Васильевна

Ұлы Отан соғысы... Сағатқа, айға, күнге емес, ұзақ жылдарға созылған сүм соғысты ұмыту мүмкін емес, әрине. Талай жанның тағдырын тасталқан етіп, көз жасын көл қылған сол зулмат заманның тарихтан алар орны ерекше. Ел басына күн туып, Отан – Ананы корғайтын сәт келгенде «Елім, жерім!» деғен ұл-қыздардың бірі де аянып қалмады. Ұлтына, дініне, жасына қарамай,

барлығы да қолына қару алып, майданға аттанды.

Отан алдындағы парызы мен қарызын өтеу үшін қолынан келгеннің барлығын істеген ер-азаматтардың бірі – ардагер Иван Ошмарин. Есіл ауданының орталығы Явлена ауылының тұрғыны сол күндерді әлі де ұмытар емес.

— Мен ол кезде фабрика-зауыттық білім беретін мектепте экскаваторшылар тобында оқыдым. 1942 жылы маусым айында біздің топты Свердловск облысындағы Нижний Тагил қаласындағы темір кенишіне жұмысқа жіберлі. Қолымыздан келгенше еңбек етіп журсек те, мениң тек қана бір арманым болды. Ол – қайткен күнде де майдан шебіне аттану еді. Бір жыл сол жерде жұмыс істеген соң, мен акыры соғысқа аттандым, – дейді ол.

Алдын ала дайындық кезеңінен өткен соң Иван Андреевич 358-ші атқыштар дивизиясының 919-шы артиллеријалық полкінің барлау бөліміне түседі. Ардагер Маннергеймнің алдыңғы шебін басып алған күнді былай деп есіне алады:

— Таңертең аспаннан біздің ұшақтар көрінді. Бұл 1944 жылдың 9 маусымы еді. Сағат сегізде жауға қарсы оқ ата бастадық. Майдан даласының әрбір жерінен бір мезгілде атылған оқтың әсерінен дала көк тутінге оранып кетті. Қара топырақ аспанға көтерілп, айналаны шаң басып жатты. Тіпті, жер-ананың өзі отқа оранып, дала көрінбей кетті. 10 маусымда осындай көрініс тағы да қайталанды. Бір сағаттан соң, ұрысқа жаяу әскерлер араласты. Екі күнге созылған ұрыстың нәтижесінде Балтық флотының қолдауымен женіске қол жеткізін, Сестра өзенін басып алдық, – дейді сол күндерге тағы бір рет ойша оралған майдангер.

Жастық шағын соғыс оты шарпыған майдангер – бүгінде самайын ақ шалған ардагер. Шау тартқан кезде өткенді таразылап, ой-жүйесіне салып, айтудың өзі оңайға соқпайды екен. Оған, әрине, кәрілік те өз «үлесін» қосуда. Бірақ қалай болғанда да балалықпен ерте қоштасып, қолына қару алғызып, жүрекке жазылmas сызат салған өмірінің сол бір бөлігін ұмытуға да, еске алмауға да болмайды. Себебі, оның барлығы – өмір.

Иван Андреевич кезекті ұрыста аяғынан жараланып, Ленинград қаласындағы госпитальға түскенін де бір сәт еске алды. Сол жолғы оның майдан даласында көрсеткен қайсарлығы елеусіз қалмады. Жауынгер «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

1944 жылы Иван Андреевич 24-ші қыркүйектен 24-ші қарашаға дейін созылған Моонзунд операциясына қатысып, Эстонияны жаудан босатуға да өз үлесін қосқан солдаттардың бірі. Бұл ұрыста Иван Андреевич ауыр жарақат алғып, он ай бойы госпитальдарда емделуіне тұра келді. Жау оғының кесірінен Иван Андреевичке бірнеше рет ота жасап, аяғын кескен. Кейін ол протезben жүріп-тұруға үйренді.

Соғыс жайында әңгіме айтқан сайын ержүрек майдангер соңғы ұрыс даласын еске алғып, жау оғынан қаза таппай елге аман-есен оралғанын алға тартады.

– Ол зұлмат күндерді ұмытуға болмайды. Жастарға соғыс жайында үнемі айтып отыру керек. Себебі, бейбіт күннің бағасы бізге өте қымбатка түсті. Қаншама жауынгер жер жастанды. Ана жесір, бала жетім қалды. Мұның барлығы соғыстың кесірі. Сондықтан да көз көргендердің барлығы ол жайында айтуы керек. Бұл мениң де міндеттім деп ойлаймын, – дейді ардагер.

Иван Андреевич «I және II дәрежелі Отан соғысы» ордендерімен марапатталған. Сондай-ақ, ардагер ретінде Бүкілодактық ардагерлер комитетінің медалине және Бүкілодактық ардагерлер кенесінің Құрмет белгісіне ие болған.

Ардагердің соғыстан кеиннігі өмірі өз арнасымен өтуде. Ол зайыбы Ольга Васильевнамен бір шанырак астында тату-тәтті өмір кешуде. Жастық шағы мен согыс жылдарында жүріп өткен жолдары жайында Иван Андреевич бірнеше кітап, ал жерлестеріне арнап очерктер жазған. 2008-2009 жылдары жарық көрген «Тогда была война», «Дорогие мои земляки» атты кітаптарының әрқайсысында Отанға, туып-өсken жеріне, достары мен сыныптастарына, майдандас жолдастарына, ата-анасына деген ерекше бір күрметті көруге болады. Бұл да ардагердің өзіндік бір естелігі, өткен жылдардың күнделігі сияқты.

– Бейбітшілік – біздің басты байлығымыз, баға жетпес қазынамыз. Оны сақтай отыра, осы жолда өмірін қиған жауынгерлерді ұмытпай, мәнғұлік жадымызда қалдыру үшін жаздым бұл кітантарды..., – дейді ағынан жарылған ардагер.

Алма ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ



РУХЫ КҮШТІ ЕДІ

Мен бұл шаңыракқа келіп болып түскенде атамның 60-тан асқан кезі болатын. Енем жастай жол апатынан қайтқан екен. Сыйлағанымнан оның атын бір атағаным жоқ, әр уақытта апа деп өттім. Атамның аты – Койшы, енемнің аты – Құлмәш. Жас кезде басына іс түспей жастар көп нәрсөн біле бермейді ғой, мен де солардың біреуі болдым. «Сүйдім, күйдім» деген сезімге бөленип, басқаны ойламай, келіп болып түскенде ғана көп дүниеге басқаша қарауыма тұра келді. Атам, екі қайнам: ұлкені Қазиқан, кішісі Тоқтарбай төрт жаста және жолдасым Тұяқбай, бәрі де ер адамдар ғой. Жауапкершілікті сол кезде түсіндім.

Тәубе деймін, сол атам, меш қайнам Қазиқан, жолдасым үшеуі білмегенімді айтып, сыйлап, демеу жасап, жақсы өмір сүріп кеттік. Атам көп әнгімелерін Женіс мейрамы күндері ашылып айтып отыратын. Негізінен мінезі тұйық, аз сөйлейтін, кітапты көп оқитын, арабша оқып жаза билетін.

Атам да басқа азаматтар сияқты 1942 жылдың ақпанында әскер қатарына шақырылып, Отан қорғауга аттанады. Алғашқы арнайы үйрету жаттығуларынан кейін Калининград (Кенигсберг) бағытында шайқасқа қатысқан.

– «Уралап» шабуылдан, жаудың шебіне жақындағанда қос қанаттан оқ борап, еріксіз қарға бұғып жатып қалдық, зұлдаған оқ бас көтертер емес, - деп бастады әңгімесін. – Сол жақ бетте менен алыс емес жерде командир айқайлады: «Қайтсек те шепті аламыз, тұрындар шабуылға», - деп команда беріп жатыр. Ешкім қозғалатын емес, бәрі бұғып жатыр, бәріне де жан керек. Екінші айқайлағанда маған қарап айтқан сияқты болды, өйткені арамыз алыс емес. 5-6 метрдей ғана жер еді. Содан не керек, «О, Құдайым, сақтай гөр» деп іштей сиынып, «Ура, алға» деп атып тұрып жүгіре бергенім де, қалғандар да мениң соңымнан ұмтылды. Сол күні аталмын шепті алдық-ау әйтеуір.



Койшы, зайдыбы Құлмәш Рақышевтар

Тағы бір шабуылды былай деп баяндады: Орманның аргы тұсы ашық, сонда орналасқан бір деревняны алу керек болды, - деді. Командир: «Немістердін бекінісі күшті, тұнде дыбыс шыгармай еңбектеп барамыз да, таң ата артиллерия қолдап, танкілер шабуылдайды, танкілерді өткізін жіберін шабуыл жасап, бекіністерді алу керек», - деп бұйрық берді. Ертеңінде артиллерия 15-20 минуттай оқты жаудырды, танкілерді өткізіп, артынан «уралап» біз де шабуылға шықтық.

Көпке ұзамай, алдыңғы шепке жеткенде неміс солдатымен бет-п-бет келіп қалдым, қас-қағым сәтте ол сені, іә болмаса сен оны өлтіруің керек. Жан үшін жанталас «Иә, аруақ, қолдай ғөр» деп сиынып, сол немісті де, одан кейн де бірнешеуін түйреп, атып өлтірғенім бар, - деп күрсінетін.

Сонда мен шыдай алмай: - Ата, қалай сонда оларды өлтірдіңіз? - деп сұрағанымда, - Эй, қарағым-ай, кім кісі өлтіріп көрді дейсің, ол жау, фашист, сенің Отаныңды, жерінде басып алып, құлдыққа айналдыруға келген зұлым ғой. Мен қазір кішкентай ғана ақсақ шал болып отырмын ғой, ол кезде ірі, улken денелі, мықты болатынмын. Сол ұрыста көзге түссем керек, саптың алдында алғыс айтып, меіп наградага ұсынған еді, - деді.

Содан Кенигсбергке жақындағанда бір шайқаста танкінің артынан шабуылдан келе жатқанымда аяғыма жарылған минаның жарықшагы тиіш жарапанды. Шығын екі жақтан да бар, айнала қираған танкінің астына еңбектей жылжып әрең жеттім. Қан кетіп жатыр, маңайда ешкім жок, бәрі алға кеткен. Таңертең жарапанғам, міне, кеш болып келе жатыр. Бір сәтте шегініш келе жатқан екі-үш солдатты көзім шалып: «Мені ала кетіндер», - деп айқай салдым. - Қойши, сен шыдай тұр, біз қазір қайтып келеміз, - деп олар мені алмай кетті. Ішінде мені танитын бір қазақ бар, ол көрші Ольговка ауылынан. Қаруымды қолға алып, қарауылға екі-үш мәрте алып атып жібергім келді, бірақ атпадым. Қөздерімен көрді ғой, өлін қалсам, елге тірі барса сол жерде өлді деп айта барап деп ойладым.

Әбден әлсіредім, күш кете бастады, танкіні тарсылдатып қоям, біреу бар ма деп, еш дыбыс жок. Содан не керек, енді өлдім ғой деп жатқанда қаракөлеңке кезде өзіміздің жақтан бір танк келіп, әлгі мен астында жатқан танкіні тіркей бастады, сол кезде танкінің ішінен адамдар шықты. Таң қалатыным – мен тарсылдатқанда еш дыбыссыз қашшама уақыт ішінде үнсіз отырғандары. Мені тастамаңдар, ала кетіндер, - дедім оларға. Ақыры мені башняның артына жатқызып, әкеліп госпитальға тапсырды. Қаша жыл өтті, фамилиясын білуші едім, ұмыттым, госпитальдың хирургі меіп қарап көріп: - Көп

қан кеткен екен, мезгілінде көмек болғанда аяғынды сактауға болар еді, аяғында гангрена басталып кетіпті, енді өзінді аман сактау үшін аяғынды тізеден жоғары кесу керек, әйтпесе өлесің, - деді.

Жұмыр басты пенде болғасын бәріне қөнеспің, наркоз берді, онға дейін санағанымды білемін. Ояна келсем, денем мұздап тоңып жатыр екенмін, қолыммен жан-жағымды сипалап қарасам, сұық денелер, бәрі өлген адамдар. Үлкен қойма, іші, айқайлласам еш үн жок. – Е, мені де өлген екен деп шығарып тастаған ғой, - деп ойладым. Біреу-міреу естір деп тағы да айқайладым. Әлден уақытта біреу қақпаны ашып, қолында винтовкасы бар, ішке енді. Кескіні мосқалдау, коркынқырап жақыннадады. Мениң тірі екенімді көріп, шошып кейін шегінді. – Корықпа, мен тірімін, қайда жатырмын, неге өлген адамдардың арасында мын? – деп сұрағанымда: - Өлгендерді қөмін үлгере алмай жатыр, бәрін осында әкеледі. Бұл – ескі қойма, - деді.

– Хабар бер, мені алып кетсін, - деген сөзімнің артын тоспай, «Қазір», - деп жүгіре шығып кетті. Денемді ұстасам, бәрі аман, тек бір аяғым жоқ. Әлгінің қорықпай келгеніне тәүбе, бір жөні болар деп шинельді жауып, тісім тісіме тимей тоңып жата бердім. 2-3 сағат өткен шамада екі санитарка орыс қызы келіп, носилкаға салып әкетті-ау, әитеуір. Бұл сарай госпитальдан шамасы 1-2 шақырымдай жерде орналасқан екен.

– Бұл мениң екінші туған құнім болды, - деп біраз үнсіз қалатын. Мен шыдай алмай: - Ата, әрі қарай не болды? – деп сұрайтынын.

– Не болушы еді, өлілердің ішінен тіріліп келген солдат деп госпиталь шу ете қалды. Хирургте үрей жоқ, егер жоғары жаққа хабар жетіп қалса, сол кездегі соғыс заңымен қатал жазаға тартар еді оны.

Маған: «Ешкімге ештеңе деме», - деп өтіпіп, жеке палатаға орналастырып, жеке санитар бекітіп, жағдай жасады. Әбден сұық өткен, екі ай дегенде бетім бері қарады. Содан әбден айыққанға дейін емдеді. Артынан комиссияланып, бір аяқпен елге келдім. Елге келсем, үйге «қара қағаз» келген, әлдекашан батамды өткізін, мүлде өлді деп қойған екен. Қан төктің, елді қорғауға бардың, соғыс ардагерісің, ал екінші жағынан отыздан жаңа асқан шағында аяғынан айырылып, мүгедек болып, еңбекке жарамсыз болып қалсанқ, ең ауыр дүниес... сол емес пе? – деп қынжылатын. Бірақ мениң атам соған мойымай, қолынан келгенше шаруашылыққа араласып, күзетте, тракторларға су тасып, мал бағып, мүгедекпін деп отырып қалмаған. Оған бейбіт күндерде алған медальдары дәлел бола алады.

Кейіннен жол апатынан енем Кулмәштан айырылып, үш баламен қалып, өзі де сау аяғынан және айырылып, жылдан астам уақыт ауруханада жатқан. Атам да жас бала сияқты ғой, қолымызда 13-14

жыл бірге тұрды. Ақырында ажал ол кісін де арамыздан алып кетті. Ақ төсекте, мезгілмен ас-суын уақытылы беріп, соңғы сапарға дұрыс жолымен шығарып салды.

Мен жұмыста болғанда немерелерін балабақшаға бергізбей, өзінің жанында ұстап, күте білді. Оларға дойбы ойынын үйретіп, кітаптарды оқып, тыңдататын, арабша жазып, окуды үйрететін. Атамның шолақ аяғының жанында соны құшақтай бірге өскен бала-ларым мен қайындарым да, Құдайға шүкір, керекті білімдерін алып, бүтінгі күні үйлі-баранды.

Балқия ОРАЗБАЙҚЫЗЫ

БІР АУЫЛДАН – 63 АДАМ

Біздін ауылдан қан майданға 63 ер азамат орда бұзар шақтарында Отанын, атамекенін қорғауға аттанды. Алқағаштық өрендер Балтық теңізінен Қара теңізге дейін 4000 шақырымға созылған соғыс шебінің әртүрлі майдандарында, яғни жаяу әскер, теңіз әскері, артиллерия, танк белімшелерінде автоматшы, пулеметші, зенбірекші, танкист, байланысшы болып ерлікпен шайқасты. Олар әр күн сайын өліммен бетпе-бет келип, ерен ерлік пен қаһармандық қөрсетеп, бес қаруы сайланып келген фашистік жауды женді.

Мәселен, Қошқарбай Жақыпов атамыз Сталинград шайқасына, Польшаны азат етуге, Берлинді алуға қатысып, Женісті Гитлердің апанында тойлаған. Қошқарбай ата Берлин операциясының жойқындығы жөнінде: «Берлин операциясы кезінде екі жақтың бетпе-бет шайқасының кереметтігі сондай, қою қара тұтіннен күн көрінбей, сол тұтін арасында жартылай көмескі жарықта шайқастық. Біздін жігіттер адам нанғысыз ерліктер жасады, немістер де аянбай қарсылық қөрсетті. Бірақ жауды өз апанында – Берлинде ойрандадық» деп еске алып еді бірде.

Теңіз жаяу әскері қатарында соғысып, бірнеше ордендердің иегері атанған Сағынай Бейсенов Кенигсберг қамалын алу кезіндегі шайқаста екі жақтан да адам шығынының көп болғандығын: «Кішкене өзеннің суы адамның канынан қызғылт тартты. Шөл қысқан біз осы суды ішіп, толарсақтан су кешіп, өзен үстінде қоян-қолтық бірнеше шайқас өткіздік. Жағада бораған оқтан қаза тапқан адамдардың дenesін қалқан қылып қорғандық», - деп күйзеле отырып еске алатын.

«Ер басына күн туса, етігімен су кешер, Ат басына күн туса, ауызыңдағын су ішер» деген қазақ мақалы бейне осындай әке-atalарымызға арналғандай.

Ұлы Отан соғысы әкелген қасірет Алқағаш ауылы түрғындарының қабырғасын қайыстырып, жүректеріне өшпес із қалдырды. Соғысқа аттанған 63 ер азаматтың 38-і майдан даласында ерлікпен қаза тапты. 25 алқағаштық жауынгер елге аман-есен оралды. Сол аман оралғандардың жартысынан астамы I, II топтағы мүгедек болып балдақпен, кейбіреулерін зеңблігे салып, көтеріп әкелген. Соғыстан алған жарадан екі жерлесіміз елге келген соң көп ұзамай қайтыс болды.

Калған ардагерлер толық жазылуларын күтпей, еңбек майданына араласып, соғыстан кейінгі ауыртпалықты да котере білді. Олар кейінгі ұрпакқа, қазіргі біздерге әділдігімен, мәрттігімен, өмірдің қандай қызындықтары болсын жене билетін рухтарының биіктігімен және де өжет-батылдығымен, асыл қасиеттерімен тәрбиелі өнеге көрсетті.

Соғыста қаза тапқан алқағаштық жауынгерлер рухына, соғыстан аман оралып, бейбіт өмірде қайтыс болған ардагерлер рухына бас иш, тағым етеміз. Ортамызда жүрген женимпаз – ардагерлерге өмірдің жақсылығына, меінріне бөлене берініздер дейміз.

*Амантай ҚАҚЖАНОВ,
Шал ақын ауданы*

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Ұлы Отан соғысының женіспен аяқталғаны жыл сайын халқымызға қандайлық мақтаныш болса, оған қолына қару алып қатысқан майдангерлер үшін тіпті де зор мерей. Мен де осы майданғерлердің бірімін. Алайда, мен бұл мақаламда өзім жайлы емес, Кеңес Одағының Батыры атағын алған нағашым, жастайымнан өзім ғибрат тұтқан тұлға Әбу Досмұхамбетұлы тұрасында сөз қозгауды жөн санаپ отырмын.

Соғыстың үлкен зардабы миллиондаған адамдарды қырып-жойғандығында, үлкен мәдениет, экономика орталықтарын, елді мекендерді жермен-жексен етіп талқандағандығында ғана емес, не тірі, не өлі екендігін білмей, жақындарынан хабар-ошарсыз жандарды ғұмыр бойы елеңдеткен сүмдіғында да еді ғой. Оларды көздері талғанша алаңдал тосқан аналардың сағынышын айтсаңыздаршы.

Осындай хабар-ошарсыз кеткендердің бірі менің нағашы ағам Әбу Досмұхамбетов еді. Бірақ бір дерек табылмай қоймайды екен. Бұған көзім жеткені Украинаның Припять қаласынан келген пионерлер хаты еді.



Сапар ДҮЙСЕНҰЛЫ

Сенов жолдас! Сіздің хатыңызды алдым. Соңдықтан сіздің етшіген сауалдарыңызға былайша жауап беремін:

«Иә, шынында да сіздің нағашы ағаңыз Досмұхамбетов Эбу Чернобыль қаласында екінші бір батыр майор Баюкпен бірге қалалық парктегі қорымда жерленген.

Қорымды пионерлер күтімге алған. Оған үнемі тірі гүлдер қойылады.

Аудандық әскери комиссариатта Досмұхамбетовты марапаттау парақшасы және басқа да құжаттар бар.

Әбүдің шешесімен бірге келіңіздер. Сіздерді мұнда туыстардай қарсы алады. Біздің адамдарымыз Батырларға әулиедей табынып, тағым етеді. Соңдықтан сіздерді қолдарынан келгенше қарсы алады.

Бізге жету қыын емес: Киевтен 140 шакырымдамыз. Автобуспен Чернобыльға дейін жетесіздер. Егер өзенге мұз тұрмаса, «Ракета» теплоходымен келуге болады.

Шығар кезінде аудандық әскери комиссариатқа немесе аудандық партия комитетіне немесе аудандық атқару комитетіне жеделхат салып хабарласыңыздар. Сөйтсেңіздер мұнда сіздерді қарсы алады.

Өкінінке қарай, қазір суреттерін сала алмаймын. Өйткені прокуратурда суреттерді даярлайтын мамандар жоқ. Кейін олар даяр

Бұл оқиға 1966 жылы болған. Сол жылдың жазында бұл уақытқа дейін жерленген жері белгісіз Әбүдің бір дерегі табылғандай болды. Нағашыларға пионерлер хат жазып, осы хабар маған жеткен соң оларға әдейі бардым. Жасы 70-тер шамасы еди.

Хатты Чернобыль қаласындағы №2 мектептің пионерлері жазған екен. Хатта Әбүдің зираты сол қаланың паркінде екенин, пионерлер зиратты күтімге алғанын, гүлшоқтарын қоятынын, қорымда басқа да зираттардың барын жеткізе жазыпты.

Мұны көрген соң көңілім толды. Дегенмен де, анықтап алу үшіп мен Киев облысы Припять қаласының аудандық прокурорына өтініш жаздым. 1966 жылғы 27 қыркүйекте одан жауап келді. «Құрметті Дүйсенов жолдас! Сіздің хатыңызды алдым. Соңдықтан сіздің етшіген

болған соң салуға тырысамын. Көріскенше күн жақсы. Сізге деген сәлеммен аудан прокуроры Н.Я.Жман» деп қолын қойыпты.

Міне, осы хат тұрткі болды және нағашы апамның «Не қылсаң да мені баламның жатқан жеріне апар. Көзімнің тірісінде көріп қалайын» деп қадап айтқан өтініші әсер етті де, мен апарамын деп келісімімді бердім.

Бізге еріп Әбүдің Қапар деген інісі де баратын болды. Баласының қайда жерленгені туралы хабар жетісімен апам тас-түйін бекініп алған. Өйткені, өзара кеңес болғанда «Шіркін, қайда жерленгенін білсек қой. Басына мінәжат етер едік» деп сыйланып жүретінбіз.

Осы жерде сәл шегініс жасап, Әбүмен жақындығымды тарқата түскім келеді. Әбүдің әкесі менің шешем Жамалдың туған інісі еді. Марқұм Әбу де, басқа туыстары да қазақтың жиенін ренжітпейтінін әдетімен мені еркелетін, қатты сыйлайтын. Сол сыйластықты мен де айрықша бағалаушы едім. Сондықтан ойланбай келісім бергенім.

Сол 1966 жылдың қазан айының басында Қапар, нағашы апам үшеуміз жолға шықтық. Киевке келген соң (поезд ертелетіп келеді екен) такси жалдан облыстық әскери комиссариатқа жеттік. Әскери комиссардың өзіне кіріп, жағдайды айттым. Ол кісі Хилинский деген генерал екен. Ертеректе Семей маңында қызметте болыпты. Әңгіме барысында Қазакстанды жақсы білетіндігін айтып отырды. Бір кезде:

– Батырдың анасы қайда өзі? – деп көмекшісін шақырып алып: - Барыңыз, ана кіслерді алып келиңіз, деді.

Апамды есіктен кіре жылы шыраймен қарсы алып, амандасып, қолтығынан демеп төрге шыгарды. Тағы да кеңесіп отырдық.

– Мен сіздерді өзімнің қызмет машинаммен апарып салғызамын және аудандығы әскери комиссарға телефон соғамын. Жүргізушім кенсөн біледі.

Ол сөздерді айтып ризашылығын білдірді, бізде ілтипатымызды айтып Чернобыльге аттанып кеттік.

Чернобыльге жетісімен бізді ауданның әскери комиссары Николай Николаевич Дейнега деген кісі қарсы алып, машинадан түсірмesten аудандық партия комитетіне алып келді. Бірінші хатшы хабарланған екен, бізді аса ілтипатпен қарсы алды. Сәлден соң бірінші хатшы Дейнегаға:

– Бұл кіслер жолсоқты болған шығар. Әсіресе, Батырдың анасы шаршаған болар? – деп ишарат жасап еді, анау конакүйдің және дәмнің даяр екенін айтып салды.

Аты-жөні Павло Григорьевич Могила болып шыққан бірінші хатшы бізге жазушы Вершигораның Украина партизандары туралы жа-

зылған «Ары таза адамдар» деген кітабын сыйлайды. Сол кітаптағы кейіпкерлердің бірі бізді қарсы алған П.Г.Могила осы болды. Бой, тұлға жағынан кемшін емеспін деп ойлайтын мен Могиланың жаңында таудың қасында төбешіктей ғана екенмін. Бойы екі метрден асатын керемет.

Сонымен, Чернобыль жеріндеміз. Ертеңіне Дейнеганың өзі келін, бізді парктеңі қорымға әкелді. Онда қатарласқан екі зират көзге түсті. Біріндегі құлпытаска көз салдым. «Кеңес Одағының Батыры Әбу Досмұхамбетов» деп жазылыпты. Екінші құлпытастағы жазуда былай делініпти: «Кеңес Одағының Батыры Петр Ксенофонтович Баюқ». Осы жерде бізді мектеп оқушылары қарсы алды.

Чернобыль қаласында үш орта мектеп бар екен. Біздің келгенимізді естіген бұл мектептер айырықша даярланыпты. Болатын күндеріміздің кестесін алдын ала жасап қойыпты. Соған орай күніне бір мектепте боламыз. Олар қаланы аралатады, содан соң жақын арадағы селоларға апарады. Эйтеуір, жақсы демалуымызды қалайды. Күнде кешке аудан басшылары бірінші хатшы бастап 7-8 адам құрамында асханада қонақасы береді.

Біз де құрқол келмегенімізді сездіріп, кештің бірін бізге қиуды өтіндік. Келісімін алған соң қазақша дәм беру ниетімен Қапар әскери комиссариаттың бір офицерін алып, жақын маңдан қой сатып алдық та асханаларында қазақша дәм татырдық.

Бір реті келмеғені бізді бастапқыда қарсы алған генерал «Қайтар жолда хабарласыңыздар» деп еді, оның бұл өтініші аяқсыз қалды.

Сол бес күннің шінде талай әңгімелер айттылды. Мысалы, немістер қаланы басып алғанда П.Г.Могила мұғалім екен. Ол партизан отрядына қосылып, кетіп қалыпты. Эйелін, бір ұлын немістер табанды атып тастаған. Бақсақ, кеншардың бұрынғы төрағасы немістерге полицай болып қызметкө кірген де ол кімдердің партизандарға қосылғанын, олардың отбасыларын айттып берген екен. Бірақ, ол жауыз партизандардың кекті қолынан құтылмапты. П.Г.Могила отбасының соның көрсетуімен опат болғанын естіген соң қайратына мініп, әлгі жауызды ұрлап әкеткен де әділ жазасын берғен. Осы әңгімені бізге айта отырып, ол алпамса денесімен көзіне жас алғаны әлі есімде.

1982 жылы прокуратура органдарының құрылғанына 60 жыл болған мерекеге орай маған осы органның «Құрметті қызметкери» деген атақ берілліп, мен осыған байланысты Мәскеуде өтетін салтанатты жиналысқа қатынасатын болдым. Сол жиналыстан соң Әбидің зиратына екінші рет барудың сәті түсті. Бұл жолғы барғанымда Женістің 30 жылдығына байланысты паркте жөндеу жүргізіліп,

қыруар өзгерістер жасалған екен. Зиратты «Батырлар аллеясы» деп атапты да, Әбүдін, Баюктің есімдері жазылған қара мәрмәр тастар қойыпты. Сонымен бірге тақта орнатылып, онда осы қалада соғыста қаза болған азаматтардың есімдері жазылыпты. Әбүдің есімі қаланың бір көшесіне беріліпті. Көгалдандырылған, көз тартатын әдемі көше екен. Ішім жылып кетті. Украиналықтар соғыстың зардабын белшесінен тартқан халық қой. Сондықтан олар өз жерін қорғаган батырларды ұлтына қарамай өлердей құрметтейтінін анғардым. Осы қаладан 18 шақырым жерде атом электр станциясы орналасқан. Аудандық партия комитетінің бөлім бастығы Евдоchenko деген азамат пен бірге осында болдым. Әйткеін, құшақтасқан қос батыр Әбу мен Баюқ осы жерде мерт болған. Менің батырлардың опат болған жеріне барып бас июімнің мәні осында еді.

Сол жылдың жазында Киев облысының Припять қаласынан «Красная гвоздика» қызыл ішілдер клубы маған хат жазды. Онда балалар осы клубтың сегіз жылдан бері жұмыс істеп, 13-ші армияның II-ші дәрежелі Суворов орденді 8-ші Қызыл тулы Ямпольский атқыштар дивизиясы туралы деректер жинастырып жүргенін, сол ретте Припять плацдармы үшін соғысқан жауынгерлердің туыстарын іздестіруді қолға алғанын жазады. «Біз Кенес Одағының Батыры аға лейтенант 2-ші ротаның командирі Әбу Досмұхамбетовтің туыстарын таба алмадық», дейді оқушылар.

Оқушылардың осы хатынан мен олардың бұған дейін біздің Чернобыльде болғанымызды газеттен оқып билгенін анғардым.

Ал сол 1982 жылы 14 маусымда маған Чернобыль аудандық партия комитеті үгіт және насиҳат бөлімінің менгерушісі Евдоchenko хат жазып Қазақстанның Ленин орденімен марапатталғанына орай құттықтауын жеткізіпти. Осы хатында ол Чернобыльде болған кезіміздегі суреттерімізді салыпты.

Міне, бауырлас халықтың жерін зұлым басқыншылардан қорғау жолында қаза болған қазақ батыры мениң нағашы ағам Әбу Досмұхамбетовке Украинада көрсетілген құрмет осындей. Мұны мен ерлікке тағзым деп ұқтым. Иә, бұл ерлікке мәнгілік тағзым екені рас.

*Сапар ДУИСЕНҰЛЫ,
соғыс және еңбек ардагері*



Біз тез жиналып, дайын болдық. Даалаға шықсақ, күн түтеп тұр, түкірік жерге түскісіз үскірік. Бір сәлден кеін, тіпті, жел ұрып, қар жауып, бұрқасын боран да басталып жүре берді.

ЧТЗ тракторына төрт зенбіректі тіркең, екі аяқты арбаларымыздың снарядті толтыра салып, Песчанка селосына қарай жүрін кеттік. Көп ұзамай-ақ алдымыздың сорайған бір қара көрінді. Мен ақырын ғана сөйлеп «кананы қарандар!» деп, сорайғанды көрсегім. Федоров көре салды да, көп ойланбай:

— Бомбадан құламай, сау қалған пештің мұржасы шығар! – деді.

Мен Хұсайыновқа сыйырлап:

— Сен бұл етпей осы арада тұр. Бірақ бізден көзінді айырма. Егер Федоров екеуміз немістермен атыса бастасақ, тез Медведевке хабар бер! – дедім де, Федоровты жаныма ертіп алып, жүрін кеттім.

— Келсек, әлгі сорайған қара, Федоров айтқандай, пештің мұржасы екен. Үйдің қалдығы үйлін жатыр. Эрірек жүріп едік, бәрі сол жанып кеткен, құлап қалған үйлердің орны, бірақ үстерін қалың құртік қар басқан. Енді осы арада Песчанка селосының болғандығына көзіміз толығынан жетті. Федоров екеуміз 200 метрдей тағы да алға қарай жүрін едік, үстін омбы қар басқан көп қамбаларды көрдік. Немістердікі. Ақырын еппен ішіне түсіп, қол фонарьмен байқап едік – ешкім жоқ. Екінші, үшінші қамбаларды да осылай аралап шықтық. Бірінде де тіршіліктің белгісі білінбейді.

— Ал кеттік! Батарея, бәрің алға жүріндер! – деп әлгі қамбалар жаққа бастап жүре бердім. Бәрі де соңыма ерді. Бір ең үлкен ұқыпты жасалған қамбаны тауып алып, ішіне секіріп түстім. Бұрышында темір пеш тұр.

Хұсайыновқа:

— Снаряд салған жәшіктердің бір-екеуін босатып алып кел! – дедім.

Ол жәшіктерді сындырып, дайындаған тез алып келді. Екінші бір солдат, қамбаның үстіне шығып, темір пештің мұржасын ашып, қардан арылтты. Пеш қып-қызыл болып қызды. Жүргттың бәрі де секіріп түсіп, жылынып жатыр. Көрші қамбалардың тағы біреуін осылай етіп жылыттық. Кейбір қамбалардың ішінде дайын отын да бар екен, соны жағып, пешті маздата бастадық.

Төрт жауынгерден жарты сағат сайын ауысып отыратын кезекші де қойдық. Шаршаған солдаттардың кейбіреулері қамба ішінде жылынған соң қорылдап үйқытап та кетті. Мені де тәтті үйқы билеп әкетті.

Бір уақытта біреудің қатты айғайлап, «атойлаған» дауысынан оянып кеттім. Орнынан атып тұрдым да, жанымда шырт үйқыда жатқан Медведев пен Сухоруковты ояттым да даалаға жүгіріп шықтым. Федо-

ҚАЙРАТТЫ ҚАРИЯ

Соғыс жарасы уақыт өткенімен еш жазылмайды, қайта-қайта жанғыра түседі. Қариялар азайып келеді. Әсіресе, соғыстың бел ортасында болғандар сиреп барады, саусақпен санарай бірек-саранғана қалды. Біз сөз еткелі отырған сексендергі Мырзабай қарияның өзі 17 жасында әскерге ілігіп, соғыстың аяғындағана кәмелетке толса, онда одан үлкендері әлдекайда картайып, о дүниелік болып кетті. Мырзакенден кейінгілер соғыс жайында естігендерін ғана айтатын болады.

Енді аз да болса Мырзекен жөнінде сыр шертеік. Қасымов Мырзабай 1925 жылы Айыртау (бұрынғы Володар) ауданының Жетістік ауылында дүниеғе келген. Аталмышты аудан бірде Караганды, бірде Ақмола, бірде Қекшетау облыстарына қарап келді. Бұғандегі Солтүстік Қазақстан жеріне ауысты. Мырзекенің әке-шешесі ұжымдық шаруашылыққа мүше болған, орта деңгейде өмір сүрген адамдар. Экесі Қасым Шопабайұлы ерте 1934 жылы дүние салады, шешесі Кулбарышын Үмбетқызы бертін 1980 жылы, ұзак ғұмыр жасап қайтыс болады. Шиеттей бес баланы асырап, тәрбиелеу осы анасының үлесіне тиеді. Сол балалар өсіп, жетіліп, аман-сау жүргіп жатыр.

Мырзабай Қасымов Жетістіктегі бастауыш мектепке (төртжылдыққа) түсіп, оны бітіргеннен кеин тұрмыстың ауыр кезеңіне қарамастан жақын жердегі көршилес Мәдениет ауылындағы орталau (жетіжылдық) мектептің 5-сыныбына окуға түседі. Одан кейінгі орта білім алатын оку орыны – Казгородок елді мекені болатын. Ол кейін Сырымбет атанды. Бұл жерде бұғандегі атақты Шоқанның мұражайы орналасқан, одан әріректе – Сырымбет тауы етегінде Шоқанның әжесі – Айғаным ханшаның мекен-жайы жайғасқан. Мырзекен қақаған үскірік аязда, бұрқаған борандарда жаяулап-жалпылап осында окуға барып жүрген, кейде жақын деген туыстарының үйінде (осы ауылда тұратын) қонып та жүрді. Кейін бұл мектеп жанынан интернат үйімдастырылады. Нұржан Әуелбеков деген кісі (кәдімгі Еркін Әуелбековтың әкесі) осы мектептің директоры болып, балалардың білімін де, тәрбиесін де өз дәрежесінде ұстаған екен.

Кырық бірінші жылы соғыс басталады. Он бес жасар буыны қатпаған жас жігіттер оқуды тастан, ұжымдық шаруашылық жұмыстарына араласып кетеді, тым-тырақай тарап, ауылдарына оралады, оку деген көзден бұлбұл үшады. Егін егу, жемшөп дайындау, малдарды құту сияқты ұшы қыры жоқ жұмыстарға белсене араласып кетеді.

Осы жастар он жетіге толысымен-ақ, яғни 1943 жылдың қаңтар айында аудандық әскери комиссариатқа шақырылады, онда әскерге аттандырылатындығын хабарлайды. Мырзекенің ойында әскерге алмай қайтарып жібере ме деген күдік те бар еді. Өйткені сапқа тұрғызғанда ең соңында болатын, бойы қысқа. Батысқа барып немістермен шайқасуды ерлік деп түсінді ме, әлде әлі де «соғыс ойын» деген балалық ойдан арыла қоймағандығы ма, әйтеуір соғысқа барғысы келеді.

Бірақ ойлағанында болып шықпады, әйтеуір әскерге алынды. Батыс емес Шығысқа аттанады. Соғыс ойын емес, азап екенін кейін ғана түсінеді. Сөйтіш, қырық ұштың басы – қаңтар айында Кызыр Шығысқа бет алады.

Содан Мырзекен Қызылжардан отырып, Өмбы, Новосібір, т.б. қалаларды басып өтіп Борзе деген стансаға тіреледі. Сол жердегі 74-ші аялдамаға жайғасып, онда бір айлық «карантин» деген міндетін атқарады. Бұл әскери дайындықтың алғашқы сатысы: қару-жарақты қолдану, ату, жату, тұру, жүгіру сияқты солдатқа қажетті жаттығуларды т.б. әскери тәртіптің соғыс алдындағы шарттарын үйрену еді. Бұл жөнінде Мырзекен былай дейді: «карантин» біткен соң бәрімізді моншаға түсірді, аяғымыздан басымызға дейін солдатша киіндірді. Ескі киімдерімізден пышпақ та қалмады. Етік, шүлғау, орамал, көйлек, шалбар, белбеу, гимнастерка, шинель, малакай бәрін де деңемізге шағын етіп берді, киіндік. Адам санатына қосылғанымызды енді білдік, өзімізді-өзіміз айнадан көріп, танымай қалдық, бәріміз де біркелкі болып шыға келдік.

Осы жерде Мырзекен атқыш, радиист-телеграфист деген қысқартылған курстардан өтіп, маманданады. Біраз солдаттарды сол жерден Батысқа аттандырады. Мырзекен сол кезде ауырып, госпитальде жатыр екен, жанталасып, сапқа тұра қалады, бірақ командирі оны таңып қалып, жатқан госпиталине күп жіберіпти. Сөйтіп, Мырзекене Батысқа бару сәті бұл жолы да түспепті. Дегенмен, осы кезде жапондар да жай жатпапты. Кеңес Одағының шығысынан дүркін-дүркін оқ атып, әлсіп-әлсін тиісе берген. Жалпы шығыс майданын ашуға дайындық жасап жатқан кез еді.

Мырзабай Қасымов Шығыста құрылған №143 атқыштар дивизиясының №673 полкына қабылданады. Бұл Байкал майданына қарасты әскери құрылымдар болатын. Шығыс майданын соғыс кездері басқарған Мерецков, Малиновский, Василевский сияқты атақты маршалдар, Туркаев сынды армия генералы т.б. болатын.

Жапония армиясы Кеңес Одағының Қытаймен шекаралас (Манчжурия) жерінде бұған дейін де талай қақтығысып соғыс ашқан еді.

- Есінізде қалған бір көріністі айтсаңыз.

— Таулы жер еді. Бір қыраттың етегінде жаттық. Жапондар бізге қарай ДЗОТ-тан оқ жаудырып тұрды. Командиріміздің кезек-кезек жіберген екі кісісі де оққа ұшты, каза болды. Ұшіншіде менің ке-зегім келді. Аллаға сыйынып, ДЗОТ жанынан еңбектеп жүгіре өте беріп, екі гранатаны бірінен соң бірін тез лақтырдым. Пулемет үні өшті, жаудың беті қайтты. Осыдан кейін біздін батальон аман-сau штабқа оралды. Осы жолы маған «Ерлігі үшін» медалін берді, одан кейін мениң «Жапондарды женгені үшін» медалімен марапаттады...

1945 жыл. Қектем. Соғыс аяқталды. Жапондар да ат-айылын жи-нап, әрі қарай құресуге дәрмен жоқ дегендей еліне қарай кете бастады.

Соғыс аяқталғаннан кейін әскери бөлімшелерді, оның ішіндегі соңғы келген солдаттарды Киыр Шығыс ішкі істер әскери бөлімдеріне топтастырып бекітеді. Мұндағы мақсат – Транс Сібір темір жолын одан әрі жалғастырып, Байкал мен Амур, Комсомол қаласы аралықтарына алғаш тар табанды темір жол тармақтарын салу. Мырзекеннің атқаратын жұмысы – конвойлық, яғни сотталғандарды вагонға отырғызу, бір жерден екінші жерге апарып тұсіру, күзету, жұмыс орнына оларды табыс ету болған.

Мырзабай Қасымовтың жоғарғы лауазымды әскери атағы да жоқ, небары сержант қана. Ол Ұлы Отан соғысы орденімен марапат-талған. Оның кеудесінде Ұлы Отан соғысындағы Женістің 40, 50, 55 жылдығы, еңбек және соғыс ардагері, қарулы күштердің 70 жыл-дығы, маршал Г.К.Жуковтың туғанына 100 жыл толуына арналған медальдар жарқырайды.

Ғалым ҚАДІРӘЛІҰЛЫ

ТЕКТИҢ ТҰЯҒЫ

Бабасы Құлеке батырдың айбынын асырып, Шал ақындей ел сер-кесінің есімін ардақтаап отырған бұқыл аудан жұртшылығы ортасында Уәп Латыпұлы Латановтың беделі зор. Есілдің аю тасты оң қабағын қоныс еткен Құлеке батыр үрпағы алты алашқа аты мәлім әйгілі ақын Шал есімінің ауданға оңайлықпен берілмегенін біреу білсе, біреу біле де бермес. Басында өңбестей көрінген осы бір жақсылық істің туын көтеріп, тіпті әу бастан осы ойды ел санасына жеткізіп, езі соған мықтап сеніп, сол арманды өмірлік мұрат ісіне айналдырып, ерінбей-жалықпай құрес жүргізген де осы Уәкен. Алдымен тоқса-ныншы жылдардың басында республикалық «Жұлдыз» журналында проблемалық мақала жарияладап, сосын ақын атын қонысына



Үәп Латанов

бера туralы ойын Қазак ғылым академиясына, сол кездегі республика Жоғары Кеңесіне және ономастика комиссиясына жеткізген Уәкең бір тынбай, өз қолдаушыларын таба білді. Алайда тауы алыстағы Алматыда емес, өзінің аудандық және облыстық халық депутаттары кеңесінде шағылған ақсақал еліміз егемендік алып, буны бекіген кезде ғана сол мақсатына жетті. Әрине, ел мұратына айналған абзal істі тау көтерген Толағайдай бір өзі атқарды деуден аулақпрыз. Бірақ, қал-қадірінше сүбелі үлес қосқанына дау жоқ. Бүгінде соған лайық Шал ақын ауданының орталығы Сергеевка қаласының күрметті азаматы деген атағы бар.

Біз Үәп ақсақалдың кең сарайдай

үлкен үйінің бір бөлмесінде әңгімелесін отырмыз. Элі қымылы ширак, ойы серғек ақсақал әңгімесін әріден, сонау балалық шағынан бастады. Әкесі Латып еті тірі, еңбекқор адам болған екен. Содан да шығар, отызыншы жылдары жеті тұтінді біріктіріп, осы Қаратал ауылында тұнғыш артель құрыпты. Ашаршылық алқымнан алып тұрған сол ауыр жылдарда жер өндеп, астық өсіріпті. Артельге қазіргі Жаңаталап ауылынан Көбелек балалары Әміржан, Кәрімжан, Қайранас, Ақпанбай баласы Сәлтайлар мүше болған. Ал, өзінің Қараталынан – Жакыптың Ахметжаны, Қамбардың Ахметбекі, Смағұлдың Шәріоі және Дәүлетбай балалары. өзі Латып пен Қарып мүше болған.

Ісі тиянақты, сөзі өтімді болғаннан шығар, оларға Сергеевкадағы орыс достары сенім көрсетіп, жер өндейтін, егін себетін құрал-саймандарын жалға беріп келген. Сөйтіп, еғін егіп, астық бастырған артель мүшелерінің тұрмысы да түзеле бастайды. Сол кезде Қазақстан басшылығына Голощекин келіп, «аша тұяқ қалмасын» деген зобалаң туады. Оның соны 1932 жылғы ашаршылық нәубетке соқтырғанын білеміз. Осындай қыын-қыстау заманда өзінің басына бұлт үйірілерін біле тұрса да, шыдамаған Латып аштықтан қырылуға айналған ауылдастарына дорбалап бидай таратқан екен. Әйтеуір құдай сақтап, аштық пен қасқунемдіктен емес, көп жылға созылған науқастан 1935 жылы дүниеден өтті.

Сонда Уәкен Қаратал бастауыш мектебін бітірген, әлі бұғанасы қатпаған бала еді. Оқуға талабы зор жас түрмистың қынышылығына қарамастан білімін жалғастырып, көрші Исаев колхозындағы мектепке барды. Бүгінде Мәркен Ахметбеков атындағы бұл мектеп қазақша білім беретін тәніректегі жалғыз оку орны. Онда бір шеті Бестөбеден Өрнекке, Еңбектен Балуанға деінгі ауылдың балалары жатақханада жатып оқитын. Окуын сәтті жалғастырып жүрген Үәп тоғызыншы сыныпты бітірген жылы Ұлы Отан соғысы басталады.

Отанға каяіп тәнген сол бір сындарлы шакта елдің арқа сүйер азаматтары майданға аттанып, ауылдағы жұмыстың ауыртпалығын кәрі-күргандар мен әйелдер атқаратын еді. Соны көзі көре тұра шыдамы жетпеді, оқуын тастап, туған ауылында есепшилік жұмысқа енді. Сөйтін, өмір оны өз иріміне алып, бейнеті мен зейнеті мол еңбек жолы басталып кетті. Соғыстың екінші жылы оны аудандық оку бөлімі шақыртып алып, мұлде мұғалімсіз қалған Алқағаш ауылындағы мектептің жұмысын жолға қоюды тапсырды.

Қазір ойлап отырса, ол да бір қызық дәурен екен-ау. Тоғызыншы сыныпты ғана бітірген бозбала ауылдың мектебіне ие болып, жүктелген міндетті тез игеріп кетті. Оны айта берсе көп әңгіме, ал алдынан тәлім алғандардың ішінен Аманжол Қошановтай елге таңылған академик ғалым және Ленин орта мектебін ширек ғасыр басқарған маркү Шекен Қасымовтай ағарту ісінін үздігі шыққанын мақтаныш ете алады.

Ер азаматтың басына түскен ауыр сын – қанды майдан жолы Үәкенді де айналып өткен жоқ. Соғыстың үшінші жылы жасы он сегізге толған ол мамыр айының соңында әскер қатарына шақырылып, алдымен Самарқант қаласындағы оку-жаттығу орнында әскери дайындықтан өтті. Ел тағдырының қыл үстінде тұрған шағы емес пе, көп найқалуға уақыт жоқ, екі-үш айлық жедел әзірліктен өткен Үәкенің бөлімі батысқа бағыт алды.

Көп ұзамай бірінші Украина майданының құрамына соғысқа енді. Неміс басқыншыларының әлі де оегі онша қайта қоймаган, темір құрсауға сенген адудынды кезі емес пе, әрбір елді мекен үшін болған шайқас екі жақты да есенгіретіп, силікпесін шығартын.

- Соғыс жайында жазылған нәрселер көп қой, мен өз басымнан өткөрген бірер жәйтті әңгімелеп берейін, - деді карт майдангер.

- Шайқаса отырып шегінген жау Днепр өзенінін батыс жағалауына өтіп бекініс құрды. Көпірлерді жарып, өткелдерді миналан тастаған. Қундіз шабуылдан нәтиже болмасын түсінген басшыларымыз түн қараңғылығын күтті. Судан өтер сал қайық сияқты құралдар

дайындалап, шабуылға әзірлендік. Қараша айының құзғы сұйек-тен өтеді, от жағып, темекі тартуға тыйым салынған. «Алға» деген команда берілсімен қайықтар мен салға отырып қарсы жағалауға бет алдық. Шабуыл күтіп отырған жау бейғам болсын ба, аспанға жарықты ракеталарын атқылап, өзен үстін күндізгі дей жарық етін жіберді. Сосын зеңбіректер мен минометтен атылған оқтар су бетін қайнатып жібергендей болды. Бір кезде оған бомбалағыш ұшақтар келін қосылды. Дүние астан-кестен болды да кетті. Бас сұғып паналар окопы жок, судағы жауынгер мұндай дәрменсіз болар ма? Оны бастан кешкен ғана ұға алады.

Біз он бес шақты жауынгер ұзын сиректармен салды итеріп жанталасудамыз. Бір мезетте мина ма, әлде снаряд па білмеймін, әйтеуір жанымызда болған жарылыстан салымыздың быт-шыты шықты. Тірі қалғанымыз жан-жаққа шашырап суға батып барамыз. Үстіміздегі киим мен қару-жарак су түбіне тартады. Өмірдің таразыға түскен жері осы, жанталасып, аяқ-қолдарымды қимылдатып су бетіне шықтым. Құлай сәтін салғанда ағып келе жатқан бөренеге кез болдым. Оған жабысқан жалғыз мен емес екенмін, тағы екі жауынгер бар үшеуlep әйтеуір жағаға жеттік. «Жұз жыл қырғын болса да, ажалды ғана өледі» деген емес пе, табанымыз жерге тиісімен үлкен шабуылға қосылып, құстай ұшып жау шебіне жеттік. Үсті-үстіне үдеген шабуыл екпініне шыдамаған жау кеинін шегінді. Осы ұрыстардан кеинін екінши дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталдым, алдында «Ерлігі үшін» медалин алған болатынын, - деді карт майдангер.

Днепрден кейін Уәкенниң есінде қалған тағы бір ауыр шайқас – Украинаның астанасы Киев қаласын жаудан азат етуге байланысты болған ұрыстар. Ол осында алғаш рет үлкен жарақат алды. Корсунь – Шевченко іннінде дүшпанның он бір дивизиясы қоршауда қалып, оны жанталаса бұзып шығуға тырысты. Бірақ Кенес ескері оған жол бермей, майданның ұрымтал жерін іздеген фашистерді ондырмай мандайдан соғып, тоз-тозын шығарды. Осындаі бір қантөгіс сәтте жақыннан жарылған снаряд жарықшағынан Уәкен өте ауыр жарақат алды. Содан Пенза қаласындағы госпитальға түсіп, онда алты ай емделіп, сауықкан соң Пугачев қаласында жасақталып жатқан атты ескерлер артиллериясы полкына жіберілді. Ол осы полктің құрамында Шығыс Пруссияға дейін жетті.

Жеңісті 1945 жылдың ақпанында бөлім басшылығы бірнеше жауынгерді іріктеп Горький қаласындағы радистер даярлайтын мектепке жібереді. Уәкен солардың қатарынан табылып, курс аяқталар шақта жеңістің куанышты хабарын естіді.

Сол жылы қыркүйек айындағы Жоғарғы Кеңестің мұғалімдердің әскер қатарынан босату туралы қаулысына сәйкес елге оралған Уәп Латыпұлы бірден бейбіт еңбекке араласты. Алдымен аудандық статистика басқармасында шамалы уақыт еңбек етіп, артынан аудандық байланыс торабына ауысып, осы мекемеде он жылдан дай қызмет атқарды. Онда ол қатардағы байланысшыдан аудандық байланыс торабы бастығына дейінгі өсу жолынан өтті. Сол бір жолдардың тыңға түрең түскен жылдармен тұспа-тұс келуі Уәкеңнің өмірінде айшықты із қалдырыды. Аудандағы елді мекендерді байланыс жүйесімен қамтамасыз етуде үйқы-күлкі көрмей, тұн қатып жүрген кездері қаншама. Осы төңіректегі жаңа коныс тепкен кеңшарлардың барлығында ол бастаған байланысшылар еңбегінін қолтаңбасы күні үтгінгі дейін сайрап жатыр.

Ел сенімінен табылған майдангерді 1958 жылы аудандық партия комитеті кеңес жұмысына ауыстырды. Онда ол жиырма жылдан астам еңбек етсе, оның он төрт жылында аудандық атқару комитеті тәрағасының орынбасары қызметінде болды. Жетпісінші жылдардың бас кезінде Сергеевка су қоймасын салу жөнінде үкімет қаулысы шығып, аудан орталығы Марьевка селосын Сергеевкаға көшру қолға алынды. Осындай қауырт, жауапты шақта түрғындар арасында түсінік жұмыстарын жүргізін, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелердің оң шешімін табуына Уәкеңнің сіңірген еңбегі зор. Әйтеуір, осы тың теңізі аталаған Сергеевка су қоймасы оның өмір жолымен сабактастып келеді. Атақты бабалары бейтін өз қойнына алған жасанды теніз айдыны ғана түк сезбейтіндей момақан қалпымен Аютастың жарлы қабағын ақырын ғана соғып жатыр.

Уәкең зейнет демалысына осы су қоймасы бастығы қызметінен шықты. Ұзақ жылғы мандай тер мен ақ адад еңбегі елеусіз қалған жоқ. Майдандағы марапаттарынан басқа, екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен, «Тың және тыңайған жерді игерген үшін» медалімен құрметтелді. Ал, Уәкең үшін бәрінен де қымбаттысы өзі туып-өсken осы жердің құрметті азаматы атанғаннан артық марапат жоқ. Ол за-йыбы Құлпәшпен 56 жыл тату-тәтті ғұмыр кешін, екі ұл, бес қызы тәрбиелеп өсіріп, немерелері мен жиендерінің қызығына кенелін отырғанын өмір бақытына санады.

Қойшыбай ШӘНИЕВ



МЕН БІЛЕТІН СҮМ СОФЫС



Кәрім Қуантаев



Зейне Қуантаев

Майданнан кеин туган біздің ұрпактың санасында Ұлы Отан соғысы ерекше орын алады. Өйткені, өмірдің еш мәйінсін түсінбейтін сәби жасымыздан бастап соғыстың қатыгездігі, сүмдық әлпеті алдымыздан шығатын. Мениң әкемнің оң аяғы тізесінен бүгілмейтін. Жүрсе жамбастан тұра сілтеп, отырса алдына созып, сау тізесін ғана бүгетін. Сонысын түсінбей, екі тізесіне ыңғайланып отырғым кеп: «Ата (әкемді солай ататынмын), мынау аяғынды да көтерші», деп сұрайды екенмін. Ол: «Құлым, бұл аяғым бүгілмейді ғой», дейді де қояды екен. Ал анамның: «Әкелерің соғыста жаралы болған. Атаңа налет немістің істеңгі ғой» дегенин төрт-бес жастағы мен кайдан түсінешін. Эйтеур, талағым орындалмайтынын ғана ұққандаймын. Кейін есейген кезімде отбасымыздағылар мениң осындағы қылыштарымды айтып құлісетін.

Сәл ақыл кіре бастаған шағымда біздің Майбалық ауылында аяғы кем жалғыз мениң әкем емес екенін анғардым. Көршіміз Бимырза Шібітөв те аяғын сүйретін жүреді, жеткен жерінде көбіне тік отырмай, жантая кетеді. Нояның әкесі Әшім ағай да, дүкенші Бекет Мәкенов аға да ақсан басатын. Ал қарт мұғалім Баян Рамазановтың, Тұяқбайдың әкесі Койшы Рәқишевтің, бөлімнен есепшісі Сейтқали Баймақановтың бір аяқтарының орнына – ағаш протез. Көшеде келе жатқандарында сықыр-сықыр етіп зәрең ұшырады.

Әсіресе, жиынға барған үйлерінде әлгі «ағаш аяктарын» ағытып тастап бөлек койғанда денен тітіркенип, біртүрлі боласың. Тегі, оларды адамның бір тірі мүшесіндегі қабылдағанбыз ғой. Сондықтан да болар, тозығы жетіп қоқысқа тастаған протездерімен ойнап жүрген бала көртген жоқ сияқтымын.

Майбалықта соғыс мүгедектері аз болған жоқ, қолдарынан кемтарлардың өздері бірнешеу, ал снарядтың жарықшагы Орақтың әкесі Әмен Ысқақовтың бас сүйегінің біраз жерін алғып кеткен, сондықтан төбесінің біраз жері солқылданап тұратын.

Мектепке барғаннан кейін, әрине, өткен сұрапыл соғыс туралы біраз билетін болдық. Ол жылдарда мектеп тәрбиесі де, клубта көретін киномыз да соғыс, ерлік, женіс тақырыптарында еді ғой. Солардың әсерімен біз отансұйғыш, намысшыл болып өстік десек те болады. Баланың аты бала емес пе, ойынға жиналсақ, екіге бөлініп, қуыс-қуысқа жасырынып, қолымызға көрінген қисық темір-ағашты алғып, «совет» пен «неміс» болып «атысамыз» да жатамыз. Онда, әлбette, «совет» жағы женеді, ал амалсыз «неміс» болғандар келесі жолы «совет» болатын кезеғін мазасыздана күтетін.

Шамасы, сегіз-тоғыз жастағы кезім. Әжем Кәлен біздің үйге келіпти. Уш бала (апам Қадиша, мен, қарындасты Бақытжамал үшеуміз) еркелеп, мәз-мейрам болып жатқан шағымызда соған күлімдеп қарап отырған әжеміздің кенеттен жүзін



Қабдіреш Қуантаев



Бопан Сулейменов

мұн шалып, ухлеп алды да, аңы да аянышты дауыспен: «Құлында-рым-ай, қай жерде екенсіндер? Тағдырдың қандай тәлкегінде жүр-сіндер?» - деген зарын актара салды. Жайшылықта қатаң миезді, калың елге емшилігімен беделді, ел ақылшысы болған әжеміздің жүрегіп күйдіріп бара жатқан қайғы-касіретін естігенде біз үрей-леніп, қылттына қалдық. А纳мыз Қайыржамалдың көзіне жас келип, әжеміздің өні сұрланып, қалың қабақтары тұксип кетті. Әйтеуір, әжеміз есін тез жиып, бізді өбектеп «құлындал», тәубесін айтЫп, сәлден кеин өзінің «ұлken үшне» (біздік «отау») кетіп қалды.

Әжеміздің өзгеше миезше таң қалған біздер: «Апа, әжем неге өйтеді? Корыктық қой...» дегенімізде шешеміз: «Қорықпаңдар. Әжемнің (ол да солай атайдын) есіне Зейне деген аталарың эйәң мен Қоскеннің (Уалияс пен Қозадияс ағаларымыздың) экесі. Соғыста екеуі де хабар-сыз кеткен», деп түсіндіретіш. Әжеміз солай 1965 жылы көзін жұмған-ша Зейне мен Қабдөштен үмітін үзбей, бір хабар тосып жүрді.

Ана жүргегі оларды өлімге кимағаны ғой... Әйтпесе, әжеміздің аруағы бар емши еді. Мысалы, ешкім хабар берместен: «Бұғын тұн-де маған ауырған адамды әкеледі», деп төсегіне жатпай, мазасызды-нып күтіп жүретін. Ал алыстағы науқас оған келемін деп бір себеп-термен келе алмаса, бірнеше күн ауырып, тыныш таппай, ұйықтай алмай қиналатын. «Неге келмей жатыр екен?» деп налитын. Кейде: «Ойбой, ол кешікті, уақытын еткізш алды, енді оның емі менің қо-лымнан келмейді, енді адам болмайды...» деп өкішін, уайымдайтын. Сынықшылық беделі зор болғандықтан, маңайдағы ауруханалардың дәрігерлері қыын жағдайларда жарапыларды әуелі әжеме жіберіп, сынықты орнына түсіртіп, сосын ғана гипске орайтын еді.

Атамыз Сүлеймен мен Кәлен әжеміз қанды майданға төрт ұлын бірдей аттандырған. Ұлкені, менің әкем Қәрім 1942 жылы 36 жасында әскерге шақырылып, гаубицаның көздеушісі болған. Бас қолбас-шылықтың резервіндегі 16 артиллерия дивизионының құрамында Сталинград, Курск, Корсунь-Шевченко ұрыстарына қатысқан. Ақыры 1944 жылдың көктемінде Карпат тауының бектерінде ауыр жа-ланады. Сол екі ортада Майбалыққа «қара қағаз» да келип үлгерген. Әйтеуір, ұлкендер жағы шыдамдылық танытып, естіртпей жасырып жүреді. Кейіннен әжемізден Дербент қаласының госпиталінде жаты-рмын деген хат та келип қалады. Төрт айдан кеин өзі де елге жетеді.

Зейне майданға алғашқылардың қатарында 1941 жылдың 19 шіл-десінде 34 жасында аттанған. 37-ші атқыштар полкінде болған ол 1944 жылдың 11 сәуірінде Псков облысының Новоржев ауданындағы Волково деревнясының жанында қаза тапқан. Оған да «қара қағаз» келсе де, ата-анасына естіртпепті.

Әжемнің өмір бойы тосқан баласы туралы сексеніші жылдары өзім бір хабардар болғаным бар. Жамбыл ауданы Баймағамбет Ізтөлин ауылсының қариясы Бимакан Ізтөлин бір кездескенде: «Сениң Зейне әкендей мен көрдім. Бір күні кенеттен кездесіп қалып, қуанышп құшақтастық. Бөлімдеріміз бір-бірінен алыс емес екен. Екінші күні іздеп барсам командирі: «Жерлесің танертенгі шабуылда оқка үшті», деді. Истер амал бар ма? Көзге жас алып, иығым салбырап кете бардым. 2002 жылы ағамыз туралы тағы да бір хабар алдым. Псков жеріп қойылған ағасының басына барған Мұтәллап Қанғожин ақсақал бауырластар зиратының ескерткішинде сениң тегін де жазулы түр екен деп келді.

Қабдеш (шын аты Қабдіреш) 1939 жылы 20 жасында әскерге алынған. Атты әскерде қызмет еткен ол соғыс басталғанда Украина-ның Житомир қаласындағы бөлімшелердің бірніде болған. «Жаралып госпитальдан өз бөлімшеме келе жатырмын» деген хабарын елге оны көрғен біреулер жеткізіпти. Үйленін те үлгермеген, өмірдің қызығын көре алмаған қырышын жас 1943 жылы хабарсыз кетіпти.

Атам мен әжемнің ең кішісі Бопан соғыс басталғанда 17 жаста екен. 1943 жылы оның да кезеңі келип, майданға аттанады. НКВД әскерінің қатарында талай айқастардан аман-сau қалып, елге аман-есен оралады.

...Соғыс біткеніне отыз жылдан асқан жетінспиши жылдардың соны. Мен жігіт болып, отау құрып, балалы-шағалы болған кезім. Әкем түстен кейн диванда жатып қалғып кеткен. Бір мезғілде бірдене деп айғайлап, ышқынып, жаны қысылып атып тұрды. «Не болды? Не болды?» деп жүгіріп барған біздерге: «Түсімде соғыста екенмін. Қайдан шыққанын білмеймі, немістердің танктері келе жатыр. Мен Асқарым мен Самалымды аман алып қаламын деп жан ұшырып жүрмін», деп бізге абыржи қарап, ентіккен демін әзер басты. Біз де аңқаумыз фой: «Әй, ата-ай, соғыстан 25 жылдан кейін туған Асқар (інім) мен 31 жылдан кейін туған Самалды (қызым) немістерден әлі қорғап жүрсін бе?» деп құлгеніміз бар. Әкеміз кейін де талай түстерінде солай «соғысып» жүруші еді. Кейиннен ойласам, сүм соғыс әкемді қанша жыл өтсе де, қаһарлы құрсауынан босатпай, жанын қысып, кинайды екен фой.

Алыстап тарих болып кеткен кезде де сол сүм соғыс әкемді өмірінің ақырына дейін өз құрсауынан босатпаған сияқты. 1980 жылы қатты науқастанып, енді бұл дүниенің адамы болмайтынын сезген әкем дәм-тұзы таусылар күні анамызды шақырып алып: «Қайыржамал, мен Зейне мен Қабдешті өлді дегенге қимай, дұғада қол жайғанда атамай жүр едім. Енді қидым. Сен де, балалар

да дұға арнап отырындар», деп тапсырып, кемсендеп көзіне жас алған еді.

Ізі суыған сүм соғыс оз құрбандарын жинап әкеткен сиякты. Қалған ұрпақ өсті, ағалы-ініл әкелеріміздің шөберелерінің алды кәмелет жасына келе бастады. Соғыс көрмей өскен кейінгі екі-үш ұрпаққа өткеннің аңы тарихы оңай батпайтын сиякты. Алайда, жуырда он үштегі балам Шәкәрім анасымен оңаша отырғанда: «Мама, менің атам да соғыска катысқан жоқ па? Папам ол туралы неге жазбайды?» - деп сұрапты. Міне, осылай соғыстың бір жаңғырығы 65 жылдан кеін менің баламды да қуып жеткен тәрізді. Әйтеуір, бір шүкіршілігі, ол әкелеріміздің немерелері мен шөберелерінің жүректерін жарапамай, тек өз ата-бабаларына ғана тікелей қатысы бар тарихи дерек олар мактаныш етіп, үлгі тұтатын өнеге ретінде жетті.

Мен билетін сүм соғыстың бір шындығы осындай.

Ахметжсан ҚУАНТАЕВ,
Қазақстан Журналисттер одагының мүшесі

«ҰШЫП ЕК БІР ҰЯДАН ҰШ БАЛАПАН...»



Иә, сонау сұрапыл соғыстың біткенине де 70 жыл болып қалыпты. Мұндай ұлы тойды соғыска катысқан ардагерлердің басым көпшілігі көре алмай кетті ғой. Сол соғыска аттанған азаматтардың бірі – менің әкем Қалел, оның інісі Сәлтай мен атамның інісі Ебен болатын. Ұлы Женіс туын Берлинде көтерін, он қолынан жарапалы болып әкем елге оралғанда Сәлтай ағамыз бер Ебен атамыз сол соғыстың құрбаны болып, хабарсыз кетті. Ебен атамыздан, әйтеуір, Шолпан атты бір қызы қалды. Ал атам болса інісі мен баласынан бір хабар болар деген үмітпен күн кешіп, өмірден озды.

Осы мақаланы оқып отырған адам тақырыбының бұлай аталуын түсінбесе де, ұш адамға байланысты

Сәлтай Исмағұлов

екенин ұғынар деп ойлаймын. Олай болса толығырақ жеткізуге тырысайын.

Беріден алғанда Токбетәлі қажының немересі Смағұлдан өрбіген біздер Есл ауданының Жарғайың ауылында әлі де тұрып жатырмыз. Смағұл деген адам – менің атам. Отызыншы жылдарда діни білімі бар, ата-бабаларынан бері қази, қазірет болған атам қудалаудан қашып, Ресейдің Омбы облысының Сладков ауданының алыс бір ауылдарына кеткен екен. Соғыс жылдарының сонына қарай атамыз Қызылжарға көшип келіпті. Ескіше де, жаңаша да хат тани білген атамыз балаларының да сауатты болғанын қалайды. Менің әкем ғана ескіше хат танып, соғыстан кейінгі өмірінің сонына дейін ауылымызда механизатор болып еңбек етті.

Естелігімді әкем жайлы өмірбајнмен бастағым келин отыр. 1916 жылы дүниеге келген әкеміз 1996 жылы қантар айында қайтыс болды. Әскерге кетпей тұрып, 22 жасында анамыз – Мәлік қызы Дайшатбануға (Дайша) үйленіп, соғыстан кейін туған төрт қыз, екі ұлды тәрбиелеп, барлығымызға лайықты білім берді. Анамыз соғыс жылдары ерлермен қатар еңбек етіп, бірде суық, бірде жылы, бірде бар, бірде жоқ күндерді басынан өткізіп, әкемізді соғыстан күтіп алды. Қазіргі таңда тыл еңбеккөрі атанып отыр. Біздерді тәрбиелеп, қайын сінлі, қайныларына қамқор болып шаңырақ отын тұтетіп, үй шаруасындағы адам болып қала берді. Қазіргі күні, құдайға



Серкөш Исмагұлов



Халел Исмагұлов

шүкір, немере-шөберелерінің қызығын көріп, әкеміз көрмеген Женіс мерекелерін бірге тойлап жүрміз. Өзіміз туғаннан әкеміздің домбырада тартқан шертпе құйлерінің әсерімен өстік. Олеңді қандай жақсы айтатын еді. Женгелері «сал жігіт» атаған, қартайған шағына дейін калтасынан тарағы түспеген, өте жинақы, салмақты, елге сыйлы адам болды. Онсыз да аса көп сөйлей коймайтын әкеміз соғыс жайлы сұрағанымызда еске алғысы келмейтіндей көрінуші еді. Енді ойлатп қарасам, біз әкемнің онсыз да жаралы жанын ауыртып, кинаған екенбіз-ай. Не айтар еді, көзінің алдынан тізбектелін өткен қан төгіс, күндіз-түні тынбастан атқылаған зенбірек оғы, әр секунд, минуты үшін жан кешті өмір. Сонда да болса құжаттарынан, анда-санда естіп билгеніміз, сұрапыл соғысты әскери борышын атқарып жүрген жері Мурманскіде бастапты. 205-ші атқыштар полкінің бөлімше командирі болған, сол жерде алғашқы ұрысқа қатысқан екен. 1942 жылдың 10 қаңтарында он қолынан қатты жараланады. Сауықканнан кейін Курск иініндегі қан кешті ұрысқа қатысады, одан Орел, Украинаны азат етудегі ұрыстарға қатысып, «Ерлігі үшін» медалін алады. Одан кейін Варшава, Одерден етудегі ұрыстарды да басынан кешіреді. Померань қаласы үшін болған шайқаста әкеміз I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталады. Соғыстың соңына дейін қатысып, 1946 жылдың қараша айында елге оралған әкеміздің кеудесінде «Германияны женгені үшін» деген тағы бір медалі жарқырап тұрған екен. Кейін олардың қатарына II дәрежелі Отан соғысы ордені мен Женістиң бірнеше мерейтой медальдары қадалды.

Әкем ішінде жүрген бір өкіншін: «Ең қатты да қатал ұрыс Берлинге жақындаған кезде болды, бірақ қаланың атын ұмытып қалдым, бұл жерде взводтағы әскерлердің барлығы да ерекше ерлік көрсетті, сонда взводтың жартысы да қалмады. Көбі асқан батырлықпен қаза тапты, бірақ өз міндеттерін орындағы. Сол жолы екі адамға, оның бірі қалған адамды қоршаудан аман алғып шыққан маган – Совет Одағының Батыры атағы берілді деп хабарланды, бірақ жолдасым өліп кетті, осы атак берілгені жайлы жазылған дивизия газетін елге алғып келген едім, бірлі-жарымды елдің сол кездегі хат танитын белсенділері алғып, жоқ қылды», - деп айтқанын естігендे осы істі аяғына дейін жеткізуді өз мойныма борыш қылған едім.

Жылдар өтіп жатты, содан студент кезімдегі келген бір демалысымда әкемнің барлық орден, медальдарын, мақтау қағаздарының тізімін жазып, оған Батыр атағының берілгенін растау жайлы сұрау салып, сол кездегі Одағымыздың оргалығы – Мәскеу қаласына Қорғаныс министрлігінің мұрағатына хат жазған болатынмын. Нәтижесінде 42 жыл өткенде Ленинградтың монета сарайынан

«Данқ» ордені табылды, сол кезде соған да тәубе дедік, өйткені ол орден әкемнің елі үшін, болашақ ұрпағы – біздер үшін шайқастағы ерлігін бағалап берілген жоғары дәрежедегі Үкіметтің міздің сыйлығы ғой. Ал Батыр атағының берілгені расталмады. Оны одан әрі ізде-стірген жоқпыш.

Ал Сәлтай ағамыз жайлы айтсам, әкемнен кеиңігі бұл інісі 1921 жылы дүниеге келген. Соғысқа медицина училищесіндегі оқып жүрген жеринен алыныпты, «Тірі болса, белді бір маман болып отыратынына ешкімнің де күмәні болмас еді», - деп отырушы еді әкем. Ол кісі де өте өнерлі болған екен: домбырада да, мандалинада да жақсы ойнап, өлең шығарып, ән айттыпты. Ал анамыз болса, қайнұсының қолының шеберлігі жайлы осы күнге дейін айттып отырады, өйткені сол ағамыз тігіп берген етігін біразға дейін киіп жүріпті. Сол Сәлтай ағамыз сұрапыл соғыстың алғашқы айларында-ақ хабарсыз кетіпти. Ол жайлы атамың 1959 жылы іздестіру салған хатына алған жауабының көшірмесін мен былтыр «Мемориал» сайтынан тауып алдым. Атамыздың берген мәліметі бойынша, 1941 жылы шілде айында Украинаның Житомир облысындағы Коростень қаласынан соңғы хат алынғаны, содан кеін хабарсыз кетті деп есепке алынды деген жауап берілген екен. Шамасы, Сәлтай ағамыздың алғашқы шайқастардың біріне аттанып бара жатқандағы өлеңі болар, үйге жазып жіберген екен, осы күнге дейін әнге қосып айтқанда жүргегіміз қан жылайды.

Ұшып-ек бір ұядан үш балапан,
Кез болған қапияда мұндей заман.
Бас қосып ел шетінде жүре алмай,
Дүние-ай, өткенің бе жастық шақтан.

Ұсынған жас жүректі мен де балан,
Бет алыш, қалың отқа жүріп барам.
Егерде олай-былай болып кетсем,
Ағатай, тастай көрме дұғаныздан.

Тәуекел, сапар шектік ұзак жолға,
Бұл жолды, хақ тағалам, өзің онда.
Кемедей су ішинде қайрандаған,
Жөнелдік қанша халық әзер-зорға.

Хабарсыз кетті деген соң өлді деуге аузымыз бармайды. Алла тағала екі дүниенің жақсылығын берсін дейміз.

Сол кездегі үш балапанның кішісі 1927 жылы өмірге келген Серкеш ағатайым еді. Бұл кісіні облыс тұрғындарының барлығы болмаса да, көпшілігі бледі деп ойлаймын.

Ағатайым Омбы облысында қысты күндері жеті шақырым жерге, мектепке жаяу барып, жаяу келіп, бір орыс кемінрдің үйінде тұрып, орыс мектебінде оқыған екен.

Соғыстан кейін Покровка ауыл шаруашылығы техникумын үздік бітіріп шықкан. Оқуға алғырлығы сондай – техникумда оқып жүргендеге кейбір кездерде – оқытушылар шұғыл бір жұмыстарымен кету керек болғанда орындарына сабак беруге қалдыратын болған.

1950-1951 жылдары Заградовка мектебінің директоры болып жұмыс істен жүргендеге әскери борышын өтеуге шақырылды. 1951-1953 жылдары Ачинск әскери-әуе училищесін аяқтады. Осылайша ағатайымыз Отанымыздың әскери-әуе күштерінің офицері болып шықты. Училищені аяқтағаннан кеин Кенестер Одағының бірқатар жерлерінде қызмет етті.

Әскерден кеин аудандық партия комитетінде жұмыс 1steuge ұсыныс жасалды, бірақ ата-бабаларынан қанына сіңген ұстаздық жолды таңдап Петровканың ауылшаруашылығы мамандарын даярлайтын училище мұғалім болып барды. Одан кейінгі ұстаздық жолында Тауғаш, Социал, Балуан мектептерінде директорлық қызмет атқарды. Зейнетқерлікке шықканға дейін Өрнек орта мектебінде директор болып еңбек етті. Барлық ұстаздық, өмірінде адад да сұнкті жары, ақылшысы Тыныштық тәтемізben бірге болды. Ағатайым 70 жасында, тәтеміз 58 жасында өмірден озды.

Соғысқа аттанып, осы өлең жолдарын жазғанда Сәлтай ағамыз бейбіт өмір орнал, ел тынышталып, әр отбасында қызықты-қуанышты өмірдің жалғасарын, жалғыз қарындасты Райхан мен көпей інісі Төлегеннің өмірге келетінін біле алмай кетті ғой.

Әсия БАТАЛОВА

МАЙДАНГЕРДІҢ ХАТЫ ӨЛМЕЙДІ

Нагашы атам Қаппас Томпышев 1918 жылы 1 қантар күні дүниеге келіпті. Ал 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, атқыштар дивизиясында пулеметші болып әскери міндетін атқарған. Отанымызды қас дүшпанинан қорғау үшін Ұлы Отан соғысына қатысты. 1943 жылы 6 ақпан күні Ростов түбіндегі шайқаста ауыр жарапанған

оны барлаушылар тауып алып, госпитальға әкеледі. «Бұл жігіт адам болмайды, қан көп кеткен екен», - дейді оның тамырын ұстап қөрген дәрігер. Атамды алып келген барлаушылар ол қөптеген немістердің жайратқанын, төңкерілген пулеметтің касында жатқан жерінде табылғанын айтады. Және қан керек болса, беруге дайын екендіктерін билдіреді.

Содан барлаушылардың қан беруінің арқасында тірі қалып, елге оралады. Майданнан келген соң көп жылдар бойы Жаркент ауылында хат тасуши болып жұмыс атқарып, зейнетке шығады. Зайыбы Шэйра екеуі төғіз бала тәрбиелеп өсірді. Ол I дәрежелі Отан соғысы ордені мен қөптеген медальдардың иегері. 1999 жылы дүниеден өтті. Алайда, нагашы атам артында өшпес із қалдырды. Оның ерлігін, қайсарлығын еліне жіберген сәлем хаттарын оқып отырып, басынан өткерген қыындықтарын күні бүгін болғандай көз алдымыздан өткізиң сезінеміз.

Атам Қаппастың Приморъеден жазған сәлем хатында қолында мылтығы, қалтасында қаламы, елімізді қорлап, жерімізді ластап жүрген неміс фашистерше қарсы оқ атқаны айттылған. Қантөгіс соғыста жүріп, өзімен бірге соғысқан қазақ жігіттерінің ерліктерін суреттей білген. Осындағы өлең жолдарымен жансызға жан бітіріп, қазақтың намысын оятып, бойларына қан жүгіртін, ортақ жауга қылыштай қайралып, намыстанып аттанған шабуыл «Елге сәлем» деген өлеңінде суреттеледі.

Біз бардық Примордың қаласына,
Ойнадық Молышевтың даласында.
Кырық жыл қырғын болса, ажалды өлер,
Жүреміз бір Алланың панасында.

Сондай-ақ майдан үстінде қолы мен аяғынан қатты жарапанғандығы жайлы өлең жолдарында былай дейді:

Германды қарсы келген араладым,
Оқ тиіп, сол қолымнан жарапандым.
Мәрлімен бір қолымды байлай алмай,
Не істерін енді бұған біле алмадым.

Соғыс жылдары кейбір жауынгерлердің сәлем хаттарын елге өлеңмен жазып жіберін, оларды ауылдағы туған-туыстарының айттып жүретінін ага ұрпақ өкілдері білуге тиіс. Женіс күніне орай өзімнің жүректен жарып шыққан мына өлеңімді тарту етсем деймін:

Майданда адам қиналады жаралы,
Корғаймын деп елін, байтак даланы.
Қашшама адам жақынынан айрылып,
Қашшама адам қағаз алған қаралы.

Тыныштықты бөлін, бомба дүбірі,
Естілгенде танкілердің гүрлі.
Мұңға толы кеуделері қашшама,
Соққылаған жүректердің дірлі.

Әлі күнге жүректерде қырау бар,
Әлі күнге еске алу бар, жылау бар.
Ұрпақтары ұмытпаса әрдайым,
Қыршындардың аруағы бір аунар.

*Асылбек АМАНДЫҚҰЛЫ,
СҚМУ студенті*

ҰМЫТЫЛМАС АСЫЛ ЕДІ ҒОЙ

НЕМЕСЕ МАЙДАНГЕР ЖҰБАЙЫМ ЖАЙЛЫ СЫР

Топырағының құнарлығына, дәнінің молдығына қызығып, дүниеге келген Атбасарды артқа тастап, әке-шешем, апам және ағаммен бірге Тайынша жеріне көшін келген жылдар әлі күнге дейін есімде. Ашаршылықтан қашқан біздің мұндағы өміріміз де бірден онала қойған жоқ, көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталды. Әйтеуір, кеппен бірге тайсалмай күткен Женістің каншалықты қымбат екенін сезінген күнге де жеттік-ау.

Сонымен халық басына түскен ауыртпалықтан оналатын кез жетіп, әркім өз ісіне, тұрмыс жайтына көшті. Осындай ел оттан кейінгі өртенде бас көтере бастаған кезде Красноармейск базарында Бірлік ауылдың тұсынан Шағалалы өзенінің балығын аулап, сатып жүрген болашақ жарым Сейпиді кездестірген едім...

Майданнан аман-есен оралып, ел-жұртына қосылған ол қарапайым, ете кишипейіл, менмендігі жоқ жігіт еді. Жасы отыз жетіге таяп қалса да, үйленбей, өзі қолында өскен үлкен ағасының отбасына көмектесін жүретін. Анам Жамал бұл жігітті бүріннан танып, ерекше минезіне тәнті болып, «Осындай ұлым болса» деп іш тартады екен. Содан болар, екеуміздің жолымызды түиістіруді қалайтын. Әйтеуір, гілегені болып, екеуміздің көңіліміз жарасып, 1948 жылы

жиырма екі жасымда мен Балға ауылындағы Түкеновтер деген кісілердің әuletіне келіп болып тұстім.

Пешенесіне оңай тағдыр бұйырмаған жан жарым он екі жасынан тұл жетім өскен екен. Ол кезде отбасындағы алты ағайынды ұл мен төрт қыздың біреулері отау құрган, біреулері әлі балдырған жаста болатын. Ата-ана махаббатына қанығып үлгермен Сейпі үлкен ағасы Тәшімнің қолында тұрып, сол үйдегі балалармен бірге өседі. Бастауыш мектепті аяқтап, кейіннен жүргізушилкке машиқтанған ол әскер қатарына шақырылып, 1941 жылы алғашқылардың қатарында батыс майданына енгенде оның негізгі қаруы көлік болыпты. Майданда Сейли он тоғызынышы байланыс полкінің жүргізуши болып, өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарады. Ел басына қатер төндірген соғысқа оның алғашқы құндерінен қатысқан ол «Женіске жеттік!» деген қуанышты хабар жеткенше алғы шептен табылды. «Майданнан аман оралған адам енді ештегеден қорыкпайды екен, одан кейін империалистік Жапонияға қарсы соғысқа жөнелткенде туған жерімнен тағы ұзап бара жатқаныма ғана өкіндім», дейтін еді жұбайым.

Бірінен «Германияны жеңгені үшін» медалін, бірінен сталиндік алғыс хат алып оралған ол Женістің қырық жылдығына орай I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды. Өкінішке қарай жұбайым одан кейін Женіс мерекесин алты рет қана атап, өмірден озды.

Дегенмен, Сейпидің соңында ең жаксы деген естеліктер ғана қалды. Олай болмауы мүмкін емес те еді. Жан адамға тигізер зиңяны жоқ жұбайым жұртқа да, өз бала-шағасына да аса сыйлы, өте аяулы адам болды. Жүрген жері ойын-кулкі. әзіл-қалжың еді. Оның мінез-кулқы, адамгершілік касиеттері жайлы сағаттар бойы айта беруге бармын.

Оған тұрмысқа шыққан кезімде жанымда әкем Мұстафа мен анам Жамал ғана болатын. Үлкен апам өз шаңырағын құрып үлгерген. Ал ағам болса жастайынан сырқаттанып ерте көз жұмған-тын. Әке-шешемді қалдырып кетуге кимағанымды сезген Сейпі бәріміздің бірге тұруымызға қуана келісіп, оларды өз туғанындаі көріп кетті. Осылайша Бірлік ауылында үй салып, біз өзге жұрт қатарлы енбек етіп, күн кештік. Осында біздің барлық балаларымыз дүниеге келіп, ер жетті.

Сейпі соғыстан кейінгі жылдары егіншілкте тапжылмай жұмыс істеді. 56-шы жылы тындағы адал еңбегі үшін арнайы медальмен марапатталды. Біршама уакыт өзімнің де Сейпидің жанында тракторда жүргенім бар. Күн демей, түн демей дала жұмысында болушы едік. Осындаida ол маған көп қамқорлық жасайтын. Тамағым мен жа-

тар орныма деін сыйлап беретін. Қеін ол мал бағып, өзінің сүйкіті кесібінен қартайған шағына деін қол ұзғең жок. Әрбір малға жеке күтіммен қарайтын мұндай малжанды адамды табу қын шығар дейтін еді ауыл адамдары.

Үлкен-кишіні қатар сыйлап, құрметтей білетін жанмен табысқа-nym үшін өзімді өте бақытты санайтынын. Бір айғайлау даусын көтермеген, арақ пенен темекінің дәмін татып көрмеген Сейпі ба-ла-шағамызға да барынша үлгі болды.

Сейпидің ғайдандағы қайсарлығын қаншалықты мақтан етсем, оның қарапайым бейбіт күндердегі ерліктері де маған соншалықты қымбат. Мысалға айтсам, бәрінен бұрын алдымен мына жайт есіме түсі кетеді. Бірде Щучьең апамың үйине қонакка барған еке-уміздің ауылға оралу үшін поезд.. түсіп, таксиге мінгеніміз бар. Көктемде Бірлік манындағы көпірді су басып, оның арғы жағына өту мүмкін болмайтын. Бізд... ауылға оралу сәтіміз осындай кезге тап келін, екеуміз кеін қайтпайық деп көпір жанынан түсіп қалдықта, жүргізушиңі кеін қоя берді. Дала тастай қаранғы, таң атқанша үш-төрт сағат бар. К терге ығайлы жер здей бастағаным сол-ақ еді, Сейпі қол жүктердің бәрін аль.. , суға шолп етіп кіріп кетті. Көпір үстіндегі су тізеден асады, ағыны да қатты. Оған қарайтын Сейпі жоқ, алға қарай жүре бе зді. Жанымды қоярға жер таппай тұрғанымда ол қарама-қарсы бетке өтіп, жүктерін қойған соң қайтып оралды. Сол жүрген жолымен мені де екі қолымен көтеріп алыш құрғақ жерге жеткізді. Сейтіп, жұбайымның бұл оқыс әрекетіне не ренжірімді не сүйсінерімді б лмең. сонынан ауылға ере бердім... Кейін ойласам, онысы да азаматтық ерлік екен.

Бүгінде мен немере мен шөбере сүйіп отырған ақ жаулықты әжемін. Шіркін, шалым қасымда отырып, олардың қызығына менімен бірге кенелсе ғой деп армандаймын. Тек көніліме тоқ са-найтыным. ол өзінің пешенесіне жазған тағдырына көңлі голмаған адам емес, өмірдің қанша қыншылығын көрсө, қызығының дәмін одан да молырақ татты. Ұлы Женіс мерекес. қарсанында жауынгер болған жұбайымның есімін елі еске алсын деп осы естелікті жа-зып отырған жайым бар. Сөз сонында халағың өз асылдарын, әрбір шаңыраққа арқау болған ардактыларын ұмытпаса екен дегім келеді.

Мәрия ТУКЕНОВА,
зейнеткер. Тайынша қаласы

БІЛІКТІ ҚОЛБАСШЫ, ШЫНАЙЫ ПАТРИОТ

Ұзак жылдар әскери қызметте болып, полковник дәрежесіне жеткен жерлесіміз Хакім Бекішевтің есімі облысқа ғана емес, республика қолемінде де жақсы таныс.

Хакім Нұргалиұлы 1910 жылдың 15 сәуірінде қазіргі Шал ақын ауданындағы Жалтыр ауылында дүниеге келген. Жастай жетім қалған 13 жасар Хакімді сол кезде Орынбор рабфагын-

да оқып жүрген 23 жастағы Сәбит Мұқанов Қызылжар қаласына әкеліп, жетім балалар үүине окуға орналастырады. Жасынан пысық, окуға зейінді Хакімді мұғалімдер ұжымы 6 айлық пионер вожатыйлық курсқа жібереді. Пионер отрядын басқара жүріп, комсомол қатарына өтеді. Енбек жолын 1924 жылдың ауылдық кеңестің хатшылығынан бастайды. 1926 жылдың ауылдық комсомол комитетінің ұйымдастыру бөліміне қызметке шақырылады. 1928 жылғы жазда сол кездегі Төңкеріс болысның орталығы – Майбалық ауылдың жаңында орналасқан лаферьде әскери міндеттің өтеуге келген жігіттерді топтастырып жатқан болыстық комсомол комитетінің тапсырысымен комсомол жетекшісі болып барған. Сонда Хакім Сәбенмен екінші рет кездеседі. Сол 1928 жылғы күзде Хакім ҚазПИ-дін 6 айлық даярлық курсында оқыды да, сондағы даярлығы өте жоғары 15 окушының бірі болып Қазан университетінің қаржы-экономикалық факультетіне окуға жіберіледі. Университеттін 2-ші курсында оқып жүргенде 1931 жылдың әскерге алынып, әскери қызметтің Туркімен ССР-ның Мары қаласында қатардағы жауынгерліктен бастады. Сонда бір жылдық командирлер даярлайтын курсты бітірген соң 3-ші атқыштар полкіне взвод командирі болып тағайындалды. Мине, оның әскери қызметі осылай басталды. Осылай міндетті әскери борышын өтеген соң сол кездегі Қарағанды облыстық (орталығы – Петропавл қаласы) ОСОАВИАХИМ кеңесінде ұйымдастыру бөлімін басқарады. 1936-1939 жылдары Алматыда республикалық әскери

ЕДИНСТВО ФРОНТА И ТЫЛА



Хакім Бекішев,
Сәбит Мұқанов, Мәлік Ғабдуллин

комиссариаттың әскери дайындық бөлімінін нұсқаушысы қызметін атқарады. 1939-1941 жылдары Жамбыл облысындағы Сарысу аудандық әскери комиссариатының бастығы қызметін атқарады.

1941 жылғы тамыз айының басында Сарысу аудандық әскери комиссары аға лейтенант Хакім Бекішевті Орта Азия әскери округінің бүйірығымен Ақтөбе қаласында жаңадан ұйымдасатын 101-ші дербес атқыштар бригадасының қарамағына жібереді. Оны бригаданың бірінші дербес атқыштар батальонының командирі етіп тағайындауды.

Бригада майданға аттануға дайындала бастады. 1942 жылы 14 тамызда бригада 4 эшелонға бөлініп, майданға аттанды. Хакім Бекішев басқарған бірінші эшелон Москвандың солтүстік-шығысындағы Ногинск қаласына барып тоқтады. Батальон сол қала маңындағы калың қарағай орманға орналасып, сол жерде соғыс әдісін үйренуді күштейте түсті.

Ақтөбеде соғыстың әдісін шартты түрде үйренген жауынгерлер бұл жерде мылтық атуды, минометтен, зенбіректен атуды үйренді.

1942 жылдың қазан айының аяқ кезінде бригада поезден Москва арқылы өтіп, батысқа тартты. Казанның 24-і күні поезд Погонеролов-Городище деген станцияға келіп тоқтады. Станция деген аты ғана. Бір үйдің де орны көрінбейді. Фашистер барлық үйлерді қираптып, өртеп жіберген. Жауынгерлер поездан тез түсіп, Ржев қаласына қарай суыт жүріп кетті. Бригада майдан даласына жақындай түсті. Осы 101-ші дербес атқыштар бригадасы Сталинград майданындағы женіске өз үлесін қосты деуге болады.

Сол шайқас жөнінде Х.Бекішев өзінің «Батальон, алға!» атты кітабында былай деп жазады: «1942 жылғы 19 қараша мен 1943 жылғы 25 қаңтар аралығында 101-ші дербес атқыштар бригадасының жауынгерлері мен офицерлері шабуыл кезінде және қорганыс ұрыстарында жаудың 2462 солдаты мен офицерінің көзін жойды, 25 дзотын талқандады, 105 миллиметрлік 2 зенбірегін, 142 қол пулеметін, 444 винтовкасын, 13 ауыр пулеметін, 2 автомашинасын, бір қару-жарап қоймасын, 52 атымен 25 арбасын істен шығарды, 17 офицері мен солдатын тұтқынға алды. Бригаданың алғашқы ұрыстағы табысы осындағы болды. Онда біздің батальонның да қомақты үлесі болғанын мактандышпен айта аламыз».

1943 жылдың аяқ кезінде 101-ші дербес атқыштар бригадасы 1-ші батальонның командирі майор Бекішев Калинин қаласындағы полк командирлерін даярлайтын 6 айлық курсқа жіберіледі. 1944 жылдың мамыр айының аяғында курсты бітіргендегер түгелімен 11-ші гвардиялық армияға жолдама алады. 11-ші армияның штабы-

на келгенде Хакімді армия штабының соғысқа дайындық жасайтын бөлім бастығының орынбасары етіп тағайындағы.

«Витебск қаласын алғаннан кейін біз аз уақыт қорғаныста тұрдық, - дейді Х.Бекішев «Батальон алға!» кітабында. – Мен бұл кезде алдағы шептегі дивизионда жүр едім. Тұс кезінде генерал К.Н.Галицкийдің көмекшісі Кочергин: «Жолдас майор, сізді генерал шақырып жатыр, тез келіңіз. Қонақ келді», - деді. Бұл қандай қонақ екен деп ойлап, армия штабына жақындағы бергенімде, алдынан жайрандай күлімсіреп маған қарай жүгіре басып біреу келеді. – «Ой, қарағым, бауырым!» деген үніне, тұр-тұсіне қарап, мен де Сәбенді таныдым да, құшақ жая ұмтылдым. Сәбен екеуміз құшақтасып, тәске-төс тоғыстырып қауыштық. Елді де, жерді де, туыстарды да, балаларымды да сағынған екем. Соларды көргендей болып, көзімнен ыстық жас шықты. «Қарағым, бауырым» деп бірге туған ағамдай көретін Сәбен құшағына алғанда көзден неге жас шықпасын».

1944 жылғы тамыз айының соңғы кезінде Х.Бекішев арнайы жолдамамен Москвадағы М.В.Фрунзе атындағы әскери академиясына окуға түседі. Алайда, бір жарым жыл өткен соң қысылтаяң уақыт талабымен үкімет оны бір топ әскерлермен бірге 1945 жылы Шығыс Туркістанға (орталығы – Құлжа қаласы) жібереді. Сөйтіп, ол 1945-1946 жылдары 11-ші кавалерия бригадасы командирінің орынбасары ретінде жергілікті мұсылмандардың гоминданшылардың озығырлығына қарсы азаттық күресіне қатысады. Ақырында соғыста ғоминданшыларды жеңіп, жергілікті халыққа бостандық әперін, соғысты аяқтайды. Бостандық алған халықтың қуанышына ортақтасып, 1946 жылы көп халық жиналған үлкен жиынға қатысады. Сол жиында Шығыс Туркістан Республикасының алтын ордені тапсырылады және бұл орденді сол республика атынан сол кездегі қазақтың атақты азаматы Оспан батыр өз қолымен Хакімнің кеудесіне қадайды. Сөйтін, 1946 жылы Х.Бекішев көтерінкі көңілімен туған жері Қазақстанға қайта оралады.

Жалпы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін Х.Бекішев «Қызыл Ту», I дәрежелі «Отан соғысы» (2 рет), «Қызыл Жұлдыз» (2 рет) ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Хакен отставкаға шығып, елге оралғансын ең алдымен туған ауылы Жалтырда майданда қаза болған боздақтарға ескерткіш орнатты. Ескерткіш тасқа сол боздақтардың есімдерін түтел жаздыртты. Оның соғыста қаза болған ауыл жігіттерінің үйлеріне түгел кіріп, көңіл айтып, бет сипап, амандық білген азаматтығын жерлестері осы күнге дейін зор ризашылықпен еске алады.

1946-1956 жылдары Х.Бекішев Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданында, Қарағанды облысының Осакаровка ауданында әскери комиссар, 1956-1976 жылдары Петропавл ет комбинатында азаматтық корғаныс бөлімінің бастығы, кеін өндірістік комбинаттың директоры, авиаэскадрилияның инспекторы болып істеді. Ал 1976-1986 жылдары ол Сабит Мұқановтың мұражай-үйінін директоры қызметін атқарды. Әмірінің соңғы жылдары Алматы санаториинің бас дәрігерінің шаруашылық жағын басқаратын орынбасары болып істеді. Ол Алматыда тұрған кезінде өмірінің соңына дейн 101-ші дербес атқыштар бригадасының соғыс ардагерлері ұйымының төрағасы ретінде бригада ардагерлерінің достығының нық болуына көп күш жұмсады.

Ардагер жауынгер, полковник Хакім Бекішев 1989 жылы дүниeden өтті. Осындағы елін жаудан қорғауда ересен ерлік көрсеткен, бейбітшілік кезінде ел экономикасы мен мәдениетінің дамуына мол үлес қосқан патриот азамат ұмытылмауға тиіс. Сондықтан соғыс және еңбек ардагері Хакім Бекішевті мәңгілік есте сақтау үшін Петропавл және Сергеевка қалаларында тиісті шараптар қарастырылса күба-күп болар еді.

Кайролла МҰҚАНОВ, өлкетанушы

ТЫЛДАҒЫ ТАҒДЫР

Ел басына қауіп-катер туғанда бір ғана Бостандық ауылынан майданға 85 азамат аттанған еді. Ер атқаратын жұмыстың бәрі қауқары бар қариялар мен мектеп қабырғасындағы буындары қатаған ұл-қыздардың мойындарына жүктелді. Жастық шақтың бал дәүренін енді ғана бастағалы тұрған мектеп тулектерінін алға жетелеген асыл армандарын осылай сүм соғыс аяқ асты етті.

Төрт жылға созылған соғыста майдангер азаматтардың 33-і ерлікпен қаза тапса, 52-і елге женіспен оралды. Сүм соғыстың зардабы мен ауылдағы ауыр бейнет олардың денсаулықтарына өз кесірін тигізбей қоймады. Жылдар өткен сайын ардагерлер арасы сирей берді, сирей берді. Соңғысы, соғыс ардагері, қарт мұғалім – Мәжит Мұрсәлімұлы ағай өткен жылы дүние салды.

Биылғы шаттық пен қуанышқа бөлейтін Ұлы Женістің мерейлі мерейтойына тылдағы еңбек ардагерлері – Биғайша Қапсаттарқызы Нұрмұқанова мен Қапуза Сәлемқызы Әмрина апайлар қатысқалы отыр. Осынау қылыш заманды бастарынан кешірген қос қария бүтінгі бейбіт күндеріне шүкіршілік етеді.

– Біз көрген бейнетті құдай енді қайтып басқа бермесін. Ішер тамаққа, киер кимге жарымадық. Ойын-сауық дегенді біл-медік. 15-16 жасымыздан колхоз жұмысына араластық, – деп сөз бастады Қапуза апай. – Окудан қол үзіп, ала таңың атыснан күннің батысына дейін дала жұмыстарын атқардық. Екі тілді соқаға өгіз жегіп, жер жырттық, шөп маялаймыз, егінді арамшөптерден тазалай-

мыз. Таңғы салқында тоңған аяғымызды сиырдың зәріне жылыта-мыз, қос басында түнейміз. Одан ЧТЗ тракторы келгенде тіркемеші де болдық. Күздің қара жаңбырында да жұмыс тоқтаған емес. Сондай күндердің бірінде су болған аяғым төсегіштен тайып кетіп, ке-неттеп соқаның астына тустан. Кесек-кесек жер қыртысымен бірге айналып домалап келемін... Эйтеуір, қелесі тіркемеде отырған құр-бым Күлпәриза көріп қалып, жан-дәрмен түсе сала жүгірін, трак-тордағы Мәжен ағамызды тоқтатады. Бет-аузым көгеріп, талықсып жатқан мені су тасушы Уәзипәмен ауылға қайтарып жібереді. Екі күн үйде ем-дом жасалып, кісі жетіспегендіктен жұмысқа қайта шықтым...

Соғыс аяқталғаннан кейін еліміздің түпкір-түкпірлерінде қираган халық шаруашылығын қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. 1946 жылы осы Бостандық ауылынан Сыздықов Қалимолла ағай мен қос құрбы – Бигайша мен Қапуза апайлар да темір жол құрылышын салуға аттанады. Тылдағы тынымсыз тағдырлары енді басталған олар Балқаштан Мойынты-Шуға дейінгі жол құрылышына жұмыла кіріседі.

– Шақырайған жаздың аптап ыстығы сондай, тасқа тиғен түкірі-гің қайнайды, дейді Би-тәтеміз, (Бигайша апайды ауыл тұрғында-ры осылай атайды). – Құрекпен нәселкеге құм саламыз, оны Қапуза екеуіміз көтеріп, темір жол бойына төгеміз. Қол мен аяқта тыным жоқ. Күннің ыстығы аяқтағы керзі етіктен де отеді. Жалаң аяқ жүре алмайсың. Әлсін-әлсіп шөлдейміз, маңайдағы тұрган бөшкеге ұмты-ламыз. Келип жатқан біз секілді жастар көп, кейбірі ауырып, өлін те



Бигайша Нұрмұқанова
және Қапуза Әмрина

жатқандары бар. Берген тамактары бойға жұқ та болмайды. Жатар орнымыз – қатты желге қорғаныш та бола алмайтын жұқа палаткалар. Бұл жақтың күні шекені шыжғырса, түні өте салқын. Қапуза екеуміз бір күпәйкені астымызға, екіншісін үстімізге жамылып, құшактасып жатамыз. Дегенмен де ауыр бейнетке қарамай күн сайын сырнай тартылып, ән шырқалып жататын...

Тылдағы жол құрылышына өз үлестерін қосып, жылға жуық еңбек еткен кос құрбы қеуделеріне «Тылдағы ерен еңбектері үшін» медальдарын тағып қайтты. Сол медальдің қатарында Ұлы Женістің 30, 40, 50 жылдығына берілген мереитойлардың медальдары да тылдағы еңбектерінің ерен айғағы. Бұғандері сексенниң сенгіріне шыққан кос қария ұлдарын – ұяға, қыздарын – кияға қондырып, немерелері мен шеберелерді сүйген сэтте.

– Теледидар арқылы Елбасымыздың халықта арнаған Жолдауын тыңдалап, өте риза сезімде болдық. Біздей қарияларға көмегін жасап, зейнетакымызды өсіргендігі қуантады. Ел-жұрттымымыздың амандақ-саулықта Әмір сүруі де сол Президентіміздің арқасы. Алла тагала патшамызға қанағат, әр шаңыракқа бақ-береке экелсін! Күніміз шуакты, тіліміз қуатты болсын! – деп ақ баталарын беріп жатты ардагер апайларымыз.

Өзбек ТАСТАМБЕКОВ, мұғалім

ҚЫРЫҚ VIII «ҚАРА ҚАФАЗ»

Бұл күндері бүкіл еліміз Ұлы Женістің мереесінің дайындалуда. Әрине, жеңіс онайлықпен келген жоқ. 1941 жылғы 22 маусымда басталған соғыс 4 жылға созылды. Сол кездегі барлық кенес халқы өз Отанын жаудан қорғауға бар күшін жұмсады. Соғыстың басталуы күтпеген кезде болды ғой. Әлі есімде таңертен erte үй ішінде дабырлаған дауыстардан оянып кеттім. Қөзімді ашсам, 7-8 адам қызу сөйлесіп отыр. Біреуі: «Герман елі бізге қарсы соғыс ашып, біздің шекараны бұзып кіріпті, батыстағы қалаларды бомбылап жатқан көрінеді», - десе, екіншісі «бұл енді қын болды, талай азаматтарымыз соғысқа аттанады, елдің тыштығы бұзылады» - дейді. Сол айтқандай, осы күннен бастап кешеғана тыш бейбіт отырған елден тыныштық кетті. Әскер жасындағы жігіттерді аудандық әскери комиссариат шақыртып экете бастады. Алғашқы шақыртуға 1леккен жігіттер сол 1941 жылдың шілде айының басынан майданға жөнелтілді. Содан кейін жұма сайын, ай сайын қалғандары алынды. Әр топты жөнелткен сайын елде қалып бара жатқан әке-шешелері, әйелдері, аға-инилері, апа-қарындастары жылап-сықтап шығарып са-

лып отырды. Біздің сол жауынгер жерлестеріміз Ұлы Отан соғысын дағы аса ірі шайкастарға қатысып, Ұлы Женіске өз ұлестерін қости Алайда, бұл соғыстың, бүкіл еліміз сияқты, біздің шағын ауылға да әкелген қайғы-қасіреті аз болған жоқ. Ол көптеген адамдардың жүргегіне жазылmas жара салды.

1941-1943 жылдар арасында-ақ біздің айналасы 100 үй шамасындағы шагын «Ыңтымақ» ауылынан 88 адам әскерге алынды Олардың 43-і сол сұрапыл соғыстан елге оралмады. Оның ішіндегі 27 кісіні хабарсыз кетті деген хат келсе, 16-сы ерлікпен қаза тапты деген хат келді әскери бөлімдерден. Ол кезде мұндай хаттарды «қара қағаз» дейтін. Мұндай «қара қағаз» келгенде, хат тасуышы оны қаза тапқан жауынгерлердің үйіне тұра апармай ауылдағы ақсақалдың біріне тапсырады. Ал ол жанына басқа ақсақалдарды жинап алып қаралы үйге барып, жауынгердің әке-шешесіне, басқа да туыстарына қайғылы хабарды естірттін. Содан кейін ол үйде жылау-сықтау басталатын, тіпті кейбір кейуаналар талып та қалатын. Осындағы «қара қағаздар» жиілене бастаған кезде жұрт хат тасуышының келесі жатқанын көрсө қатты үрейленіп отыратын. Ал, ақсақалдар тобы келе жатса-ақ ол үйдің жандары күні бұрын сезіктеніп, қайғырып жылай бастайтын. Мұндай зарлы жылауларды естіген балалар де ерте есептіп, ойын ойнаудың орнына мұнайып, осындағы соғыс ашқаң фашистерге деген ыза-кектері қүштей түсетін.

Ауылдың ер азаматтары түгелімен әскерге алынғаннан кейін колхоз шаруашылығының барлық жұмысын орындау қынға түсті Майданға аттанған азаматтардың орнын эйелдер мен жасөспірімдер, кәрі-құртандар басты. Соғыс жылдары колхоздағы тракторлаң мен комбайндар ескіріп тозды. Оларды жөндеп іске қосатын мамандар жетіспеді. Тіпті колхоздың тәуір аттары да майданға жөнелтілді Сондықтан көп жұмыстар қолмен істелді. Егін егу кезінде соқаға өгіздер, тіпті жеке шаруалардың сиырлары жегілді. Егін орағында лобогрейкаға пар өгіз, оның алдына ат жегілді. Атты да, өгіздерде жүргізіп отыру балалардың міндеті болатын. Ал лобогрейканың орағымен шабылған бидайдың масағын мықтырақ қария, не эйел айырмен кіреге түсіріп отырады. Бастауыш мектептің оқушылары да жаз бойы осот жұлу, шөп шабу, егін жинау, мал қораларын тазалау және басқа да әртүрлі жұмыстар атқарды.

Соғыс жылдары окулықтар, қағаз-қалам, қарындаш сияқты құралдар жеткіліксіз болды. Бірнеше оқушы бір кітапты кезекпен оқыдық, сияны пештің қара күйесінен жасадық, қаламұнты қанылтырдан қызып істедік, дәптер орнына газет, журнал, есқі кітаптарды қолдандық. Соның өзінде оқуга деген ынтымалық күшті еді. Бірақ

ауылдағы бастауыш мектепті бітіргесін әрі қарай басқа елге барып, жоғары кластарда оқуға жағдай болмады. Киіміміз тозды, тамак тапшы болды, жалпы тұрмыс қыындан кетті. Мысалы, мен өзім бір жыл ешкайда оқуға бара алмай, колхоздың әртүрлі жұмысына көмектестім. Экем еңбек армиясына алынып, Қызылжарда әскери зауытта 1941-1946 жылдары жұмыс істеді. Оның үш інісі майданда болды. Үйде кәрі әжеммен, әкемнің інісі Құрманның менен де кіші баласы Шәріп (шешесі қайтыс болған) және әкейдің кіші інісі Хамзаның жас келіншегі Сақып төртеуміз ғана қалғанбыз. 1943 жылдың басында Хамза ағамыз әскерден жарапанып елге келгенде қуанганымызды айтып болмайды! Ол бір қолының жұмысқа жарамайтынына қарамастан келе сала іске кірісті. Ауылдан 7 шақырым жердегі Дмитриевка селосынан хат тасыды. Сол жылғы қыркүйектің басында мені сол селодағы орыс жетіжүлдүк мектебіне оқуға кіргізді. Мен ол кезде орыс тілін білмегендіктен 2-ші класқа отыруға тұра келді. Соның өзінде алғашқы кезде қиын болды. Орыс тілін үйреніп алғаннан кейін, әрі қарай жап-жақсы оқып кеттім. Бұл әрине, менің бақытыма қарай Хамза ағамыздың (мен оны «Кәбә» дейтінмін, кейін басқалар да «Кәбә» деп кетті) әскерден аман келуінің арқасы. Осы күнге дейін мен ол ағамды зор ризашылықпен еске алып жүремін.

Ал, ауылдың мен сияқты бірсыныра балалары сол кезде сүм соғыстың зардабынан бастауыш кластардан әрі қарай оқи алмай қалды. Қебінің әкелері, не ағалары майданнан оралмады. Тіпті кейбір үйдің әскерге алынған бірнеше азаматы түғелімен майданда қаза тапты. Мысалы, Нұрмаганбет пен Құлмағамбет Әжімұратовтар, Қайыrbай мен Қайролла Өтеуовтар, Кали мен Уәли Жылқыбаевтар, Дөкетбай мен Бұркітбай Қарпыковтар. Ал Шағман ақсақалдың үш бірдей баласы: Әушахман, Төлеген, Оразалы майданнан оралмады. Ерденов Оразалы ақсақалдың баласы Кәкім, Көшенов Сибанкениң баласы Мұхамедия сияқты бір үйдің жалғыздары да қаза тапты.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды ғана өледі» дегендей, 4 жылға созылған қан күйлы соғыстан ауылымыздың 45 азаматы елге тірі қайтты. Баймусин Бәри, Кәсенов Шәріп сияқты ағаларымыз аман-сая оралып, бірнеше жыл колхозды басқарды. Әбүйіров Қабдөш, Бектұров Зейне, Жақсыбаев Серікбай, Сұгиров Жүкен т.б. ағаларымыз соғыстан жарапанып келсе де колхоз шаруашылығының әр саласында жұмыс істеді. Әжбенов Қажыкен бір қолын, Балғожин Тәшен бір аяғын майдан даласында қалдырғанмен колхоз жұмысына белсene кірісті, біреуі колхоз басқармасының орынбасары, біреуі кілтші болып қызмет атқарды. Өкініштісі соғыстан тірі келген сол ағаларымыздың казір біреуі де жок.

Сөйтіп, ұзаққа созылған сұрапыл соғыс халқымыздың ұлы Женісімен аяқталды. Еліміздің шаруашылығы бірте-бірте түзеліш, халықтың тұрмысы да ондаға бастады. Біздін республикамыз, миңе 24 жыл бойы тәуелсіз мемлекет. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Жолдауында айткандай, еліміздің экономикасы көтеріліп, халқымыздың тұрмысы одан әрі жақсаруда.

Енді аз уақыттасын, 9 мамырда бүкіл еліміз Ұлы Женіс мере-кесін салтанатты түрде атап өтеді. Соғыс және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетіледі. Соғыста шаһит болған боздақтар еске алынады. Женіс мереекесі бәрімізге құтты болсын, ешқашан соғыс болмасын. Еліміз тиыштықта болсын! Женіс үшін өмірлерін қіған азаматтарды есімізге алып, басымызды иейік!

*Қайролла МҰҚАНОВ,
зейнеткер, еңбек ардагері*

ЕР МӘТІ – МЕНИҢ АҒАМ

Мениң ағам Мәті Құсайынов марқұм – кезінде облысқа танымал ұстаз әрі облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің белсенді қоғамдық тілшісі болған адам. Осы газетке халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың «Ер Мәті» атты поэмасы жарияланған болатын. Поэмада майдан даласындағы кейбір ерлік істері арқау етін алынған екен. Мен де соған қосымша ағамның отбасылық өмірінен сыр тарқатқым келеді.

Кенжеғозы атамыздың Құсайын және егіз туған Мұқаметжан, Кожахмет деген үш ұлы болады. Осы егіз ұл тұсымен-ақ Басар әжеміз оның біреуін – Қожахметті Кенжеғозының баласы жоқ Данияр деген ағасына береді. Сол Қожахметтің Шермағанбет деген баласының отбасында бір ұл дүниеге келип, тойлап жатқанда Мәті ағам әскерден келип, соның құрметтіне атын Женіс деп қойған еді. Бірақ құжат жүзінде аты Хайернас



Мәті Құсайынов

(арабша дұғадан алынған) деп жазылған, қазір осы Петропавлда тұрады.

Кенжеғозы атамыздың үлкен ұлы Құсайыннан тоғыз бала туады. Абайша айтсақ, атадан – тоғыз, анадан – алтау. Бұлай деуімнің себебі, атамыздың үш әйелі болыпты. Ол кісі кеңес өкіметі орнағанша ауылда болыс болған. Бірінші әйелі Зағила алты бала туып, дүниеден ерте өткен. Балаларының үлкені Сыздық, одан Мәриям, Есмұханбет, араға бірнеше жыл салып Мәті туған. Одан кейін Құлпәш, Құлбағиса деген екі қызы дүниеге келген. Мен Сыздық қызымын. Құлбағиса еңбектеп жүрген кезінде оны мениң әкем Сыздық қолына алып, қызындағы етіп өсіріп, өз қолынан ұзатқан. Ол кісінің ұрпақтары бар.

Мәті ағамыз 1937 жылы Омбының педагогикалық институтының физика-математика факультетін тамамдалған, Шерлактағы (Омбы облысы) қазақ орта мектебіне директорлықтағайындалады. Әрине, ол жылдары қазіргідей емес, институт бітіру екінің бірінің қолынан келмейтін.

Енді институтты бітірген соң Мәті ағамның Омбы жақта қызметте қалу себебін айта кетеійін. Институтты тамамдағаннан соң Омбы облыстық оқу бөлімінің менгерушісі ағамызға директорлық қызмет ұсынған екен. Оған ағамыз: «Ел жаққа барып, физика-математика пәндерінен сабак беріп, мұғалім боламын», - деп келісім берменті. Сонда менгеруші: «Сіз бекер директор болып бармаймын дейсіз. Мен сіздің бұл қызметті абыраймен атқаратыныңызға сенемін. Өйткені, сіз комсомолда белсенділік таныттыңыз, институтта да студенттер көшбасшысы болдыңыз. Сіз лидерсіз. Бұл жұмысқа бармасаңыз, елі өкінесіз. Ертең өзінен білімі мен біліктілігі, мәдениеті төмен адам келіп сені басқарса, сонда мениң айтқан сөзімді есіңе алып өкінерсің», - деген екен. Сол себепті де ағамыз елден алыс жерде қызмет етуге келісімін береді.

Ағамыздың мұндай білім алуына әкесінің тікелей көмегі болды деп айтуға толық негіз бар. Өйткені. Құсайын атамыз кезінде өз үйінде мектеп ашып, халықты сауаттандыру ісіне өзіндік үлес қосқан. Әкеміз Сыздық Полтавкадағы (Омбы облысы) «Приходская школа» оқуға береді. Сол мектепте әкемізben бірге бір кездері республикалық мұзды басқарған Жұмабай Шаяхметов те оқыған екен. Кейін ол кісі республиканы басқарып тұрған кезінде: «Сыздық, сен маған Алматыға келсейші, саған қызмет берейін», - деп шақырғанда әкемді елдің шалдары жібермей қалыпты. Сонда олар: «Сыздық-ау, ертең біз өлгенде мында кім көмеді?» - деген көрінеді. Ал сол адамдардың өз балалары, жақын-жекожаттары бар ғой. Бұған қарағанда әкем бүкіл ауыл-ағайынға қамқоршы болғанға ұқсайды.

1940 жылы Шерлак орта мектебіне директор болып қызмет атқарып жүргенінде Мәті ағамызға міндетті әскери қызметін отеуге шақыру қағазы келеді. Ол сол жақта жүріп өзінен 10 жасқа жуық кіші, сұлу татар қызы Зәйтұнаға үйленеді. Отбасында екі бала – Айгүл мен ұлы Хасан дүниеге келген. Оның үстіне Зәйтұна женгеміздің анасы, ағасы мен інісі қолында бірге тұрады.

Әскерге алынатын болған соң қызметін тапсырып, отбасын көшіріп әкеліп, Сыздық ағасының қолына тапсырады. Өйткені, анасынан 4 жасында жетім қалғанда осы ағасы тәрбиелеп өсірген ғой. Әкеміз оларға екі бөлмелі үйінің ен үлкен бір бөлмесін бөліп беріп, бес жыл бойы мұқтаждық көрмей өмір сүрулеріне жағдай жасайды. Сол қамқор әкеміз 1964 жылы ауырып қайтыс болды.

Мәті ағамыз Алматыда жасақталған 100-ші бригада сапында неміс фашистеріне қарсы Калинин майданында шайқасты. Калинин, Псков облыстарының Великие Луки, Молодой Труд, Невель, Новосокольники қалаларын және басқа да жүздеген деревняларды фашист басқыншыларының тепкісінен азат ету ұрыстарына қатысты.

1943 жылғы желтоқсанның 12-сінде 100 бригада ірілendіrlуғе тиис болды, осыған орай оған 31-ші атқыштар бригадасы қосылды. Сөйтіп, олар 1-ші атқыштар дивизиясы болып қайта құрылды. Дивизия Украина мен Беларусьтың ондаған ауыл-селоларын, әйгілі Брест, Варшава қалаларын азат етуге атсалысты. Соғысты Германияның Висмар қаласында бітірді. Соғыс жылдары корсеткен ерлігі мен қаһармандығы үшін Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, I-II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

Әкеміз Мәті ағамыз әскерден келген соң маңайдағы ауылдардың ігі жақсыларын шақырып, ат шаптырып, бәйге тігіп, үлкен той жасаған.

Нагашы атамның қажы болғандығынан шығар, Құсайынның бүкіл балалары арабша оқып, жаза алатын болған. Кезінде әкеме ауылға молда бол дегенде ол кісі келісім бермеген екен. Осыған орай облыстық, Петропавл қалалық партия комитетіндегілер ағамызға: «Сені арабша біледі, Құранды да оқи алады деп естідік. Соған орай енді қалалық мешітке куратор боласын», - деп міндеттеген. Ол кезде коммунист адам үшін партияның айтқаны зан ғой. Әрі ол кезде жақсы білікті молдалар болмады. Молда болып жүргендегі Құранның жаттап алған екі-үш аятынан басқаны білмейтін. Сол себепті де ағам дүмшесі молдалар, оразаның жүрттың бәріне бірдей міндетті еместігі (мәселен, ауру адамдарға) туралы облыстық газетке макалалар жазып тұрды.

1946 жылдан зейнет демалысына шыққанға дейін каланың қазақ мектеп-интернатында, № 24 мектепте, 2 жылдай жұмысшы-жастар мектебінде директорлық қызметтер атқарды. «ҚССР оқу ісінің үздігі» атағына ие болды. Ағамыз көпжылдық үстаздық қызметінде талай дарынды балаларды тәрбиелеп, өсіріп, олар кейиннен елге танымал іргелі азаматтар болды. Олардың катарына Мақтай Сағдиевті, экономика ғылымдарының докторы Ораз Баймұратовты, Жақсылық ҮІсқақовты, Еркін Әуелбековті, Зейнолла Олжабаевты, физика-математика ғылымдарының докторы Қайыржан Бекішевті, т.б. қосуға болады.

Қайыржан Бекішев Мәті ағамыз қайтқанда зираг басында сөйлемен сөзінде: «Әуелі Алла, соңсоң мені кісі қылған Мәті аға», - деп еді. Оның да мәні бар-ды. Ағай қазақ мектеп-интернатында директор болып тұрғанда елге барған бір сапарында 7-сыныпты бітіріп, әке-шешесі жоқ жетім болғандықтан, мал бағып жүрген Қайыржанды көріп, қалаға алып келіп, мектеп-интернатқа орналастырған екен. Ол да ағаның осы сенімін ақтаң, орта мектепті алтын медальмен бітіреді.

Мәті ағамыздың отбасында үш ұл мен үш қыз өсіп, тәрбиеленді. Үлкен қыздары Айгүл соғыс жылдары ауырып қайтыс болды. Ал Хасан мен Арыстанбек деген ұлдары ағамыз дүниеден өткеннен кейін өмірден өтті. Қазір ұлы Арқашбек, екі қызы – Рәзия мен Ғалия бар. Олар Түмен облысының Қоғалым деген қаласында тұрып жатыр.

Райхан ЖАҚСЫБАЕВА, ардагер үстаз

ҚАЙРАН БІЗДІҢ АНАЛАР ҚАЙСАР ЕДІ-АУ!

Біз сендердей жаңа ашылған гүл едік.
Жерге бақыт, елге бақыт тіледік.
Отан-ана отка күншіп жатқанда,
Біздер ме едік үй бағатын тірі өлік?

T. Молдагалиев

Ұлы Женіс баршамыз үшін ерекше мереке. Ажал отын шашқан сұрапыл соғыска кательскандар Женіс күнінде тағы да көздеріне жас алып, сол жылдардың азабын еске түсіреді. Өйткені, сүм соғыста қанша адам жетім қалды, жесір атанды. Ата-ана баласынан, бала әкесінен айрылып, қайғы жұтты. Жетімдіктің кермек дәмін татты. Осы жылдары нар жүгіндей ауырталық аналарымыздың иығына да түскен болатын.

Соғыстың қысылтаяң кезеңінде емшектегі орай салып, кәсіпорын, ұжымшар жұмысына түн ортасында кайтқан, «өзім жемесем жемеі үшін, Женіс үшін болсын!» деген ақ тілеулі ай әйелдердің асыл сезімін айтсаңызы!

Әйелдер бала тәрбиесімен айналысып, әке шаңырақтың тірері болып, жастарға үлгі-өн шілес «Жарқын» ұжымшарынан Елемес-Бәдиш Ысқақ, Жетібай деген екі ұлы майданға аттаны ды. Ысқақтың баласын бауырына басып Ләйла: Сүйген сынарын тосқан Ләйла дүниеге Әскер, Жәкеледі. Бұғанде екі ұл ер жетіп, ел қатарына қосы де, соғыстан кейін де шаруашылықты қалпына 4 баланы әкесіз өсірген Бикамал Мыржақова м соғыстан оралмаған Қалаш, Қалар есімді жігіт өсіріп-жеткізген екі ана Зұбайда мен алдыңғы Қайша есімді қайсар аналарымыздың тұлғасы бі болып қала бермек. Жанын арының садақасы аналарым-ай! Олар бастарына түскен ауыртпаң тері сағыныш пен шерге толса да, адал некені бұсын тарта жүріп, балаларының өсіп келе жатқан лік етіп бекінді, бәріне үлгі көрсете білді.

Мен ол кезде 10-сыныпты бітірген едім. Дікітаптың әрбір ашық жолдарының арасына күйе жазып жүрдік. 1942 жылы «Жарқын» ұжымшар, тепте мен, Қазиза Беккожина, Дариха Үсенбаев, Жәнипа Тоқсанбаева сабак бердік. Егін салу, оруларға арнап газет шығардық. Бригада басына 2 жаңалықтарын оқып беріп, аудан, ел оқиғаларі біз. Жиі-жиі «Әскери онқундік» деп бригада бағыз жегіп, жер жырттық. Жарқында Төке де кеткен карт егін себудің маманы болатын. Мойдай салған дорбаны асып алып, күректей қарулалған бидайды әрбір адым сайын серпіп шаше. Ол кездері егінді бір орында тұрып согатын. Көтүсіп жатқан сабанды лақтырып үлгеру де оңай

Ауылдағы пошта бөлімшесіне қайғылы «қен қаза болғандар туралы хабарды естуден ас ел-жүрт үшін. Кәрі-жастың еңреген даусы, әжоктауы Гитлерді қарғаумен жалғасқанда, сайсолармен бірге жылайтын едік. Азалы үйдің ад-

оларға көмек үйімдастырылатын. Ал тұні бойы жылап шыққан эйелдер ертеңіне қайтадан білектерін түрін, жұмысқа кірісетін еді. Бұл да жаудан кек алудағы бір ерліктең көрінетін біздерге.

Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында майданда да, тылда да есі жаңа кіріп келе жатқан жас баладан бастап жасы жеткен карттарға дейін отандастарымыз жауға қарсы майданға жаппай қатысты. Ол кездегі жастардың күш-қайраты, сана-сезімі де аса жоғары болатын. 1941 жылы 9-сыныпта ғана оқып жүрген З жасөспірім бала соғысқа сұранып, алдыңғы майданға аттанды да, оққа ұшып, опат болды. Сол сияқты мылтық ұстап көрмеген Зейнолла Рахымов, Көбен Мұстафин, Сағындық Ақжігітов сияқты балаң жігіттер соғысқа аттанып, елге қайтпады.

Міне, Ұлы Отан соғысының женіспен аяқталған күні де жақын. Енді бір айдан соң бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерлік көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен женісті шындаған, егін даласында, мал басында тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар да куана қарсы алады. Бұл мейрамды аяулы да даңқты әйелдер – өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзіпен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтапаған аналар тойлайды! Уақыт алға жылжыған сайын кешегі өрім жас, бүгінгі самайларын ақ шалған аналардың ел басына күн туған сын шакта қайыспай күрескен қажыр –қайратының мән-манзызы төрендей түссе екен деймін. Ауыртпалықты мойымай арқалағандарының өзі теңдесі жок ерлік.

Бикен КЕҢЖЕТАИҚЫЗЫ

БАРЛАУШЫ БАЛТАБАЙ

Әңгіме арқауы тоқсанды алқымдап қалған соғыс және еңбек ардагері Балтабай Тілеубаев ақсақал хақында болмақ. Балта ағаң 1918 жылы Солтүстік Қазақстан облысындағы Еңбекшілер ауданына қарасты «Жаңа дәуір» ауылында кедей шаруаның отбасында дуниеге келген.

Әкесі Тілеубай, шешесі Сәруар сонау аштық жайлаған тар заманда – тұрасын айтканда 1933 жылы қайтыс болады. Буыны бекімеген, оң мен солын әлі тани қоймаған Балтабай немере туыс ағасы Кәкібайдың қолында қалады. Тарыншылықтың тәлкегінен жарытып оқу да оқи алмайды. Жастайынан ауырдың салмағын, тұрмыстың тауқыметін сезінген ол колхоздың шаруашылық жұмыстарына бел

шешіп ер жете бастаған Балтабай енді өшіп қалған әке шаңырағының тұтінін кайта тұтетуді ойлайды. Мұнысына немере ағасы Кәкібай да ақыл қосады. Сөйтін көз қырын салып жүрген қызға үйленейін, үй болайын деп жүргенде соғыс басталады.

Ауылдың қара мұрт, сақа жігітерінің бір легі соғыс басталысымен әскерге алынады. 1942 жылдың мамырында елдегі бас көтерер азamatтардың екінші легімен Балтабай да соғысқа аттанады. Жолда біраз тәулік жүріп. Мәскеу қаласының түбіндегі әскери бөлімге жетеді. Осында екі ай бойы күні-түні әскери жаттығудан өтіп соғысқа дайындалады. Содан кейін III-Украина, Белоруссия майданының құрамында неміс басқыншыларына қарсы соғысқа кіреді. Осы майданда жеке тапсырма алмағанымен көптен бірге жауға оқ жаудырып, жауынгерлік сыннан өтеді.

1943 жылы Ленинградты қорғауға, оның түбіндегі елді мекендерді жаудан босатуға қатысады. Мұнда артиллерия полкында байланысшы-барлаушы міндетін атқарады. Бірнеше рет жауынгерлік тапсырманы жанындағы жолдастарымен ойдағыдай орындан, көзге түседі. Жауып тұрған оқтың астында талай рет барлауға шығып, Ленинград қаласының маңында шоғырланған жаудың күшін анықтап қайтады.

Балтабай Тілеубаевтың майдан жорығы одан әрі жалғасады. Ол Румынияны, Венгрияны, Чехословакияны жаудан азат етуге қатысады. Бұл кезде кеңес жауынгерлері ерекше екпін алғып, жауды өздері шыққан ұясы – Берлинге тықсыра қуған кез болатын. Балтабай құрамында жүрген әскери бөлім де, мына жүрген әскери бөлім де Берлиннің түбіне жақындал барғанда, Рейхстагтың төбесіне ту тігіліп, соғыстың аяқталғаны хабарланады.

Соғыс аяқталғаннан кейін Балтабай Тілеубаев бір жыл шекара күзетіне қалдырылады. Сөйтін, 1946 жылдың мамыр айында аман-есен елге оралады. Мәскеу түбінен Берлинге дейін барған майдангер жауынгерлік ерлігі үшін екі рет «Ерлігі үшін», «Ленинградты азат еткен үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» және басқа медальдармен марапатталады.

Тұған елге оралысымен Балтабай бірден білек сыйбанып, соғыс зардабынан тұралап қалған колхоз шаруашылығын көтеруге атсалысады. Бригадир болып бірнеше жыл шаруашылықты ұйымдастыруға қатысады. Кейін жылқышы, шопан болып еңбек етін, мал шаруашылығын өркендетуге өз улесін қосты. 1978 жылы зейнеткерлікке шыққанымен қарап отырмайды. Еңбексүйгіш Балтабай бес жыл «Амандық» кеншарында тағы еңбек етеді. Тылдағы еңбектері де елеусіз қалған жоқ. Озаттардың қатарынан көріне білген ол бірнеше медальдарға, облыстық мактау грамоталарына ие болады.

Екі жүзге тарта тұтіні бар іргелі «Жаңа дәуір», Амандық ауылдан соғысқа қалып топ аттанса, Ұлы Жеңістің мерейтойында олардан қалған жалғыз ғана соғыс ардағері осы – Балтабай Тілеубаев еді. Балтабай ақсақал мен Дәлапраз жеңгей алты бала өсіріп, тәрбиелеп, бәрін де отау етті. Олардан жиырма алты немере, үш шөбере сүйіп тырыған қос қария бүгіндері өздерін ең бақытты жан сезинеді.

Мәжит СЕЙІТМАҒАМБЕТҰЛЫ

БҰҒАНАМЫЗ ҚАТПАҒАН БАЛА ЕДІК...

Соғыс басталған жылы 13-14 жастағы мектеп оқушылары едік. 1941 жылдың 22 маусымында біздер, ауылдың өзім құралпы жеткіншек балалары далада кеншардың малына шөп дайындау науқанында жүргенбіз. Сол жылы Есіл тасып, алқаға мол шөп шыққан еді. Сәду, Қабдолке, Мырзахмет, Байдолла сияқты қариялар ауыл тұрғындарының биелерін жегіп, шөп машинасымен шөп шапты. Бұған қоса қол шалғымен де шөп шабу ісі ұйымдастырылды.

Күн ыстық еді. Шапқан шөптер кеүіп, оны қол тырнауышымен Ғарифолла алда, мен артта жинап жүрген болатынбыз. Бір кезде ауыл жақтан салт атпен шауып бір кісі келді. Ғарифолла (марқұм болды) менен екі жас үлкен еді. Сол: - Бұл не «шапқын»,

тиыштық па? – деп сұрақ қойды жанағы шауып келген Есіл ауылдың кенесінің хатшысына. Ол: – Бәриң де қосқа жиналышындар, - деді.

Қосқа жиналған шөпшілерге ол герман фашистерінің өзара тииспен туралы шартты бұзып, елімізге таңсәріде шабуыл жасағынын, сондықтан ертеңгі сағат 10-ға осындағы шөпшілердің ішінен он адам Октябрь аудандық әскери комиссариатына бару қажеттігін айтып, шақыру қағазын таратты.

Сонымен жұмыс токтады. Жұрт құрал-саймандарын бір жерге жинап, бәріміз ауылға келдік. Келсек, көшеде ерсілі-қарсылы жүрген адамдар. Бәрі у-шу, жылап-сықтауда. Шакыру алған Карима, Хамза, Қапсалам, Рәш, Әбжан, Мәуеш, Қалианұр, Дүйсенбайлардың кескіндегі басқалардан өзгеше сұрланып кеткен. Соларды көріп, ес біліп қалған біздер де толқып, қамығамыз. Ел толқып, ақ тілектеріп айтып, оларды аудан орталығына шығарып салды. Сөйтіп, шағын Мектеп ауылынан 20-35 жас аралығындағы жігіттер соғыстың алғашқы күні-ак майданға аттанып кете барды.

Ауылда қайтадан шөп дайындаушылар бригадасы құрылды. Жұбайлары соғысқа аттанған жас көліншектер белдерін буыш, қолдарына шалғы алып, шөп шабуды үйренді. Қариялар да науқандық жұмыстарға бел шешіп, белсene кірісті.

Ол жылдары техника аз, көп жұмыстар қолмен атқарылатын. Мәселен, көктемде жер жыртқанда екі тілді соқаға түрғындардың малдары жегіледі. Тұқымды шалдар мойнына бидай салынған дорбаны іліп алып, жыртылған жердің үстімен жүріп, қолмен шашып отырады.

Егін піскенде лобогрейкамен (оған жылқы немесе өгіз жегіледі) шабылып, ол кепкен соң көпеленеп, бір жерге тасып, маялап үйледі. Содан қазан-қараша айларында комбайынды маяның қасына сүйреп әкеліп, жаңағы масақтарды соғады. Егін соғуда, әсіресе, комбайнның жаткасына айырлап егінді салып тұру өте ауыр болатын.

Одан соң ауылдан 20-30 шақырым жердегі астық қабылдау пунктіне көлікпен қапталған астық тасымалданады. Бір көлікке екі адамнан бекітіледі, яғни бір естияр әйел мен бір жеткіншек бала болады.

Бұған қоса ай сайын Қызылжар қаласындағы элеваторға 15-16 шанаға тиеп бидай жөнелтеді. Олар қалаға 3-4 күн жүріп жетін, бидайларын элеваторға өткізеді. Астықтарын өткізіп болған соң керуеншилдер қаланың дүкендері мен базарларынан керек-жараптарын алады. Өзім де осы керуеншилдердің қатарында болғандықтан, бәрі де қазір көз алдында тұргандай. Онан соң Боркиде әскери дайындықтан өтіп жатқан жерлестерімізге барып тамақ, қолғап, жылы кимдер апарамыз.

Соғыс жылдары елге майданнан үшбұрыш хаттар жиі келіп тұрды. Солардың арасында «қара қағаз» да келе бастады. Ең алғашқы «қара қағаздар» жау оғынан қазага ұшыраған Әбжән, Рәш, Карина, Хамзалардың үйлеріне келді. Оларға ауыл ақсақалдары барып, көніл айтты.

Бұл жылдары қайғы-қасірет әрбір үйде кездесті. Солардың ішінде біздің үй де бар. Женіске жақындағанда туған ағамның қайтыс

болғаны жөнінде «қара қағаз» келді. Онда былай деп жазылған: «Сеитбеков Мырзаш 1924 жылы туған, кіші лейтенант. 859-шы атқыштар полкінің миномет взводының командирі, 1945 жылдың 15 наурызында соғыста қаза болды. Германияның Гюперн деревнясының қасында жерленген». Ағамның жазып қалдырыған өлең дәптерінде мынадай өлең жолдары бар:

Тұған ел, қоштасарлық келді кезі,
Соғысқа жүрмек болып будым белді.
Артымда өзім кетсем сөзім қалсын,
Ел-жұртым, құлақ салып тында енді.

Артымда кәрі әке-шешем қалды,
Жаны бір Жұмаш атты інім қалды.
Төлеген, Құлзат, Нұрыш, Жамал, Сән-ай,
Сендерді ойлат, шіркін, жүрек талды.

Ағамның жазып қалдырыған өлеңдері, суреті қала мұражайында сақтаулы тұр.

Жалпы соғысқа ауылдан 70 адам аттанды. Бұл – әр үйде бас көтерер ер азамат қалған жоқ деген сөз. Сондықтан қарт адамдардың үйлеріне отын, су жеткізіп беру біз сияқты мектеп оқушыларына жүктелді. Бірде тұскі шайдан соң Қуан, Есләм, Тұрғын және мен төртеумізге Айша әжейдің үйіне отын әкеліп беру тапсырылды. Күн аздал борансымақ еді. Төртеуміз шаналарға өгіздерді жегіп, орманға бет алдық. Орманға келіп, балтамен жіңішке бес-алты қайынды шауып құлатып, бөліп шаналарға арта бастағанда жел көтеріліп, боран күшнейп кетті.

Орманнан әупірімдеп шықтық. Келген жолымызды қар басып қалыпты. Жағалай ақ түтек, түк көрінбейді. Қай бағытқа қарап жүретінімізді білмей дал болдық. Эйтеуір, жобалап жүріп отырып, жолдан аттың қыын кездестіріп, сол жолдың сарабымен жүре бердік. Сөйтіп, төрт шанамен түннің бір уағында ауылға келіп жеттік-ау әйтеуір. Біздердін аман-сау тірі келгенімізге үй-шіміз де, бригадир де қуанып жатыр. Үйлерімізге тарап, ыстық шай ішіп, ес жидық. Осы ушин бізге бір күн демалыс берді.

Келесі бригадир бізді тағы да кеңсеге шақырып алып: –Енді әрқайсыңа жеке-жеке тапсырма береміз, - деді. Ауылда жасөспірімдер 27-30 шамалы едік: –Сендер, Рақымжан мен Есләм, өздеріне бекітілген Тәли, Бейіс, Рақия, Зейнеп, Фалиялардың үйіне Есілден мұз ойып әкеліп бересіңдер. Жұмаш пен Қуан, сендер Балқия мен

Рәзияға отын дайындал, үине кіргізіп бересіндер. Шамай және Аба Сактағанның Елемесі мен Қапар, Сапар үйлеріне барып, олар ністе десе, соны орындастындар. Серік, Мұрат, сендер өз үйлеріні маңында тұратын кариялардың шаруасына көмектесіндер. Басқаларың мал қораларын кидан тазартып, өгіздер жататын жерге саба төсеп, оттықтарын жөндеп, шөп саласындар, ондағы шөптерді қа басып қалмауы үшін шешайтып бір жерге үйесіндер. Айыр, қүреі балта, балға, шегелерді өздерің ала келесіндер, - деп тапсырма берд

Әрине, үй ауласында жұмыс істеу біздерге өнша қызын шару емес, кешке дейін тапсырманы орындал таstadtық. Әжелеріміз риз болып, дастарқан жайып, шай ішкізіп, баталарын берді.

Отты жылдардың артта қалғанына да 70 жыл етті. Соғыс кезіндеғі балаң жастар, біздер, бүгінде 80-нен асқан қарттармыз. Елімі егемендік алып, халықтың әл-ауқаты артып келеді. Енді аспанымы ашық, еліміз тыныш өмір сүрсін деп тілеймін. Кейінгі жастар бі көрген қыншылықты көрмей, бұла болып өссін демекпін.

Жұмаش СЕЙІТБЕКОВ, ардагер ұста

СИЫРДЫ ЖЕТЕКТЕП, СОҚА АЙДАДЫҚ

Соғыс басталғанда мен тоғыз жаста едім. Жамандық хабар жатма, соғыс жөніндегі хабарды естігеннен-ақ Тауғаш ауылының тұрғындары етек-жендерін жинап, қан майданга қарсы тұруға әзірлене бастанды.

Сол жылдардың алдында көшенин орта тұсына төрт таған орна тылып, оның үстінде биіктігі 10 метрдей ағаштан жасалған мұнарасы болатын. Біздер, балалар, мұнараны қызық көріп, сатысымен үшар басына шығып, жан-жаққа көз жіберетінбіз. Сонда маңайдағы Сарман, Қоржынкөл, Қызыләскер сияқты елді мекендер анық көрінетін. Осы мұнараның қол жетерліктең жеріне соқаның темір тілін оның жанына тағы бір темір білеуді байлап қоятын. Ауылда төтенші бір жағдай бола қалғанда бір адам соқа тілін жанағы білеу темірмен қатты-қатты ұратын, сонда сол жерге бүкіл ауыл жиналатын. Со «Соғыс басталды» деген сұық сөз елге осы жерде хабарланған еді.

Елде қызын жағдай қалыптасты. Ауылдың бас көтерер ер азаматтары майданға аттанды. Ауылдағы ауыр еңбектің бір үшін балғын бала-шаганың иығына тұсті. Таң сіберлегеннен ұжымшардың қара жұмысына жегілген біздер күн ұсына қонғанша тыным таппайтынбыз

Біздер, балалар, 1941-43 жылдар аралығында сабактан шыққан соң және каникул кездерінде соқа айдап, өгіз жетектейтінбіз. Күн ұзакқа соқа сүйреп қалжыраған өгіздер соқадан босаған кезде қалып ағаш ішіне кіріп алыш, таптырмай, әбден тойынған соң 1-2 күннен кейін масадан қашып өздері далага шығатын. Өгіздерді таба алмағанымыз бар, таңертен жұмысқа кеш келетініміз бар, сол үшін бригадирден талай таяқ жетінбіз.

Кейіннен сол оғіздер майдандагы жауынгерлерге азық ретінде етке өткізіліп, ендігі кезек шаруашылдың сиырларына келді. Сөйтіп, ұжымшардың бүкіл жұмысы сиырлармен атқарылды. Ауылдан 5 шақырым жерде егіс бригадасы орналасты. Онда балалар мен кәрі-құрттан шалдарға жаппа жасалды, әйелдерден басқаларымыз сонда түндейтінбіз. Ал әйелдер күндіз біздермен бірге жұмыс істесе, кешке сиырларын сауып, оны ауылға апарып балаларын тамақтандыратын да, ертеңіне алакебеден бізben бірге жұмысқа шығатын. Соғыс жылдары осылайша еңбек еткен әйелдерді қалай мақтаса да тұрарлық еді-ау.

1943 жылы әкем Сәрсенбайды броньмен соғыстан алыш қалып, ұжымшардың төрт тулік малына ферма менгерушісі етіп қойды. Соған орай біздің отбасымыз ауылдан 3 шақырым жердегі мал фермасына көшпі барды.

Шешем Гұлсім бие сауатын, мен құлышының басын ұстайтынмын. Тұс кезінде құлышынды енесіне қосақтап, «Сарыкөлдин» құрагына жайып, оттатып әкелетін де мен едім. Ұжымшарда 15-тей сауын бие, бойдақтарымен қосқанда 40-тай жылқы, 30 шақты сауын сиыр, 300-дей қой-ешкі болды.

Ол кезде сиыр бұзаудың сауылатын. Сиырды идіріп алу үшин бір бала бұзауды енесіне еміздіріп алыш, қасында ұстап тұрады. Қойларды да сауатын болған соң қозыларын бөлек ұстап бағу керек. Ал қозыларды жамыратып алсан, сүт болмайды. Міне, осында ұсақ та болса жауапты жұмыстардың басы-қасында біздер жүрдік. Мал басында мен жалғыз болған жоқпын. Менимен бірге Мағауия Атаманов, Файзолла Мәкішов, Қозыбағар Сәрсенбин, Қалмақан Қазыбеков сияқты балалар еңбек етті. Мағауия бізден 2-3 жастай үлкен, ал Қалқаман мен Қозыбағар 3-4 жастай кіші еді. Осылардың алдыңғы екеуі қазір арамызда жоқ, қайтыс болды.

Фермада тағы да Қазыбай Қазыбеков, Асан мен Кәсен Сәрсенбин деген ағайынды азаматтар және Сексенбай Жұмабаевтың отбасылары тұрды. Мениң әкемде қырық жамау, тесік-тесік киіз үй болса, басқалары жаппада тұрып жатты. Осы аталған отбасылардың да, біздердің де күнкөрісіміз нашар болды. Нан өте тапшы еді. Көбіне малдың ағымен күнелтеміз.

Біздер, балалар, жаланаяқ, жалаңбас жүріп, бие, сиыр сауғанда құлындар мен бұзаулар талай рет аяғымызды басып, қанын шығарушы еді. Үнемі жаланаяқ жүретіндіктен, табанымыз бір елдей қалындал кететін де, анау-мынау шөгір, бұта-саяққа қынқ етпейтінбіз.

Күз түсіп, қар бір жауғанда жайлаудан қыстакқа көшетінбіз. Қыстакқа тек біздің отбасымыз ғана көшетін. Фермада жалғыз ғана екі бөлмелі керте үй болды. Оның кіреберісінде ферманың есепшісі Батпас Некібаевтың отбасы, төргі бөлмеде біз тұрдық.

Сабакты фермадан ауылға барып оқып жүрдім. Сабактан шыққан соң да әкем мені бос отырғызбайтын. Қой қоздап, төлдету жұмысы басталады. Бұл ете қын жұмыс еді. Қозы мен енесін ауыстырып алсан, күнің караң болатын. Әкем ете қатал адам еді. Қаталдығын үйде де, жұмыста да көрсететін.

1945 жылдың көктемінде «Сарыкөл» жайлауында отырғанбыз. Сол кездегі ұжымшар басқармасының терағасы Қозыбай Қазыбеков қара жорғасымен салт аттың шылбырын бос қоя беріп, екі қолын аспандата жайып, «Сүйинші-сүйінші», - деп жақсылық хабарды жеткізгені әлі де көз алдында тұр.

Әйтеуір, не керек, 1947 жылдың жазында 7-сыныпты ауыл мектебінде бітіріп, Баян орта мектебіне окуға барғанымша ұжымшардың малы мен жұмысынан қол үзбедім. Сөйтін, балалық шақтың қызық-куанышын көргеніміз жоқ.

Таяғаштан әскер қатарына 70 жпіт алынып, оның 40-ы елге оралмады. 1973 жылы Ұлы Женістің 30 жылдығы қарсаңында майданнан оралмаған жауынгерлерге арнап, өзім бас болып ескерткіш орнаттық. Сол жылдары соғыстан аман оралғандар саны 21 еді. Солардың бүгінде аман-сая жүргені Қожатай Некібаев пен Сапар Дүйсенов ағамызы.

Ендігі тлейтініміз аспанымыз әрқашанда ашық болып, қазіргі жастар – немере-шөберелеріміз біздің көрген бейнет-азабымызды көрмей өссе еken деймін. Женістің 70 жылдығын да көреін деп отырмыз. «Жас нұротандықтар» «Ардагерлерді ардақтайық!» деген ұран тастап, қарттарға құрмет көрсетуде.

*Түменбай СӘРСЕНБАЕВ,
ардагер ұстаз, тыл енбеккери*



АРДАГЕР БАҚЫТЫ

Аудан орталығы – Явленка селосындағы казақ орта мектебінің іргесінде өткен-кеткеннің назарына бірден ілігетін үлкен ақшашкан үй бар. Бұл үйде кенже баласы – Аманкелдінің қолында соғыс және еңбек ардагері Мұхамедия Бектеміров тұрады.

Жұмыс орны мектеп болғандықтан бұл қарияны құнде көріп, сәлем беремін. Жасы сексеннен асып кетсе де, қарияның қимылы әлі ширак, үй шаруашылығының құнделікті күйбелінен қалмайды. Бірде өрістен қайтқан сиырын велосипедке міне салып, қайтарып келе жатқанын көріп таңқалғаным бар.

- Ата, мына «көлігін» құлатып кетпей ме, - дейміп.
- Бойда қуат барда, онысина ырық берейін деп тұрмын ба, - деп құлді қария. Расында да, мал қайыруға балаларды жібермей, өзі ермек қылғанды жөн көреді екен.

Женіс күні болсын, өзге мереке болсын ордендері мен медальдарын сыңғырлата кеудесіне тағып алып, шеруге қатысуға, туыстары мен балаларын аралап шығуға жалықпайды. Қазакы шапаны мен қалпағын киіп алып, жұма сайын мешітке кіріп шығу да ежелгі әдеті. Бұрыннан таныс әрі құдандалы болғандықтан қариямен жи сойлесіп тұрамын. Амандық-саулық, тұрмыс-тіршілік, шаруа жайы дегендей әңгімеміз әр тақырыпқа ауыса береді.

Жуырда тағы жолығып, Ұлы Женіс мерекесінің жақындалап келе жатқанын, Елбасының соғыс ардагерлері мен мүгедектеріне үлкен қамқорлық жасап отырғанын әнгімелесе отырып, сол бір сұрапыл соғыс жылдарында басынан кешкен оқиғаларды сұрап билген едім.

– Мен осы аудандағы Орталық ауылының тұмасымын, - деп бастады әңгімесін Мұхамедия қария. – Кенеттен соғыс басталғанда ел қорғауға аттанған азаматтармен бірге Есләм, Рамазан деген екі ағам да майданға кетті. Олардан кейін кешікпей мен де елмен қош айттыстым. Жасым толмағандықтан Қарсақпайдағы алты айлық ФЗО-ға оқуға жіберілдім. Слесарь мамандығын алған соң сонда мыс өндіретіп зауытта жұмыс істедім. Біз өндіріп, өндеген мыс та соғыс кезінде жаудың көкірегіне оқ болып қадалғаны белгілі. Сондыктан жаудың бетін қайтарып, жену үшин құн-тұні жұмыс істедік.

1942 жылы күзде жасы толып, әскер қатарына шақырылады. Алғашында Қекшетауда, одан кейін Барнаул қаласында алғашқы әскери дайындықтан өтіп, соғыс өнерін үйренеді. 1943 жылдың қаңтарында Харьков түбінде алғаш ұрысқа кіріп, жаумен бетпе-бет кездеседі. Ол кезде Мұхамедия Бірінші Украина майда-нының 94-ші мотоатқыштар дивизиясына қарайтын автоматшылар

ротасында болатын. Жанталасып алға ентелей ұмтылған жауды рота автоматшылары бораған қалың оқтың астына алып бас көтертпейді. Жаудың бетін кайтарған біраз автоматшылар ерліктерімен көзге түседі. Мұхамедия да осы жолы алғашқы жауынгерлік ерлік медалии омырауына қадайды.

Харьков маңындағы кескілескен ұрыстың бірінде оның аяғы мен қолына оқ тиіп жарапанады. Содан Саратов қаласындағы госпитальда екі ай емделеді. Емделіп шыққаннан кеин тағы да майдан дала-сына аттанады.

– Бұл кезде майдан шебі Польшаның жеріне ойысқан екен, - дейді қарт майдангер отты жылдардың оқиғаларын есіне түсіріп. – Польшаның елді мекендерін жау басқыншыларынан бірте-бірте босата отырып, Праганы азат етуге қатыстық. Польша жерінде екінші рет ауыр жарапанып, Астрахан қаласындағы госпитальда алты ай жаттым. Содан әскери комиссия денсаулығымды мұқият тексеріп, елге қайтаруға үйгарым жасады. Өз елімізді неміс фашистерінен болатқанымен оларға деген өшпендейлік кегі іште қыза қайнаса керек, елге қайтудан бас тарттық. Он жауынгер өз еркімізben майданға қайта сұранып, ақыры өз бөлімшемізге қайтып оралдық. Бөлімшемізге келсек өлгені бар, жарапанғаны бар, таныстан жалғыз старшинамыз қалыпты. Ең ыстық, ең жақын бауыр туыстай құшақтасып жылап көрістік.

Мұхамедия сол старшинасымен, сол жауынгер жолдастарымен жүлттарын үзбей Чехославакияны азат етуге қатысты. Жауды басты-рмалатып кейін шегіндірғен маршал Жуковтың армиясында болып, Германияға да кірді.

– Женіс күнін біздін полк Берлинге он екі шақырым қалғанда қарсы алдық, - дейді ардагер әңгімесін сабактап. Осы жерде соғысты аяқтадық. Женіске жеткен қуанышымызда шек болмады. Тілті көмекке келген американдық солдаттарды осы жерде көріп, туысымыздай құшақтастық. Соғыс біткеннен кейін 1945 жылдың қазан айында елге оралдым. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» демекші менен бұрын соғысқа аттанған екі ағам да аман-есен елге келіпті. Қыргын соғыстың небір қызын кезендерін бастан өткізіп, ауырталықтың салмағын айқын сезінсек те, дем алмастан тұралап қалған елдің шаруашылығын көтеру үшін бейбіт енбекке бел шешіп кірістік. Иә, Мұхамедия соғыстан кейін 1ле біраз шаруашылыққа араласып, қай жұмыста болмасын беделге бөлениген жан. Колхозда есепші, одан кейін Қарағаш ауылдық кенестің хатшысы болып қызмет атқарды. Көп жылдар бойы қазіргі Аққайың ауданында байла-ныс бөлімінде қызмет жасап, бұл саланың да ісін 1лгері бастыруға

стары Шарламбай мен Асқанбай дүниеден озып, олардың жетім балаларын, өзінің екі тұяғын, кәрі Ұлбөбек енесін, әйелі Бәтиманы бір шаңырак астында бағып-қағып, соғыс зардабын аркалап отырған ауылдың бас көтерер бір азаматына айналады.

Бригада басқарып, егін салады. Көзі көргендердің сөздің майын тамызып айтуларына қарағанда, Абылайдың мінезі жұмсақ, парасатты, ел-жүртқа мейрімді адам болған. Өзге біреулерше өзеуреп, бақырып бастық болмай, жүртпен тіл табыса білген.

Бірақ бәрі де адам қалағандай бола бермейді ғой. Осы айтқанымдай, 1944 жылдың қысы шаруаға жайсыз болып, ақпанда акшулан боран ойнап, көз аштырмай қояды. Саяғаш атты орманның батыс жақ шетіне орналасқан қой қорасына шөпті уақытында жеткізу мүлде мүмкін болмай қалады. Мал шетінейді. Осыны жоғарыдағы басшыларға өнін айналдырып жеткізгендер басқарып отырған Абылай Рамазановтың қырсығынан жем-азық жетіспей мал қырылып қалды, деп Абылайды жазғырады. Ферма менгерушісі де жығылған үстіне жұдырық деп солардың сөзін сөйлейді.

Сонымен, не керек ауданнан келген уәкіл Абылайды әңгіртаяқтың астына алады. Ол уақыт ақ-қарасын айрып жататын кез бе, қырылған малдың өтеуіне Абылайға үш жыл мерзімді арқалатып қоя береді.

Соғыстың қайнаған қан майданында жүрегі қайтпаған қайран ер еліме оралдым ба дегенде бала-шағасын еңіретіп абақтыға жабылады. Тұтқындалып бара жатқан байғұс мениң атам Жарылғапқа жолығып, ұлы Қабиденге көз қырын салуды тапсырыпты.

Осы Қабиден бізben бір шаңырактың астында өсіп-жетіліп, өзінің пысықтығы арқасында ер жетті. Абылай болса тағы да аман-есен елге оралды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлеңді» деген осы. Баяғы жұмысына қайта орналасып, балаларын өсірді, зейнетке шықты. Дмитриевка мектебінің жанындағы Інтымақ ауылынан келіп оқытын балаларға арналған интернаттың шаруашылық менгерушісі болды. Соғыста алған алты мэрте марапатын ол еш уақытта біреудің көзіне шұқып көрген жоқ. Және бір абзалы - өзін өсекке теліп, жаламен соттатқандарға залал жасамады.

Ал, манағы тұяғы Қабиден Рамазанов 1970 жылы ауылға келген Ішкі істер министрлігінде ірі қызметте болған ағайыны Қамал Мұстафиннің көмегімен Алматыға аттанып, социалистік меншікті талан-таражға салушылармен күрес басқармасында инспектор болып енбек етті. Осы қызметтен зейнетке шықты. Балаларына түгел иглілік жасап, білім әперді, үй қылып шығарды. Кешегі озған бабаларының соңынан өзі де о дүниеге сапар шекті. Ал зайыбы Қайыржан

бүгін де ғұмыр кешуде. Баласы Марат екे жолын қуып, қазір Алматыдағы полиция академиясында дәріс береді. Болат пен Қанат Рамазановтар да белгілі азаматтар. «Қазақфильм» киностудиясында оператор болып еңбек етеді. Кенжесі Гүлмира – қолы шипалы дәрігер.

Бір әuletтің тағдыры осындаі. Өмірдің тағдыр-талайында мәндайы талай мәрте тасқа тисе де, адамдық парасатынан айнымаган Абылай Рамазановтың есімін олар осылай ардактауда. Пешенесіне қындық та, қызық та жазылған майдангер өмірдің ыстық-сұғында өзінің адамгершілік абзал қасиетін жоғалтпастан осындаі ұрпақ есіре білді. Женістің ұлы күнінде оның рухына тағымыр етіп, кешкен қындықтарын ойламай, ғұмырының бақытқа кенелген соңғы жылдарындағы баянды тірлігін медет етеміз.

*Қабдырахим ЖАРЫЛГАПОВ,
зейнеткер*

ТҰРАБАЙДЫҢ ЕРЛІГІ

Ерлік – елдің қасиеті,
Жүректілік – жігіттің қасиеті.

Бастыржсан Момышұлы

Соғыстың кайнап жүріп жатқан кезінде орыс тілін жақсы билетін жас қазақ жігіті Тұрабай Ережепов өзінің ширақ та шапшаң қолымен бірден көзге тусти.

Сенімді, мықты сарбаздардың қатарынан таңдал алынған жігіттерден барлаушылар тобы жасақталды. Тұрабай барлаушылар тәсілін тез менгерді. Оның жөні сол, ол бұған дейнін Солтүстік-Батыс майданындағы ұрыстарға қатысып, шындалды. Жараланып, госпитальда жатқаны да бар. Нағыз барлаушы атанғаны Латвияның Рига каласы маңында немістің бір капитан, екі аға лейтенанттың қолға түсірғен кезде еді. Сол жылы «Ерлігі үшін» медалімен марарапатталды. Қазір Түрекен қария-



Тұрабай Ережепов



ның омырауында «Отан соғысы» ордені мен бірнеше медаль жарқыраса, соның бәрі – оның өмір мен өлім құшағында жүргенде жасаға қаһармандығының күесі.

– Соғыс жүріп жатқан 1944 жылы Бірінші Прибалтика майданы да партия комиссиясының мүшесі, Кеңес Одағының Батыры Мәлі Габдуллиннің қолынан партия мүшесі кандидатының билетін ажырым, - деп мақтандышипен еске алады 83 жастағы ардагер.

Ұлы Женістін арқасында келген барлық бейбіт өмірді туған жеңіде өткізіп жатыр. Мектепте мұғалым, колхозда, совхоздарда есепші болып істеді. Зейнеткерлікке шығып, көптен бері біздің аудандағы Ленинград селосында тұрады. Көрген кошеметі. бөленген алғыс аз емес. Бәрі адал да абыройлы енбегінің аркасы. Марқұм зайыб Бәтия Қалиаскарқызы екеуі алпыс жылға жуық шаңырақ құрып жеті ұл, екі қыз өсірді. 30 немере, 6 шөбере дәл бүгіндегі қасындағы Коғамдық, тәрбие-тәлім жұмыстарынан шет қалған емес. Мектептегі окушыларымен кездесіп, өткен соғыс жылдарынан, одан кейін бейбіт өмірден тұшымды әңгімелер шертіп береді.

– Өмір жақсы ғой, - дейді ол толғаныс үстінде, - Жайдары, тъныштық. Аспан осылай ылғи ашық болсын. Халқымыз аман-есел жақсылықта болсын. Сонау Ұлы Отан соғысы жылдары сол үшін күрестік қой. Төккен қан, тындырылған жұмыс осылай береке-білікке ұласа берсін.

Соғыс ардагерінің батасы он болғай. Өзіне де – сол тілек.

*Бібырай ИЛИЯСОЛ
Ақжар аудан*

ОТТЫ ЖЫЛДАР ҚҰЖАТТАРЫ

Көшіріліп әкелинген заводтарды Петропавлда орналастыру және соғыс жылдарында оның өнеркәсіптік әлеуетін арттыру мәселесі қараған ҮІІ облыстық партия конференциясындағы облыстық партия комитетінің есебінен.

1945 жылдың 5 наурызы,

...Неміс басқыншыларымен соғысқа дейін Солтүстік Қазақстан облысында қорғаныс өнеркәсібі болған жок.

1941 жылдың аяғы – 1942 жылдың басында Петропавл қаласы на өнеркәсіп кәсіпорындары көшірілді. Кеинірек олар жүйелі түрдегі және барған сайын ауқымды түрде Қызыл Армия мен Әскери-Тен Флотын қорғаныс өнімдерімен қамтамасыз етіп тұрды.

Заводтарды қалпына келтіру қатал Сібір қысы жағдайында, қолайсыз қоныстарда, жылу да, жарық та жетіспеген жағдайда жүргізлді. Алайда жұмысшылар ұжымдары барлық партия ұйымдарының белсенді көмегіне сүйене отырып шектеулі мерзімде – бір айдан бес айға дейін – қорғаныс заводтарын қалпына келтірді. 1942 жылы Қызыл Армия мен Әскери-Теңіз Флотына арналған қорғаныс өнімдерінің маңызды түрлері жүйелі түрде шығарыла бастады. 1942 жылдың өзінде 75,6 миллион сомның (1926-1927 жылдардағы бағамен) 25 түрлі бұйымдары шығарылды. Шығарылған 25 түрлі бұйымдардың бесеуі Петропавл қаласында жаңадан игерілді.

Заводтар қол жеткенге тоқмейілсімей, өнімдерін жетілдіре түсті, соғыс бұйымдарының жаңа түрлерін игерді, шығарылатын өнімдердің санын да, тиімділігін де арттырды.

1943 жылы заводтарда негізгі әскери бұйымдардың 29 түрі, оның ішінде 1943 жылдың игерілген 5-і шығарылды. 1943 жылы барлығы 98,5 миллион сомның өнімдері шығарылды.

1944 жылы Петропавл заводтары қорғаныс өнімдерінің 22 негізгі түрін шығарды, оның ішінде 3-і жаңадан игерілді. Шығарылған өнімдер 117,3 миллион сомды құрады.

1942 жылдан 1944 жылға дейін қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындағы жұмысшылар саны 26 процентке өсті.

Жергілікті тұрғындардан білкті өндіріс кадрларын даярлау қорғаныс заводтарындағы негізгі міндеттердің бірі болды. Партия ұйымдары бұл міндетті ойдағыдай орындалады.

1942 жылы қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарында 2723 стахановшы мен екінші болды, олардың 385-і – екі жұзіншілер мен үш жұзіншілер.

Соғыс жылдарында қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындарында 126 адам үкімет наградаларымен марапатталды.

Заводтар Петропавл қаласына көшіріліп әкелісімен-ақ олардың құрылышы басталып кетті. Алайда құрылыш жұмысы 1943 жылы ғана кең көлемде жүргізілді.

Қорғаныс заводтары ауыл-селоларға негізінен қосалқы бөлшектер жасауда, сондай-ақ жұмыс күшин, материалдар, аспаптар жіберуде айтартықтай көмек берді.

...Есепті кезең ішінде, әсіресе, соғыс жылдарында облыс энергетикасы күштірек дами түсті: 1941 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін Петропавл қаласында жалпы қуаты 650 киловатт З жаңа электр станциясы салынып, іске қосылды.

1940 жылдан 1944 жылдың аяғына дейін облыс көлеміндегі электр станцияларының қуаты 595 процентке өсті, электр қуатын өндіру 285 процентке арттырылды.

Есепті кезең ішінде облыс өміріндегі аса маңызды оқиға – Петропавл қаласында қуаты 9500 киловатт жылу-электр орталығының салынуы.

ТЭЦ-ті салу 1942 жылдың көктемінде қолға алған болатын, облыс партия ұйымдары бұл құрылышқа айрықша назар аударып, халық бұқарасының назарын осы маңызды объектіге аудара отырып, оның құрылышына барынша көмек берді. ТЭЦ-ті салуға Петропавл қаласының жүзделген жұмысшылары қатысты.

1942 жылы, құрылых нағыз қызу жүргізілп жатқан шақта Петропавл қаласының еңбекшілері жұмыстан бос уақыттарында құрылста 14300 адамкүн жұмыс істеді. Еңбекшілер 8 мың 600 текте метр жер қазды...

(«Солтүстік-казакстандықтар Ұлы Отан Согысы жылдарында» китабынан алынды)

СТАЛИНГРАД БАҒЫТЫНДА

Соғыс басталған күн Петропавл қаласында ірі кәсипорындарда қалың жұртшылық қатысқан митинглер өтті. Отанды қорғау үшін майданға сұранған еріктілер көп болды. 1941 жылы қалалық әскери комиссариаттан Отан қорғауға 5265 адам аттандырылды. 1942 жылы – 10353 адам, 1943 жылы – 5341 адам, 1944 жылы – 2522 адам, 1945 жылы – 689 адам майданға жіберілді.

1942 жылдың жазы Ұлы Отан соғысының тарихына ең ауыр кезең болып енді. Танкіде, авиацияда, жауынгер күшінде үлкен басымдыққа ие жау біздін әскерлеріміздің Брянск және Оңтүстік-Батыс майдандарының түйіскең жерін бұзып өтіп, Стaryй Оскол Воронеж бағытына бет алды. Бірақ жау өз шабуылын өрістете алмады. Воронежден қашық



Мәжікен ФАББАСОВ

жерде токтауға мәжбүр болды. Сосын жау өз күштерін қайта топтап және қосымша күш жинап, Оңтүстік-Батыс майданында қарсы шабуылға шықты. Басты мақсаты Сталинградты басып алыш, Еділді кесіп тастау еді.

Сталинград шайқасы 1942 жылдың 17 шілдесінде басталып, 1943 жылдың 2 ақпанында аяқталды. Жау темір құрсауға тап болып, күл-талканы шықты.

Міне, осы қантөгіс шайқастарға 29-шы атқыштар дивизиясы тікелей қатысты. Ол Ақмола қаласында құрылыш, құрамына Ақмола, Қарағанды, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстарынан шақырылған жауынгерлер кірді. Дивизияның алғашқы командирі полковник Жебров болды.

Дивизия құрамында 106-шы, 128-ші, 299-шы атқыштар және 77-ші артиллерия полктері болды. Бұған қоса оған жеке құрама ретінде атқыштар мен саперлердің оқу батальондары, медсанбат, танкі құртқыш және ауыр миномет дивизиондары, байланыс батальоны, барлау ротасы, химиялық қорғаныс ротасы, авторота кірді. Мен 124-ші жеке байланыс батальонына қатардағы жауынгер болып қабылдандым.

Ақмолада екі ай қызын әскери жаттығулардан өттік. 1942 жылдың наурызында дивизия эшелон болып Батысқа бет алды. Сәуірдің ортасында бәріміз Тула облысының Волово станциясының маңында шоғырландық. Алғашында дивизия әлі де үлкен қауіп төніп тұрган Мәскеуді қорғар деп ойладық.

Бірақ жау шабуылы басқа бағытта, оңтүстікте өрістеді. 1942 жылдың маусымында дивизия жаңа құрылған Сталинград майданының қарамағына жіберілді. Бұл кезде оның командирлігіне полковник Колобутин тағайындалған-ды. 16 шілдеде біздің құраманың алғашқы эшелоны Сталинград облысындағы Жуготово стансасына жетті. Екінші күні-ақ құрамына біздің дивизия енген 64-ші армияның командованиесі дивизияға 137-ші танк бригадасын қосып беріп, Дон өзенінің шығыс жағасында қорғаныс бекінісін жасауға бұйырды. Біздің көршіміз Оңтүстік майданының 51-ші армиясы болды.

Дивизия басшылығы жылжымалы отряд құрды. Оның құрамына 128-ші полктің атқыштар батальоны, танк батальоны, гаубицалы артиллериялық дивизион, автоматшылар ротасы, саперлер, танкіге қарсы атқыштар және танкіге қарсы зеңбірекшілер взводтары енді. Мен осы жылжымалы отрядқа қызмет ететін байланысшылар катарында болдым.

Біздің отряд күштейтілген армиялық топтың құрамында Донның немістер кесіп өтеді-ау деген учаскесінде шеп құрдық. Бірақ жау бұл

арадан тікелей шабуыл жасамады. Ол өзенде бізге көршилес тұсынан кесіп өтті де, Красный Яр хуторын басып алғып, біздің позицияммызды бір қанатынан айналып өтуге ұмтылды. Аға лейтенант Букреев басқарған біздің жылжымалы отряд 26 шілдеге дейін бес күн бойы ауыр қорғаныс шайқастарын жүргізді. Мен және мениң жолдастарым, міне, тап осы жерде алғаш рет от пен оқ сыйнынан өттік.

Шілденің аяғына қарай үздіксіз шайқастарда қансыраған біздің отряд өз дивизияммызға оралды. Бұл кезде дивизия құші басым жаудың тегеуріні астында ақырын-ақырын солтүстік-шығысқа қарай шегінін келе жатқан-ды. Тамыздың басында біз Ақсай өзенінің солтүстік жағалауында қорғаныс шебін құрып, 12 тамыздың дейін Еділге ұмтылған жау танкілерінің шабуылына тойтарыс бердік. Немістерді осы арада бір аптадай бөгеген дивизия тағы да Сталинградқа қарай шегінін, Абганерово - Плодовитое – 74-ші разъезд аралығында қайта шеп құрды. Бұл арада неміс генералы Готтың 4-ші танк армиясымен тағы кескілескен ұрыстар басталды.

Мынадай бір ұрыс көрінісі менің жадымда мәңгілікке сақталып қалыпты. 29 тамыздың таң сәрісінде немістер бізбен көршилес 126-шы атқыштар дивизиясының қорғаныс шебін бұзып өтіп, өршелене алға ұмтылды. Үстіне автоматшы десант мінген 18 жау танкісі біздің ту сыртымызға өтіп кетіп, дивизияның командалық пунктін қоршап алды. Полктармен байланыс толық үзілді. Бұл кезде мен де штаб-тағы байланысшылар ротасымен бірге командалық пунктте едім. Біз күнімен қоршаған жаудан өз құшімізben қорғандық. Тек кешкे қарай ғана комдив Колобутин арнайы жіберген адам арқылы екінші эшелонда тұрған жеке саперлік батальонның командирі аға лейтенант Быстровпен байланыса алды. Комдив оған командалық пунктті қоршаған жауға шабуылдан, қоршауды бұзып өтуге бүйірді.

Қолында тек атқыш қару, гранаталар мен бір ғана танкіге қарсы мылтық бар саперлер өздеріне моторландырылған барлау ротасының қалғандарын қосып алғып, шабуылға шықты. Олар көп шығынға ұшыраса да, жау десантын танкілерден бөліп тастан, қашуға мәжбүр етті. Десант көмегінсіз қалған неміс танкілері артымен жылжып шегіне бастады.

Штабтың байланысшылар ротасы да осы ауыр шайқасқа тікелей қатысты. Неміс танкілері біздің позицияларыммызға ақырын жылжып жақындай бастағанда мен және Қайыржан Рысбаев, Николай Кулиш деген жерлес-жолдастарым гранат лактырдық. Бір танк жанып кетті. Бірақ жау оғы Кулишті қатты жарапады. Қайыржан оның жарасын тездетіп байлады да, өзі арқалап ұрыс болған жерден алғып шықты. Тап осы кезде қарсы алдынан тағы бір танк шыға келді. Дес бер-

генде, маған тағы бір жолдасым Иван Воробьев көмекке келіп үлгерді. Тағы да гранаттар лақтырылды. Бұл танкінің де шынжыр табаны үзіліп, шыр көбелек айналып, тұрып қалды.

Ал қоршаудың сыртындағы шайқас барған сайын қыза тұсті. Жау коршауын бірінші болып лейтенант Абросимовтың екінші саперлер ротасы бұзып өтті. Оның сол жағында неміс автоматшыларын лейтенант Чикаревтің ротасы жайратып жатты. Комбат Быстров та ержүректіктің үлгісін көрсетіп, жаудың бір танкісін жойды. Саперлермен бірге солтүстікқазақстандық барлаушылар Иван Стебровский, Алексей Физов, Михаил Хлопотов, Иван Атьков, Ефим Быков, Андрей Игнатенко, Иван Хрупин, тағы басқалары да жан аяマイ шайқасты. Күші басым жаумен шайқаста дивизияның командалық пункті ғана емес, оның жауынгерлік туы да сақталып қалды.

Бірақ дивизияның жалпы қорғаныс шебіндегі жағдайы барған сайын қындей тұсті. Жазық далада ұрыс жүргізген біздің қатарымыз селдірей берді. Жаудың алдыңғы бөлімшелері біздің тылымыздағы бірнеше елді мекендерді басып алған соң, қауіп тіпті күшіне тұсті. Ақыры құрама басшылығы болашақ шайқастарға күш сақтап қалу үшін біздің дивизияға шегініп, Червленое өзенінің арғы бетінде жаңа қорғаныс шебін құруға бұйрық берді.

Імырт түсे полктар еш сыйдырысыз позицияларын тастан, кейін шегінді. Қарандыны пайдаланып, жаудан барынша қара үзіп кету үшін асығуға тұра келді. Ал біз әбден титықтап шаршаған едік. Оқ-дәрі де таусылуға айналған. Таң сібірлеп ата бастаған кезде біздің жолымызды жау танкілері кесіп тастанды. Зета кентінен бес шақырымдай жерде біздің колонналарымыз неміс ұшақтарының бомбасының астында қалдық. Жаудың дивизиямызды біржола құртууды мақсат еткені айқын болды. Немістердің танкілері мен ұшақтарынан жасырынар жер жоқ – айнала тақтайдай тегіс жазық дала. Біз жан-жаққа бытырап, мына тозақтан ұсақ-ұсақ топ болып құтылуға тырыстық.

Мұндай тозақтан құтылу мүмкін еместей көрінді. Күн көтерілісімен біздің екі қанатымыздан жүзге жақын жау танкісі тап берді. Олардың сонында моторлы жаяу әскер бар. «Мессерлер» мен «Юнкерстер» аспаннан топ-топ болған әскерлерді ғана емес, жалғыз-жарым жауынгерлерді де кииктей куып жүріп атқылады. Ал күн болса, қырсық қылғанда, ашық та ыстық болды. Сол сәтсіз шайқаста біздің көп адамдарымыз опат болды.

Кыркүйектің біріне қарай дивизияның қоршаудан шықкан бөлімшелері Сталинград маңындағы Бекетовка, Купоросное, Ельшанка атаплатын елді мекендерде шоғырлана бастады. Кешкес қарай мың жарымдай жауынгерлер жиналды. Қанша шығын шексек те, диви-

зиямыз жауынгер кұрама ретінде сакталып қалған еді. Біз Сталинградтың оңтүстігіндегі Ельха деревнясының қасындағы төбеде тағы да қорғаныс шебін құрдық. Ал біздің байланысшылар ротасы қызмет ететін командалық пункт Бекетовкаға орналасты. Дивизияның қатары селдіресе де, шабуылдаған жауға жанталаса тойтарыс беріп, тоқтаттық та, оның өзін қорғанысқа көшуге мәжбүр еттік. Гитлершилдер қашама мол күшпен бірнеше рет шабуылға шықса да, майданың бұл участесінде бір шақырым да ілгері жылжи алмады. Бірақ бізде де шығын аз болған жоқ. Қыркүйектің бесінші жуідізы дивизия үшін ете қайғылы күн болды. Бұл күн барлық жауынгерлердің сүиқтілері: дивизия комиссары Иосиф Шурша мен саяси бөлімнің бастығы Андрей Киселев қаза тапты. Олар үшін Отанымыздың нағызы мен бостандығы бәрінен де қымбат болатын.

Сталинградтың шет жақтарында кескілескен шайқастар мен жанкешті ұрыстар әлі де көп болды. Ұзак айқастарда зықысы шыққан таңдаулы жау дивизиялары ақыры Еділ мен Дон аралығында біздің әскерлеріміздің темір құрсауына тұсті. Ал 1943 жылдың қаңтарында қоршауда қалған жау әскерлерін құртуға бағытталған операция басталды. Оған біздің дивизия да қатысты. Ол белгіленген жерде жау шебін бұзып өтіп, Песчанка, Стародубовка, Жоғарғы және Төменгі Ельшанка, Горная Поляна елді мекендерін азат етті. 25 қаңтардың таңында дивизия ұрыс салып, Сталинградқа кірді. Дивизия басқа да құрамалармен бірге жаудың соңғы бекінген ұясы – орталық университеттің шабуылдарды. Мұнда генерал-фельдмаршал Паулюстің штабы орналасқан-ды.

1943 жылдың 2 ақпанында Сталинград үстінде Женіс туы желбіреді. Еділ мен Дон жағаларындағы қанды шайқастарда көрсеткен ерліктері үшін біздің дивизиямызға «Гвардияшы» атағы беріліп, ол бұдан bylai «72-ші гвардиялық дивизия» аталатын болды. Міне, осы құрметті атақпен дивизиямыз атақты командир, Кенес Одағының Батыры, генерал-полковник Михаил Шумилов басқарған 7-ші гвардиялық армия құрамында соғыс аяғына дейін талтай шайқастарды басынан өткерді. Осы дивизиямыздың қатарында Нұл Адғамұлы Болатбаев, Андрей Данилович Корпич, Николай Кузьмич Захаров, Нина Андреевна Гарасенко, Николай Евдокимович Тимохин, Вера Николаевна Ракицкая, Андрей Петрович Ржевский, Мәлгаждар Жұсіпов, Федор Петрович Сазонов, Иван Платонович Шаповалов, Сабыrbай Ахметов, Василий Иванович Бегиничев тәрізді көптеген жерлестеріміз даңқты жауынгерлік жолдан өтті.

*Мәжікең ГАББАСОВ,
запасstagы капитан, Қызыл Ту, II дәрежелі Отан содысы,
«Қызыл Жұлдыз» ордендерінің иегери.*

ЖАУДЫҢ ҚҰТЫН ҚАШЫРҒАН ДИВИЗИЯ

Данкты 314-ші атқыштар дивизиясы Орталық Азия әскери окружнің әскерлер құрамасын құру жөніндегі 1941 жылғы 12 шілдедегі №0044 бүйіріғы негізінде 1941 жылдың 16-24 шілде аралығында құрылған болатын.

Ол Павлодар облысының аумағын қамти отырып, Орталық Азия әскери округінде қалыптасты. Қалыптасу барысында дивизия құрамы Петропавл қаласына орналасып, әскери жаттығулары мен дайындық жұмыстарын осында өткізді.

Дивизия құрамында – 10931 адам болды, оның ішінде жоғары және орта басшылық құрамы – 777 адам, кіші басшылық құрамы – 1543 адам, қатардағы жауынгерлер құрамы – 8611 адам. Оның сапында Солтүстік Қазакстан, Костанай, Қекшетау, Ақмола, Павлодар облыстарының тұрғындары болды. Дивизияның жеке құрамының 75 пайызы Солтүстік Қазакстан облысындағы аудандар мен Петропавл қаласының тұрғындарынан құралды. Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағат құжаттарында 314-ші атқыштар дивизиясының ардагерлер тізімінде 356 фамилия бар. Дивизияда қазақ, орыс, украин, татар және басқа да әртүрлі ұлттар болды. Жалпы құрамның 50 пайызын коммунистер және басым бөлігін комсомолдар құрады.

314-ші атқыштар дивизиясының командири, генерал-майор А.Д. Шеменков еді. Дивизия штабын полковник В.И. Кувшин, ал дивизия полктерін А.А.Мироненко, В.П.Томашевич, Я.С.Скачков және П.Ф. Ивашко басқарды.

1941 жылғы 4 тамызда дивизия жасақталып болды. Ендігі жерде жауынгерлерді әскери өнерге үйрету, соғыс жағдайына жедел жаттықтыру жұмысы қызу қолға алынды.

Ставканың бүйірі бойынша бұл дивизия Солтүстік-Батыс бағытқа жөнелтіліп, тамыз айының аяғында Тихвин қаласының маңына жетті.

314-ші дивизияның бөлімдері Свирь өзенінің бойындағы Лодейное Поле қаласының маңына 7 қыркүйекте орналасып, генерал В.Д. Цветаевтың 7-ші армиясының құрамына қосылды.

Бұл кезде жау Ленинградтың Ладога көлі маңындағы жалғыз ашық байланыс жолын кесіп тастауға ұмтылып, қауіп төндіріп тұр еді. Онтүстік жақтан неміс әскерлері, солтүстіктен Онета-Ладога мойнағы тұсынан фин әскерлері шабуыл жасады. Финдер Гитлердің одактасы ретінде Ресейдің көп жерін олжалағысы келін, әжептәуір дәмеленді.

Финдер Лодейное Поле қаласының маңында Свири өзенінен өті Ладога көлінің оңтүстігінде шабуыл жасап келе жатқан одактас нем әскерлерімен қосылғысы келді. Олардың бұл мақсатын жүзеге асі рмау үшін кеңес командованиеңі шұғыл шаралар қолданды. Свири өзеніне таяу жердегі Заостровье станциясында эшелоннан түске 314-ші атқыштар дивизиясының бөлімдері өзеннен өтпек болған фин әскерлерімен шұғыл түрде шайқасқа түсті. Ұрыска кірісken ос күндерде дивизияның полктеріне ұзындығы 130 километрлік шептің корғаныс ұрыстарын жүргізуге тұра келеді. Құрама басшыларының Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілеріне жолдаған есебінде көрсеткендей, алғашқы бес айдың ішінде дивизияның 160-тан аста жауынгерлері мен офицерлері шайқаста айырықша көзге түсke үшін наградаларға ұсынылды. Олардың ішінде 1941жылғы 16 же тоқсанда өз денесімен дзоттың аузын жауып, жау пулеметінің үн өшіріп, өз өмірін құрбан ету арқылы қарулас жолдастарын құтқары қалған атқыштар бөлімінің командири Н.И.Сафонов, телефоншы К.Қайықлаев, Пресновкада туып-өскен коммунист М.И.Ралдуғы бар еді. 1942 жылдың ақпанында жерлестерімізге майданға барып қайтқан Иван Шухов: - Біздің делегация барған Н. бөлімі соғындағасында күшті қаруланған және сан жағынан артық жауды ке дестіріп, дүшпанға қарсы жан аямай қатты соғысты. Алайда, кіркысқан қатты соғыстардың алғашқы күндерінде жау басым болса да біздің қаһарман жерлестеріміз ерекше батырлық, ержүректілік және қаһармандылық көрсетті. Олар жаудың алға қарай ылгерілеу тоқтатып қана қойған жоқ, сонымен бірге дүшпанға қатты соққыла берді, фашистерді жөнкілте шегіндірді, – деп жазды.

Бұдан кейінгі ұрыстарда да құрама жауынгерлері ерекше ерлік көрсетіп отырды. Мысалы, жаудың бір шабуылына тойтарыс берілген кезінде аға сержант Нарутдинов, жауынгерлер Жүсіпов, Қалиакпиров, капитан Мұхамедиянов және басқа да ондаған жауынгерлер ерекше көзге түсті. Олар өз өмірлерін қия отырып, фашистердің шептің бұзып өтуіне мүмкіндік бермеді.

Міне, бұл жөнінде соғыстан кеін неміс генералы К.Типпелькиң «Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихы» атты еңбегінде фин армиясының немістердің тапсырмасын орындаған алмағандығының мойын дайды. 1944 жылы Ораниенбауынның оңтүстігінде 2-Екпінді армияның құрамында 314-ші атқыштар дивизиясының полктері шабуыл жүргізді. Дүшпанның табан тірескен қарсылығын баса отырып, дивизияның бөлімдері 1944 жылғы 1 ақпандың Кингисепп қаласын азаға етіп, Нарваға шықты. Осы жолы ерекше ерліктері үшін құрама «Кингисептік дивизия» деген құрметті атақ берілді.

314-ші атқыштар дивизиясы Ленинградты қоршаудан азат еткен соң, 1944 жылдың күзінде Польша жеріне аяқ басты. Ол мұнда 1-Украина майданы әскерлерінің құрамында ұрысқа түсті.

1945 жылғы 14 наурызда 314-ші атқыштар дивизиясы шақаса отырып, 248 шақырым ылгері келіп, Нида, Бяла, Черна Пшемыша, Брыница, Одер өзендерінен өтті, 18 қаланы, 26 темір жол станасын және басқа да 263 елді мекенді жаудан тазартты. 1945 жылдың март айында 314-ші дивизия Козель (Козле) қаласын және Леобщюті (Глубчице) шабуылмен алғып, гитлершілерден Оппельн тобын талқандауға қатысты.

Екінші дәрежелі Кутузов орденді 314-ші Кингисеппік атқыштар дивизиясы Чехословакияның солтүстік аудандарында жорық жолын аяқтады.

Сөйтіп, бұл дивизияның жауынгерлері Ленинград қоршауын бұзу, Ленинград-Новгород және Прага бағыты сияқты шешуші операцияларға қатысты. Құрама бөлімдерінің бұл шайқастарда көрсеткен ерлігі мен қаһармандығы Жоғарғы Бас Қолбасшының бүйрығында жеті мәрте атап көрсетілді. Соғыс жылдары дивизияның 12 мыңнан астам жауынгерлері Кенес Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Сәулө МӘЛІКОВА, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік мұрагатының директоры



МАЙДАННАН ХАТ

Мен – эскери институттың офицері Мұрат Байбосынов – сіздері мактандын тұтатын нағашы атамның өзі жазған өлең шумақтары жолдап отырмын. Нағашы атам Қабдырахман Зікірияұлы бұрынғы Ленин, қазіргі Есіл ауданының Өрнек ауылында дүниеге келген. Ұл Отан соғысына 1941 жылы Украинада азаматтық борышын өте жүрген кезинен кеткен. Жазған хаттарына қарағанда, ол 1944 жыл қаза болғаны әлі күнге дейін белгісіз. Нағашы атам сияқты Отан аудындағы борышымды мен де адал атқаруға тырысып жүрмін.

СӘЛЕМ ЖАЗДЫМ, АҒАЙЫН

Сәлем жаздым, ағайын,
Қолыма қалам алайын.
Сарғайып бекер жүргенше,
Шер тарқатып алайын.

Сәлем де бүкіл еліме,
Тоғайлы, өзен, жеріме.
Қырық жыл қырғын болса да,
Баармын есен еліме.

Винтовка, курек қолымда,
Қазулы окоп жолымда.
Олай-бұлай боп кетсем,
Қалғаным соның жанында.

Самолеттер ұшады,
Қарлығашқа ұқсайды.
Снарядтар жарылса,
Иманым көкке ұшады.

Жалғыз бауырым бар еді,
Ақылы оның дана еді.
Тірі болсам «ағалап»
Соңымнан менің ереді.

Есінеп, ұйқым ашылмай,
Аяқ-қолым жазылмай.
Арманда өткен жиырма бес,
Бойым жазып жүре алмай.

Қош бол енді, ауылым,
Қайыржан, Қабдөш бауырым!
Қарасын боп еретін
Болындар аман, бауырым.

Төрт айдан бері азғаным,
Ел сағынып жазғаным.
Қатесі болса, сөкпендер
Ел сағынып жазғаным.

Қабдырахман ЗІКІРИЯҰЛЫ

ӨМІРІ – ӨНЕГЕ, КӨКІРЕГІ ШЕЖІРЕ ЕДІ

Өмірден көргені көп, ойға тоқып, үйренгені мол, туған өлкесіне айтарлықтай із қалдырған, тар жол, тайғақ кешуді де, жаймашуакты жақсы жылдарының ракатын да көріп, атқарған еңбегінің зейнетін, мерекелі шақтарын басынан кешкен, өлкемізге танымал қадірлі ағамыз Мәжікен Фаббасұлы төқсан жас жасап, ақпан айының 11-і күні дүниеден озды.

Мәкеннің туған ауылы Жекекөл – ерте кезде жеке ұжымшар болған шағын елді мекен. Міне сонда үлкен отбасында өсті. Әкесі Фаббас, шешесі Бигайша алты үл, бір қыз өсіріп тәрбиелеген. Балаларының шінде өнерге, білімге ынталы болған Мәкең 9 сыныпты тамамдаған, 1940 жылы физика, математика пәндерін даярлайтын біржылдық курсы бітіріп, мектептерде сабак беруге құқығы бар маман болып шығады. Ол кезде білімді мұғалімдер жетпейтін кез. 1940 жылдың шілде айында аталған курсы тамамдағаннан кейін Мәкең бұрынғы Октябрь, қазіргі Шал ақын ауданындағы Ленин орта мектебіне (қазіргі Мәркен Ахметбеков атындағы мектепке) келип, мұғалім болып қызмет істеп кетеді. Онда физика, математика пәндерінен сабак беріп, екі жыл қызмет атқарады.

1941 жылдың желтоқсан айында Мәжікен Фаббасұлы әскерге алтынады. 29-шы атқыштар дивизиясының құрамында қатардағы жауынгер болып қабылданады. Бұл дивизия негізінен Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды облыстарынан әскер қатарына шақырылған жастардан жасақталған әскери құрама, Ақмола қаласында әскери дайындықтан екі айдан астам уақыт өткен. Кейнірек бұл дивизия Тула қаласының маңында шоғырланған бірінші резервті ар-

мияның құрамына келін қосылған. Бұл құрамада да жаттығу істері жалғасып, екі айдай соғысқа даярланды. Бұл кезде жау әскерлері өз күшін, әскери құрамаларын ірілендірш, Сталинградты басып алу үшін үлкен дайындық жасап жатқан кез болатын. «Бұл тұста біздің дивизия әскери дайындықтан өткен, бірақ әлі соғыс сыйниан өтпеген тың құш болатын. Сол себепті, осындай қызын-қыстау кезенде біздің 29-шы атқыштар дивизиясы басты соққы бағытында жаңадан құрылған Сталинград майданының қарамағына жіберілді», - деп жазады Мәкең. «Біздің отряд күшетілген топтың құрамында Донның немістер кесіп өтеді-ау деген учаскесінде шеп құрып шілденін аяғына дейін үздіксіз шайқастарға қатысты. Тамыз айының бас кезінде Ақсай өзенінің солтүстік жағалауына қорғаныс шебін құрып, 12 тамызға дейін Еділге ұмтылған жау танкілерінің шабуылдарына тойтарыс беріп тұрдық», - деп Мәкең өзі жазып қалдырыпты. Сондай ұрыстардың бірінде 29 тамыздың таң сәрісінде неміс әскерлері 126-шы атқыштар дивизиясының командалық пунктін қоршап алғып, жойып жібермекші болған. Мәкең осы командалық пунктте қоршауда қалған. Келесі құндері екінші әшелондағы әскерлердің көмегімен командалық пункт жау қоршауынан босатылған екен.

Кеінде дивизияның қоршаудан шыққан бөлімшелері Сталинград маңындағы бірнеше елді мекендерде қайта жиналып, дивизияның қатары көп селдіресе де, жау шабуылдарына тойтарыс беруге шамалары жетіп, керши қарулы құштердің көмегімен жауға бір қадам жер бермей, ұзакқа созылған шайқастардан кейін жау әскерлері Еділ мен Дон өзендерінің аralығында кеңес әскерлерінің мықты құрсауына тускен.

1943 жылдың қаңтарында қоршауда қалған жау әскерлерін жоюға бағытталған операция басталып, сол жылдардың акпан айында Сталинград жау әскерлерінен мүлде босатылып, Сталинград қаласының үстінде Женіс туы желбіреген екен.

Еділ мен Дон аралығындағы қанды шайқастарда көрсеткен ерлігі үшін 29-шы атқыштар дивизиясына «72-ші гвардиялық дивизия» атағы беріліпті.

Сталинград шайқасы 1942 жылдың 17 шілдесі күн басталып, 1943 жылдың 2 акпанында жеңіспен қорғаган 112 жауынгерге «Кеңес Одағының Батыры» атағы беріліп, 700-ден астам жауынгерге «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдары тапсырылды.

1942 жылдың қараша айынан 1943 жылдың наурыз айына дейінгі аралықта армиядағы саяси қызметкерлер даярлайтын қысқа мерзімдік курсы бітіріп, Мәкең лейтенант атағын алған екен. Бұдан кейін алдыңғы шептегі атқыштар ротасына командирдің орынбасары болып тағайындалады.

Кеин дивизияда әртүрлі саяси қызметтер атқарған.

1944 жылы 4-ші Украина майданы командованиесінің бұйрығымен 138-ші атқыштар дивизиясының саяси бөлімінде Мәкең комсомол жұмысын басқарады және осы қызметте капитан шеніне ие болады.

Мәкең Молдавияны, Украинаны, Словакияны жаудан азат ету ұрыстарына қатысқан еді.

Ұлы Женісті Прага ұрыстарын женіспен аяқтаумен қарсы алған Мәкең соғыстан капитан шенімен оралған. Отанды жаудан қорғау ұрыстарында көрсеткен ерліктері үшін Мәкең Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Соғыстан елге оралған азаматтарды бұл жактағы жүдеп-жадаған тұрмыс күтип тұрған еді.

Мәкең де өз орнын тауып, осындай істерге араласып кетті. 1945 жылдың тамыз айынан 1949 жылдың қыркүйегіне дейін облыстық партия комитетінде мектеп және кадрлар жөніндегі бөлімде нұсқаушылық қызмет атқарды. Осы жылдары қызметтен қол үзбей жүрін, Петропавл қаласындағы мұғалімдер институтын сырттай оқып бітіреді. Семейдің педагогика институтын да сырттай оқып тамамдағы шығады. Сондай білімнің арқасында Мәкең Петропавл қаласындағы №5 қазақ орта мектебінің, Ленин, қазіргі Есіл ауданындағы Явленка орта мектептерінің директоры қызметтерін атқарды.

Мәкендерінің басшылық қызметке, ұйымдастырушылық жұмыстарға ыңғайлы екенін таныған облыстық партия комитеті 1955 жылы Совет, қазіргі Аққайың аудандық партия комитетінің кеңшарлар жөніндегі аймақтық хатшысы қызметіне жібереді. Бұлан кеин Мәжікен Габбасұлы бірте-бірте аудандық, облыстық деңгейдегі басшы қызметтерге көтерілді. Приишим, Преснов (осындай аудандар болған) аудандарында басшы қызметтер атқарды. 1967 жылы облыстық партия комитетінің тапсырмасымен облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының бастығы қызметіне тағайындалып, 1984 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққанша осы үлкен лауазымды қызметте жемісті еңбек етті. Мәжікен Габбасұлының тікелей басшылығымен Қызылжар қаласында үш зауыт тұрғызылды, аудандарда да бірнеше зауыттар іске қосылды.

Зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін де Мәжікен Габбасұлының іскерлігін, еңбек тәжірибесін пайдалану үшін бұл кісіге 1984-1990 жылдарға дейін облыстық жоспарлау комитетінде, облыстық коммуналдық шаруашылықта қызметтер беріліп, жастарға үлгі-өнеге көрсетуге улес қосты.

Зейнеткерлік демалысқа шыққанның өзінде 1991-2001 жылдар аралығында облыстық ардагерлер кеңесінде кызмет етті.

Мәжікен Габбасұлы өзіне қызметтің қай саласы тапсырылса да, оны тиянакты орындауды аса жауапты міндет және мемлекет алдында асыл парыз санайтын мұлтқисіз мінезінен еш уакытта ауытқып көрген жоқ. Әсіресе, жауапты басшы қызметтерде үйымдастыру шеберлігімен басқарудың алуан жолдарын тауып, білімін орынды пайдаланып, атқарған істері жемісін болып, халықтың құрметіне бөление билген адам еді ол.

*Кобылан қазы ХАМЗАҰЛЫ,
зейнеткер*

СІЗДЕРГЕ СҮЙЕНЕМІЗ, ӘРІ СҮЙІНЕМІЗ!

Совет ауданының қымбатты колхозіны және колхозшы әйел жолдастары! Біздің Отанымыз үлкен қауіп үстінде. Украина мен бірқатар басып алған елдерді ойрандаған ашқарақ гитлершіл банды өзінің бүкіл соңғы резервтерімен және көп техникасымен жақадан олжа қамтып қалу үшін Донбасс пен Кубань даласына ұмтылды. Онтүстікте астық пен мұнай үшін қантөгісті қырғын шайқастар жүріп жатыр.

Гитлер адамдар мен техниканың қаннама инығынға ұшырағанымен есептеспей, майданының тым болмаса бір участесінде тезірек женіске жетуге ұмтылуда. Ал, қызыл әскер бөлімдері дүшпаниның өршеленуші жанқиярлықпен тоқтатты. Батыс және Калинин майдандарында қызыл әскер бөлімдері шабуылға көшіп, 610 елді мекендейді, 4 қаланы босатты, көптеген трофеилер мен тұрғындарды қолға түсірді. Біз өз халқымыздың төгілген қаны мен көрген қорлығы үшін фашистерден кек алғымыз келеді. Туған жер үшін қасарысқан шайқастарда Отанға шексіз берілген мындаған батырлар туады, олар жаумен күресте қорқуды білмейді, біздің женісіміз үшін өз өмірлерін қиоға әзір.

Осылай озат адамдардың арасында таңдаулы мерген, Совет ауданындағы «Дайындық» артелінің бұрынғы колхозшысы М.Жәкеев бар. Жәкеев жолдас казірдің өзінде 19 неміс солдаты мен офицерін күртты, жауынгерлік ерлігі үшін «Ерлігі үшін» медалімен наградталды.

Жәкеев жолдасқа біздің бөлімшешіндегі басқа жауынгерлері де теңеле бастады.

Колхозшы жолдастар!

Біз, сіздердің жерлестеріңіз, сондай-ақ біздің бөлімшенің барлық жауынгерлері, неміс басқыншыларынан жерімізді босатып, оларды тас-талқан етіп, лақтырып тастау үшін аяnbаймыз деп сіздерді сендіреміз. Егер қажет болса, біз ойланбастан қанымызды төгеміз, өмірімізді киямыйз. Қас жауды жеңіп шығу үшін!

Майданның біздің участекінде фашистік әскерді талқандау басталды да. Кешікпей жау басқа майдандарда да талқандалады. Мұның кепілі сенімді тыл мен қызыл әскердің тылмен туысқандық байланысы болып отыр. Біз тылдың өзінің сүйкті қызыл әскеріне көмегін күн сайын сезініп отырмыз. Біз Совет ауданының колхозшылары астықты жауынгерлікпен, дер кезінде және ысырапсыз жинап алғатына, мал қыстатуға толық дайындалатына сенеміз.

Тылдағы қайтпас-қайсар жұмыстарыңызben сіздер бізге, майдангерлерге, гитлершіл қарақшыларды 1942 жылы талқандауға көмектесесіздер.

Әскери комиссар: Артомонов.

Орденді мерген: Мәлгаждар Жәкеев.

Жауынгер, «Еркіндік» артeliнің бұрынғы колхозшысы: Иманбай Байсалов.

1942 жылғы 12 қыркүйек.

(«Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында» кітабынан алынды)

БАТЫЛ ДЕСАНТШЫ

Әр адамның ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, алған асу, жеткен биік әр кісінің өмірінде әрқылы. Дегенмен уақыт озған сайын кім де болса алға ұмтылады, жақсы да жарқын болашақты армандайды. Сондай жарқын болашақты армандаған азаматтың бірі бүгіндері тоқсаның асуына шығып отырған кадірменді Крамша Мұқанұлы Мұқанов ағамыз. Ол сол өзі армандағандай жарқын өмірге жетті де.

Крамша Мұқанұлы 1924 жылдың желтоқсан айында Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Шал ақын ауданындағы Жалтыр ауылында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Әуелі ауыл бастауыш мектебін бітірген ол 1942 жылы Майбалық орта мектебінің 9 класын тәмамдайды. Сол жылы 18-ге толған бозбала армия қатарына шақырылады. Оның жауынгерлік жолы Семей қаласына көшірілген Тамбов әскери жаяу әскери училищесінің курсантты ретінде басталады. Одан соң екі жылдық Алматы әскери-жаяу әскер училищесінде

жалғасады. Бірақ жарты жылдан кейін-ақ жас курсантты 8-ші гвардиялық әуе-десант бригадасына Иванов облысындағы Тейково деңгөн қалаға жібереді. Онда оны жаудың тылына десант түсіру ісін дайындауды. Ұшып келе жатқан самолеттен парашютпен секірудүйретеді. Ол аэростаттан 600 метр биіктен алғашқы секіргенің ось күнге дейін есіне алғып отырады. Алғашқы секіру кезінде қобалжүз да болды. Кейін аэростаттан және самолеттен 20 шақты рет қорқынышсыз секірген.

Бұл жаттығулардан өткесін 8-ші десанттық бригаданы Беларус сияның Могилев қаласына жөнелтеді. Мұнда десантшылар жауды тылына барып түсуге дайындалады. 1945 жылғы сәуірде бұларды бригадасы Чехословакияның астанасы Прага қаласынан 70 кило метр жерге жау тылына түсірледі. Көксеген ойларының күлі көккүшып, тым-тырақай шегініп бара жатқан әлі де болса басып алға жерлерінен айрылып қалмауға тырысып, күшінің бір бөлігін ось қаланың маңына топтастырған. Жау бұл күшине бар қаруын төгіп мықты бекініс жасауға да кіріскең екен. Олардың осы жоспарын жүзеге асырмай, қысқа уақыттың шілдесінде тас-талқанын шығару үшін осы бригадаға да шұғыл тапсырма берілген. Әбден шынығып, соғыс өнерін шебер мемлекеттік қарулы да батыл десантшылар өздерінің жүктелген тапсырманы бұлжытпай орындауды. Құтпеген жерде тиіген соққыға жау төтеп бере алмай кейін шегінеді. Осы жерде 8-ші десанттық бригаданың жауынгерлері ұлы Жеңіс туралы хабарды естіп, қуанышқа бөлөнеді. Бұдан кейін Крамша Мұқанұлы Вена қаласы арқылы жауынгерлік жолын жалғастырып, Будапешт қаласын азат етуге қатысады. Будапештің қасындағы бір шағын қалада ек жыл коменданттық ротада қызмет атқарады.

1947 жылғы сәуірде Крамша Мұқанұлы майор шенінде туған елне оралады. Елде көктемгі егін егу науқанына тұспа-тұс келин жүмысқа кірісіп кетеді. Бұл науқан бітісімен ол сол кезде жүрін жатқаң «Мойынты-Шу» теміржолы құрылышына жіберіледі. Ондағы жүмыс өте ауыр болады, тамақ жағы да тапшы болып, біраз қыншылықтар көреді. Дегенмен қажырлы жас жігіт қыншылыққа шыдап, төрт ай екпінді жұмыс істеп, елге Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Мақтау Грамотасымен және КСРО Теміржол министрлігінің Құрмет Грамотасымен оралады. Елге келісімен сауатты да тәжрибелі Крамша Октябрь аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. Ол кезде бірінші хатшысы П.З. Телюк болатын. Осында бір жыл істегеннен кейін Крамша Мұқанов Алматыға үшжылдық республикалық жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберіледі. Сонда оқып жүріп ол қосымша Абай атындағы педагогикалық институттъ

да бітіріп тарих пәнінің оқытушысы дипломына ие болады. Сөйтіп, екі бірдей жоғары оку орнын тәмамдап келген Крамша 1950 жылдан бастап аудандық комсомол комитетінің лекторлар тобының жетекшісі болып қызмет аткарады.

Тың игеру басталған 1954-1955 жылдары облыстық партия комитетінің нұсқаушысы Крамша Мұқанов жаңа құрылыш жатқан тыңдағы кеңшарларда комсомол үйымдарының жұмысын дұрыс жолға қоюға атсалысады. 1956 жылдан 1969 жылға дейін 13 жыл бойы ол Октябрь, кеин Сергеев аудандық партия комитетінің үгіт және насиҳат бөлімін басқарды. 1969 жылы оны аудандық ауылшаруашылық және дайындау қызметкерлері кәсіподак комитетінің тәрағасы етіп сайлайды. Бұл қызметті ол зейнеткерлікке шықканға дейін 16 жыл үздіксіз атқарды. Крамша Мұқанұлы қайда қандай қызмет атқарса да әрқашан қызметін адал да ұқыпты орындап отырды. Онымен әр кезде қызметтес болған замандастары Крамшаның еңбеккорлығын, кишилейлігін, кез келген кісімен тез тіл табысып кететін ақжарқын мінезін, жолдастарына адалдығын айтып отырады.

Крамша Мұқанұлы зейнеткерлікке шықканнан кейін де қоғам жұмысынан қол үзген жоқ. Ол аудан, қала аумағында өтіп жататын көптеген мәдени, саяси шараптарға белсене қатысты. Аудандық ардагерлер және ақсақалдар кеңесіп мүшесі болды. Мектеп оқушыларымен жиі кездесіп әңгімелер өткізіп тұрды. Оның армия қатарындағы және бейбіт өмірдегі ерен еңбегі кезінде әділ бағанданды. Ол «Германияны жеңгені үшін», екі мәрте «Ерен еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, Одактық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің медалімен, бірқатар Құрмет грамоталарымен маралпатталған. Бұларға қоса оған Сергеевка қаласының Құрметті азаматы атағы берілген.

Крамша Мұқанұлы 60 жылдан астам жұбын жазбай сыйластықпен бірге өмір сүріп келе жатқан сүиқті зайдібы Бәтила Иманбайқызы екеуі төрт ұл тәрбиелеп өсірді. Олардың өз жанұялары бар. Ұлдарының алды қалада қызмет атқарып, абырайлы еңбек етуде. Олардан бірнеше немерелері мен шеберелері өсіп келеді. Атасының оларға айттар қызықты әңгімелері жетерлік. Олар да атасының әңгімелерін қызықтап, ұйып тыңдайды. Осылай ұрпақ жалғасып келеді.

*Қайролла МҰҚАНОВ,
өлкетанушы*

МАЙДАННАН ХАТ

1941-1945 жылдары неміс басқыншыларымен болған сұрапыл соғыс бүкіл еліміз сиякты біздің шағын ғана Ынтымақ ауылын да ойсыратып кетті. Айналасы жүз шақты үйлі шағын ауылдан жүзге жуық тәпсе темір үзетін жигіттер әскерге алынды. Солардың 46-сы ғана елге оралды. Көпшілігі әртүрлі дәрежеде жарапанып келді. Тіпті бір ағамыз бір аяғынан, екінші ағамыз бір қолынан айырылып мүгедек болып үйге кайтты. Сол сұрапыл қанды-қырғын майданнан аман-сау келгеннін бірі – Шәріп Касенов деген ағамыз еді.

Шәріп Кәсенов 1914 жылы Солтүстік Қазақстан облысының казіргі Тимирязев ауданындағы Ынтымақ ауылында туған. Бірақ комсомолға өту үшін жасын үлкейтіш, күжатына 1911 жылы туғанмын деп жаздырыпты. Ол кезде жастар комсомолға тезірек өтуге құштар болған ғой. Олардың бойында қалыптасқан патриоттық сезім осындай істерге үмтүлдірып, жігерлендіріп тұратын.

Соғыстың алдындағы жылдары «13 жылдық» колхозында (Ынтымақ ауылындағы колхоз осылай аталған) қатардағы есепшіден бастап колхоз басқармасы төрағасына дейін өсіп, ел игілігі үшін аянбай қызмет атқарған.

1941 жылғы шілде айында бір топ ауылдастары алғанқы лекпен әскерге алынды. Солардың қатарында Шәріп ағамыз да болды. Бұл кезде соғыстың нағыз қайнап тұрган шағы еді. Мұздай қаруланған неміс басқыншылары бейбіт жатқан елдерді бірінен соң бірін басып алып, кеңес жауынгерлерін кейін ығыстырумен болды. Бірақ Отан үшін қасық қанын төгіп, ішебын жанын пида еткен жауынгерлеріміз әрбір адым жер үшін аянбай шайқасты. Жауынгерлеріміздің мызғы-мас бірлігі, патриоттық сезімі жаудың кез келген шайқасына тосқауыл болды. Соғыстың талай қанды шайқастарын Шәріп ағамыз да басынан өткізді.



Шәріп Касенов

Ол Ленинградты корғауға, Эстония мен Польшаны жаудан босатуға катысты. Неше түрлі қырғын шайқастарға қатысып, ерлік көрсөтті. Женіс күнін Германия жеріндегі Одер өзенінің жағасында қарсы алды. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды ғана өледі» - дегендей, Шәріп Қәсенов денесіне жаудың бірде-бір оғын дарытпай елге аман-есен лейтенант дәрежесінде оралды. Ол соғыста батарея командирі дәрежесіне дейін көтерілді. Оның батареясы талай фашистің козін жойған. Майданда көрсеткен ерліктері үшін ол екі мәрте «Қызыл Жұлдыз», бірінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

- Одер өзенін кесіп оту оңай болған жоқ. Кейін шегінген жаудың калың күші өзеннен бірде-бір белімшемізді өткізуе үшін бар күшин жұмсап бақты. Ақтық шайқастарының бірі екенин сезингендей олар окты қарша боратып, бас көтертпеді. Ауыр снарядтар талай жауынгерлерімізді көз жұмдырыды. Осы шайқаста мен басқаратын батарея жаудың оқ жаудырып тұрган бірнеше нұктелерін жойып, әскеріміздің алға жылжына мүмкіндік тудырыды. Сол жолғы ерліктеріміз үшін мен және бірнеше жауынгерлеріміз «Қызыл Жұлдыз» орденіне ие болдық – деуші еді Шәрін аға.

Соғыстан келгесін Шәкең сол өзі туып-өскен ауылда, алғашкы еңбек жолын бастаған «13 жылдық» колхозында басқарма төрағасының орынбасары, төраға қызметін атқарды. Одан кейін Тимирязев ауданындағы Степной кеншарында жұмысшы кооперациясы бастығының орынбасары, Степной кеншарының № 2 белімшесінің басқарушысы болды. Сол жылдары ол еңбекте қол жеткізген жетістіктері үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен, бірнеше Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Шәріп Қәсенов соғыста жүргенде ауылда қарт әке-шешесі, қарындасты Ұмсын, жас інісі Нығымеш (Нығметжан) қалған болатын. Майданнан інісіне арнап өлеңмен мынадай хат жазыпты:

Өлеңмен хат жазамын, Нығымеш, саған
Болды ғой мен кеткелі талай заман.
Киялдың қазынасын тере берсем
Басымда түпсіз ойлар таусылмаған...

Отыз ай қан майданға кіргеніме,
Тар жолда тайғақ кешіп жүргеніме.
Естіген тарихтағы оқиғаны,
Анықтап өз көзіммен көргеніме.

Мен жұрмін Ленинград қаласында
Батыстық шекаралық арасында.
Андысқан жауларменен арпалысып,
Тау мен тас, көл мен өзен жағасында.

Мінекей үш жыл толды жүргеніме.
Майданда етек-женді түргеніме.
Сағынып, туған-туыс, хат жазамын
Өлеңім дерг болған соң жүрегіме.

Арнайы сәлем жаздым, Нығымеш, саған,
Ойласам толып жатыр есте арман.
Ел үшін көрген бейнет ештеңе етпес,
Дәм жазып елге барсам есен-аман.

Жазушы бұл өлеңді Шәріп атым,
Койылған «13 жылдық» елдің атын.
Түскенде басымызға ауыр күндер
Шерімді тарқатуға жазған хатым.

Шәрінтиң соғыстан өлеңмен жазылған хатында аталған інісі Нығымеш (Нығыметжан) көп жылдар бойы колхозда әртүрлі жұмыс істеді, одан кейін орманшы болып жүрні зейнеткерлікке шықты. За-йыбы Нұрғиза екеуі 11 бала тәрбиелеп өсірді. Олардан бірнеше немере, жиендері бар. Нұрғиза – Батыр ана, қазір Қызылжарда тұрады. Балалары мен қыздары өз отбасыларымен бөлек отау құрган.

Шәріп елде қадірлі, сыйлы адам болды. Соғыстың алдындағы жылдары «13 жылдық» колхозының басқармасының төрағасы болғанда шаруашылық жұмыстарымен қатар қоғамдық істерге де белсene атсалысты. Соғыстан қайтып келгеннен кейін, 1946 жылғы 22 маусымда колхоз партия жиналысында оны партия үйымының хатшысы етіп сайлады. Содан 1950 жылға дейін істеді.

Шәкең зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қол қусырып, қарап отырған жоқ. Ынтымақ ауылдың қасында ну орман арасында орналасқан Тимирязев аудандық пионер лагерінде бірнеше жыл құзетші болды. Окушы жастармен кездесіп, Ұлы Отан соғысы туралы, өзінің көрғен-білгендерін айттып беріп жүрді. Өмірден өткен Шәріп ағамыздың жарқын бейнесін ауылдастары ешқашан ұмытпай, оның өнегелі істерін айттып жүреді.

Қайролла МҰҚАНОВ, өлкетанушы

«ҚАЙРАН ЕЛ, ҚАЛДЫҢ АРТТА...»

1903 жылы казіргі Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылында туған Отызбай Токсанұлы 1942 жылдың қаңтарында қан майданға аттанады. Сол жылдың желтоқсан айына дейін қанды шайқастар кезінде екі рет жарапанып, емделін шығады. Ал үшінші рет ұрысқа кірген желтоқсанның 12-інде қазаға ұшырады.

Есіл боздақ көзі тірісінде әншілігімен, домбырашылығымен той-думанның сән болған өнершінің өзі екен. Оның майданнан өлеңмен жазған хаты, міне осының дәлеліндей.

Төменде осы хатты ықшамдап жариялад отырмыз.

Ғинуар 22-і шықтық елден,
Айрылды ғаріп анам мен бар күйден.
Құлыным, жалғызыым деп жасын төгіп,
Қайысып қабыргасы бетім сүйген.

Ардақты қадірлі анам қалды жылап,
Мен-дағы штеп тынып көзді бұлап.
Амал жок, қолдан келер дәрмен болмай,
Біз шықтық «Тәуекел!» деп бір Аллалап.

Қайран ел, қалдың артта жылай-жылай,
Кеуде – дерг, не болад деп күнім бұлай.
Ақ тилем арнап қалды ардақты елім,
Жолынды ондасын деп жаббар Құдай.

Қалды ғой сорлы анам шықпай жаны,
Бұйырып сапар шықтым шеттен дәмім.
Аман-сау туып өскен елге оралсам,
Болмас деп ойлауменен еш арманым.

Біз келдік Қызылжардың қаласына,
Шуласкан түрлі ұлттың арасына.
Ашылған осы жерде ұлken лагерь,
Жарқабақ ақкан Есіл жағасында.

Лагерьде он жеті күн болды,
Командир бізге үйретіп оң мен солды.
Демалыс күн жарымдай беріп ақыр,
Шығарды ұлken жолға ауыр қолды.

Паравоз бізді алып кетті жүріп,
Қоштастық туған жермен жан ұзіліп.
Қалғанда Қазақстан жері артында,
Сыйындық бір Құдайға белді буып.

Жалғыздық, жан тәсілім алды күшті.
Қасымда тағы біреу құлап түсті.
Болған жоқ бір минуттай сол арада,
Снаряд оғы келіп жақын түсті.

Біткендей болып қалды сол құлағым,
Біреудің жұлып кетті екі аяғын.
Үстіме түскен тонды сырып едім,
Жаралы болып қапты оң аяғым.

Сол жерде не болғанын біле алмадым,
Көзіме еш жолдасты іле алмадым.
Жылы қан тоқтамастан ағып жатыр,
Бой билеп, орынымнан тұра алмадым.

Бір Құдай сол арада қуат берді.
Жылжумен үш орысты көзім көрді.
Сұрадым: жаралымын, көмектес, деп,
Біреуі ракым етіп байлад берді.

Еңбектеп жылжи бердім кейін жаққа,
Сүйретіп аяғымды зіл боп жатқан.
Құдай қолдан, бір пар ат тоқтай қалып,
Көтеріп салып алды кең қорапқа.

Жүзінді көрсем, анам, есен-аман,
Сарғайып сар төсекте жатыр балаң.
Сағындым артта қалған мен сіздерді,
Бар ойым: елге тірі қашан барам?

Бір Алла, өзиң сақта есен-аман,
Білдіріп хал-жайымды хатқа жазам.
Ансаумен ел-жұртыймыңды әлсіреймін,
Осымен бұл хабарым болсын тәмәм.

1942 жыл

ҚАҢАРЛЫ КҮНДЕР ЕСТЕЛІГІ

Соғыс! Осы бір қара бұлғттай қаралы да сүйк сөзді естігенде біздің қазакстандықтар да қаңармандық танытып көрсетіп, өз еркімен ел намысын корғауға аттанды. Солардың бірі Хайыров Балақмет еді. Балақан 1904 жылы қантардың 10 жүлдізында Сулықөлде туып-өсken. Балақаңың өмір жолына толық токталмаймын. Себебі бұрын жазған болатынын. Тек соғыс жылдарындағы күрес жолының кейбір эпизодтарына токталмақпын.

Қызмет бабымен Полудин ауданында қызмет етіп жүрген жерінен 1941 жылы соғысқа аттанды. Алғаш Татарка станциясында бес ай станковый пулеметтің пулеметчигіне жаттықты. Волхов бойында күшті шайқастың қызған кезі болатын. Осы жерде алты ай бойы корғаныс шебінде тұрды.

1943 жылдың сәуір айы болатын. Қаңарман қала Ленинград қоршауда еді. Ол кездегі Ленинград қаласының ауыр жағдайы, қасіретті күндері совет халқының жауға деген өшпенділігін одан сайын арттыра түсken еді. Балақаңдар бір ай түнімен жүріп отырып, Ленинградты азат ету майданына кірді. Фашистердің жүрегін шайлықтыратын атышулы «Катюшаны» Балақаңың алғаш көруі еді. «Катюшаның» оғы тізбектелің, үшқан қазға ұқсайды екен – деп, еске алатын. Немістердің артқа қарай өткенінен хабардар болған біздің солдаттар жаудан алынған жер үйде дем алып жатқан болатын.

Әңгімемді Балақаңың сөзімен жалғастырмакпын: «Көзім ілінің кеткенде түс көрдім. Үлкен бір албар бар екен, содан үлкен бір бұқа шығып, маған қарай жүрін келеді. Мен оны қуып жіберіп, жоғары шықтым. Қолыма қарасам алтын секілді жылтыраған зат атып кетін еді, сол сэтте Зинатайым әлгі затты қолыма ұстартты. Көзімді ашсам оқ атылып оң жақтан көп немістер келеді екен. Өздері қысқа киімді. Анық көрдім. Тылға бүйріксыз оқ атуға болмайды. Орман шілінде едік. Еңбектеп барып командирге хабарладым. Ол басын көтерін қараймын дегенде, оқ тиін қаза тапты. Енді жанталасып еңбектеп орныма келсем, жолдасым пулеметтің қасында қаза тауыпты. Тездетіп пулеметті ала салып, немістерге оқты жаудырдым кеп. Немістер кейін шегініп қашты. Мұндайда қорқынышты қайратпен тежеп, қайткенде де бауырыңдай болып кеткен жолдастарыңың кегін алуды ойлайсың. Өлемін-ау деген ой келмеиді екен. Сонымен аздал тыныс алғандай болдық, ыстық тамақ әкелді. Взводта алты-ақ адам қалдық. Осы кезде көрген түсім есіме түсіп ойладым, қара бұқа – жау. Құдық. Ал үшқан зат не екен, деймін?

Политрук менімен тағы бір солдатқа курек, винтовкаларынды алып менімен жүріндер дегенді айтты. Пулемет расчетын іздең табу керек болды. Келе жатқанымызда немістер көрінді. Енді еңбектеуге тұра келді. Келе жатсак семеилік жігіт Мұхамадиев Тұрысбек өліп жатыр. Одан 30 метрдей жерде Уфалық ноғай жігіті каза болған екен. Ол жақтың жері ми болады. Тұрысбек марқұм мидің үстіне бұтақ тесеп атысан екен. Аяғына оқ тиген соң оны байлап, кеин қарай келе жатқанда, оқ басына тиген. Немістер осы жер арқылы бізге өтіп кеткен екен. Командир өлген кіслерді алып қайтуға бұйырды. Уфалық жігітті Мұхамадиевтың қасына әкеліп, екеуін бір-бірден шалшықтың үстінде еңбектеп жүріп 50 метрдей жерге шығарып, үстеріне шинельдерін жауып, оның үстіне қарағайдың бұтағын жауып жерлеп, қоштастық. Орнымызға келдік. Тұнде атыс тағы басталды. Пулеметімді жауға қаратып атып жатқанымда, оған оқ тиіп қиратып кетті. Немістерді ылгерілетпедік. Қалған адамдарды әр бөлімге жіберді. Мені де басқа бөлімге ауыстырды. Барысымен күзетке кеттім. Барлап қарасам, аланды өліктен ашық жер жоқ. Тұні бойы сол жерде тұрдым. Таңертең ауыстырды. Дем алуға жата бергенімде «Пулеметші Хайыров осында ма?» - деп, іздең келген ротаның командирі Қамбаров орныма кісі беріп, алды да кетті. Әкем келгендей мұндан куанбаспын! Мені кім беретіп коптеркаға жіберді. Қыскы кимді ауыстырып, жазғы киім берді. Куртка, пилотка, бұрынғы обмоткалы бәтеңкениң орнына етік берді.

Ертең 1 мамыр, шабуылға шықпақпыш. Өз бөлімшеме келіп, пулеметімді дұрыстадым. Қызыл ракета белгі берген уақытта біз шабуылға шығуымыз керек.

1 май күні қызыл ракета белгі берісімен таңғы 6-да атысып отырып, ылгері жылжыдық. Алдағы жер үйге келдік. Сол кезде шахмат тәртібімен жау мина тастай бастады. Блиндаждың амбразуасынан оқты жаудырдық. Әуелі он жактан келе жатқан жауды атқыларап, енді сол жақтан келе жатқан жауды атқылауға пулеметімді жыға бергенімде көз алдым жарқ етті. Құлап түстім. Екінші пулеметтен атып отырған жігіт ол да құлады. Оған не болғанын білмеймін, қырылдаған даусы пығады. Мен басымнан жарагалансам керек. Командир басымды таңып берді де «дауысынды шығармай осы жерде жат, кешке қарай осы арадан алып кетеміз», - деді. Он жақ көзімнің тұсынан бір нәрсе қатты батып тұрды. Басым су секілді. Оны қан ғой деп ойладым. Сонымен құдайға тапсырып, блиндажда жаттым. Тұнде екі солдат келип алып кетті. Атыс тоқталған екен. Бірінші пунктке елу шақты жарагалыларды әкелді. Женілдерін тылға жіберді. Ауырлары сол арада қалды. Мені орман шиндерінде дала госпиталына әкеліп, көз алдымға

кадалған осколканы суырып алды. Операция жасап, көзімді ұясымен алды. Онда 5-6 күн жатқаннан кейін Киров облысының Слободка қаласындағы ауруханаға әкелді. Су ішінде көп жатқандыктан жөтөліп, кеудемнен де ауырдым. Сонда біраз емделгеннен кейін комиссиялап, «елге қайтарды», - деп жауынгер Балақан от жолында жаумен арпалысының бір кезеңін көзі тірісінде баян еткен еді. Оны жария етпеуге мениң хақым жок. Кешірілмес күнә болар еді.

*Күлиән ХАЙРОЛЛАҚЫЗЫ,
Сырымбет ауылы*

“ТІ СОҒЫСТАН – БІГ СОҒЫС”

Адам картайған шағында өткен өмірін еске алып, көрген-білген оқиғаларын тізіп, әнгіме етіп отыратыны белгілі. Мен де сондай карттардың бірі ретінде өмірімнің ұмытылmas сәттерінен естелік жазуды әдетке айналдырған едім. Мына әнгіме сол естелік жазбаман үзінді.

Мен 1939 жылдың 21 қантарында Булаев аудандық әскери комиссариатынан міндетті әскери борышымды өтеуге аттандым. Бізді әскери эшелон жолда бірнеше күн жүріп, Череповец қаласына әкеліп түсірді. Осында үш айдай әскери дайындық жасадық. Ауа райы да тым қатал, 40-42 градус аяз болып тұрады екен. Бізді кинағаны сол – күміміз жұқа болды. Устімізде – шинель, балтырымызда – орама шұлғау, аяғымызда – бәтенкे. Бірақ сондай сұыққа қарамастан әскери дайындығымыз жүріп жатты. Солтүстік Қазақстанның сұығына шыныққан біздер бұл жердің қатты аязына да тез көндігіп алдық.

Әлі есімде, 30 қараша күні таңғы сағат бесте әскери дабыл қағылды. Тез-тез киініп, сапқа тұрдық. Сағат алтыда Молотов ақ финдер Кенес шекарасын бұзғанын хабарлады. Ертенінде Череповец қаласындағы әскерлер соғыс жағдайындағы тәртінке көшті. Алғашқы екі-үш күннің ішінде-ақ соғыс шебінен жаралы солдаттар лек-лекімен келе бастады.

“Өп кешікпей бізді де майдан шебіне іргелес бір деревняға жеткізді. Осы жерде бізді жақсылап киіндірді: аяққа пима, екі орауға жететін шұлғау, жылы шұлық, қалың фуфайка, басқа малакай берді.

Осындаған дайындықтан кейін бізді 81-ші атқыштар полкін соғыс жүріп жатқан алдыңғы шепке алып келді. Осы жерде кімнің қай бөлімшеге баратыны туралы тізім оқылды. Мені, Кәрім Шаймерденовті 82 миллиметрлік минометшілер бөліміне жіберді. Белорусс, украин және қазақ ұлтынан құрылған бұл шағын бөлімшеге соңынан

Есмұқан, Сапар деген екі қазақ жігіті қосылды. Сапар кө Есмұқан Булаев ауданындағы Сартомар ауысынан – жерл шыкты.

Ақ финдер ұрысы ұзаққа созылмағанымен, өте қауыртсы естімеген қан құйлы, сұрапыл соғыс болды. Ақ фин орман ішінде шаңғымен жаксы жүретін, тіпті зұылдатып, оқты нысанада дәл жаудырып өтетін. Ал мергенде үшар басындағы қалың бұтакка жасырынып алғанда бай Пулемет койған доттары да тым жасырын, тыс көзге аса мейтін.

Бірде екі бөлімшениң арасына телефон сымын тартып нымызда нағыз қызған атыстың үстінен шыктық. Біз де мыйзыңда ыңғайлаап, жау жаққа оқ атуға дайындала берген тыңдар» деген бүйректы естіп, қалың қарға жата-жата к жанымыздан айқай салған жігіт ақ халат киген барлаушы

– Түрған жерлерінді жау мергендері байқап қалса, стайды. Кәне, мен көмектесейн, - деп көрші бөлімшеге бағытпен алыш келді де, өз жөніне кетті. Біз де байланыс телефонды іске қостық та, келген ізімізben кері қайттык.

Сол кезде біздің бөлімшесі командирі Кәрім Шаймер, латын. Ол кісі ынғайлаған жаңа жерге минометімізді ор оқ-дәріні, миналардың жәшіктегін қолайлы жең ге дайы атысқа бүйрек тосып отырдық. Кешікпей анықталған ж атуға бүйрек берілді. Айнала атыс, әр бекініс үшін құ жүріп жатты. Қақаган сұық, қалың қар, кей жердің таул мибатпағы бір орыннан екінші орынға жылжуға көп ки рды.

Бірде уш күн бойы нәр татпадық. Себебін білсек, б қалған дивизия бөлімдеріне дер кезінде тамақ жеткізу киң Карын аша бастағасын Есмұқан ешкімге айтпай бұтакта есін теріп алуға барады. Ұзын ағаштың басында жасыр мергені мұны байқап қалып, мұрттай түсіреді, оқ жілін шық етін тесіп өтіпти. Фин мергенинің назарын аударып де сулап жатқан Есмұқанды кейін әкетуге әрекет жасад жанымыздағы санитарлық бөлімге жеткіздік. Енді кет Есмұқан көзіне жас алып, бізді кимайды. Сол Есмұқан Й спиталинде емделіп, көп кешікпей арамызға қайта оралды.

1940 жылы 13 наурыз күні сағат он екіде Финляндия бүгіп, келісім-шартқа қол қойды. Екі жақ та оқ атуды то тенінде біздің әскери бөлім майдан шебінен он бес кілі шегініп, сол жерде қырық бес күн аялдады. Бұл бөгелу

бар екен. Біздің 52-ші дивизияның кейбір бөлімшелері қырық бес күндей фин әскерінің қоршауында болған. Екі ел арасында сол коршаудағы әскери бөлімшелерді бейбіт жолмен босатып алудың амалдары жасалған. Бұл киын мәселені шешу оңайға түспеген болу керек, сол себепті біздің майдан шебіне жақын тұруымызға тұра келді.

Ақыры 81-ші атқыштар полкі Череповец қаласына қайтып оралды. Соғыста каза тапқаны бар, жарапланғаны бар полк құрамы жаңа әскерлерімен толықтырылды. Мені алты айлық полк мектебіне жіберді. Оку біткеннен кейін бұрынғы Царское селосы, қазіргі Пушкин қаласына келіп мұнда жұз елу адам әскери жаттығулардан өттік. Демалыс күндері қалаға саяхат жасап, орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің оқыған, жүрген жерлерімен, оның әлемге аты шыққан мұражайымен таныстық. Командиріміз Петр Иванович Ногаев, оның саяси орынбасары Сеитқали Бердібеков жауынгерлерімен тіл табыса билетін жаксы адамдар болды. Осындағы ерекше дайындықта жүрген жауынгерлердің лагерінде бейбіт өмірдің тыныштығы тағы бұзылды.

1941 жылы 22 маусым күні Фашистік Германияның бейбіт жағаған шартты бұзып, Кеңес Одағына қарсы соғыс ашқаны, шекара-ны бұзып өткені хабарланды. Сол күннен бастап бүкіл Кеңес халқы соғыс жағдайына көшкендігі және айтылды. Лагерьдегі жауынгерлер жедел дайындық жағдайына кірісті.

Бізді жедел Ленинград қаласына жеткізді. Суыт жүріспен қырық бес километрді артқа қалдырдық. Осы жерде вокзалдан эшелонға мінгізіп Петрозаводск қаласына алғып келді. Осы жерде бірінші рет неміс фашистерімен бетпе-бет келіп, соғыстың алғашқы шайқасын өткіздік. Қара қарғаша қаптаған жау самолеттері топырлатып бомбы тастағанда соңынан қарақұртша алға ентелеген неміс солдаттары автоматтан, пулеметтен оқ жаудырғанда жердің астан-кестені шығып, айналаны өрт жалыны орап кетеді. Осы жерде бір аптадай уақыт бір-бірімізге тойтарыс беріп бірде жау, бірде біз кеін шегініп, киян-кескі ұрыс жүргіздік. Мұндай сұрапыл соғыстың бір аптасы біздің жауынгерлерге көп нәрсе үйретті.

Тағы да эшелонға мініндер деген команда берілді. Кешкпей Ленинград қаласының маңына қайта оралдық. Біздің 24-ші мотоатқыштар полкі Варшава бағытындағы тас жолдың бойымен Луга қаласына жақындал қалған жау әскеріне тойтарыс беруге аттанды. Осы жерде тағы да жаумен бетпе-бет кездесін, киян-кескі ұрыс басталды. Соғыска бұрыннан дайындалған жау солдаттарының қару-жарагы біздікінен басым екені көрініп-ак тұр. Бізде ежелгі винтовка, станокты пулемёт, 82 миллиметрлік миномет. Бөлшектеп ал-

масаң, алып жұру қыын, көлік болмаса өзіміз арқалап жүре береміз. Кейбір жауынгерлеріміз қару-жарактың колдануын да жете біле бермейді. Мен мұның алдында фин соғысына қатысқан тәжірибел болғандықтан әрі сержант атағым бар кіші командир ретинде білгенімді оларға үйретіп жатамын. Сөйтіп жүріп жауға бұл жерде де тойтарыс бердік.

Біздін әскери бөлімді үшінші рет Карелия – Фин бағытындағы ұрыс шебіне жіберді. Осы арада неміс фашистерінің құрама тобымен соғысуға тұра келді. Рота командирі Григорий Иванович Петров, взвод командирі Петр Николаевич Головаков, бөлімше командирі Петр Иванович Ногаев басқарған солдаттар осы жерде жауға қарсы үлкен бекініс шебін құрды. Сол күні тұнде жау әскерлерімен ұрыс басталды. Толассыз атылған оқтап жау алға жылжи алмады. Бір кезде менің оң иығыма автоматтың оғы тиіп жарапандым. Саулап аққан қанды байқап қалған командиріміз Ногаев еңбектеп келіп, жарамды таңуға көмектесті. Оқтың қарша борап тұрғаны соншалық – жер бауырлап жатып маған көмектесіп жатқан оның аяғына да оқ тиді. Енді екеуелеп оның аяғын байлауға кірістік. Осылайша арпалысып жатқанымызда санитарлар да көмекке келіп үлгерді.

Бұл 1941 жылдың отызыншы тамызы болатын. Аяғынан оқ тиіп жарапандған Ногаев екеуімізді жау көзінен тасалап өзеннен паром арқылы өткізіп далалық емдеу пунктіне алып келді. Бізден кейін де біраз жарапылар жеткізілді. Олардан алты кіші командирдің төртегүйінің оққа ұшып қаза тапқанын, бірнеше жауынгерлеріміздің көз жұмғанын естідік. Осы ұрыста күштің тен емес, жаудың соғыс техникасының екі-үш есе басым екені байқалды.

Госпитальде менің жансыз салбырап қалған иық-қолымды тексеріп, Вологда қаласына жарапыларды таситын поездға мінгізді. Мұнда операция жасалып, гипс салынды. Екі айдан кейін гарнizon комиссиясы мені одан әрі соғысуға жарамсыз деп тапты. Сөйтіп жансыз қалған оң иықтың зардабы мені елге қайтуға мәжбүр етті.

1941 жылы 30 қарашада елге оралдым. Бұл кезде ел басына үлкен ауыртпалық түскен. Еңкейген кәріден белі бекімеген балаға дейіп сол ауыртпалықтың жүгін көтеріп, таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыс істейді екен. Мен де соғыс салған ауыр жарага қарамастан он шақты күннен кейін еңбек майданына кірісіп кеттім. Бұл майданда бөленген құрметім аз емес.

*Мәжит ҚАСЕНОВ,
соғыс ардагері, педагог*

БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ

Ұлы Отан соғысы казак еліне, әрбір ауыл-селоға, әр шаңыраққа айтып тауыса алмас ауыртпалық әкелгенін көз көргендердің жазбаларынан да білеміз. Неміс фашистерінің «Барбарос» атанған қанды басқыншылық жоспары 1941 жылдың қысында Москва түбінде оңбай күйрекенін сол кездің ақпараты әрбір ауылға сүйінші сұрағандай жеткізген болатын. Ол кезде ауылда радио деген жок. Ақпарат дегеннен екі – «Социалды Қазақстан» мен «Ленин туын» ғана біледі. Қариялар жағы жаппай сауатсыз болғандықтан, Сарман аулында Хамзаның Әлтайы тірі радио іспетті еді. Базар пошташы жеткізген үлкен қара сөмкеден екі газетті сұрып алып, соғыс жайындағы хабарларды саңқылдата оқи бастайтын. Әлтайдан окудың мән-жайын Зайкеннің Қабыкеи екеуміз үйрендік. Пошта келген сайын үшеміздің қолға түскенін тауып алып сарнатқызыдан да қояды.

Сонда анғарғанымыз – фашист дегенің қыста әрі қарай қашады да, жазда Қызыл армияны бері қарай тықсырады. Сонда пошташы Базар: «Қыста бұлар қауқарсыз екен, жігіттер, бұл бәлелерді қыста барып соққылау керек», - деп қояды.

1942 жылдың қысы басталды. Айналасы алпыс үйлі Сарманнан жиырма бес жігітке шақырту келді. Мұның басым көпшілігі Николаевка орта мектебінде оқитын. Менің ағам Сәпен Амандықұлы осында тоғызыншы сыныпты орысша оқитын. Сейпіл Уақпаевпен әскерге бірге алынды мұғалімдерімен. Оқытушылар жетіспегендіктен, жоғарғы сыныптар жабылып қалды.

Сол бір жылдары елде жастар тез көбейіп өсіп кетіп еді, осы соғысқа көрінген екен ғой. Жиырма бес жігіт соғысқа аттанған соң, ауыл қаңырап бос қалды. Біз сияқтылар қолға айыр, күрек алып, бірден колхозшы болып шыға келдік.

Біздің облыста құрылған 314 атқыштар дивизиясы Петропавл қаласында «Борки» деген жерде орналасты. Осындағылардан арагідік елге хабар жетеді, киім, тамақ жағы жетімсіз деген. Елден Қалашы деген қартпен бір рет оларға мен де барғаным бар. Хасан деген татар үшіне түстік. Рифхат деген менен үлкендеу баласы бар екен. Мені сол апармақшы болды.

Ол кезде қаланың шығыс беттегі ең шеті – қазіргі Чкалов аялдамасы. Әрі қарай сыммен қоршап тастаған, ешкімді жібермейді. Еслідің анғарымен баратын болдық. Апаратын киім, тамакты арқаға артып алдым. Мұнда да шұбырған адамдарда есеп жок. Тоғызыншы сай тұсынан бекітіп тастаған. Рифхат жолбасшым айлакер әрі пысық болып шықты. Жарға тірей орнатқан вагон астынан жол тауып, әрі

қарай Есілді жағалай өскен тал сыртымен кеттік. «Боркиге» жакын дап барып, шоқша тал түбіне жасырындық. Солдаттар күндізгі жатырудан осы арадан қайтады екен. Ағанды ганысаң ғана дауысында шығарып шакыр, дейді Рифхат. Өтіп жатқан солдаттарға көз алмаі қараймын. Ақыры таныдым да, Рифхат екеуміз солармен араласа баражқа беттедік.

Барақ дегеніміз жар жағасынаң ұзын етіп қазып жасалған жеркелі екен. Іші жарық, екі қабыргада – екі қатарлы нар сөрелер. Әр бөлім шениң өз орындары бар екен. Сол жерге жайғаса бастадық. Рифхат өз ағасына кетті.

Кешкі асты кезекші екі ғелекпен жеткізді. Біріншісі – қырыққа бат боршы. Ішінде 3-4 түйр картоп қалқып жүр. Екіншісі – бидаі ботқасы, екі тілім орыстың қара наны, бір кружка шай. Тамак үстінде менін қашығым ашылды. Ағам ел дәмін жаңындағы жігіттерін бірдей етін таратты.

Сәпен ағам арыса да, ынығып, инирай түскен сияқты. Сөзі де, іс де қатқыл көрінді. Бұл дивизіңда Ота Азиядан жеткізілгендерди ішінде орыс тілін білмейтіндер көп екен. Екі гүлді билетін ағам си яқтылаудан бөлімше командирлерін сайлап, бұйрық жетті. Әлгі өз бек ағайын көзі үйкіға көткенше мұрын астынан ыңғадап мұндың әнді соза салды. Әлін, жерін сағынғаны анық анғарылды.

«Подъем» деген дауыстан өяндық. Солдаттар беліне дейн тез тез киинші, сыртқа атын шығып жатыр. Мен кішкентай саңылауда сығалаймын. Солдаттар бет-басын беліне дейн қармен ысқылап жуынады екен. Келісімен таңғы асты жала-тармағай ішісті. Кеше гі мұндың эн айткан өзбек матрасының ішінен бір пальгоны суырып алғып, арқама жапты. Мұны сен сияқты балама алғып едім. Посылкағы салдырмады. Сонау Өзбекстаннан мечін іздел келе қоятын жап бол мас. Балам, мұны енді сен кі деді. Фархат ағаңдан ескерткіш болын деді. Шынымды айтсам, бұл күім фабрикадан жасалып үстімдеңген бірінші пальто еді. Жасыратыны жоқ, катты қуандым, рах метімді айттым.

Сәпен ағам мені қатты қысып сүйді. Асыға кетпін бара жатқанды: «Мен тағы келемін», деуге ғана шамам келді.

Осы кезде Рифхат танаулай жет і, тез соңымна ер, деді. Атшықсак, ағаш қылтасынан қарға батқан машина шыға алмай жатыр екен. Келіп итерісімен машина жүріп кетті. Шофер бір дорбаны атып жіберді. Біз дорбаны алғып, ағаш арасына жасырындық. Машина қайтып оралғанда инөфер машина будкасының ішіндегі қораптардың астына бізді жасырды. Қалаға келген соң, Рифхат дорбадағы бен бөлкенің бірін маган ұстартты. Бағағағы енбегіннің өтеуі бұл деді

Мен солдаттарға беретін орыстың бір бөлке қара нанымен ауылға оралдым.

Сәпен Петропавлдан майданға 1942 жылдың 10 мамырында аттанды. 314 атыштар дивизиясы Ленинград майданында болғаны белгілі. Ал мениң ағам арнаулы полкпен Батыс майданына аттанды. Жол бойы қысқаша мазмұнды хат жазып тұрды. Соңғы жазылған үшбұрышты үш хаты әлі күнге сактаулы. Оның біріншісінде Белоруссиядағы Смоленскіден өтіп барып соғысқа қатысанын айтады. Екінші хатында жаумен бетпе-бет келип, екі алта бойы айқасқанын жазады. Неміс танкісімен карсыласа соғысқанын, өзімен бірге жеті адамға командир окопты арапап жүріп медаль тапсырғанын айтады. Осы жетеуін кейінде Смоленскіден Мәскеуге қарай 120 километр жерге жиырма күндік қысқа курсқа жібергенін хабарлайды. Ал үшінші хатында арнайы курсты аяқтап, барлығына да кіші лейтенанттық атақ беріп, әр бағытқа жібергенін, ал өзін рота командирі етін тағайындал, өте маңызды нысанды күзететінін жазыпты. Міне, осыдан бастап одан хат-хабар деген мүлдем үзілді. Көп ұзамай Смоленск облысы түгелдей немістердің қоршауында қалғанын газеттерден оқып білдік.

Соғыстан кейін Кеңес Армиясына байланысты барлық мұрағат жұмысын басқару сол кездегі КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы М.Калининге жүктелгеіп тарихтан белгілі. Кеңес Армиясы мұрағаттарына Сәпен Амандықұлы Қалиевті іздеумен жиырма жыл бойы хат жазып іздеу салдым. Барлығынан да «Такая фамилия в нашем архиве не значится» деген қысқа бір сөйлемдік жауап алдым. Ол осымен Ұлы Отан соғысында белгісіз жағдайда қаза тапқандардың бірі болып мәнгілік қалды да қойды.

Ожан ҚАЛИ, журналист

KIM KІНӘЛІ?

Менің әкем бармаған жан соғысқа,
Жасы ұлғайып кеткен екен сол тұста.
Майданда өлген жауынгердің жесірін
Жар етіпті – тағдырлар ғой тоғысқан.

Кайран әкем арманым деп санаған
Мен туыппын сол бір асыл анадан.
Бірақ... Бірақ, біздің үйден сол кезде
Кетіп қапты шешеміз бір жан ағам.

Соны ойлап, анам байғұс зарлайды,
Сүм соғысты, Гитлерді карғайды.
Есіне алып шеінг болған күйеуін,
Содан қалған ұлына сөз арнайды.

Алайда, ағам ұзак уақыт жоғалды,
Хат жазушы ед, оны дағы доғарды.
Анам шашы бозқырауға ұрынған
Бір-ақ күнде қар түскендей ағарды.

Міне, осындай касіреті анамның,
Көз жасымен салып кеткен маган мұн.
...Кім кінәлі?.. Кім кінәлі осыған?..
Маза бермес сауалы бұл санамның.

Кәрібай Мұсылман, ақын

СОҒЫС СОҚПАҒЫ ШЫҢДАҒАН

Ұлы Отан соғысы жылдары кару асынып, белі қатпай майданға аттанған бозбала жігіттер осы күні шау тартқан. Ақсақал жасына жеткен олардың қатары жылдан-жылға сиреп келеді.

Киян-кескі соғыстың бел ортасында жүріп, отты жылдардың күәсі болған Төлеген Рақымбеков шыныменен осы күнге аман жеткенине қуанады. Сексеннің сенгіріне шыккан карттың әлі де болса жүрісі ширак, сөзі жинақы, айттар ойы да тиянақты. Қеудесі орден-медальдарға толы ақсақал әңгімені әріден бастағы.

– 1942 жылы өзім сұранып соғыска аттандым. Анамның омырауы жасқа толып, аман келуімді тілеп ауылда қалды. Жалғыз қарында-сымның менің Отан үшін аттанып бара жатқаныма қуанып тұрғанын жанарынан айқын аңғардым, – дейді ол. Төлеген қара жамылған жесір женгелерінің, опат болған арыстай ағаларының, қара қағаз есендіретіп тастаған аналардың, мугедек атанған әкелердің кегін алу үшін аттанып бара жатты. 17-18 жас шамасындағы бозбала жігіттер Қазан қаласындағы ішкі істер Халық комиссариятының жаттығу полкінің құрамына қабылданды. Осы жерден соғыс жаттығулары мен әдіс-тәсілдерін менгеріп шығады. Төлегенниң жатса-тұrsa ойы тезірек майдан даласына жетіп, қасық қаны қалғанша аянбай соғысу. Кей күндері қарудың шүріппесіне жабысып, автоматтан оқ жаудырып жатқанын елестетіп те қояды. Әнтеуір, бейбіт елдің тыныштығын бұзған жауға деғен өшпендилігі өршіп, кек алу керектігін

түсінді. Оқу аяқталған соң оларды 138 атқыштар полкінің құрамына әкеліп қосты. Тихвин қаласында жаумен шайқасып, отты жылдардың кайнаған күндерін өткізді.

— Кез алдымда талай азаматтар оққа ұшып, ажал құшып жатты, — дейді ол. Ленинград майданында ок-дәрі асынып, керзі етікпен дала-ның төсінде адымдай басқан жауынгерлердің тілегі тек жауды жеңу еді. Олар қайсар, қайратты болды. Төлеген Рақымбеков сұр шинельмен Батыс пен Шығысты аралады. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген рас екен. Қашшама қазақтың сүйегі туған елге жетпей қалды. — Сол тұста алыстағы ауылдың жусанын, таза ауасын сағынып, орамалға түйілген бір уыс топырақты іскеп қоятынбыз, дегенді айтады ақсақал. Шіркін-ай, «туған елдің тұтні де ыстық» деген рас екен гой. Осылайша, бейбіт күнге жетпін көкіректерін қуаныш кернеді. Женіс оңайлықпен келген жоқ. Сол уақытта төгілген қан, көзден ақсан жастың өтеуі жоқ еді.

Төлеген Рақымбеков 1944-50 жылдары Батыс Украина топырағын басып, Эстония мен Латвияда елдің тынышын алған бандиттерді талқандауға белсene араласты. Сегіз жыл жырақта жүрін Отан алдындағы борышын адал өтеді. Жаумен бетпе-бет кездесіп, өлім мен өмір арпалысқан сәттерді ұмыту мүмкін еместігін айтады. Төлеген атаның қеудесіндегі орден-медальдар жасаған ерлігі мен адал қызметіне берілген баға. Бандылардың сарқыншағын құртуда да аянып қалған жоқ. Мысалы, «Ерлігі үшін» медалі 30 адамдық бандылар ұсын талқандап, оларды қолға тұсіргені үшін берілген. Немерелері аталарының шайқастағы ерлігин тыңдағанды ұнатады екен. Төлеген Рақымбеков те оларға соғыстың салған жарасын, ажал құшқан достарымен көрсеткен ерлігі жайлы айтудан жалыққан емес. Ауылдың қара домалақ баласы қатардағы жауынгерден бөлім командиріне дейін көтеріледі. Қазақ баласы артқан сенімді үлкен жауапкершілікпен атқара білді.

Төлеген Рақымбеков елге оралғаннан кейін халықтық соттың хатшысы болды, одан кеін №6637 әскери бөлімде жас офицерлер мен прaporщиктерге дәріс оқып, ақыл-кеңесіп берді. Әскери бөлімде атқарған кызметі елениң, талай рет марапатталған. «Әскери бөлімнің құрметті ардагері» атағы да бар.

Төлеген қарттың балалары мен немерелері де әке салған сара жолды таңдалты. Жұбайы Әсиямен жарты ғасырдан артық уақыт бір шаңырақтың астында тұрмыс кешіп, ұлдарын ұяға, қыздарын кияға қондырған жайы бар.

Айгүл ЫСҚАҚОВА

ЕЛ ЕСІНДЕ

1941 жылы ел басына түсken сын сәтті қалың елмен бірге Жамбыл ауданындағы Майбалық ауылының тұрғындары да қайыспай көтере білді. Ер азаматтары майданға аттанғанда, қариялар мен қарт әжелер, қыз-келіншектер тылда еңбек етіп, Женіс күнін жақындана түсуге үлестерін қости.

Ауылымызда мектеп жанында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткіш тақта бар. Жыл сайын мамырдың тоғызы күні ауыл адамдары ескерткіш басына жиналышп, қаза тапқандардың рухына тағзым етеді.

Кешегі қыын-қыстай кезеңде қолына қару алып Отан қорғаған, елге аман-есен оралып, еңбек етіп, үлгілі отбасы тұтқасы болған, қазір арамызда жоқ Кәрім Куантаев, Төлек Жақиянов, Қалихан Ілкенов, Бимырза Шибітов, Зағыпар Мусин, Қазкен Жақиянов, Эмен Үсқақов, Әубакір Оспанов, Айтқожа Қасенов, Бекет Мәкенов, Сұлтан Бірімжанов, Мақан Зікірин сияқты аталарымыз жастар үшін тәрбие мен өнеге мектебіне айналған.

Ұлы атам Куантай мен әжем Кәленнің төрт ұлы Кәрім, Зейне, Қабдөш, Бопан қару асынып, майданға аттаныпты. Соғыстан Кәрім мен Бопан аман-есен келгенде, Зейне мен Қабдөш оралмаған. Қөп жылғы іздестіру мен сұрау салудың нәтижесінде Қабдөш атамның Ресейдің Псков облысында жерленген туралы дерек табылды. Кәлен әжеміз көз жұмғанша үмітін ұзбей екі ұлын тосқан екен. Әжем елге белгілі емши, сынықшы кісі болған. Қазактың «аға өлсе – іні мұра» салтымен әжемізді қайын інісі Сүлейменге қосады. Соғыс кезінде Сүлеймен атам мен Молдахмет ақсақал елдегі қария, бала-шағаның басын қосып, егін егіп, бидайды Мамлютка қаласына өгіз жегілген арбамен жеткізген. Қос қария Майбалық көлінен балық аулап, бала-шағаны асыраған.

Колхоздың бар жұмысын мойынға алған
Әйелдер мен кәрі жас үйде қалған
Аш-жалаңаш жұрсе де, бұл да ерлік
Қынқ етіп бірде-бірі мойымаған. –

деген өлең жолдары отты жылдары жер жыртып, трактор айдаған Ажар Несірова, Құлдиша Куантаева, Бағдат Мусина, Бигайша Габдулина, Бәткен Шибітова, Бәткен Үсқақова, Рашила Мусина, Мариям Үдербаева сынды аналарымызға арналған.

Майданнан келген хаттарды бүкіл ауыл оқып, өлеңмен жазылғандарын аналарымыз жаттап алады екен. Зейне атамның өлеңмен жазылған хатын Күлдиша әжемнің аузынан жазып алған едік. Кеін осы хатты жаттап алып, ауызша айтып жүрдік.

Бет алдым Майбалықтан Күншығыска,
Жолымды тәңірім өзің онға баста.
Ойлаймын елде қалған туыстарды,
Есен бол, кәрі, жастар, қолымды ұста.
Қартайып жасы жеткен әке-шешем,
Ұлдарын бір көре алмай жүр ме екен?
Төрт ұлын Ұлы Отанға бірдей жіберін,
Ажалдан қаға көр деп тлей ме екен?!
Жан жолдас есте сенің Күлдиша атың,
Сағынып осы жазған мениң хатым.
Көрсем деп ертелі-кеш мен тілеймін,
Уалияс, Қозалияс – қос қанатым.
Өсірген қос қанаттай құлындарым,
Мен жүрмін Күншығыста аман жаным
Жолдаймын хатқа жазып хабарымды
Әзірше осы бол түр қолда барым
Қош сау бол, әке-шеше, жақын жолдас
Бел будық тәуекелге қажып болмас
Жарылған тәңірім тыныштық бере қалса
Көретін туған елді алыс болмас.

Біз бүгінгі жастар, соғысты көрген жоқпыз, көрмей де-ақ қоялық.
Бірақ Женіс күніш жақыннатқандарды білуге тиіспіз. Ұмытпайық соларды!

Венера ЗЕЙНИНА, Петропавл жыгары аскери училищесінің оқытушысы.

АПАМНЫҢ АЛҒЫСЫ

Жаз. Таңертенгілік шақ. Ауыл малды өріске қосып жатқан. Апам сиырды сауып, қорадан шығара бергені сол, сайтан қуғандай бір орыс жігіті сиырдың мүізізінен ұстай алып, жетелей берді. Апам да жан дәрмен қакпаға жетіп қалған әлгі орыс жігітінің омырауынан алыш, бексе тұсынан тепсін, ол бүрісе домалады, басындағы картузы бір жаққа, бір қолына ұстаган портфелі екінші жаққа ұшып, ішіндегі қағаздары шашылып қалды.

– Салығынды төлемесен, сиырынды бәрібір әкетемін, - деп бажылдаған жігіттің біздің үйге бұрын да келіп, салық жинайтын агент екенін таныдым. Оның аласа ғана бойы бар, тырбиғандай. Үстінде – әскери кітель, бұтында – галифе шалбар, аяғында – жылтыратып майлаған қара былғары етік.

Апам қапсағай денелі, жауырыны қақпақтай ірі адам. Үйдің де, тұздың де шаруасын бір өзі атқарғаннан кеін бе, әйтеуір, жұмысқа әбден мықшеге болып алған, қарулы еді.

– Соғыстан баламды әкеліп беріндер. Өзім қан жұтып отырғанда «налок, налок», деп қылқылдайсың, мен немді береін, ойбай. Жалғыз сиырды сендерге беріп, езім не күн көремін мына бармактай баламен!

– Ашуға бұлыққан апам бейшара жігітті қарғап-сілеп, сыйап-ақ жатыр. Шаң-шұң дауысқа маңайдағы қөршилдер де келіп қалды.

Кер сиыр байғұс атқа бергісіз мал еді. Арба мен шанаға жеккенде атша желип отырған.

Жетекке үйренген мал ғой, әйтпесе мүшізінен ұстағанда сиыр бірден жөнге қоңе қоя ма. «Налог, налог» - деп тоңқалаң асқан жігіттің қолынан кер сиыр қайқаң етін сыйтыла жөнелген. Апам сиырды қораға енгізді де, қакпаны жауып, ішінен бекітін алды. Ал сыртта орысша бірденелерді қөршилдерге айтып, алақұйын болып жүрген жігітке үйінің іргесі біздің үйдің іргесіне тиіп тұрған Сәдуақас атайды мен Майнұр апай басу айтумен жүр. Сәдуақас атайдың орысшасы әжептәуір болған-ау деймін, манағыдай емес, жігіт сабасына түсे бастиады. Шала-шарпы орысша түсінігім бойынша қөршіміз әкемнің қайтыс болғанын, әкемнің жылын өткізін жатқанда Мұбәрак ағамның соғыста ерлікпен қаза болғандығы туралы «қара қағаз» келгенін айтып жеткізді.

Апамның қазіргі жағдайы, шын мәнінде, тым ауыр да, аса қайғылы болатын. Мұндай халді адам басына бермесін.

Жалғыз сиырдың бұзауын колхозға берулерін керек деп, ферма бастығы жыл сайын алады. Бір қызығы, бұзауды жаз бойы өсіріп береміз. Ал көктем жақындағанда әлгі бастық біздің үйге тағы келеді. – Колхоздың шебі бітіп қалды, қыруар мал аш, бір шана шөп бересіндер, болмаса қораларыңың төбесін жапқан шөпті аламын! – дейді. Ферма бастығы айтқаның істейді, қорамыздың төбесін жапқан шөпті табан бір шана етіп артып алып кетеді. Біздің қора үлкен болатын. Кораның төбесі аңғал-санғал болып қала береді. Кейде қар жауғанда кер сиыр аккалаға ұқсап қалтырап, тоңып тұрғаны.

Мұның үстіне салық дегенің тағы бар. Сиыр басы он килограмдан май салығы салынады. Апамның шыр-пыр болып жүргені де осы салық. Бұған қосымшасы да бар шығар, ол жағын білмеймін.

Салық жинайтын агентті апам «соқыр орыс» дейді. Себебі оның бір көзінің орнында шақырайған эйнек тұр. Бұл байғұс соғыста болды ма екен, әлде жай жүріп көзін закымдап алды ма? Ол жағы белгісіз. Ауылға келген сайын біздің үйге келіп, салық сұрап, дуниендеңдің әкетем, сиырынды аламын деп апамды корқытып, орысшалап қатты-қатты сөйлеп, әкірендер жатады. Оған апам да ашыла айқайлад, ызаға булығып, жылап жүріп төсек-орынды, алаша, киізді шым үйдің ортасына үйн: «Ал, әкет мына боктықты. Баламнан артық ештеңе жоқ. Мұбәрәгімді әкеліп беріндер», - деп дауыс қылып жылайды.

Дуние дегениң де тас-талқан. Ең аяғы астымызға салып жүрген төсек те, үстімізге жамылған көрпе де кырық жамау, кішіректеу кезімде көрпенің жыртығына басымды сұғып ойнаушы едім.

Осы агент тағы бір келгенде ашу-ызаға булықкан апам: - Баламды өлтірін отырған Сталин мен Китлер атаңың көріне... – десін. Одан да қатты естуге ынғайсыз сөздерді жаудырып жатыр. Құдай ондағанда сол сәтте үйде көрші Майнүр апай бар еді. Әлгі сөздерді естігенде Майнүр апай ойбайды салып: «Сен не деп тұрсын? Сорлы ертең сотталып кетесің, мына баланды кім асырайды» деп айқайлад, соңынан басу айтып, өзі де апаммен қосылып жылаған. Ағент ештеңеге түсінбеді-ау дейміш, үйді бастарына көтеріп, азынаған екеуіне көзі алақандай болып, шошына қарап, есіктен шегіншектеп шығып кеткен еді.

Мұбәрак ағам соғысқа дейін Петропавлдағы педтехникумда оқыған. Бұл оқу орнында ол үздік оқушы болып, қоғамдық жұмыстарға белсene араласқан екен. Комсомолға өтеміш деп бір-екі жасын артығырақ көрсетіп, ол майданға он жеті жасында аттанған еді.

Мұбәрак ағам оқудан ауылға бір келгенде партия басшыларының портреттерін дүкеннен сатып ала келсе керек. Ұлының қайғысымен назаланып жүрген апамның қолына әлгі суреттер түседі. Олардың арасынан Сталиннің суретін тауып алып, оның көзін тырнамақ болған екен, оңайлықпен жыртылмаған. Содан апам барлық суреттерді балтаның астына алып, кул-күл гып шауып, жерге көміп тастапты.

Апамның басындағы ауыр қайғыға, қыын жағдайға ауылдағылар ортақтас болғандай сыңай танытып, аяныш білдіріп, әркім ақыл-кеңес айтуда...

– Соқыр орыс сізден занды турде салықты өтеуінізді талап етеді, ал сіз оған соғысқа кеткен баламды әкеліп бер дейсіз. Ол сізге баланызды әкеліп бере алмайды. Онда ондай құлпред жоқ. Екінші, сіз майданнан келген қағазды (онысы қара қағаз) жыртып таstadtыңыз.

Бұл заманда жай сөзге ешкім сенбейді, қолыңызда қашан да дәлелдеупп қағаз болуы шарт, – депті ауылдың бір мұғалімі апама.

Біздін ауданды басқаруды жоғарыдағылар Қабдунасов деген азаматқа тапсырыпты. Өзі соғыста болған, бір қолынан жарапанған көрінеді. Ал оның қарапайым халықка камкорлығы мол екен десті жүрт. Мұны естігеннен кеін апам екеуміз ауданға барып, Қабдунасовқа жағдаймызды айтпақшы болдық. Ауылда бір ағайынның ат-арбасын сұрап алып Явленкаға келдік. Явленка – аудан орталығы Қарағаш ауылынан отыз бес шакырым жер.

Апамның үстіндегі тозығы жеткен көк сәтен көйлек, жені ыдырап, жыртылған. Көйлекtiң сыртынан кигені марқұм әкемнің коныр пен жәгі. Аяғында – конышы төмен қарай салбыраған ескі қайыс етік. Мениң үстімдегі көйлек пен бұтымдағы шалбар ма, дамбал ма, айырып болмайтын түрлі-түсті алабажак.

Дес бергенде Қабдунасов деген фамилияны ұмытпаипзы. Явленканың көшесі толған орыс, бір қазакты көрсекши. Әйтеүір, Қабдунасов, Қабдунасов деп жүрін, ол кісінің кеңсесін де тантық-ау. Атты шарбаққа байлай салып, кеңсеге келсек, бір орыс әйелі алдымыздан шыға келгені. Ол орысшалаң бізден жөн сұрады, апамда үн жоқ, мен жауап беріп тұрмын. Сол кезде шамасы үшінші класты тәмамдаған тастаған болуым керек. Ауылда соқыр орыстан басқа орыс көрмесем де, мына әйелдің орысшасына түсінікті жауап беріп тұрғандаймын.

Қысқасы не керек, әлгі әйел бізді Қабдунасовтың кабинетінің есігіне әкелді де, ол кісінің есімі Шәмшит деп өзі кетіп қалды. Есікті ақырын ашып қарап едім, төрде стол басында бір қазақ отыр. Куанып кеттім бе, немене есікті бір ашып, бір жаптым.

– Кім керек? Кіріндер – деді есік сыртынан шықкан дауыс. Кабинетке апам екеуміз созыла басып кірдік. Стол басында отырған кісі қап-қара шашын артына қайырған, акқұба өнді, төменгі ернінің он жағында кишкаңе тыртық байқалады. Он қолы жоқ сияқты көрінді маған. Әйткені кителінің он жақ женінің ұшын қалтасына салыпты. Амандық-саулықтан кеині:

– Шәмшит Қабдунасов деген кісі керек еді, – дедім.

– Іздеген кісілерін мен боламын, қандай шаруамен келдіндер? – деді ол. Апам үндеғен жоқ. Босағада қаз-қатар тұрған орындықтардың бірінде отыр. Мен оның қасында түргеліп тұрмын. Шәмшит аға екеуміздің бас-аяғымызға түгел қарап шықты.

Мен жалаң аяқпын. Бұтымдағы лыпамның балағы тізeme ғана жетеді.

Әңгімемді «аға» - деп бастадым да, әкемнің 1943 жылы науқастан қайтыс болғанын, оның жылын беріп жатқанда майданда жүрген

жалғыз ағамның ерлікпен каза тапқаны жөнінде қаралы хабар алғанымызды, қазіргі күй-жайымызды да айттым. Колхоздың басшыларының, соқыр орыстың бізге жасап отырған қиянаттарын бірін қалдырмай, жіпке тізгендей етіп жеткіздім. Не айтатынымды ауылдағы мұғалім аға үйреткен еді. Соның бірін шашау шығармай әңгімеледім ғой деймін.

Шемшил аға менің аты-жөнімді, нешінші кластада оқитынымды сұрады. Окуды жақсы оқитын шығарсың? – деп қойды әңгіме арасында. Карагаш мектебінде мактау грамотасымен оқып жүрген менғана. Оны да айттып қойдым, түріме карамай.

– Жеңгей, ренжіменіз, үкімет сіздерге көмек жасайды. Мен қазір осындағы қызметкерлерге барлық шаруаларыңызды тапсырамын. Олар бүтін орындан береді. Колхоз басшылары да, орыс та сіздің үйдің маңайна да жуымайды, - деп маған қарап жыымиды.

Апам жыламсырап тұрып, ағаға раҳмет айтты. Мұндай жақсылықтың болатынын күтпеген болу керек, өксіп-оксіп жылады апам. Шемшил ағай апама жыламаңыз деп айтты да, телефонмен әркімдермен сөйлесті. Телефонды да бірінші көруім. Орыс тілінде сөйлесті.

Әңгіме төркіні – біздің жағдай. Бір кезде екі-үш әйел қызметкерлер келіп, ағаның тапсырмасымен бізді өртіп шықты да, өз кабинеттеріне апарды. Сөйтіп әлгілер біздің барлық шаруамызды сол күні шешіп берді.

Апам Шемшил інісіне, оның барлық қызметкерлерінше алғысын жаудырып, ауылға кеттік.

Шемшил Қабдунасов Ленин (Есіл) аудандық атқару комитетін көп жыл басқарған болатын. Ол кісі елдің, аудан халқының шын мәніндең сүйіспенішлігіне бөлөнген жан еді. Әсіресе, кемтарларға, кемпір-шалдарға және кембағал адамдарға қамқорлығы өте мол болды. Шемшил аға туралы халық арасында аса бір сүйіспенішліктен туындаған әңгімелер көп болатын.

Бірде Шемшил ағамызға келіп Отан соғысының мүгедегі үй сұрайды. Ауатком төрағасы әлгі адамға дереу үй бергізеді, берген үиді ардагер ұнатпай, ағаның кабинетіне келіп, маған жаңа үй бергіз деп, ағаш аяғымен сәкіні соққылайды ғой. Мен соғыстан бір аяғынан айырылып келдім деп, айқайфа басады.

Кабинетте аудан шаруашылық басшылары, ауыл-село төрағалары болса керек. Ардагер ағаш аяғымен жер тепкілеп қоймаған соң, шыдай алмаған ғой, Шемшил аға орнынан атып тұрып, кителінің он жақ женін шолтаң еткізіп: Эй, бауырым, мен қолымды ет комбина тына өткізді деп отырсың ба? – дегенде айқайласап тұрған ардагердін

ашуы сабасына түсіп, сасқаны ма, ұялғаным, – қып-қызыл болып орындыққа отыра қалыпты.

Мениң апам Ұлы Отан соғысында ерлікпен каза тапқан ұлы үшін мемлекеттен берілген жәрдемақыны ауатком төрағасы Ш. Қабдунасов бергізді деп жүретін. Оған алғысын да айтып отырушы еді.

Мұтәллап ҚАНГОЖИН, ақын

АРДАГЕР АРМАНЫ

Жалынды жастық шағын Ұлы Отан соғысында откерген ардагер, соғыстан кеінгі ұзақ ғұмырын ұрлақ тәрбиесіне арнаған, бүтінгі Қайырбек Оразов атындағы Аралағаш орта мектебінің негізін қалаушылардың бірі, ұзақ жылдар бойғы директоры, «Қазақстан оку-ағарту ісінің үздігі» - Мұстахым Хасенұлы Хасеновтің өмірі өз алдына бір дастан. Елдің кәрі-жасы есімін құрметтеп, өмірін өнеге тұтатын осы бір абзал жан туралы қолыма қалам алғып, сыр актаруды парыз санадым.

Тұған елге жол түскен сәтімде ардагермен амандастып, жүздесіп шығу әдетім. Осы жолы да солай болды. Зайыбы – Мәриям Алда жарқызымен бірге қуанышы мен қындығы, бақыты мен қайғысы ортақ ғұмыр кешкен аға соғыс зардабынан бүтінде тәсек тартып жатса да, өзін сергек сезінеді. Терең ойлы да сырлы көз жанары, аппақ құмістей шашы мен әжім басқан бет-әлпеті өткен өмір белестерінен сыр ұқтырғандай.

Мұстахым Хасенұлы 1922 жылы Аралағаш ауылында дүниеге келген. 1939 жылы Петропавл қаласындағы қазақ педагогикалық училищесін үздік аяқтайды да, аз уақыт мұғалімдік қызмет атқарады. Соғыс басталғанда Петропавлдағы педагогикалық институтта оқып жүреді. Оқуды да, мұғалім боламын деген асыл арманды да соғыс үзін тастайды.

1941 жылдың қараша айында әскер қатарына алғыншып, Қызыл Шығыста – Хабаровск қаласында кіші офицерлер даярлайтын курста оқиды. Оны бітірген соң лейтенант атағын алғып, атқыштар взводының командирі ретінде майданға аттанады. Жауға қарсы ұрысты 1942 жылдың жазында Брянск майданында бастайды. Осы ұрыста ауыр жараганып, госпитальге түседі.

Свердловскіде, содан кеін Та什кентте госпитальде емделіп, жарасынан сауықканнан кейін өзіміздің Петропавл қаласына оралады. Осында әскер қатарына жаңадан алғынған жастарды жауынгерлік шеберлікке үйрететін Боркидегі әскери бөлімде барлаушылар взводының командирі болып қызмет атқарады.

– Менин взводымда 24 қазақ жігіті болды, – дейді ардагер. – Көбі акмолалықтар. Бәрі де өжет, майданға аттануға даяр, «Сен тұр, мен атайын» дейтін батыл жігіттер. Солардың шінде Рақымжан Кошкарбаев деген акмолалық жігіт болды. Өте тентек, бірақ алғыр, жинакылығы мен тапқырлығы да бір бойына жарасып тұратын. Әскери қаруды, тактикалық әдістерді ете жақсы менгерді, қару түрлерінен мерген ататын. Қандай қыын тапсырма берсең де орындан шығатын. Қашан майданға жөнелтілгенше әскери бөлімшедегі айтулы сарбаздардың бірі болды. Мениң тәрбиемде болған осы Рақымжан Кошкарбаевтың 1945 жылдың мамырында Берлинде Рейхстагка ту тіккендердің бірі болғаны айдай әлемге белгілі. Мен командир ретінде өзімнің осы жауынгерімді мақтан етемін! – деп бір сәт ойланып қалды.

Мұстахым Хасенұлы соғыстан кейінгі бейбіт күндердің бірінде 1974 жылды ойда жоқта Рақымжан Кошкарбаевпен кездеседі. Бұл кездесу бауырмал жандардың шынайы достығына ұласты. Ардагердің мектеп оқушылары, жастар алдында өзінің Рақымжан Кошкарбаевпен соғыстан кейінгі жылдары болған кездесу сәттерін, бірде Алматыда қонақта «Халық қаһарманы» Бауыржан Момышұлымен дәмдес болғанын мақтанашибен әнітмелейтіні есімде.

Қашан да отанышыл Мұстахым Хасенұлын сын сағатта өзінің Петрапавлда терең тылда жүргені қатты толғандырды. Москва түбіндегі қиян-кескі ұрыста генерал-майор И.В. Панфилов басқарған 8-ші гвардиялық дивизия құрамындағы қазақстандық жауынгерлердің ерлік жасап, даңққа бөлленгені есінен кетпеді. Осы дивизия құрамында болуды арман етті. Арманына жету үшін майданға, осы дивизияның құрамына бірнеше рет сұранады.

– Бірақ мен панфиловшылар дивизиясына барамын деген арманыма жете алмадым. 2-ші гвардиялық Армияның 2-ші батальонына барлаушылар взводының командирі болып тағайындалдым, - дейді ардагер.

Бұл жолы майдангер согыстың нағыз қызы нұктесі – Шығыс Пруссияның Кеннигсберг қаласының шебіне келген еді.

Шығыс Пруссияның фашистер үшін аса зор экономикалық, саяси және стратегиялық маңызы болды. Сондықтан фашистік командование Пруссияны ұстап тұруға жанталаса тырысты. Кеңес Армиясын Германияның орталық аудандарына өткізумен үшін аса күрделі бекіністер салынды. Жер астында жасалған өзара қатынас жолдары бар күшті бекініс 200 шақырым жерді алып жатты. Кеннигсберг осындай бекіністің мықты жері болды. 1945 жылғы 12 қантарда шабуылға шыққан біздің әскерлер аса күшті шайқастарда жауды едәуір шығынға ұшыратты, кейін қарай тықсырып, Шығыс Пруссияның бі-

раз бөлігін басып алды. 3-ші Белорусс майданының әскерлері Кенингсбергтің онтүстік және солтүстік жағына тенізге дейін өтіп, оны фашистердің басқа күшинен бөліп тастады. Қаланың қай тұсында біздің әскерлер, қай тұсында жаулар тұрғанын айыру киын болды. Осындай жағдайда барлаушылар взводының командирі Мұстахым Хасенов командованиеден біздің оң жақ қанатымызда жау қайда тұрғанын, кеңес әскерлерінің қай тұска жеткенін анықтау және жаудан «тіл әкелу» туралы бұйрық алды.

— Қасыма алты барлаушы алышп, өзім жетінши болып тұнде тапсырманы орындауга шықтым. Атылған ракеталар жан-жақтан жарық қылып, бас көтертпейді. Еңбектеп қала шетіне келгенімізде, қолыма телефон сымның ұстап, еңбектеп келемін, жігіттерім соңымда еріп келеді. Бақсақ, бұл фашистердің бақылау пункті еken. Қорғаныс шебіне жақын барып бой тасалаған жау бұларға телефон арқылы біздің ату нүктелеріміз қайда тұрғанын хабарлайтын керінеді. Ал, бұлар координатымызды дәл нұсқап, артиллериядан оқ боратады еken. Ойланып тұруға уақыт жок. Төрт жауынгерге бізді қорғауға бұйрық бердім де, қалғанын жаңыма ертін, жау бекінісіне келдім. Бекіністің ішіне екі граната лақтырып, жарылған кезде өзіміз ішке кірдік. Иште үш фашист бар еken, үшеуі де жан жастаныпты. Байланыс құралдарын, пулеметтерді қиаратып, тысқа шықтық. Фашистер бізді сезіп қалып, оқ жаудырды. Тыстағы жігіттер олармен атысып, ашық ұрыс басталды. Атыса отырып шегінуге тұра келді. Біз автоматпен ғана атамыз, жау бізді автоматпен де, пулеметпен де, минометпен де оқтың астына алды. Осы жолы мен тағы ауыр жарақаттандым. Жігіттер мені плащ-палаткаға жатқызып, өзіміздің әскери бөлім орналасқан жерге көтеріп экелді.

1949 жылдан 1982 жылға дейін әуелі жетіжүлдүктың, одан кейін орта мектептің директоры болды. 1964 жылды ауылда мектеп-интернат, 1972 жылды жаңа мектеп, шеберхана салынды. Осы игі истерге ардагер аға ұйтқы болды. Адамгершілігі мол, парасатты жанды ауыл тұрғындары осы күнге дейін «Директор-аға» деп құрметпен атайды.

Ұстаздық жолын Мұстахым Хасенұлымен Мәриям Алдажарызы бірге кешті. Ұзак жылдар бойы осы мектепте қазақ тілі және әдебиет пәнінен сабак беріп, талай шәкірттерді қанаттандырып, мектеп шежіресінде айтулы із қалдырды. Мәриям Алдажарқызы Қазақстан оку-агарту ісінің үздігі, бүгінде мектеп мұражайының төрінде қос аққудай Мұстахым Хасенұлы мен Мәриям Алдажарқызының фотосуреттері үлүлі тұр.

«Ағаш бір жерде турып ғұлдейді» деген ұстаным бар. Сексенин сенгірінен асқан, өмірі бір том кітапқа жүк болатын ардагер Отанымы-

здағы тұған тәуелсіздік таңының шүғыласын корді. Бүтінде бакытты әке, ата. Мәриям Алдажарқызымен бірге ұлын ұяға, қызын қияға қондырған кадірменді жан. «Ұяда не көрсе, ұшканда соны ілер» деп халық даналығында айтылғандай, балалары ұстаздық еңбек жолын таңады. Баяны – тарих пәні, ал Шолпаны – казак тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі болды. Әсіресе, Шолпаны ерекше еді. Қос бұрымы желбіреп, сахна төсінде шырқағанда сүйснетінбіз. Ел мәдениетінін өркендеуіне әуесқой өнерпаздармен бірге өз үлесін қосып, Аралағаш «Халық театры» атагын қорғағанда «Беу, қыздар-ай!» спектаклінде Күнсұлу бейнесін жасаған Шолпан еді. Тағдыр ғой, Баян да, Шолпан да өмірден озған, бірақ олар әке жүргегінде сөнбес жүлдіздай болып жаңып тұр. Кейінгі ұрпактары Сәүле – Магжан Жұмабаев атындағы гуманитарлық колледже қазақ тілі пәннің мұғалімі, Еркегүл – қазақ классикалық гимназиясында ұстаз. Ал, ұлы Найман, келині Римма Қайтоллақызы Қайырбек Оразов атындағы Аралағаш орта мектебінде қызмет істейді. Мұстахым аға ұлы Ардақтан зор үміт күткен. Мектепті үздік бітірген Ардағы Москва қаласындағы Ф.Э.Дзержинский атындағы басқару институтын аяқтап, қазір Петропавл қаласында қызметте.

- Арманыңыз орындалды, - деймін ардағер ағаға әнгіме арасында.
- Тойланғалы отырған Ұлы Женіс мерекесі қарсаңында отандастарыма тәуелсіз Қазақстаным гүлдей берсін, елімде бейбітшілік, достық, ынтымақтастық әрқашанда болсын. Аймағымыздығы қазіргі болып жатқан жасампаздық өзгерістер біздерді шапағатына бөлеп, ұрпағымыздың өмірі нүрлі болсын! – деп игі тілегін білдіретін ардағер.

Алма БАЛТАБАЕВА



ҚИЛЫ ТАҒДЫР

Қазақ – батыр да, батыл әрі ер мінезді халық. Әшейінде жайдалы болғанымен, ел басына қыншылық тұа қалса, қаскайып қарсы тұрып, жанып берсе де намысты қолдан бермеуге әбден дайын.

Сұрапыл соғыста қан кешіп, басынан киямет-қайым күндерді өткөрген ардагерлер саны жыл санап сиреп барады. Бұл қанды қырғынға Қазақстаннан миллиондаған жауынгерлер қатысты. Осы тоptың ішинде Фазыл Серғалиев те бар еді.

1922 жылы Шал ақын ауданының Көктөрек ауылында дүниеге келген ол Ленин орта мектебінде оқып жүргендеге 1941 жылы 9-шы класты бітірмей соғысқа аттаныпты. Қазір соғысты өз көздерімен көріп басы-қасында болғандардан осы ауылда Фазыл ақсақал өзі ғана қалыпты. Ұлы Жеңістің мерекесіне орай ақсақалдың үйіне барып, әңгімелескен едік. Фазыл Серғалиев 4 жылдан бері бір аяғы мен бір қолынан ауырады екен. Бұл да болса соғыстың зардабы болып шықты.

– Сендер бақытты шақтың бағыландарысындар ғой. Біздің көрғендерімізді Алла тағала ұрпақтарымыздың басына бермесін, - деп бастады Фазыл ата әңгімесін.

– Біз керзаманда дүние есігін аштық. 1931-32 жылдардағы зобаланды көзімізben көрдік. Халық тоз-тоз болып қаңғырып қалды. Шама-шарықтары барлар Ресейге, басқа да елдерге сауғалап кетті. Қарапайым халық далада ұшып жүрген шегірткені қорек етті. Қара қарға, саусықан дегендерің бірінші тамақ болды. Тұрғылықты халықтың өмір сүруі қынға соқты. Аштықтан аман қалғандары етек-женін жиып, жанадан бой көтеріп келе жатқанда 1937-нің нәубеті басталды. Онда көзі ашық, көкірегі ояу қазақтың асылдарын жаппай абақтыға жапты. Ол аз болғандай «халық жауы» деп көздерін жойып жіберді. Оған да көнді қарапайым халық. Қенбеске шара да жоқ еді. «Түйнек» деген ауру болады. Ол көбінесе малға, оның ішінде жас төлдерге тиетін ауру. Сол ауру тигендей халық бүрсін үйден шықпай, бір-бірімен араласудан да қалды. Осылай қылдың үстінде өмір сүріп жатқан кезде жердің бетін шарпыған өрттей болып, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы лап етті. Оған еркек атаулының барлығы дерлік жұмылдырылды. Ауылдық жерлердегі жұмысты соғысқа жарамай қалғандар, жасы ұлғайған қариялар, бала-шағалар атқарды. Біз Ақмола облысында уш ай оқу-жаттығудан өтін, Тула облысына майданға аттандық.

Ол жерге поезбен жеттік. Облыс аумағына кіре берісте жаудың самолеттері бомбалап, соңғы вагон бөлініп қойды. Осылай-

ша соғысқа кіріспей жатып қаншама жауынгерлерімізден айырылдық. Мылтықтың тапшылығын көп көрдік. Жалғыз ұран болды, жауды жеңу, қару-жарактарымызды өздеріміз тауып алуымыз керек болды. Өйткені, ол кезде бізде орыстың ұзын мойын мылтығынан басқа қару болған жок. Эрине, Отан үшін күш-жігерімізді аямадық. Сөйтіп, әйтеір соғыса-соғыса Тула облысының Красный қаласына келдік. Дәл осы кезде соғыстың өршіп тұрған шағы болатын. Елден көмекке солдаттар күн құрғатпай келін жатты. Әлі есімде өзбектер де майданға қатысты. Олар елнен келгенде үстерінде ала шапан, қолдарында ағаш таяқтары болды. «Үш күннен кеін көрге де үйренеді» деген нақыл сөз осындайдан қалса керек. Тулада 1942 жылдың күзіне дейін болдық. Сөйтіп, бізді 1942 жылдың қысына қарай Сталинградтың шетіне поезбен жеткізді. Әрі қарай өзіміз жететін болдық. Бұл 29 атқыштар дивизиясының 103-ші полкі еді. Бір апта жаяу жүріп Сталинградтың Котельников деген жеріне келіп жеттік. Майдангерлер бір үлкен сайда соғысып жатыр екен. Сайдың бір бетінде немістер, екінші бетінде біздікілер. Біз келе сала өзімізге қорғаныс бекіністер, окоптар қазып соғысқа әзірлендік. Күн қараңғыланып, кеш болды. 103-ші полктің бір батальон әскерлері әрбір жерге шашылып тарап кеттік. Таңғы асқа келсек біздің солдаттардан 19-ығана қалыпты. Соғыс тілсіз жау деп бекер айтпаса керек. Осылай соғыс өрті күннен-күнге өрши түсті. Талай өрімдей жастар қыршын кетті. Міне, соғыс салған жараның өшпес таңбасы осы.

Өсі бір қаһарлы жылдардың қатулы күндері, қан жұтқан түндері, от пен оқтың астында ойраны шыққан күлі көкке ұшқан қалалар, селолар, майдан даласында құрбан болған қайран боздақ қаһармандар бүгінге дейін көз алдымыздан кетпейді. Осынау теңдесіз ерліктің асқақ ұраны, айбынды дабылы қаншама жылдар өтсе де әлі күнге жүректі тербел, жанымызға жалынды от шашып келеді. Әлемнің жартысына жуығын шарпып өткен соғыс өрті миллиондаған адамдардың, көптеген ұлттардың басына қайғы-қасірет әкеліп қара түнектей басты.

...Солардың шінде болған Фазыл ақсақалдан қаншама қасірет, қанқүйлы соғыстың зардабын көруге болады. Жастықтың оты ала-улаған жалынды жылдарын жұтып қойған соғыстың зардабы, оның ауыр да қасіретті салмағы мәңгілік өшпек емес. Аузынан ажал оғы атылған сүм соғыстың қанкешті жолдарында талай бұраланға тап болған. Дүлей кара күштей жапыра соққанда таңдамай бәрін сыпрып өтетін өмірдің дауылы Фазыл атаны да бертінге дейін ойландырып келді. Адам тағдырын таңдап алмайды, мандайға жазылады деген рас шығар. Әйтпесе, жауға деген ыза-кекпен, ел намысын,

халқының бостандығы үшін окқа қарсы шыққан адамды тұтқынға түстің деп сонша жыл түрткілемесе керек еді. Ол аздай теріс саясатқа көніл бөлдің деп 25 жыл бас бостандығынан айырудың өзі дүние жүзін дүр сілкіндірген соғыстан кейін адамзат баласына ауыц соққы болғаны рас. Бірақ Фазыл – ата оған да төзе білді. 1953 жыль СССР Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығымен абақтыдағ актальп шығыпты. Ол да бір сұрқия заманның, солақай саясаттың өшпейтін ізі еді. Осылайша қылыш-қылыш күндерді басынан кешкең Фазыл Серғалиев елге оралғаннан кейін тракторшы, комбайншы болды, құрылышта жұмыс жасады. 1982 жылы құрметті зейнет де малысына шықты.

Ұлы Жеңістің 50 жылдығында Ыбыраев, Көктөрек ауылдарында 40-қа жуық соғыс ардагері бар еді. Олардың барлығы қазір бақылы болды.

Алтай СҰЛТАН

ІЗГІНІҢ ІЗІ ӨШПЕЙДІ

Откен ғасырдың жиырмасыншы-отзызыншы жылдарының басы қазақ еліне, оның ишинде Ақмола губерниясына қарасты Петропавл округінің тұрғындарына да естен кетпес ауыр кезең болды. Алдымен жылдан-жылға ұласқан аштық, оның үстіне ұжымдастыру, бай-кулактардың көзін тап ретінде жою науқандары өте жедел жүріп жатты. Бұл істерде бұрмалаушылық өте кен орын алғанын айта кету керек.

Ақмола губерниясынан орталыққа жіберілетін астықтың 75 пайызын, ет пен майдың 80 пайызын Петропавл уезинің шаруашылықтары беріп отырды. Осының салдарынан өнірде мал басы құрт азайып, егіс көлемі қысқарды. Ұжымшарлардың саны кеміді.

Әсіресе, қазактар көп тұратын Бейнетқор, Төңкеріс, Қызыләскер Октябрь аудандары үлкен зардап шекті. Зерттеушілердің мәліметіне сүйенсек, аштықтан, құғын-сұргіннен Голощекиннің тұсында



Зәйтен Садіров

есіресе, 1929-33 жылдары өлген қазақтардың саны екі есе көбейіп, 460 мыңдан асқан.

Міне, осындағы өмірдің бұрын-соңды болмаған ауыртпашилығына түрғындар шыдай алмады. Оның үстіне, 1928-35 жылдардағы азық-түлік тапшылығы кезінде мындаған қазактар күнкөріс, жан сактау үшін көршилес Қорған, Омбы, Түмен облыстарына, тіпті Новосібір, Краснояр өлкелеріне қоныс аударуға мәжбүр болды. Солардың ішінде Аралағаш ауылынан әуелі Омбы губерниясына, кейін Краснояр өлкесіне көшіп барғандардың бірі – Кенжетай Тілеубайұлы. Үлкен ұлы Зәйтен ол кезде 8 жаста еді. Бұлармен бірге ауылдан және басқа өнірден ондаған отбасы қоныс аударды. Жаңа қоныстанушылар Заозерный станциясының маңындағы алтын шығаратын комбинатқа жұмысқа орналасты. Мектеп жасындағы балалар окуға алынды. Орыс тілін білмейтіндер бір сыныпта екі жыл окуға мәжбүр болды.

Ботен жер, ботен ел олар үшін туракты орын болмады. Бес-алты жыл өткен соң көпшілігі елді аңсал, көп ойланатын болды. Бұрын ата-бабалары көрмеген қынышылықты көру, әрі бірден жаңа тұрмысқа тәселеу, көндігіп кету қын соқты. Оның үстіне, сол тұста Кеңес Одағының шығысында да, батысында да халықаралық жағдай аса бапты емес еді.

Солтүстік Қазақстан өнірінен Сібірге келгсін елуден астам отбасы туған ауылдарына қайтып көшіп бара алмаса да, Ресейдің Қазақстанға жақын аудандарының, елді мекендерінің маңына қоныстануды жөн көрді. Сол себепті 1940 жылдың мамыр айында олар бір эшелонға отырып, Омбыға қарай бет алды. Одан Түмен облысына орналасу мақсатымен Карасуль темір жол станциясында мал-жандарын түсіріп, одан 15 километр жерде қоныстануды ұйғарды. Осы жерде «Жаңажол» атты ұжымдық шаруашылық құрды. Бірақ бір жылға жетпей, Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Ер адамдардың көбі әскер қатарына шакырылды. Осыдан кейін ауыл тарап кетті.

Кенжетай отбасымен Ишим ауданының Катасоновка ауылынан екі шақырым жерде, ағаш ішінде жалғыз үй тұрып жатты. Әуелі үй иесі Кенжетай, кейін 1944 жылы баласы Зәйтен де әскерге алынды. Мамыр айында батысқа қарай бір эшелонмен жүріп кетті.

Кейін Курск бағытындағы майданда екендігі, одан әрі 45-ші атқыштар полкінде автоматшы болып ұрысқа қатысқаны, екі аптадан кейін жеңіл жаражат алғаны жөнінде Зәйтеннен хабар келді. Осыдан кейін 275-ші мотобатальонға ауысып, 1945 жылы наурыз айында шығысқа қарай жол тартады. Жолда Карасуль станциясындағы үйінде бір күн болып, келесі күні өтіп жатқан эшелондардың біріне отырып, шығыстағы Отпор деп алатын темір жол

станциясында түседі. Сол жерде Жапониямен соғысқа дайындыққа кіріседі.

Бұл батыста соғыс аяқталуға жақындағ қалған кез. Яғни, 9 мамыр фашистік Германия тізе бүгіп, кеңес армиясынан жеңілгенін мойындаған тұс. Ендігі кезекте кеңес өкіметінін назары Қызы Шығыста еді. Максат – Жапонияны талқандап, оны да гізе бүктіру. Қоңыздардың шараптар басталды. Соғыс санаулы күндердің ішінде аяқталды. Зәйтен 1945 жылдың 9 тамызынан 3 күркүйегіне дейін автоматшы ретінде Жапония соғысында болған. Сөйтіп, екі соғысқа бірдей катысып, әскери борышын абыраймен орынданған болады. «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен маралтталды. Сондай-ақ оған 2-ші дәрежелі Отан соғысы ордені және кейін омырауына 11 медаль тағылды, оның арасында «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалі де бар.

Соғыс аяқталғаннан кейін Зәйтенге әлі де 2-3 жыл шекарада қызмет ету міндеті жүктелді. Ол тек 1948 жылдың ақпан айында елге оралды. Салған бетте бұрынғы мекен-жай бойынша Түмен облысынан бір-ақ шығады. Келсе, бұрынғы ағаш ішіндегі жалғыз үй жок. 2 шақырым жердегі өзі оқыған Катасоновка ауылына барып, таныстарын тауып, бірер күн болып, Петропавлға бет алады.

Зәйтеннің әкесі Кенжетай бұл кезде еңбек армиясында екен. Түмендегі отбасын әкесінің ағасы Қаскей елге көшірін әкеткен екен. Ол да еңбек армиясынан, сонау Хабаров өлкесінен 1945 жылдың сәуір айында оралған. Келісімен туған-тыңқандарын түгендейді. Кенжетай мен баласы Зәйтен әскерде. Ал қалғандары қайда, не болса да оларды іздел тауып алып, елге әкелу керек деген ой оның басынан бір сәт кетпейді. Кешікпей оларды Түмен облысынан іздел табады да, Зәйтеннің шешесі мен іні-қарындастарын төрт жылдың жегілген ат-арбаға отырғызып, дүниелерін артып елге бет алады. Бұл мамыр айының бас кезі болса керек. Уш күн жүріп, казіргі Қызылжар ауданына қарасты Ольшанка ауылына қонып, таңертен өрте 9 мамыр күні Петропавлға жолға шығады. Ол кезде қаладан шыға берістегі қазіргі темір көпір жок. Заречный кенті арқылы ағаш көпір салынған. Сол арқылы Корған, Түмен жағынан келушілер Петропавлға осы көнірмен өтетін. Көнірге жетер-жетпес жерде халықтың көп жиналғаны байқалады. Көшелерде, Есілдин арғы жақ, бергі жақ жағалауында жиналған адамдардың куанышында шек жоқ. Олай болатыны, Мәскеуден радио арқылы соңғы реңсіз хабар келин жеткен еді. Онда белгілі диктор Левитан соғыстың аяқталғанын, Женіс мемлекесінің күн туғанын, кеңес халқын, оның қаһарман армиясын Ұлы Женіспен құттықтап жатыр екен. Міне, осы куанышқа петропавл-

дықтармен бірге Зәйтеннің шешесі мен іні-қарындастары, әкесінің ағасы Қаскей де ортақ болып, өртөнді күні елге жетеді.

Бұдан кеін арада үш жылға жуық уақыт өтеді. Зәйтен елден жеті жасында кетіп, Ресейде оқығаны бар, әскері бар. 16 жыл тыста жүріп, 23 жасында туған ауылына аяқ басады. Ол кезде Аралағаш облысыныңдағы ең ірі 5 ауылдың бірі болатын. Мұнда шамамен 180-200 үй болды. Шаруашылығының белі бекімеген, техникасына келсек, екі доңғалақты, шынжыр табанды тракторлар мен тіркеме тіркеп жұмыс істейтін 2 «Сталинец» комбайны ғана болды, ал мал дегенде аудандағы 48 ұжымшардың фермаларындағыдай 15-20 бас қара мал мен бірнеше жылқы және өгіз болған. Шаруашылықта агроном, зоотехник, механик деген мамандығы бар бірде-бір адам болмаған.

Сол кезде облыс орталығында ұжымшарларға қажет кадрларды даярлайтын үшжылдық мектеп жұмыс істей бастаған еді. Басшылар Зәйтенді сол мектепке оқуға жібереді. Онда ол агроном мамандығын алып, туған ауылына оралады. Бұл аудан көлемінде арнайы мамандығы бар үшінші агроном еді.

Откен ғасырдың 50-ші жылдарының басында ауданда бір кеңшар, 46 ұжымшар болды. Осы ұжымшарларды басқарып жүрген адамдардың бірде-біреуінде жоғары білім болған жок. Тек қана екі басқармада ғана орта білім болды, көпшілігі 5-7 сыныптық біліммен жұмыс істеді. Сондай-ақ 2-ак сынып бітргендер, тілті арапарында сауатсыздар да болған. Осы мәселе жайлы XXI аудандық партия конференциясында Совет МТС-инің директоры М.З.Лымарь ашып береді. Ол ауыл шаруашылығының ілгері баспай, бір орында тұрауы жайына тоқтала келип, егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін молайтуды маман кадрларсыз шешуге болмайтынын дәлелдеп айтады.

Кейінгі жылдары Аралағаш өз алдына ұжымшар болып тұрды. Кейін тың игеру кезінде 7 ұжымшардан құрылған «Ленинский» кеңшарына бөлімше болып косылды. Ал 1978 жылы облыста жаңадан құрылған 9 кеңшардың бірі болып бой көтерді. Ол кезде көп салалы ірі шаруашылықтардың бірі болатын.

Зәйтен болса сол кездердегі гүрлі ұжымдық өзгерістерге қарамастан, 35 жыл бойына өз мамандығы бойынша қызмет атқарды. Ұжымшар, бөлімше бастауыш партия ұйымдарының хатшысы болып бірнеше рет сайланды. Ауыл тұрғындары жергілікті аткаруыш органға талай рет депутаттыққа ұсынып, үлкен сенім көрсетті. Бұдан басқа ол аудандық партия комитетінің мүшелігіне бірнеше рет сайланды.

Бірде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы П.Я.Филипенко Зәйтенді шақыртып алғып, оған артта қалған ұжымшарлардың біріне басқарма болып баруы керектігі жөнінде ұсыныс жасайды. Мұндай үлкен сенім көрсеткеніне раҳметін білдіре тұрып, ол бара алмайтынын әлгі жерде бірден айтады.

– Жиырма жылдай елде болмадым, казір мамандығым бойынша жұмыс істеп журмін. Мениң алға қойған мақсатым – туған елімнің топырағын баса жүріп қызмет ету, ауылымға қолдан келген көмегімді, жақсылығымды жасау, - деген екен.

Осы қылышы үшін Зәйтенге партиялық сөгіс жарияланып, жұмыснан босатылады. Бұл жағдайды туысымыз Ғазез Қаскеев естіп, дұрыс шешімін табуға көмектеседі. П.Я.Филипенко бір жылдары Конюхов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған, ал Ғазез Қаскеев сонда аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған. Сөйтін, бұл мәселе кешікпей шешімін тауып, Зәйтен қайта өзінің бұрынғы қызметіне кіріседі.

Зәйтеннің бойындағы бір қасиеті – шенқұмар емес-ті. Тіпті, демалыс дегенді де білген жоқ. Өзінің қысқа өмірінде Ақмоладағы ауыл шаруашылығы институтында 2 рет 3 айлық қайта даярлау курсында оқыды. 2 рет Мәскеудегі БХШЖ көрмесіне барып қайтты.

Зәйтен еңбек жолын өз елінде агроном болып бастады. Сол жерде табан аудармaston қызмет етті. Осы қызметінен зейнеткерлікке шықты. Оның еңбек кітапнасындағы «Жұмыс істеген жері, қызметі» деген бағанада бір-ақ жазу бар «Агроном,... ауыл Арапағаш». Ол жасы 60-қа толса да өзіне жүктелген қызметті ерінбей, талмай атқарып келді.

...Зәйтен кенеттеген келген аурудан 1986 жылы 5 ақпанда Алматыға емделуге барған жерінде қайтыс болды. Өзінің өсіегі бойынша ол өзі туып-өскен, ата-бабалары жатқан жерге жерленді.

61 жас – адам өмірінде өте қысқа мерзім. Бірақ, осы уақытта ол адал да абыройлы енбегімен жүртшылықтың құрметіне бөленді. Өзі бұл дуниеден өтсе де, артында із қалды, ең бастысы – ұрпақ жалғастығы әрі ұласты. Зайыбы Сәуле екеуі 7 баланы өсіріп тәрбиелеп, бәріне де жоғары білім беріп, тірі кунінде де үлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Қазірдің өзінде балаларынан 17 немере, 3 шөбере бар. Алматыдағы, Карагандыдағы, Қызылжардағы балалары жыл сайын жазғы демалыстарында әке-шешелерінің басына барып, Құран оқытып тұрады. Иә, өмірден өткен адамға одан артық не керек.

*Зәйт ҚАСКЕЕВ,
Қазақстан Республикасының дербес зейнеткери*

АСЫЛДАЙ АНАМ

Зұлмат соғыс қаншама әйел адамның басына қайғы-касірет төндерді десенізші! Сол сұрапыл мен өз анамдай сүйетін, өз анамдай пір тұтатын қайын енемді айналып өтпелті.

Аккайын ауданындағы Аралағаш ауылында 1926 жылы туып, бар өмірін осы ауылда өткізіп келе жаткан Нұрсипа Оразованың басынан өмірдің талай ауыр кезеңдер өткеніне ауыл тұрғындары куә.

Әке-шешесінің еркесі – ақыл десе ақылы, көрік десе көркі бар, айдай сұлу, он саусағыңан өнер тамған қыздың бақытты балалық шағын тағдыр қызығанды ма екен, 15 жасқа толғанда Ұлы Отан соғысы басталып, қайғылы құндер бірінен соң бірі сабақтаса берді. Елдегі бас көтерер бар азамат Отан-ананың шақыруымен қан майданға аттанды. Ауылда тек қана жас балалар мен қариялар, әйелдер ғана қалды. Ел мұнға батты. Егін егу, ору, қысқа әзірлену, бала-шағаны асырау сияқты бар тауқымет тылдағылардың мойнына жүктелді. Сол кезде қаршадай Нұрсипа анам, осы ауылдағы Пәрвиза апай және басқа да жас қыздар тракторға отырып, халық үшін еңбек майданына араласып кетті. Бұла есken нәзік жандар қуні-тұні мидай далада ерлерге де ауыр түсетін жұмысты атқара жүріп, шаршап-шалдығып, көз жастарын бұлаған құндері қаншама!

Сөйтін жүргенде Нұрсипа анам қасында бірге жұмыс істейтін жасы соғысқа баруға толмаған Қабидолламен 1944 жылы көніл қосып, шаңырақ құрады. Өмірдегі ең бақытты құндері – осы кісімен бірге өткізген құндері, бала қызығын тойлағаны болатын.

Сөйтіп, жас шаңырақ құнделікті күйбеңмен бақытты тұрмыс құрып жатыр еді. Бірақ анамның көрешегі алда екен, бақыты ұзаққа созылмады. Соғыс аяқталып, елдің көнілі жайланаңып, енді тұрмысымыз түзеліп, қызыққа кенелеміз бе деген сәтте сүм ажал жолдасын өмірден алып кетті.

Сөйтін, анамыз екі қызын, үш жастағы ұлы Нұргалиын құшақтан, зарлап қала береді.

Сол бір қаралы құннен бастап, барлық ауыртпалық 34 жасар келіншектің мойнына түсті. Соғыс жылдарында да «көппен көрген ұлы той» деп өзін-өзі жұбатып жүрген жас ана енді жапанда жалғыз қалғандай күй кешін, қуні-тұні жылағанда етегі жасқа толып, тұн баласы кірпік қақпайтын. Қыршын кеткен жарын бір ойлап жыласа, жетімдікке қимайтын балапандарын тағы ойлап, сүм ажалға лағнет айтып зар еңрейтін.

Иә, осылайша бақытсыздықтың қара бұлты төнген сәтте ана белін бекем буып, балалары үшін қatal тағдырдың тезіне мойыма-

уды мақсат етті. Балапандарын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, тәрбиелеп өсірді. Аралағаш орта мектеп-интернатында зейнеткерлік жасына дейін аспаз болып, интернатқа көрші ауылдағы катынап оқытын балалардың екінші анына айналды. Осы күнгө дейін осы бір мейірімді жанды көргенде окушылар: «Біздің апа», деп ризашылықтарын білдіріп жатады.

Мен осы кісінің келині болсам да, бұл кісі маған дүниедегі ең асылым, анамдай. Алғашында орыс арасында өскен маған бөтен отбасы, жат ел үйренбестей болып көрінген, алайда, енемнің ақыль мен парасатының арқасында осы үйдің төл баласындей бауыр ба сып кеттім. Ауыртпашилығымызды бөлісіп, қайғы-қасиетімізге ортақтасқандағы сабырлылығы, даналығы қайран қалдыраялтай.

Зина ОРАЗОВА, Аққайын ауданы

ЕҢ МЫҚТЫ АҒАМ

Бала кездін кейбір әсерлері әлі күнге есімнен кетпейді. Солардың бірі туған ауылым Дәуқарада тұрып-жатқан Ұлы Отан соғысының ардагері Жамантай Әлмағамбетов жайлышы.

Әкем мениң тоғызы жасымда дүние салып, отбасының бар ауыртпалығы алпысқа келип қалған анамның иығына түсті. Бір жыль күрғакшылық болып, қолымызыдағы азын-аулақ малымызға қысқа жетерлік шөп дайындау қыынға соқты. Қораның қасына үйген мајмыздың төбесі шығарылмай, күзгі жауын басталып кетсе, суғатын, шіріп кету қаупі туды. Шешем екеуміз қара биені арбаға жегіп ой-қырдың бәрін шарлап шықсақ та, шалғыға ілінер ештеңе таппай қатты састық.

Сөйтіп уайым жеп жүрген бір күні таңертең үймізге Жамантай ағам келип, мені ат жеккен арбасына мінгізіп, Жалғыз қарағай жаққа тартты. Сол төңіректегі шәбі түгел шауып алынған бір шабындықтың қақ ортасында үлкен шөп үюлі түр екен. Соның қасына келип тоқтап, мені арбаның үстінде қалдырды. Өзі жерге қарғыға түсіп, екі айырдың біреуін маған ұстартты. «Шөпті мен әперіп тұрамын, сен дұрыстап жай. Әйтпесе, арбаға сыймай қалады», деді.

Жәкең ол кезде қырықтың ішіндегі қылшылдаған жігіт ағасы Қолындағы сабы ұзын айырды дәү шөмеленін үстінгі жағына бағ күшімен түйреп салып жіберіш, жұлқа тартқанда қопарылып алынған шөптің өзі бір көпенедей болады. Оны «әүп» деп көтеріп алып, арбаға әкеп тастағанда мен жайып үлгере алмай, жаным ышқынды Менің шөп жайып жарытпайтын түрімді байқаған соң Жамантай

ағам өзіне қын соқса да, пшенді бір жерден тастамай, арбаны айнала жүріп, әперуге көшті. Менікі аяғымның астына түскенді нығарлап баса беру ғана болды.

Шемеледегі кепкен шөп түгел артылып болғанда биқтеп кеткен арба үстінде тұрган маған жегілген аттың төбесі ғана көрінді. Жәкең шөпті сырғауылдан бастырық салып, арқанмен байлап таңып, арба үстіне тартылып шықты да, кайтар жолға тұсті. Ауылға келген соң біздің үйге қарай бет түзеді. Шешем пшендіктің қақпағын ашып, күтіп тұр екен. Жамантай әкелген нығыз бір арба шөпті ешкімді көмекке шақырмай, жалғыз өзі маямызыға қайта үйіп, тобесін су өтпейтіндей ғып, дөңгелетіп шығарып берді. Шешем де, мен де мәз-мейрам болып қуанып қалдық.

Сол жолы мен үшін біздің ауылда Жамантайдан мықты аға жоқ сияқты көрінген. Ол кейіп де біздің үйге талай келіп, көмегін тигізді. Бір қызық мінезі, шешем оған әр жолы «бала-шағаңың қызығын көр» деп алғысын айтып, дәм татуға шақырғанымен, Жамантай ағам ылғи шаруабастылығын сылтауратып, кетіп қалатын. Шешемнің оған деп әдейі алып қоятын «қызыл-мызылы» шөп үйісіп, отын кесісіп, қора тазалау сияқты қара жұмыстарға қол ұшын беріп жүретін көрші-қолаңға бұйыратын.

Жамантай ағама деген сол бір балалық құрмет сезімі жүргегімнің түкпірінде мәңгілікке сақталып қалғаны анық.

Жақында ол кісі сексенге толды. Ардақты ана Рәш жеңгеміз екеуді бес үл, алты қыз өсіріп, немере-жиендеріп суйіп, ата-әже атанып отыр. Осыдан екі жыл бұрын алыс-жақындағы ағайын-туғанды жирап, алтын тойларын тойлаған.

Жәкенді мен сонау бала кезімде бекерден-бекер «ең мықты ағам» деп санамасам керек. Сексенниң белесінен бәз-біреулерше селкілден, карттыққа жендеріп, қаусаған шал болып аттаған жоқ. Тіл –көзден сақтасын: елуді еңсеріп, алпысты алқымдаған баяғы қайраты қайтпаған қалпында сияқты тек шашына ақ молырақ араласа бастапты...

Ағайынның «Жұз жасаңыз, Жеңістің 70-80 жылдығына аманесен жетіңіз!» деген ақ тілегіне тәубешіл ағамыз:

– 90-ға жетсем, жетеді ғой, - деп күлімсіреді. – Соғысқа он сегіз жасымда аттандым. 1944 жылғы қараша айында Белоруссия майданына қарайтын 176-ншы дивизияның 60-ыншы атқыштар полкшың құрамында Шығыс Пруссияда шайқасқа кірдім. Батальонымыз бір тәуліктей қоршауда қалып, жаудың шебіп бұзып шығуға тұра келді. Одан кейін Кенигсберг қаласын алуға қатыстым. Жауынгерлік жорықты Эльба өзені маңында әрі жалғастырып, сол аяқтан жарықшактиіп, жарақат алдым. Мен сияқты жаралыларды әскери госпитальға

жюергелі жатқанда соғыс бітті, женіс біздікі деген хабар келші, жүр бір-бірінен сүйінші сұрап, шуласып жатты. Куанғаннан жылап жи бергендер де бар.

Госпитальда бір ай жатып емделіп Берлиннің солтустік жағында орналасқан полкіме қайтып едім. Сол жерде 1946 жылдың көктеміне дейін болдым. Бұдан соң армия қатарында тағы төрт жыл қызметтеп, елге тек 1950 жылы ғана оралдым, - деп еске алады Жамантай аға.

Соғыстан кейін ол Саумалқөл селосында жүргізушилік курсты бітіріп, ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек етті. 1956 жылғы егін орағында ерекше көзге түскені үшін Қазак КСР Министрлөл Кеңесінің каулысы бойынша республиканың үздік жүргізуши атағына ие болды.

Жұырда Жамантай ағаның бір қалың дәптерге жазған өз өмірі турыны естелік жазбаларын дең қоя оқып шықтым. Сонау отызыншы жылдарға тұспа-тұс келген балалық шағында бастан кешкен қындықтары, нақақтан «халық жауы» атанып, ұсталып кеткен ауылдың қарапайым азаматтары, соғыс уағындағы ел ішіндегі шолақ белсен ділердің зорлық-зомбылығы, бертінгі тоқырау, жаппай жекешелен діру жылдарында өз беттерінше түйе айдал, шаруашылықты қүй реткен басшылардың әділетсіздігімен қалай құрескендігі хақындағынан жарыла әңгімелепті. Елге жаны ашыған намысшыл да, ойлы азаматтың жүрек сыры жатыр шинде.

Әсіресе, сол естеліктегі кезінде колхоз басқармасы болып істеге әкесі Әлмағамбеттің аты-шулы отыз жетіде қалай кінәсіз ұсталып кеткендігі жайлы жазғандарын тебіренбей оку мүмкін емес.

«Сонынан аудан орталығына ізден барғанда әкемді төрт милици онер түрмеге қарай әкеле жатыр екен. Жүгіріп барып әкемнің мойнына асыла кеттім. Әкем мені көтерін тұрғанда көзінен аққан жасы мойныма тамып тұрды. Бет- аузын сипалағанымда сақалына шейін көздің жасы еді сорғалаған... Сол күні ыстық ас апарған ыдыстың ішіне қол орамалын шиыршықтап, ұшын түйін салып жіберіпті. Киіп жүрген тері шалбарын теріс айналдырып беріп жіберіпті «Шешілмейтін қын түйін болды, іс теріс айналды» - деген еді бұжумбақ...» деп жазыпты бір жерінде.

Жәкеңнің жазықсыз құрбан болған өз әкесіне деген балалық ма хаббаты мен сағынышы өмір-баки таусылмастай-ау көкірегінде. Аяжак аузында тұрғанын анық сезінген Әлмағамбет атамыздың өзін қарлығаштай шырылдап ізден келген тұған ұлының бойына көз жа сымен бірге әкелік ак бата-тілегі де дарыған болар, бәлкім. «Бері бол, кайратты бол, балам! Менің кешпеген ғұмырымды сен кеш

көрмеген қызығымды сен көр. Сен аман бол, құлыным!» дегеннен басқа не тілек болушы еді шын әкеде?!

Ендеше, Сіз жүз жасауға тиіссіз, Жамантай аға!

Кәрібай МҰСЫРМАН, журналист

ЕРТЕ ЕСЕЙДІК

Мен әкемнен 7 жасымда жетім қалған екенмін. Үкімет оны дінге бағынған молда деп жер аударыпты. Соғысқа дейін анам Күлән екеміз әкемнің ағайындарын панарап, біреуден ілгері, біреуден кеін күй кештік. Әкем келіп қалар деп көрер таңды үмітпен атырып жүргендеге соғыс басталды да кетті.

Қоңыр күздің бозамық таңы ағарар-агармастан шолақ қамшысын шолтандатып бригадир Омар шал қосты айналып тұр-тұрлап оята бастайды. Өңкей домалақтар көзімізді тырнап ашып, өгіз-сиырдың үстіне қонамыз. Ауылда небары үш-ақ жылқы болды. Өғіз жетпеді. Сөйтін, анам үйде байлаулы тұрған жалғыз сиырымызды соқаға жекті. Шегіміз шырылдалп, ортамыздан бүктетілген күйде сәскеге әрен жетеміз. Бала емеспіз бе, көзіміз жәудіреп, ұн қосылған қара көже толы тостаған аузымызға тигеніше үзілп кете жаздаймыз. Мұнымызды өзімізше жігітсінни шешемізге білдірмеуге тырысамыз. Ыстық көжені ұрттап, мәндайымыз тершіп, қорс-қорс танауын тартып отырған балаларын көргенде жай отырып кекіретін қайран аналар-ай...

Майданнан қара қағаз келгенде ел болып егіледі. Азаматынан айырылып, қанаты қайырылған жандарды демеген кішкентай ауылымыздың адамдары сүттей үйыған бір отбасында көрінуші еді маған. Хат келсе, бәрі жиналышп бірге оқиды. Көздеріне жас алып, қайта-қайта оқиды. Балаларының майданнан келген өлеңмен жазылған хаттарын бойтумардай сақтаған қариялар энге салып, жырлап отыратын. Біз соны жаттап естік. Менің құдай қосқан қосағым – Қымбат әлі күнге дейін ағасы Секен марқұмның өлеңмен өрілген сағыныш назын сарнатып айтады.

Ақтастан аттанған қара нардай азаматтардың 40-тан астамы елге оралмады. Ағалы-інілі Тұяқ, Қуанышбай Бектеміровтер, Есқали, Тоқжан Рамазановтар, Тәжібай, Қажыбай Қылышбаевтардың есімі ел есінде. Нәнтай, Сейітжан деген жігіттер 18 жастан қан майданға аттанып, елге оралмады. Бүтінгі күні олар туған топыракта орнатылған ескерткіш тақтада Отан үшін жанын пида еткен ерлердің есімдері тайға таңба басқандай жазулы тұр.

Жәмет КӘКІМОВ, зейнеткер

ТУҒАН ЕЛГЕ

Неміс-фашист басқыншылары бүкіл совет халықтарымен бірге қазақ халқын да құлдыққа салып, Қазақстанның ұлан-байтақ кең даласын басып алу үшін жан таласты. Бірак неміс-фашист басқыншылары Сталинград түбінде Қызыл Армиядан соққы жеп, көрге кірді.

Біз неміс армиясының солдаттары мен офицерлеріне Сталинград түбінде соғыс тарихында болып көрмеген соққы беріп, олардың техникалық құштерін ойдағыдай талқандадық.

Мен ұрыс майданында туған жерім, ескен елім сен үшін өзімнің өмірімді ойлағаным жоқ. Менің аузымдағы антым, қеудемдегі арманым немісті өлтіру, қыру, туған ел – сең сақтап қалу.

Мен зұлым жауды енді бір қадам ылгері бастырмаймын. Оны тұрған жерінде жоямын. Туған елім, мен сені қасықтай қаным қалғанша қорғаймын.

*Жусіп БОЛАТОВ,
майдандағы аға сержант
(«Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Отан
согысы жылдарында» китабынан алғынды)*

АНАҒА СӘЛЕМ

Есіл ауданындағы Тағағаш ауылында туған. 1942 жылдан бастап Ұлы Отан соғысына қатысты. Соғыстан кейін саналы ғұмырын ұстаздықпен өткізді. XX ғасыр таусылар тұста өмірден өтті.

Қайысып отыз омыртқаң,
Ұйқыдан тұнгі оянған.
Тоғыз ай бойы көтеріп,
Талып белің таянған.

Әлдилеп бағып өсірген,
Емшектін сүтін ағызған.
Мәпелеп күткен жан ана,
Боп журмін саған қарыздар.

Етекті түріп су кешіп,
Батпакқа аунап ойнаған.
Көбелек көрсө қуалап,
Артынан зырлап қалмаған.

Барды-жоқты білмestен,
Айтқанды тап деп қинаған.
Қаттырақ біреу сөйлесе,
Көздің жасын тимаған.

Келуші едік шаршап-ай,
Ойнаған жерді шандатып.
Тентегің, ана ер жетін
Азамат болды мақтаныш.

Ырғытып жауға снаряд,
Жер беті тұтіп, шаң болды.
Доттар менен дзоттан
Күн сайын дүние қан болды.

Қазтабанмен бастырып,
Қарақшы фашист жүреғін.
Шығыс Пруссия алдында
Дұшпанды таптап жүремін.

Айқасқан үш жыл соғыста
Тapsырма берсе атқарған.
Самоходты басқарған,
Командир болып аттанған.

Ақтаймын берген сүтінді,
Анашым, саған қарызыбын.
Атқарып жүрем майданда
Ер қылды мені намысым.

*Кенжебай ҚАЗБЕКОВ,
Шилде, 1944 жыл*

Тимирязев ауданындағы Жарқын ауылының тумасы. 1934 жылы Петропавл педагогика училищесінде оқып жүргендеге әскер қатарына шақырылады. Өскери міндеттін Өзбекстан жерінде атқарған. Сонда командирлік білім алып шығады. Атты әскерлерге жетекшілік жасайды.

1941 жылдың 1 шілдесінде Ұлы Отан соғысына қатысты. 12 шілдеде «Орал тауынан өтіп бара жатырмыз» деген хаты келген. Ал 1 тамызда елге «қара қағаз» келді.

Қалам алдым қолыма,
Хат жазбаска еліме.
Елестеп кетпес алдымнан
Тұып-өскен жерім де.

Жері шалғай Жаркын көл
Тұып-өскен жер еді.
Егін егіп, мал баққан
Колхоздасқан ел еді.

Жайлы солай туған ел,
Мен өсірген балаңмын.
Халқы үшін қызмет етпекке
Сапар шегіп барамын.

Көргенше елді туған жер,
Мейірімдісіз аман бол.
Кәрі, жас туғандар,
Айтарым сізге тағы сол.

Ерекше жазам қоштасу
Қартайып келген қарт атам.
Даусым шырқап жеткіzsін
Киялап ұшқан мен балаң.

Көп-көп сәлем қос бауыр,
Жанымда ұшсам қалатын.
Көз алартса қалың жау.
Каруым қолда болатын.

Тағы сәлем, қос жеңге,
Қос қанаттың серігі.
Айырып жазып бөле алмай.
Адамның болмас кемдігі.

Тағы сәлем, жас бауыр –
Нұраш, Гұлнаш көрігім.
Жесем сусын қанбайтын
Алма, мейіз, өрігім.

Атыңды атап жазайын,
Салтанат құлышынам, бауырым.
Бірге туып, бірге өскен
Жауса нөсер жауынам.

Жазумен қалай түгесем,
Тілеген тілек көңілді.
Әйтеір, басым жас қой деп
Көңілім соган сенимді.

Кешулік қыл ұлына,
Қол жуып, қіндік кескен жер.
Риза бол ұлына,
Туып-өскен қалың ел.

Қош бол енді көргенше,
Аға-іні, кәрі-жас!
Құлын тайдай тебісіп,
Ойнап күлген бауырлас!

*Сағындық СҰЛТАНҒАЙЫРОВ,
1941 жыл*

ОТТЫ ЖЫЛДАР ҚҰЖАТТАРЫ

1941 жылдың маусым айында фашистік Германияның Кеңес Одағына опасыздықпен шапқыншылық жасауына байланысты өткізілген еңбекшілер митинглері туралы.

Біздің облыстың барлық аудандарында, колхоздарында, барлық кәсіпорындары мен мекемелерінде көп адам қатысқан митингілер өткізілді.

Полудиннен былай деп хабарлады:

– Митингіге аудан орталығының барлық жүртшылығы қатысты. Фашистік жексүрын топтың ұлы Кеңес Одағының халқына қарсы соғыс ашып, опасыздықпен басып кіруі еңбекшілердің ашу-ызасын туғызыды.

Митингде сөз сөйлеген Калинин атындағы ұжымшардың төрагасы Иванов облыста ауыл шаруашылығын өркендегуде көп жетістікке қол жеткізген ауыл шаруашылығы артелінің мүшелері өздерінің жұмыс орындарында адал да қажыр-қайратпен еңбек ететін болады деп мәлімдеді. Герман фашистерінің арсыздық шапқыншылығына



жоғары еңбек өнімділігімен, еңбек тәртібін нығайтумен, барлы ауыл шаруашылығы науқандарын – пар жырту, пішен дайындау, егі жинау жұмыстарын мезгілінде өткізумен жауап береміз. Елімізг астықты, етті және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін көpte беретін боламыз, - депті.

22 маусымда Ленин ауданының орталығы – Явленка селосында өткен митингіде 800-ден астам адам болды. Еңбекшілер партия мекенес үкіметінің шақыруы бойынша арсыз жауға қарсы бірінші көзекте аттануға әзір екендіктерін білдірді.

Бірауыздан қабылданған қарапарда: «Жау қай жерден келсе, со жерден құртылады» деп жазды.

(«Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Ота соғысы жылдарында» кітабынан алынды)

ҚАЙРАН, БӨКЕС АПАМ-АЙ!

Неміс-фашист басқыншылары шекарамызды талқандай еніп, ел ба-сына күн туғызған кезде қолына қару үстай алатын азаматтар майданға аттанып, тылда енкейген кәрілердің, әйелдердің, бұғанасы әлі қата қой-маған жасеспірім ұл-қыздардың еңбек етуіпе тура келді. Көбіне ашқұрсақ жүріп, күні-түні жұмыс істеген олардың мақсаты ел қорғауда кеуделерін оқça тіккен жауынгерлерге азық-түлік, кнім жіберу болатын. Солардың ішінде күйеуін майданға аттандырганда іште қалған жалғыз баласын өмірге әкеліп, өсіре жүріп, колхоздың кара жұмысын атқарған нағашы апам Бөкес Шәймерденқызы да бар еді.

Нағашым Ахметтің Шәймердені туралы Сәбит Мұқанов «Өмір мек тебінде» былай деп жазады: «...Шаруасы дөңгелек болғанмен, Жуа нағашта тоқ үйдің және дастарқаны берекелі үйдің біреуі Шәймерден дікі... Қыс ортасы ауылдағы менен балалары оқитын кей кедей үйлерді азықтары шағындалған кезде Шәймерден үйнің бірер сиры ғұзаулағ аққа молықты. Содан кейін мениң қамқоршым – Ұлберген шешей:



Бекес Шәймерденқызы

– Балам, сен басқа үйлердің малдары төлдегенше, жақ-жұтты бол өзге үйлерге жуымай-ак қой, осында тұра бер, - деп басқа үйге көшуге ұлықсат етпеді.

Шаруа бақсан момын Шәймерден үй ішіне жайлы жігіт... Соған қоса оның бір мінезі, әйелімен, шешесімен, балаларымен, әсіресе, Қөкеш, Бекес аталатын үйелмелі-сүйелмелі қыздарымен, менімен, үйіне қызырып келген басқа адамдармен қалжындастып ойнап отырады».

Осы екі қызды Сәбит Мұқанов арабша оқытады. Солардың бірі – Кокешінен мен туғанмын. Оның апасы Бекес қыз кезінде Сибанбайдың балаларының ішінде пысығы, құреске қатысып, көзге түсіп жүрген Мұрат деген жігітпен сез байласып жүрсө керек. Бірақ ол кезде жігіт те, қыз да сүйгенине қосыла алмайтын, айттырып атастыратын заман емес пе, Бекес атқамінер азамат Күшіктің Абылайына ұзатылады. Абылай колхозда басқарма, ауылнай қызметтерін атқарған. Бірақ Бекес оны ұната қоймайды. Сонда да баруына тұра келеді. Ауылда келін түсіп, мәре-сәре болып жатқан, кешкі қарәкөленкеде шымылдық ішіне отырған қалындықты Мұрат өзінін жолдастарымен бірге келіп, ұрлап алып кетеді. Сибанбайдың балалары көп болғандықтан, Абылай тайқақсып, қалындығын даулап, артынан қууға қорықсан сыңайды.

Сейтіп. Бекес арманына жетеді. Бірақ қуанышы ұзаққа созылмайды. Соғыс басталып, Мұрат майданға аттанады. Туладан салған бір хатында былай деп жазыпты: «Троицкіде тұрмыз. Мен саған әлдеп неше рет хат жазғанмын. Бір Құдайға сенемін. Аман көрісейік. Не қылса да, Алланың еркі ғой. Жолдасың Мұрат. Бекес, қош бол!». Тағы бір хатында: «Мәскеудің түбіне барып тұрамыз. Енді қандай күн боларын Алла біледі. Елден бір хат ала алмадым. Жаралы, өлген адамды көргенде жүрек қорқады. Қайтсек те Алланың жұмысы ғой. Бекес, ренжіме, Аллаға тапсыр. Аман-есен Алла көрсетуге жазсын. Бес минут уақытты болғасын хат жазып отырмын. 22 март 1942 ж.» деп жазыпты.

Күйеуі Мұрат Сибанбаев соғысқа аттанғанда Бекес апамның аяғы ауыр екен. Іште қалған Ережеп туғанда нағашым Шәймерден азан шақырып, сол айдың атын қойыпты. Соғыстың аты соғыс. Колхозда жұмыс күші жетіспейді. Жалғыз сиырын соқаға жеккізіп, Бекесті жер жыртуға шығарады. Танап шетінде жергөкте жатқан балаға аландал, оның үстіне шаршап, ұйқысы келген ол қалғып кетіп, соқаңың астына түседі. Аяғынан жараланған жас келіншекті құрбылары ауылға әзер жеткізеді.

Мұрат ақыры сол соғыстан оралған жоқ, хабарсыз кетті. Артынан «қара қағаз» келіпті. Соғыстан елге оралған кейбір жауынгерлердің

айтуларына карағанда, ол емделін жатқан госпитальға бомба түскен көрінеді. Бірақ бұл анық емес. Ол соғысқа аттанғанда іште қалған баланың да тұғанын естіген жок. Баласы Ережеп те әкесін көрмей өтті бұл дүниеден. Бекес апамның айтуынша, Мұратқа дұға оқытыпты. Содан кеін әрі бала жетім болмасын, әрі соғыстың қын-қыстау кезінде қындық көрмесін деп Бекесті Мұраттың ағасы Сүлейменге екінши әйелі етіп атастырып, некесін қиған көрінеді. Сүлеймен Мәтеновті бәрі Нөне дейтін.

Бірақ ол бұл некеден не моральдық, не материалдық қолдау көре алмады. Орта арнаулы мұғалімдік білім алған соң колхоздастыру жылдары туыстары тұрған Ақбалықта шамалы ғана ұстаздық етіп, Қызылжарға, одан кеін казіргі Тимирязев ауданындағы Ынтымақ ауылына көшіп кетеді. Ол кезде бұл ауыл Он үш жылдық колхозы деп аталса керек.

Бекес апам айтып отырып маған Сүлейменге хат жаздыртады. Хат «Амандық хабар» деген сөзден басталады. Одан әрі «Нөне, аман-есен-сіздер ме? Бала-шага аман ба? Қызмет орынша ма?» деп одан әрі кете береді де, ... Мында біз де аманбыз. Ауыл-аймақ тыныштықта. Қыска етын-шебімізді дайындал алдық...» деген сөздермен аяқталады. Бұл хаттарға жауап кейде келіп, кейде келе бермейді. Өз басым Құдай жолымен атастырып қосса да, оның жазғы каникулда келін, шаруасына көмектескенін, болмаса акша салғанын көрген емеспін. Ол партияның дәүірлеп тұрған кезі ғой, бәлкім, содан сескенді ме екен?

Есесіне зейнеткерлікке шыққан соң ауылға көшіп келіп, осында тұрған жалғыз орыс отбасының саман кірпіштен салған үйін сатып алды. Мұғалім болып істеп жургенде Сүлеймен Мәтенов Кенес Одағының ең басты наградасы – Ленин орденімен марапатталған екен. Ақбалықта көшіп келгеннен кейін Бекес апам оған костюм-шалбар тігіп берді. Қек бұлістің үстіне қадалған қызыл орден алыстан жарқырап көрінетін еді.

Шәймерден нағашымның үлкен қызы Бәтия мениң шешем Қекеш негізі жуас адамдар болатын. Бекестің міnezі олардан бөлек. Әрі ер, әрі әйел адамның орнында жүретін кісі еді. Тілінен де, қолынан да келетін адам болатын. Шешем – сырқат. Төрт бірдей шиеттей бала-мыз. Жұмыс істейтін жалғыз әкем. Оның үстіне жетім қалған ағайындарымыз бар. Қыскасы, тұрмысымыз онша болған жок.

Бір күні арасы он екі шақырым Ақбалықтан салт атпен Бекес апам келді. Қанжығасында байлаулы дорбасы бар. Біздің үйге қонақ келетінін естіп, бір асым етті әдейілеп әкелген екен. Ол кезде қасқыр көп болатын. Жалғыз-жарым жолға шығу қауіпті еді. Бірақ туысы үшін ештеңеге қарамаған ғой. Шіркін, туыстық-ай!

Біздің Шақабай ауылы қоныс тепкен Ақтомпак деген жерде қарғайдан салынған мектеп болса керек. Ол кезде Қарақамыс ауылдық кеңесі бар еді. Бертін кеңес төрағасы Жаңажолдан сайланып, мектепті бұзып, сонда апарып салыпты. Сондықтан біздің ауылда бастауыш қана мектеп болды. Сөйтіп, төрт сынып бітіргеннен кейін бізге Ақбалықтағы жеті жылдық мектепке баруға тұра келетін. Осыған байланысты алдымен үлкен ағам – Сәли, кейін Амангелді, оның артынан мен, менен кейін інім – Амантай төртеуміз бірімізден соң біріміз Бекес апамыздың үйинде тұрдық. Сол жылдар біз үшін үлкен өмір мектебі болған еді.

Нагашы апамызды билетіндердің бәрі оны Бекес апа деп атайды. Біз де соған дағдыланып қалдық. Бекес апамыз баласы Ереженті жалғыз болғасын еркелетіп өсірді. Ол үй шаруасына да, малға да қарған емес. Жазғы каникул бойы балалармен ойнаудан қолы тимейді. Қысқасы, Ережеп не жеін, не ішенин деген жан емес. Тіпті ауыл дүкеніне қандай жақсы зат келсе, соны шешесін қалай да көндіріп сатып алатын.

Жалғыз баланы осылайша еркелетеді де, Бекес апам барлық шаруаны өзі істейді. Оған оқу жылы басталардан жарты айдай ерте келіп, біз қосыламыз. Менің алдында ағаларым істеп кеткен шаруа енді менің мойныма тұсті. Берте биені бірішкеге жегіп алып, маңайдағы ормандардан қу ағаштарды жинап, тасымыз. Содан кейін шөп шабу науқаны басталады. Екі орақ, тырнауышты салып алып, не Күйрдак шілігіне, не Екіағашқа, не Шәуікке аттанамыз.

Жаздың күні ұзақ әрі ыстық болады. Үйден таба нан мен қымыз ала шығамыз. Қымыз ішкеннен кейін маужырап, ұйқын қеледі. Бірақ ондай мүмкіндік жок. Бір жағынан малға қысқа шөп дайындал алмасаң қыын. Екінші жағынан Бекес апамның жұдырығынан қорқасын. Жұдырығы қатты еді. Өйткені, ол сол төңіректегі атақты тігінші болатын. Ине-жіппен ғана айналыспай, отын, шөп шапқан, яғни еркектің де, әйелдің де жұмысын істеген адам фой. Орақты сілтегенде мен соңынан әрең ілесіп отырамын.

Бұл – Ұлы Отан соғысынан кейінгі кез. Колхоз, аудан басшылары, басқа да атқаминерлер Сталин киетіндей китель тіктіруге құмар болатын. Бекес апам оны денеге қонымды етіп-ақ тігеді. Әсіресе, әйелдерге көйлек, төсқамзол, ішік, шапанды ешбір өлшемей-ақ деңесіне бір қарал-ақ тіге беретін. Үнемі дәл келетін. Қара тондарды, тұлыптарды да тігуші еді. «Зингер» аяқмасинасы мата түгілі қалың теріне де тіге беретін.

Көбіне Бекес апамды маңайдағы ауылдар түгіл, тіпті алысқа алып кетіп іс тіктіретін. Бір қызығы, солардың еңбегіне ақша бергенін көр-

ген емеспін. «Ағайын ақысы – тамағы» дегендей, асқа тойғызғаннан басқа ақы төленіп, күрмет көрсетіле бермейтін. Алталап, айлап үйде болмайтын кездері кездеседі. Онда, әрине, мал жайлаумен қоса, үй шаруасы түгел мениң мойныма артылады. Пешке от жағу, ас пісіру, мал жайлау – бәрі-бәрі мойында. Оның үстіне окуға дайындаласын. Нагашы атам Шәймерденнің көзі жіті, Құранды көзілдіріксіз-ақ оқи беретін, бірақ тісі осал. Таба нанды турап, сүтке қайнатып беретін-біз.

Шаруа істегенде «Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің маған жақсы» дейтін Бекес апам. Ол рас екен. Сол жылдары үйренгендерімнің осы күнге дейін пайдасы тип келеді.

Жалғыз баласы Ережепті алысқа оқуға жібермеді. Ауылда механизаторлар даярлайтын курста оқып, одан кейін трактор-егіс бригадасын басқарды. Техника тілін жетік білді, бірақ үй шаруасына араласқан жоқ. Сондықтан Бекес апам немерелері ер жеткенше қорадағы малды өзі жайлады.

Жалпы Бекес апам әңгімеге де жүйрік, біреуге сөзін жібермейтін шешен болатын. Қандай жиында болмасын оның әңгімесін жүрт ұйып тыңдайтын. Үлкен-кішінің бәрі ақыл сұрайтын.

Бекес апам қыын заманда өмір сұрді. Бірақ оқымаса да, оқығандардан кем емес, көкірегі ояу, жаны жайсан, қолы ашық, мейірімді адам болды, тек тағдыр тауқыметін көп көрді. Бізге жасаған жақсылығы көп еді. Тек бізге емес, шамасы келгенше жүргіттың бәріне қол ұшын беруші еді-ау. Қайран, Бекес апам-ай!

*Амандақ ЖАНТЕМИРОВ,
мәдениет қайраткері,
Қазақстанның құрметті журналисі*

АТАЛАРЫМЫЗ – БІЗДІН МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Отан қорғаушылар қатарында менің Райхан атам мен нағашым Шегебай атам да болды. Аталарымның еңбектерін мақтан етемін және бүгін аталарым жайлы ой қозғағым келіп отыр.

Райхан Балабатыров 1915 жылы Шал ақын ауданындағы Балуан ауылында дүниеге келген. Балуан мектебінің 1929 жылы бірінші болып есігін ашқан шәкірті. Еңбекке ерте араласты. Ұжымшар өндірісінде аянбай еңбек етті. Соғысқа дейін ұжымшарда әртүрлі жұмыстар атқарды. 1941-1946 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысты. Отан қорғауда жарақат алышп, госпитальда емделген.

Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін ұжымшар өміріне қайыра араласып кетті. Мал шаруашылығы саласында аянбай еңбек етті. Қөптеген ізбасарлары бар. Жастарға үлгі бола білді. Осы еңбектері бағаланып, медальдармен, түрлі сыйлықтармен марапатталды. Есімі облыстың Құрмет тактасына жазылған. 1982 жылы қайтыс болды. Отбасында ардақты әке, сыйлы ата бола білді. Шолпан апам екеуі бес бала тәрбиелеп өсірді. Соғыс жылдары көрсеткен ерліктері үшін Отан соғысы орденімен, қөптеген медальдармен марапатталды.

Нағашы атам Шегебай Асанбаев 1906 жылы қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Талпын ауылында дүниеге келген. Арабша хат та-ныған. Олар алты ағайынды: екі ағасы, үш інісі болды, еңбекке ерте араласты. Соғыска дейін ұжымшарда жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысының ардагері. Отан қорғауда жарақат алып, госпитальда ем алған. Сол жарақаттан есту қабілеті нашарлаған. Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралып, ұжымшардың мал шаруашылығы саласында аянбай еңбек атқарды. Өзінен кейінгі інілеріне, ауылдастарына үлгі бола білді. Қай жерде жұмыс ауыр болса, сол жерде еңбек атқарған. Осы еңбектері үшін бағалы сыйлықтармен, медальдармен марапатталды. Зейнетке шыққанша өз еліне енбегін аямады. 1985 жылы 2 мамырда қайтыс болды. Нағашы әжем Мәрзилімен 58 жыл бойы отасқан ардақты әке. Ұлы Отан соғысы жылдарында көрсеткен ерліктері үшін Отан соғысы орденімен, үш медальмен марапатталған.

Соғыс жылдарында ерен ерлік көрсеткен атапарымыздың қаһармандығы мәңгілік жадымызда сақталады.

Әлия МҰРАТҚЫЗЫ

ЖЕНІСТИ БЕРЛИНДЕ ҚАРСЫ АЛҒАН

Соғыстан аман-сau оралған әкем мына бір әнгімені жиі айтушы еді: - Әскерге алынып, ертеңіне аттанғалы жатқанымда ауылға Иран деген емши келе қалды. Ұлты иран болғандықтан ел есімін атамай Иран емши деп кеткен. Сол кісі ауылда бірер үйдін сырқат жандарын емдеп, менің майданға аттанғалы жатқанымды естіген соң біздің үйге де әдейі бас сұғыпты. Амандық-сaulықтан кейін менің оң са-парымды тілеп, ак батасын беріп, өз қолымен тұмар жазып береді. «Шырағым, қайда жүрсөң де мына тұмарды бойынан тастама. Не бір қыын сәттерде елінді есіңе түсіріп, елеп-жебеп жүреді. Тілегім сол, соғыстан аман-есен келесің» - деп еді. Талай қанды шайқаста

окоптан көтерілгенде осы тұмарды қолыма ұстап, штей оқитынымды оқып, сиынyp, алға ұмтылуши едім. «Қырық жыл қырғын болса да ажалсyz өлмейді» дегендей құдайым қолдады ма, әлде мына тұмардың шапағаты тиді ме білмеймін, жауyp тұрған оқтың, жанып жатқан оттың арасынан талай аман қалдым, - деп тұмарды көрсеткені есімде. Әкем сол тұмарды дүниеден өткенше мойнынан шешкен жоқ.

Әкем Бәри Нұрсейітұлы Құсайынов 1906 жылы бұрынғы атажұрты – Әжімбай-Бәжі ауылында дүниеге келген. Құсайын Нұрсейіттің ағасы. Әкем жастайынан сол Құсайынның бауырында, тәрбиесінде болып, кейін төлкүжатқа фамилиясын да сол

кісінің атымен жаздырыпты. Ол кісі хат таныған, арабша өте сауатты молда атанған жан еken. Оның үстіне Құсайынның әйелі Бәтен мен Нұрсейіттің әйелі Ұлыш әжелеріміз өте балажандықтарымен әкемді бауырларына тартып, арабша оку, жазуға үйреткен. Ол кіслер біраз арабша құран кітаптарын жинап, әкеме тапсырыпты. Бұл кітаптар бізде әлі күнге дейін сактаулы.

Әкемді Ұлы Отан соғысы басталғанда бірден майданға жібермепті. Сол кездегі іске нкемі бар ересектерді майданға жібермеу жөніндегі бронмен ауылда бір жыл еңбек етшіті. Өзі тендерлер қолына қару алып Отан қорғауға аттанып жатқанда, ер азаматтардан қалып қойғанына намыстанған әкем аудандық әскери комиссариатқа бір емес екі-үш рет барады. Майданға жіберуін өтінеді.

Соғыстың қатты шиеленіскең тұсы ғой. Преснов аудандық әскери комиссариат әкемді 1942 жылдың 16 сәуірінде әскерге алып, соғысқа аттандырады. Әкемнің қарындасы Шәя, Сауғабай атамыздың қызы Сәлиман, оның баласы Бигали, Бигалидің баласы Әбілкәрім, көрші-қоламдар улап-шулап, жылап-сықтап әкемді соғысқа шығарып салғанымыз әлі есімде. Әкеммен Шалабайдың Қожахметинің баласы Әмен бірге кетті.

Ауылдан ішкікан олар қаладағы Боркиде бір ай әскери жаттығудан өтеді. Осы жерде әскери мамандықтарды игеріп, соғыс тәсілдерін үйренип біраз дайындалған соң Батысқа майданға жіберіледі.



Бәри Құсайынов

Бұл кезде Москва түбіндегі жауды күйрете жеңген Кеңес армиясы соғыс тізғінін енді қолына алып, барлық майдан шебінде киян-кескі ұрыстар жүргізеді. Әкем сол ұрыстарға қатысып, талай жауынгерлік ерлік көрсетеді. Өзімен соғысқа бірге кеткен Әменинен хабар үзледі. Ақыры ол кісі хабарсыз кетті. Әкем де соғысқа қатысқан алғашқы жылдары амандығын билдіріп ұшбұрышты хат жазып тұратын. Со-сын әкемнен де хат үзілді. Ағайын-туыстар қатты қорқып, уайымға түсе бастады. Қаза тапты деген «қара қағаз» болмағасын әскери комиссариат арқылы іздеу салынды. Әкем аман-сау әскери міндетін атқарып жүр, тірі деген жауап алып, қайғымыз сейілді.

Әкем 1946 жылы 21 желтоқсанда елге аман-сау оралды. Көп-ке дейін хат келмеу себебі құрамында әкем бар әскери құрама бір майданнан бір майдан шебіне ауысып, ми батпақ ұрыс даласында жүріпті. Әсіреле Белорусия жерінде көп қыындық көрген екен. Қалың орман, ми батпақ, мұк басқан қопаларда жүріп, жаумен шай-қасқан. Жауынгерлер уақытында тамақ та іше алмаған кездер көп болған. Одан кейін құрамында әкем бар әскери құрама Днепрден өту операциясына қатысЫПты. Өзеннен өту үшін жауынгерлер бір неше ағашты қосақтап байлап сал жасапты. Оған қару-жарақтарын артып, арғы бетке өтуге кірісеп. Осы кезде неміс самолеттері ұшып келіп, бомбаны жаудырады. Бірнеше сал көкке ұшады. Бірақ жауынгерлеріміз жауған бомбаларға қарамастан арғы бетке өтіп, жаудың бекінісін басып алады. Днепрден өту кезінде болған осы ұрыста ерлік көрсеткен жұздеген жауынгерлер марапатталады.

Әкем осы Днепрден өтуге, Будапешті азат етуге қатысқан. Жауды өз ұясына – Германияға тықсырып әкелген үлкен ұрыстардың бірінде әкем бар құрама жау қоршауында қалып қояды. Бірақ Кеңес жауынгерлерінің негізгі күші уақытында жетіп, құтқарып алады. Одан кейін Берлиннің көшелерінде ойрансалған ұрыстардың ішінде болады. 9 мамырда Женіс күнін Берлиннің ар жағында 18 километр жерде қарсы алады. Осы жерде шексіз қуаныштан, аспанға от шашып, Женісті тойлап жатқан жауынгерлер Қыыр Шығыска, Жапония соғысына дайындалуға бұйрық алады. Артынан Жапон соғысы бітті деген хабар алып, Кеңес жауынгерлерінің бірнеше құрамасы Берлинде әскери қызметке қалдырылады. Әкем содан 1946 жылығана босап шығады. Соғыс кезінде көрсеткен ерліктері үшін «Отан соғысы» орденімен, «Будапешті азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдармен марапатталған. Соғыстан келісімен бірден бейбіт енбекке араласып, одан да беделсіз болған жоқ. Облыстық тұтынушылар одағының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарына ие болды. 1959 жылға дейін сауда

саласында қызмет істеп, зейнеткерлікке шықты. 1982 жылы 76 жа-
сында, 1916 жылы туған шешеміз Қайыржан Болатқызы 2004 жылы
88 жасында дүниеден өтті.

Серікбай ҚҰСАЙЫНОВ

ҚАН МАЙДАНДА ЕРЛІКПЕН ҚАЗА ТАПҚАН МҰҚАЖАННЫҢ ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Сұрапыл соғыс басталғаннан кейін 72 жыл өткен соң қан майданнан оралмаған боздақ туралы хабар оның туған ауылына да келіп жетті...

Қуанышы мен қайғысы ортакта-
сқан бұл хат-хабар Шал ақын ауданының Жаңажол ауылына бағыт түзеді. Онда Ресейдің іздеушілері Ленинград облысының Лодейное поле ауданындағы Старая Слобода ауылының маңында соғыс жылда-
рында ажал құшқан қазақстандық сарбаз Мұқажан Махметовтың сүйегі табылғандығы жайында айттылған. Осы уақытқа дейін сарбаз із-түзсіз жоғалған деп есептелін келді.

Оның сүйектері Новая Сегежа ауылы үшін шайкасқан батырларға қойылған құлпытастан төрт жұз метр жерде табылған. Құлпытаста Жаңажол ауылының тумасы Мұқажан Махметовтың есімі өзге батырлардың аты-жөндерімен бірге тасқа ойып жазылған.

Ол әкесі Махмет пен анасы Ақбілек Махметовтар отбасының ең кіші ұлы еді. Соғыс басталғанда майданға алдымен оның ағалары Омар, Серғали және Нұрғали аттанды. Көп кешкпей Мұқажан да ағаларының артынан соғысқа жіберіледі. Бір отбасынан қан майданға кеткен төрт ағайындының ішінен туған ауылына тірі қайтқан тек Нұрғали болды. Қалғандары Отан алдындағы борыштарын өтеп, қан майданда жер жастанды.



Мұқажан Махметов



«Болды», – деп артынан ерген немерелерше інісінің қадір-касиеттерін әңгімелеп отырган екен.

Мұрағаттардағы деректерге сүйенер болсақ, Мұқажан Махметовтың өмірі соғыс жылдарының басында, 1941 жылдың қазанында қыылған. Үйге жазған соңғы хатында ол Ленинград іргесінде фашистмен шайқасып жүргенші айтқан болатын.

Сол шайқастың қанды қырғынында қаза тапқан батырларымыз жайында құлпытаста жазылған мына мәтін баяндайды. Онда: «Новая Сегежа операциясы 1941 жылдың 21-24 қазан аралығына дейін созылды. Ұрыс барысында 314-ші атқыштар дивизиясы Свирь өзенінен өтіп, плацдармды алып, неміс-фашист басқыншыларының Тихвин қаласына шабуыл жасаудына және Ленинград төнірегіндегі екінші шенберлі күрсауды орнатуды тосқауыл болды. Күштері тең емес ұрыста қазақстандық батырлар жоғары жауынгерлік дағдыны, қажырлылық, ерлік пен қаһармандықтарымен көзге түсін, мәңгілікке жер жастанды. Батырлар мәңтілік ұмытылмайды!» дедінген.

Соғыстан кейін Нұрғали үйленді. Махметовтар әuletінің тұқымы жалғасты. Дүниеге 5 баланы әкеліп, экесі Махмет сияқты көббалалы әке атанды.

Ол 90-шы жылдардың ортасында дүниеден озды. Соғыс оны да есіркеген жоқ. Бір шайқаста жарақат алып, сол кезинен жараланып, өмір бақи 1-топтағы мүгедек болып қалды. Нұрғали Махметұлы орденмен және бірнеше медальдармен марапатталды.

Нұрғали ата сұрапыл соғыста дүшпанға қарсы тұрып, бейбіт күндер үшін жанын берген ағалары мен інісі Мұқажаның ерліктерін артынан ерген ұлдары мен немерелерине жи айтып келді. «Мұқажан ұзын бойлы, батырлардай кең иықты еді. Ол ән айтқанды ұнатқан. Домбыраны да асқан шеберлікпен тартып, тойлардың сәні

Туған-түйсекандары Мұқажан атанаң сүйектерін туған ауылына әкеліп, барлық жөн-жоралғысымен қайта жерлеуді парзызы деп білді. Бірақ іздеушілердің берген акпаратына сәйкес табылған қабір ұжымдық болғандыктан, эксгумация кезінде сүйектерді бөлу мүмкін болмапты. Лодейное поле ауданының әкімшілігі 2013 жылдың маусымында қазақстандық жауынгерлердің сүйектерін қайта жерледен. Қазақстаннын арнайы шақыртылған сарбаздардың туыстарына салтанатты кеште Мұқажан Махметовтың медальоны мен хаттары табысталды.

«Мен Ресейдің шалғай жатқан ауылын азат ету үшін шайқаста ерлікпен қаза тапқан Мұқажан атамыздың жатқан жерінен топырақ алып келип, сның табылған заттарымен қоса, әкеміздің қабірінің қасына қойдым. Атамыздың жаны жәннатта тыныштық табуы үшін Құран бағыштай алатындығымызға ризамыз», – дейді Нұргали Махметовтың үлкен ұлы Балуан.

Куаныш КОЖАХМЕТОВ

ВОРОНЕЖДЕН БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН МАЙДАН ШЕБІНЕН ӘТКЕН АРДАГЕР

Жыл өткен сайын Ұлы Отан соғысына қатысып, ел үшін, кеиингі үрпақтың бақытты болашағы үшін жаумен аяnbай айқасып Ұлы Женіске кол жеткізген абзал ардагерлердің қатары сиреп барады. Өмірден өткен ардагерлердің рухына бас иш, тағзым етсек, тірі жүргендерінің есімдерін асқақ сезіммен атап, ерекше құрмет тұтамыз. Сондай құрметке бөленип ортамызда жүрген ардагерлердің бірі – Қабен Егінбайұлы Мұрзагұлов. Ол қазіргі Шал ақын ауданындағы Ыбыраев ауылында 1923 жылдың 14 қантарында дүниеге келген. Бақытты балалық шағын осында өткізіп, алғаш мектеп есігін осында ашып, білім алған. 1938

жылы басқа түсken тұрмыс-тіршіліктің тауқыметімен Қабенниң әке-шешесі отбасымен түгел Қорған облысындағы Макушин ауданына көшіп кетеді. Оның ендігі өмірі осында өтеді. Тек 2003 жылы оралман ретінде туған еліне көшип келеді. Казір бала-шағасымен, немере-шебересімен Қызылжар қаласында тұрады. Өмірдің небір қыын да, қылыштарынан көшіріп, ашының да, тұщының да дәмін татқан ардагер отбасы мүшелері түгел жиналғанда туған жеріне оралғанын, елінің ыстық ықыласына бөлеккегін қуанышты сезіммен әңгіме етіп айтып отырады.

Қабен Мұрзагұлов тұтқылдан соғыс басталғанда он сегізге ендіғана толған балаң жігіт болатын. Соғыстың ел басына ауыр-ауыртпалық түсіретінін, халыққа қисапсыз кайғы-касірет әкелетінін сезінген ол әскерге алу үшін әскери комиссариатқа барып тіркеледі. Бірақ оны бірден әскерге алмай резервтік топқа тіркейді. Тек 1942 жылдың 7 маусымында майданға жіберіледі. Майданға кірмestен бұрын Қабен Мұрзагұлов іріктелген жауынгерлермен бірге Челябинск облысындағы Шұбаркөл елді мекенінде әскери оқу-жаттығу дайындығынан өтеді. Мұнда Қабен зенбірекші мамандығын игеріп шығады. Жаттығу кезінде ол ауыр снарядтарды зенбіректерге тез оқтап, нысананы дәл көздел ататын мергендігімен әрі шашпаңдығымен көзге түсіп, үздік жауынгерлердің бірі атанады. Осындай дайындықтан өтіп, әскери мамандық алғаннан тандаулы зенбірекшілермен бірге Воронеж бағытындағы майданға аттандырылады. Бұл кезде танкіде, авиацияда, жауынгер күшінде үлкен басымдыққа ие болған жау осы бағыттағы біздің әскерлеріміздің шебін бұзып өтіп, Сталинградты басып алуға ұмтылған болатын. Сондықтан жаудың максатын жүзеге асыртпау үшін кеңес жауынгерлерінің үлкен күші осы жерге топтастырылады. 1942 жылдың қарашасынан 1943 жылдың қаңтарына дейін жауынгерлеріміздің қалың күші осы Воронеж бағытындағы майданның қорғаныш шебінде болды. Бұл бағыттағы майданды белгілі қолбасшы Рокосовский басқарды. Жау шеңгіті бұзып өту үшін бірнеше рет қиян-кеске шабуыл жасады. Бірақ көздеңен мақсаттарына жете алмады. Ақыры қаңтар айында күшін топтастырған біздің жауынгерлер майданның барлық шебінде жауға қарсы тойтарыс беру үшін алға ұмтылды. Үлкен тегеуірінмен басталған шабуылға төтеп бере алмаған жау күші кеін шегінді.

– Бұл мен үшін естен кетпейтін ауыр ұрыс болды. Біздің артиллерия бөліміміз майдан шебінің қолайлы жеріне орналасып алып, жау танкілерін алға бастыртпау үшін снарядтарды бірінен соң бірін боратты. Атқан оғымыз нысанаға тиіп те жатты. Алғашқы лектегі танкілері жанып, істен шыға бастағанын байқаған жаудың жүрегі

шайлығып кейін шегінуге мәжбір болды, - деп еске алады Қабен ақсақал. Осы ұрыста ол жау минасының кішкентай жарықшағы басына тиип жарақат алады. Соның әсерінен бір ай далалық госпиталда жатып емделіп шығады.

Госпиталдан шыққаннан кейін Қабенді тағы майданның алғы шебіне – қызы ұрыс жүріп жатқан Харьков қаласы бағытындағы ұрыс даласына жібереді. Осы жерде ол ұрыска 89 атқыштар дивизиясының құрамындағы үшінші артиллерия полкіне зенбірекші болып қабылданады. Мұнда ол 75 миллиметрлік пушканың көздеуінісі болып, тагы да жауға оқ жаудырады. Барлаушылар алдын ала белгілеп берген жау нүктелерін, жасырын дзоттарын, танкілерін тура көздең нысанага дәл тигізеді. Осы полктің артиллеристері жаудың бірнеше шабуылын ауыр снарядтың астына алып, бетін қайтарады.

– Бірде мынандай бір оқиға болды, - деп әңгімесін жалғастырды Қабен ақсақал, ұрыс даласын көз алдына елестетіп. – Кезекті шабуылға дайындалып жатқанбыз. Жау назарына ілкесін деп зенбіректерді ағаш бұтақшаларымен көлегейлеп, жасырып қойғанбыз. Өзіміз де әр бұтаның түбіне бойымызды жасырып, темекі тартып, елге хат жазып дегендей бей-жай отырғанбыз. Біздің бұл қулығымызды немістер сезіп қалса керек, кординатымызды самолеттеріне хабарлап бізге бағыттапты. Бір кезде үш-төрт самолет біз жатқан нүктеге ұшып келіп пулеметтерінен оқ жаудырып өтті. Қайта айналып келіп оқ жаудырып, бомба тастай бастады. Элем-тапырық болдық. Зенбіректерді аспанга қаратып, оларды көздең атуға уақыт керек. Жанымда жатқан жауынгер танкіге қарсы ататын мылтығын қолына алмай басын көлегейлеп, жерге жабысып қалыпты. «Андағы мылтықты алып, самолеттерді неге атпайсың» деймін. Үндемейді. Бір кезде қайыра айналып ұшып келе жатқан жау самолетіне әлгі мылтықты ала салып кезендім де атып қалдым. Оғым мұлт кетсе керек, самолет үстімізден ұшып, мазамызды алды. Қайта айналғанда тагы аттым. Жау самолеті шайқалып барып, артынан қара түтін бүрк ете түсті. Бір мезетте алысқа қалықтап барып жерге қулады. Артынан бүрк ете түскен қызыл жалын аспанға көтерілді. Қалған екеуі қайтып айналып үстімізден ұшпады. Сол жолғы ерлігім үшін полк командирі алғысын айтып, ұсыныс жасап, II-дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденін кеудеме қададым.

Осындағы ерліктерімен көзге түсken Қабен Мұрзагұлов аға сержант дәрежесін алып, бөлімше командирі болып тағайындалады. 1944 жылы қараша айында Белоруссия жерін жаудан азат етуге қатысады. Мұнда да жау оңайлықпен кейін шегіне қоймайды. Әр елді мекен үшін қиян-кескі ұрыс жүріп, жауынгерлеріміз лық-

сыған екпішімен алға жылжи түседі. Қабенің бөлімшесі де жауынгерлерімізге алға жылжуға демеу жасап көмектеседі. Бір кезде немістің ағаш ішине жасырынған мергені Қабен команда бергенде оң қолының сұқ саусағын дәл көздел атып, қырқып түсірді. Ол осы жаракатымен госпиталда жиырма бес күн жатып емделеді. Госпиталдан шығысымен ез бөлімін қуып жетеді. Содан Женіске дейін осы бөлімнің командирі болып, жауды езі шықкан ұсы Берлинде күйретуге қатысады. Майдандағы жауынгерлік жолын Воронежден бастаған Қабен Мұрзағұлов Берлинде аяқтайды. Рейхстагты басып алғаннан кейін Женіс салтанатын тойлаған жауынгерлерімізben бірге ол да автоматтан аспанға бірнеше дүркін оқ атып қабырғаға ез қолтаңбасын қалдырады.

Қабен ақсақалдың кеудесінде төрт орден мен жиырмаға жуық медаль сылдыр қағып, өткен соғыстың отты күндерінен сыр шерткендей.

— Ата, алғашқы награданызды қандай ерлігіңiz үшін алдыңыз, — дейміз әңгіме арасында.

— Мен үшін ең қымбат награда «Ерлігі үшін» медаль. Мұның тарихы да қызық. Бірде кезекті шабуылға шығу үшін жау күшін, қанша техникасы барын білу қажет болды. Командиріміз үш орыс жігіті мен мені шақырып алып, жаудың тылына өтіп, «тіл» әкелуді тапсырды. Барлауға шығармызыда: «Әкелетін «тілдерін» неміс офицері болсын» деп қайта-қайта тапсырды. Бұл Белгородтың маңындағы майдан шебі болатын. Төртеуміз қараңғы түнді жамылып, жау тылына еңбектей бет алдық. Анда-санда аспанға ракета атылып, айналаны жарықтандырып жібереді. Біз де алға сығалай қарап, жау бекінісін анықтап келеміз. Сол жерге жеткенде немістің солдаты мен офицерін көрдік. Тез ышқынып, солдаттың үнін шығармай көзін жойдық та әлгі офицерді ұма-жұмасын шығарып, үктеген қалпы кеін шегіндік. Корыққанынан офицер үнін де шығара алмады. Әкелген «тілімізден» құнды деректер алынды. Сол жолғы ерлігіміз үшін осы медальмен төртеуміз де марапатталдық. Бұдан басқа Қабен Курск иінінде немістің екі танкісін жойғаны үшін Қызыл Жүлдyz орденімен наградталды.

Жаудың жасырынып алып, біздің жауынгерлерді алға жылжытпай оқ боратып тұрған миномет нүктесін жойғаны үшін Қабен үшінші рет II-дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденін омырауына кадаған. Айта берсе әр наградасының тарихы бар.

Қабен Мұрзағұлов соғыстан оралғаннан кеін де бейбіт өмірде енбекке белсене араласады. Малшы, жылқышы, мал фермасының бригадирі болып енбек етеді. 1949 жылды ата-анасы жас кезінде құда

түсіп, айттырып қойған Мариям Ескендірқызына үйленіп, үбірлі-шұбірлі ұлкен отбасына айналады. Бұғинде қос қария бақытты өмірдің тәтті дәмін татып, балалары мен немере-шеберлерінің қызығына бөленинде. Жақында Мариям апамыз «Алтын алқа» медаліне ие болыш, қуанышка кенелді.

Жоламан ШАХАНОВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮҢГЫШ БАТЫРЫ – ЖЕРЛЕСІМІЗ СЕРГЕЙ ГУДЕНКО

Ұлы Отан соғысындағы Женістің 35 жылдығына орай «Ленин туы» қазіргі «Солтүстік Қазакстан» газетінде арнайы айдар ашылып, тұлышлер майдангерлердің, тыл еңбеккерлерінің ерліктері жайында мақалалар жаза бастады. Әріптестерімнің қатарында мен де қолға қалам алыш, бірталай соғыс ардагерлерімен сұхбат өткізген едім. Іздесіре, зерттей жүріп, Қазақстанда ең бірінші болыш Кеңес Одағының Батыры атағын алған жауынгер біздін жерлесіміз Сергей Гаврилович Гуденко екендігін анықтадым.

Бұғинде ол мақаланы сарғайған газет парактарын актармай, содан беріде отыз бес жылдай уақытты араға салып, ой сарабынан қайта өткізіп, оқырмандардың бүгінгі ұрпағына жеткізуі үйғардым.

Сол сапарда Сергей Гавриловичтің тұган жері Мамлют ауданындағы Колдаман ауылына бармақ болғаным есімде қалыпты. Алайда, билетін адамдар оның жалғыз бауыры барын, ол ауданның тас жолдың бойындағы Дубровное ауылында тұратынын айтты. Кездескен сәтте батырдың қарындасы көңілге аса қонатындей толыққанды дерек бере алмады. Шау тартып қалған. Сондықтан батыр жайында өз бетіммен ізденіп, қосымша деректер іздестіруіме тұра келді.

Ең бірінші көздегеінм – оның Қазақстандағы түңгыш Кеңес Одағының Батыры екендігін айғақтایтын бұлтартшайтын дерек көзін табу болды. Бұл орайда мені лайықты, нағыз табан ғирерлік деректің оңайлықпен табыла қоймағаны қинағы. Кейір деректерде мұндай атақты алғашқы болыш иеленген адам ретінде Павлодар облысының Успенка ауылынан соғысқа шакырылып, кейін генерал әскери дәрежесін алған Кузьма Александрович Семенченко туралы жазылыпты. 1896 жылы Украинаның Чернигов облысында туған К.Семенченко 1917 жылдың қарашасында, 21 жасында Успенкага қоныстанған. Бұл әulet содан кейін осында түпкілкігі тұрып қалған еken. Оған Кеңес Одағының Батыры атағы Ұлы Отан соғысы жүріп

жаткан 1941 жылғы 22 шілдеде беріліпті. Ал, С.Гуденко бұл атақты Ұлы Отан соғысынан бұрын алған, бірақ қай жылы және қандай майданда алғаны беймәлім болатын.

Осындай күндердің бірінде «Казахстанская правда» газетінің тілшісі, неміс-фашист басқыншыларын жазалауға үкім шығарылған Нюорнберг соты туралы жазған майдангер-журналист Василий Скоробогатовтың «Отгремели залпы» деген шағын китабы қолыма тиді. Сол арқылы мен маңызды екі деректі тауып алдым. Біріншісі – солтүстікқазақстандық лейтенант, взвод командирі Сергей Гуденконың Ұлы Отан соғысы басталмай тұрып, 1938 жылы Кеңес Одағының Батыры атағын алуы. Екіншісі – Берлиндегі Трептов саябағындағы азат етуші кеңес жауынгері ретінде мұсінші Евгений Вучетичтің 1926 жылғы Ақмола облысының Новоалександровка ауылында туып, 1947 жылғы Берлиннің гарнизонында қызмет атқарған қазақстандық Иван Одарченконы бейнелеген. Ол 1987 жылғы Тамбов қаласында қайтыс болған (мен 2009 жылғы И.Одарченко туралы «Солтүстік Қазақстан» газетінде мақала жарияладым. З.Ә.).

Сонымен, Сергей Гуденко – ең жоғары жауынгерлік марапатты иеленип, кеудесіне Алтын жүлдyz тағылған және Ленин ордені берілген тұңғыш қазақстандық батыр екендігі дәлелденді.

Ол 1915 жылғы Мамлют ауданының бүтінгі Дубровное ауылының жанындағы шағын Колдаман аталатын елді мекенде туылты.

Ауылдың бастауыш мектебін бітірген, содан соң Дубровноеда білімін жетілдірген. Ұжымшарда еңбек жолын бастаған. 1936 жылы әскер қатарына алынып, Киыр Шығыстағы Приморьеге аттанады.

Бұл уақытта Киыр Шығыстағы жағдай аса қауіпті еді. Кеңес Одағына жапон милитаристері тап беруге дайын тұрған. Осындағы 120-шы әскери полктің құрамына пулеметші болып кірген С. Гуденко Хасан көлінің маңында 1938 жылғы 29 шілде – 11 тамыз аралығында жапон әскерлері бастаған соғысқа қатысқан.

Нағыз қанды қырғын 1938 жылғы 7 тамызда өтеді. Сол күнгі шайқаста Кеңес әскерлеріне Заозерная шоқысын қайткен күнде де жаудан тартып алып, орнығуға тапсырма беріледі. Қарша бораған оқтың астында жанындағы пулеметші серігі қаза тауып, С.Гуденко жалғыз қалады. Өзі де жараланады. Бірақ айбынды жауынгер пулеметін шоқының басына сүйреп шығарып, жапонның шабуылға шыққан жаяу әскерлерін жер жастандыра береді.

Осы шайқастағы асқан ерлігі үшін оған КСРО Жоғарғы Кеңесі Тералқасының 1938 жылғы 25 қазандағы Жарлығымен «Кеңес Одағының Батыры» атағы беріліп және бұл туралы № 87 куәлік тапсырылды.

1940 жылы жерлесіміз Киевтің жаяу әскерлер училищесін тамамдайды. Осыдан соң оны Украинаның Владимир-Волынь қалашығындағы әскери гарнизонға қызметкө жіберіледі. Осында лейтенант С.Гуденко пулеметшілер взводын басқарады, кейнн батальон құрамында пулеметшілер дотына басшылық етеді.

Ұлы Отан соғысы басталған уақытта Кеңес Одағының Батыры Сергей Гуденко осы қалашықтағы әскери гарнизонда жауынгерлерді майданға бастап шығып, қаланы жаудан алғашкы қорғаушылардың қатарында кескілескен шайқаста 1941 жылғы қыркүйек айына дейін аса маңызды қорғаныс аумағын жауға алдырмайды. Алайда, қарумен жарактануы да, әрі адам саны да басым немістер қаланы басып алады. Сол қанды шайқастың бірінде айбынды жерлесіміз ерлікпен, небары 26 жасында қаза табады.

Сол ерлігі үшін Қызыл Ту орденімен марапатталған. Оның туган жері Дубровное ауылындағы орта мектепке батырдың есімі берілген.

Осы тұста бір айта кетеріміз, Ұлы Жеңістің 50 жылдығына орай республикалық «Казахстанская правда» газетінде (1995 ж. 4.05. № 245.) жарияланған деректерге қарағанда, соғысқа 91005 солтүстікқа-закстанның алынып, олардың 33950-і қаза тапқан екен. Солардың бірі – Кеңес Одағының Батыры Сергей Гуденко.

Зейнолла ЭКІМЖАНОВ



АҒА БУЫН АРДАҚТЫМЫЗ



Тілек Әбдірахманов

Мен Солтүстік Қазақстан облысының қазіргі Аққайын, бұрынғы Совет ауданындағы Манғұл ауылында дүниеге келдім. Балалық шағым да осында өтті. Десем де балалық шактан ерте есейгендеймін. Өйткені, Ұлы Отан соғысы басталғанда енді ғана мектеп жасына жеткен кезім болатын. Сондықтан балалық шактың бал дәурен кызығын көрген жоқпын. Құмарымыз қанғанша ойын қуатын кез де болған жоқ. Тұтқылдан басталған соғыс, ел басына төнген қауып-қатер барша халықтың сияқты біздің ауыл жұртының да есін есептегетіп, берекесін қашырды. Ауыл баласынан еңкейген кәрісіне дейін қайғылы күймен қара уайымға тұсті. Әйтсе де, ашаршылық, қуғын-сүргін сијакты өмірдің не бір қын кезеңдерін

бастан кешірген жұртымыз «басқа түскен іске бекем болайық, арты бір женсіпен, жақсылықпен аяқталар» деп бекемдік танытты.

Бала болсам да соғыс басталған кездегі қыын-қыстау оқиғалар есімде қалыпты. Соғыс басталды деген сұық хабар елге жетін, төбемізге қорғасын құйылғандай күйзелген сәтте ер азаматтарымыздың бойында жігері қайнап, намыс оты жанды. Біздің кішкентай ғана Манғұл ауылынан қырық жеті ер азамат алғашкы лекпен Отан қорғауға аттанды. Арасында қоярға-қоймай майданға өз еріктерімен сұранғандар да болды. Олар әр жерде әскери жаттығулардан өтіп, арнайы әскери мамандықтарды игеріп, соғыс әдістерін үйренін, майдан шебіше жөнелтіліп жатты. Мұның бәрін сол кездері майдан шебінен келіп жатқан үш бұрышты хаттардан біліи отырдық. Хат келгенде ер азаматтарымыздың амандығын естіп, ауыл жұртының қуаныштан төбесі көкке жеткендей болатын. Сол күні кешкілік бәрі жиналып хат келген үйде бас қосатын еді. Ал сол хаттардың арасында кейде «қара қағаз» келсе жұрт тегіс қазалы үйге жиналып, у-шу, азан-қазан болып, көздерін жас жуып, қайғы бүлтін бастарынан кешіретін. Баламыз ғой, мұндай тосын оқиғага аң-таң болсақ

та, көз көрген ағалардың қазасына біз де қайғырушы едік. Соғыстың зардабынан тұтін тұтетіп отырған бес үйдің оты сөніп, шаңырағы жабылып қалды. Ауылда үш үйдің әркайсысынан ержеткен бес азаматы, екі үйдің төрт-төрттен азаматы Отан қорғауға аттанып, туған жерге қайтып оралмады. Олардың бәрі майдан даласында Отан үшін жаумен айқасып, ерлікпен қаза тапты.

Сұм соғыс кімнің жүргегін жарапаламады, қай шаңырақтың басына қайғы бұлтын үиірмеді! Екінің бірі әкесіз жетім қалды. Екі шаңырақтың бірі тұтетіп отырған отын өширді. Қаншама эйел жесір қалды. Біздің отбасын да сондай қайғы бұлты айналып өткен жоқ. Отбасының екі азаматы – әкемнің ағасы Сейіт Әбдірахманов пен әкем Әйтім Әбдірахманов ауылдастарымен бірге ел басына күн туған сэтте Отан қорғауға аттанды. Әкемнің үлкен ағасы Сейіт 1907 жылы Маңғұл ауылында туған. Соғыс басталғанда отыздан асқан ересек жігіт болатын. Ел басына күн туған сэтте Совет аудандық әскери комиссариатқа барып әскерге алууды сұранған көрінеді. Сейтіп алғашқы лекпен соғысқа аттанады. Қатардағы жауынгер болып майданға кірген ол 1942 жылдың желтоқсан айынан бастап хабарсыз кетеді. Бұл кез соғыстың нағыз қызған тұсы. Небір қиян-кескі ұрыста талай жауынгерлеріміз майдан даласында қаза тапты ғой. Ағамыз да солардың бірі болар. Әкем – Әйтім Совет ауданындағы Григорьевка селосында 1916 жылы дүниеге келген. Ол кісі де осы аудандық әскери комиссариат арқылы 1941 жылы әскерге алынып, Отан қорғауға аттанады. Алғашқы кезде арнайы жауынгерлік дайындықтан өтін, соғыс өнерін игерген соң 151 атқыштар бригадасының 25781 әскери бөлімшесі құрамында минометші ретінде соғысқа кіреді. Минометшілердің майдан даласында маңызды рөл атқаратындарын соғыс тарихынан білеміз ғой. Олар сұрапыл шайқаста алдыңғы шепте болып, жаудың шоғырланған қүшіне соққы беріп, арттағы жауынгерлеріміздің алға жылжуына жол ашып отырады. Әкемнің де сондай сұрапыл ұрыстарға талай қатысып, жау құтын қашырып өз жауынгерлерінің ілгері жылжуына мүмкіндік туғызғаны даусыз. Өйткені, әкем анда-санда жазған хаттарында амандығын білдіргенімен, майдан даласындағы көрсеткен ерліктерін айта қойған жоқ. Кеинін соғыс жылдарында ерлік қимылдарамымен данққа бөленген 314 атқышгар дивизиясының құрамында болып жаумен шайқасқан. Әкемнің осы дивизия жауынгерлерімен түскен суреті сөзіме дәлел болмақ. Үш жылға жуық майдан шебінде жүрген әкем 1944 жылдың 2-ші ақпанында қаза тапқан. Денесі сол ұрыста қаза тапқан жауынгерлермен бірге Пашкан ауданындағы Столничель деревнясында жерленген. Әкем қаза тапқанда

Ұлы Женіске жетуімізге жылдан сәлғана артық уақыт қалған екен.
Әттең ол күнді көре алмай кетті.

Өкеміз соғысқа кеткенде анамыз Қадиша Қасенқызы төрт бала-мен – Ермек, Райша, Сапихан және менімен ата-әжеміз Әбдірахман Құнғожаұлы мен Шарипа Сегізбайқызының жанында қалды. Бәріміз ата-әжемізбен бірге тұрып, соғыс салған ауыртпалықты бірге көтеріп, тіршілік кештік. Ауылдағы ер азаматтардың бәрі соғысқа аттанғаннан кейін колхоздың бар ауыртпалығы, жұмыстың бар қыншылығы шал-кемпірлер мен әйелдердің иығына тұсті. Таяқ басын көтере алатын балалар ересектермен қатар колхоз жұмысына жұмылдырылды. Мен де тоғыз жасымнан бастап анаммен бірге колхоздың қара жұмысына араластым. Қебінесе атамның жанында жүріп ана-мына шаруаны атқарудың қыр-сырын үйрендім. Атам ақылды, еңбекқор жан болатын. Колхоздың не бір қын істерін атқарып, тындырымдылығымен құрметке беленуші еді. Басқарма да, бригадир де атама үнемі құрмет көрсетіп, өзгелерге үлгі етіп отыратын. Сондайды Бекенов Кәшкебай деген ағамыз қос басына жиналып, бір сәтке дем алғанымызды әлгіндей еңбекқор аталарымызға арнап бір-бір шумақтан өлең шығарып, оны жүртқа оқып, көңілімізді көтеретін. Соның екі-үш шумағы есімде қалыпты:

Әуелі шалға келсең Әбіш ағаң,
Алдына келген істі қылар тәмәм.
Осындай үлкендердің үлгі айтпаса,
Кейінгі не болады бала-шағаң.

Екінші шалға келсең Әби және,
Тырнауыш, айыр-күрек бәрі жана.
Келеді қолынан да, тілінен де,
Алдынан қалған емес жұмыс шала.

Бесінші шалға келсең Айтпай ағаң,
Олдағы келе жатыр шалға таман.
Қолымен тартып үзген көпене арқан,
Жиырма бес қайта айналып келмес оған.

Колхозымыз соғыс жылдары азын-аулақ қара мал, қой, ешкі күтіп, егін шаруашылығымен айналысадын. Одан алынған өнім Отанға, майданға жөнелтілетін. Техника болмағандықтан барлық жұмыс өзіміздің қара күшпен атқарылатын. Жер жырту науқаны басталған кезде жалғыз тілді соқаға өгіз және сиыр жегілетін. Таң сәріден қас

қарайғанға дейін соқа сүйрекен өгіз де, сиыр да тілдері салақтап әбден қалжырайтын. Мұндайда сәл-пәл дем алдырып, қайта жүргізетінбіз. Әйтпесе қажыған мал төрт тағандап жатып алатын. Соканың құлағын ересектер-шалдар ұстаса, өгіздің мүіз жібіне біздер, балалар ие болатынбыз. Ырқымызға көнбекен өгізді ұзын таяқтың басына байланған қайыс өріммен ұрғанымызда үлкендер токтау айтып отыратын. Біз баламыз ғой, үлкендер аяушылық жасаған болар. Бірақ уақыт талабы солай болды.

Жер жырту жұмысы біте бергенде тұқым себу науқаны басталады. Қазір қарап отырсам бәрі қызық, бәрі тарих. Үлкендер мойындарына дән салынған дорбаны 1ліп алып, қолдарымен айнала шашып тұқым себетін. Ал бала біткен олардың соңынан жүрін, сыйыртқымен тұқымды жасыратынбыз. Кей жерлерде дән ашық қалып жататын. Сонын өзіне егін жақсы шығушы еді.

Егін егу науқаны біте бере шөп шабу науқаны басталатыны әлі есімде. Сол кезде балаларды екіге бөлші, бір тобын егіннің арам шебін жұлуға жұмысайтын да, екінші тобын пішен жинауға апара-тын. Ауа райының минез-құлқына қарай шөп дайындау кейде күзге дейін ұласатын. Бұл кезде егін жинау, пішенді гасып, үю жұмыстары қабаттасып кететін де колхозшыларда тыным болмайтын. Біз, балалар, пішен тез кепсін деп, шөпті қайта-қайта аударумен болатынбыз. Бұдан қол босай бергенде ауыл мектебіне отын дайындау жұмысы күтіп тұратын. Одан қала берді мал қораларының қыын тазалап, мал қыстатауға дайындық жасайтынбыз. Сонда осындей қат-қабат науқандық жұмыстардың бел ортасында негізінен әйелдер мен балалар жүруші еді. Ал аға буын өкілдерінен Бекенов Кәшкебай, Бәдіреев Молдахмет, Мұқанов Ермағанбет, Смайылов Жақыпбек, Бәйсейітов Білебай, Тәшмәнов Үәйілда, Макашев Ахмет, Қасенов Жалмаганбет, Бигожин Ахметбек, Байғожин Әби, Құнғожин Әбдірақман бар жұмысқа бас-көз болатын, ақыл-кенес айтатын. Солардан үлгі алған үлкен ағаларымыз бен апаларымыз: Бибіжамал Жәлелидденқызы, Бикеш Қалиева, Жұмажар Тәшмәнова, Қадиша Абдірахманова және басқалар уақытпен санаспай еңбек етті. Тіпті олар ауруға да уақыт таба алмады.

Колхозды сол бір қыын қыстау кезінде Мақан Сандыбаев ағай басқарды. Бұл кісі ақылды, кішпепейіл, бірақ орны келген жерде қатал әрі талапшыл бола білді. «Ағаларың, экелерің майдан даласында оқ пен оттың ортасында, мұз жастанып, етігімен су кешіп жаумен айқасып жүргенде, мұнда біз де қарап қалмай, қажымай-талмай еңбек етуіміз керек. Бұл біздің Женіске қосқан үлесіміз, бауырларымыздың жауды женіп елге аман оралуына жасаған көмегіміз болуы

керек» дейтін. Баскарма ағаның осы сөзі кімді болмасын жүрлендіре түсетін. Ертенгі күнге үмітімізді ұшқырлай түсетін. Ауылдық кеңестің тәрайымы Ағыбаева Жанбала апай мен кеңестің хатшысы Мырзақанов Шаяхмет аға да колхоздағы кайнаған еңбектің бел ортасында жүріп, бас-көз болды. Шаяхмет ағай 18 жасқа толғасын соғысқа кетті.

Жоғарыда ауылдан қырық жеті ер азаматтың майданға аттанғанын айттым ғой. Солардан үш-ақ адам тірі оралды. Олар Қайнолла Ыбыраев, Есдәulet Дүйсенбаев, Ыскак Алдабергенов мүгедек болып оралса да колхоз жұмысына бірден араласып, тұрмыс-тіршілігіміздің жақсарып кетуіне ересен үлестерін қости. Бұғын ойлап отырсам, балалық бақытты шактың, бүгінгідей нұрлы өмірдің құлпыра түсуіне үлестерін қосқан әке-ағаларымыздан, аталарымыздан бастап, тыл еңбегіне қатысқан біздердің де енбегіміз ерлікпен пара-пар дер едім.

Мен тылда еңбек ете жүріп, мүмкіншіліктің арқасында ашылған мектептерде білім алдым. Он жылдықты медальмен тәмамдадым. Одан кейін Алматының ауылшаруашылығы институтына окуға түсіп, инженер-экономистік мамандық алып шыктым. 1963 жылдың мамырында Совет аудандық байланыс кеңесіндегі кіші есепші қызметине орналастым да кеингі жылдарда жемісті еңбегімнің арқасында аудандық, облыстық байланыс таралтарында басшылық қызметтер атқардым. Барлық елді мекендерді байланыс жүйесімен, радио хабарымен, хат-хабармен, газет-журналдармен қамтамасыз ету жолында үлкен жетістікке қол жеткіздім. Өзім қызмет істеген жылдары пошта жұмысын жандандыруға бар күш-жігерімді, білімім мен тәжірибелі жұмсай отырып, оның техникалық жарақтануына ерекше үлесімді қостым. Сондықтан да болар республикалық, облыстық ұйымдар маған эрдәйім ілтипатпен қарал, құрмет көрсетіп отырады. Адал да тынымсыз еңбегімнің арқасында жоғары органдардың бірнеше рет марапаттауларына ие болдым.

Міне, еліміз Ұлы Женістің жетпіс жылдық мерей тойын атап өткелі отыр. Бұл тенденсі жоқ Ұлы Мереке. Алдағы ұрпақ осы мереке үшін жанын құрбан еткен ардагерлерді, тылда аянбай еңбек еткен аға-апаларын әрқашан естеріне алып, оларға ерекше құрмет сезімін көрсетіп отырсын деймін.

*Тілек ӘБДІРАХМАНОВ,
тыл еңбеккери*

АЛҒАШҚЫ ЖӘНЕ СОНҒЫ ХАТ

Қазіргі Шал ақын ауданындағы Жаңаталап ауылдың тумасы Бидал Жарқымбаев та Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылы көптін бірі болып алғашкы лекпен ел қорғауға аттанды. Алғашында екі айдай Омбы қаласында әскери дайындықтан өтеді. Осы жерден майданға жіберіледі. Батысқа жол тартып бара жатқан ол Петрапавлдан өткенде туған жерге деген ыстық махаббаты мен сағыныш сезімін жырмен өрнектеп, осы бір алғашкы хатын жолдаған екен. Хаттағы жырды зайыбы Разила Төлемісқызы Жарқымбай келіні жадына түйіп, жаттап алса, қызы Зейникеш қағазға түсіріп, күні бүгінге дейін сақтап келген. Ал соғысқа аттанған Бидалдың бұл алғашкы және соңғы хаты болды. Содан күні бүгінге дейін Бидал хат-хабарсыз.

Колға алдым қарындаш пен қаламымды,
Жаббархақ қайырлы етсін талабымды.
Белгісіз алға қарай көз жетпейді,
Білмеймін қайда барып тынарымды.

Омбыдан сәрсенбі күні шықтық жолға,
Ей, Алла, бұл сапарды өзін онда.
Поезға командирмен мініп алып,
Карадық мойын бұрып оң мен солға.

Қосылып тоғыз жігіг елдей болдық,
Биік тау, асқар төбе, белдей болдық.
Дегенге аты қазақ қол бүлғасып,
Көз жасы аққан дария селдей болдық.

Жүргенде Омбы бізге елдей болды,
Кір жуып, кіндік кескен жердей болды.
Бір түспен кінм киіп шыққан шақта,
Бәрі де жақсы жаман бірдей болды.

Сайрандал көшелерін араладық,
Қалтада барлы-жоққа қарамадық.
Тамағын, сырасын қосып ішип,
Көп жерден бай екен деп бағаладық.

Сигнал поезд берді жүреміз деп,
Батысқа қарсы қарап ереміз деп.
Музыка марш күйин тартты сонда,
Жазасын Гитлер – зұлым береміз деп.

Сонымен поезд заулап Ергіс өтіп,
Екі жол айырылатын тұрды күтіп.
Таңына бейсенбінің сағат тоғызы,
Жеріне Қызылжардың келдік жетіп.

Мұнары Қызылжардың аспанға ұшты,
Пәрмені паровоздың сондай күшті.
Алдында ұлken бақша өткен шақта,
Елжіреп өкпе бауыр жерге тұсті.

Қызылжар күнде келип жүрген жерім,
Сайрандаш сақа арапап көрген жерім.
33 скороспен өткен шақта,
Бескөлдей қала берді жазық белім.

Есілден ағып өтті темір мосты,
Алланың не қылса да еркінде ісі.
Алдағы баар бетті ойлағанда,
Бұзылады әрбір оймен адам түсі.

Барамыз Мамлют өтіп Петекеуге,
Болмады келешекті бұлай деуге.
Болса да түстік өмір кештік мал жи,
Біз-дағы тіршіліктің қамын жеуде.

Тәуекел дариясында біз бір кеме,
Адамзат көрер істі көрмен деме.
Болса да 40 жыл қырғын ажалды өлер,
Бізді ойлан қалған жандар уайым жеме.

Макушин өтіп, бардық Челябігө,
Камали, Ғаббас, Бопаш, Қапар бірге.
Арманы бес жігіттің болмас еді,
Аман сау бірге барсақ туған елге.

Уа шыркін, туған елім, қайран жерім,
Сарыарка, Есіл өзен, ұзын белім.
Аң уатқан қара терек, акку ағаш,
Бөлгөн тал балықты мен екі көлім.

Бөлгөн тал балықты мен екі көлім,
Бала бол асыр салып жүрген жерім.
Мекен ғып ата-бабам жазы-қысы,
Тәтті өмір сауық құрып сүйген жерім.

Жаңажол, Жаңаталап, ел аман бол,
Қаратомар, Жалпақ шілік жер аман бол.
Қазтомар көк қамысы ойнаған,
Қаршыға өлеңдідей көл аман бол.

Көктөрек, Ленинменен сен де аман бол,
Азамат артта қалған ер аман бол.
Ұзын қызыл белеспенен мидай дала,
Құлазыған қос көлдеңін бел аман бол.

Қаратал, аман болғай Алқағашым,
Қайың, терек жайқалған Сазды ағашым.
Аймақты көз жеткісіз ойлағанда,
Батпады жүрегімнен ішкен асым.

Азырақ жаза салдық біз осылай,
Қалпында өткен жан жоқ бір тосылмай.
Ойласам еске қиял түсе береді,
Қарындаш біразырак тоқта осылай.

Осылай назын жазған Бидал атым,
Жәнібек руымда ата затым.
Ішинде қате болса сөкпеңіздер,
Оқыған қолына алып азаматым.

Дайындаған Жоламан ШАХАНОВ



ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

Қасен Тілеубайұлы 1896 жылы мамыр айында қазіргі Аққайың ауданының Арағаш ауылында туды. Балалық шақтың қалай тез өтіп кеткенин өзі де сезбей қалды. Жаз болса ата-ананың малын бағысуга көмектесетін, ол бос уақытында ауылдағы серіктестерімен ойын-сауықпен алданатын. Қыс болса шым үйдің пешін тезек, қамыс, шілікпен жағуға қолғабыс жасайтын. Қорада, үйдің кіреберісінде тұратын жас төлдермен әлек болып, уақыт өткізетін.

Есептің ер жеткен уақытта ол ел өмірінде бүрын-сонды ешкім бастан кешпеген курделі де соны өзгерістердің күесі болды. Қоғамдық-саяси жаңалықтар қазак елінің ойы мен қырына, шалғай елді мекендеріне де жетіп, жергілікті билік органдары тиісті жұмыстарын атқарып отырғандарымен, ірі қалаларда, оның төңгрегінде азамат соғысы шиеленіскең түрде жүріп жатты. Оны мазасыз, дүрбелен әрекеттері Петропавлдан 70-80 шақырым жердегі ауылға қунбе-қунғі хабарлар арқылы жетіп тұрды. Елде бай-кулактарды тап ретінде жою мен шаруалардың басым бөлігін ұжымдастыру науқанына тарту кезек күттірмейтін басты мәселе болды. Бұл жұмыстармен қатар әкімшілік-аумақтық өзгерістер жүргізіліп жатты.

1928 жылдың 3 қыркүйегінде БОАК Төралқасының қаулысымен Бейнетқор ауданы құрылды. Оның орталығы Шолақ-Досжан ауылына орналасты. Жаңа ауданның құрамында 14 ауылдық кенес болды, солардың бірі – Арағаш ауылдық кенесі.

Бұқыл еліміздегідей, жанадан құрылған аудандық, ауылдық органдардың алдында тұрған курделі мәселелердің орындалуы кадрларға байланысты еді. Сол жылдары Ақмола губерниясы бойынша әрбір 100 қазактың небары 4-еуі ғана аз-маз сауатты болса, шалғай аймақтағы ауылдарда 1-еуі ғана қара танитын. Сондықтан жоғары нұсқауы бойынша елде белсенділік танытып жүрген адамдар үшін Петропавлда есепші, іс жүргізуши, мәдени қызметкер әзірлейтін алты айлық, бір жылдық курстар ашылды, елге жақын Омбы, Орынбор қалаларында рабфак жұмыс істей бастады.

Қасен белсенді жастардың бірі ретінде Петропавлдағы есепшілер даярлайтын курска барды. Оны бітіріп, жергілікті кенес органдарында жарты жыл қызмет атқарғаннан кейін Орынборға бір жылдық оқуға жолдама алды. Ол сол кездегі астанадан қаржы, әлеуметтік сала қызметін атқаратын маман болып оралды да, аудандық қаржы белімінің инспекторы, кейін Ақсұат ауылдық кенесінің аппаратында ертүрлі жауапты қызметтер атқарды.

Сейтіп жүргенде ел басына күн туған Ұлы Отан соғысы басталды. Жергілікті мемлекет аппаратында жұмыс істеп жүрген Қасен-ді майданға жібермей, броньмен елде қалдырыды. Ауылдық кеңесте негізінен әйелдер қызмет ететін, сондықтан салық жинаумен жаяулап-жалпылап жүріп Қасен айналысты. Жергілікті халықтан негізінен армияға азық-түлік, ким-кешек жиналатын. Оның өзі оңай жұмыс болмайтын.

Қасен бір жарым жыл броньмен жүріп, 1943 жылдың қаңтар айында әскер қатарына алынды. Облыс орталығының іргесіндегі Борки кентінде бір айдай жаттығып, эшелонмен батысқа жөнелтілді. Мәскеу түбінде бір жарым ай әскери даярлықтан етіп, қарулас жолдастарымен Курск-Орел бағытына аттанды. Жаңа күш 1-ші Украин майданының 24-ші атқыштар дивизиясының 7-ші әскери полкіне қосылды. Ол майданды атақты қолбасшы, генерал Н. Ватутин басқаратастын. Ұлы Отан соғысының ең қырғын шайқасы Мәскеу мен Сталинградтан кейін Курск иінінде болғаны тарихтан белгілі. 1943 жылдың 5 шілдесінде басталған шайқас 1 айдан астам уақытқа созылып, 29 тамызда Кенес армиясының жеңісімен аяқталды. Бұл жерде неміс армиясының тандаулы 30 дивизиясы, оның ішінде 7 танк дивизиясы талқандалып, 500 мыңнан астам адам мерт болды. Жалпы алғанда, жаудың 1500 танкі, 3 мың ауыр артиллеријасы, 3,5 мың әуе ұшақтары жер жастанды. Қатарында Қасен бар 350 адамдық батальоннан 30 адам ғана қалды. Осы жан алып, жан беріскең ұрыста жерлесіміз бомба жарықшағынан қолдан, жамбастан жарапанып, далалық госпитальға түсті. Ол ауыр жарадан емделе сала, қатарға қайтадан қосылып, өз құрамасында миномет атқышы болды. 1-ші Украин майданы құрамында Қасен Тілеубайұлы атақты Корсунь-Шевченко шайқасын да бастан кешіп, Киевті жаудан азат етуге қатысты. Қанды соғысты ысылған жауынгер Прага қаласында аяқтады. Ол II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Праганы азат еткені үшін» сияқты 7 медальмен елге оралды.

Қасен соңғы бір жарым жылдай қолы тигенде хат жазып, амандағын білдіріп отырғанымен, елден хабар алмайтын. Үш ағалы-інілі мен жиендер отбасынан, яғни 5 үйден 9 адам соғысқа және еңбек майданына алынған екен. Содан өзімен тәрт адам ғана аман-есен елге оралыпты. Оның үстінен өзінің әйелі, ағасы Қаскейдің зайыбы мен кіші баласы бір жылдың ішінде қайтыс болыпты. Еңбек армиясында болған ағасы Қаскей елге оралысымен панасыз қалған екі баласына Қасеннің үш баласын, Кенжетай інісінің бала-шагасын, ата-анасыз қалған жиендерін қосып, бір жерде қоныс теуіп отыр екен...

Қасен елге оралғанда егін орағы жүріп жатқан еді. Ол кезде бұл науқан тамыз айында басталып, желтоқсан айына дейін созылатын. Үш күн демалғаннан кейін колхоз басқармасы Емен Ахметов оны есепшілік қызметке тағайындалды, келесі жылы бас есепшінің көмекшісі етті. Кейін майдангер Ақсұат ауылдық кеңесіне соғысқа деінгідей салық инспекторы болып қайтып оралды.

Соғыстың зардабы колхоз тұрмысына да әсер етінти. Ондағы 5 «Сталинец-6» комбайны, дөңгелекті және шынжыр табанды трактор күрделі жөндеуді қажет етеді екен, мал басы да бітуге тақаған. Негізгі жұмыс 10-15 жылқының, 8-10 өгіздің, 10 шақты сиырдың күшімен атқарылды. Егіс алқабы 450-500 гектардан аспайды. Жұмысшылар сұйық көжені ғана қорек етеді. Сондықтан болар, елдегі Оразбек ақсақалдың: «Басқармамыз Емен, тұрмысымыз төмен», - деп әндөтетінін бүкіл ауыл әзілге айналдырып алған көрінеді. Бұл сол кездегі ауылдардың бәріне де тән жағдай еді.

Қасен тың және тыңайған жерлерді игеру басталар алдында қайтадан колхозға оралып, шаруашылық мемлекеттің қызметін атқарды.

1955 жылы «Ленинский» кеңшары құрылып, оған 5 шаруашылықтың бірі болып Аралағаш ауылы да қосылды. Жаңа құрылымға Үкімет тарапынан мол қаржы бөлініп, сан алуан техника берілді. Онда еңбек етуге еліміздің түпкір-түпкірінен ауыл шаруашылығында, жаңа техникаларда еңбек ететін мамандар келді. Елге көрік беретін мәдени нысандар, түрлі-түрлі құрылыштар бой көтерді. Бірнеше жылдың шінінде кеңшар облыс аумагындағы іргелі шаруашылықтардың біріне айналды.

Соғыстан кейін Қасен 15 жыл еңбек етіп, зейнеткерлікке шықты. Ол қай салада жүрсе де, еңбекқорлығымен, белсенділігімен көзге түсті. Майдан даласында алған наградаларына «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медальдары қосылды.

Соғыс және еңбек ардагері Қасен Тілеубайұлы 1979 жылы 7 сәуірде 83 жасында дүние салды. Оның бар арманы ұлын – ұяға, қызын – қияға қондыру еді. Ол тілегі де орындалды. Олардың бәрі де майдангер аталарын мактан етеді.

Зәйт ҚАСКЕЕВ,
Казакстан Республикасының дербес зейнеткери



СОҒЫСТА – МЕДАЛЬ, БЕЙБІТ ЕҢБЕКТЕ – ОРДЕН

АЛҒАН ӘКЕМІЗ МАҚТАНЫШЫМЫЗ ЕДІ

Біздің әкеміз Базылхан Исинді соғыстың алғашқы күндерінде әскер қатарына шақыртты. Ол соғыс басталғанға дейін Жамбыл ауданындағы Нұрымбет ауылында мал өсірумен айналысады. Соғысқа Исиндер отбасынан төрт ағайынды бірдей аттанған еді.

Әкейдің үлкен ағасы Мырзабек соғыста хабарсыз кетті. Одан кейінгі Мырзат майдан даласынан мүгедек болып оралды. Ал одан кейінгі Темірхан да I топтағы мүгедек болып келді. Ол Берлинге дейін барып, Женіске 4 күн қалғанда, 5 мамыр күні Берлин көшесіндегі болған қиян-кескі ұрыстарда ауыр жарапанады. Олардың бәрінің де соғыс жылдары алған орден, медальдары бар.

Әкем соғыс жайында онша шешіліп айта бермейтін. Ол 87-ші атқыштар полкінің құрамында қатардағы солдат болып, Сталинград түбіндегі шайқастарға қатысып, сонда ауыр жарапанады. Әкем соғыстың алғашқы кезі өте ауыр болғанын айтатын еді, солдаттарға қару-жарақ, оқ-дәрі, тамақ жетіспеген. Немістердің жақсы қару-ланғаны соғыс барысында айқын байқалған.

Олардың солдаттары автоматпен қаруланса, біздердікінде винтовка ғана болыпты. Соның озі де жетпеген. Сол себепті соғыстың алғашқы сэттерінде інығын коп болған. Осындағы әңгімелерінің бірінде әкемнің біздің солдаттарға бас көтертпей, алға ұмтылғанды атып түсіріп отырған немістің снайперін андып, тауып алып, көзін құртқаны, сол үшін медальмен марапатталғаны есімде қалыпты.

Ол кісі елге оралған соң ұзақ жылдар бойы Тимирязев ауданының «Целинный» кеңшарында тұрган майдандас жолдастарымен хабарласып тұрды. Олармен әр жылы 9 мамырды бірге қарсы алатын. А纳мыз Бәтима Құсайынова екеуі жарты ғасырға жуық бірге тұрып, бес баланы тәрбиелеп өсірді.

Біздің отбасымыз мерекелерді атаусыз қалдырмайтын. Солардың ішінен Женіс күнін ерекше көретінбіз. Бұл күні әкеміз омырауына ордендері мен медальдары тағылған мерекелік костюмін киіп, көпшіліктін ортасына шығатын.

Соғыстан кейін ол өз облысымыз беренесе Қостанай облыстарының егін және мал шаруашылықтарында қажырлы еңбек етті. Еселі еңбегі үшін Ленин орденімен, «Еңбек ардагері» медалімен, көптеген грамоталармен марапатталды.

1992 жылды Женістін 50 жылдығын көре алмай, әкеміз қайтыс болды. Алайда, әр жылы 9 мамырда біз жиналып, әке-шешеміздің басына барып, аруағына бағыштап Құран оқымыз. Сонда бір жағынан әкемізді Женіс күнімен құттықтап қайтқандай боламыз.

Айтқожа ИСИН

МАЙДАНҒА ЖОЛДАНҒАН ХАТТАР

Халқымызға соғыс салған жара оңай болған жоқ. Арада жүрген қариялармен сырласа отырып, соғыстың сұрапыл қырғын екенин мойындайсың, ерлердің ерен ерлігінін жаңында бас иесін. Соғыстың ізі біздің шаңыракқа да сокпай кетпеді. А纳мыздың жалғыз бауры, Ұлы Отан соғысының ардагері, біздің сүйікті нағашымыз Әйш Әнәсұлы 1943 жылы 1 мамырда соғысқа аттанған. 8-ші гвардиялық дивизияда 1944 жылғы 19 кантарға дейін 45 мм зеңбіректе көздеуши болған. Қан майданда жүргенде сондай сағынышты қүндерде а纳мыздың жалғыз баурына жазған хатының орны ерекше болған. Біз де қазір сол өлеңмен жазылған хаттарды оқып, а纳мыздың жан толғанысын сезгендей болдық. Сіздерге сол өлеңдерді ұсынуды жөн көрдік.

Хат жазсам баурыма баар ма екен,
Тілекті бір Құдайым берер ме екен?
Тілекті бір Құдайым берер болса,
Баурым аман-есен келер ме екен?

Оқимыз біз қуанып хатынды ашып,
Келер деп елге есен судай тасып.
Тапсырдық не қылса да бір Аллаға,
Ішіне кірдін жаудың араласып.

Бұл күнде жүр екенсің қандай жерде?
Асынып алмас қылыш буған белге.
«Болат бол болған іске» деген қайда,
Айтыпсың мынау хатта қауіптерді.

Бір Алла қосар ма екен басымызды,
Тоқтатып көзден аққан жасымызды?
Баурым әлдеқандай халде жүр деп,
Жадырап ішін алмаймыз асымызды.

Холм деген өзениңд жағасында Великие Луки қаласын босату кезінде қатты жараланып, үш ай госпитальда жатқан күндерінде қарындасының өлеңмен жазған тағы бір хаты ағасының жанына шипа болғандай, жігерін жанып, қайрат берген сол хаттың мазмұны тәмен-дегідей:

Жалғыз бауырым мен айтайын сырымды,
Ағытайын көңілде бар шынымды.
Қашан көріп есен-аман өзінді,
Көңді шіркін алар қашан тынымды?

Әйші бауырым, бір атадан жалғыз ең,
Алда аға, артта іні жоқ, тұр кем.
Жалғыздықты ой жүгіртп ойламас,
Деген ойды күтіп тұрмын мен сенен.

Кеше бала ең, бүгін өсіп ер жеттін,
Жаудан Отан қорғау үшін сен кеттін.
Ата-ана, бауырларды қалдырып,
Ой-қиялын сағынышпен тербеттін.

Қарындасың мен жалғызының артында,
Жетім көп қой мен сияқты халқында.
Бір тілегім, жан бауырым, бір сенен:
Жауыңа ұмтыл, әрқашанда тартынба.

Ата-анам да тілейді сенің артынан,
Сәлем айтам ағайын-туған жалпыдан.
Есен келсе деп тілейді-ау бұлар да,
Өлсек дейді сен келген соң алдында.

Жазған сырды – қарындасың Құләйін,
Амандықпен көрісуді сұраймын.
Еске түсіп жалғыздығың, бауырым,
Терен ойда бүгілгі күн жылаймын.

14-15 жасында осы өлең жолдарын соғыстағы бауырына жолдап, жан сырын актарған анамыз бүгінгі күні сексенниң сенгірінде, 9 баланың анасы, «Алтын алқа» иегері. Ұлы Женістің ұлы тойын ағасы екеуі бірге қарсы алғалы отырған анамызға және нағашымызға тек жақсылыққа кенеліп, балаларының қызығына тоймай, әлі де жасай берулеріне тілектесінз.

Тілек білдіруші жиендері: Сәуле, Қыпшақ, Өмірзак, Ботагез, Рахметолла, Салтанат, Сайран, Есенжол және Асыл.

Жамбыл ауданы, Благовещенка ауылы

ҚАРТ МАЙДАНГЕР

ЕҢБЕККЕ ЕРТЕ АРАЛАСЫП, СОҒЫСТА ШЫНДАЛДЫ

Ұлы Отан соғысы жылдары қару асынып, белі қатпай майданға аттанған бозбала жігіттер осы күні шау тарткан ақсақал жасына жетті. Жылдан-жылға қатары сирей түскен олардың қайталанбас ерліктерін көпке жеткізу – бұғынғы ұрпақтың міндесі. Ұлы Отан соғысының және ішкі істер органдарының ардагері Шаяхмет Мырзақанов та Отан үшін от кешкен жандардың бірі.

Шаяхмет Мырзақанұлы 1925 жылы 15 қарашада қазіргі Аққайың ауданында шаруа отбасында дүниеге келген. «Соғыс басталған тұста мен 16 жастағы жасөспірім едім. Фашистердің Кеңес Одағына қарсы соғыс ашып, шекараны бұзып өткендігі туралы сүйк хабарды естіген күннен-ақ ауылдағы ер адамдар майданға аттана бастады. Біз болсак, әйелдер, қартайған әжелермен бірге егін егіп, өгіз айдау, жер жыртумен айналысып, тағдыр тауқыметін сол кезден бастап сезіндік», - дейді Шаяхмет ақсақал өткенді еске алып.

Шаяхмет Мырзақанов 1941 жылы Амангелді ауылдық қеңесіне хатшы болып тағайындалып, енбек өндірісіне толыққанды кіріседі. Ол кезде жеті ұжымшарды қадағалау керек болатын. Қеңес орталығында телефон деген мүлде болмалты, жолдары да жаман, әсіре-се, қыста қозғалу қыынға соққан. Болашақ жауынгер 1943 жылы 6 ақпанда әскер қатарына шақырту алып, Алматыда офицер құрамын дайындастын жаяу әскер училищесіне б айлық оқуға түседі. Бірақ маусымда әуе десанты әскеріне қабылдау басталып, жас Шаяхмет мандат комиссиясын сәтті өтіп, Ресейдін Иваново облысы Тейково қаласындағы 8-інші гвардия әуе десанты бригадасына аттанады. «Парашютпен 86 рет секіргенімді зор мактандышпен айта аламын», - деп еске алады. 1944 жылы Могилев облысының Быхово қаласында жас офицерлер соғысқа аттанар алдында қыын жағдайларға қарамастан, күні-түні жаттығып, тәжірибе жинақтап, парашютпен секіруді менгеріпті.

«1945 жылдың сәуір айында бригадамызды таратып, 346-атқыштар полкінің 104-дивизиясы үшінші Украин майданы жаяу әскері ретінде бізді Чехословакияның Прага қаласы Тabor станциясына алып кел-

ді. Мұнда да жаттығуларымызды тоқтатпадық, өйткені, соғыстың аты соғыс, кез келген сэтте шайқас алдындағы жолдастарымызға көмек беруге әзір болу шарт. Үш айдан кейін Венгрияның астанасы Будапештке 1300 шақырым жолды жаяу жүріп еттік. Ол кезде ауа райы ыстық болғандықтан, түнде жүргуте тура келді. Осылайша 33 түн жүріп, қатты қиналған кезіміз де болған-тын», - дейді ардагер атамыз.

Фашистік Германия әскерінің талқандалғанын, Женіс туының көтерілгенін Табор станциясында естіген ержүрек атамыз ұмытылмас қуанышты сәтті көзіне жас алып былай деп жеткізді: «Танғы сағат 5-те дабыл жарияланып, дереу сап түзеуге бұйрық түсті. Бір кезде саяси бөлім мемгерушісі жүгіріп келіп, «ЖЕНІС! ЖЕНІС!» деп айқай салды. Қуаныштымызды шек болмағандығы соншалықты, асынған мылтықтарымызды оқтап, бас киімдерімізді аспанға лактырып, көкке ата баставық. Осылай біраз уақыт тойлап, таңғы асқа да бармай, түс кезінде ғана есімізді жидық».

Алайда, Женіске қол жеткенімен ішкі жаумен ұрыс аяқталмады. Кеңес әскеріне Венгриядағы бандерашылар мен власовшыларды басу оңайға түскен жоқ. Олар көп уақытқа дейін берілмей, қорғанысты үстап тұрды.

1946 жылы Псковке оралған Шаяхмет атамыз соғыстан кейінгі Ұлы Женістің бірінші әуе парадына Тушино аэродромында 36 ұшақ пен 800 адамнан жасақталған құрамының қатарында болған. Бұл жөнінде майдангер: «Парад алдында 12 рет жаттығу жұмыстарын жасап, 13-шіншінде секірдік. Барлығын ойдағыдай орындалап шықтық. Парадты Сталин мен жоғарылауазымды адамдардың бақылағанын естігенде қуаныштымыза шек болмады», - деді.

1947 жылы әскери-саяси дайындықтың ұздігі танылып, коммунистік партия құрамына кірген Шаяхмет Мырзаканов кейін Эстонияның Влага қаласында әуе десанты әскерінде командир ретінде сарбаздарға тәлім береді. Ол соғыс кезінде көргенін жастарға үйретуден жалықпайды. 1950 жылы туған жеріне оралған майдангер Совет аудандық партия комитетінде қызмет атқарды. Бұл қызметіне кейіпкеріміз Әмірінің 16 жылын арнап, 1966 жылы облыстық партия комитеті бюросының шешімімен Аққайың аудандық ішкі істер органдарына жіберіледі. Мұнда 17 жыл саяси бөлім мемгерушісі қызметін атқарған майдангер майорлауазымында зейнеткерлікке шығады. Бұғандегі Шаяхмет Мырзаканұлы зайыбы Рәш апамен 4 қызы, 1 ұл тәрбиелеп отыр. Олардың 9 немересі мен 1 шөбересі бар.

Қария бос уақытын I. Есенберлин мен М. Әуезовтің шығармаларын, түрлі газет-журналдарды оқумен өткізеді.

Қанат ҚАСЕНОВ

АЗЫРАҚ СӘЛЕМ ЖАЗДЫМ ЕЛІМІЗГЕ

Мен Күлбаршын Ділдебайкеліні, жасым жетпістен асқан кейуана-мын. Тұрағым – Мамлют ауданындағы Ленин ауылы. Редакцияға хат жазуымның себебі – колымда майданнан жазылған өлеңнің сақта-луы. Оны жазған адам – Сәду, бір атаның үлкені. Бұл кісі Сағынбай және Қамас атты екі бауыры және өзі майданға аттанып, туыстары хабар-ошарсыз кетіпти.

Соғыстан бұрын Сәду мен Қамас шаңырақ көтерген, ал Сағын-бай жас қалған еken. 1942 жылы Сағынбай да майданға алынады. Өз атам Ділдебайдың Сағындық деген баласы соғыстың екінші жылы майданға Сағынбаймен бірге аттаныпты.

Ағайынды үш адамның үлкені Айғожадан туган, бұлардың анасы Құсни еді. Сәду ағай осы өлең-хатты шешесі Құсниға арнап жазған. Менің келин бөліп түсken үйім Айғожамен ағайын.

Осы өлеңді оқып өтүрғанда майданда – қанды қырғынның орга-сында оқ пен от кешіп жүрген жауынгердің ел-жүртқа деген ыстық сағыныны, сөнýмен бірге зұлым жауға қарсы ерік-жігери анық атой-лап тұрады. Сәду ағаның сол өлеңі мынау:

Азырақ сәлем жаздым елімізге,
Кір жуып, кіндік кескен жерімізге.
Жаз жайлай, күздік пенен қыстау қылған
Байжырық, Суаткөлдей көлімізге.

Еліме сәлем жаздым кезек-кезек,
Орынсыз сөз сөйлемен жазып, тежеп.
Саянда төрт түлік мал саялаған
Кәрі қыстау, Қоскөл менен Ұзынөзек.

Әуелі сансыз сәлем, апа-жаным,
Жаралды неге бөлек менің жаным?
«Жаман айтпай – жақсы жоқ» - дегендейін,
Кешіре гөр ақ сүтінді тапсырганым.

Белгісіз бір бағытқа алыш барад,
Артымда туыстарым қалып барад.
Туыстық, жақындыққа қарамастан
Паровоз скорысқа салып барад.

Бір аяғынан жараланған соң ол елге оралады. «Мұгедекпін» деп отырып қалмай, шаруашылыққа араласып, кеңшардың малын бағып, еңбек етіпті. Майданда қалған қатарлар жауынгерлеріне азық-түлік, ким-кешек, тағы басқа кажетті заттарды жіберуге көмектескен. Кейін өмірлік жары Бәткенмен де танысадың сәті түсіпті. Түрлі дәрежедегі орден-медальдармен марапатталған атама Үкімет автокөлік те сыйлапты.

Әжем әке-шешесінен тым ерте жетім қалып, өмірдің қындығын жалғыз көтерген. Ол – тың және тыңайған жерлерді игеруге мол үлес қосқан жандардың бірі. Сол еңбегі үшін медальмен марапатталған. Колына қару ұстай алатын азаматтар соғысқа аттанғанда, әжем си-яқты әйел адамдар мен жасөспірім ұл-қыздарға тылда еңбек етуге тұра келіпті. Сол кездері барша ересек ауыл тұрғындары үйқы көрмей, кейде ашқарынға қарамай құні-тұні тынбай енбектенген екен. Майданда кеуделерін оққа тіккен бірінің баласы, ал бірінің жолдасы үшін бар күш-жігерлерін аямаған.

Атам мен әжем Қымбат, Нұржамал, Ұмынай есімді үш қыз бер мениң әкем Өміrbайды дүниеге әкелді. Балаларын ел қатарлы өсіріп, ержеткізді. Бүтіндегі олар ата-ана арманын іске асырып, үрпақ өрбітуде.

Егер атам тірі болғанда, 9 мамырда Ұлы Женістің 70 жылдығымен бірге, оның 104 жасқа толғанын да тойлар едік. Әр жылы 9 мамырда отбасымызben жиналып, туған жеріміз Майбалық ауылына барып, атам мен әжемнің аруағына дұға бағыштаймыз.

Maқпал ӨMІРBAIҚЫЗЫ

СЫРЫМДЫ БАЯН ЕТТИМ СҰРАҒАНҒА

Мен Ақжар ауданының тумасы Шалқарбек Кәрібай, Қарағанды қаласында қызмет атқарамын. Ұлы Женіске жетуді армандаған боздақтар майдан даласында қанға бөгіп, бірі елге аман оралса, енді бірі мәңгілік жер құшып, жат жерде қалды.

Сондай ерлер Мұхамеджан Мұқанжарұлы майданнан елге жазған өлеңдері менде сақтаулы еді.

Мұхамеджан Мұқанжарұлы 1923 жылы бұрынғы Көкшетау облысы Қызылту ауданының Бұланбай ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Қызылжар қаласынан майданға аттаныпты. Серпухов қаласындағы госпитальдан сауығып шығып, соғысқа қайтадан қатысқан.

1943 жылдың қараша айында Киев бағытындағы қанды ұрыстардың біріне қатысып, содан хабар-ошарсыз кеткен.

Мына өлең-хатын 1942 жылдың тамызында жазған.

Сырымды баян еттім сұрағанға,
Біз қалай кірген едік ұлы дауға.
Жылында қырық екінші, август айы,
Кездестік немістермен соғысуға.

Жаяулар жауға шапты айғай салып,
Окопта командаламен жата қалып.
Немістер алдымында үш жуз метр,
Келемін винтовканы қолыма алып.

Ерекес, айғай-шудың қызған кезі,
Сағат та кешкі бестің мезғілі еді.
Екі жақ жан аямай атысқанда
Тұтін мен тек қою шаң сезіледі.

Егіннің ішін ала жатып едім,
Аянбай винтовкадан атып едім.
Жау да атты біз атқан соң жан аямай,
Талайы құлап жатыр небір ердін.

Оқ тиді омыртқа үстін ала,
Қан ағып, алақандай болды жара.
Келемін санчасті іздеп ақсай басып,
Жалғыз-ақ қуат берсін Хақ-Тағла!

Таба алмай госпитальды адастық біз,
Сағат та түнгі он екі болғандай кез.
Кездесін алдымындан қазған окоп,
Келдік те сол араға түнедік біз.

Тұнімен жара қақсан ауырады,
Сөйткенше таң сарғайып атып қалды.
Бір кісі бізге келіп жолықты да,
Подводпен госпитальға әкеп салды.

Көргөнді айта берсөн, ол бір қызық,
Қағазга соның бәрін алдым сыйып.
Начальник госпитальдың приказымен
Келеміз пароходпен суда жүзіп.

...Қоршаган ну қарагай қала сырты,
Төрт этаж қызыл үйге әкеп тықты.
Жатырмын жолдастармен тілеп өмір,
Алдағы кім біледі көрешекті...

Кейбіреу туған жерін мадактайды,
Әрбір жас құрбы сөзін ардақтайды.
Тағы да кейбіреулер түсін жорып,
Өмірін таразылап, салмақтайды.

Ендеше, сол жастардың біреуі – мен,
Іздесе табылмай ма маған да тең?
Ел үшін құрбан болсам, арманым не,
Артымда Шәйкенжан бар, етегім кен.

Өубәкір, Сыздық, Кенже, Кәрібай-аға,
Агатай, ауыр емес менде жара.
Болған соң сүйек аман еш нәрсе етпес,
Қорықпаныз, қосылармыз біз де жанға.

Осымен жұрт тізбегі тоқтасын да,
Есте жок бір өзеннің жағасында.
Соғыста бес күн боп жарапандым,
Майданның Брянск даласында.

Денесі жерде қалды талай ердін,
Сонда да тойымы жоқ қара жердің.
Кезінде бір-бір елге ие боған
Қаншасы мерт болды ғой кеменгердің.

Тамаша, жастық дәурен, өткениң бе,
Дәл биыл он тоғызға жеткенимде?
Не көрдім бұл өмірде, жастық шакта,
Арманда, жастық дәурен, өткениң бе?!

Жасады кім қиянат өміріме,
Жетем бе армандаған тілегіме?!
Алпыс жас жасаған да армандайды,
Қалай дерт орнамасын жүрегіме...

Мұхамеджсан МҰҚАНЖАРҰЛЫ

ЕЛІМ ДЕГЕН ЕРЛЕР БАР...

Одан аргысын айтпағанда Қазақ хандығы құрылып, киіз туырлықты алаш жұрты таңбалы таста серт байласқаннан кейін егемендігін сақтап қалу үшін қаншама соғысты басынан өткермеді. Елім, жерім деп жаңын шүберекке түйген батырлар аз болған жоқ. Бес қаруын асынып, сәйгулік атқа мінін туган жерін көзінің қараашығындау сақтап келді. Артындағы үрпағына кең-байтақ даланы мирас қылды. Намыстан жаралған Қазақ баласы Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні қарсанында Отан алдындағы борышын абыраймен өтеп Батыр деген атақ алмаса да, батырлық жасаған жерлестерім жайында айтпасақ, өкініші кеппес.

Қазак ежелден ұл туса Отанын қорғар ер-азамат дүниеге келді деп қуанады. Жауынгер халықтың көшпелі өмірінің әр қуні қарбалас пен қақтығысқа толы болғасын шығар, сірә... Жастайынан оны ат үстінде мықтап өтыруға үйретін, бес қаруын сайлады. Ал кешке әжелері батырлар туралы қисса-дастандарды құлағына сініреді. Бесіктен белі енді ғана шыққан бала Алпамыс пен Қамбарды ұлғи тұтып, солардың ерлігін қайталасам деп армандайды. Қиялына қиянат бітіп, талай жауды қирата женеді, елін қорғайды. Бұл – әр баланың тілегі. Біздің бүгінгі әңгімеміздің кейіпкери де осындай қиялмен өскен бөлса керек, сірә...

Сірә дейтініміз ол кісі бүгінде оргамызда жоқ. Бірақ Абайша айтқанда «олді деуге бола ма, ойландаршы, өлмейтүғын артында сез қалдырған». Ол кісі болмаса да оның өзін көрген, ел басына күн туған қыын заманда ісіне сүйсінген адамдар бар. Бір сөзben айтқанда, ешкімнен ерекшеленбесе де, тұр-тұлғасы мен іс-қимылы, сейлемен сөзі оның өзгеше жан екенін көрсетпі тұрушы еді, дейді көзкөрғендер.

Қазіргі тілмен айтқанда, Шотке Аушахметов 1916 жылы Омбы облысына қарабасты Павлоград ауданындағы «Большевик» ұжымшарында қарапайым отбасында дүниеге келген. Балалық шағы нағыз қысталанған кезге тап болып ерте есейеді, тұрмыстың да тауқыметін көп көреді. Ел етек-женін жинап, тұрмысы енді түзеле бастаған



сәтін өз кезімен көріп, оның қасіретін өз басынан өткөрген жауынгер. Бірінші күннен бастап сапка тұрған ол бірнеше мэрте жарақат алса да, тұтынға екі кайтара түсіп, неміс басқыншыларының корлығын көрсе де, оған өмірдің дәм-тұзы ұзағынан бұйырған екен. Әлде елінде қалған анасының тілеуі қабыл болды ма, мүмкін Алланың мейірімі ерекше түсті ме, экем әркез ажал тырнағынан сыйылып шығып отырған. 1945 жылы мамырдағы Женіс күнін Эльбада қарсы алған ол жеті жыл жеті ай дегенде, 1946 жылы сліне аман-есен оралады. Ол соғыстан кеин де 42 жыл тыным таппай еңбек етін, елине сыйлы ардагерлердің бірі бол ғұмыр кешті. Әкемнің майдан даласы мен қанды көйлек жолдастарын еске алып, өз қолымен жазған қойын дәптеріндегі әр сөз, әр сөйлем біздердің көкірегімізде әлі күнге дейін сайрап жатыр. Сол әкемнің естелігіндегі соғыстың алғашқы күндерін суреттеген ой-толғанысынан үзінділерді сіздермен бөліскелі отырмын.

Ұлы Отан соғысы. Әскери қызметтен үзінді, - деп басталады әкемнің естелік дәптері. – ...ұрпағым аталарының басынан өткен қылышынан тағдырынан тағым алсын. Адам баласының жеңбейтін қыындығы, алмайтын қамалы жок. Кешегі алакүйін соғыста от пен оқтың ортасында жүрген сәттерде әр жауынгер иә «қайсымыз тірі қалсақ, сонымыз соғыстың зұлымдығын ұрпактарға жеткіземіз» деп серттескен едік. Берген сертте тұру үшин өмірдің сол бір ауыр белестерін санама қайтара оралтып, естелік жазуды жөн көрдім», - деп сөзін жалғаған ол солдаттың азапты өмір жолын ақ қағаздың бетіне түсіреді.

Менің экем Сәдуақас Хамзин 1918 жылдың 10 маусымында казіргі Шал ақын ауданының Жаңаталап ауылында туған. Текті әuletten шыққан әкемнің арғы атасы Байғара қазақ-қалмақ соғысында ер-жүректік танытқан батыр болған деседі. Алты жасында ескіше хат танып, он екі жасында латынша сауатын ашқан. Аштық жылдарының қасіретінен кос бауырынан айырылып, ашаршылықтың да ауыртпалығын басынан өткөрген.

1939 жылғы наурыз айында 21 жасар экем Сәдуақас әскери-азаматтық борышын өтеуге армияға шақыртылады. Естеліктен үзінді:

«Кызылжарда 10 күн әскери ойын ойнадық. Сол қалада 771-ші атқыштар полкіне бөлді. Мен 1-ші рота, 1-ші взвод, 1-ші бөлімшениң жауынгері болдым. Орысша білмейтін біздер үшин әскери қызмет қыындықпен басталды. «Онға», «солға» деген команданы түсінбей. білместік жасап та жүрдік. Армияның тәртібіне сағат санап, күн сайын үйренуге тұра келді. 16 наурыз күні Ленинград вокзалы арқылы қосымша құрам ретінде Финляндия соғысына барасындар деген бұйрықпен сол бағытқа карай бет алдық. 19 наурыз күні фин-

дермен ымыраға келиш, соғыс токталды деп хабарланды. Әрине, біз оған қатты қуандық. Біздің вагонды эшелонның артына тіркеп, кері қарай әкетті. «Тракторист болғандарыңды артиллерияға қосамыз», - деді командиріміз. Сейтіп, біздерді артиллеристерге қости. Әскерде жүргенімізге бір ай. Орыс тілін үйренгінміз де шамалы, тек «завтрак», «обед», «ужин» деген сөздерді анық түсінеміз. Тамақ ішу қажет болған соң тез ұғынып алсақ керек. Өз тілің журменген жерде тірінің қоры екенсін. Апталар, айлар өткен сайын әскери дайындықта ысыла түстік, тілді де менгере бастадық. Біздің бөлім көп ұзамай Москва әскери округіне аудысты. Сосын Наро-Фоминскіге келін, қысқы казармаға орналастық. Әскери тәртіп одан әрі қүшайтіле түсті», - деген әкемнің сөзіне қарағанда Кенес елі соғысқа дайындала бастағанға ұқсайды. Сейтіп, әскер қатарындағы күндер жылжып, жылдар аудысады. Көп ұзамай елге қайтамыз деген үміт те жас жауынгерлердің кекрекіндегі ұялайды. Сейтіп, елді, туған-туыстарды сағынып күн санап жүргенде 1941 жылдың таңы да атады.

«Мамыр айында жазғы күнінде аудысып, лагерьге көштік. Тұрағымыз – палаткалар. Мамыр айы бойына жаумен қалай соғысуды, қандай әдіс-тәсілдерді қолдануды, жаяу танкімен бірге шабуылға шығып, жауды қалай женуді үйрендік. Осылайша соғысқа дайындық жақсы жүріп жатты. Жиң-жиң дабыл беріледі. Күндіз-түні әскери дайындықта болдық», - деп жазылған естелігінде.

«22 маусым күні біздердің маневрге барған жеріміз Москваниң батыс жағындағы 40 шақырымдық Киев жолының ұстіндегі орман арасы болатын. Сол күні сағат 12-де ағаш арасының алаңқай жеріпен дот, блиндаж қазып, артиллерианың снарядтары өтпейтіндей қылып төле жасадық. Ішінде тынығып отырмыз. Анадайдан рота командирі лейтенант Токтауылов, взвод командирі лейтенант РАЗИН, политрук ага лейтенант Степанов үшеуі келе жатыр екен. Өндөрі қашып кеткен, түстері суық, қолдарында жасаураған көздерін сұрткен қол орамалдары. Токтауылов қатты дауыстал: «Рота төрт колоннамен сапқа тұрындар, политруктың саяси ақпаратын тындандар!» - деді.

Саптың алдына шыққан политрук Степанов қайратты, ызғарлы даусымен: «Жолдастар, командирлер. Бұғін сағат 12-де Москвадан суық хабар келді. Герман фашистік армиясы шекарадан өтіп, соғыс жариялады жабауыл жасаған.

Шекарадан 50-100 километрге өтіп, 4 қаланы бомбылаған, деді де, - Коммунистік партияны, совет халқын еш уақытта, ешкім де жене алмайды. Біз фашистерге тойтарыс береміз», - деп жауынгерлерді жігерлендіруге тырысты. Соңан соң Токтауылов та жалынды сөз сөйлемеді. Біз майданға бет алдық».

Тепсө темір үзетін жігіттер, ескери жаттығуға шыныққан жауынгерлер алдында не күтіп тұрғанын білген жоқ еді. Олардың көңілін жаулаған бір-ак арман – жауды женип, тұған елге оралу, тал бесігі тербелген жердің топырағын басып, ағайын-жұртпен қауышу. Эрине, командирлердің өніндегі қобалжу солдаттарға да әсер етпей қоймады. Ойлаған армандары орындала ма, алдағы күндер бұлыңғыр тартты.

«Біздер 24 маусым күні кешкі сағат 6-да соғысқа аттандық. Оркестр біздерді 10 шақырымға дейін музыкамен шығарып салды. Беталысымыз – Москва-Минск тас жолымен Смоленскі бағыты. Біздің полктің алды-артының ұзактығы 75 шақырым, машина арасы 30 метрден еді», - деп соғыстың алғашкы күндерінен бастап естелік жазған әкемнің қойын дәптері қалың еді. Біздер үшін сол заманың ауыр кезеңін сипаттаған ол дәптердің көтерген жүргі де салмақты болды.

Біздің шағын ғана елу отбасылы Жаңаталап ауылдың өзінен соғысқа 95 адам қатысып, оның елу сегізі майдан даласынан оралмаған. Бала кезімізде омырауларына ордендері мен медальдарын тағып шыққан соғыс ардагерлерін көрудің өзі бір ғанибет екен-ау. Ұақыт жүйрік, оның өз дегені бар. Қазір ауылда бірде-бір соғыс ардагері қалмаған.

Әкем Сәдуақас Хамзаұлы 1995 жылдың 18 қыркүйегінде бүл өмірден етті. Женістің 50 жылдығын көрсем деген арманы жүзеге асты. Соғыстың қасіреті мен ауыртпалығын ұрпағының санасына сінірсем деген жауынгерлік уәдесі де орындалды. Бүгіндері әкемнің соғыс турулary, Отанға деген сүйіспеншілік, киын-қыстаудағы ел бірлігі, өз ортаңа деген құрмет жайлы айтқан өсietтері бізге тағылым болды.

Галия СӘДУАҚАСҚЫЗЫ, журналист

ӨНЕГЕ ТҮТАР ТҰЛҒА

Құдай берген ғұмырын адал атқарып, бір бойына адами асыл қасиеттерді жиып өскен, өзі жүріп-тұрған ортаға қайырымдылық ілтипатымен жан жылуын төккен, сегіз қырлы, бір сырлы өнерімен де өзгелерді тамсандырып, еңбегімен де, ерлігімен де кейінгілерге үлгі-өнеге көрсете білген қадірменді қарияларымыздың бірі – Балғожа Кенжеғозин. Өмірден өтсе де осындаид сан қырлы қасиетін көрген-білгендер ол кісінің есімін жи естеріне алғып, рухына тағзым етіп отырады.

Балғожа Кенжеғозин Жамбыл ауданындағы Есперлі ауылдында 1902 жылы дүниеге келген. Жоқшылықтың тауқыметінен енбекке ерте араласты. Өн бір жасында бай есігінде батрак болып енбек етті.

Өмірдің ашы дәмі оны ерте есейті, шынықтырды. Жасынан еңбек ете жүріп, ет тірлігінің арқасында өздігінен, кейін ауыл молдасынан хат танып, білім алды. Білсем деген алғырлығы, тыңдырсам деген іскерлігі өмірден жаңылмай өз орнын табуға жетелей тұсті. Сонын да әсері болар, ізденип, талпынып жүріп, колхоз председательдерін даярлайтын курсқа окуға тұсті. Оны ойдағыдан тәмамдалап келген соң Төңкөріс ауданында ауылдық кеңестің, Жарқын ауылдық тұтынушылар одағының төрағалық қызметтерін атқарды. Кейін қызметі өсіп, Преснов аудандық тұтынушылар одағы төрағасының орынбасары болды. Қай қызметте болса да шаруа біткеннің бел ортасында жүрді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Балғожа Кенжеғозин қырықтан асқан ересек жаста болатын. Бұл кезде отызға дейінгі тепсе темір үзетіп ер азаматтарды әскерге алып, Отан қорғауға майданға аттандырып жатты. Ал тылдағы еңбекті тоқтатпау үшін шаруашылықты басқара билетін жауапкершілігі мол білікті басшыларды, небір тәжірибелі мамандарды кейінгіге қалдыратын болды. Балғожа да осындай билікті басшы ретінде елдегі шаруашылықты басқаруга қалдырылды. Бірақ ол қараптан-қарап отырмай, бойын намыс отыбуып, Отан – Анасын жау шенгелинен құтқару үшін соғысқа жіберуді сұранып аудандық әскери комиссариатқа барды. Ел басына қауіп-қатер төнген сол бір киын шақта өз еркімен соғысқа жіберуді өтінген ер азаматтар аз болған жоқ. Бәкен де солардың бірі болатын. Ақыры өтініші қабыл болып, Преснов аудандық әскери комиссариат арқылы сол кезде ерекше маңызы бар Орал қорғаныс заводына жұмысқа жіберіледі. Жасыралыны жоқ, соғыс басталғанда Кеңес Одағына қараганда Германия басқыншыларының қару-жарагы да, соғыс техникасы да әлде қайда басым болатын. Сондықтан тылдағы қорғаныс заводтарының жұмысын бұрынғыдан да күшайте тұсу үшін сенімді жұмыс күші ретінде ер азаматтардың біраз бөлігі осындай соғыстық маңызды өндірістік орындарға тоғыстырылды.



Балғожа Кенжеғозин

Орал әскери қорғаныс заводы негізінен танк шығаруға негізделген болатын. Заводтың станоктары күндіз-тұн жұмыс істеп, конвейерлерден жана танкілер шығарылып жатты. Олар бірден ұрыс дала-сына жіберілді. Міне, осы шығарылып жатқан әрбір жаңа танкіде Балгожа Кенжеғозиннің де қолтаңбасы бар болатын. Ол осында жұмыс істеуімен қатар әскери дайындық, жаттығу жұмыстарынан да өтті. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысы шиеленіскең қын сәтте ел қорғау үшін өз еркімен майданға сұранды. 1943 жылы Сталин атындағы Орал ерікті танк корпусының құрамында майданға аттанады. Бұл кезде соғыс барлық майдан шебінде қызу жүріп жатқан болатын. Ол орталық майдан шебінде бөлімше командирі болып ұрысқа кірді. Бұл тұста жау анталап алға ұмтылып, басып алған жерден шегінбеу үшін бар күшин жұмсап бақты. Бір шайқаста жау құрамында Балғожа бар ротаны қоршап алып, тұтқынға түсіруді не жойып жіберуді көздеді. Рота жауынгерлері онайлықпен берілсін бе, дүшіпана оқты қарша боратып, бірнеше шабуылына тойтарыс берді. Эйтсе де ротадан жеті-ақ жауынгер қалды. Қаза тапқан рота командирінің орнына басқаруды өз қолына алған Балғожа ұрысты одан әрі жалғастырды. Шайқаса жүріп, тірі қалған жеті жауынгермен жау шебіш жарып шығып, өзіміздің негізгі күшке қосылды. Осы жолғы көрсеткен жауынгерлік ерлігі үшін ол бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. Бірақ жараланып, госпитальда емделуіне байланысты бұл орден иесін жиырма бес жылдан кейін туған жерінде тапты.

Ұлы Отан соғысының ең қын да ең қырғын шайқасы Мәскеу мен Сталинградтан кейін Курск інінде болғаны тарихта белгілі. 1943 жылдың 5 шілдесінде басталған шайқас бір айдан артық уақытқа созылды. 29 тамызда Кеңес армиясы шешуші ұрысты жүргізе отырып, ерекше тегеуірінді күшпен жаудың бетін кайтарып, женіске жетті. Бұл женістің Ұлы Отан соғысы жылдарында шешуші рөл атқарғаны тарихтан және белгілі. Женілген жаудың ұнжырғасы түсіп, мысы басылды. Сөйтіп біздің жауынгерлер соғыс тізгінің қолдарына алып, жауды кейін ығыстыра бастады. Жалпы осы Курск ініндегі сұрапыл шайқаста неміс армиясының таңдаулы отыз дивизиясы, оның ішінде жеті танк дивизиясы талқандалды. Жарты миллионға жуық жау солдаты жер жастанды. Уш мыңдан астам зуе ұшактары отқа оранды. Осы сұрапыл шайқасқа қатысып, жаудың қанатын қырқып, жүйкесін үзген, талай солдатын жер жастандырып, құтын қашырған, сөйтіп өкеттік пен қайсарлықтың, құдіретті күшке толы ерлікten үлгісін көрсеткен жауынгерлеріміздің ішінде Балғожа Кенжеғозин де болды. Сол бір тендересі жоқ Курск ініндегі болған киянкескі ұрысты Бәкен кейде есіне алып, кейінгілерге ерліктиң үлгісі ретінде әңгіме етіп отыратын.

– 1943 жылдың шілде айының бас кезі болатын. Неміс-фашист басқыншылары баса-көктеп Орелден Курскіге қарай, үш жұздей танктерімен, жаяу солдаттарымен қаптал біздің шепке тап бергенде мен құрамында болған оныншы танк корпусы сол ұрыстың дәл маңдайында еді. Сол ұрыска сақадай-сай дайындалған және жаудың осы тұстан келеттін алдын-ала біліп алған біздің танк корпусы бірден шабуылға кірісті. Немістердің құбыжық қылып көрсеткен «Тигр», «Пантера» сияқты ірі танктері, өздігінен жүретін ірі артиллерия қондырғылары біздің Т-34 танктеріміз бен зенбіректерімізге төтеп бере алмады. Оның үстіне біздің штурмовик самолеттеріміз жау танктерін жаңғақша шақты. Қарша боратқан оғымыздан жау солдаттары да дүркіреп кейін қашты, - дейтін Бәкен.

Курск інінде екі жақ та үздіксіз шабуыл жасады. Екі жақтан да оқ карша борады. Ауыр бомбалар наизағайша ойнап жарылып жатты. Аспан мен жер тұтасып отқа оранды. Қанша дегенмен мықтымсынған жау кеін шегінді. Сол сұрапыл шайқастың арасында өз бөлімшесімен бірге жүрген Кенжеғозин шегінген жаудың ізіне түсті. Орел бағытындағы сұрапыл шайқастың бірінде ол ауыр жараланды. Госпитальға жеткізілген ол мұнда бір неше ай емделін, 1944 жылдың бас кезінде Ұлы Отан соғысының екінші топтағы мүгедегі ретінде елге қос балдақпен оралды. Бұл кезде майдан даласындағы ұрыс күн өткен сайын кең еріс алып, біздің жауынгерлер жау жendetтерін өз апанына қарай тықсыра бастаған болатын. Елге оралған Балғожа Кенжеғозин мүгедектігіне қарамастан тылдағы еңбектің соғыстан кем түспейтіндігін түсініп, бірден еңбекке араласуға бел буды. Оның өтінішін аудандық партия комитеті қабыл алып, «Айымжан» колхозына төраға етіп жіберді. Бәкен мұндағы шаруашылықты көтеріп, колхозды ауданда алдыны қатарға шығарды. Бұдан кейін аудандық партия комитетінің тапсырысымен «Қарағаш» колхозын басқарды. Елімізде тың игеру басталған шақта да Бәкен тың да-лаға алғашқы түрен салғандардың бірі болды. Жаңадан құрылған «Жамбыл» кеңшарының іргесін қаласуға қатысты. Бұлардан басқа да талай лауазымды қызметтер атқарды. 1966 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты. Еліміздің дербес зейнеткери атанды. Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшин бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік ерлігі үшін» және басқа да медальдармен марапатталды. Бейбіт еңбекте де осындай талай құрметкө ие болды.

«Ауылында қария болса, жазып қойған хатпен тең» деген бұрынғылардан қалған дана сөз бар. Балғожа Кенжеғозин де жазып қойған хаттай қазыналы қарияның бірі еді. Ол жастайынан көнекөз қария-

лардың айтқандарын көңіліне түйіп, көкеінде сақтаған, не бір терең ойлы астарлы да асыл сөздерді қалт жібермей жаттап алғып, койын дәптеріне түсіріп отырған. Содан да болар, талай жыныда сөзден тосылмай, қызық хикаяларды, мәнді оқиғаларды мақамдал, шешен тілмен мәнерлең сыр қылып шерткенде жұрт аузына қарал қалатын. Әсіресе, Тоқсан би, Шағырай шешен, Сегіз сері, Толыбай сыншы сынды осы өнірде өткен ғұламалардың ғибрагаты сөздерін мәніне келтіре айтқанда тыңдаушылардың мейірін кандыратын. Балғожа ақсақал осы танымал тұлғалардың шеңендік сөздерін, шежірелерін ел-жұртқа жаңа қырынан танытып, ауыз әдебиетімізге өз көмегін тигізе білді. Белгілі жерлес жазушыларымыз Сабит Мұқанов, Габит Мұсіренов, Сафуан Шаймерденов елге қонаққа келген сайын Балғожа ақсақалмен кездесін, әңгімесін тыңдал, дәмдес болатын.

Балғожа ақсақал ақындық өнерден де қаражаяу емес еді. Ол көзі тірісінде «Әсет – Әсия», «Ақ бүркіт», «Әлім мен Рэзия» атты ұзак дастандар жазып, кейінгі үрпаққа өшпес мұра қалдырды. Бұл дастандарды оқырмандар облыстық газет арқылы оқып, жылы қабылдағаны белгілі.

Айта берсек, Балғожа Кенжеғозин сегіз қырлы, бір сырлы өнер иесі атанған жан. Ол жігіт шағында құмай тазы, қыран бүркіт, жүйрік ат баптап, аңшылық, саятшылық өнермен айналысқан. Әсіресе, жүтірген аңға, үшқан құсқа бүркіт салуға өте күмар болған. Бала кезінен баптаған қыран бүркітімен жиі аңға шығып, сонау ашаршылық жылдарында ауыл жұртын аң-құстың етімен асыраған. Мұны білетін көнекөз қариялар көзі тірісінде талай әңгіме қылып, Балғожа ақсақалға алғыс сезімдерін арнап отыратын.

Балғожа Кенжеғозин жалпы қартайған шағына дейін өз жұртның, өз үрпағының қамқоршысы, ақылшысы бола билген жан. Оны өмірде атқарған ісінен де, артында қалдырған ізінен де айқын аңғаруға болады.

Жоламан ШАХАНОВ

ЖАУДЫ ӨЗ ҰЯСЫНДА КҮЙРЕТКЕН ЖАУЫНГЕР

Осыдан бес жыл бұрын Ұлы Женістің 65 жылдық мерекесі қарсаңында Петропавл қаласында тұратын бір топ соғыс ардагері шексіз қуанышқа бөлениді. Оларға Елбасының тапсырмасымен облыс әкімі осы заман үлгісімен салынған пәтерлердің кілтін табыс етті. Мұндай қуанышқа бөлениген ардагерлердің бірі – Назымбек Зікірин ақсақал

болатын. Қалаға көшіп келгелі он жылға жуық пәтер жалдап тұрып жүрген ол, енді қалған қарттық ғұмырын жылы да жайлы өз баспанасында өткізетін болды. Оның жауынгерлік ерлігі, бейбіт өмірдегі ерен енбекі мұндай құрметке лайық еді.

Назымбек Ахметұлы 1926 жылы бұрынғы Совет, қазіргі Аққайың ауданындағы Баянды ауылын-

да туған. Соғыс басталғанда он бес жасар балаң жігіт елде қалған кәрі-құртаң, бала-шағамен бірге тылдағы бар ауыртпалықты көтөреді. Ересек ер бала болғандықтан жұмыстың да ең қындары оның мойынына жүктеледі. Осылай жүріп он сегіз жасқа толар-толмас шағында әскерге шақыртылады.

1944 жылдың ақпан айында қалада іріктелген жігіттермен бірге Алматы қаласындағы 89-шы атқыштар полкіне әскери даярлықта жиберіледі. Осында бұрын мамандығы жоқ, соғыс тактикасынан бейхабар жігіттер жауынгерлік жаттығудан өтеді. Себебі, бұл атқыштар полкі майданға жіберілуғе бұйрық күтпі отырған резервтегі әскери құрама болатын. Бұл кезде Кеңес жауынгерлері барлық майдан бағытында басымдыққа ие болып, батыл қымылмен алға жылжи отырып, жау басып алған әрбір елді мекендерді, ірі қалаларды біріпен соң бірін азат етіп жатқан кез болатын. Жау да оңайлықпен беріле қоймайды, карсыласып бағады. Сондықтан екі жақтан да шығын аз емес. Осындай сәтте 89-шы атқыштар полкі майданға кіруге бұйрық алады.

Назымбек Зікірин осы полктің құрамында үшінші Беларуссия майданындағы соғысқа кіреді. Бұл майданның бағыты Беларуссияны, Балтық елдерін жау басқыншыларынан азат етіп, Кенигсберг (қазіргі Калининград) қаласын басып алғып, өзге майдан шептерімен құш біріктіріп, жаудың шыққан ұясы – Берлинге бағыт алу.

– Беларуссияны азат еткеннен кейінгі бағытымыз Батыс Пруссия – Кенигсберг қаласына қарай ойысты. Бұл соғыстың соңғы жылының сәуір айы болатын. Оныншы сәуірге қараган тұні біздің майдан шебіндегі барлық құш шоғырландырылып, Кенигсбергке бет алды. Жау қаланың іші-сыртында мықты бекініс құрып, бар күштерін



**Назымбек Зікірин
немересі Амангелдімен**

шоғырландырған екен. Өйткені, бұл қала олар үшін ерекше маңызды болатын. Балтық теңізі арқылы мұхиттарға шығып, кеме қатынасымен кару-жарагын, әскери құштерін тасымалдаپ, өздеріне құш-қуат жинап отыратын. Гитлердің бункері да осында орналастырылған. Сондыктан, жау қаланы оңайлықпен бермеу үшін бар күшин жұмсап бақты. Бірақ, соған қарамастаң біздің армия ерекше екпін алған тасқындай алға лықсып, жылжумен болды. Қала үшіп болған алапат шайқас элі құнгеге дейін көз алдымда, - дейді ардагер, сол бір сұрапыл шайқастарды есіне алып.

Назымбек Зікірин алғашкы әскери жаттығудан өткенде байланысшы мамандығын қоса меңгеріп шыққан екен. Бұл соғыс кезінде аса қажет мамандық болатын. Байланысшының міндеті – арқасына асынған сым оратылған катушканы таси жүріп, алғы шепті кейінгі жакта орналасқан штабпен байланыстыру, майдан жағдайының хабарларын дер кезінде мінсіз жеткізу, соған қоса жолында кездескен немістердің байланыс жүйелерін істен шығару, реті келсе «тіл» әкелу.

Бірде мынадай бір оқиға болған. Қарамағында сегіз жауынгері бар байланысшылар бөлімінің командирі, гвардия сержантты Назымбек Зікіринге Кенигсберг қаласы бағытындағы жаудың шебіндегі күшин анықтау үшіп барлаушыларга байланыс сымын тарту тапсырылады. Осы тапсырманы орындау үшіп олар қалың қарагайлы орманның ішімен алға жылжиды. Келе жатса алдарында жаудың екі солдаты бұлардың бағытына сым тартып жүр екен. Бұлар бұға-бұға қалып, әлгілерді тірідей қолға түсіру, жау жақ беттен тартылған сымды өзіміздің штаб байланысына қосу, сөйтіп құнды мәлімет алу әрекеттерін ойластырады.

Назымбек Ахметұлы бөлімше жауынгерлерімен енбектеп келе жатқанда арқасындағы термостың қақпағы ашылып кетіп, үстіне төгілген ыстық шай күйдіре бастады. Дыбыс шыгарса немістер естіп қалады. Тістеніп алған ол бар қайратымен шыдамдылық жасап, ойлаған ойын жүзеге асыруға кірседі. Жаудың солдаттарын штабқа тірідей әкеліп, байланыс жүйесін тартуды жүзеге асырады. Осы батылдығы үшін ол «Ерлігі үшін» медальмен марапатталуға ұсынылады. Бірақ сұрапыл шайқас басталып кетіп, бұл медаль 1956 жылығана иесін табады.

Назымбек Зікірин Кенигсберг қаласын басып алуда, Берлинге шабуылдауда бірнеше рет жауынгерлік ерліктерімен көзге түсіп, Жоғарғы Бас Қолбасшының алғыс хатымен марапатталды. Өзге де ерліктері үшін оның кеудесінде «Отан соғысы» ордені, он алты медаль жарқырайды. 1950 жылы елге оралған Назымбек Зікірин Қи-

ялы тәжірибе стансасында селолық кеңестін төрағасы, партия үй-ымының хатшысы, кеңшар директорының шаруашылық жөнніндегі орынбасары болып ұзак уақыт қызмет атқарды. Еңбегінің жемісін көріп, зейнеткерлікке шықты.

Жоламан ШАХАНОВ

ҰЗАҚ ЖОЛДАР

Женіс күнін мен кішкентай ғана Даурія станциясында қарсы алдым. Ол үш мемлекеттің – КСРО-ның, Монголия мен Манчжурияның шекарасында, алыстағы Забайкальенің шексіз даласында көзге түсе бермейтін. Мұнда ірілендірілген 31-ші аудан орналасқан болатын. Ол Манчжуриямен шекараны бойлай дот, сым тоқсауыл, минаға қарсы жабдықтар мен артиллерия жайгастырылған участке еді. Мұның бәрі Жапонияның миллиондаған қолы бар Квантун армиясының бөлімдеріне қарсы тұрды.

Читадағы госпитальдан шыққан бетте мені осында қызмет етуге жиберген болатын. Ол қалада азат ету шайқасында Кировоград қаласының түбінде жарапаның қалғанмын.

Әрине, Женіс хабары жеткенде – ал, кел, қуанып. Бүкіл еліміз сияқты, бұл күнді біз де төрт жыл күттік. Бұл қуанышымызды айтып та, жазып та шегіне жете алмассың.

Мен 1924 жылы жазда Совет (қазіргі Аққайын) ауданындағы Арапағаш ауылында кәдімгі малшы отбасында дүниеге келиппин. Өзі айтып отыратындей, әкем өмір бойы жергілікті ауқаттылардың жылқысын бағыпты. XX гасырдағы 20-жылдар балаларының тағдыры айрықша болды гой. Олардың тағдырына неше түрлі астан-кестен өзгерістер, жан түршігерлік күйзелістер, аш-жалаңаштық пен ауыр күндер кез келді емес пе.

Балалық шағым (8-10 жас) 1932-33 жылдардағы асқан ашаршылықта тап келді. Біздің ауылда малды айтпаганның өзінде мысық пен иттерге дейін желінбекен ештеңе қалған жоқ. Тіпті ат әбзелдері



Касым ЖУНИСОВ

тартпа, ертоқымның теріден жасалған қаптамасы – бәрі де пісірліп желинді. Соның, аштықтың азабы гой, әкем мен екі апам өліп кетті. Шешем мен өзімнің қалай аман қалғанымызды білмеймін де.

Бозбала кезімді сезбеппін де. Сезінетін де жағдай болған жок. 1936-1938 жылдары бүкіл елімізді айтып болмас зорлық-зомбылық жайлады. Бар еститинің – ананы алып кетіпті (халық жауы екен), мынаны алып кетіпті (шилон екен). Бірдене ғып жан сақтау үшін колхозда жұмыс істедік - өгіз-сиырмен шөп шаптық, жер жырттық. Соғыс тұста, 1942 жылдың күзінде Қызыл армияның қатарына шақырылғанға дейін тракторлар бригадасында май құюшы болды. Соғыс басталған соң екі-үш айдан кейін-ақ колхозда жалғыз шалдар, әйелдер, мен сияқты 16-17 жасар бозбалалар қалды. Жұмыстың бар ауыртпалығын енді солар көтеріп жатты.

1942 жылдың күзде мені Ташкент пулемет училищесіне курсант етін қабылдады. Ол училище алғашында Ташкенттің жаңындағы Шыр-шық қаласында болды да, кейіннен Өзбекстанның онтүстігіндегі, Ауғанстанмен шекарадағы Термезге көшірілді. Училище пулемет взводтарының командирлерін даярлаушы еді. Термездің ыстығын-ай, көлеңкенің өзінде 40 градустан бір түспеуші еді. Қазақстанның терістігінен келген мениң күнімді ешкімге бермесін. Жатпай-тұрмай, ойын-күлкі көрмей жеделдете дайындалып жаттық. Оның мәнісі: 1942 жылдың аяғы мен 1943 жылдың басында майданға командир кадрлары сондай қажет болды. Қыншылықтардың қайсыбірін айтып жатайын, кімге болса да, оңай болған жок, барлық күш-жігерімізді жұмылдырдық – елге төнген қауіп бастырмалай жеткен еді.

1943 жылдың жазда окуды жақсы оқыған біздерді (30-40 курсант) пулемет взводтарының командирлері етіп ертерек даярлады да, бірден майданға жіберді. Мен соғыс көрігінен бірінші рет Курск иініндеғі ұрыста өттім. Ол Ұлы Отан соғысындағы емес, тіпті бүкіл екінші дүниежүзілік соғыстағы аумағы мен маңызы жағынан теңдесі жоқ ұрыс-майдандардың бірі болғандығы рас.

Осы майдандағы соғыска тікелей қатысқан мен не бітіре алдым? Біреулердің осылай сұрақ коюы мүмкін гой, ері ол заңды да. Жоғары айтканымдай, 1943 жылды шілденің басында Белгород қаласының маңындағы Даалалық майданы 53-ші Армиясының бір бөлімшесіне пулемет взводының командирі болып жіберілдім. Немістердің шабуылы басталысымен-ақ біздің Армияны Воронеж майданында ұрысқа кіргізді. Біз Белгород-Харьков бағытындағы қиян-кескі шабуылды зор күш-қайрат жұмсал, қаншама адамдарымыздан айырылып барып, бетін қайырдық. Бұл ұрыс 5-23 шілде аралығында

етті. Немістер күн-тұн демей, танктер мен самолеттердің көмегімен шабуылды бір тоқтатқан жок.

Пулеметші деген кім? Ол жаяу әскердің күшті жұдырығы. Қорғау жүргін жатыр екен, пулеметшіге күшті оқ-отпен жауды бұрын жатуға мойындағып, олардың оқ жаудыру нұктелерін жойып жіберуге бұйрық беріледі. Егер жау жағы танктердің көмегімен шабуылға шықса – жаяу әскерді құрту керек. Ал, біздікілер шабуылдаса, жаудың оқ жаудыру нұктелерін құртып, олардың біздін жауынгерлерді атқылауына жол бермеуге жаңынды салуың керек. Міне, біздің – пулеметшілердің алдында осындай алуан салалы, бірақ, нақты міндеттер тұрды, біз өлсек те, тірі болсақ та, оны басты ұран, ниет – жауды жену жолында бұлжытпай орындан жүрдік. Осы елу күн ішінде кейбір пулеметшілер взводтарының құрамы жартысына дейін өзгеріп жүрді. Шығын біздін жақтан да аз болған жоқ қой.

1944 жылғы қантарда мен скі аяғымнан жараландым. Ол бір елді мекенге шабуыл жасаған күні танертеңгісін болған еді. Біздің адамдар алға ұзап кетіп, мен қанға боянып 18 сағат ұрыс даласында жаттым. Ес-түссіз қалған мені «жерлеу» ротасының санитарлары жинап алған екен. Соның бірі бұрынғы пулеметші болып шықты. Ол мені танып қалып, медсанбатқа, одан соң дала госпиталіне жеткізіпті. Сейтіп, мен операция үстелінен бір-ақ шығып, құдайдың жазуымен аман қалдым. Енді бір-екі сағат өткенде қансырап о дүниелік болуым да ғажап емес еді. Операциядан кейін екі-үш аптадан соң Читаға жіберілші, онда тағы да сегіз айдай емделдім. Женіс күнін осында қарсы алғанымды жоғарыда жаздым ғой. Міне, менің де бозбала, жігіттік шағым Батыс пен Шығыста Отан қорғау жолында оқ пен оттың ортасында етті...

Ұлы Женістің арқасында майдан даласындағы ұзақ жол осылай сәтті аяқталды да, мен 1947 жылдың сәуірінде туған елге, туған ауылға оралдым. Сол жылы қыркүйекте Петропавл мұғалімдер институтының студенті атандым. Бұл қалада өмірге келмесем де, ол мен үшін енді мәңгі-баки туған қаламдай болып кетті. 60 жылдан бері оның тұрақты тұрғынымын. Ол кезде негізінен бір қабатты жатаған үйлер көп болушы еді. Ең биік дегенен су тартып, тарататын башня сонау Мамлютқадан көзге шалынуышы еді. Жазушы жерлес Сәбит Мұқановтың бірде осылай жазғаның ұмытпаған сияқтымын. Ленин (қазіргі – Конституция), Сталин (қазіргі – Интернационал) көшшелеріндегі жаяу жол, Красноармейск (қазіргі – Е.Бекетов) көшесі бойымен вокзалдан қала орталығына дейін жүріп тұратын «кеекек» поэзы да сол кездегілердің жадынан әлі шықпаған шығар. Шын мәнінде, жұрттың, әсіресе жастардың дем алып, сайдандайтын

ежелден келе жатқан, тамаша да көрікті орталық саябақ әркімнің-ак мактандышина айналған-ды.

Қаламыз жыл сайын қандай көріктенін, өсіп жатса, онымен бірге мен де өсіп, жетіліп жаттым. Жоғары білім алып, мұғалім болды, үй болып, түтін түтеттім, ұрпақ өсірдім. Зайыбым – Иранбағы Жәзитқызы да соғыс алдындағы, соғыс тұсындағы киыншылықтардың неше атасын басынан кешірген. 14 жасынан тігінші болып істеп, әкесіз өсті. Міне, 55 жылдан бері екеуміз қол ұстасып, екі қызы, екі ұл өсірдік. Бәрі де жоғары білім алып, өмірден өз орындарын тапты. Үлкен қызымыз Жаңылжан – ғылым докторы, профессор, Л.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық университетінің кафедра менгерушісі, Астанада тұрады. Екінші қызымыз Ботагөз – ғылым кандидаты, Павлодар Мемлекеттік университетінің кафедра менгерушісі, Павлодар қаласында тұрады. Үлкен ұлым Болат – жоғары санатты дәрігер – кардиолог, Петропавл қаласында тұрады. Кенжеміз Мұрат – экономист, Алматыда жұмыс істейді. Біздің төрт немереміз, бір шебереміз бар.

Институт бітірген соң еңбек жолымды тарих пәнінің мұғалімінен бастиадым. Бірақ, еңбек өмірбаянымың басым бөлігі қала мен облыстың партия үйімдарында өтті. 1954 жылдан 1985 жылға дейін қалалық және облыстық партия комитеттерінде қызмет істедім. Осы отыздан астам жыл ішінде қаламыз бен облысымызда халық ағарту ісінін, жоғары және орта арнаулы білім берудің, денсаулық сақтаудың басы-қасында болып, олардың қаз тұрып, өркен жауояның тірідей күэсіне айналдым. «Бәрін өзіміз істедік, тыңдырыдық» деп айтқым келін тұрган жок. Соның өзіне, меніңше, осы қайта құруларда өз еңбегімнің бар екенін де білемін.

Осы жылдар ішінде 150-ге жуық совхоздар мен колхоздардың орталық мекендерінде үш қабатты типтес тамаша мектептер бой түзеді. Чистов, Сергеевка, Смирнов, Ұлақ, Николаевка, Приишім сияқты мектептер мен Мамлютка санаторий-мектебінің педагогикалық ұжымдары өз енбектерімен үздік әдістерді енгізін, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Олардың бай тәжірибелері басқа мектептерде де кеңінен насиҳатталып жүрді. Қаламыздың № 1, 2, 4, 5, 8, 9, 11, 14, 40 және басқа да мектептерінің жұмыс тәжірибесі облыстан тыс жерлерге де мәлім болды. Халық ағарту мекемелерінің басы-қасында мынадай тамаша үйімдастырушылар мен өз ісінің шынайы мамандары жүрді. Олар – майдангер, тамаша адам В.И.Сакун, кең білімдар, педагогикалық жұртшылық арасында зор беделге ие К.Мұқанов, А.И.Шпунтова, Р.Ғ.Дәүлеткелдиева, Л.С.Муххо сияқты мектеп директорлары, Александр Иванович бастаған Шишкиндер

мұғалімдер отбасы, «табиғатынан мұғалім боп жаратылған» М.Қасенов, А.Игібаев, Г.М.Кубраков, А.Қожабеков, Ә.Ыбыраев сияқты көптеген педагогтар.

Бұл жылдары облысының кәсіпкі-техникалық білім беру кең қанат жайды. 24 училище жұмыс істеп, олар жоғары білікті мұғалімдермен және шеберлермен толықтырылды. Жастар ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп пен құрылымдағы мамандығын игеріп жатты. Бұл саланың материалдық-техникалық базасы адам айтарлықтай болатын. Қаракоға, Асанов, Сергеев, Тимирязев, Преснов, Боголюбово сияқты кәсіпкі-техникалық училищелердегі, қаладағы № 3,5 және № 9 училищелеріндегі оқу, өндірістік үйлері жоғары дәрежеде оқытып, мамандық беруге сондай қолайлы болды. Бұларда тамаша мұғалімдер, өндірістік оқыту шеберлері еңбек етті. Бұл жүйені өз ісіне әбден берілген ғажайып педагогтар ұзак жылдар баскарып келді. Олар – майдангер, тамаша басшы С.М.Любых, В.Е.Карпук, Ж.Тасеменов.

Ол кезде біздің өнірде пединститут, Қарағанды университетінің филиалы және 10 орта арнаулы оқу орындары жұмыс істеп, олар халық шаруашылығын, завод-фабрикаларды, құрылыштар мен мектептерді мұғалімдермен, инженер-техниктермен қамтамасыз етіп отырды. Институттың (қазіргі – университет) ректорлары В.Л.Цатурян, Қ.Шәкенов оқу орнының материалдық базасын нығайту және жоғары білікті мамандар даярлау үшін көптеген іс тындыра білді. Тамаша ұйымдастырушылар, іскер басшылар бола білген олар біздің жоғары оқу орнын республикадағы таңдаулылардың қатарына шыгарды. Университеттің көрнекті ғалым, профессор О.Б.Әшімов жетекшілік ететін қазіргі басшылығы сол бір кездегі жақсы дәстүрлер мен бағстамаларды оңтайтын жалғастырып жатқаны мени, әрине, қуантады.

Халық шаруашылығын қалпына келтіру мен оны одан әрі дамыту тұсында денсаулық сақтауды ерістету ісі жедел қарқын алды. Петровавлда үшінші, екінші ауруханалардың, теміржол ауруханасының, № 1 және № 4 емханаларының, облыстық балалар ауруханасының үйлері салынды. Осындағы емдеу мекемелері Сергеевкада, Тимирязево, Благовещенка, Мамлютка, Смирново, Возвышенкада бой көтерді. Сол кезде облыстық денсаулық сақтау бөлімін басқарған В.Н. Новосельцев, Н.П.Костин, С.Алмолдиннің, облыстық және қалалық ауруханалардың бас дәрігерлерінің жұмсаған күш-жігерінің арқасында қала, ауыл-село тұрғындарына медициналық қызмет көрсету айтарлықтай жақсара тұсті. Барлық ауруханалар, емханалар мен фельдшерлік-акушерлік пункттер дәрігерлер мен орта медицина қызметкерлеріне толық болды. Мениң білуімше, қазіргі басшылық

халықтың денсаулығын сақтаудың сапасын жаксарта түсүде көп күш-жігер танытып жүр. Бұл істегі жетістіктері жалғаса берсін.

Осы алпыс жылдай уақыт шінде қала танымастай өзгерді. ПЗТМ, ЗИКСТО, ЗИМ, Киров атындағы завод, «Комсомолка» фабрикасы, № 2 жылу-электр орталығы мен басқа да кәсіпорындардың үйлері алыстан көз тартады. Тұрғын үй құрылышы қанатын кең жайып келеді. Биік үйлерге толы тұп-тұтас шағын ауылдар пайда болды. Көшелер асфальтталып, түні бойы жарық шашып тұрады. Біздің қала республикадағы ең жасыл да жайлы қалалардың санатында. Осының бәрін көзге елестетиш, бұдан 50-60 жыл бұрынғы кездегімен салыстырсан, жүргегін қуанышқа толып, өз қалаң мен қалалықтар үшін мақтандырылған сезімі билейді.

Бүгіндегі мүмкіндікті пайдалана отырып, майдан мен тылда Женіс күнін жақындаға түсінен, соған мол үлес қосқан адамдардың баршасын, қалалықтарды, бүкіл облыс жүртшылығын Ұлы Женістің 70 жылдығымен шын жүректен күттүктаймын. Денсаулықтарыңыз мықты болып, жаңа бақытқа кенеле берініздер.

*Қасым ЖҮНІСОВ, Ұлы Отан соғысының II топтагы мугедегі,
Республикалық дәрежедегі зейнеткер, отставкадағы полковник*

ПАРАШЮТШІ ЕШЕКЕН

...Марқұм Ешім Ыбыраевтың бүкіл ғұмыры газетпен тікелей байланысты болды. 1972 жылдан қашан Ешекен, пенсияға шыққан 1985 жылға дейін «Красное знамя» және «Қызыл ту» газеттерінде бірге істедік. Қарымдышты мен анқауалығы бір басына жетерлік адам еді. Әрі-беріден түйдек-түйдек әңгіме соғып, колына домбырасын алып, күрделі де қыын ән – «Гауһартасты» шырқағанда көз алдымызға атақты әнші Жұсіпбек Елебеков келе қалғандай эсерде болушы едік. Жұсіпбек Елебеков демекші, атақты ән бүлбұлы біздің ауданға труппасымен Алматыдан келгенде журналист ретінде Ешекен сол кісілерді шаруашылықтарға бастап, серіктес болыпты.

Бір ауылда шай үстінде Ешекен Елебековтың домбырасын колына ала салып «Гауһартасты» шырқай жөнелмей ме! Қазақ ССР-інің халық әртісі, жезтандағы Жүсекен ан-таң болып: «Ешім, сениң қолың җазу емес, сениң орның әншілік, давай менимен Алматыға жүр, нағыз әргіс боласын» дег үгіттепті. Бірақ келиншегінін, шиеттей жас балаларының қамын ойлаған Ешекен әншінің қолқа салуынан әдеппен бас тартса керек.

Бірде Жеңіс күні тұғас ұжым болып митингіге баруға жиналдық. Ұйым парторғі отырған кабинетке кіріп барсам, кеудесі толған орден-медаль Ешекен отыр. Ол мені балдыз деп ойнай беретін.

– Иә, жездеке, сіз де соғыскансыз ба? – таңданыспен бұл сұрақтың аузынан қалай шығып кеткенін андамай да қалыптын. Мен Елле-кенің майданда болғанынан бейхабар едім.

– Немене, хулиган, соны білмеуші ме едиң? – деп қарсы сұрақ қойды. – Қалтаңда тыын-тебенің болса, дайында бер, осындағылардың ең жасы сенсің ғой, – деп бір түйреп өтті.

– Өзіңіз анық фашисті көрдіңіз бе? – деп мен калжындаған болдым.

– Немісті тұсімде көрмесем, өңімде көрген жоқтын, тек батыска дейін қуа беріппін, – деп әдеттегі қарқылана басты.

Кеін білсем, 1943 жылдың наурызында Қызыл Армия қатарына алыныпты, еңбек кітапшасында осылай жазылған. Белоруссияда әуе десант жауынгерлері (ВВД) құрамасында парашютистер даярлығынан өтеді. оншақты рет самолеттен ну орманға парашюттен секіріп тұсу жаттығуларынан өтіп, омырауына әскери парашютист белгісін тағады. Майданда «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен наградталады.

Майдан жолдарындағы ерліктеріне «Чехославакияны азат еткені үшін», «Праганы алғаны үшін», «Будапешті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары айқын айғақ бола алады. Кеін бейбіт күндерде бұл медальдарға Жеңістің 20, 30, 40 жылдығы медальдары және екінші дәрежелі Отан соғысы ордені қосылды. Ал 1970 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды.

Ешекен 1950 жылды Ақтүйесайдың ару қызы Мәмілә апайымызбен тұрмыс құрган. Өмірге сәбілере келе бастады. Осы бастан-ақ Ешекен отбасына, балаларына ересен ден қойып, көңіл аудара бастапты. Редакцияның (ол кезде екі газет аптасына үш реттен шығатын, қазіргі газетімізбен салыстырғанда бір нөмірі сегіз бет) таусылмайтын тұннің бір уағына дейінгі қарбалас жұмысына қарамастан балаларының мектептегі оқуына, бір сәт оларды еркелетіп, көңілдерін аулауға уақыт таба билетін, тіпті олардың киімдерін де дүкендерден өзі сатып алғып жүретін. Бұған дәлел, калалар мен совхоздарға жұмыс сапарларына шыққанда сол жердің магазиндерін аралап, балаларына киім-кешек сатып алғып жатқанын талай көрдім.

– Бұларды қайтесіз, Мәмілә апам өзі сатып алмай ма? – деп сұрағанымда, «Әй, хулиган, ертең балалы болғанда білесін», – деп әдеттегі қарқыл күлкісіне басатын. Ол кісінің айтқаны дәл келді. Бұл балаларына деген әке қамкорлығының бір қыры. Балаларының

алды ержетіп, орта мектепті бітіріп, жоғары оқу орындарына түсуге талпынған кезде Ешекен кезекті еңбек демалысын баласының институтқа емтихан тапсыратын кезеңіне сәйкестендіріп алатын.

Ешекенің балаларын тәрбиелеудегі еңбегі еш кеткен жоқ. Балаларының тұнғышы – Ақтүйесайда туған Уәлихан Қарағанды мединститутын бітіріп, елде біраз жыл дәрігер болып жұмыс істеді, казір Кекшетаудағы медколледже оқытушы. Алмасы да аға жолын қып казір аудандық ауруханада көз дәрігері. Асылхан Карагандының политехникалық институтын жақсы бітіріп, казір Ақмола облысы әкімінің кеңесшісі қызметінде. Болахан автобазада күзет бастығы. Қазақ автожолқұрылыс институтында сырттай оқып жүр. Дәүлетхан да жоғары білімді, Ақтүйесай селолық округінің әкімі. Әлия осы округте ФАП менгерушісі, казір Ресей-Қазақстан университетінің дәрігер-психолог факультетінде сырттай окуда, ал Айгүл болса аздалап сырқаттануына байланысты үйде ата-анасының қасында.

Балалы отбасы ордалы ел іспеттес. Майдан және еңбек ардагері, СССР журналистер одағының мүшесі, марқұм Ешім Ыбыраевтың ізгілікті жолын бұл күндері өзі тәрбиелеген, өзі қанаттандырған ұл-қыздары абыроимен жалғастыруда. Әке жолы қашан да ардақты.

Сагидолла ИКЕНОВ, Уәлиханов ауданы

ҚҰРАЛАЙДЫ ҚӨЗДЕН АТҚАН МЕРГЕН

Бір шаңырақтың астында қозыдай ұйып өскен ағайынды төрт жігіт – Тойғұлы, Корқытбай, Тінәлі, Түйкен соғыс алдындағы жылдары өздерінің қіндік қаны тамған Жанықұл ауылында, кейін Аラлагашта мектеп бітіріп, колхозда еңбек еткен екен. Әрі оқуларына қол байлаған кедеілік, оның үстіне әке-шешесі – Орынкен мен Рақиланың сырқаттығы жағдай бермеген. Сөйтіп, жастайынан еңбекке араласқан төртеуінің шаруаға мығымдылығы мен жойпарлығын, қарапайым да, күшпейіл, жігітшілік мінездерін ел сүйсіне сөз етіп, ауыздарынан түсірмейтін болған. Ауылдағы үлкендер балаларына ақыл-кеңес айта қалғанда: «Еңселерінді түсірмей, Орынкеннің анау төрт ұлындай тәбелерінді биік ұстандар» дейтін көрінеді.

Иә, ағайынды төрт жігіт жұбын жазбай жұмыс десе жұмылған жұдырықтай ұйымшыл, сауық десе жадыраған жұздері думаншыл болып елдің көркіне айналды. Әсіресе 1920 жылы туылған ең кішісі – Түйкеннің қыран мінезді өткірлігі, құралайды қөзден атар мерген-

дігі ауыл жігіттерінен мәртебесін бір төбе биік етіп тұратын. Ол аңға шыққанда қырдың қыландаған ку тулкісі де, жазық белдің ойнактаған орқояны да Түйкеннің көздеуінен қалт кетпейтін. Қанжығасының бос қайтпайтынын билген жігіттер онымен аңға шығуға күмар еді.

1940 жылы Түйкен Орынкенов Булаев әскери комиссариатынан міндепті әскерге алынады. Жауынгерлерді қабілетіне қарай ірікте, әскери мамандыққа дайындау кезінде оның мергендік өнері снайперлер мектебіне окуға жіберуге себеп болады. Ол әскери оку-жаттығу сабактарында әр-бір оғын нысананаға дәл тигізіп, құралайды көзден атар нағыз мерген екенин көрсете біледі.

1941 жылы соғыс басталып, ел басына қатерлі күн туған шақта ағайынды төрт жігіт бірінен соң бірі майданға аттанады. Міндепті әскери қызметін отеп жүрген Түйкен сол жағынан соғыска күрді. Ауылда жүрген Тоғғұлы да бірден шақырту алыш, соғыстың басталған шағындағы күш тең емес қиян-кеекі шайқастардың бірінде опат болды. 1942 жылы Ленинград қоршауын бұзып, жаудың бетін қайтару үшін болған сұрапыл шайқаста Қорқытбай ерлікпен қаза тапты.

Түйкеннен 42 жылдың жазына дейін екі-үш рет хат келіп тұрады. Бір хатында: «Солтүстік – Батыс майданында соғыста жүрмін. Ауылда жиі аңға шығып, мергендікке дағдыланғаным кәдеге жарады. Мұнда да «ан» аулаймын. Бірақ екі аяқты жыртқыш аң. Фашистердің қанды балақ солдаттарын, мен сияқты әр жерге жасырынған снайперлерін, кейде маңызды нүктелердегі офицерлерін андып, оққа жығамын. Ертең тағы да маңызды тапсырмаға шығамын. Бәрғи не менен сәлем айтындар.» дегі. Тағы бір хатында: «Ертең біздің жауынгерлер шабуылға шығады. Мен қамыстың арасында жасырыншып, жаудың пулемет ұяларын аңдудамын. Отыз шақты немісті олтіргенім үшін өткен жолы Қызыл жүлдyz орденін берді. Әлі де талай немісті жер жастандырамын. Өздерін не тірлік жасап жатырсындар, денсаулықтарың қалай? Қорқытбай, Тоғғұлы, Тінәлілер соғыста ма, олардан не хабар бар? Біз бәрібір жауды жеңіп, жеңіспен ораламыз.



Түйкен Орынкенов

Күтіндер» деп жазыпты. Содан бұлай Түйкеннен хат келмей, хабарсыз кетеді.

Төрт үлдүң екеуінен қара қағаз алып, екеуінің хабар-ошарсыз кеткенине қатты қүйзеліп, қабырғаларына қайыстай батқан қайғыдан, әрі бойларындағы дендең кірген сырқаттан айыға алмаған Орынкен мен Ракила соғыс аяқталар жылы қайтыс болады. Кезінде баламен базарлы болған тұрмыстары ажарлы болған шаңырақтан жалғыз Тінәлі ғана тірі қалады. Ол соғыс басталған жылы бауырлары Батыстағы майданға кеткенде Қыыр Шығыстағы шекараны Жапон майданынан қорғауға аттанады. Соғыс женіспен аяқталғаннан кеін елғе аман-есен оралған Тінәлі шаңырақтың өшіп қалған отын қайта жағып, тутінін тұтегеді. Қара қағаз келмей, хат-хабарсыз кеткендіктен үміт үзбей жылғыз бауыры Түйкенді іздесіреді. Бірлі-жарым жерге жазған хатына жауап болмай, ақыры құдерін үзген еді.

Соғыс аяқталғаннан кеін, арада 35 жыл өткен соң Тінәлі Орынкеновке Ленинград қаласынан күтпеген хат келеді. Хаттың иесі отставкадағы подполковник Николай Андреевич Печкобей деген кісі екен. Ол өзі соғысқан майданның архивінен Түйкен Орынкеновтың Булаев әскери комиссариатынан шақырылғанын білін, осы хатты жазған. Хатта былай делинген:

«Солтүстік Батыс майданының 26-шы дивизиясына қарасты 87 – Карелия атқыштар полкінің даңқты снайпері, қазақ халқының батыр ұлы, комсомол мүшесі, ефрейтор Орынкенов Түйкен туралы сіздерге айтып беруді өзімнің солдаттық борышым деп білемін.

Әйгілі снайперді Солтүстік-Батыс майданының барлық жауынгерлері жақсы білетін. Оның суреттері армия мен майдан снайперлерінің слетіндегі қабырғаға ілінетін.

Алғашкы жауынгерлік награданы – «Ерлігі үшін» медальді күндізгі қызу шақиқастан кейін тұнде траншеяда өз қолыммен тапсырған едім. Бірде тұнде қою қараңғылықты жамылып, миналы алқаптан еңбектеп өткен Түйкен жау шебіне жақын жерге жасырынып, таң біліне «қаңшылығына» кіріседі. Бірінен соң бірін бес немісті жер жастандырады. Осы кездे жау қатты абыржып, снайпердің қай жерден оқ атып жатқанын іздестіреді. Түйкен алтыншы немісті дәл көздел қалпақтай түсіргенде ғана олар оқ шыккан жерді байқап қалады. Сол жерде жау Түйкенді тірідей қолға түсіру үшін әрекет жасайды. Өз пулеметтерінің қолдауына сүйенген немістер снайпер жатқан жерді қоршауға кіріседі. Бірақ Түйкеннің өз есебі өзінде, алдымен снайперлік екі оқты амбраузрага дәл тигізіп пулеметтің сақылдаған үнін өшреді. Соғын нысанаға іліккен немістерді шетінен ата бастайды. Осы жолы барлығы 20 фашист ажал оғын құшады. Тағы бірде Түйкеннің жауынгерлік ержүрек-

тігі мен соғыстың айлалы тәсілін шебер колдана білгені әлі есімде... Старая Русса ауданында Лычково темір жол станциясы болатын. Сол маңда қыстығұн тасып алуға қалдырылған шөмелек-шөмелек шөп Түйкенді қатты қызықтырады. Өйткені, станция ар жағында алыс емес және ондағы немістердің жүріс-тұрысын Түйкен жақсылап аңдап алған болатын. Бір тұні ол командирі аға лейтенант Я.А.Шадриннен рұқсат алыш, осы шөмелелердің біріне жасырынатын ұя жасайды. Таң алдында сол «бекінісіне» жасырынып, күн ұзакқа ерсілі-карсылы жүріп жаткан немістерді бір-бірлең оқка жығып отырады. Осылай бірнеше күн «аңшылық» құрады. Немістер Түйкеннің жасырынған жерін андай алмай дал болады. Шөмеледе снайпердің отырғаны олардың ойына да кірмейді. Бірде екі неміс шанаға жегілген екі атпен шөп алуға келеді. Бұл кезде күн караңғыланбай, Түйкен кейін кетіп үлгермеген еді. Амалы құрыған мерген немістердің шөпті алыш кетуін күтеді. Қаруларын жерге тастап, киімдерін шешіп женелденіп алған немістер асығар емес. Ақыры жанындағы шөмеленің шөбін шанаға тиеп, бірі арқан тартуға кеткенде, шыдамы таусылған Түйкен «бекінісінен» атып шығып, бейғам тұрған екінші немісті қарулы жұдырығымен ұрып жығады. Шөпті бастыруға арқан тартып жүрген немісті әу деуге шамасын келтірмей, қолындағы арқанмен байлап, бергі бетке алыш келеді. Осы ерлігі үшін, әрі тірідей «тіл» әкелген Түйкенге ефрейтор атағы беріліп «Қызыл Жұлдыз» орденімен маралатталады.

1943 жылдың ақпанында Холм қаласының маңында Түйкен тағы бір маңызды тапсырманы орындауға жіберіледі. Өзінің атыс нүктесін ауыстыру кезінде тірідей қолға түсіру үшін торуылдаған немістердің екі тобына тап болады. Бірақ немістердің ойлағаны бола қоймайды. Батыр тұлғалы ер жүрек жауынгер соңғы оғы қалғанша атысады, соңғы күші сарқылғанша айқасады. Осы жерде Түйкен Орынкенов күш тең емес ұрыста жау қолында ерлікпен қаза табады. Оның снайперлік кітапшасына 168 фашистің жер жастанғаны жазылған. Бұл нағыз ерлік».

Ешкімде, ештеңе де ұмытылмайды десек те, аяқталғанына 70 жыл толғалы отырған Ұлы Отан соғысының тарихында әлі де жазылмаған беттер, ашылмаған оқиғалар баршылық. Сондай беттің бірі, сондай оқиғаның бірі Түйкен Орынкеновтың ерлі і болуы мүмкін. Өйткені, оның ерлігі батырға лайық ерлік. Мүмкін командирдің батырлыққа ұсынған бір парап қағазы жоғары жаққа жетпей қалуы да ғажап емес. Өйткені, соғыстың аты соғыс қой.

Қалай десек те елі үшін, халқы үшін от кешкен қаһарман жауынгердің есімі де, ерлігі де кейінгі ұрпақтың есінде мәңгі сақталады.

Жоламан ШАХАНОВ

277

ӨШПЕС ДАҢҚ

Сексениң сенгіріне шыққан Серік Сейітқазыұлы Смағұлов бұл күндері мектеп оқушыларымен кездесулерге барып, өткен күндерінен жадында сакталған естелігін ортага салған сәтте. Тұл жетім болып, ата-анасыз қалған ол, Мәскеу қаласындағы балалар үйлерінің бірінде тәрбиеленді. Өз қолы өз аузына жеткенше соңда тұрып, білім алады. Қамкор болған балалар үине айттар алғысы мол.

Бала жасынан спортпен шұғылданды. Сол кездегі әндерді жақсы орындағы және биге аса көңіл бөлді. Сталинградшы ардагер, отставкадағы милиция офицері қанша жылдар өткенімен, бүгіндері де жеңіл әрі билеуден қалған жоқ. Оның мұнысына жастар жағы таныркай да, сүйсіне де қарайды.

Балалар үйіндегі тәрбие он-солынды танитындей ерте есейтіп шығарады. Ондағы жағдай осылай.

Мәскеуде ер жетіп, туған жері Қазақстанға оралды. «Ат айналып қазығын табар» демекші, ол кеншілер кентіне келді. Балалық шақта түйгені соғыс жылдары және соғыстан кейінгі ұзак жылдарда қажетіне жарады.

Серік Смағұлов 1941 жылы өзімен жасты әскер қатарына шақыруышылармен бірге соғыс жүріп жатқан жерге аттанғысы келді. Алғы шепке асыққан оларды Башқұртстан орманында сол кезде қару-жарқтың жаңа түрі – автоматты менгеруге үйретті. Спорттық жағынан ысылған жігітерді күні бойы әр-түрлі жүйедегі гранаттарды және белгіленген нысанага фин пышактарын лақтыруды үйрету қоса жүргізілді.

Резервке іріктеліп алынған бөлімші 1941 жылдың сонына дейін жаттықты. Ал, 1942 жылы жақсы дайындықпен ұрысқа кирді.

Жеке автомат ротасына алынған С.Смағұлов Сталинградқа қауіп төнгенде шет қалған жоқ. Олардың атқыштар бригадасын қажетті деген нысандардың бірі – трактор шығаратын зауытқа аттандырыды. Волға өзені бойындағы қатал көсемнің есімімен аталағын қала жау армиясының стратегиялық жағынан да, саяси жағынан да шабуылдаған шешуші кезеңі болып саналды. «Бір адым шегінбе!» деген № 227 бұйрық жауынгерлерімізге ұрыс болып жатқан маңнан кейін шегінуге мүмкіндік берген жоқ. Жауынгерлер бұйрық бойынша да, жүрек әмірімен де Отан үшін неге болса да дайын еди.

– Көшелердегі ұрыстардан кейін бес ай өткен, - дейді С.Смағұлов бәрін еске түсіріп, - автоматшылар взводынан екі-ақ адам тірі қалдық. Қасымдағы орыс жолдасым соңғы ұрыста оққа ұшты. Араға бір тәулік өткенде өзім де жараландым.

1943 жылдың мамыр айында алғашкы «Ерлігі үшін» медалін алған автоматшы-жауынгер жолдастарымен бірге штаб фельдмаршалы Паулюспен кездесті. Волга бойында Қызыл Армияның басымдық танытып, жаудың алып күшине тойтарыс бергенін ол өз көзімен көрді.

Госпитальдан оралған С.Смагұловты жарақат алған жауынгер ретінде артиллериялық барлаушылар бөлімшесін басқаруга бекітті. Тұған жеріне оралған 1946 жылға дейін Европаның (Украина, Белоруссия, Польша, Шығыс Пруссия) жолдарымен жүріп өтуіне тұра келді. Кеудесіне орден таққан тәжірибелі жауынгер армияның басқа да бағыты – Қыыр Шығыста да қажет болды. Монголиядағы кеңес армиясының құрамында да пайдасын тигізді.

Ұрыста жүріп ысылған, денсаулығы мықты ер адамдар қай жерде болмасын қажет кой. «Данқ» орденінің иегері С.Смагұловқа «органда» милицияда қызмет атқаруды ұсынды. Алғашында тәжірибесінің жоқтығынан милицияға барудан бас тартқанымен, кейіннен қарсы болмады, ПМ-нің Жоғары мектебіне окуға жолдама алды. Содан бастап, зейнеткерлікке шыққанша күнді күн демей, түнді түн демей енбек етті.

Серік Смагұлов бейбіт күндерде атқарған енбегіне орай Ленин орденіне ие болды. Ол тегіннен-тегін берілмеген де анық. Есімі КСРО ПМ-нің Құрмет кітabyна жазылды.



«ОЛАР АРЫСТАНДАЙ АЙҚАСЫП ЖҮР»

1941 жылдың 3 желтоқсаны. Алғы шепте жүрген біздің жерлестеріміз туып өсken Қазақстанды бір сәтке де естеріне шығармайды. Олар өз хаттарында қуаныштарын ортаға салады, жауынгерлік жетістіктері туралы әнгімелейді, тыным таппастан еңбек етуге және озбыр басқыншыларға қарсы қарастырылғанға барынша көмектесуге шақырады.

Облыстық сауда ұйымының бұрынғы қызметкері Ғани Хабиуллин жерлестеріне былай деп жазды: «Өз жетістіктерімізді сендермен бөліскім келип отыр. Минометшілер бөлімшесіне қабылданған мен озық болу мақсатын алға қойдым. Бұл міндettі орындарым да, минометті, қол пулеметтін, карабинді, гранатаны және басқа да қару түрлерін жетік менгердім. Маган сержант атағы берілген отыр. Өзім мерген оқтаушыға айналдым. Өз Отанымды қайсарлықпен қорғап, Қызыл Армияның жауынгері деген жақсы атаққа кір келтірмейтін боламын. Тұрмыстарың қалай, жұмыс істеп жүрсіндер ме? Майданға немен көмектесіп жатырсындар?»

Солтүстікқазақстандық командирлер В.Солдатенко, П.Гололобов, М.Зинченко, З.Янгуразов және басқалары біздің жерлестеріміздің жауынгерлік қарекеттері туралы жазыпты: «Біздің данқты жерлестеріміз арыстандай айқасып жүр. Женіс өздігінен келмейтінін, оны қолдағы қарумен, станоктың түбінде, трактордың рулін ұстап, колхоз даласында, цехта жеңіп алу керек екенін біз түсінеміз, сондықтан сүйікті Сталиннің бұйрығын орындауда күшмізді де, ғұмырымызды да аямаймыз. Сіздерді мемлекетке астық тапсыруды тезірек аяқтауға шақырамыз. Бұл жауға берілген қатты соққы болып табылады».

Политрук Бектенбаев, старшина Банин және кіші политрук И.Жданов өз жерлестерін колхоз танаптары мен заводтарда қажырлы еңбек етуге шақырыпты. Соңғысы ез хатында сұмырай басқыншыларға деген өшпендейділігін білдіріпти: «Фашистердің аяғында тапталған аудандарда болғанында, жадап-жүдеген, аш, қайғы мен қорқыныштан шаштары ағарып кеткен адамдарды көргенде қолың қаруды қаттырақ қыса түседі, көзің жіті бола түседі, жауға берген соққын қақыратып жібереді.

Біз Стalingradтың түбінде жауды кейін қарай қуып бара жатырмыз, алайда осы бір қауырт күресте сіздердің де көмектеріңіз керек-ақ. «Мен майдан үшін қолдан келгеннің бәрін істедім бе, Отанымға тағы да немен көмектесуге болады?» деп өздерінізге-өздерініз тағы да сұрау қойыңыздар».

Сержант Т.Я.Синников бұрын бірге 1стеген жолдастарына петропавлдық байланысшыларға хат жазған екен:

«Жаумен куреске бүкіл күш-жігерлерінді жұмылдырыңдар. Уақытпен санаспандар, шаршасандар да шыдандар. Керек болса-ұйықтамаңдар, жаудың жанталасқан шабуылын тойтарумен көз ілмей жүрген біз сияқты. Сендерге казір жауапты міндет жүктеледі – байланыстың мұлтіксіз жұмыс істеуін камтамасыз ету. Майданнан хат алу зор жұмыс екенін естен шығармандар және сол хаттарды бізге тезірек жеткізуге тырысындар. Байланысшы жолдастар, сендерді социалистік жарыска шақырамыз. Гитлердің бандасын тезірек талқандау үшін біз – майданда, сендер тылда мұлтіксіз жұмыс істеуге қол жеткізетін болыңдар. Майдангерлер сендерді тылда қажырлылықпен, стахановша жұмыс істуге шақырады. Отан үшін тыным таппастан майданға көмекті күшайте тұсуді және нағыз фашистік сұмырайларды ортақ күш-жігермен тезірек таптауға шақырады.

Майданнын аманатын тамаша етпі орындандар – казір тылдан көрегі, міне, осы».

(«Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Отан содығының жылдарында» кітабынан алынды)

ЗАМАНА ЗАУАЛЫ

Көкшетау қаласында мұғалімдер даярлайтын курста жүрген болатынын. Сабак үстіне кіріп келген директорымыздың бет-әлпетіне қарап жамандықты бірден сездік. Не керек, мұғалім болам деген арман-тілектің бәрін сүм соғыстың жалыны шарпыды да кетті. Еніреп елге оралдым. Көз алдымда анам мен ағаларым...

Аштық жылдары көрген қынышлықтың кермек дәмі таңдаймыздан кете қоймаган еді. Біз әкеден ерте айырылдық. Ұжымдастыру кезінде Еркіндік ауылның бар жиған-терген астығын екі пар өгіз жегіп, арбаға тиеп әкемді қалаға аттандырады. Батырақ ауылның тұсында (қазіргі Чапаево) бір терең сай болады. Сол жерде торуылдал жатқан қарақшылар әкемізді өлтіріп, сүйегін жасырады. Өгіздерді айдап, бидайды қолды етеді. Содан әкем Шәймергеннің сүйегін табылғанша тайлы-тұяғымызбен қамауда жаттық. Ұш баласын бауырына басып, жазықсыздан-жазықсыз шырылдаған анама көрсетпегендері жок. Кеинін әкемнің сүйегін елге әкеліп, арулап жерледі.

Фалым, Әлім есімді екі ағам еңбек майданында, ал кіші ағам Адамбай нағыз қарша бораган оқтың астына тұсті. Ауылда өлмestің күнін кешкен жандар ғана қалдық. 16-ға жаңа шыққан жасымда елде

үш бірдей жұмысты атқардым. Көк тайға салт мініп орталықтан пошта тасыдым. Одан қырманда есепші болдым. Ол кезде есепші де мейді, шатауат деп атایтын. Тіпті қаршадай болсам да қойманың кілтін маған тапсырды. Жан ұшырып журіп бәріне үлгеремін. Егіс даласында соқа тартып, дән егеміз, бораналаймыз. Құзде масақ треміз. Кеже мен талқанды асказанға арқау қылдық. Сөйтіп, талай қаһарлы қысты, күңіренген күзді артқа таstadtык.

...1945 жылдың басында Баянды ауылының (Рублевка) тумасы Молдажан соғыстан жарапалы оралып, екеуміз сол жылдың мамырында қосылдық. 14 құрсақ көтердім. Сұрапыл жылдардың табаннан өткен сызы ондыра ма? 8 шарананың көрер жарығы болмады. Туа сала шетіней берді. Қазір құдайға шүкір, қалғаны жоғары білім алғып, республикамыздың түпкір-түнкірінде еңбек етіп жатыр: Көкшетауда, Астанада, бір шеті Ақтөбеде...

Әмірлік серігім жеңісті күндердің жемісін ұзақ татпады. Ағаларымның үшеуі де бақтарына қарай ауылға қайтты. 18 жастан аттанған үшінші ағам Адамбай ғана жарымжан күйде оралды. Окопта топырактың астында қалып қойған жерінен екі күннен кейін жолдастары қопарып іздең әрен тауып алады. Содан тілі күрмеліп, кештінен сөйлейтін халге түсken екен.

Жан ағаларым мен құдай қосқан қосағым көрмеген игілікті, міне, мен көріл отырмын. Тәубе! Өткен жолы жеңіс мерекесіне арналған медальға ие болдым. Немерелерімнің жарқын жүзіне қарап сүттей үйіған еліміздің іргесі шайқалмаса екен деп тілеймін. Соғыстың аңы дәмін татқан ұрпақтың соңы біз болайық.

*Жансұлу МӘЖЕНОВА, зейнеткер.
Аққайың ауданы*

БІР ҰЫС ТОПЫРАҚ

Адамзат баласына үлкен нәубет әкелген Ұлы Отан соғысы, әсіресе, сол соғыс жылдары туған балаларға көп қайғы-қасірет шекірді. Олардың алды бүгінде ақсақалды жасқа келсе де сол зұлмат жылдардың жүрекке салған жарасынан айыға алмай, майданда хабарсыз кеткен әкелерін аңсан, сағынышты күй кешеді. Бірен-саран сарғайған суреттері болмаса, сәби жадында сакталмаған әке бейнесі қазіргі кәрі жүректеріне маза бермей, онсыз да жандарын жеген қайғы-шер айықпай осынау жұмбак дүниеден өздерімен бірге өтерінен қорқады.

Бірақ тірі жанда үміт оты үзілген бе? Өле-өлгенше зарығып майданнан оралмаған ұлдары мен жарын тосқан ғазиз аналар барын

білеміз. Солардың бірі Сергеевка қаласында ғұмыр кешкен Тұрсын Мәдиева шешей болатын. Көзі жұмылғанша сүиіп қосылған жан-жары Едіресті сарғая тосудан бір жалықпай, тым болмаса қаза тапты деген тілдей «қара қағазын» да көре алмай арманда кете барды ғой. Алайда түбінде бір көптен күткен дерек табыларын сезгендей, дүниеден өтерінің алдында ұлы Корғанды қасына шақырып: «Ұлым, саған айтар аманатым, әкенді іздеуді тоқтатпа, қаза болған жерін білсеп барып қайт, қабіріне менин және өзінің атыннан топырақ сал» деген еді. Содан бері өткен отыз жыл ішінде Корғанның ойынан ананың осы аманаты кеткен емес. Талай рет орталық әскери мұрағатқа іздеу хат жазды, облыстық әскери комиссариатқа және әкесі соғысқа қатысқан Тверь облысындағы тиісті орындарға жылма-жыл токтаусыз сұрау салып отырды. Мұмкін, осындағы көп іздеудін нәтижесі болар, ондаған жылдар бойы «Сіздің әкеніз хабарсыз кеттіден» бір жаңылмаған жауаптардың ақыры нәтиже беріп, Женістің 50 жылдығы қарсанында «Сіздің әкеніз Едірес Мәдиев Тверь облысындағы Кутьево қаласында ерлікпен қаза тапты» деген хабар жетті. Сөйтін, аяулы әке есімі облыстың «Боздақтар» кітабына енді.

Содан бері Корғанды ана аманатының ең жауапты тапсырысы – әке қабірін тауып, оған туған жердің бір уыс топырағын апарып салу жайы қатты қинайтын еді. Ақыры ойланып, толғана келе әкениң ізін сол өнірге барып, соғыстың күәгері болған жандардан сұрап-билип іздеуді үйғарды.

Сөйтіп, әкесі майданға аттанған 1942 жылы қырқынан шықпай қалған бала ата жасына келген шағында әкениң жорық жолын басып, алыстағы Тверь облысына сапар шекті. Мәскеу өзінің жоғары оку орнында оқып, білім алған жері, бәрі де көкірегінде сайрап тұр. Астанадан небары 320 шақырым ғана қашықтықта жатқан Тверьдің бағытына қанық Корған Қазан вокзалынан іргедегі Белорусс вокзалына өтіп Мәскеу-Великие Луки бағытындағы поезда отырды. Темір жол вокзалы анықтамасында Кутьево деген қала көрсетілмейті, сондықтан аудан орталығы Нелидовка қаласынан тұсті. Осындағы аудандық әскери комиссариатқа барып, өзінің келген шаруасын айтты.

Сұрапылды басынан кешкен ел ғой, әрі осы Корған сияқты қаза тапқан туысқандарын іздең келетіндер де жиі болып тұратындықтан шығар, құрметпен қарсы алып, қолда бар деректерін жайып салды. Жолы болғаны да, қолына тиген құжаттардың бірінде Кутьево селосын азат етуге қазақстандық жауынгерлер қатысқанын білді. Әскери комиссариаттағылар онда қаза болған жауынгерлерге қойылған ескерткіш-мемориал барын, сондағы тақтада жүздеген жауынгерлер

есімдері жазылғанын айтты. Сөйтіп, комиссариаттың берген көлігімен Кутьево селосына жол тартты.

Қайын, терегі араласқан қалың орманның қөлеңкесінен шағын селоның ак шанқан үйлері көзге түскенде көп жыл армандаған мақсатына жетерін сезгендей журегі лұпілдеп соға жөнелген. Ол алдамаған екен, бұл бақытты шакты Корған бүгіндегі тымен айтып жеткізе алмайды. Осы күнге дейін сыр бермеген буыны дірілдеп, жауынгер ескерткіші жаңындағы мәрмәр тасқа сүйенін, бүгіліп отыра кеткені есінде. Көп жыл қеудесінде шемен болып қатқан көз жасы да құйылып кете алмады. Сәл өзіне-өзі келин мәрмәр тастардағы жазуларға көз салғанда тізімінің орта тұсындағы «қатардағы жауынгер Мәдиев Е.» деген жазу көзіне оттай басылды. Тастағы жазуды алақанымен сипап тұрып: «Әке, естімісін, ұлың Қорғаның келді қасына, аманың аманатын жеткіздім саған!» дегені есінде, сосын көзі тағы қарауытып жүре берді. Тағы өзі-өзіне келгенде қалтасындағы орамалдан туған ауылы Қектеректегі көк Есілдің жағасынан алған бір уыс топыракты әке қабіріне тастап, елдегі ана қабіріне салу үшін осы жердің бір уыс топырағын түйіп алды. Бұл осы жылдың 20-шы сәуірінде болған оқиға.

Осылайша ана аманаты мен әке алдындағы перзенттік парызын етеп қайтқан, бүгіндегі Бескөл селосында тұратын зейнеткер Қорған Едіресұлы Мәдиев сол сапарында көзі көрген жауынгерлік мемориал басындағы мәрмәр тасқа аты қашалғандардың көбісі солтүстікқа зақстандық азаматтар екенине шуббесіз. Қойын дәптеріне жазып алған олардың есімдерін газет бетіне жариялауымызды сұрады. Олар мыналар: Ильгубаев М.З., Ишкашаев, Кариеv, Кокуинев, Татарбаев С.К., Конаев, Куликов В.Н., Мадиев Е., Байсалдин Н.У., Валимұхаматов А., Гальцев Д.И., Исламов С.И., Сараев Д.В., политрук Шишкин Г.П. және тағы басқалар. Ерлер есімдері ешқашан ұмытылмайды дей отырып, сонау 1942 жылдың маусым-шілде айларында қаза тапқан осы боздақтарға тағзым етейік.

Тоқтар 31КІРИН

ОТТЫ ЖЫЛДАР ҚҰЖАТТАРЫ

Солтүстік Қазақстан облысының және Қазақ КСР-ниң колхоздары мен совхоз қызметкерлерін майданға аттанған ерлердің орнын басып, трактор, автомашиналардың рульдері мен комбайн штурвалдарына отыруға шақырған Полудин МТС-і әйел-тракторшылары бригадасының үндеуінен. 1941 жылдың 28 маусымы.

Қанышер герман фашистерінің біздің бейбіт жатқан социалистік елімізге тұтынылдан шабуыл жасауы бүкіл кеңес халқының наразылығын, ашу-ызысын туғызып отыр.

Қаһарлы да шешуші шақ туды. Герман фашизміне қарсы Ұлы Отан соғысы басталды. Ұрыс даласында басқыншыларға қарсы өзін көрсетіп, жан аямай шайқасып жатыр.

Опасыз қарақшыларға, қанышер фашистерге жойқын соккы беріп жатқан Қызыл Армияның данқты жауынгерлері – біздің экелеріміз бен ерлеріміздің, құрбы-құрдастарымыздың аналары, қыздары мен адад жарлары, біздің үндеуіміз сіздерге арналады. Біз, әйелдер, қандай ғана істе, қандай да жұмыс орнында болсын, ынтымақпен, ұйымшылдықпен қажырлы еңбек етуге тиістіміз. Мұның өзі қазіргі сәтте біздің Отанымызға қажет.

Полудин МТС-інде қазірдің өзінде 18 колхозшы әйел тракторшы болып жұмыс істейді. Олардың бәрі трактор жүргізуі жақсы менгеріп, жоғары өнімділікке қол жеткізіп жүр. Біздің МТС-тан көптеген тракторшылар мен комбайншылар, олардың көмекшілері шақыруды күтпей-ак өз еріктерімен майданға кетіп жатыр. Олардың машиналарына аналары, зайнштары, қарындастары, дос қыздары отыруда. Бұрын тракторда істеген тоғыз әйел тракторға қайта отырды, үш қызы комбайн жүргізуге даярлануда. Маркс атындағы колхоздан Ксения Морозова, Киров атындағы колхоздан Мария Пудовкина, «Красный Октябрь» колхозынан Александра Листопад тракторға отырып жұмыс істеге келді, ал Татьяна Городушкина комбайншы боламын деп отыр.

Біздің әйел-тракторшылар бригадасы тракторшы, комбайншы, жүргізуі мамандығы бар, бірақ МТС-тар мен совхоздарда жұмыс істемейтін Казақстанның колхоздары мен совхоздарындағы барлық қыз-келіншектерді тракторлар мен автомашиналардың рульдеріне, комбайндардың штурвалдарына отыруға шақырады.

Қыздар мен әйелдер, тракторға, комбайнға, автомашинаға отырындар! Барлық машинаны толық қуатымен пайдаланайық!

Сталиндік бітік астықты мерзімінде және жоғары сапамен жинарап алу жолындағы тракторшылардың, комбайншылардың, шоферлардың республикалық жарысын кеңінен ерістетейік!

Ерлеріміз, аға-інілеріміз бен тұған-тысқандарымыз, балаларымыз, толық женіске жеткенше ерлік пен батырлық қөрсете отырып, жауды аямай соғындар және құртындар! Егер қажет болса, біз, қыз-келіншектер, қай уақытта болсын тракторларымызды, комбайндар мен автомашиналарымызды танктер мен броньды машиналарға ауыстырып, сендермен бірге иыққа иық тірестіре социалистік Отаның жексүрін жауымен шайқасуға әзірміз.

Сондай-ақ біз социалистік мал шаруашылығында жұмыс істеп жүрген республиканың барлық әйелдеріне сөз арнап, пішен жинау, сүрлем дайындау науқандарын үлгілі өткізуге, мал қоралары құрылышын жақсылап жөндеуге шақырамыз.

Біздің туысқан, қаһарман Қызыл Армияның данқы арта берсін!

Біздің большевиктердің коммунистік партиясының данқы арта берсін!

Көсеміміз және біздің барлық жеңістеріміздің ұйымдастырушысы – ұлы Сталиннің данқы арта берсін!

Полудин МТС-і трактор бригадасының тракторшы-әйелдері Василиса Бондарева, Валентина Шубина, Вера Евтушенко, Мария Горенкова, Феолосия Никифорова, Мария Толмачева, Эмилия Шмидт, Мария Авдеева.

(«Солтүстікқазақстандықтар Ұлы Отан соғысы жылдарында» китабынан алынды)

ӘКЕСІЗ ЕРТЕ ЕСЕЙДІК



Қали Ибраев

Мениң әкем Қали Ибраев Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Киров, қазір гі Баймағанбет Ізтөлин атындағы ауылда 1908 жылы дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейин бір айдан соң 1941 жылдың 26 шілдесінде Преснов аудандық әскери комиссариат арқылы әскерге алынып, алғашқы лекпен ел қорғауга аттанады. Бірден майданға кіріп, жаумен бетпе-бет айқасқан. Күш тең емес сұрапыл шайқастың бірінде 1941 жылғы 20 қазанда ауыр жараланып қаза тапқан. Ленинград облысы, Злостровая селосының Лодейное даласында майдандастарымен бірге жерленген.

Әкем соғысқа кеткенде мен тәрг жаста едім. Үйде әжем, шеінем үшеуіміз қалдық. Әкемнің ағасы бар болатын. Ол кісі Корған облысының Половин ауданында тұратын еді. Әскерге алынатын болған соң қыындықты бір жерден көрсін деп өз отбасын, екі арбамен дүние-

мұлкін, ат-арбасын, биесін алып біздің үйге көшип келді. Бір күш үйқыдан тұрсаң ағам жоқ. Сөйтсем ол кісі таңның ертесімен ауданға кетіп, сол жағынан соғысқа аттаныпты.

Сөйтіп бір үйде төрт жан қалдық. Екі шешем, әжем елде қалған қарттармен қатар колхоз жұмысына араласты. Егін сеуіп, жинар кезде әр үйдің жалғыз сиыры соқаға жегілді. Соқаның құлағын шалдар ұстаса, өгіз-сиырдың мүйіз жібіне әйелдер мен балалар ие болды. Жер жырту, тұқым себу сиякты қыын жұмыстарды солар аткарды. Егін піскенде оны жинап алуға ауылдың кәрі-жасы түгел жұмсалатын. Өгіз сүйреген лобогрейкамен астық жинап, түскен өнімді үлкен қалтарға салып тасу үлкендерге ауыр жүк болатын. Одан қала берді шөп дайындау науқаны басталатын. Шалдар шалғымен шөп шапса, біздер, балалар, оны аударып кептіріп жинайтынбыз. Мұндай қыын жұмысқа мен жеті жасымнан араластым. Өгіз басына мініп, жер жырту, тұқым себу, астық жинау тағы сол сиякты колхоздың қат-қабат жұмысына араласып, майданға кеткен ағаларымыз бен әкелеріміздің женіспен оралуына өз үлестерімізді қостық. Сол кезде бұғанасы бекіместен еңбекке ерте араласқан, уақытпен санаспай колхоздың небір ауыр жұмыстарын аткарған балалар – Демеу Әбдірахманов, Ергалиев Дүйсен, Бектенов Өтеміс, Николай Плющенко, Иван Куряков, Григорий Лалакин және басқалар бүгіндері Ұлы Женіске өз үлестерін қосқандарын мактан тұтады. Міне, олар белі бүгілген қарттар. Кейбіреулері дүниеден өтіп те кетті.

Өкем Кали майданға аттанғанда жолда, одан кейин Ленинград қаласынан қаза тапқанға дейін хат жазып тұрыпты. Мынау өлеңмен жазылған бір-екі хаты:

ЕЛІМЕ

Қалам ап, хат жазайын елімізге,
Сағынған туып-өскен жерімізге.
Кезінде тандай жүріп қоныс еткен,
Дейтүғын екі Сұлтан көлдеріме.

Баянкөл, Шалабайкөл, көлдерім-ай!
Сары боз, қалың орман жерлерім-ай!
Күн болса қайта барып, сені көрер,
Бұл жатқа каза тауып, дүние салмай.

Вульский Галі деген жердің аты,
Тыңдалсын құлақ салып елдің қарты.
Өніміп жерден өскен жинап алар,
Сенімді шын берілген авангарды.

Өңкей жас елден шыққан сапар шегіп,
Кайтуға Герман итті, жауды женіп.
Бұл жолдан есен-аман біз баарымыз,
Беттескен немістердің қанын төгіп.

Болады Киров деген елім аты,
Жұмысшы шаруаның қолқанаты.
Сенімді қажымайтын табандылар,
Койшыбай, Сейдахмет, Қали атты.

Құраушы сөзден өлең Қали атым,
Тыңдалсын көпшилікке жазған хатым.
Алмакан, Қали-Мәтін, Мақыш,
Бұларың өндірістегі авангардың.

Салындар көз қырынды нашарларға,
Құлақ сап анық тыңдал, айтқан зарға.
Көмектеп қора-қопсы шаруасын,
Қамдандар, қамалмастай қалың қарға.

Тартпасын тағы және аштық зарын,
Жас бала, жесір әйел, аналарым.
Бұл жолдан есен-аман бара қалсам,
Жоймаспын кызметтің бағаларын.

Айтамын сен де есен бол, алған жарым,
Тартпандар үлкен қайғы, ауыр зарын.
Шәрипа, Мәпи, Зейнеп қарындастым,
Ақдари, Сағила атты құрбыларым.

Әсия, сен есен бол, Қаншайым
Нұрсұлу, Мағрипа – күн мен айым.
Жамал мен Жәми, Мәкең қарындастар,
Бимаржан, Жамал, Зейнеп женгетайым.

Есен бол артта құрбым асыл затым,
Қоштаскан бір жолата махаббатым.
Жерінде Ленинградтан сәлем жазған,
Баласы Ыбырайдың Қали атым.

Ал енді қош болындар, жолыққанша,
Басқа сөз неме керек жазып онша.
Тезірек алысымен хат салындар,
Шапқан шөп, шықкан егін болды қанша?

Барамыз аурусыз ажал жакқа,
Тапсырып шыбын жанды жалғыз хакқа.
Ағызбай жапан түзде қасық қанды,
Пана боп, жалғыз құдай, өзің сақта.

Тындалсын осы сөзім барша жанға,
Мен бүгні есім ауып қалды танға.
Арттағы өңкей сорлы көп жыламай,
Тілектес бола көрші шыбын жанға.

Айтқызат Мәкеннің жас қалғандығы,
Тұрмыстың мынау ауыр жалғандығы.
Жерінде Ленинградты қорғап жүрген,
Біздің мақсат елдің амандығы.

Ал енді қош болындар, жалпы туған,
Көздерін ертелі-кеш жаспен жуған.
Тек бірақ тіршілікпен көрісейік
Аман ғап мынау ажал қанды судан.

*Ленинград қ., 1941 жыл
Мәкен ҚАЛИҰЛЫ*

ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІМ БАР

Адам қартайған шағында өткен өміріне көз жүгіртіп, нені тындырдым, нені тындыра алмадым, қандай қызық-куаныш көрдім, нендей қыншылықты бастан кешірдім дегендей ой толғанысқа түсетін кезі болады екен. Откеніме көз жүгіртсем, ғұмырымның елу жылға жуығын жас жеткіншектерге тәлім-тәрбие беру ісіне жұмсалып. Бұл өмірімнің ерекше ризашылық билдіріп, мақтан тұтар кезеңі болса керек. Өйткені алдынан гәлім-тәрбие алған шәкіртерім еліміздің әр түпкірінде, әр салада жауапты қызметтер атқарып, мәрейімді өсіруде. Мұны ұстаздық жолындағы тынымсыз енбегімнің жемісі деп білемін.





Әлімжан МӘЖИТОВ
генерал ұлы Маратпен

Ал ғұмырымның тағы бір кезеңіне көз жүгіртсем – ол балалық, жастық шағым. Бүгінгідей бакытты заманың балаларындай ойнап-күлдік, жүрдік-тұрдық деп айта алмаймын. Өйткені біз балалық шактың бал дәурен қызығын көрмей ерте есейдік. Аштық салған ауыртпалық айылын жия бергенде Ұлы Отан соғысы басталды. Елдің еңесін езін, қай-

ғы-қасіреттің қара бұлтын басымызға үиірді. Елдегі ер азаматтардың бәрі қолдарына қару ұстап ел қорғауға аттанды. Олардың артында қалған кәрі-күрттан, әйелдер мен балалар колхоздың бар ауыртпалағын ишкітарына салды.

Мен 1929 жылдың 20 қазанында қазіргі Шал ақын ауданындағы Жаңажол ауылында дүниеге келдім. Сол сүм соғыс басталғанда он екілер шамасындағы бала едім. Бұл кездे Ленин орта мектебінде оқып жүргенмен, сабактан шыға салып, қолымызға айыр, күрек алып, соғысқа аттанған әкелеріміз бен ағаларымыздың орнын басып, колхоздың сан қырлы жұмысына араластық. Бұғанасы қатпаған балалар өгіз жетектесе, ересек балалар мен шалдар соқа айдады. Жер жыртып болысымен кәрілермен қатар мойнымызға дорба іліп, дән септік. Егін көктеп шығысымен арамшөп жүлдік. Күзде егінді жинап алуға ауылдың бар адамы қатысатын. Сол кездегі астық жинаудың қыыншылығы әлі күнге дейін көз алдымда. Бұл аса жауапты науқан гой. Өйткені елге де, майданға да астық қажет. Ауа райы бұзылады деп үлкендер жанталастырғанда бір бала сары қаптың аузын ұстаса, екіншіміз шелекпен көсіп, астық салатынбыз. Сол сары қаптарды кейде мықшындал көтере алмай жатқанда, кәрілер көмекке келетін. Шөп дайындау науқаны да тынымсыз енбекті қажет ететін. Үлкендер қол шалғымен шапқан шөпті қайта-қайта аударып, кепкен соң тырнауышпен жинап көпенеге салатынбыз. Ол көпенелерді өгіздің мойнына байланған ұзын арқаммен сүйреп, бір жерге жиып, мая үйетінбіз. Маяның төбесін үлкендер шығарса, біз бала біткен етектегі шөпті жинап, шама-шарқымыз жеткенше әпепетінбіз. Міне, соғыс женіспен аяқталғанша осындаі күй кештік.

Бірақ Женістен кеін де елдегі шаруа бірден оңалып кете қойған жоқ. Соғыстан мүғедек, ауру болып оралған ер-азаматтармен қатар еңбек еттік.

Соғыс жылдарында 9-10 сыныптарда оқып, бітірген бозбалаларды Петропавл қаласындағы Боркиге бір айлық әскери жаттығуға шакыратын. Денсаулығы жақсы жасы жеткендерді сол жерден майданға аттандыратын. Мен де сөзізінші сыныптан кейін осы әскери дайындықта болдым. Көп ұзамай соғыс аяқталып, еліміз Ұлы Женісті ұлан-асыр тойлады. Сондағы халықтың куанған көңіл-күйін сөзben айтып жеткізу киын.

Ұлы Женіске жас та болсақ тылдағы еңбек майданына араласып, өз үлесімізді қосқанымызды бүгінгі құні мактан тұтып, жас ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде айтып отырамыз. Бір айта кететінім, соғыс жылдарында Ленин орта мектебі қандай қыыншылық болмасын білім беруін тоқтатқан жоқ. Сабактан соң мектеп ұжымы еңбек майданына араласты. Сол бір қыын жылдары Сейип Сеитбеков, Шияп Садықов, Сейтен Сауытбеков директор болып, мектеп жұмысын жандандыра тусты. Соғыстан аман-есен елге оралған Сәден Байбатыров, Кәлау Тайжанов, Жанғали Құсайынов, Ахметжан Қалиахметов білім беру жолында жалықпай ұстаздық қызмет атқарды.

Соғыстан кейінгі жылдары Ленин орта мектебі облысымында қазақ тілінде білім беретін іргелі оқу орнының бірі болды. Әр жылдары оқу бітірген мектеп түлектері ғалым, дарын болып, еліміздің әр түкпірінде қызмет істеп, мектеп мереин өсірді. Солардың шинде Герольд Бельгер, Бірлік Аханов, Ермек Қонарбаев, Жарасбай Нұрқанов, Женіс Құсайынова, Есен Садықов және басқалары жазушы, ақын, ғалым, елші ретінде есімдері елге белгілі тұлғалар. Қазір мектеп Мәркен Ахметбековтің есімімен аталады. Бұл кісі де мектептің түлегі, ірі қызметтер атқарған қоғам қайраткері. Мектептің өз түлегі есімімен аталуы бұл да үлкен жетістіктің, үлкен қуаныштың белгісі.

Мен зайдібай Сапия екеуміз тату-тәтті өмір кешіп, бес үл-кызы тәрбиелеп өсірдік. Олардың бәрі жоғары білім алғып, әр салада жауапты қызметтердің иесі атануда. Ұлым Марат генерал-майор, Мәскеуде Қазақстан Республикасы атынан үлкен де жауапты қызмет істеуде. Тағы бір ұлым – Ерік полковник, өрт сөндіру саласында басшылық міндет атқаруда. Кеінгі балаларым мен немерелерім де, өмірден өз орындарын тауып, қызық-қуаныштарымен мерейімізді өсіруде.

Әлімжан МӘЖИТОВ, тыл еңбеккери,
ардалегер, ұстаз

...БАУЫРЖАНДАЙ БАТЫР БОЛАР МА ЕДІ



Куандық Құсайынов

майор шенін алып, білікті командир, жаужүрек басшы ретінде көзге түскен Бауыржан Момышұлы болса, Куандық та жиырма төрт жасқа толмай жатып осы шенді алып, жас та болса бас болып, батыл да ойшыл қабілетімен әскери белімдерді басқарған еken. Егер тірі жүрсе Бауыржандай даңқы жер жарып, үлкен жұлдызды шен алып, ерекше құрмет тұтар, ардақты ардагер атанар тұлғаны бір сәт көз алдыма елестеткендей болдым. Тірі жүрсе солай боларына да күмәніміз жоқ. Бірақ соғыстың аты соғыс қой... қыршын кеткен. Жиырма бесіне толмай елі үшін жанын пида еткен.

Қынабынан суырган қылыштай жарқылдал, жұлдыздай жанып барып өшкен қысқа ғұмыр толғандырмай қоймады. Сол толғаныспен Куандықтың өмірі жайлы қосымша деректер іздестірмек болып, немере іпсі Сапарбек Құсайынов екеуміз ол туып-өскен елге барып қайттық. Бұрындары омырауларында ерліктиң шежіресіндегі ордендері мен медальдары сынғылаған соғыс ардагерлері ауыл біткеннің көркі, мақтанышы мен абыройы болушы еді. Әсіресе, Женс мере-кесі күні орталық аландардағы соғыстан оралмаған боздақтарға ор-

Осы кітапты дайындау барысында «Боздақтар» кітабына да көз жүгіртіп өткенді жөн көрдім. Ондағы ойым, Ұлы Отан соғысы жылдарында ел корғауға аттанып, жаңбырдай жауған оттың арасында мұз жастаңып, су кешіп жаумен шайқасқан, небір қиян-кескі ұрыста қасық қанын төгіп ерлікпен қаза тапкан, сейтш туган жерінен бір уыс топырақ бұйырмай майдан даласында жерленген ержүрек жауынгер әкелеріміз бен агаларымыз жайында қажетті деректер іздестіру еді. Кітаптың үшінші томын параптап отырғанымда мына бір есім назарымды елең еткізді. Ол – Куандық Құсайынов. Соғыс жайындағы кейбір материалдарды оқып, білгенімдей, қазақ жауынгерлерінің ішінде жиырма екі жасында

натылған ескерткіштерге жиналған сол ардагерлерді көргенде батыр тұлғаларына сүйсіне қарап, мақтаныш сезіммен қоғадай иілін сәлем беруши едік. Бүгіндері сол ардагерлердің қатары сиреп кетті, көптеген ауылдарда қалмады да. Біз барған Петровка ауылында да соғысқа қатысып ел қорғап қайтқан ардагерлердің бәрі дүниеден өтіпті. Ал көпті көрген конекөз қария дегеннен тірі жүргені жалғыз Есмағұзым Қонқаев қана екен. Ол да тоқсанды еңсеріп тастаған, отыrsa тұра алмайтын, тұрса жүре алмайтын халде көринеді. Соғысқа бармаса да еңбек армиясында болған. Одан келген соң тылдағы еңбек майданының бел ортасында жүріпті. Келген шаруамызды айтып, әнгімеге тарттық.

– Менің шын атым Есмағұзым. Ұлы әжем тілі келмегесін Мәнту деп атап кетіпті. Содан ауыл күні бүгінге дейін Мәнту ата дейді. Өздерің сұрап отырған Куандықпен бала кезіміз Қызылойда бірге өтті. Бұл ауыл осы Петровкадан үш шақырым жерде, белгे оратылған белбеудей қызыл қайыңы жағалай өскен қалың шоктың бауырындағы үлкен ойпанға орналасқан. Жұрт соған қарап ауылды «Қызылой» деп атаса керек. 1931 жылы маңайдағы Әйтім сияқты шағын жеті ауылдың басы қосылып, «Қызылой» колхозы құрылды. Сексенге жуық үй түтін түттетті. Бұл сол кезде үлкен ауылдың бірі болды.

Әлгіндей жеті ауылдан қосылғасын ба, бала біткен топ-топ болып ойнайтынбыз. Біздің арамызда үлкеніміз Куандық болатын. Сол кезде оның жасы он бір – он екілер шамасында еді. Мен одан үш-төрт жас кішімін. Куандықтың ақжарқын, елгезек, тилалғыш, кишипейл мінезі есімде қалыпты. Кейбір ересек балалар бізге әлімжеттік жасаса, Куандықтың араша түсіп, олардың бетін қайтарып тастайтын батылдығы да бар еді. Содан да болар, кішректеу балалар Куандықтың маңына топталып, бірге жүретінбіз. Ол бәрімізге қамқорлық жасайтын. Мұндай касиеттерді бір адамның бойынан табу қыын гой.

Куандық осы ауылда, кейін Айымжанда оқып білім алды. Содан кейін қалаға кетті. Қызылжарда қандай оқу оқығаны есімде жоқ, Семей қаласындағы женіл тамақ әнеркәсібі институтына оқуға түсіп, оны бітірген соң елге оралғанын білемін. Бұл кезде мен де шетте болатынмын, - деді Мәнту қария бізге бар білгенім осы дегендей сынай танытып. Біз ауыл оргалығындағы мектептің ерлік мұражайына да кіріп шықтық. Мұражай қабырғасының көрнекті жеріне Қуандық Құсайыновтың суреті, қысқаша өмірдеректері. офицерлік шені мен соғысқа қай майданда қатысқаны, қай майданда қаза тапқаны, «Қызыл Жұлдыз», бірінші дәрежелі «Отан соғысы», «Суворов» ордендерімен марапатталған наградалық куәліктердің түпнұсқалары тұралы мағлұматтар ылған. Қуандық Құсайыновтың кеудесіне тағылған

осы жоғары дәрежелі ордендердің өзі-ақ оның бойында от ойнаған жаужүрек батыл да жігерлі жауынгер болғанын ұқтырса керек. Ал соғыстың алғашқы жылында-ақ жиырма төрт жасқа толмай жатып жоғары офицерлік шен алып, полк құрамындағы әскери бөлімдерді басқаруы оның білікті де ойшыл командир болғанын аңғартқандай.

Куандық Құсайынов 1919 жылы бұрынғы Төнкеріс, казіргі Жамбыл ауданындағы Кызылой ауылында дүниеге келген. Мектепті бітіріп, институттан сол кездегі дәрежеде жоғары білім алған ол 1939 жылы Преснов аудандық әскери комиссариаты арқылы міндетті әскерге алынған. Фин соғысына қатысқан. Бұл соғысқа фин солдаттары жақсы дайындалған көрінеді. Әсіресе, ақ қарда ақ киім киіп, ну қарағайдың ішінде шаңғымен зулап бара жатып нысананы дәл көздел атуға машиқтанған. Жаудың осындай айлалы қылышынан талай жауынгеріміздің өмірі қылды. Дегенмен Кеңес армиясының тегеүірінді күш-кимылы жауды қоғадай жапырып, Фин соғысын қысқа мерзімде жеңіспен аяқтады.

Куандық Құсайынов міндетті әскери қызметін одан әрі атқарып жүргенде Ұлы Отан соғысы басталды. Ол 70-ші атқыштар дивизиясының құрамындағы 329-шы атқыштар полкінің артиллерия бөлімінің бастығы ретінде соғысқа қатысқан. Бұл құраманың барлық майдан шебінде жауға күйрете сокқы бергені, талай қалалар мен елдерді неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге қатысып, ақыр соңында жауды Берлинде – өз аpanында біржолата күйрету үшін артиллерияның ауыр снарядтарымен тұншықтыра сокқылағаны соғыс тарихынан белгілі. Куандық Құсайынов та осы әскери құраманың сапындағы артиллерия бөлімінің командирі болып Литваны жау шенгелінен азат етуге қатысқан. 1944 жылы шілде айының 25-і күні Капсукас қаласын жаудан босату жолында қиян-кескі ұрыс болған. Сол шайқаста Куандық Құсайынов қаза тапқан. Сөйтіп, мұз жастанып, су кешіп, жауған оқтың астында, жанған оттың ішінде Отан үшин, ел үшін жаумен айқасып жүріп, соғыстың аяқталуына тоғыз айдайғана қалғанда қамшының сабындай қысқа ғұмыр ұзіліп-ақ кеткен екен.

Еңбек армиясына барған әкесі Құсайын 1942 жылы Челябі қаласында темір жол бойында жұмыс істеп жүргенде ұлы Куандықпен кездейсөк кездескен екен. Кадрлік қазақ офицері болғандықтан ба, Куандықты Қазақстанда жасақталған жауынгерлерді майданға жеткізуғе жіберсе керек. Жол ұстіндегі әке мен баланың осы кездесуі бір сәтке ғана, бір мезетке ғана ұласты. Осы сәтте әке мен бала бірін-бірі соңғы рет көріп түрғанын іштей мүмкін сезген де шығар. Бірак тұлабойын намыс буган ержүрек жастың, қынынан суырылған ал-

мас қылыштай жарқылдаған жауынгердің бар ойы фашизмді құртып, женіске жету еді. Ал аскар тау әке өзінің қанша биіктігін көрсетсе де, бала деген бауыр еті елжіресе де елге төңген қауіпті шын жүргімен сезініп, штей қиналса да сырттай білдірмегені тайға таңба басқандай анық. Өйткені, кайсар әке ғана осындай мінез танытады, батыр әкеден ғана батыр ұл туады. Әке мен бала сағыныштарын баса алмай, бірін-бірі кимай тұрғанда отарбаның ацы дауысы кишкентай ғана бір үмітті үзіп жіберген екен. Батысқа қарай жылжып бара жатқан баланың сонынан әке ұзақ қарап тұрды. «Женіспен орал, ұлым» деп қолын бұлғап тұрды. Бірақ бұл олардың ақырғы рет кездесуі болатын.

Соғыстан кейін туған-туысқандары Қуандық Құсайыновтың қай жерде жерленгенін іздестірумен болды. Ұзақ жылдар бойы іздестірудің арқасында оның жерленген жері сонау Литва жерінен табылды. Ол ұрыс кезінде Капсукас қаласында қаза тапқан жиырма сегіз офицермен бірге жерленіпті. Қазір офицерлер зираты қаланың ортасында. Олардың есімдері жазылған құлпытас қойылған. 1975 жылы Қуандықтың інісі Бекайдар мен келіні Тенденк Капсукас қаласына барып, офицерлер зиратын өз көздерімен көріп, бауырларының рухына тағызым етіп келді. Алдағы уақытта Бекайдардың қызы Гүлнар, ұлдары Жұмағали, Сапарбек, Жомарт ұйымдастып, Қуандықтың басына барып, одан бір уыс топырақ әкеліп, әкесі Құсайының жанына қойып, құлпытас орнатуды парыз санап отыр.

Жоламан ШАХАНОВ

ЕСІМІ ТАРИХҚА ЕҢГІЗІЛГЕН ЕРЖҮРЕК ПАНФИЛОВШЫ ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖАЙЛЫ

Иә, бұғандегі әр майданғер – бір-бір тарих. Ал Уәли Оразбаевтың өмірі, майдан жолы өзгешелеу. Бұл кісінің есімі 10-сыныптың «Қазақстан тарихы» окулығының «Қыын-қыстау кезеңінде» деген ИУ белімінде жазылған. Содан үзінді келтіре кетеңік: «Қазақстандық партизандардың жалпы саны 3,5 мың адамнан асып тұсті. Олардың қатарына Қ.Қайсенов, Ж.Ағаділова, Е.Воробьев, Д.Семенова, Н.Зебницкий, Ф.Фозмитель, Д.Әбдірайымов, Г.Ахмедияров, З.Шәріпов, У.Оразбаев, В.Шаруди, Ж.Сайн, Ж.Нәметов, Т.Жұмабаев, Ж.Савельев және басқа да көптеген адамдар болды».

1938 жылы Калинин (Өндірістің бөлімшесі болған) жеті жылдық мектебін бітірген соң Омбының педучилищесіне оқуға түседі. Мұн-

да жарты-ак жыл оқыған, себебі «тентек» болғасын оқудан шығарып жіберген. Содан кеін ФЗО-ға (фабрика-зауыт окуы) жіберін, Жезқазғанда шахтада жұмыс істеуге тұра келген. Бірақ Уәкен одан да қашып кетіпті. Сонымен 1942 жылы 17 жасар балаң жігіт соғысқа өзі тіленіп барады. 1943-1944 жылдары генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматыда жасақталған 316-шы дивизияның сапында соғысып, барлаушы болады. Атап айтқанда, дарабоз қолбасшы Бауыржан Момышұлымен, осы дивизияның 1075-ші полкінің комиссары, Кенес Одағының Батыры Мәлік Габдуллинмен, «Жас қазак» әнінің авторы Рамазан Елебаевпен және қазактың басқа да біртуар үлдaryмен майданда бірге болғанын Уәкен мақтанышпен айтып отыратын.

– 1944 жылдың қаңаған аязды қысы. Орталарында жиырма жасар жап-жас жалғыз қазак жігіті Уәли бар 18 барлаушы орман арасымен жау шебінен өтіп, «тіл» әкелуге келе жатыр. Белгіленген жерге келіп, аз-мұз тыныстауды үйғарады. Бұл – Псков жаны жым-жырт тыныш түнде үйқы басып, балаң жігіт Уәли қалғып кетсе керек. Шошып оянса кездік пышақты аузына тістеген, қолында ғраната, енгезердей неміс бұған таяу жақындал келеді екен. Жалма-жан ғранатасын сыйрып, неміске қарай лақтырады, анау да колындағы ғранатасын бұған қарай лақтырып үлгереді. Жарылыстың кішкентай ғана жарықшағы самайды тесіп, он көздін ұшынан шығыпты. Есін жиса, үстіне киғен ақ комбинезонның сау жері жоқ, қанға малшынған, неміс өліп қалыпты. Жанындағылар қашып кетіпті. Барлаушылардың ғұрпында өлген жолдасының денесін ала келу жазылмаған зан. Командир: «Өлі болса да, Уәлиді алып келіндер!» деп бұйырыпты. Не керек, содан Уәкендері дала госпиталінде емдел жазады. Алланың берген құаты шығар, әйтеуір, көзі аман қалған екен. Барлаушылар тобымен талай рет «тіл» әкелгені, жау шебіндегі партизандармен байланыс жасағаны үшін «Ерлік і үшін» медалімен марапатталған. Бұл медаль соғыс кезінде орденмен пара-пар болған, аты да соны мензеп тұрган жоқ па?!

– Госпитальдан сауығып шыққан соң біздін бөлімнен Киевтегі авиация мектебіне курсанттар іріктеп жатыр екен, - деп әңгімесін жалғастырды қарт жауынгер Уәли Оразбаев, - «10 жылдық мектепті бітірген аттестатымды жоғалтып алдым» деп өтірікті соғып жіберіп, мына ағаң авиация мектебінен бір-ақ шықты. Оны 1944 жылдың 3 қыркүйегінде бітіріп, күәлік алдым. Коммунист ретінде мені генерал Василий Сталин командалық ететін ұшқыштар дивизиясына, дәл Берлинге жіберді. Мұнда техникалық қызмет сержантты, II санатты авиамеханик дәрежесіне дейін көтерілдім. Біздін міндет – ша-

буылдаушы ИЛ-2, реактивті МИГ-15 және 19 ұшактарын аспандады айқасқа сақадай сай етіп дайындау. Сол кезде Далгоп әуежайында түрдүк. Берлиннің дәл өзіндегі Потсдамда да болдык. Бұл – 1945 жылдың аяқ кезі. Осында, аттары анызға айналған маршалдар Жуков пен Чуйковты да көрдім.

Уәкен елге 1950 жылдың 25 шілдесінде бір-ақ оралыпты. 8 жыл 2 ай әскер қатарында болған. Қызылтуға келгесін әйгілі педагог Сабыр Мәліков директорлық ететін Кипкенекөл мектебіне әскери пән сабағынан оқытушы болып орналасады. Біз «тәте» деп кеткен Гүлжиян деген қызға үйленеді. Сөйтін жүре берер ме еді, кім білсін, кейбір мұғалім жігіттер намысына тимесе?

Бұл былай болған екен. Бірде Лекер Болатбаев пен Кенес Әбдірахманов деген мұғалімдер: «Әуелі 10-сыныпты бітіріп ал, содан кейін бізben сөйлес», - деп шіреніп, Уәкеннің намысына тиіп, оған мен-синбеген сыңай танытады. Оларға намысы қозған Уәкен: «Онынши сыныпты да бітірем, институтқа түсіп, орыс әдебиетінен сабак та берем», - деп төтесінен кетпей ме. Сөйтіп, зерделі де ұғымтал Уәли 10-сыныптың емтиханын «сырттан» тапсырып, 1955 жылы Оралдың пединститутынан бір-ақ шыққан ғой. Орыс тілі мен әдебиеті факультетінің үш курсын бітіріп, демалыс кезінде Алматыға келеді. Осында жерлесі Сәкен Жұнисовті жолықтырып, біраз шүйіркелесіп, әңгімелескеннен кейін Сәкен: «Майдандас, қанды көйлек ағаң, зеренділік Мәлік Габдуллинге неге жолықпайсың?» - дейді. Ол кезде Мәлік ҚазПИ-дің ректоры болатын.

– Ергенінде Сәкен екеуміз Мәкенге кірдік, - дейді Уәли құлімсіреп. – Сәкен оны жақсы біледі, ал Мәлікпен мениң кездеспегеніме соғыстан кейін аттай 17 жыл өткен. Танымады. Мән-жайды айта бастағанымда, Мәкен ұшып турегелін, құшақтап, ұят болса да айттын: «Ой, бала, Оралда не құның қалды, маған неге келмедин?» - деп дүрсе қоя берді. Не керек, Мәкен сол жерде: «Мынау өзімнің жігітім, маған жібер, 4 айлық стипендиясын төлеттір», - деп Оралдың ректорына хат жазып жіберді. Кенес Одағының Батыры, Абай атындағы астаналық оку ордасы – КазПИ-дің ректоры Мәлікке қандай адам қарсы келсін, Оралда бір күн шілінде стипендиямды да, қажетті құжаттарымды да дайын қылды.

Уәли Оразбаев ҚазПИ-ді «жақсы» деген бағамен тамамдайды. Қызыл диплом алмауына старославян тілінен «4» алуы ғана себеп болған. Институттан кейін елге келин, Өндіріс, Мортық, Амангелді, Ақтүйесай мектептерінде жоғары сынып оқушыларына орыс тілі мен әдебиетінен көп жыл бойы дәріс берген. 1984 жылы еңбек зейнетіне шығыпты, алатын зейнетақысы отбасы құнқөрісінә жетерлік екен.

– Орысшаға сауатыңыз мықты екені баршаға белгілі, қалай үйрениңіз? – деген сұрақтар да қойған екен әріптестері.

– Кезінде Берлиннің Гумболт атындағы кітапханасынан атақты жазушылардың кітаптарын алғып оки бердім, - деп жауап беретін көрінеді Уәкен. Сөйтін, оған майдан жолдары мен жылдары да орысша үйренуге игі ықпалын тигізген.

Ақынжанды Уәкен кезінде өлең де жазған, бірақ тұнба талант иесі, эттен, не керек жас кезінде оны құнттамаған. Ол Гетеңің «Фауст», Лермонтовтың «Черная шаль» өлеңдерін қазакшалаған, бірақ баспаға ұсынбаган.

Атақты генерал-майор Панфиловтың 8-ші гвардиялық дивизиясының ардагер жауынгері Өндіріс ауылында туған топырағына орнып, мәңгі үйқыда жатыр. «Ел үмітін ері ақтар, ер атағын елі сақтар» деген халық даналығы Уәли Оразбаевқа арнаап айтылған сияқты көрінеді маған. Келе жатқан «Женіс күні құтты болсын, қарт топырағың торқа, жанын жанатта болсын» деймін мен ішімнен толғанып.

Сагидолла ИКЕНОВ

ТАЛҚАН ҚЫЛЫП, ЖАУДЫ ЖЕҢІП ҚАЙТАРМЫН, КӨҢІЛДЕНІП ДОМБЫРАМДЫ ТАРТАРМЫН

Улкен Қараой жері есімі естен кетпес, халқының аузында жатталып, өз дәүірінде мактанышы бола білген талай ұл-қыздарын өмірге әкелген. Міне, сондай ұмытылmas тұлғалардың бірі – Жаңауыл ауылының тұмасы Тахаудин (Тақау) Сеитов. Ол 1900 жылы туған.

Он алты жастағы Тахаудин өзінің зеiндiлiгiнiң, білiмге деген құштарлығының арқасында алғашкы кеңес өкiметi орнаған жылдары Николаевка орыс-казақ мектебінде жаңаша оқу оқып, өмір мектебінің әлiнiпесiнен сусындейды.

1929 жылдың шілде айында аудандық партия комитетінің үйғаруымен жаңа ашылған Қызылту аудандық халық судьясы болып сайланады. 1932 жылы Ақмола ауданына халық судьясы қызметіне ауыстырылады, бұл ауданнан Солтүстік Қазақстан облысының Төңкеріс ауданында 1935-1938 жылдары қызметін жалғастырады. 1938-1942 жылдары Еңбекшілдер ауданына ауыстырылады.

Тақау қашаңда болсын ең киын деген жұмысқа өзі сұранып журді. Эрдайым тайсалмас табандылық көрсетті: 1941 жылы неміс-фашист басқыншылары бейбіт елімізге кенеттен баса-көктеп кіргенде,

өзі майданға неше рет сұранған болатын. 1942 жылы тамыз айында Еңбекшілдер ауданы орталығынан берілген броньға қарамастан, өзі сұранып соғысқа аттанады. Ол онда да ерлік көрсетті. Қызыл Армия қатарында жауынгер-артиллерист болған Тақау Сейітов жаудың бірнеше бекіністерін бұзып, ерлік жасағаны үшін Сталиннің арнайы алғыс хатымен марапатталды. 1943 жылы соғыс даласында ауыр жарапанғанда да майданнан қайтпайды. Эскери ғоспитальда аз жатып, емделіп шығады да, соғысқа қайта кіреді.

Тақау Сейітұлы Отан соғысының отты жылдарындағы бар қыншылықтарға мойымай, майдан даласында талай ерлік жасап, журенін шыққан өлең-әйнмен туған еліне, жан серігі мен балаларына сәлем жолдап, майдандас жолдастары мен ауылдастарының көңілдеріп жұбатып, жігерлерін көтеріп, Жеңіс күнін жақыннатуға азаттық парызын адаптацияның перспектівін азаттады.

Тақаңың соғыс даласында, окопта, жауып тұрған оқтың астында жатып жазған хатынан:

Сағынды жүргегім, қарап көз тігемін,
Жеңіспен бас қоссақ, сол болар тілегім.
Құлыным, балапаным Мұслима, Розажан,
Жанымдай аяулы, аспанда таңшолпан.
Оқудан қол үзбей, білім алып жүр саян
Қамқорлық жасайды сендерге Ұлы Отан.

Жас, қызық шағына,
Ұлы орда тағына
Қызықты сұм Гитлер,
Өскен гул бағына.

Гвардеец тобында,
Винтовкам қолымда,
Немісті құртамыз
Түсіп біз соңына.

Екінші бір өлеңі:

Хатым кетіп поштамен, өзім қалдым,
Қалғанымда әртүрлі ойға салдым.
Көп ойдың да бір қайырлы бола ма деп
Қуаттанып казармаға қайыра бардым.

Айналайын Мұслима, Роза жаным-ай!
Сағындым ғой көптен бері көре алмай.
Қапа болып мен жүремін алыста
Сендерден ешбір хабар ала алмай.

Талқан қылып, жауды жеңіп кайтармын,
Көңілденін домбырамды тартармын.
Аман-есен өздерінді көрген соң
Сағынғанымның себептерін айтармын.

Тақау Сейітұлы неміс фашизмінін туын жығып, Рейхстаг төбесіне Женіс туы желбірегенге дейін жаумен шайқастарда болды. Қанды майданда көрсеткен ерліктері үшін екі орденмен, екі медальмен маралатталады.

Тұған еліне жеңіспен оралған Тақау бейбіт еңбекке қайта белсene араласады, әділеттігімен беделі өсіп, аты шығады. Сонымен қатар бойына тua біткен әншілік өнерімен жүрген ортасын тәнті етіп, әншілігі алты қырдан асып, сонау Жетісу өніріне, Алатау шынын жаңғырта, Қазақстанның сол кездегі астанасы Алматыға жетті. Елуинші жылдары Ақан сері, Біржан сал, Үкіл Үбырай, Балуан Шолақ сынды Арканың әншілік мектебінің негізін қалаған ескінің көзі іспетті Тақау Сейітұлын Қазақстанның халық әртісі Жүсілбек Елебеков көріп, әнін тыңдалап, риза болып, жоғары баға берген. Кеін республика Мәдениет министрлігімен келисе отырып, Алматы қаласынан үш бөлмелі пәтер әперетін болып, мемлекеттік филармонияға жұмысқа шақырылады. Бірақ Тақаң тұған жерін, отыз жылдай әділет саласында сінірген қызметін және жерлестерін қимай, бұл ұсыныстан бас тартқан. Ол жастық шағынан Құдай берген ұлы сый – әншілік өнерін тұған жерінің халқына қай кезенде болсын сыйлас, өмірінің ақырына деін асқактатып етеді.

Өнер иесі Тақау ағаның әншілік шеберлігі туралы Көкше елінде сал, серінің өмірінен өнеге алған. Біржан салды ұстаз тұтқан Арқа әншілерінің дәстүрлі әншілік мектебінен өткен Талшық ауылының тұрғыны, халық әншісі Жаналы ақсақал кезінде өзінің мынадай бағасын берген еді:

«...Соғыс аяқталған жылдың жазында, сырттай «бір көрсем шіркін!» - деп ықыласым түсіп жүрген айтулы әнші (сол кездерде Тақау Сейітұлы сот бол қызмет етеді екен) Тақау Сейитовпен кездесу сәті түсті. Осы кездесуде Тақау өзін өте сыртайды, сабырлы ұстап, аса бір шынайы сезіммен шешіліп, «Ақшашақ» әнін айтты. Осы уақытқа дейін өзім тыңдаған көрнекті әншілердің ішінде Тақаудай зор үнді

және қою. жұмсақ, әрі ілкім көтерілсе, мүлде шығандап кететін тынысты әншіін көргем жоқ. «Ақшашақ» өте киын ән, оны құйқылжып, балқытатын қызулы, серпінді, ләззатты, сұлу қайырмасын бір деммен бітірді. Ол кісі маған: «Ақшашақты» Жаяу Мұсаның өз аузынан үйреніп едім», - деді. Тақаңың орындаудағы «Гәкку» мен «Ақшашақ» әндері республикалық радионың алтын корында сақталуда.

Өнегелі өмір иесі, ел азаматы Тахаудин Сейітұлы саналы өмірінің жиырма жеті жылын құқық корғау саласына арнал, қара қылды қақ жаратын әділдігімен халық сүйіспеншилігіне бөленген ел перзенті еді. 1963 жылдың маусым айының 13 және 23 күндері аудан орталығында Тақау Сейітұлының туған еліне, халқына істеген баға жетпес еңбегін жоғары бағалап, зейнеткерлікке құрметпен атап шығарады. Ал кін-дік қаны тамған туған елі – Жанауыл кеңшарының екінші бөлімшесінің тұрғындары Ұлы Отан соғысының ардагері, кеңес өкіметінің 9 ордені мен медалинің иегері, майталман заң кызметкері және даңқты әнші, өнегелі өмір иесі, адал еңбегімен, елі мен халқының құрметтіне бөленген, үлкен жүректі, жан серігімен тоғыз баланы тәрбиелеп өсірген мешірімді әке Тақау Сейітұлына үстіне шапан кигизіп, астына сәй-гүлік мінгізіп, естелік сый-сияпат көрсетіп, ат шалтырып, спорттық сайыстар, салтанатты үлкен концерт қойып, арнайы ақындар, әншілер айтысы мен сайысын өткізіп, өздерінің тумасы, ел мақтанышы бола білген перзентін құрметті демалысқа шығарып, сый-сияпат көрсетеді. Осы естелік тойында өнер тарланы, елінің перзенті Тақау Сейітұлы қуаныш үстінде өзінің сүйкіті әндерін домбырамен шынайы жүрек лебізімен орындал, жерлестері мен келген коңактарын өнерімен тәнті етті. Осы той үстінде Тақау «Жастықпен қоштасу» әнін орындал береаді:

Домбырамды қолыма алып толғайын,
Өткен дәуір жастық шақты қозғайын.
Қайта айналып жігіт кезім келмейді
Жас болам деп қолды бекер созбайын...

Жас дәуірім, ризамын мен саған
Кінән бар ма қоятуғын сен маған?
Жас кезім, қош бол, енді келмейсін,
Қызығынды талай көріп тоймаған...

Тақау Сейітұлы 74 жасында өмірден озды.

*Қадыrbай КЕРЕЙБАЙТЕГІ,
еңбек ардагері*

ЖАУ ҰШАҚТАРЫН ЖЕР ЖАСТАНДЫРҒАН

ҒАЗИЗ ЖАН ҒАЗЕЗ АТАНЫң ҚАҢАРМАНДЫҒЫ – ҮРПАҚҚА ӨНЕГЕ

III дәрежелі Данқ, II дәрежелі Отан соғысы ордендерінің, «Сталинградты корғағаны үшін», «Германияны женгені үшін» медальдарының иегері Ғазез Қамытбаев та Сталинград шайқасына қатысып, жауды тізе бұқтірген ер мінезді жауынгерлердің бірі еді. Үәлиханов ауданы Әндіріс ауылдың тумасы туралы зерттеулер жүргізіп, батыр атамыздың өмірі мен адалдықпен атқарған борышы туралы естелік жазып калдыру біздің ұрпак алдындағы борышымыз деп түсіндім.

Ғазез Қамытбаев 1914 жылғы 20 мамыр күні Калинин елді мекенінде дүниеге келікті. Соғыс басталғанда ол 27 жастағы қылышылдаған жігіт еді. Ел басына күн туған шақта алдыңғылардың бірі болып соғыска аттанды. 1942 жылдың акпанында әскерге шақырылып, 223-ші зениттік-артиллеријалық полктиң 2-ші батареясында, 6-шы зениттік каруға қатардағы атқыш болып қабылданады.

Бұл кез Совет Армиясы үшін ең ауыр кезең болатын. Неміс әскері Мәскеуге жақындала, Сталинградты қоршауға алып, Курск түбінде кескілескен ұрыстарға қатысып, шығысқа қарай ұмтылып келе жатқан еді. Сталинградты алса, әрі қарай Шығыстың кілті саналар Азияға еркін енетінін түсінген неміс әскерлері бар күшин салып соғысты. Осыны түсінген көп ұлтты Совет Армиясының жауынгерлері асқан табандылықпен, ерлікпен соғысты. Солардың шінде қазакстандық жауынгерлер туған жердің аманаты мен өздерінің жауынгерлік борышын абыраймен орындағы.

Ғазез атамыз да солардың бірі болып соғысты Сталинград майданынан бастады. Қалаға төніп келген немістің қуатты танкілері мен әуеде құзғындағы қаптаған «Мессершмидтерін» өзіне сеніп тапсырған зениттік каруымен дәл атып түсіріп, тойтарыс беріп отырды. «Соғыс кезінің ең бір естен кетпес тұстарын айтып берсеніз?» деп сұрағанда ол Котельниково темір жол станциясы түбінде болған бір соғыстың эпизодын былай еске алған еді.

«...Жаздың алтап ыстық күні. Котельниково станциясы маңындағы төбениң үстінде Владимир Метин басқарған зенитшілер батареясы зенит құрылғыларын жерге қазып, орналастыруда. Оларды арнаулы торлармен, ағаш бұталарымен жауып, жау ұшактарынан жасырып жатыр. Бізге жақындаған Владимир Метинге зенит қондырғысының командирі Буланов жауынгерлердің соғыс әрекеттеріне дайын екенін баяндады.

Осы кезде батыс жактан гүріл естілді де, жауынгерлер өз орында-рына тарап ұрысқа дайындала бастады. Бұл фашистердің барлаушы ұшағы екен. Жауынгерлер үстінен үнпарақтар лақтырып, біздін берілуімізді талап етіпти. Біраз ұнсұздыктен кейін аспан қайта гүлдеп жау бомбалаушыларына толып кетті. Бұл ұшақтар өте биік ұшып жүріп, станцияны бомбалауға кіресті. Ал біздің 37 миллиметрлік зеңбіректеріміздің оғы оларға дарымай, ыза буып, тек босқа атқылап жатырымыз. Осы кезде біздің ұшақтар да ұрысқа араласып, аспан әлем-жәлем болып кетті. Соғыс әрекеттерімен төмендегі «Мессершмидті» көздел тұрған командир Буланов «Ат!» деп бұйрық берді. Снаряд дәл тиіп, төмен қарай құлдилай жөнелді. Тағы да бұйрық, тағы бір ұшақ құлады, ал кешке қарай зенит стволына үшінші жұлдызды жабыстырдық. Бұл күні станцияны жауға бермедік.

Келесі күні шайқас тағы да басталды. Алғашында аспаннан бомбылап алыш, сосын жау танкілері лап қойды. Біздің зеңбірек тағы да немістің төрт ұшағын атып түсіріп, енді танкілерге қарсы атысты бастадық. Жанжактан жарылған бомбалардан, снарядтардан құлақ тұнады. Шаң, снарядтың ыскырығы, ыңырыған жарапалы жауынгерлердің жанайқайы... Соган қарамастан бар қүш-жігерімізді салып жауды жібермей қайтарыс бердік. Бірақ біздің жактан да шығын болды. Үшінші және төртінші батареялар жойылыпты, байланыссы, командирдің өзі жарақаттаныпты. Әзіrbайжан жігіті Алтай Кәркіденов, Бармотин деғен жігіттер қаза тауыпты.

Тағы да аспанды ұшақтар торлап бомбалауды жалғастырды. Снарядты тасып, оны зеңбірек ұнғымасына тоғытып әзер үлгерін жатырмын. Командирдің де жан даусы шығып «Ат!» деп бұйырды. Құлап бара жатқан ұшаққа қарап бәріміз: «Ура!» деп айғайлап жібердік, осы кезде жақын жерден қуатты бомба жарылды...

Көзімді ашсам құлағым шынылдап, көзім қарауытып топырақтың астында жатыр екенмін. Әзер дегенде топырактан босанып шығып, зеңбірекке жеттім. Көздеуші өзбек жігіті қан-қан болып өлип жатыр екен. Көздеушінің орнына отыра салып, қарсыда ұшып келе жатқан «Мессершмидті» дәл көздел атып түсірдім. Бұл немістің соңғы ұшағы еди. Өзім де жараланыптын. Жарты айдай госпитальда жатып шықтым да, қайтадан соғыс әрекеттеріне кірестім...».

Міне, бұл Ғазез атаниң бізге әңгімелеген Сталинград майданындағы шайқастардың бір көрінісі гана.

Ерлігі үшін 1944 жылдың 16-шы наурызында КСРО Жоғарғы Советі Президиумының № 33848 Жарлығымен «Сталинградты корғағаны үшін» медалімен және Сталиннің алғыс хатымен мара-патталыпты.

1944 жылдың 23 ақпанында Перекоп мойнағы түбінде неміс армиясының қорғанысын бұзғаны үшін Ғазез атамыз борышын өтеген дивизияға ерлігі үшін «Перекопская дивизиясы» деген атақ беріледі. Ал Ғазез атамыздың полкі Перекопта басталған соғыс әрекеттерін Праганың көшелерінде аяқтайды. Перекоп дивизиясының құрамында соғыс әрекеттеріне қатысқанын растигтың 1944 жылдың 24 ақпаны күні дивизия штабының бастығы Малыйдың қолы қойылған анықтамасы бар.

Венгриядағы Шаторалья-Уйхель қаласы немістердің негізгі коммуникация орталығы және берік тірек пункті ретінде саналды. Міне, осы қаланды алу барысында Ғазез атайды қызмет еткен дивизия ерекше барлық іс-қимыл көрсетеді. Осы ерліктері үшін дивизия жауынгерлеріне және Ғазез атайды да И.Сталиннің 1944 жылғы 3 желтоқсандағы бұйрығымен алғыс жарияланып, сол күні Мәскеу қаласында жүз жиырма қарудан жиырма рет артиллериялық залптен отшашу берілді.

Чехославакиядағы Моравская Острова қаласы да неміс әскерінің өнеркәсіп орталығы және қуатты қорғаныс қаласы болатын. Осы қаланды алу барысында дивизия әскерлері тағы да ерекше батырлық көрсетті. Бас қолбасшы И.Сталиннің № 353 бұйрығымен қаланды алуда көрсеткен ерліктері үшін барлық дивизия жауынгерлеріне, соның ішінде Ғазез Қамытбаевқа да алғыс жарияланды.

Міне, осы ерліктері үшін 223-ші зениттік-артиллериалық полк 1945 жылдың сәуір-мамыр айларында Қызыл Жүлдэз және III дәрежелі Кутузов ордендерімен, 1944 жылдың мамыр айында «Ерлігі үшін» медалімен, 1945 жылдың маусымында Чехославакияны азат етуде көрсеткен ерен ерлігі үшін III дәрежелі Данқ орденімен мара-паттады. Женісті Чехославакия мен Германия шекарасында қарсы алып, 1945 жылдың 30 қыркүйегінде Ғазез Қамытбаев аман-есен туған жерге оралады.

Елге 1945 жылдың қазанында оралысымен ауыл шаруашылығына білек сýбана жұмысқа кіріседі. Механизатор да, малшы да болды. Мемлекет ерен еңбегін заттай-ақшалай сыйлықтармен, марапат қағаздармен бағалап отырды. Өмірде қол ұстасқан зайыбы Мәмила апай екеуі екі үл, үш қызы өсіріп тәрбиеледі. Басынан еткен қыын-қыстау кезеңдерді мойымаған қарт жауынгер 1988 жылы 74 жасында дүниеден өтті.

*Жұмабай ҚҰДАЙҚҰЛОВ,
Өндіріс ауылшының тұргыны*

ӨҢ МЕН ТҮСТЕЙ

(ӘКЕМ ТУРАЛЫ БІР МӨЛТЕК СЫР)

Әкем үйге үш кіріп, үш шықты. Біздерді қайта-қайта көтеріп, құшактаң, бетімізден сүйе берді. Көзіндегі жалт еткен жасқа да қараған жок. Үйден өзі шыға бергенде, артына қарап еді, біз қол бұлғап қала бердік. Сондағы інімнің айтқаны – «Қасен, қош».

Әкеміз Қасен Тілеубайұлын Ұлы Отан соғысына осылай шығарып салғанымыз еміс-еміс есімде. Бала болдық қой. Дәл айы-жылын кеинірек, есейген шағымызда ғана айқындал алдық. 1942 жылдың 31-ші желтоқсаны екен. «Бала болдық» дегеніміз мынау. Үйде – шешем, балалардың үлкені Ғалия тәтем – сегіз жаста, өзім болсам – бес жасар кезім, ал інім Әмірбек – бар болғаны екі жастан жаңа асқан.

Қанша бала болғанымызben, елеңдеуге жарап қалғанымыз-ау, шамасы. Дәл сол соңғы түні біз өзімізді осылай сезіндік. Әке-шешемізде де, бізде де үйқы жок. Ақыры, Ғалия тәтем екеуміз көз шырымының өткіздік. Інім Әмірбек үйықтаған сияқты еді, бірақ, оның да мазасы болмаған. Әлі кішкентай болғанымызben, ертенгі ауыртпалық басымызға бүгіннен бастап-ақ түскенін сезінгендей болдық. Бір түнді осылай өткізгеніміз осы екен, ертеңіне әкеміз жүрер күін анамыз екі рет есінен танып қалды. Анамыздың әкемізben қоштарда айтқан жалғыз ауыз сөзі – «Қияметте кездесеік, жан жолдастың» дегені еді.

Сол күні біздің Төңкеріс ауылдан соғысқа үш адам аттанды: біреуі менің әкем болса, екеуі – әкемнің құрдастары Қанапия Балтабайұлы мен Қабдірахман Сұрауылұлы. Ауылымыз онда Совет (қазіргі – Аққайын) ауданына қарайды. Олар соғысқа бара жатып, Арзамас станциясына жеткенде, Қанапия мен Қабдірахманды басқа бағытқа алып кетіпти. Әкем содан Лукьянов, Мәскеулетіп Курск-Орелден бір-ақ шығады. Ұлы Отан соғысындағы ең қырғын шайқастың бірі осы арада болғаны тарихтан белгілі.

Әке-соғыста, біз елде улап-шуларап жұртпен бірге жүріп жатқанбыз. Тағы бір қырсықты да бөліп-жарып біздің мандайымызға жазған екен. Арада қырық үш күн өткенде анамыз... баладан қайтыс болды. Бұл жәйді әкем жол үстінде, соғысқа кетіп бара жатып түсінде керген екен... «Зираттың басы толған кісі. Анамыз зиратқа қарай атпен келе жатыр. Ат тізгіні қолында. Шананың үстінде – тоқыған шарбақ. Шарбақтың бір шегі қазыққа тиіп шашылып қалады. Анамыз шашылған шарбаққа қарамай зиратқа тұра тартады. Әкемнің ағасы шашылған шарбақты жинал алып, өз үйіне апарады». Оянса, түсі

екен. «Жан жолдасым, дүниеден өткен екенсің ғой» деп, әкем көзіне жас алады.

«Әкемнің ағасы» дегенді айтып қалдым ғой жаңа ғана. Иә, ол – әкемнің туған ағасы Қаскей атамызы. Біз бәріміз оны «Ата» дейтінбіз. Ол кісіні бұқыл ел сыйлайтын, өте ақылды, дана адам болды. Шешеміз анадай жағдайға ұшыраған соң, біздерді өз қолына алды. Арада жыл өтпей әжеміз де дүниеден өтті. Атамыздың үйінде соғыс аяқталғанға дейін он шақты жетімдер күн көрдік. Атамыздың камкорлығын, жақсылығын осы қунге дейін ұмытпай, аузымыздан тастамаймыз.

Иә, анамыздың қайтыс болғанын әкемізге ешкім хабарлаған жок. Тек Фалия ғана оған хат жазады. Онда да: «Тәтем (анамызды айтады – Д.К.) тәуір болып келе жатыр» деп. Әкем хатты оқып шығып, көзіне жас алады. Галияға үле жазған хаты да бар, онда мынандай бір шумак өлеңін де қоса жіберіпті. Оның өлеңдік касиетіне ешкім ренжи қоймас, бірақ, сол заманың бір күесіндегі, тыныс-тіршілгінің бір демін ұғындырар деген ниетпен, әдеі жұрт назарына ұсынып көрейін. Сол шумак мынадай:

...Фалия айналайын, ақылдым-ай,
Бапанды қасірет шекпесін деп жаздың ғой.
Тәтеңнің бұл дүниеден өткенін,
Сол құнғы көрген түсім шешіп берген...

Айтпақшы, әкемнің тағы бір түсі бар. Қысқа да, қызық... Бір кеште батальон жауынгерлері тұн жүрін, таң ағара жаудың бекініс шебіне жетіп, тұтқылдан шабуыл жасауға бұйрық алады. Тұн ортасы кезінде, шамасы жиырма інақырым жол жүргеннен кеін батальон командирі жауынгерлерге 20 минут дем алуға рұхсат етеді. Шаршаган олар жерге жайғасқан бойы үйқыға кетеді. Үйқыға басқан әкем түс көреді. «Алда ені жалпақ, терең өзен. Арғы беті – тау. «Апрай, малту білмеймін, суға батып кетемін ғой». Бір кезде әкем марқұм Тілеубай басында күміс жүгеген, арқасында күміспен әінекейленген ері бар бір ерттеулі атты алдымға әкелді. «Тұр, балам, мына атқа мін, өзеннен жүзін өтіп, арғы бетіне жетесің» деді де, атқа өзі мінгізіп, қоштасып қала берді. Мен өзеннен малтып өтіп, тауға көтерілін, оның арғы бетіне түстім».

Бір мезгілде батальон командирінің «Тұрындар, жорыққа аттанаңыз!» деген дауысы саңқ ете түседі. Әкем ояна келсе, түсі екен. Түсін өзі жорып: «Марқұм әкемнің аруағы мені жебеп жүр екен ғой, жауды талқандап, аман-есен Жеңіспен елге оралатын құнге жетерміз», деп ойлаған екен.

Шынында да, сөйткен әкем, оның елден бірге аттанған құрдастары Қанапия мен Қабдірахман да өлім мен өмірдің ортасынан ауылға оралып, бүкіл жұртпен бірге Женіс тойын тойлады. Одан әрі – бейбіт енбек, күнделікті тіршілік. Біраз ғұмыр кешті. Әкем әр салада жұмыс істеді – салық агені қызметінде, орман шаруашылығында, колхоз бухгалтериясында есеп-кисап жүргізумен айналысты. Соғыс кездерінде майдан даласында алған жарапары сыр беріп, 1979 жылы сәүір айында 83 жасында өмірден озды.

Асылдарымыздың өз құрбы-құрдастарымен бірге жауды жеңіп, Женіс туын аспандатып туған топыракқа оралуы ел үшін, ағайындар үшін, әрине, біздер – балалары үшін шексіз қуаныш еді. Келген күні інім – әкеміздің кеудесінде, тәтем екеуміз екі жағында, тұні бойы құшағына сыймай, бәрін де еске алып, көз ілгеміз жоқ. Әкеміздің омырауында – медальдар, түрлі әскери белгілер. Бала кезіміз, біздер медальдарға мән берген жоқпыз, қандай жерлерді, қандай қалаларды азат еткені үшін берілгендерін ұмыттық. Соғыстан кейін Женістің түрлі мерейтойларына орай шығарылып, берілген медальдарын не мерелері кішкентай кездерінде кеуделеріне тағып жүретін.

Немерелері демекши, бұл күндері Қасен әuletі, құдайға шүкір, қанатын кең жайып отыр. Фалия тәтем – зейнеткер, орыс тілі мен әдебиетінің жоғары білімді маманы, ұзак жылдар мектептерде, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде ұстаздық етті. Өзім де – зейнеткермін, жоғары сыныпты агрономдық мамандығым бар, бар өмірім ауыл шаруашылығы саласында енбек етуге жұмсалды... Енді атасының да, біздің де жолымызды немере-жиендер жалғастырып жатыр.

Әкеміздің өң мен түстей өмірі, міне, осылайша еді. Соның өзінде халқы мен еліне, бейбіт өмір мен тыныштыққа, ағайын-туған мен ұрпақтарға деген махаббат сезімін бойымызға сініріп, аманаттап кетті. Бұған да шүкіршілік!

*Дастан ҚАСЕНҰЛЫ, зейнеткер.
Астрахан селосы, Аққайың ауданы*

ҚАЙСАР ҚАСЫМ

Дүниенің төрт бұрышын дүр сілкіндірген Ұлы Отан соғысының Женіспен аяқталғанына да міне, жетпіс жыл болды. Ұшқыр уақыт тарих қойнауына терең батырса да, сол сұрапыл соғыстың салып кеткен жарасы кімнін болмасын жан-жүрегін әлі күнге дейін сыздатпай қоймайды. Өйткені бұрынғы кеңес елінде әкесінен, ағасынан, туған туыс-бауырларынан айрылмаған шаңырак кемде-кем. Қанша-

ма ана жесір қалды, қаншама бала жетімдіктің аңы дәмін татты. Сол кездегі жасөспірімдер балауса, балдәурен балалық шақтың қызығын көрмей, тылдағы ауыр еңбекке араласып ерте еседі.

Сол сұрапыл соғыс жылдарында майдан даласы мен ауылды, бауыр мен бауырды тілдес тірген, кайғы мен қасіретке ортақтасқан үшбұрышты хаттар болды. Қаншама жыл өтсе де, сарғайған сол хаттарды әлі күнге дейін сактап, елге оралмаған боздақтарын еске алғанда сағынышын басатын жандар аз емес. Солардың бірі – Жамбыл ауданындағы Озерный селосында тұратын Бейсен Құсайынов. Женіс мерекесі қарсанында редакциямызға келіп:

– Қасым ағамның артында ұрпақ та қалған жоқ, майданға қатысып, ердін еріндегі соғысып еді. Сол соғыстан елге оралмай қыршын кетті. Мынау сарғайған хаттарды сол ағамның көзіндегі, өзіндегі көріп сақтап жүрмін», - деп орамалға түйілген бір бума сарғайған қағазды бізге ұсынды.

Әнгімелесе отырып, Бейсеннен майдангер ағасы туралы сұрап білдік. Қасым Құсайынов 1917 жылы Қарақамыс ауылында туған екен. Әскерге 1940 жылы Пресногорьков аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылыпты. Сол жылы Самарқант қаласында командирлер даярлайтын әскери мектепте оқып, кіші лейтенант шенін алғып шыққан. Міндетті әскер қатарында жүргенде соғыс басталып кетіп, майданға жіберіледі. Соғыста кіші лейтенант шенімен взвод командирі болған. 1942 жылы сұрапыл шайқаста қаза тауып, Смоленск облысының Барятинский ауданында жерленген.

Қасым Құсайынов ағайын, туған-туысқандарына жазған хаттарын «алдыңғы шептегі армия, дала пошта стансасы 1417, пошта жәшигі 015, литер 5» деген мекен-жайдан жіберіп, астына «кіші лейтенант Құсайынов Қасым» деп қол қойып отырған. Уш тілде – латын, қазақ, орыс тілдерінде жазылған хаттар оның зиялды, сауатты екенін анғартады. 1942 жылдың 17-қаңтарында жазған бір хатында былай дейді: «Құрметті туғандар, амандықтың арқасында отырған боларсыңдар? Үй-іші тегіс аман ба? Шыққан шығын жоқ па? Туғандар және басқа көз көрген адамдар тегіс аман ба? Үәйіс, Бәкі, Қанапия үйлерінің шыққан шығындары жоқ па?

Менен амандық сұрасандар, амандықтың арқасында ел, Отан үшин Совет халқының бақыты үшін фашистермен аяnbай күресіп, жауынгерлік қызметімді абыраймен атқарып жатырмын». Тағы бір хатында: «Құрметті туғандар! Социалистік елдегі ерікті халықтың жауы, қанқұмар жендет Гитлерлік фашизмнің иттік қылыштарын санаң болмайды. Қан іздеген бұралқы Гитлердің иті, Мәскеу тубінде күрек тісінен және артқы екі аяғынан айырылып, ілгері басуға халы келмей, келген ізімен

кайта қайтуға айналды. Біздің айбынды қызыл әскерлер күн санап өсіп, күн санап қаруланып, «Совет жеріне бірде-бір жауды жібермей құрттайық» деген ұранмен иттерге иттің өлімін көрсетіп, сағат сайын ілгеріліп, жау қолынан қала мен колхоздарды азат етуде. Біз жеңеміз.» деп жазады. Көптен хабар болмай жүріп, жазған тағы бір хатында былай дейді: «Құрметті туғандар! Көптен хат жазуға уақыт болмай, бұл хатты бір дем алған сәтте жазып отырмын. Сіздерден де көп уақыттан бері хат алғаным жоқ. Тәте, мені көп ойлап жылап-сықтай бермендер. Әсіресе, Рабиғаны тапсырамын. Тек амандықты тілеңдер. Қош, тағы кетіп барамын Қасым».

Қасымның 1942 жылдың жазған хаттары сағынышқа толы. Бір хатында:

Тайсалып шегінбейміз келғен жаудан,
Біз өттік бірнеше рет Тескентаудан,
Сайрандал, бала жастан өсіп-өнген,
Мекенім – Преснов біздің аудан,

– деп өзінің туған елге деген сағынышын өлеңмен де өрнектеп жеткізген. Өзінің енді туған елге келмейтіндігін сезгендей жүргімен осылай тебіренген. Отан үшін от кешкен Қасым Құсайынов 25 жасында жау оғынан қаза тапқан.

Жоламан ШАХАНОВ

ӘКЕ ЖОЛЫ

18 жасында өзі сияқты өрімдей жастардың қатарында елінің аманат етін айтқан сөздерін арқалап, алыс саларға аттанған кешегі майдангер Тұяқ Балғабаев ақсақалдың дәл бугінде қартайған келбеттіне сениңкіремейді екенсің. Себебі, өмірдің талай тауқыметін тартқан, аштық жылдары жалан аяқ жер кешкен, қызыл аяқ қыр кешкен, одан әрі ел басына күн туған шақта қан-майданға аттанған ақсақалдың тұлғасы тік, жұрыс-тұрысы нық.

Өмірдің өз дегені бар гой. 1938 жылға дейін 4-сыныпты өзі туған Бірлік ауылындағы мектепте оқып бітірген. Тұяқ ағамыз Кенес ауылында 7-сыныпты тәмәмдапты. Сейтіп Көбешке келіп, 8-сыныпты бастағанымен, тұрмыстың қындығынан мектепті тастанап кеткен жайы бар. Одан әрі сүйегі де қатып үлгермеген жасөспірім бала шөп маялап, оны тасыған, ертеді-кеш егізбен жер жыртқан. Ойын баласы болып емес, ауыр жұмыстың соңында журін өскен осындаі балалар кешікпей соғысқа аттанып жатты.



Түяқ Балғабаев (сол жақта)
К. Косжанов

150-ші дивизия құрамындағы №756-шы атқыштар полкі Берлиннің батысында, 70-75 шақырым жерде орналасқан Наун қаласының маңында болыпты. Бұл немістердің жеңілетінің түсінсе де, кескіле-се ұрыс жүргізіп, оңайлықпен беріспей жатқан кезі.

— 9 мамыр күні таң атар-атпастан бізге Жоғарғы Бас қолбасшы Сталиннің Бүйрүғы оқылады. Мұндайда адамның қандай күйде болатыны түсінікті ғой. Қаншама жауынгерлер көз алдымызды қаза болып, Женіс күніне жете алмай, жанарларға жас тұндырған куа-нышты көре алмай кетті. Мен сол сәт солардың соңында қалған жұ-байларын, балаларын, ата-аналарын ойлып қатты қиналдым. Соғыс біткенімен, біз Германияда 1946 жылға дейін болдық, - дейді Төкен сабырлы қалпында.

Мені осы кісінің қағазға түртіп алғандай көзі көріп, құлағы есті-гендернің бәрін күні кешегідей айтып бергені танырқатты. Бір өкініштісі, қатардағы жауынгер Түяқ Балғабаев бір топ жолдастарымен маршал Жуковты ортага ала түскен суретін жоғалтып алыпты. Оны ол былай еске алады:

— 1945 жылдың шілде айы. Біз Берлиннің қақ ортасындағы суретке түсіретін үйлердің бірінің жанында топталып тұрғанбыз. Бір кезде бірінің соңына бірі ілесін, бес бірдей «Опель» машинасы келиш тоқтай қалды да, солардың алғашқысынан плащ жамылғысын алдымен түскен старшинаға шеше сала ұстасып, бір әскери адам бізге қарай

Түяқ ағамыз шакыру қағазын 1944 жылы алыпты. Оның 18 жастағы гана кезі. Екі апта жертеледе жатып, әскери дайындықтан өтінті. Одан кейін көбі өзі сияқты жастар Воронеж облысының Борисоглебовск қаласына келип жетеді. Бұл жердегі әскери дайындық 2-3 айға созылыпты. Сөйтіп үстіне гимнастерка ки-ген кешегі ауылдың қара домалак баласы №101-ші запастағы полкке қарайтын бір батальонның атқышы атанады.

Майдан шептері соғыс өртін тұтатқан Германияға жақындалап келе жатқан тұста Түяқ ағамыз қызмет ететін аты аңызға айналған маршал Григорий Жуков қолбасшысы сана-

латын 1-ші Белоруссия майданының

беттеді. Ол сол сәт дауысын көтере «Женімпаздар, менімен суретке түсуге қалай қарайсыңдар?» - деді. Мұндайды кім күткен? Сол суретті жоғалтып алғаныма өкінемін, - деп бір қайырды сөзін Тұяқ ақсақал.

Ал мына суреттің сыртына «Берлин 1945жыл 10 қыркүйек» деп жазылыпты. Бұл Төkeңнің 19 жастағы кезі.

Төкен әскери қызметін тәмәмдyp, 1950 жылы оралыпты. Ат басын қалаға тіреген ол осында қалуды жөн санапты. Қалалық комсомол комитетінің назарына іліккен жас жігітті ондағылар темір жолға жұмыс істеуге жібереді. «Абырой алғың келсе, артық істей» дегендейін, абыройдан кенде болмапты. Бұл жерде 16 жыл еңбек еткен Төкен кейін жүргізушилікке ауысып, сонау 1986 жылға дейін машинаның рөлінен түспепті. Сол аралықта оның өз елімізді байлай қойып, одактың қандай жерлерінде болғанын бүгінде тізіп айтып шығу қыын. Қаладағы «Казсельхозтехника» кәсіпорнынан зейнетке шыққан. Төкеннің неіне шақырым жол жүргенін де тап басып айта алмайсын. Оның жоғарыда аталған ұжымдағы еңбегінің де жемісті болғанын «Жол апатынсыз 1 миллион шақырым жол жүрген» деген мақтау грамотасынан да, соғыс кезінде «Отан соғысы» орденіне, медальдарына қоса алған басқалай да марараптардан анғарасын.

Тұяқ ағамыз бұдан 20 жыл бұрын қайтыс болған Құлпәриза апай екеуі 4 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсіріпті. Сол ұлдары – Жоламан, Асқар, Ерік, Бейбіт төртеуі де бүгінде жүргізушилер.

Қошан ҚАЛИ

AFA ТУРАЛЫ СӨЗ

«Ағасы бардың жағасы бар» деген халық даналығы тектен-текке айтылмаған. Өмірінің тірегі болып саналатын ағасы бар жандар, шынында да, бақытты. Сондай асыл ағаның тәрбиесін көрген адамның бірі – менмін. Өкінішке орай, ол бұл күндері арамызда болмаса да, Ніл Әдғамұлы Болатбаевтың жарқын бейнесі жадымнан өшіп көрген емес.

Біздің отбасымыздың шағын ғана дәулеті болды. Экеміз Әдғам аз үлттарға арналған сыныптың мұғалімі болып еңбек етті. Откен ғасырдың 30-шы жылдары, анықтамада жазылғандай, ол «өздігінен жұмыс орнын тастан кетті». Сол кез бұл кешірілмейтін күнә еді. Сондықтан туған жермен қимай қоштасып, басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болдық. Жанды қинаған сергелдендерден кейін экеміз Кемерово облысындағы Коксхимия құрылышына жұмысшы болып орналасты. Тек Ұлы Отан соғысының алдында ғана біздің отбасымыз



Нұл Болатбаев

Петропавл қаласына табан тіреді. Жаңа жерге үйреніп болар-болмаста соғыс та басталып кетті.

Өз қатарластары секілді 18 жасар Нұл де әскери комиссариатқа барып, көппен бірге майданға жіберуин етінді. Сөйтіп, болашақ жауынгер Қарағанды қаласына аттанды. Онда 29-шы атқыштар дивизиясының 299-шы полкі құрылып жатқан болатын. Полк мектебін аяқтағаннан кейін ефрейтор Нұл Болатбаевты бөлімше командирі етіп тағайындаады. Енді оның өзі жеңе білу ғылымына болашақ жауынгерлерді баули бастады. Ол қарамағындағыларды «Көп тер төксен, қапы қалмайсың» қағидасын менгеруге үйретті. Сөйте жүрін, өзі де сабак алды.

1942 жылы наурыз айында Нұл қызмет ететін полк майданға аттан-

ды. Олардың дивизиясы Мәскеуді жаудан қоргауга тиис болатын. Жолда поезден келе жатып-ақ жауынгерлер алғашқы сынақтан етіп үлгерді. Тула қаласы маңында олардың эшелонына жау ұшактары шабуыл жасады. Тек пулеметтердің тынымсыз атқан оғығана оларды апattан құткарып қалды.

Дивизия біраз уақыт резервте тұрды. Алайда, әскери жаттығу бірде-бір күн толастаған жоқ. Жауынгерлерді кез келген жағдайда соғыса білуге үйретті. Осының өзі кейін кәдеге жарады. Шілде айының басында полк дабылмен эшелонға отырып, Дон өзеніне қарай бет түзеді.

Бұл кезде 29-шы атқыштар дивизиясы 64-ші армияның құрамында болатын. Олар Дон өзенінің сол жақ жағалауына шеп құрды. «Жау етігі мына тамаша жерді неге таптауға тиіс? Соғыс алдындағы болжамға қарамастан, неге біз Эльбаның емес, Донның жағалауында тұрмыз?» деп мұнай ойлағанын Нұл ағам кейін жи еске алып отыратын. Алайда, әзірше бәріне төзуге тұра келді. Осы күндері Корғаныс Халық комиссарының атақты 227-ші бүйріғы жарыққа шықты. Онда «Шегінер жер жоқ, артымызда – Сталинград, Волга!» делинген болатын. Дивизия жауынгерлері Ақсай өзенінің шебінде бір адым да шегінбей, алты тәулік бойы ауадан қоргалмай-ақ, танктер жортып

жүретін кен далада жаудың көптеген шабуылына тойтарыс берді. Кара кресі бар ұшақтардың басынып алғаны соншалық – тілті жекелеген машиналарды, жук тиелген арбаларды, салт аттыларды қуалап жүрін, оқ жаудыратын. Соңдықтан, жау авиациясынан келген шығын өте көп болатын. Алайда, жауынгерлер танкпен және жаяу әскермен соғысуға да төселип алды.

Тамыз айының бірінші онкүндігінде В.Чуйковтың жедел тобына кірген дивизия қарсы шабуыл үйымдастырыды. Алғашқы женес жауынгерлерді қанаттандырып жіберді. Бірнеше хотор жаудан азат етілді. Қашқан жау қаруларын, миналар мен артиллерия октарын, автомашиналары мен мотоциклдерін әкетіп те үлгере алмады.

Командованиенің бұйрығы бойынша дивизия Зета кентіне бекініп, шабуылдан титықтаған жауынгерлер корғаныс шебін құруға кірісті. Жұмыс аяқталып, аздап болса да тыныс алар сәт келген сияқты еді. Бірақ 29-ши атқыштар дивизиясын Абганеровога көшіріп, Готтың 4-ши танк армиясының шепті бұзып өткен құрамаларын тоқтау туралы бұйрық берді.

М.Шумиловтың 64-ші армиясы бір айға жуық Сталинградқа қарай жанұшыра шабуылдаған Готтың танкты жендеттеріне тосқауыл коюмен болды. Олар бір сүйем жер үшін жан алғып, жан берісті. Көктен күн қыздырса, жер бомбалар мен зенбірек оқтарынан отқа оранды, адамдарды шаң мен күнік тұншықтырыды, шөл қысты. Қалай десек те, қаһарман жауынгерлердің ерік-жігерін ештене мұқалта алмады. Екі жақ та шығынға батты. Кейір шептерді жаяу әскерлердің селдіреген тізбегі ғана ұстап тұрды.

Соғыстан кейін Шумиловтан: «Сталинград шайқасының қай күнін ең ауыр және ең қуанышты шақ ретінде есептейміз?» деп сұраған екен. Сауалдың бірінші бөлігіне Михаил Степанович: «Мен бір емес, екі күнді: тамыздың 29-ы мен 30-ын айтгар едім» деп жауап берілті.

Сталинград іргесіндегі шайқастарда сержант Болатбаев соғыстың құлақ тұндырар жойқын жарылышы мен гүлін, ұлы шайқастың тоzaқты еске түсірер қайғылы симфониясын бар жан-тәнімен сезінді. Барлық денгейдегі командирлер берген бұйрықты белімше командирлері иығымен көтеретіні белгілі. Жауынгерлерге, олардың майдандағы тұрмысына, денсаулықтары мен өмірлеріне жасалатын қамкорлық та солардың мойнында. Ол өз жолдастарын аман сактап қалуға тырысып бақты. Алайда, катыгез соғыс оның жауынгер жолдастарының өмірін қыршынынан қылған жатты.

1942 жылғы 30-шы тамызда дивизия өте ауыр шайқасты басынан кешірді. Жау құраманы қақта бөліп, командованиемен байланысы үзілгендерді қоршауға ала бастады. Қырқүйектін алғашқы құндері

атқыштар полктерінде барлығы бір-бір ротадан ғана жауынгерлер қалды, оларға артполкten қалған бес зенбірек қана оқпен қолдау көрсетті. Тендесі жоқ шайқаста мындаған жауынгер жер құшты.

Осы шайқастардың бірінде Ніл жарықшақ оқтан аяғынан ауыр жарапанды. Оны санитарлар тауып алғып, медсанбатқа жөнелтті. Содан кейін госпитальда емделді. Жара баяу жазылды. Ніл тез қатарға қосылуға асықты. Ол газеттерді тағатсыздана күтпі, Кеңес ақпарат бюросының мәліметтеріне мұқият құлақ түреттін. Оның ең қуанышты күні – қарсыластың тас-талқан болуы мен генерал-фельдмаршал Паулюсті өзі қатарында соғысқан 64-ші армия жауынгерлерінің тұтқындағаны туралы хабар еді. Кейін армияға гвардия атағы берілді.

Ағама әрі қарай соғысады тағдыр жазбады. Медициналық қорытынды ол ойын іске асырмады. 20 жасар 2-ші топтағы мүгедек Кеңес Армиясы қатарынан босады. Госпитальға анасы мен інісі келіп, күнге қақталған көне гимнастеркасында «Ерлігі үшін» медалі жарқыраған және ауыр жарақат алғандығы туралы алтын түсті жапсырмасы бар сержант Болатбаевты елге алғып қайтты. Кейін ол I дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен маралатталды. Сол кезде 4 жастағы менің ағаммен кездескен сәтім есімде сакталып қалыпты. Ол өте ап-арық жүдеу жүзді, балдақты жігіт болатын. Қамқор көршилдеріміз емдік шөптерді қайнатып, дал-дұл болған аяққа байлап тастандайтын.

Күндер өте ағамның күш-қайраты қалпына келіп, таяқсыз жүретіп күйге жетті. Алайда, ауыр жарақат кейін де сыр беріп қоятын. Ніл жұмысқа орналасып, отбасымыздың негізгі асыраушысына айналды. 40-шы жылдардың соңында оны партия мектебіне оқуға жиберді. Ол Қазак педагогика институтын сырттай оқып бітірді. Кейін агроном мамандығын алғып шықты.

Алматының апортының дәмін сол кезде татқан едім. Партия үй-ымдастырушылары мектебін аяқтағаннан кейін ағамды Преснов аудандық партия комитетіне 2-ші хатшы етіп жіберді. Сол жылдары Ніл отбасын құрып та үлгерді. Ол өмірлік серігі Мария Аманжолқызы екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірді.

Тың игеру жылдары Ніл Әдғамұлы отызмыңыншылар қатарында артта қалған ұжымшарға тәрага болып ауысты. Сонда және басқа жерлерде жас маман құрылыспен, селоларды көркейтумен айналысты. Сол жылдары ол Қазакстан Компартиясының VIII съезіне делегат болып қатысты. Содан кейін Ніл Әдғамұлын Приишім аудандық атқару комитетінің тәрагасы етіп сайлады. 1962 жылы Сергеев (Октябрь) аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы қызметине жіберді. Бұл облыстың оргалығынан ең қашық аудандардың бірі бо-

латын. Қалыпты жолы да, сенімді байланыс жүйесі де жоқ еді. Онда біз жи болып тұратынбыз. Әрбір жаз сайын қонақжай ағамның үі мен оның зайды біздін балаларды куана қарсы алатын. Сол кездер жайлышты естелік әлі күнге дейін есімізде.

Ал ағамның өзін жи көре алмайтынбыз. Оның бізсіз де жұмысы мен машақаты жетіп артылатын. Оның енбектерінің нәтижесі қарапайым көзге де көрініп тұратын. Сол жылдары Сергеевка бөгөн мен су қоймасының, Октябрь су тоғаны мен Тың тәңізінің күрылышы басталды. Аудан орталығы Марьевка селосы су астында қалатын аймаққа жатқызылды да, жаңа орталық – Сергеевка белсенді күрылыш алаңына айналды, 1969 жылы ол қала мәртебесіне ие болды. Көктемгі су тасқынында Тың тәңізі жобалық мөлшеріне жетті. Сол күндері ағам біздін балаларға: «Тәңіздің арғы жағалауы көріне ме?» деп сауал коятын. «Көрінбейді» деген жауапты естіп, куана құлетін. Шынында да, қарсы жағалау көрінбекендіктен, тың тәсінде пайда болған су қоймасының нағыз тәңізге айналғандығын сезіну киын емес еді. Ніл Әдғамұлы өзінің осы жылдардағы өмірі мен қызметін «Быть на земле хозяином» естелік кітабына арқау етті. Бұл жинақ шыққан кезде ол Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің тәрағасы болып істеп жүрген. Осы абырайлы қызметті ағам 16 жылдай атқарып, құрметті демалысқа шықты.

Откен ғасырдың 70-80 жылдары облыс экономикасын дамытуда қыруар істер жүзеге асырылды. Қалада және ауыл-селоларда өндірістік кешендердің, тұрғын үйлердің күрылышы қарқын алды. Картада тас жолдар желісі пайда болды. Облыстың қалалары мен селоларында әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық заманауи нысандар бой көтерді, жаңа тұрғын үй ықшамаудандары пайда болды. Осылардың бәрінде де облыстық атқару комитетінің тәрағасы Н.Ә.Болатбаевтың үлесі бар.

Ағамның атқарар жұмысы шашетектен еді, алайда ол жолдастарымен, ағайын-туғандарымен және жанына жақын адамдармен кездесуге әрдайым уақыт табатын. Әсіресе, майдандас бауырларына деген сезімі ерекше болатын. Оны майдандастары да ұмытпайтын. Ніл Әдғамұлы асқаралы 60 жасқа толғанда 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы ардагерлер кенесінің тәрағасы, Кенес Одағының Батыры Г.М.Баталов: «Сіз біздін гвардиялық туымызды еңбек майданында да абыраймен және құрметпен жоғары ұстап келесіз», деп атап айтты. Бұл – қанды шайқаста етігімен су кешкен, тылда тынымсыз еңбек еткен азаматқа берілген әділ баға.

Н.Ә.Болатбаевтың еліне сіңірген енбегі жеті орденмен аталып етті. Көзі тірісінде Сергеевка қаласының құрметті азаматы атанды.

Кеин әріншестері мен қызметтес жолдастары Нәкеңе арнап «Өнегелі өмір» атты естелік кітабын шығарды. Өзі тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды, облыс орталығының бір көшесіне есімі берілді.

Ағам бүгін арамызда жоқ, алайда Солтүстік Қазақстанның тарихына енген абзал жанның балалары, немерелері мен шеберлері оның ісін жалғастырып келеді.

Елизавета БОЛАТБАЕВА, зейнеткер

ӨМІР ТЕМІРГЕ АЙНАЛҒАНДА ҚАЙЫСПАҒАН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ БАР



Сәркен Рахметоллақызы

Лесі жылы Қарағанды қаласындағы №20 шахтаға жіберілді. Қара нардың қабырғасын қайыстыратын батпан жүк сияқты жұмыс атаулының ауыры осындей-ақ болар-ау... Десе де, беті күнбағыс сијекті дөп-дөңгелек Сәркен қызы күндізінен түн-түнегі әлдекайда көп жұмысын аткарған жыл ішинде сын естіген жоқ. Әрине, темір-

Софыс, соғыс... Бұрсанған өмір құрсанған темірге айналған сұсты жылдар-ай... Көк темірден күнті ештеңе жоқ екен ғой өзі: оқ болып зулаған да, от болып шулаған да сол. Қан майдан осында болғанда тылдағы жағдай қандай еді? Ол да мылтықсыз майдан болды ғой. Қазіргі Есіл ауданындағы үркөрдей ғана ауыл - Өндірістің тумасы болып табылатын Сәркен Рахметоллақызы темір түгіл, шойынға да қайыспады. 1941 жылы соғыс бастала сала әскери комиссариатының шақыруымен еңбек армиясына алынған, он төрт жасында Ақмола – Қарағанды темір жолының құрылышына қатысты. Қоладан күйғандай қоп-қоңыр Сәркен сары балшықты көтергенде сары жез құрлы көрғен жоқ.

Шойын жол төсеудің михнатына мынқ етпеген каршадай қызға жер үстіндегі жұмыс қалмағандай, келесі жылы Қарағанды қаласындағы №20 шахтаға жіберілді. Қара

ге бүгілмеген бойжеткеннің көмірге де көндіккені әбден қысынды еді.

1943 жылы бәзбіреулер тез тамамдалады деген соғыстың орта тұсы ғана еді. Сол жылы Самаркант кентінде (кеииннен – Теміртау қаласы) салынып жатқан металлургия зауытынан бір-ак шықты. Он алтыға толып, сынбаса, қайыспайтын қарагайдай сомдалған Сәркен онда кім болды дейсіз гой. Сары балшықты сары жez құрлы көрменген ол, әрине, жүкші болды!

1945 жылы Ұлы Отан соғысының аяқталғаны белгілі. Алайда, тылдағы мылтықсыз майданда жеңістің аулы әлі алысырақта еді. Сондықтан, ол металлургия зауытындағы жүкшілігін алты жыл жалғастырыды.

1945 жылы «Теміртау» деген тамаша атына ие болған бұл зауыттан кез келген адам тұра мағынасында күйіп-жанып істейтін жұмыс участкесін іздесеніз, ол әрине, мартен цехи. Екі көзі қарақаттай мөлдіреп, жиырмадағы желқілдеген қызы болған оған осы ңектың кранының тізгіні тапсырылды. Сол кранның кабинасында бір емес, екі емес, жиырма үш жыл бойы ақ тер, көк тер болып отырамын деп кім ойлаған?! Сонау соғыс басталған жылдың өзінде ол үшін темірге айналған өмір оз дегенин істеді: ол Сәркен апайды темір ұсынан тапжылтқан жоқ.

Абырой болғанда, енбегі еленді. Медальдармен марапатталды. Үш шақырылым бойы Теміртау қалалық кеңесінің депутаты болып сайланды. Ал 1960 жылы оның омырауында Ленин ордені жарқырады.

– 1958 жылдан бастап біздің зауытта енбек еткен қазіргі Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевты күнде көрін тұрғаным әлі есімде. Айтпақшы, осы жаққа келмегенімде Социалистік Еңбек Ері атагына ие болуым әбден мүмкін еді, - дейді өзі.

Өмірдің кілт өзгеруі оп-оңай гой, шіркін. Ленин орденін алған жылды оны іздең шыққан өрнектік Қабдеш Куандықов (марқұм) үйіне келе қалды. Талай жыл басқарманың тәрағасы болған, «Көгаршын» деген сүттей аппақ ат мінғен беделді адам. Жәниясы қайтыс болған Қабдештің зайыбы болу жөніндегі ұсыныстан Сәркен бас тарта алмады.

Сөйтіп, өзінің Өндірісімен көршилес ауыл - Өрнектің топырағына табаны тигенінде көктен түскендей болып жүрді. Екі тілге бірдей жетік әрі заңды да жақсы билетін Сәркен апай қаншама жыл жұмысшы болғанына қарамастан, мәдениеттіліктің бір үлгісі бола білді. Оның дауыс көтере сөйлеген енесіне: «Сіз айқайламаңыз!» - деп «ғ»-ның орнына «қ»-ны қолдана айтқанында ана кісінің үндей ал-

май қалғаны мәтелге айналып кеткен еді. Ауылдағы талай шайпау әйелдер оның алдында жұмған ауыздарын аша алмайтын.

Балиғатқа толғаннан бастап көргені бейнет болған бұл кісінің қолы Өрнекте де жылы суға тие қойған жоқ. Соңғы ұлы дүниеге келгенде өзі қайтыс болған Жәния марқұмның бір қызы мен жеті ұлын есіп-өндіру кайдан онай болсын?! Әсіресе, аралары бір жасқа толар-толмас же гі ұлды жеткізу киындық тұғызбай қоймады. Қатты айтуға болмайтын өгей шешенін күні қандай болатынын өз басынан өткерді.

Бір жақсысы - өзі жақсының ұрпақтары да тегін болмайды фой. Ел басқарған Қабдеш пен білім нұрын сепкен Жәния марқұмдардың балаларының бәрі дерлік мактауға тұратын азаматтар. Солардың сайдың тастарындай мықты азаматтар болып қалыптасуына Сәркен апайдың ықпалы тимеді деп қалай айтарсын?!

Қабдеш ағай ғұмырының соңғы жылдарында Есіл ауданындағы Николаевка астық қабылдау қосынының директоры болып енбек етті. Сәркен апай екеуі күре жолдың бойындағы осынау үлкен елді мекенде қашама жылдар бойы түтін түтетіп тұрды. Автобус аялдамасының артындағы олардың үшіне жылыну үшін кіріп, бір шыныаяқ шай ішіп шықпаған жолаушылар жоқ та шығар. Солардың да алғысын арқалаган бұл шаңырақта ешкім уайым-қайғы көрген жоқ.

Қазір Сәркен апай Петерфельдтегі екінші ұлы Сағаттың қолында тұрады. Сексеннен асқан апай әлі де тың.

Болат ҚОЖАХМЕТОВ

АҒАЛЫ-ІНІЛІ ҮШЕУІ ДЕ АЛАПАТ СОҒЫСҚА ҚАТЫСТЫ

Әлі есімде, 9 мамыр күні Ұлы Отан соғысының ардагерлері мектеп оқушыларының күшімен дайындалатын мерекелік кештін күесі болып, қаз-қатар тізіліп отыратын. Одан кейін сахнаға көтеріліп, ескелен ұрпаққа от пен оқтың арасында жүрген күндері туралы майын тамыза әңгімелейтін. Уақыт өтіп, енді, міне, ауылдардағы соңғы ардагерлер де келместін кемесіне мініп, аттанып жатыр.

Жастық дәурендерін соғыс ұрлаған майдангерлер сол жылдарды еске алғанда терең күрсініп, ауыр ойға шомады. Жанарларын алысқа қадап, бірнеше минут үnsiz қалатын олардың сол сәтте жүрек жара-сын тырнап алғандай күн кешесін.

Облыс оргалығында тұратын Сұлтан Қанафин 1941 жылы 19 жаста еді. Қоштен қалмай, ол да мылтық асынып, майданға аттанды...

– 22 маусым күні Балуан ауылындағы апа-жездемнің үйнене барған едім. Екінші дүниежүзілік соғыстың басталғанын радиодан естіген ауыл адамдары қатты абыржұлы екен. Жездеммен сыйлас Кемпір есімді жігіттің сол сәтте көңіл құлазып, қайғырғанын осы күнге дейін есіме аламын. Ол жалғыз қарт анасымен бірге тұратын. «Мени майданға әкетсе, анамның жағдайы не болмақ?» - деді бізге. Кейін сол жігіт жайлы сұрастырып білсем, анасы оның ерлікпен қаза тапқандығы жайлы «қара қағаз» алышты. Осыны естігендегі жалғыз ұлының қайғысынан әбден қажып, картайған қарт ананың кейіпі көз алдында елестеді.

Әкем Қанапия мен анам Кесте үш бірдей баласын соғысқа жиберді. Ағаларым – Сейіт пен Ласын алдымен әскерге алынса, 1941 жылдың қарашасында мен де алыс жолға аттандым. Отбасындағы балалардың кенжесі болғандықтан ба, анамның маған деген ниеті өзгеше еді. Мениң жолымды тосятынын айтып, аналық ақ тілегімен аттандырды. Сол жылдары анам Кесте бізді ойладап, қатты жұденті. Әйтепе, үш ұлы да от ортасынан аман-есен оралды.

Колымызға бірден қару берген жоқ. Алдымен шеберлігімізді шындағық, соғыстың әдіс-тәсілдерін менгердік. Одан кейін атты әскер дивизиясына алындым. Ресейдің бірқатар қалаларына табаным тиді. Аштықтың да зардабын шектік.

Майдан даласында жараланып, госпитальға да түстім. Тамыздың 22-сі күні Харьков қаласының түбинде аяғыма оқ тиді. Алты айдан кейін қайтадан қару асындым. 1945 жылдың сәуірінде Берлиннің шетіне жеттік. Бірінші Украина, бірінші және екінші Беларусь майдандары Берлинде басып алуға жұмылдырылды.

– Қыын-қыстау күндерде өз басының амандығын ойлағандарды кездестіру мүмкін болмаған шығар?

– Адамның бес саусағы бірдей емес кой. Сол сияқты жауынгерлердің бәрі бірдей Отанға адалдық танытты деп айту қыын. Майдан даласында қорқақтық танытқандар кездесіп жататын. Әрине,



Сұлтан Қанафин
немересімен

ондайлар бірен-саран ғана болатын. Кеңес Одағының жауынгерлері қайсарлық танытпаса, бейбіт күнге жетуіміз негайбіл еді. Қазір облыс орталығындағы білім ордаларының ұстаздары, кітапханалардың қызметкерлері жиң-жиң кездесулерге шакырып тұрады. Өскелен ұрпаққа бейбітшіліктің қадір-қасиетін бағалай білу қажеттігін айттып отырамын. Бәлкім, жастар Отанға деген перзенттік сүйіспен шілігінді ерлік жасау арқылы ғана көрсетуге болады дейтін шыгар. «Мұлдем олай емес, маскунемдікке, нашакорлыққа, темекіге үйрілк танытпай, еліміздің жақсы азаматтарының қатарына ұмытылудың өзі ата-анаңа, ұстаздарына, еліңе деген махаббатыңың айғағы», деп жүрген жерімде айттып жүремін.

– Сіздің соғыстан кейінгі жылдары да ел игілігі үшін аянбай еңбек еткениңізді білемін.

– 1940-41 оку жылдарында мен Жамбыл ауданындағы Майдың мектебін үздік тамамдаған едім. Бағымды сынау үшін жоғары оку орнына құжаттарымды тапсырсам деген арман-мақсатымның күл-талқаны шыққан болатын. Бірақ, Ұлы Отан соғысы аяқталып, табанымыз туған жерге тиғеннен кейін, ойымды жүзеге асыруға еш нәрсе де бөгет бола алмады. Алдымен онтүстік астанаға барып, журналист мамандығын иеленуді көзdedім. Алматы институтына қабылданғаныммен, жылы жақтың ауа райы қолайсыздық танытты. Одан кейін Караганды педагогикалық институтына құжаттарымды тапсырдым. Филология факультетін тәмамдағаннан кейін қазіргі Есіл ауданындағы Аралағаш, Шал ақындағы Балуан, кеін Жамбыл ауданындағы Баймағанбет Ізтөлин ауылдарында ұстаздық қызмет атқардым. Жарты ғасырға жуық ғұмырымды шекірттер тәрбиесіне арнадым.

– Әлі күнге дейін қолыңыздан газет-журналдарды тастамайсыз. Әлде ұстаздық қызмет атқарған жылдары қалыптасқан үйреншікті дағдыңыз ба?

– Бәлкім, солай деуге де болатын шыгар. Мағжан, Сәбит сынды қазақтың біртуар ұлдарының қадамының ізі қалған қара шаңырақ – «Солтүстік Қазақстанға» жиң барып тұрамын. Тұракты оқырманы ғана емес, авторларының бірімін. Аға газет – «Егемен Қазақстанды» да елендеп, тосып отырамын. Қос басылымның мен үшін орны тым бөлек.

– Женіс мерекесі қарсаңындағы көңіл-куинізбен бөліссеніз?

– Тәубе, осы күнге жете алмай кеткендер қаншама. Ұлы Женіске, ардагерлерге көрсетіліп жатқан құрмет көңілімді босатады, отты жылдардың қайтарымы бар екеніне иландырады. Бүгінгі ұрпақтың өмірі алаңсыз болса екен деп тілеймін. Осы күні немере-шөбере

сүйіп, қызық-қуанышқа кенеліп отырған менің төбем көкке бір елі жетпей тұрғандай!

– Әңгімелескен Айгүл ІСҚАКОВА.

17 ЖАСЫНДА ЖАУЫНГЕР АТАНҒАН

Кешегі ел басына күн тұған сұрапыл соғыс жылдары от жалынға оранған қан майданға бұғанасы әлі қатып үлгермеген ерімдей жас жігіттер де аттанды емес пе?! Міне, сондай жалын жүрек жастардың бірі – жасы бүгінде сексеннің сенгіріндегі Әйіп Анапин. Бұл кісі 1925 жылы қазіргі F.Мұсірепов атындағы ауданның Мұқыр аулында өмірге келген. Жас Әйіп ер жетіп, азамат атанған шағында Ұлы Отан соғысы басталады.

Көппен бірге 17 жастағы Әйіп Анапин де Отанын корғауға аттанды. Алғашқы ұрысқа ол жанындағы жауынгер жолдастарымен Мәскеудің түбінде кіреді. Міне, содан ұзак та сұрапыл майдан жолдарынан өтеді. Сөйтіп, Әйекең жауынгерлік жолын 1944 жылы Польшада аяқтайды. Эрине, кескілескен ұрыстардың бірінде ол қаты жарақат алмаса, Ұлы Жеңісті фашизмнің қанқұйлы ордасы – Берлинде қарсы алар еді.

Соғыстан оралған соң жас майдангер елдегі ауыр жағдайды көріп, бірден қолынан келер жұмысқа бел шешіп араласып кетеді. Жылдар өте келе іскерлігнің арқасында шаруашылықтың жауапты участеклерине ауыстырылады. Өмірінің көп жылдарын партия-шаруашылық жұмыстарына арнайды. Ал зейнеткерлікке шығар алдында селолық кеңестің төрагасы қызметін абыраймен атқарады.

Қарт майдангер Әйіп Анапияұлының ел алдындағы адал еңбегі әділ бағаланды. Оның омырауында бүгінде оннан аса медальга қоса, Отан соғысы және Еңбек Қызыл Ту ордендері де жарқырайды. Бұған Әйекеңнің Украина Республикасынан алған марапатын да қоса кеткен жөн.

Бүгінде Әйіп аксақал: - «Бәйбішем Нұрикамал екесуміз мына бейбіт заманда бақытты ғұмымыр кешудеміз», - деп текстен-текке айтпайды. Рузаевка селосында ғұрып жатқан абзал жандар 5 ұл тәрбиелеп өсіріп, солардан өрбіген 12 немересі мен 4 шөберелерінің қызығын көруде. Бақыт деген осы емес пе?!

Кошан ҚАЛИ

ЕРЖҮРЕК БАРЛАУШЫ БОЛҒАН

ОНЫҢ ЕСІМІ ДЕ, ЕРЛІГІ ДЕ – ЕСІМІЗДЕ



Есілбай Казбеков

Біздің «Ленин туы», казіргі «Солтүстік Қазақстан» газетінің шағынғана ұжымынан Ұлы Отан соғысы жылдарында колына қару алып, мұз жастаңып, су кешкен, жарқын болашақ үшін қасық қанын төккен майдангерлеріміздің бірі – Есілбай Қазбековті бүтін еске алу әден орынды.

Есілбай Қазбекұлы 1918 жылы бұрынғы Преснов ауданына караған Тауағаш аулында дүниеге келген. Экесі Мұратбек Қазан төңкөрісіне дейін бай есігінде жалшылықта болса, кейін колхоз шаруашылығына араласты. Кедейліктің тауқыметін тартқанымен, Есілбай ауыл мектебінде оқып, білім алды. Он алты жасында колхозға мүше болып, еңбекке ерте араласты. Еті тірлігінің, зеректігінің арқасында Петропавл қаласындағы зооветтехникумды тәммадады. Содан кейін Баян, Тауағаш ауылдарындағы орта мектептерде қызмет етті. 1940 жылдың қазан айында міндепті әскер қатарына шақырылды. Бұл кезде ол өмірдің мәнін түсініп, ысылған жігіт болатын. Ауылдан бірге аттанған Сыздықтың Қайырбекі, Қаратайдың Кәкен, Сатының Нұғыманы, Шоқанайдың Қайролласы, Мәмбеттің Қаликаны – алтауы міндепті әскери борыштарын өтеп жүргендеге кенеттен соғыс басталды.

Есілбай Қазбеков Ұлы Отан соғысына алғашқы күннен бастап, сонына дейін қатысты. Барлаушы болғандықтан, күндіз аздап қана көз шырымын алып, түнде жортуылға шығып, талай рет неміс тылынан «тіл» әкеліп, біздің жауынгерлердің шабуылға жолын ашты.

Соғыс басталған 1941 жылы ол Оңтүстік-Батыс майданының батыс бағытында, 78 полктың құрамында сержант дәрежесімен барлаушы әрі минометші ретінде майданға кірді. Бұл кезде немістердің күші басым, біздің жауынгерлердің мысын басып тұрган кез бола-

тын. Осы қыын кезенде полк командирі барлаушыларға Тросна деревнясындағы жаудың бөлімшесін басып алуды тапсырды. Бұл 1941 жылдың желтоқсан айы болатын. Құн суық, қалың түскен қар белуардан келетін. Соған қарамастан, полк командирі деревняны басып алуды тапсырудың әскери маңызы бар еді. Барлаушылар тобы інір қараңғысын жамылып, деревняға бет алды. Тапсырыс – деревняның біздін жауынгерлер шабуылға шығатын беткейіндегі бірнеше дзот орналасқан нүктені құрту. Есілбай Қазбеков әлгі дзоттар орналаскан үйге жасырын жеткен барлаушылардың бірі болды. Жақында п келген ол айналаны барлап алды да, беліне қыстырған гранаталарды бірінен соң бірін жау дзотына лақтырды. Құтпеген жерден болған шабуылдан есі шықкан немістер үйден шыға жан-жаққа қаша женилді. Осы кезде Есілбай Қазбеков қашқан немістердің бірнешеуін оққа жығып, ерекше мергендік танытты. Өзге де барлаушылардың әлгіндегі мергендігімен дзот нүктесіндегі немістердің бірде-бірі қашып құтылмады. Мұның өзі біздің жауынгерлердің алға шабуыл жасауына мүмкіндік тудырды. Осы жолғы ерлігі және екі «тіл» әкелгені үшін бірнеше барлаушымен бірге «Ерлігі үшін» медалімен нағрадталды. Бұл оның алғашқы жауынгерлік ерлік марапаты болатын.

1943 жылдың басында Есілбай Қазбеков лейтенант дәрежесімен 65-інші Армияның 246 атқыштар дивизиясының жекелеген барлаушылар ротасының екінші взводына командир болып тағайындалған кезі еді. Бұл кезде біздің жауынгерлер неміс басқыншыларына тойтарыс беріп, алға жылжып келе жатқан-ды. Сол жылдың қыркүйегінде Ново-Боровичи бағытында жауынгерлеріміздің алға жылжуына немістер мүмкіншілік бермеді. Әбден қаруланып, мықты бекініс құрып алған немістер жауынгерлерімізді қарша бораған оқпен қарсы алып, бас көтертпеді. Сол кезде Е. Қазбеков бес барлаушымен жау тылын айналып өтіп, әлгі нүктелерге құтпеген жерден шабуыл жасады. Бес барлаушы 16 немістін көзін құртып, жаудың маңызды нүктессін басып алды. Ал Қазбековтың жеке өзі окоптан қашқан алты немісті оққа жықты. Осы жолғы жауынгерлік ерлігі үшін Армия басшысының бүйрығымен «Александр Невский» орденімен марапатталды. Бұл тек ерекше ерлік жасаған офицерлерге ғана берілетін орден болған.

Есілбай Қазбеков өзін ғана емес, Отан үшін жаудан кек алу үшін қарамағындағы барлаушыларды да жау жүректікке жігерлендіре билген. Оның екі бірдей барлаушысы - Әнуарбек Қалиев пен Федор Конголев Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Бұл оқиға 1943 жылдың қазан айында болған еді. Қазбековке және он бес барлаушыға Днепр өзенінің арғы бетіне өтіп, жаудың атыс нүктелерін

жою жөнінде жауынгерлік тапсырма беріледі. Артиллериядан, ми-
номедтен жауып тұрған окқа қарамастан, олар қайықпен Днепрдін
оң жағына өтіп, жаудың сақылдарак оқ атқан нүктелерінің үнін өшірді.
Жаудың жүк және әскерлері тислген екі автомашинасын, басқа да
атыс қаруларын жойып жіберді. Сөйтіп, дивизия полкінің жауынгер-
леріне өзенниң арғы бетіне өтуге жол ашты. Осы жолғы ерлігі үшін
оған «Қызыл Ту» ордені табыс етілді.

1944 жылдың 25 желтоқсанында Висла өзенінің оң жағалауында
біздің жауынгерлер мен сол жағалауында неміс солдаттарымен кызу
атыс жүріп жатты. Жаудың онайлықпен ығысар түрі жоқ. Дивизия
штабындағы барлаушылар басшысы майор Мартынский кешкісін
келіп, өзенниң арғы бетінде жаудың канша қүшінің, канша техни-
касының барын анықтау және оның анықтығына көз жеткізу үшін
«тіл» әкелудің қажеттігін айтты. Ақыры штаб бастығының үйфары-
мымен бұл тапсырма Е. Қазбеков басқаратын барлаушылар тобына
жүктелді. Барлауға жиналып жатқанда Бабатай деген барлаушы:

– Аға, сіз бармай-ақ қойыңыз. Мені жіберіңіз, жеңгей бар ғой,-
деді Еслбайға.

– Бабатай, қорықпа. Елде менің әйелім күтіп отырса, сені сүйген
ару кыз күтіп отыр. Ал Отан тағдыры бәрінен де қымбат. Біз арын ар-
дақтаған елдің ұрпағымыз ғой. Қамкорлығыңа рахмет!- деді Еслбай.

Сол күні түн қарандысымен бұлар жау тылына өтеді. Канша күш,
канша техника барын жобалап, енді «тіл» алу әрекетіне кіріскенде
немістер бұларды аңдалап қалады. Сақтық үшін белдеріне қыстырған
гранаталарды лақтырып, жаудың күтпеген жерден есін шығарады.
Алексеев, Руднев үшеуінің алдында екі немістің бірі өліп, бірі жара-
ланады. Эй-шәйға қарамастан Руднев жаралы немісті арқасына бір-
ақ салып, кейін шегінеді. Дәл сол сәтте іргелеріндегі атылған жау
автоматының оғы Алексеевті жаралайды. Еслбай оны қолтығынан
демеп, өз барлаушыларының соңынан ереді. Жаудың атысы барған
сайын күшнейеді. Бір кезде жау оғы оның оң аяғын жаралайды. Ақы-
ры барлаушылар бірін-бірі демеп, өзенниң арғы бетіне өтеді. Сол
жолы Еслбай басқарған барлаушылар тобы ажал оғына қарамастан,
жауынгерлік тапсырманы орындаپ қайтады.

Еслбай Қазбеков Польша жерінде болған ірі шайқаста тағы да
ауыр жараланып, Энгельс қаласында әскери госпитальға түседі.
Сөйтіп, соғыстың аяғында, 1945 жылдың 15 сәуірінде екінші топ-
тағы мүгедек ретінде елге оралады. 1945 жылдың қарашасынан
1948 жылдың қыркүйегіне дейін облыстық «Ленин туы» газетінде
меншікті тілші болып қызмет атқарады. 1950 жылы Алматыдағы екі
жылдық партия мектебін бітірғеннен кейін «Жаңа өмір» журналын-

да, кеін басқа да баспа орындарында еңбек етеді. Марқұм өмірінің сонына дейін қаламын құргатпай, бірнеше әдеби естелік туындылар жазып, өзінің сүйікті газетнен қол үзген жок.

Жоламан ШАХАНОВ

ШЫҒЫСТА Да, БАТЫСТА Да ШАЙҚАСТЫ

Пресновка ауылындағы соғысқа қатысқан майдангерлерден қалған жалғыз қазақ жауынгері Кабдол Нұрпеисов ақсақал ғана. Оның ауылдың теріскей беткеіндегі бір қарағанда көзге аса қораш көрінбейтін жұптыны шағын үйіне енгенимізде отбасының ұқыптылығын сезингендей болдық. Бізді қарсы алған әдемі жүзді, орта жастағы әйел іздеп келген ақсақалымыздың қызы екенін айтып, іргелес бөлмеде құс төсекте жатқан әкесін тұрғыза бастады. Еңқиши тартқан қария жасының жеткеніне қарамастан, жылдам күініп, көп кешікпей қонақ бөлмедегі жұмсақ диванга келіп жайғасты.

Айтпаса да «Шырақтарым, қайдан жүрген балаларсындар?» деген сұрапты емеурінен таныған біз өзімізді таныстырып, келген шаруамызды айтып жатырмыз. Құлағына мүкіс кірген ақсақал оның бірін естісе, бірін естімейтін сияқты.

– Қарақтарым, өздерін сияқты әкімдікten, сәбестен халімді сұрап, жи келіп тұратын жігіттер көп. Солардың қайсысы боласындар, бұйымтайларынды айта отырындар? Әлде Үкіметтің біздерге жасап жатқан тағы бір кезекті жақсылығын жеткізгелі келдіндер мे? – деп сұрап қояды қария. Біздін сәл қысылып қалғанымызды сезген қызы Бағыш әкесінің құлағына жақыннан қаттырақ сейлеп, газеттен келгенімізді айтып, өзі туралы мақала жазбақшы ойымыз барын түсіндірді. Сонда әп-сэтте өзгеріп сала берген карт майдангер томағасын сыпырған қырандай сергектік танытып:

– Ә, онда әңгіме бөлек. Бағыш, ана шифонердегі наградаларым тағылған костюмінді кигізіп, балаларыма жақыннырақ отырғызышы, - деп жадырап шыға келді. Дегенмен де, 93 жас аз емес қой. Көп нәрсені ұмытып, жады жаңыла бергендейтін, Бағыштың өзі көмекке келді. Қартайған әке баққан қыздың ол туралы, әсіресе, Қабаның соғыс жылдарындағы жорық жолдары жайында мағлұматы мол екенін аңғардық.

Қабан осы Жамбыл ауданындағы Баян ауылының тумасы екен. Соғыс басталған жылы қапсағай денелі атпал азамат 24 жаста болға-

нымен оны бірден әскерге ала қоймапты. Оған, сірә, оның соғыс алдында Петропавлдың ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп. сол сындарлы шакта ел шіндеге техника тілін билетін азаматтардың қажет болғандығы себеп болса керек. Ал бірақ кеинігі жорықты жылдарда ол осы мамандығын кәдеге жаратып, техника жалына жармасқан жоқ. 1942 жылы жазда әскерге алынғанда жолы бірден майданға түсер деп ойлаған. Алайда, олар мінген эшелон от оранған батысқа емес, Киыр Шығыска қарай бағыт алды. Жапон милитаристерінің Манчжурияны жаулап алып, Кеңес еліне әне-міне шап бергелі тұрған шағы болғандықтан оны да түсінуге болады. Эшелон аптадан артық жол жүріп, Владивостоққа барып бір-ақ тоқтады. Квантун армиясының қаладан онша қашық емес жердегі шекара дағы сақадай сай тұрған шебіне қалқан болу бұлардың еншісіне тиdi.

— Карша бораған оқ жаумады демесен, ол да майданнан кем болған жоқ. Шекарашиб-чекист болғандықтан бізде бір дамыл болмайды. Киыр Шығыстың қыратты шоқыларына бекінін, біздін әрбір қымылымызды аңдып отырған жауды біз де көзден таса қылмаймыз. Күздің кара суығында үсті-басымыз малмандағы су болып, ішке енуге әрекет еткен жау жансыздарының ізін кесеміз. Аздал оқ атылған осындағы екі-үш операцияға катысқан біздін де дәрі мен қан иісін сезініп қалған жайымыз бар. Соны білегін командирлеріміз: «Батыстағы басты майданға баруымыз мүмкін, шындалып шыныға беріндер», - дейді. Одан кейін біз тіпті ширірға түсеміз, жапон жағының әрбір қымылымына сақтықпен қараймыз. Сөйтіп, тышқан мен мысықтай аңдысумен бір жарым жылдай уақыт өтті. Батыстан жеңіс лебі есіп, неміс әскері шегініп бара жатқан кез. Содан да болар, жапондардың да жүні жығылып қалғанға ұксады. Осы жеңісті жолды одан әрі жалғастыру үшін біздер батыс майданға баруға асықтық, - дейді ақсақал.

Ақыры олардың бұл тілегі де орындалып, әскери құрамалары Беларусь майданына жіберілді. Кансыраған жау әлі де осал емес еді, Кеңес шекарашибына қарай шегінген сайын арпалыса қарсыласып жатты. Шекарашиб-чекистерге жүктелетін міндет көп, тікелей шептік ұрысты былай қойғанда, барлаушылармен бірге барлауға баратын, тыл кауіпсіздігін қамтамасыз ететін міндеттер жүктеледі. Қайсыбір кезде жау мергендері мен диверсанттарының көзін жою тапсырмасы да беріледі. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей, осы сұрапыл күндерде және Польшаны азат ету шайқастарында Қабаның бойына бір оқ дарыған жоқ. Қапсағай денелі казак солдаты әскери бөлімдегі оққағары бар бірер жауынгердің бірегейі болды. Бойына біткен әншилік өнері мұнда да кәдеге жарап, жауынгерлік

шерулердің әнін бастайтын. Польшаның Висла өзенінен өткенде көрсеткен өжеттігіне «Ерлігі үшін» медалі берілді.

Бұғанде тоқсанның үшеуіне толып отырған соғыс ардагері женісі гі жолын Берлиннің өзінде емес, Польша жерінде аяқтағанына өкінеді. Мүмкін бұл оның сонау албырт жастық шақта ел тыныштығын бұзған фашистерді өз ордасына барып күйретсем деген арманнан қалған өкініш болар. Бірақ ол жанын шүберекке түсіп, оқ пен оттың ортасында болғанын мактаныш ете алады. Женіс жауынгерлері майданнан елге қайтып жатқанда шекарашибеки ретінде 1947 жылға дейін фашизм сілім гіктерімен құрессені сондықтан шығар.

Бір өкініштің, соғыс жылдарында алған бар наградалары мен құжаттары 1966 жылы Архангелка ауылында түрғанда күйіп кетті. Құпирлік емес, жер ортасы жасқа келгенде зайыбы Мэруардан айрылып, төрт баламен қалғанда да мұндай кейімеген шығар. Екінші әйелі Зұбира да Құдайға қараған жан еді-ау, түгі қалмай өртеніп кетсе де, іштей тынып, өзінен тумаған балаларының амандығын тілсп, бар ықыласын соларға аударды. Алланың жазузы ғой, сол Зұбира тірі болса, әлі күнге дейін Архангелкада отыра бермес пе еді. Оның үстінен мертігіп, әбден аяғы жүруден қалған соң амалсыз қызының қолына көшип келген жайы бар.

Соғыстан кеін алдымен өз ауылында, сосын Архангелкада бақташы болған майдангер әлгі мүгедектігі мен мүкістігі болмаса, әлі тың көрінеді. Ол да Құдайдың берген бір ырыздығы шығар. Егемен еліміз осындай карияларына қамқорлық жасап, жылма-жыл зейнетақыларын өсіріп келеді. Елбасының Ұлы Женіс мерекесі құрметіне соғыс ардагерлеріне бірмезгілгі қыруар жәрдемақы бергеніне Қабан да куанышты. «Ел үшін туған азамат екен», - деп ризашылығын білдіреді. Сосын өзін күтіп-бағып отырған Бағыш қызына әкелік ақ алғысын айтудан жалықпайды.

Токтар ЗІКІРИН

КУРСК ИІНІНДЕ КӨЗ ЖҰМДЫ

Ұлы Отан соғысына біздің отбасынан 3 ағам бірдей аттанған еді. Солардың бәріне де елден топырақ бұйырмады. «Боздақтар» кітабында үшеуінің де қашан, қай жерде оққа ұшқандары жөнінде мәліметтер көлтірілген.

Одан бұрын сол ағаларым жайлы Ресейдің тиісінен орындарына хат жазып, іздеу салған едім. Содан органшы ағам Мұбарак жайында деректер алдым. Ағам 1920 жылы туған, 1938 жылы әскер қатары-



Мұбарат Сұрағанов

кіреді. 1943 жылғы 15 шілде күні болған қиян-кескі ұрыста аға сержант дәрежесінде оққа ұшады.

Мениң іздеу салған хатыма 2007 жылдың желтоқсан айында Белгород облысы Прохоров ауданы Прохоровка кенті өкімшілігінің бастығы В.Маматовтан жауап хат келді. Әрине, бауырымының аруағын ардақтап отырған азаматтарға алғыстан басқа айтарым жоқ. Бұлайша ардақталмай қалған боздақтар қашшама десенші?! Алла беріне де ракымын түсіріп, иман байлығын берсін дейміз.

Молдахмет СҰРАҒАНОВ

ЖАУЫНГЕР ҰСТАЗ

Туган елімізге неміс-фашист басқыншылары ойда жоқ жерде опасыздықпен баса көктеп кірген кезде Қалиаскар Жанов жиырмаға толмаған жасөсірім еді. Өмір тәжірибесі де аз болатын. Ол соғысқа аттанарда жылап, еніреп жүрген туыстарының бірі:

– Қалқам-ай, тым нәзіксің-ау, жассың. Сенің қолың соғыс па еді. Автомат түгіл айыр ұстауга қимаушы едік, - деген еді. Сол нәзік Қалиаскар автоматты асықша ойнатып, жауларға жай оғынша тиді.

Ұлы Отан соғысы 1418 күнге созылса, соның 1367 күні Қалекенің үлесіне тиді. 1941 жылдың 1 тамызында Қырғыз Республикасындағы әскери училищесін бітіріп, кіші лейтенант атағын алғып, соғыска аттанады. Сталиннің бұйрығымен әскери училищелердің сабағын жеделдетіп, қысқартты. Кілең қазак жастарынан екпінді батальон құрып, Мәскеу түбіндегі шайқасқа қосты да жиберді.

— Дубосеково, Можайскі теміржол стансасы үшін болған ұрыста мен байланышы болып, «қазак солдаты» деген парызымды адаптап, жаумен сан рет бетпе-бет шайқасумен болдым, — деп еске алушы еді Қалекен. Ол кескілескен майдан шебінде аяғынан жарапанды. Ауруханада екі ай жатып, емделіп қайта соғысқа кірді. Жауынгерлер күші басым жау әскерлерінің шабуылына тойтарыс бере отырып, оларды алғашқы айлардың өзінде-ақ Мәскеу түбінен 150-200 шақырым тықсырып, шегіндіріп тастады.

...1944 жыл. Днепр өзейін үшін кескілескен шайқастың қызу жүріп жатқан кезі. Немістер сағы сынып, дүркірей шегінін бара жатса да, көрсетер айбаты әлі мол... Жаздың жарқыраған ашық әдемі күндернің бірі. Толық бір рота алдағы қарайып көрінген селоға беттеп келеді. Әдетте жаудан босаған селоға Совет Армиясы жақындағанда бала-шаға, кемпір-шалдар қуана қарсы алатын. Мына село олай емес. Жым-жырт, ешкім көрінбейді. Біздің жігіттер селоның шетіне келді. Ақыры ешкім көрінбейді. Тіпті жүгірш өткен мысық та бай-калмайды. Кейбір үйлердің сорайып пеш мұржалары ғана қалған. Жігіттер сау қалған үйге кіре бастады.

Қалиаскар, тағы екі жігіт бар, көшениң оргасындағы биіктеу келген қарагай үйге бұрылды. Үйдің алдындағы зәулім терек жапырағынан айрылып, сыйдиып қалған. Аулаға кіретін үлкен қақпа топсасынан үзліл, құлап жатыр. Басқа қираған еш заттың ізі көрінбейді. Соғыс өртінің зардабы бұл үйге аса тие қоймаған сиякты.

Есікті ашып үйге кірді. О, сұмдық! ...Жігіттердің жүрегі тілініп-тілініп өткендей болды. Мына масқара көрініске қарап орындарын-



Қалиасқар Жанов

да қатып қалды. Тыныстары тарылып, өңештеріне тас тұрғандай. Енді сәл аттаса терең күзға құлардай эсерде қалды жігіттер...

Үлкен орыс пешінің алдында алып денелі ақ сақалды қарт сұлап жатыр. Жақыннан атылған оқтан кеудесі мен беттін пәрше-пәршесі шығыпты. Шалдың арт жағын ала арықша келген, бойшандау кемпір құлатты. Оң қолымен алжапқышын ұстап немересін қойнына қарай тартқан бойы жан тапсырыпты. Немересінің кішкентай ғана жалан аяғы көрініп жатыр.

Қалиасқарлар келин алжапқышты ашты. Зұлымдықта шек болмайды еken ғой. Екі жасар жас сәбиді дәл мандайдан атыпты. Эже сәбіиңің қанын тиям деді ме еken, оның мандайын кеудесіне қатты қысып алыпты.

Үйдің шінде сабы сынған таба ұстаяши, жүзі қан балта жатыр. Сәкі қара қанға боялған. Киім жыртындылары шашылып жатыр. Үй иелерінің құзғындарға қарсы қатты қарсылық көрсеткені байқалып тұр. Жігіттер мерт болған үшеуді жерлеп, бағдарына белгі орнатты.

Мұндай көріністі Қалиасқар талай рет көрді, ал бірақ мына көрініс, әсіресе, жазықсыз сәби өлімі жан жүрегін елжіретіп, сүйек-терін сырқыратып кетті. Дәл осының ертеңіне ол үлкен ерлік жасады. Днепр маңындағы тағы бір селоны жаудан босатарда, Қалиасқар барлауға өзі сұранды. Төрт жігіт «тіл» әкелуге шықты. Ал «тіл» болмаған жағдайда селодағы немістердің негізгі бекінісін, қоймаларын білиш келуді тапсырды. Селоға аман-сау кірсе де жігіттер «тіл» алушың ретін келтіре алмады. Оның есесіне азық-тұлік тұрған қойманы өртеді. Осы кезде селодағы немістер абыр-сабыр болды да қалды. Құзетте тұрған солдаттары пулеметтен бей-берекесіз оқ ата бастанды. Осындай әбігерлікті пайдаланған Қалиасқар бастаған жігіттер үш неміс отырған үйді қоршап алыш, екеуін атып, біреуін тірідей алыш келді. Ал мұның өзі айтуға ғана оңай, бұл нағыз көzsіз ерлік еді. Осы ерлігі үшін Қалиасқар Жановқа «Қызыл Жұлдыз» ордені берілді. Бұл Қалиасқар ерліктерінің, оның соғыс кезінде басынан еткізген оқиғаларының біреуі ғана. Ол соғысқа 1941 жылдан бастап сонау Берлиндегі Рейхстагқа Женіс туын тіккенше қатысты. Қалиасқар Бессарабия, Украина, Москва түбіндегі, Смоленскінің қалын ормандарындағы, Карпат тауларындағы, Диенпр өзені, Киев, Житомир қалалары, Одер, Эльба өзендері, Берлин үшін шайқастарға қатысты. Бұл, әрине, ол соғысқа қатысқан атышулы жерлер ғана. Төрт жыл ішінде Қалекен өлім жалыны шарпыған сансыз кезендерден етті.

1945 жылы Шығыс Берлиннің маңындағы шайқаста тағы бір үлкен ерлік көрсетті. «Жетінши кавалерия» дивизиясы қоршауда қал-

ды. Осы коршаудан шығарда аға лейтенант Васильев пен Қалиаскар жиырма үш немісті тұтқынға түсіріп, жиырма шақтысын жойып жіберді. Батальон командирі Шевченко Васильев пен Қалиаскарға келіп: «Бір солдаттың ерлігі, мын солдаттың өмірін қорғайды деген осы. Ерліктерің тамаша!»- деді. Бұл ерлігі үшін оған екінші дәрежелі «Данқ» ордені берілді. Әр кездегі ерліктері үшін ол екінші дәрежелі «Отан соғысы», үшінші дәрежелі «Данқ» ордендерімен және барлығы сегіз медальмен марапатталды.

Соғыстан кейин Қалекең туған елінің білім ошағы Жамбыл ауданындағы Орман орта мектебінде қырық жыл еңбек етіп, жұздеген ауыл баласына білім, тәлім-тәрбие берді. Педагогикалық шеберлігі мол, оқыту әдістеріп ұдайы жетілдіріп отыратын ұстаздың әр сабағы жоғары методикалық дәрежеде өтетін. Оның ұзақ жылғы ұстаздық іс-тәжірибесі облыс мектептеріне үлгі ретінде ұсынылуши еді. Тәжірибелі ұстаздың алдынан дәріс алғандардың арасында көптеген ауылшаруашылық мамандары және елімізге белгілі ғалымдар мен заң қызметкерлері, ұстаздар мен журналистер бар.

Қалиасқар Жановтың ел алдындағы сінірген еңбектері мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. 1967 жылы жас ұрпақты тәрбиелеудегі жемісті еңбегі үшін оған «Қазақ ССР-на еңбегі сіңген мұғалім» атағы берілді.

Қалекең зайыбы Сәлима екеуі төрт ұл, үш қызы тәрбиелен өсірді. Балаларының бәрі бүгінгі күні шаруашылықтың түрлі саласында қызмет атқаруда.

Таңат СҮГІРБАЕВ

ТАҒДЫРЫ БІР ҮШ ҰРПАҚ

Әлімтай Әбілғазин 1899 жылы Сарыайғыр болысы, Қойлы Атығай руына жататын «Қызылтомар» ауылында дүниеге келген. Әкесі дүние-ден ерте өтіп, отбасында жалғыз қалған Әлімтай тағдырдың талай та-уқыметін көрін, өмірдің талай аңы дәмін татып өсті. Жоқшылықтың қыспағы арқасын мұздай қарығасын бай есігінде жалданып, еңбекке ерте араласты. Сонау аласапыран кезінде ақ пен қызылдың шайқасын, елге ойран салған актардың тенкісін өз көзімен көрді.

Казан төңкерісінен кейин елдегі өмір өзгеріп, ұжымдасу кезінде он мен солын таныған Әлімтай қорадағы жалғыз сиырын қоғамдық ортага салып, колхоз құрылышына белсене араласты. Әйтседе Голо-щекиннің қолдан жасаған ашаршылығы халықты тағы күйзелтті. Бұл күйзелісті Әлімтай да басынан кешірді.





Әлімтай Әбілғазин



Темірхан Әлімтаев

Ұлы Отан соғысы басталғанда Әлімтай 42 жаста болатын. Алғашқы бетте ауылдағы әскер жасына толған жалындаған жастар соғысқа аттандып жатты. 1942 жылдың 17-ші мамырында Әлімтай 1923 жылы туған жалғыз ұлы Темірханмен Совет аудандық әскери комиссариат арқылы әскерге алынып, майданға аттанды. Әлімтай 239 атқыштар дивизиясының 817 атқыштар полкі құрамында Ленинградты қорғауға қатысты. 1944 жылдың 27 қаңтарында осы майданда ерлікпен қаза тапты. Денесі Ленинград облысы, Батетский ауданы Сабен деревнясында жерленген.

Жалғыз ұлы Темірхан Қырғызстан шекарасын жеті жыл қорғап, әскери міндеттін атқарған соң аманесен елге оралды. Өзі туып-өсken Аққайын ауданындағы Аラлагаш ауылында Бағиламен көңілі жара-сып, отау құрды. Өмірден өткенше ауыл шаруашылығы саласында еңбек етті. Артында алты қызы, бір ұл қалды. Қыздарының бәрі оку оқып, жогары білім алғып ұстаздық қызмет атқаруда. Жалғыз ұлы – Тұрғынбек орта мектепті бітіріп, Ауган соғысна қатысып қайтты. Ол да атасы мен әкесі сияқты өмір мен өлімнің арасында жүріп, соғыс зардабын көзben көрді. Қазір Астанада тұрады. Отбасымен, бала-шагасымен тату-тәтті өмір кешіп, еңбек етуде.

Молдахмет СҰРАҒАНҰЛЫ

мыр жігіттер екен. Құні-тұні өткен әскери дайындықта қыңқ еткен жан жоқ. Ол соғыстың өте ауыр кезеңі болғаны белгілі, құнделікті жайсыз хабарлардан қабактарына қар жауған бөлім командирлері оларды осы екі айдын ішінде отка да, суга да салып, әбден пісріді.

Қазан айында бұлардың дайындық тобы Мәскеу қаласының түбіндегі Внуково әуежайындағы әскери бөлімге қосылды. Ол Бас қолбасшының резервтегі әуе десанты бригадасы екен. Бір ғажа-бы майдандағы жағдай қандай қолайсыз болғанымен, әскери бас-шылық оларды соғысқа косуға асықкан жоқ. Тағы да сол құні-тұні дамылсыз әзірлік. Басында аэростаттан секіріп жаттықкан олар енді ұшақтан секіру есебі жүзге жуықтал қалған Аманжол аэростаттың 800 метрден қалай секірсе, одан әлдеқайда жоғарырақ көтерілетін ұшақтан да оңай секіретін болды.

Ақыры көптен күткен күн де жетіп, десантшылар Брянск ормандарындағы белорус партизандарына көмектесетін болды. Бірнеше ұшаққа отырған әуе қырандары майдан шебінен еш оқиғасыз өтіп, межелі аймақта тұнде тұсті.

Десантшылардың міндеті жау құрсауға алған Ковпактың партизан құрамасына көмек беру болатын. Жау қапталының бірінің желкесінен тиісken десантшылар ә дегеннен мұндаиды күтпеген немістерді есендіретіп таstadtы. Бірақ ұрыс қызыуымен жүріп, бүиірдегі бір бекіністен атқылаған неміс пулеметінен батпақты орманда жер бауыrlауға мәжбүр болды. Сонда бөлім командирі осы атыс ұясын жоюды оған және бір украин жігітіне тапсырды. Жақсылап жасырынған пулемет бет бақтырар емес, олар қос қапталдан шабуылдауды үйғарды. Нағашысынан үйренген аңшылық кәсіптің кәдеге асқаны осы жер. Сол қанаттағы украин жігітін байқап қалған пулеметшінің бар назары соған ауған кезде қапысын тапты. Сөйтін, десантшылар қайта шабуылға көтерілді және ол партизандарды құрсаудан құтқарған жеңіспен аяқталды. Осы ұрыста көзге тұсken үшін алғашқы жауынгерлік «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Десантшылар құрамындағы екінші соғыс операциясы да есте қаларлықтай. 1944 жылдың басында Қырымда азат ету басталды. Қара теңіз жағалауындағы ұлтарақтай жер үшін болған қанды майданға Аманжол да қатысты. Олардың әуе десанты бөлімі Федосия қаласына жақын жау тылына тасталып, кейін шегінген немістердің Қырым қалаларын қиратуына жол бермеді. Сондағы жан-қиярлығы үшін атамыз екінші рет «Ерлігі үшін» медалин алды. Аманжол бертінгө дейін сол майданда саяси жетекші болған Брежневті өз көзімен көрғенінің өзін үлкен наградаға есептеді.

Соғыс тағдыры шешіле бастаған 1944 жылдың орта кезінде Бас қолбасшының резервтік әуе десанты құрамасы таратылып, Аманжол жеңісті жолын жаяу әскер қатарында жалғастырыды. Онда ол Румынияны, Венгрияны және Австрияны жаудан азат етуге қатысып, жеңісті жылдың мамыр айында неғұрлым тәжірибелі жауынгерлер қатарында Қыыр Шығысқа ауыстырылды. Бірер аптаның ішінде Манчжуриядағы бір миллион Квантун армиясын тоздырып жіберген Қыыр Шығыстағы бүл майданда Аманжол екінші эшелонда төрт-ак күн соғысқанын айтады. Толарсақтан саз кешіп, Еуропаның бірнеше елін керзі етікпен басып өткен десантты жауынгер үшін екінші эшелондағы соғыс жаттығу ойындары сияқты көрінгенмен, онда да мындаған жауынгерлер қаза тапты емес пе? Осындай алапат қырғыннан аман қалған ағамыз әскери қызметін жеңістен кейін де жалғастырып, елге 1947 жылдың наурызында оралған.

Майдангердің одан бергі бейбіт өмірінің өзі бір дастан. Қыскартип айтар болсақ, елге оралған соң бір жылдан кейін Дәмелі Смағұлқызына үйленіп, екеуі сегіз бала тәрбиелеп өсірді. Дәмелі апайдың соғысқа бармағаны болмаса, жеңіске зор үлес қосқан нағыз тыл еңбеккери. Соғыс кезінде Шапай ауылында жастарға жетекшилік жасап, олардың майдан үшін еңбек етуіне үйіткі болды. Кейінде бөлімшеде есепші, аудан орталығында тігінші де болған кездері бар.

Аманжол ағамыз бейбіт еңбекте өзіне жүктелген міндеттердің барлығын абыраймен атқарып, соғыста алған екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденіне, екі «Ерлігі үшін» және басқа жауынгерлік медальдарына қоса бірнеше еңбек маралаттарына ие болған жан. Бүкіл саналы ғұмыры өткен Шал ақын ауданында, Сергеевка қаласында оны билетін жандар ағамыздың ак көңіл, жайдары және өте кішіпейіл міnezін жақсы біледі. Ол өзі ұзақ жыл еңбек еткен ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, жол құрылсы саласында әрдайым көпшілік құрметіне бөленип, сыйлы өмір сүре білді.

Toқтар ЗІКІРИН

БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!

Ұлы Отан соғысы басталған уақытта небары 14 жаста едім. Сұрапыл соғыс жастық шағымның бақытты күндерін ұрласа да, ерте кезімнен бастап қара жұмысқа араласқаныма еш уақытта өкінген емесспін. Оның бәрі Отан үшін орындалды.

1942 жылдың наурыз айы болатын. Сұрапыл соғыс қаһарын төккен кезі. Кар әлі кетпеген, сұп-сұық. Ол уақытта ауылда қалға-



ны кішкентай балалар мен әйелдер, әжейлер, бірен-саран ауырып-сыркаған карттар. Әскери комиссариаттың өкілдері жастарды жұмысқа алыш кетуге біздін ауылға келгенде мен өзге балалар сияқты шарбактың үшінде ойнап жүргенмін. Петропавлға енбек етуге балаларды 13 жастан алыш жатты. Солардың бірі мен

болдым. Сол уақытта 7-сыныптың окушысы едім, шынымды айтсам, қайда бара жатқанымды да білген жоқпын. Ол кезде казіргідей қалаға бару деген жок. Тұрған жерім де оған жақын емес, казіргі Шал ақын ауданындағы Алқагаш ауылы. Көлік жок, ауыл мен қала бір-бірінен шалғайда жатқан жок па.

Мені Локомотив депосына өзім шамалас балалармен бірге алыш келді. Бірінші күннен жылу қазандығында от жағушы болдым. Кейін слесарьдың жұмысын атқардым. Кішкентай болғасын ба білмеймін, қайда журмін және не үшін осында келдім деген сан сұрақтар ойымды күні-түні мазалайтын. Бірақ соғыс оған жауапты өзі тауып берді. Анам менің өгей болды. Тумаған болса да, алғашқы күндері соның жылы алақаны мен ыстық тамағын сағындым. Соғыс тұсында қандай күтім дейсін. Депоньц өзінің жұмысшыларына арналған асханасы болды, онда күніне үш рет болар-болмас тамақ береді. Тәулік бойы жұмыс істейтін бізге ол аздық ететін. 200 грамм нан мен 200 грамм шұжық құрғак тамаққа риза болатынбыз.

Уақыт ете келе біздін ойымыз бен санамызды соғыс ерте жетілдірді. Темір жол саласында істеген адамның енбегінің жемісі қара күшпен келеді. Бір жылдың ішінде денеміздің өзі қатайып, ауыр жұмысқа икемденіп алдық. Киіміміз жұқа болса да, шымырланған деңеміз сұкты да сезбеді.

Соғыстың тұсында темір жолдың қажеттілігі керемет еді. Күндер өте келе паровозда, тепловозда жәндеу жұмыстарымен айналыса бастадым. Қындықтың не екенін білмедік. Аяқ астында соның бәрін үйрендік қой. Фашист басқыншыларын жеңу мақсатында бойымызды бір алыш күш биледі. Баршамыз жұмысқа жұдырықтай жұмыла білдік. Ұлы Отан соғысы бізді көп нәрсеге үйретті. Қын жұмыстың жок екенін сонда түсіндік. 1945 жылы Женіске жеткен-

де майдандағы жерлестерімізben бірдей қуандық. Сол кездегі бойды кернеген күш, Отанға деген сүйіспеншілік осы күнге дейін ойымыңда алауын өшірген жок. Өмірімді темір жол саласына арнауға септігін тигізді. 49 жыл бойы сол жерде еңбек еттім.


Ұлы Отан соғысы жылдар өткен сайын өзінің тарихи мәнін өсіре түсуде. Майдан бізге елді сүюге үйретті, патриоттық сезімнің не екенін ұғындырыды, ұлтқа, ғліге, дінге қарамай, баршамызды қындықты жеңуге шақырыды. Локомотив депосында менімен бірге тағы да 7 адам істеп еді. Олардың барлығы да дүниеден өткен. Тірі кездерінде бірге жиналыш алып, соғыстың ауыр қүндерін еске түсіруші едік. Әрқайсысы мен сияқты тыл еңбеккери ретінде қеуделеріне орден-медальдар тақты. Одан да басқа марапаттар жетерлік. Қазір тылдағы еңбегім жайлы өз немерелеріме әңгімелеп отырамын. Олардың бойында елге, жерге деген мағаббатты қалыптастыруды, патриоттық сезімді орнықтыруды осындай әңгімелердің тигізтер септігі мол деп ойлаймын.

Зейкен ЖАНДОСОВ, зейнеткер

АТАМ АСЫЛ ЖАН ЕДІ

Ұлы Отан соғысы кезінде елін-жерін сағынған жауынгерлердің көбі туған елге хатты өлең түрінде жазған екен. Сондай қарт майдангердің бірі – Есіл ауданы Бірлік ауылының тумасы, марқұм атамыз Қабдрашит Құлыбеков болатын. Ардагердің майданнан жазған хаттары туған елге, жерге, ата-анаға, туыс-бауырга деген сағыныш туралы сыр шертеді.

1939 жылы Қабдрашит Құлыбеков Қызыл әскер қатарына алышып, соғыс басталғанда артиллерия полкінде байланысшы болып қызмет атқарады. Сол кезде жауынгерлердің майданнан жазған сағыныш өлең-хаттары ел аузында жатқа айттылатын, біздің атамыз да хатты өлеңмен жазған еді:



Қабдрашит Құлыбеков
және Қайнижамал Сұрағанқызы

Мен жүрмін Свободный қаласында,
Еліме салған хатым, баrasың ба?
Сағынып мен елімді ансағанда,
Ата-анам, мені есіңе аласың ба?
Қайынды Есіл бойы тұрағым-ай,
Артымда жылап қалды туғаным-ай!

Ленинград каласын неміс құрсауынан босату кезінде сұрапы шайқаста Қабдрашит атамыз ауыр жараланып, таң атқанша ұрыс да ласында қалады. Кейін елге госпитальдан тағы да хат келеді:

Әкеліп госпитальға мені салды,
Осколканың жағымнаң оғын алды.
Білмеймін не болғанын екі жақтың,
Сөйлеуге қызыл тілім солғын қалды.
Қарасам көзімді ашып әне-мине,
Жандар жатыр жаралы өңкей, міне.

Соғыс кезінде ауылда кәрі-құрттан, бала-шага, әйелдер ғана қалды. Елдегі тіршіліктің бар ауыртпалығын солар көтерді. Атамыздың жары әжеміз Қайнижамал Сұрағанқызы да жастайынан жұртпен бірге еңбекке араласып, қын кездерде майданнан келген хаттарды оқып жігерленіп, женіс үшін өз күшин аямаған. Соғыстан атамыз 48 өлөн-хат жазған екен, бірақ әкінішке орай, олар сақталмаған. Қабдрашият ата Ленинградтан бастап, Берлинге дейін майдан жолдарымен жүріг. Әтті. Атамыз «Берлинді алғаны үшін», «Г.Жуков атындағы», «Варшаваны алғаны үшін», екі мәрте «Ерлігі үшін» медальдарымен, «Қызыл жүлдүз», «Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордендерімен мара-патталған, Сталиннің алғыс хатымен атап өтілген. Соғыс аяқталған соң Қабдрашит ата бір жыл Берлинде күзет ротасының құрамында аға сержант шенінде қызмет еткен. Ардагер атамыз туған жерге 1946-шы жылдың шілде айында ғана оралады. Атамыз елге оралған соң ауыл шаруашылығы саласында біраз жыл еңбек етті. Атамыз бен Қайнижамал әжемізден екі ұл, бір қызы, тоғыз немере-жиен, 12 шөбере тараған.

Колы бос кезінде атамыз қолына кітап, журнал алып, газет оқығанды ұнататын, сондықтан да болар, біз, немерелері де, мектепте жақсы оқып, көп уақыттымызды кітаптар окуға жұмсайтынбыз. Ол кезде ауылдағы әрбір үй басы құсты көп ұстайтын. Біздің де үйде қаз көп болатын. Соларды көршилес үйдің балаларымен бірге көлдің басына бағуға баратынбыз, жарты сағат өтер-өтпесте атамыз әжемізді тاماқ толы сөмкесімен «Бар, балалардың қарны ашты» деп

бізге жіберетін. Ал біз болсак тамағымыз тоқ, таза ауада, көлдің ба-сында «күс бағып» деген аты ғой әйтеуір, кітап оқып отыратынбыз. Ата-әжеміз соған мәз болып қуанатын. олар үшін біз сол құстарды бағып, үлкен қолғабыс еткендей болатынбыз.

Атамыз соғыс туралы айтқанды ұнатпайтын, сұрай қалсак, «Сендер соғысты білмей-ак қойындар, сендер бақытты болыңдар, балаларым» дейтін, сол кезде жаралы жаны қан майданды, соғыс жолында бірге қан кешкен майдандастарын есіне алып, ойланып қалатын. Атамыз біздің мектептегі жиналыстарға өзі барғанды ұнататын, «Менін бала-ларым алғыр, мен олар үшін мактанып, басымды жоғары ұстап отыр-дым, немерелерімнің бәрі жақсы оқиды, үлгілі, тәртішті» деп әжемізге қуанышын айтатын, баға табелине тоқсан сайын өзі қол қоятын, келесі жиналысқа да өзім барамын деп, жиналысты асыға күтетін, әке-ше-шемізді жібермейтін. Ал әжеміз болса, «Сендердің табандарына кір-ген шөгір мениң маңдайыма қадалсын» деп бізге үй шаруасын істеткісі келмейтін, өзі денесі жеңіл адам болғасын ба, бар шаруаны жылдам істеп тастайтын, сонда бірде-бір шаршадым, қажыдым деген сөздерін естиген, ауырып жатқан кездерін көрген емеспіз, біздің алдымызға жыны-жұмсағын, тәтті-дәмдісін тосып, асты-үстімізге түсіп бәйек болатын. Балаларына, әсіресе, бізге, немерелеріне деген зор сүиіспен-шілігі мен махаббатын атамыз бер әжеміз өмірлерінің сонына дейін көрсетіп өтті. Осындай асыл жанды ата-әжениң қамқорлығы арқасын-да біздің балалық шағымыз бақытты болды, ұлағатты тәрбиелерін бойымызға сініріп жетілдік. Атамыз 1996 жылы қайтыс болды, ал өлеңдері ел аузында сақталып, күні бүгінге дейін жүрт айтып жүреді.

Басыма істік төбе бөрік кидім,
Жолына Үкіметтің жанды қидым.
Егер де қарсы келген фашист болса,
Атуға мылтығымды құрып қойдым.

Ел ішінде үлкенге де, кишиге де сыйлы, құрметті болған ақсақал атамыз бізге, сонында қалған ұрпактары үшін Отанына, туған еліне адал қызмет еткен адам ұлгісі ретінде мәңгі есімізде сакталып қалады. Ата-әжеміз туған жеріміз, еліміз Бірлік ауылында жерленген. Атамыз бер әжеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Оларға деген сағынышымыз бер махаббатымыз шексіз. Бақытты балалықтың жарқын кездері әр уақытта жадымызда қалады. Ата-әжеміздің ыстық құшақтары мен аялы алақандарының жылуы мандайымыздан сипап тұрғандай әсерді әлі күнге дейін сезінудеміз.

Бикеш ҚҰЛЫБЕКОВА, Есіл ауданы

ЕСІМІ ЕСІМІЗДЕ

Біздің Бұлак, Ақтас, Қарағай ауылдарынан жүзге жуық азамат соғыстан оралмады. Оларды мәңгі есте қалдыру үшін сол үш ауылда құлпытастар орнатылды. Жыл сайын 9 мамыр – Женіс күні ауылдың еңбектеген жасынан еңкейген көрісіне дейін сол ескерткіштердің маңына жиналышп, бастарын ипп, көздеріне жас алышп, гүл шоктарын қойып, дұғаларын оқуды бойға сіңген әдетке айналдырыды.

Бір гана Бұлақ ауылында соғыстан оралмаған 18 майдангердің есімдері жазылған құлпытас бар. Ал майданнан аман-есен оралғандарын оқып жүрген кезімізде мереке сайын мектепке арнайы шақырып, қызықты концерттер қойып, тамаша кештер ұйымдастыруышы едік. Оларға аз да болса сыйлықтар тапсырып, коңілдерін бір қошеметке бөлеп тастайтынбыз. Олар бізге ризашылықтарымен соғыс өртінде ауыр да қын майдан жолдарынан аман-есен өткендегі туралы көздеріне жас ала отырып айтып беретін.

Сондай майдангер ұстазымыздың бірі Қараша Оспанов атамыз еді. Ол кісі өмірден өтті. Бірақ оның өнегелі өмір іздері, өшпес ерлік істері біздің мәңгілік есімізде сақтаулы. Сол Қараша атамыздың 1942-1946 жылдары бастан кешкен ауыр соқпақтарын баяндап берсем.

Соғыс өрті лапылдаған, ел басына күн туған отты жылдарда Оспан карияның шанырағынан аттанған төрт бірдей ер азамат майдан шебінде ел намысын қорғауға қатыссынты. Қараша атамыз 1942 жылы 20 жастан асқан шағында майданға аттанған екен. Жауынгерлер мінген әскери эшелон үшінші Украина майданының шебінен бір-ақ шығып, Қарекенің әскери жорық жолы бірінші гвардиялық механикаландырылған корпуста басталыпты. Осында үш айлық арнайы курста дайындықтан өткен жас жігіт өзінің алғырлық қабілетімен бірден көзге түседі. Сол себепті де ол іріктеуде таңдаулылардың қатарына ілігіп, барлаушылар бөлімшесінің құрамына енеді.

Сол жылдың қараша айында соғысқа кіріп, жаумен бетпе-бет кездесіп, қалтқысыз қимыл көрсеткен Қарекен ажалына қарсы ұмтылған дүшпандарға айызы қанғанша оқ боратады. Киян-кескі ұрыстың қызында жүрші, абайсызда снаряд жарықшағынан жарақат алған ол майдан шебінен шығуға мәжбүр болады. Сол жолы бір жарым айдан астам әскери госпитальда жатып, емделіп шықкан жауынгер қайта майданға кіреді. Қасарыса шегінін бара жатқан жау қүштеріне қарсы талай рет шабуылға шығып, тамаша ерліктің үлгісін көрсетеді. Қараша атамыз солардың бірін былай еске алушы еді...

– Бұл 1943 жылдың қыркүйек айы болатын. Украинаның Кременчук, Краматорск қалаларын жаудан босату жолында ілгері жылжып бара жаттық. Әскери бөлімшеміз шабуылды сәтті аяқтау үшін жау шебіне барлау жүргізіп, «тіл» алып келуге бұйрық алдық. Біз командиріміз генерал-лейтенант Руссияновтың барлаушылардың алдына қойған осы міндеттін атқарып шығуға сақадай сайланып, он сегіз жігіт жолға шықтық. Алғашында гвардия капитаны Меркулов пен гвардия лейтенанты Панюковтың басшылығымен ерекше қимылдаған біздер қаранды түнді жамылып, жолдағы жау миналарын за-лалсыздандырып алдық та жау тылына еттік...

Қарекенің айтуынша, бұлардың командирі Меркулов неміс тілін жақсы білелі екен. Соны пайдалана отыра, жау шебінде кездескен сымдарына қалта телефонын жалғап, олардың сейлесіп жатқанда-рын тындал алып, рация арқылы штабқа хабарласып отырады. Осылай төрт тәулік жау тылында журіп, құнды-құнды деректер жинаған барлаушылар тобы жаудың мықтап жасаған бекіністерінің түбінен бір-ақ шығады.

Ендігі жерде өздерінің қандай қимыл жасайтындарын келісін алған олар арт жақтан бораған снарядтың қарбалас сәтін пайдаланып, жау блиндаждарына қарай тоқтаусыз еңбектеп жақындаі береді. Артиллериялық дайындық сәл тыйылсызымен, уралап лап қойған он сегіз жігіт жаудың атыс ұяларына гранаталар жаудырып, тас-талқанын шығарады. Жауды көп шығынға ұшыратқан бұл жөлғы шабуыл барлаушыларға оңайға түсken жоқ. Осы шайқаста он бірдей жауынгерден айырылған олар фашистердің бір офицерін тұтқынға алып, кейін қарай шегінін кетеді.

Қарекен осы барлауда көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады. Соны бізге көрсеткенде ауыр күрсініп, өткенді еске алған ойлы жүзі әлі көз алдында. Сол айқаста өзінің аяулы көкшетаулық жерлесі қыршын жас Есләм Жұнысовтан айырылып, аға сержант Греков екеуі жаракаттан қансырап журіп зорға жеткенін де айтушы еді.

Госпитальда ұзақ емделіп, жазылып шыққан жас жігіттің ендігі жауынгерлік жолы үшінши Белоруссия майданындағы он жетінши гвардиялық дивизияның 45-ші атқыштар полкінің құрамында одан әрі жалғасады. Осы бөлімде журіп, Смоленск, Витебск қалаларын жаудан азат ету ұрыстарына қатысып, талай ерліктін үлгісін көрсетеді. Осы екі қаланың аралығындағы Лузенко станциясы үшін болған ұрыста Қарекен өз бөлімшесімен жіті қимылдаап, жаудың 11 солдатын жойып жібергені үшін «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

Шығыс Пруссияның бірнеше калаларына азаттық әкеліп, ілгері үмтүлған әскери бөлімдердің сапында даңқты жолдан өткен Қарекен Ұлы Жеңіс күнін Курляндия түбіндегі Пиллау қаласында тойлады. Бірак жауынгерлік жорық жолы мұнымен бітпей, шығыста жапон милитаристерін тізе бүктіруге де үлес қосқан ол Уссури өзенінен өтіп, Маньчжурия қыраттарындағы жойқын соғыстың да куәгері болады. Осында жүріп үшінші рет ауыр жарақат алған жауынгер жігіт госпитальда ұзақ жатып, емделіп шыққан соң ғана абыраймен туған еліне оралады...

1946 жылдан бастап еңбекке бел шеше кіріскең Қараша Оспанов Петропавлдағы педучилищені тәмамдалған, туған ауылымында қырық жылдан астам ұстаздық етті. Талай жеткіншекті білім нәрімен суындағы, өмірге қанат қақтырды. Соңғы шәкірттерінің бірі ретінде Жеңіс мерекесінде Қараша Оспанов, одан басқа соғысқа катысқан Қанапия Қожахметов, Мағұз Зікірин, Сман Елеусізов, Фазез Құсайынов (шекарашы) сынды майдангер ұстаздарымыздың рухтарына ілтипатпен басымызды иін, есімдерні еске аламыз.

*Макпап СӘРКЕНҚЫЗЫ,
СҚМУ-дің оқытушысы*



ОТҚА ОРАНҒАН ЖАСТЫҚ ШАҚ

Төрт жылға созылған кешегі Ұлы Отан соғысы тарихымызда өшпес із қалдырыды. Адам баласы өмірге келгелі мұндай қанды қырғынның куәгері болған жок шығар. Жесірлер мен жетімдер, жау оғынан ки-раған қалалар, енсесі түскен ауылдар – бәрін көріп, бәріне де көндігүге тұра келді ғой. Ер азаматтар, өрімдей үл-кыздар майдан шебіне аттанды. Күн демей, түн демей республиканың түкпір-түкпірінен елді неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге майдан даласына жауынгерлер аттанып жатты. Елде қалған кәрі-құртаң, үлкендер мен әйелдер бар жұмысты өздері енсерди.

Бұл сұрапылды бастан кешкен біздің қатарымыз бүгінде тіпті сиреп қалды. Уақыт шіркін өз дегенине көндірмей қойсын ба, Ұлы Жеңістен кейін туғандардың өзі ата жасына келіп қалды. Ел басына күн туған сұрапылды жылдарда жасында жарқылдаған майдангерлердің ен жасының өзі сексенниң сенгірінен асып барады. Өзім қонысы тепкен Тимирязев ауданында осыдан бес-алты жыл бұрын ғана қыруар соғыс ардагері тұрушу едік, бүгінде қалғанымыз саусақпен санарлықтай ғана.

От-жалынға оранған жастығымды ойласам, мениң көрі жүрегіме айықпас ауыр мұн қонып, жанарыма жас келеді. Қарғыс атқыр сүм соғыс килікпегенде біздің де тағдырымыз басқаша болып, еліміз бүгінгісінен де қарыштап алға озып кетпес пе еді деймін. Қайтейін, қанаты күйген арман қайта оралып, басқа қона бермейді ғой, өмірдің біздің пешенемізге жазғаны сол шығар. Бірақ, біз ол сыннан қайыспай өттік деуге толық құқым бар.

Алда үкілі үміт, асқақ армандар мол еді. Әлі есімде, 1941 жылдың жаз айы болатын. Қаламызыдағы қазақ педагогикалық училищесінде оқып жүрген кезім. Жолдастарыммен бірге ауылға демалысқа келдік. Сол күні ауыл басқармасы түгел тұрғындарды жинап алып, соғыс басталды деген сұық хабарды естіртті. Шынымды айтайын, соғыс деген сөзді естігенде жүрек түбіне үрей сезімі ұялады. Еліміздің, жеріміздің ертенгі күні үшін қорқыныш туды.

Жаманат хабар жеткен алғашқы күннен-ақ ер азаматтар әскерге алына бастады. Біреудің жалғызы, біреудің ардағы дегендей, қанды қасапқа кімнің қияры бар дейсің, әр аттаныс көкіректе лықсыған зар, көзге тұнған жас болды ғой. Алайда сол қыншылықтың өзі адамдарды біріктіріп, ауырлықты бірлесіп көтеруге жұмылдырады екен. Азаматтар «Бәрі де жеңіс үшін» деп ертеден кешке дейін еңбек етіп, аңы тер төкті.

1942 жылы сәуір айында әскер қатарына алындым. Сол жолғы шақырылымда туып-өсken жерім- қазіргі Шал ақын ауданының Балуан ауылы мен Есіл бойындағы Жаңа-талап, Кеңес ауылдарынан майданға отыз адам аттанған едік. Сол алапаттан аман қалып, елге оралғанымыз бес-ақ жауынгер. Талай қырнын жасты жер жастандырған зұлмат менин отбасымды да орап өтпепті. Елге оралған соң естігенім: 1943 жылы Калининград тубіндегі соғыста Қажымұрат ағам мерт болып, одан сәл кейін Қажығали атты тетелес ағамды да жұтып алды.

Харьков қаласы үшін өте ауыр шақастар өткені тарихтан белгілі. Тоқсан жолдың торабындағы әскери маңызы зор қаланы немістер колдан шығармауга жанталасып бакты. Колдан-колға өткен ірі өнеркәсіп орталығын біздің кеңес әскерлері үшінші жойқын шабуылында түпкілікті азат етті. Сол қанды қырғында болған мениң әскери бөлімім көп шығынға ұшырады. Окопка тұра түскен снарядтан ылуде біреу ғана аман қалады. Сірә, көретін жарығымның бары да, тас-талканы шықкан окоптың іргесіндегі жертөле бөренелері сактаса керек, ауыр жаракат алып, госпитальга тұстім. Одан әрі соғысқа жарамсыз болғандықтан, елге қайтарды. Сөйтін, дәм жазып, Женісігі елде қарсы алдым. Бибіжамал анам ауылда колхоздың биесін байлады екен, дертке дауа қымыз бер туған жердің шипалы ауасынан шығар, тез айырып, колхоз шаруасына араласып кете бардым.

Соғыстың сұрапыл құндерінде бейбіт тұрмысты армандаушы едік. Шіркін-ай, елімізді жаудан босатып, қираган қалаларды қайта тұрғызып, бақытты өмір сүрсем екен деген бір ғана тілек болды. Сол арманыма жеткеніме шүкірлік етемін. Одан беірі бейбіт уақытта қаншама қызық қөрдік. Түсіне үлген адамға ол да бір үлкен бақыт. Ұлы Женістің 60 жылдығын тойлағанда, соған үлес қосқан біз де үлкен ел марапатына бөлендік. Ел журегі – Астанаға саяхатка апарып, көңілімізді көтерген аудан және облыс басшыларына мың да бір раҳметімізді айттық. Ардагерлерге мұндай құрмет әр женіс мереңесінде көрсетіліп келеді. Бүгінде өсіп, өркендеп, әлемдегі алдыңғы елдердің қатарына косылуға ұмтылып отырған Қазақстанымыздың шығар шыны бінк, жетер жетістігі мол болсын деген ақ тілегімізді жеткіземіз.

*Мырзаш АЛФАЗИН,
согыс және еңбек ардагері*



ЕСТЕЛІГІ ЕРЛІКТІН

Жамбыл ауданындағы Майбалық ауылында да өзге ауылдардағы сияқты Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер көп болатын. Ер жігіттің үш жұрты бар дегендей, Майбалық қайын жұрттым болғандыктан, барып жүргенде самайларын ақ қырау шалған, кеуделері орден-медальдарға толған сол ардақты ардагерлерге сәлем беріп, амандығын біліп тұрушы едім. Бүгінде адамзат баласына қызығы мен қуанышы мол нұрлы өмір сыйлаған Ұлы Женіске қанымен де, жанымен де өздерінің үлесіп қосқан ауылдың сол ардақты ардагерлері арамызда жок, өмірден өтті.

Ауыл ортасында осы жерден майданга аттанып, қанды шайқаста елге оралмай қыршын кеткен боздақтардың есімдерін мәңгі есте қалдыру үшін орнатылған ескерткіш тақта бар. Ұлы Женіс мейрамы күні ауылдың кәрі-жасы сол ескерткіштің жанына жиналып, боздақтардың есімдерін еске алады, ардагерлер күрметіне бас иш, тағым етеді. Сол асыл ардагерлердің көзіндегі, соғыстың естелігіндей болып, тірі жүрген жалғыз ардагер – мениң қайын атам Мақан Зікіринге ерекше күрмет көрсетеді. Қаладағы, жан-жақтағы бала-шағалары осы мереке күні шаңырақ басына жиналса, ол кісінің өзі де бір жасап қалғандай шаттыққа бөленеді. Бұл Женіс айын отбасы болып асыға күтудін тағы бір себебі – 1 мамыр Мақан атамыздың туган күні. Оны атап өту бізге үлкен мерей. Сондықтан Женіс мерекесі күні ауыл болып, туыс-бауыр болып, ол кісіге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Мақан Зікірии 1925 жылдың 1 мамырында бұрынғы Тәңкеріс ауданының осы Майбалық ауылында дүниеге келген. Зікірия атамыздың отбасында дүниеге келген үш ұл, бір қыздың ұлкені осы кісі. Өкесі Зікірия мен шешесі Рәзия уақыттың қынышылығына қарамастан, балаларына оқудан қол үздірмейді. Соның арқасында Мақан Майбалық мектебіпен жеті сыныптық білім алып шығады. Ол кезде мұндай билімі бар адам сауатты саналған екен.

Мектеп табалдырығынан шығып, буыны бекіп үлгерметен Мақан еңбекке де жастайынан араласады. Ауылда жұмыс істеп жүргенде 1942 жылдың қысында Борки селосындағы механизаторлар даярлайтын училищеге оқуға жіберілді.

Сол жылдың жазында әскери даярлықтан өту үшін Пресновка селосының маңындағы Лопушки деген жерде атты әскерлер жаттығуына қатысады. Әскери комиссар Андрей Сапрыйкин жас жігіттерді төрт ай бойы соғыс өнерінің қыр-сырына үйретеді.

1943 жылы енді ғана он сегізге толған Мақан соғысқа аттанаады. Алғашында Петропавл қаласында Борки селосына орналасқан

атқыштар полкінің құрамында алты айлық автоматшылар дайындығынан өтеді. Мұнда мергендігімен де, іскерлігімен де көзге түсіп, кіші сержант атағын алады. Осындай дайындықтан кеін ол майданың бел ортасында автоматшы болып, жауга карсы киян-кеске шайкастарға қатысады. Смоленск, Орша бағыттарында жау шебін 11-лердің жылжытпай ұстап тұрған Белоруссия майданының 175-ші дивизиясының 113-16 атқыштар полкінің құрамында болып, талай ірі шайқаста ерліктің тамаша үлгісін көрсетеді. Одан кеін 1944 жылы Польша жерін неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге қатысады. Осындағы майдан шебінде көрсеткен ерлік істері жоғары бағанып, оған лейтенант атағы беріледі. Кешікпей взвод командирі болып тағайындалады.

Польшаның біраз қалалары мен елді мекендерін жау тырнағынан азат ете жүрін, Германияның шекарасынан да өтеді. Қанша қарсыласса да, жау соғыс отын тұтатқан өз ұясына тоқтаусыз шегіне береді. Осындай катты ұрыстың бірінде Мақан Зікірин алдымен аяғынан жарапанса, кеін мәндайына жақын жарылған снаряд жарықшағы тиіп, ауыр жарақаттан үш ай бойы госпитальда жатып емделеді. Сауығып шыққан соң лейтенант Мақан Зікірин жұмысшылар батальонына взвод командирі болып тағайындалып, істен шыққан нысандарды қалпына келтіру, тазарту жұмыстарына араласады. Сонымен бірге жан сауғалап, таса жерлерде жасырынып жүрген тұтқындарды, бөлінін қалған шағын жау топтарын қолға түсіруге қатысады. Олар да оңайлықпен беріле қоймай, талай рет ұрыс жүргізуге тұра келеді.

Бұдан кеін ол Германияның Загн қаласында, кейін Горловка шахтасында талай жауапты тапсырмаларды орындаиды. Шахтаны қалпына келтіріп, одан алынған кен қазбаларын оқ-дәрі шығаратын заводқа жіберу жұмысы да взвод командирі Мақан Зікірин мен оның қарамағындағы жауынгерлерге тапсырылады. Бұл әскери құпия тапсырма болатын. Женістен кейінгі 1945 жылы да олар Амурдағы Комсомольск қаласындағы осындай құпия да жауапты қызмет атқарады. 1943 жылы майданға аттанған ол 1947 жылы елге аман-есен оралады.

Жастайынан еңбекке араласқан Мақан әкеміз елге оралысымен, бірден жұмысқа кіріседі. Соғыс алдында үйренген темір тұлпарының тізгінін қайта қолына алады. Ол кезде кадр жетіспейтін. Сондықтан көп кешікпей трактор-егіс бригадасын басқарады. Тұған жер төсін тулете жүрші, сол кезде дубірлі еңбек майданына айналған тың және тыңайған жерлерді игеруге араласады. Өзі туын-әскен ауылының гулденіп, көркеюне тынымсыз еңбегімен сүбелі улесін қосқан. Соғыс жылдарында көрсеткен ерлігі үшін алған екінші дәрежелі

«Отан соғысы» ордені мен жауынгерлік медальдарына бейбіт еңбек-тегі наградалары косылады.

Қырық жылдан артық механизатор болып еңбек еткен Мақан Зікірин абыраймен зейнеткерлікке шықты. Қашан да болмасын соғыс және еңбек ардагері ауылдың құрметтіне бөленді. Зайыбы Күлттай екеуі он екі бала өсіріш, ұл-қыздарын құтты орындарына қондырып, немерелері мен жиендерін сүйді. Ұш баласы ұстаз, ұлы Бауыржан қалада милиция саласында қызмет істейді. Қалған балалары да өз алдына шаңырақ құрып, қызмет атқаруда. Өмірдің талай асула-рынан өтіп, тағдырдың талай тауқыметін көрген ардақты ардагердің әрбір ісі, әрбір аталы сөзі біздерге әрқашан өнеге.

Орынбай НҰРМҰҚАНОВ

ҚАДІРЛІ ҚАРИЯ

Бойына аруақ қонған емші адамдардың әулиелік касиеттерін ұзак уақыт түмшалап келгеніміз рас. Бүгінгінің тілімен айтқанда, көріп-кел экстрасенстердің өзі сол әулие емес деп кім айта алады?

Адамның ылуде біреуіне ғана қонатын үл қасиет көптеген ғасырлар бойы халқымыздың тұрмыс-тіршілігімен бірге жасап, тек кеңес дәүірінде ғана ұмыт бола бастады. Соның өзінде де әулие-әмбиeler жатқан қорымның басына түнеп, жанына шипалы дәру іздегендер аз болған жоқ. Бала кезімде ауылдың бір топ адамымен казір Қостанай облысына қарайтын Әулие сордың басына барғаным мениң де есімде. Сондағы тұзды көлдің ортасындағы аралда бір атақты әулие адамның денесі қойылған екен. Тұзды сорлардың көбіне тән емдік қасиеті ме, болмаса шынында да әлті әулиенің аруағы жебей ме екен, әйтеуір сонда болғандардың ішінде созылмалы сырқатынан айығып кететіндер болатын. Осы әулие-әмбиelerге қатысты мұндай мысалдар өте көп. Біз бүгінде оны қашшалықты жоққа шығарғымыз келгенімен де оның түп-теркінінде үлкен тылсым-сыр бары анық.

Өңіріміздегі осындағы аруақ қонған шын киелі адамның бірі – қазіргі Тимирязев ауданына қарасты Жарқын ауылының төңірегін мекендейген Баһрам молда болатын. Ол тұрасында Сабит Мұқанов өзінің «Өмір мектебінде» «біздің аумақта Баһрамнан үлкен молда жоқ» деп жазуы тегіп емес. Әрине, қызыл Кенес жазушысы атанған Сабецнің сол кездे молданы ауызға алуының өзі де ерлік, ал әулиелігін дәрітегендей сөз жазар болса, өзіне-өзі ор қазғандай болар еді ғой. Жазушы үл жерде қолдағы аз мүмкіндігін ғана пайдаланып, әулиенің ел ішінде үлкен құрметке ие екенін сездіріп отыр.

Әулиенің асыл тұяғы, бүгінде Шал ақын ауданындағы Приишим-ка селосында тұратын Сағындық Баһрамұлының айтуынша, экесінің ғұлама молдалығы мен емшилік аруақты қасиеті тең болған көрінеді. Бала кезінде нелер байлап-матап жеткізілген жүйкесі қатты ауырған адамдардың экесінің алдында қойдай жуас кейінке еніп, айтқанына қөнгенін өз көзімен көрген. Әйтеуір әулие экесін алдын көрген адамдардың ішінде оған кейістік билдіргені болмаған. Сағындық ақсақал өзінің сонау отты соғыс қырғынынан аман оралғанын да әке аруағының жебегені деп біледі. Соғыстың бел ортасында 18 жасында Белорусь майданына кірген ол Польшаны азат етуге қатысып, жеңісті жолын Германияда аяқтады. Атақты Рокосовский қолбасшылық еткен екінші Белорусь майданында нелер сұраптыл шайқастар болды. Соның бәрінде қария бораған оқтан қағыс болып, Германияда оккупациялық кеңес әскерінің құрамында 1950 жылға дейін әскери міндетші атқарды.

Сағындық ақсақал соғыста тағдыр жазып майдан ауыртпалығын Есім Шайкинмен бірге көтергенін өмірдің үлкен сыйы деп біледі. Шын адал достықтың қадірін сонда ұқтым, дейді ол. Жерлестер жау інебін шабуылдағанда шынтақтаса қымылдан, бірінің арқасын бірі жауып отырған. Сол сияқты, көкшетаулық Қозыбек Байзаковты да ұмытпақ емес. Екеуі Кенигсберг түбінде барлауға шығып, немістердің мықты бекінісінен «тіл» әкелді. Әсіресе, матаулы немісті сүйрелеп, өз шептеріне оралу өте қыынға түсті. Аспанға атқан от ішашпаның сәулесінен бұларды байқап қалған жау орыстар «вонюшка» деп атап кеткен таңқылдақ минометтерінен мина жаудырды. Ол қияметті тілмен айтып жеткізуге болмайды. Тағы да сол әке аруағы жебеп, бірде-бір жарықшақ сызат салған жоқ. Сол ерлігі үшін жауынгерлік «Ерлігі үшін» медалімен марарапатталды.

Жалпы Сәкен өмірде жақсыларды көп жолықтырып, олармен жолдас болғанын да тәнірдің сыйы деп бағалайды. Әскерден елге оралған соң еңбек жолын осы Приишим кеңшарында бастады. Онда алдымен кейінде Социалистік Еңбек Ері атанған Андрей Васильевия Донченконың жүргізуші болды. Сол сияқты, майдандас досы Есім Шайкинді Киров ауылында басқарма болып тұрған кезінде сүйреді, сосын Қожа Сибановпен де бірге жұмыс істеді. Қайда жүрсө де абырайтсыз болған жоқ. Іскерлігін таныған кеңшар басшылары кейін оны қойма меңгерушілігіне тағайыннады. Осылайша жақсылармен қаншама жанасып жүргенімен, партия қатарына енуге ұмтылып көрген емес. Басында біреулер «молданың баласы» деп айта ма деген күдігі болса, келе-келе дінсіздік жолына түсуге ары жіберген жоқ. Әйтпесе, қалтаға қызыл билет салып, ортаса шенді қызметкө ұмтылуға оның да мүмкіндігі болған.

Өз бакытын отбасынан тапқан Сағындық аксақал 1951 жылы Күлжемила Зарапқызына үйленіп, одан төрт ұл, үш қыз көрді. Баладан кайтыс болған қыздай қосылған қосағынан айрылғаннан кейін Әлия Бекмағанбековамен 23 жыл тұрмыс құрып, ол да өткен жылы дүниеден өтті. Сөйтіп, бүгінде кіші ұлы Қанаттың қолында тұрып жатқан қария ғұлама молда әкениң қанынан сіңген қасиетпен соңғы 20 жылдан бері өзі қоныс еткен жерде молдалық етеді. Бірақ өз бойында әкеден жүққан әулиелік бар деуге дәті бармайды, шын әулиелік көптің беріне қона бермейді деп ойлайды. Әкесінің басына түнеп, аруағын тербеткен бір жан болса, ол Амангелді ауылдының тумасы Мансұрұлы Марат деп біледі. Бүгінде Марат Жекекөл ауылдының молдасы, аздал емшілік те қылады. Ал, өз үрім-бұтағында әке қасиеті конған, бүгінде баба рухымен кісі емдеп жүрген інісінің қызы Үкіжан болса керек.

Тоқтар 31КІРИН

ҚАЙСАР МІНЕЗДІ ҚАҢАРМАН ЕДІ

Ол өзі туралы қысқаша өмірбаянында: «Мен, Айтқожа Әкеев, 1917 жылы 25 қарашада Преснов ауданындағы Тащығұл аулында, кедей шаруаның отбасында тұдым. Майбалық орта мектебінде 8 сыныптық білім алдым. 1939 жылы 21 қарашада Қызыл Армия қатарына шақырылдым», деп жазылты.

Иә, біздің жерлесіміз бүгінде тарап кеткен және екінің бірі біле бермейтін шағын ауылда туған. Оның қазіргі жағрапиялық картада ізі де жоқ. Шамамен Благовещенка селосынан да, Майбалық ауылдынан да 15 шақырымдай жерде болса керек. Айекенің балалық кезден есте қалғаны – ауылға жақын қалың қайынды орман өспеген, есесіне жағалай қоршаған аңы қөлдер көп еді, ал одан әрі қыратты кең жазық болатын.

Кеңес билігі орнағаннан кейін мұнда тұрмыс та өзгеріп сала берді, алғашқы ұжымшарлар құрылды. Алайда, 30-шы жылдардың басындағы ашаршылық кімге де болса онай тиген жоқ. Табын-табын мал қаудай қырылып, адамдар аштықтың зардабын шекті. Мал мен жанды аман сақтау үшін жергілікті билік ұжымшар малын үйді-үйге таратып берді. Сол кезде небары 14 жаста болса да, ұжымшарда есепші болып саналатын Айтқожаның асырауына 7 сиыр тиді. Қыыннан қисынын таба білген жасөспірім өзіне жүктелген жауапкершілікті

сезінгендіктен, көлдің камысын орып, оны сиырларға турап беріп, аман алып қалады. Онысы көршілес тұратын орыс отбасыларының құнкөрісіне де жарады. Баланың малды қыстан аман алып шыққанына риза болған ұжымшар басшылары бір сиырды Әкеевтердің меншігіне қалдырады.

Бұл сонау киын құндердің бір көрінісі ғана. Сөйтіп, жоқшылық пен қыншылықта өскен балаң жігітің бұғанасы бекіп, ол міндетті әскер қатарына шақырылады. Ұзақ жылға созылған әскери қызметін 1939 жылы қарашада Қызы Шығыстың Амурдағы Комсомольск қаласында бастады. Ол Қытай әскери темір жолы бойында және Халкин – Голда Жапон самұрайларымен болған қысқа соғыстың енді ғана аяқталып, әуеде әлі оқ иісі тарамаған кез еді. Бірақ, жығылған Жапония қарап жатпай, шекаралық аймақта қызу әскери әзірлік жұмыстарын жүргізін, жарты Еуропаны басып алыш, енді Ресейге қауіп төндіріп отырған гитлерлік Германияның көмегімен Қызы Шығыс пен Сібірді жаулап алуға үмітті болатын. Сондықтан, Амур аңғарында соғыс қаупі әлі де басыла қоймаған.

– Бізді әскери-құрылыс корпусының 3-ші полкі қабылдады. Негізінен жедел қолға алынған әскери құрылыстармен айналыстық. Тәртіп өте қатаң болатын, оны түсінеміз, Амурдың арғы бетіндегі жапондықтар да қарап жатқан жоқ еді. Кейде түнгі қараңғылықты пайдаланып, жасырын қорғаныс нұктелерін салуымызға тұра келді, - деп еске алушы еді Айекең марқұм.

Ұлы Отан соғысы басталысымен талап, тіпті, күшейе түсті. Манчжуриядық Квантун армиясына қарсы тұрған Қызы Шығыстың 30-40 дивизиясын қосымша кадрлармен қамтамасыз ету қажеттілігі туды. Бұрын құрылыс бөлімінде бөлімше командирі болған оны Владивостоктағы кіші командирлер даярлайтын әскери училищеge алты айлық курсқа жіберді. Әскерге алынардың алдында педучилищениң дene шынықтыру бөлімінің бірінші курсын бітірген оған курста оку қыынға соққан жоқ. Кейбір жауынгерлер сияқты тілден де қысылып, қымтырылған емес.

Сөйтіп, 1942 жылы маусымда курсты ойдағыдай аяқтаған Айекең кіші лейтенант атағын алыш, взвод командирлігіне тағайындалады. Сол жылдың қазан айында оның әскери бөлімін шекараға жақын Мекенша төбесіндегі №109 бекініс ауданын күзетуге жіберді. Взводқа бекітілген ұзақ мерзімдік оқ ату нұктесінде 16 жауынгер қызмет атқарды.

Айтқожа Әкеев осы бекініс шебінде екі жылдан артық күзette тұрды. Ит пен мысықтай жаумен андықсан бұл құндердің жүйкені тоздырғаны рас. 1945 жылғы наурызда взвод бекініс ауданын та-

стап шығып, маршал К.А.Мерецков қолбасшылық еткен 1-ші Қыры Шығыс майданы әскерінің құрамына енді. Көптің көnlін алаң еткен түйін шешіліп, 9 тамызда Жапонияға қарсы соғыс жарияланды. Шабуылдаушы әскердің сапында болған Айекен өз взводымен талай бекіністерді бұзып, 24 күннің ішінде Манчжурияға бойлай енді. Кореяны да азат етуге катысып, мақтаулы Квантун армиясының қүйрей жеңелгендін өз көзімен көрді.

Соғыстан кейін Камчаткада взвод командирі, кейін әуе корғанысына қарсы рота командирі қызметін атқарған Айтқожа Экеев капитан шешіндегі запасқа шығып, әйелі және үш баласымен туған жерге оралды.

Соғыс жарасы әлі жазыла қоймаған елдегі ауыр жылдар кезеңі ғой, оған аудандық партия комитетінде бірден ұжымшар басқармасы қызметін ұсынды, бірақ, ол оған келіскең жок. Сірә, әскери офицер өзіне етене жақын жұмыс болғанын қалаған шығар, облыстық ДОСААФ комитеті жаңындағы азаматтық қорғаныс мектебін басқаруды ұсынғанда бас тарта алмады. Шынын айту керек, ол өзінің осы жаңа міндетіне қызметтік борыш түрінде ғана қарамай, жан-тәнімен беріле жұмыс істеді. Соған орай оған «КСРО ДОСААФ-ның құрметті қызметкері» атағы берілді. Қалалық демалыс саябағында алғаш тирдің ашылуына ұйытқы болған адам Айтқожа Экеев екенін де айта кеткен жөн.

Осылай көз жұмғанынша үйренген әскери тәртіпті қатаң сактап, Отан қорғаушыларды даярлауда өлшеусіз еңбек сінірген соғыс арда-герін жерлестері ұмытпайды.

Валерий БЕНЮХ

АЛЕКСАНДР НЕВСКИЙ ОРДЕНІ ОМЫРАУЫНДА ЖАРҚЫРАҒАН ЛЕЙТЕНАНТ

Мамлют ауданындағы Бостандық ауылынан Ұлы Отан соғысы жылдары қан майданға тоқсанға тарта азамат аттанып, солардың үштен бірі ғана елге аман-есен оралды. Зұлмат соғыстың ауыртпалығын бір кісідей көріп қайтқан жауынгерлердің барлығы да зейнет жасына дейін елде еңбек етін, үйлі-баранды болды, балалары мен немерелерінің қызығын көрді. Олар қай салада жұмыс істесе де, майдангер деген аттарына дақ түсірген жок. Өздерінен кейінгі үрпаққа еңбеккорлықтың, шыдамдылықтың, бауырмалдықтың та-



Төшкен Мұхамеджанұлы

маңындағы Подольскінің әскери мұрағатынан арнайы алдырыған атасы жайлы құжаттарының бір данасын таяуда маған табыс етті.

1983 жылы пайғамбар жасынан жаңадан ғана асқан шағында қайтыс болған ардагердің отты күндер жайлы естелігін талай рет өз аузынан естігенімізben, зымыраған уақыт оны ұмыттыра бастапты. Мына құжаттар соған жарық сәуле түсіргендей болды...

Төшкен Мұхамеджанов ағайды сол кездегі Приишим аудандық әскери комиссариаты 1940 жылы наурыз айында әскер қатарына шақырып, 294-ші атқыштар дивизиясының 470-ші атқыштар полкіне азаматтық борышын өтеуге жіберген. Ол сонда жүрін Ұлы Отан соғысын қарсы алған. Алғашында Батыс, кеин Карелия-Фин майданы жауынгерлерінің құрамында жаумен шайқасқан. 1941 жылы қазан айында аяғынан жаралып, Шуя қаласындағы госпитальда бір ай емделгеннен кеин қатарға қосылған. 1942 жылы мамыр айында Беломорск қаласындағы кіші лейтенанттар әзірлейтін майдандық екі айлық курсқа жіберілін, оны аяқтағаннан кейін өз полкінде атқыштар взводын басқарады. Бір жыл өтер-өтпесте кезекті лейтенант атағын алып, 205-ші атқыштар дивизиясының 731-ші атқыштар полкі құрамындағы взводқа командир болып тағайындалады.

1944 жыл. Жаз айына дейін аталмыш дивизия 26-шы армия құрамында өздеріне бекітілген бекіністі нық ұстап тұрды. Маусым-та-

маша үлгісін көрсетті. «Мен ейгіп едім, мен бүйтіп едім» деп кеуде керуді білмейтін сол ардагерлердің біреуі де бүгінгі Ұлы Женістиң 70 жылдығы мерекесіне жете алмады. Сұрапыл соғыста керзі етігімен Еуропаның талай жерін жајау басып өткен қарапайым жауынгерлердің бірі, бірі ғана емес, бірегей – «Бостандық» ұжымшарын, кеин кеншардың бөлімшесін ұзақ жыл төрт жылдық білімімен ғана басқарып, ұйымдастыруышылық зор кабілетімен көпке танылған Төшкен Мұхамеджанов болатын...

Майдан даласындағы елеулі ерлігімен, бейбіт күндердегі ерен еңбегімен ел есінде қалған ардагердің облыс орталығында тұратын немесе Ерлік Мұхамеджанов Мәскеу

Елге келісімен Төшкен агай ұжымшарда қойма менгерушісі, кеңіндер кезінде бөлімше басқарушысы болып қіндік каны тамган Бостандық ауылының шаруашылығында абыройлы еңбек етті. Соңғы жылдары бастауыш сыйыптық қана біліміне орай орманшы қызметіне ауысып, ауыл аумағындағы жасыл желекті қорғауға, оларды қалпына келтірге үлес қости. Өмірдің небір қын кездерін өрімдей жігіт кезінде бастан кешкен, соғыстан кейінгі тұрмысты өркендетуге, тың және тыңайған жерлерді игеруге, ауыл шаруанылығын жан-жақты дамытуға еңбек сіңірген Төшкен Мухамеджанов агай зейнеткерліктің төрт жылдай дәмін татып, тек қызық көруге ғана бет бүрған шақта келмес сапарға аттанды.

Соғыс және еңбек ардагері қосағы Жәкен апай екеуі үш ұл, екі қызы тәрбиелеп өсірді. Олардан туған ұл мен қыздардың өзі бүл күндері ата данқына кір келтірмей, әр салада еңбек етіп жатыр.

Нұрсайын ШӘРІП

ҚАЙРАН АТАМ, ҚАНДАЙ ЕДІ!

Жыл сайын Ұлы Женс мерекесі кезінде газет беттерінде майдангерлер жайында мақалалар легі тасқындал, оқыған сайын қашшама тағдырлармен танысадасың. Солардың елімізге, ұрпағымызға үлгі ғұмырнамалары қызық-ақ!

Осы орайда мен де өз атам жайында әңгімелесем артық емес қой деп ойлаймын. Қайын атам Қозыбай Рахметов соғыстың жуан ортасында болып, оттан аман оралған адам. «Қызыл Жұлдыз» орденімен және басқа да көптеген медальдармен марапатталған. Бейбіт өмірде де алған мактау-марапаттары жеткілікті.

Марқұм кеуде қағып сөйлемейтін, артық мақтануға әуестенбейтін адам еді. Мен келин болып ақ босағаны аттаған кезде сарайда бір қобдиша тұрушы еді. Жасыл түсті сол ағаш қобдишаның ішінде атамның жаңағы марапаттары, жауынгерлік котелогі, белбеуі, тағы басқа жасау-жарақтары жататын. Оны әке деуші едім.

– Әке, мыналар қастерлі дүние ғой. Далаға неге тастағансыз? – деп үйге экелдім.

– Е, тәйірі олар кімге керек!

Десе де, кейін Женістің 35, 40 жылдық салтанаттарында атам осы орден-медальдарын тағып алатын болды. Өзінің соғыста ерлік көрсеткенінің айғағынан неге безінсін.

Ол кісі 1915 жылы туыпты. Әкесі Рахмет марқұм атамды жасын, неге екенин, кім білсін, уш жыл кемітіп жазған екен. Туган жері Ти-

мирязев ауданынын Жаркын ауылы. Ескі атауы Жолдыбай ауылы. Бұл соңғысы әлді, аруакты, сол өнірге сезі өтімді, кадір-құрметке лайық адам болған. Әсіресе, жауырыншылығын ел құрметтеген. Сөйтіп, оның ауа райын құні бүрін болжайтынын маңайдағы орыстар да атап көрсетіп, «Если Жолдыбай сказал, то он не ошибается» деп отырады екен.

Козыбай атам 1938 жылы әскер қатарына шақырылып, Мәскеу әскери округінде 116-шы әуе полкында үш жыл қызмет аткарған. Нәк сол тұста, елге оралар шакта, Ұлы Отан соғысы басталып, Батыс майданға жіберіледі. Негізгі қызметі барлау болған. 1942 жылғы ақпан айында жарапанып, Омбыдағы әскери госпитальда емделген.

Бірақ, майданға қайта оралған ол Мәскеу әскери округінін атқыштар полкында ұрыстарға қатысады. Жауды үдерес күған кенес әскерлері ұрыс далаларында күш-куат алып, жеңістің төбесі көріне бастаған тұста атам Калинин майданында екен. Алайда, соғыстың аты соғыс қой, бір ұрыс кезінде қатты жарапанған. Елге оралады. Келсе шаңырағы каныrap бос тұр. Күнкөріс қын болған соң, шешесін Киров ауылында тұратын қыздары алып кеткен екен. Отбасында баяғы тірлікті жалғастыру керек. Шаңырағын шайқалтпай, бейбіт тірлікке көшкен атам 1945 жылдан 1954 жылға дейін басқарма қызметін атқарады.

Мұның өзі аса қын кездер ғой. Шаруашылыкты қалпына келігіру, шатқаяқтап-шайқалып кеткен тұрмысты түзеу оңай ма? Әйтеуір, қуні-тұні белі босамаған, тері құрғамаған тірлікті арқалап, ауырына иығын тосқан осы жылдары Пстропавл қаласында алты айлық басқармалар курсында оқып жүрін Ніл Әдғамұлы Болатбаевпен танысады. Осы таныстық олардың арасында өле-өлгенше достыққа айналып, бірін-бірі қадірлеумен өтті.

Адам тағдырдың құлы емес пе. 1982 жылы жалғыз баласы. менің жұбайым Мараттан кенет көз жазып, көкірегі қарс айрылып қалған уақытта Ніл Әдғамұлы Мариям апаймен келип, көңіл айтып еді. Атам талай қындықты көрген адам ғой, мойыса да мұжилмейтін, қайғырса да қайыспайтын қайсар кісі еді.

Ана жылдары біздің ауылда ардагерлерге он үй салынған еді. Соған мұрындық болған жан менің Козыбай атам. Шукіршілк етіп отыратын, барға қанағат, жоққа салауат айтатын тойымды міпезді кісі еді. Сол кісінің арқасында бәріміз де адам болдық. Тоқырау жылдарының соңын іле-шала келген жоқшылық жылдары ол басымызға бұлт үйрепестен аман-есен сақтады. Сомке сүйреткізіп, қыр асырған жоқ. Табалдырық тоздырып, сапаршылап көрген жоқынын. Жалғыз баласынан қалған бес немересін өсіріп,

тәрбиеледі. Сол кісінің арқасында өсін-жетілген, олар білім алғып шықты.

Тәнір марқұмға иман байлығын берсін! 1999 жылы 27 мамырда 84 жасында дүниеден озған, оның артында орнын жоғалтпай біз отырмыз. «Орнында бар оқалады» деген осы да.

*Еркіндік РАХМЕТОВА,
Жарқын ауылы, Тимирязев ауданы*

ӨМІР ШЫҢДАҒАН

Құстай үшқан уақыт қандай үшкыр еді. Өмірлік мактандышым болған және қадір тұтқан асыл әкемнің дүниеден өткеніне де отыз жылдан асып барады екен-ау. Мына Ұлы Жеңістің дүбірлі тойы жақындаған сайын оны жіңі-жіңі еске алғып, сағынышым еселей түскендей болды ғой. Қандай жалындаған, от жүректі жан еді, егер тірі болса, осынау мерекеге балаша шаттанып, қеудесіндегі орден-медальдарын сыңғырлатып ортамызда жүрмес пе еді деп ойлаймын. Әкемнің қазіргі Шал ақын ауданының қазағы түгіл, бүкіл орысы сыйлайтын жүргегі кен, жаны мәрт және аңқылдаған ақ көңіл жан болғанын бәрі біледі. Сондықтан да осы үлкен мереке күн экем, Ұлы Отан соғысының ержүрек жауынгері Ерғали Құсайынұлы Құсайынов туралы сыр шерткенді жен көрдім.

Марьевканың байырғы тұрғындарының есінде болар. 1946 жылдың мамыражай мамыр айының алғапқы қундерінің бірінде село шетіндегі жазыққа У-2 ұшағы келип қонды. Бұған дейін ұшақ көрменең село тұрғындары тайлы-тұяғы қалмай сол аланға жетіп, ентіккен демдерін баса алмай тұрғанда әлгі ұшақтан су жана аға лейтенант формасындағы менің экем түскен ғой. Оның осындаі зор құрметпен елге оралғанына таң қалмаған жан болмаса керек. Шынымды айтсам, оған өзім де осы күнге дейін таң қалам. Сірә, ол мениң әкемнің туа біткен өткірлігі мен пысықтығынан болар, әйтеуір ол кезде облыстың өзінде де табыла бермейтін ұшакты мықты төрелердің біреүнен рұқсат алғып, елге ұшып жеткеін көпке дейін ел аузында аңыз болған әңгіме. Иә, ол нағыз айбынды адамның ғана қолынан келетін іс болғаны анық.

Бәрі бала жастан шындалып өскеннен болар. Ол каршадайынан қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, көш бастаушылыққа үйір болса керек. Жұмысшы факультетін бітіріп, есепші мамандығын алған оны бірден аудандық комсомол комитеті қызметкесі шақырған. Содан міндетті әскер қатарына алғынады. Әскери міндеттін Хабаровск



өлкесінде өтеді. Оның өзі оған соғысқа дейін жауынгерлік шымырлық мектебінен өтуіне мүмкіндік берді.

Әкем соғысқа өз еркімен аттанған. Осы қанды қырғын жорыққа оның Уәли, Қабдолла, Жабақ және Жанғали деген бірге тұган бауырлары да қатысты. Бесеудің ішінен оттан, оқтан аман елге тірі оралғаны Қабдолла ағасы мен менің әкем ғана.

Иә, оны Құдай қағып жаңбырдай жауған оқтар орап өтіпті, ал олардан ол бұққан да, тығылған да емес, қайта өзгелер үлгі тұтарлық жауажүрек жауынгер болды. Жауынгерлік жолын өзімізде, Солтүстік Қазақстанда жасақталған әйгілі 314-ші атқыштар дивизиясы құрамында бастаған. Ол гаубицалық зеңбіректің бағыттаушысы және командирі, сонымен бірге артиллериялық дивизионның партия ұйымына жетекшілік еткен. Ал, бұл міндеттің майданда қандай құрметке ие болғаны белгілі. Майдан жауынгерлерінің саяси жетекшісі құр сөзben ғана емес, қасындағыларға ең алдымен батыл ержүрек ісімен үлгі көрсетуі керек. Сөз жоқ, мен әкемнің осы талаптан шыққан саяси жетекші болғанына сенемін.

Әкем соғыс жайында әңгімеледі көп ұната бермейтін, айтқан күнде де оның жаңына сол бір сұрапыл жылдардың ауыр жара салғанын сезінуші едік. Ал, естігенимнің бәрі жадымда қалды. Айталақ, бірде олардың блиндажына жаудың тұра снаряды түсіп, құдай қаққанда жарылмай қалған... Тағы бірде тұра тиген осындай снарядтан түгелдей артиллериялық жасақ опат болыпты. Қолына оның жарықшағы тиген әкем ғана аман қалыпты. Айта берсе мұндай оқиғалар көп болған ғой, оның ішинде мактан етерлік даңқты істер де, әрі қайғы шектірген оқиғалар да жоқ емес. Әкемнің жауынгерлік зор мақтานышпен айтқан бір әңгімесі есімде, кезекті ұрыстардың бірінде ол өз жолдастарымен бірге темір жол үстіне шығарылған зеңбіреғімен тұра ұнғымен көздел екі неміс «Тигрін» жандырған. Сөйтіп, жау шабуылның бетін қайтарыпты.

Софыстың аты соғыс қой, онда ажал адамның өкшесін басып жүреді. Алайда, «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өлер» демекші, соғысты басынан аяғына дейін өткерген әкеміз елге аман-сау оралды. Ол өзінің керзі етігімен Ленинград құрсауын бастан өткериіп, алдымен Выборгты, сосын басында Украина, кейінде Белорусь майдандары құрамында Украинаны, Белоруссияны, Чехославакияны, Венгрияны, Австрияны азат етуге қатысты. Көптен күткен Женісті Вена қаласында қарсы алды. 1946 жылдың сәуіріне дейін осы қаланың әскери комендатурасында қызмет атқарды. Оның ерлік істері жеті майдандық орден, медальдармен атап өтілді. Олардың арасында «Қызыл Жұлдыз», бірінші және екінші дәрежелі

«Ұлы Отан соғысы» ордендері және «Ерлігі үшін», «Ленинградты корғағаны үшін» медальдары бар. Әкемнің Бас қолбасшы И.В.Сталлиннен алған «Алғыс грамотасы» мениң төрімдегі әкемнен қалған күнды жәдігер болып табылады.

Соғыстан кеңін әкеміз аудандық партия комитетінде нұскауышы, «Мал дайындау кеңесесінің» менгерушісі, ұзақ жыл «Марьевка» кеңшарының бөлімше басқарушысы қызметтерін атқарды. Оның әрдайым қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүргенін көретінбіз.

Бүтінде біз майдангер үрпактары әкеміз, атамыз Ерғали Құсайыновты Құсайыновты осы мереелі мереке – Ұлы Жеңіс күні сағынышпен еске алып отырып, оның ерлік ісін зор мақтан тұтамыз. Болашақ үрпақ үшін қар жастаңып, мұз кешкен біздің әкеміздей асыл ардагерлердің есімдері ешқашан ұмытылмақ емес.

*Болат ҚҰСАЙЫНОВ, дәрігер.
Шал ақын ауданы*

СОҒЫС ЖАЛЫНЫ ШАРПЫҒАН



Сағадат Өркешов

Сағадат Өркешов – Жамбыл ауданындағы Айымжан ауылының тұмасы. Ол осыдан 90 жыл бұрын осы арадағы Өркеш қыстауында дүниеге келген. Әкесі ауыл молдасы ретінде заманына орай білімді адам болған. Шешесі Бәдиша үй шаруашылығымен айналысқан.

1930 жыл Қазақстан тарихындағы ауыр жылдардың бірі болғаны аян. Байларды былай қойғанда, қолында 2-3 қарасы бар адамдардың малдарын тартып алып, өздерін жер аударып жатты. Оның үстіне елді аштық жайлай бастиды. Сол себепті Өркеш молда қолындағы 3 жылқысының екеуін сойып, күйизеліп отырған ауылдастарына таратып берін, қалған жарамды айғырды туыстарына қалдырып, өзі отбасымен алыстағы Краснояр жаққа көшп кетіп, елге тек 1938 жылы ғана оралады.

Елге келісімен мал өсіріп, ұжымшардың шаруасына араласып, өмір кешеді. 1941 жылы соғыс басталғанда үлкен ұлы Рамазан алғашқылардың бірі болып әскер қатарына шақырылса, 1942 жылдың жазында Сағадат та әскерге алынып, алдымен Қызылжарда, кейіннен Ақмолада әскери дайындықтан өткеннен соң Челябі арқылы Владимирскіге келіп, онда 3 күн тұрып, аудан орталығы Ленинскіде тізім бойынша 50-100 адамнан Сталинградты қоргауға аттанғандар сапында осы майданға жол тартады. Бұл кезде фашистер Сталинградтың «Сталинец» трактор зауытын қоршауда ұстап тұрган еді.

– Бұл бір жан алып, жан беріскең сұрапыл соғыс болды, - деп еске алады Сәкен сол бір жылдар туралы. Біздің әскерлер қаланы жанқи-ярлықпен қорғады. Осы майданға бастан-аяқ қатысып, Паулюстің бүкіл генералдарымен тұтқындалған сәтін де көрдім. Онымен бірге мындаған фашист солдаттары тұтқынға тұсті. Паулюстің үстінде ұзын шинелі бар, аяғын жылы етіп орап алған, басында генералдар киетін көртөз, сүмірейіп тұрганы бәрі есімде.

Сағадат Өркешұлы соғыста 2 рет жараланып, алған контузия салдарынан көзіне, құлағына закым келіп, госпитальдарда жатып емделгеннен кейін қайта майданға аттанады. Украинада Харьков қаласын қоргауға қатысқан. Кала 7-8 рет қолдан-қолға өткенин, бұл операцияның өте қын болғанын күрсіне отырып еске алады майдангер қарт.

Майдангер Украинаның Балуйск қаласын жаудан азат ету үшін болған шайқаста тағы да жараланып, Новый Оскол, Старый Оскол, Тамбов госпитальдарында болып, сонында Орал қаласында емделіп, ақыры соғыс мүгедегі ретінде 1943 жылдың шілде айында елге олады.

Сол кез әлі күнге дейін қарттың есінде жақсы сақталған. Поездан Петухово станциясында тұсіп, үлкен жолдың шетінде жаяу жүріп келе жатса, артынан ағаш тиеген бір жүк машинасы келе қалады. Қол көтерғен соң тоқтаған жүргізушіге мән-жайын айтқаннан кейін машинасына мінгізіп алып, жолшыбай Айымжан ауылдың шетіне түсіріп кетеді.

Ауыл сыртында қой, бұзау бағып жүрген балалар біздің үйге жүгіріп барып, сүйінші сұрапты. Сондағы ауыл адамдарының қуанышын сөзбен айтып жеткізу қын. Құттықтап, қайырлы болсын айта келгендердің бәрі де өз балаларын, өз туыстарын майданда жүргенде көрдің бе деп сұрайды.

– Көрмесем де, енді Женіс күні жақын қалды, көп кешікпей олар да аман-есен келип қалар деп жұбататынын, - деп еске алады сол бір күнді қарт.

1943 жылдың күзінен ұстаздық жолын бастайды. 1944 жылы Айымжаннан 4 адам, ішінде Сәкен де бар, Көкшетау қаласындағы 6 айлық мұғалімдер даярлайтын курсты аяктап, қазақ тілі мен әдебиеті пәннің оқытушысы мамандығын алғып шығады. Одан кейінгі жылдары Көкшетау педучилищесін, ал 1947-48 жылдары Молотов атындағы 2 жылдық мұғалімдер институтын аяктап, әуелгіде Ұзынкөл мектебінде мұғалім, кейіннен Үлгі, Жарқын, Майбалық мектептеріндегі директор болып қызмет істеді. Жалпы өмірінің көп жылын Айымжанда, ауыл мектебінде өткізді. Сөйтіп, 40 жыл ұстаздық қызметтіңде атқарды.

Сағадат Өркешов зайыбы Рәш екеуі 6 бала тәрбиелеп өсірді.

Майдангер карт көптеген ордендермен және медальдармен мара-патталған. Қазір Петропавл қаласында тұрады.

Шолпан САДЫКОВА, ардагер ұстаз

АРЫ ТАЗА АЗАМАТ ЕДІ



Қамза Мортайұлы
зайыбы Майра Оразқызы

1939 жылдың қазан айынын бір күнінде ағам Қамза Мәртайдың Отан алдындағы қасиетті борышын өтеуге шақыртты. Таңсәріден Булаев аудандық әскери комиссариатына Чапаев атындағы ұжымшардан үш азаматты ауылдың үлкендері мен бала-шағалары шығарып салған едік. Онда мен 7 жаста болатынын.

Қамза ағам Петропавл қаласында үш айдай әскери жаттығуда

болып, сонынан Беларусь жеріне барғаны туралы хат келген болатын. Соғыс басталар алдында ағам Бобруйск, Гродно қалаларының маңына шоғырландырылған генерал Павловтың дивизиясында қызмет етеді. Онда өзбек жігіті екеуіне станокты пулемет беріледі.

Кейіннен ағамның айтуы бойынша сол аймақтағы әскери гарнизондарда жайбарақттық басым болыпты. Тек қана 1941 жылдың 22 маусымының таңсәрісі осынау бейқамдықты жазалағандай болған

екен. Бұл дивизия сол таңсәріде бірінші болып немістердің соккысына тап болып, жақсы жаракталған неміс басқыншыларына қарсы тұра алмайды. Тіпті ок-дәрі, қару-жарақ тапшы болыпты. Алғашқы күндері біздін бірде-бір танкіні, бірде-бір самолетті көрмеген. Неміс армиясы шетінен дивизияны таптап өтіп, солдаттар қоршауда қалып, оларды тұтқынға алады.

Сонымен ағам құрамында бар әскери бөлімше, қанша адам екені белгісіз, әйтеуір, кеп адамдарды айдан әкеп, бір ауылдың үлкен астық сақтайтын тас сарайына қамайды. Сарай іші иin тірескен біздің солдаттарға толы екен, тіпті отыратын жер табудың өзі мүмкін емес. Бұрын қамалғандардың беттері қап-қара күйе, өздері аштықтан зорға жүр, халдары мүшкіл екен. Бұлар сарайға кіргенде-ақ олар жабылып, арқаларындағы дорбаларын жұлдып әкетіп, ішнегі жеуге жарайтынын талғажау еткен. Беттерінің күйе болатыны, тас сарайдың іші сүйк екен, жылынуға қоқыстарды жағып, отты немістерге көрсетпеу үшін айнала отты қоршап жүрелерінен отырғандықтан, түтін беттерін, қолдарын шалып қарайтқан. От жаққандарын немістер білсе, қақпаны ашып, айғайлап, автоматпен ок атады.

Ертемен сарайдың есігін ашып, неміс солдаттары үлкен ыдыстарды әкеп қояды, қапастағылар өз ыдыстарымен бірінің артына бірі тұрып, ыдыстарын тосады екен, тоқтауға болмайды және тез жүру керек, аз-мұз бөгелгендерді карауыл солдат арқасынан мылтық түбімен ұрып жібереді екен, жығылсан, тамақсыз қаласың. Беретіні – ішінде бірер түйір картобы бар қара сүйкік және біртілім нан. Міне, тамагы осы. Тамақтан кейін барлық қапастағыларды сапқа тұрғызып, қалашық шетіндегі қираған кірпіш үйлерден кірпіш жинап, үйгізеді. Тұрғызбайды, дем алғызбайды. Осылай кешке дейін жұмыс істетеді екен. Кас қарада сол тас сарайға қайта қамап, темір есігін жауып, күзет қояды. Айнала сым бойымен жүгіртші жүрген иттер, бұл сарайдан қашу мүмкін емес. Таңертең орнынан тұра алмай қалған солдаттар бұлар келгенде жоқ болады.

Қамза ағам бірінші күннен-ақ қашу жоспарын ойлайды. Бойдан әл кетпей тұрғанда қашуға бел байлайды, ол жоспарын әскери жолдасы – өзбек жігітіне айтады.

Сарайдан қашуға мүмкіншілік жоқ, тек қана жұмыс аланынан қолайлы жағдайды пайдалану керек. Сондай сәт сегізінші куні туды. Орманға жақын бір үйді бұзуға апарады. Үлкен үйдің бірінші қабатындағы сәкісі бұзылған жоқ екен, сәкі астына еңбектеп кіруге болады екен. Жұмыс аяқталуға жақындағанда өзбек жігіті екеуі қарастағылардың екінші үйге қарай беттегенде сәкінің астына еңбектеп кіріп кетін, оның орта кезіне барып жатады. Сыртта қапастағыларды са-

пқа тұрғызып жатканы естіліп тұрады. Оларды айдал сарай жанына апарып санағанша бір сағатка жақын уақыт өтеді. Міне, сол сағатта бұлар сәкінің астынан шығып, үйлердің арасымен еңбектеп, кейде еңкейе жүгіріп жақын ағаштың ішіне кіріп үлгереді. Ендігі мақсат – тезірек Буг өзенінің ар жағына өтіп кету. Өйткені, бұлардың жоқ екенін қарауыл білсе, итпен қуып, тауып, ұстап алуы мүмкін.

Бұлар тұні бойы жүріп отырып, өзенге жетеді. Өзен жалпақтау екен, өткелдің бар-жоғын білмейді, малтып өту керек. Бірақ өзбек жігіті малту білмейтін болып шығады. Ойлауға уақыт жоқ, ку бұтактарды біріне-бірін байладап, үстіне киімдерін салып, байладап, көйлек-дамбалшаң суға түседі. Әитеуір, өзеннің ағысы баяу екен, бірақ терен болып шығады. Ағам өзбекке салдың шетінен екі қолынмен ұста да, аяғынды қозгай бер деп түсіндіреді (Ағам бала кезінен Есіл ауданындағы Жарғайың ауылында өскен, жақсы жузе билетін).

Алдынан ағам салды сүйреп отырып, өзеннің ортасынан ауа бергенде, неге екені белгісіз, салдың үстіне шыққысы келді ме, өзбек жігіті салды аударып, өзі суға құлап түсіп, батып кетеді. Ағам күтқаруға ұмтылып сүнгиді, бірақ жігітті таба алмайды. Сойтіп өзбек жігіті Буг өзенінде суға кетеді. Әлгі жігітті құтқарумен айналысып жүргенде киім байланған сал ағып кетеді де, ағам оны іздеуге шамасы келмей, әрең дегенде малтып қарсы жағаға шығады. Әбден шаршаған, аш, көйлек-дамбалымен ғана қалған ағам қалың орманың ішіне кіріп журе береді. анда-санда зеңбіректің атылған даусы естіледі. Адам аяғы баспағандай орманның іші бұрын елде көрмеген жидектерге бай екен, сол жемістерді тоя жемей талғажау қылып, екі күндей жүреді. Орманның шеті де жоқ, күннің көзі де түспейтін, дымқылдау орман мұхит сияқты.

Үшінші күні жалғыз аяқ жол кездеседі. Куанатыны, әйгеуір, қуғын жоқ, алдағыны Алла біледі деп бұтактарды жинал, шатырша жасап, демалуға кіріседі. Жалғыз аяқ жолдар бір елге апарар деген оймен қатты ұйықтап кеткен екен, қанша ұйықтағаны белгісіз, «Тұр!» деп винтовканың наизасын тақап тұрған бір орыс жігітінің зекігенінен оянып кетеді. Атып тұрып, қолын көтеріп караса, тағы винтовкалары бар алты кісі тұр екен, біреуі таза орысща сөйлейді. Әитеуір, немістер емес екеніне көзі жетип: «Өзіміз» деп жылап жібереді. Ағаның діріл қағып, жылап тұрған сиқы оларға аяныш тудырса керек, енгезердей біреуі үстіндегі шекпенін жауып отырғызып, өздері айнала отырып, орысша білесің бе деп сұрайды. Бұл таза орысша жауап қайтарғанда олар көңілденіп қалады. Дорбаларын алып, ішінен нан және бір консервіні ашып, алдына кояды және флягіден

екі ұртта деп спирт береді. Ағам нанды, консервіден ет жеп, спирт денеге қан жүгіртпі, әлденіп алған соң қазак екенин, қайда болғанын түтел баяндап береді. Олар ештеңе демей, от жағып, мұны жылытып, сыртынан шекпен кигізіп, өздерімен алып жүреді.

Күні бойы жүріп отырып, кешке қарай бір алаңға жетеді, онда ағаштан қызып салған ұзын үй және бөлек салған екі кішірек үй бар екен, кейип білгеніндей, олардың біреуі – монша, біреуі – асхана. Келгеннен кейін өз бөлмелеріне кіргізіп, үстіне киім тауып беріп, беті-қолын жуғызып, есіп кеткен шаш пен сақал-мұртын қырғызып, түзеп, ағамды ертіп, ең шеттегі бір есікке әкеліп: «Осы жерде тұр», – деп айтып, өзі есік қағып, ішке кіріп кетеді. Он бес минуттай уақыт өткеннен кейін ағама кір деп ишарат етеді. Кейін білгеніндей, бұл қабылдаған қаба сақал Сидор Артемович Ковпак екен.

Ағамды әбден тыңдал болған соң: «Енді қайда баrasың?» – деп сұрақ қояды. Ағам ез бөлімшемді тапсам деген ойын айтады. «Ол мүмкін емес, сіздің дивизия жоққа тән, оны тауып ала алмайсыз», – деп басын шайқайды. – Майдан шебінен өтуін де екі-талай. Біз немістер тылында партизан отрядын құрып жатырмыз, әзірше азбыз, бірақ көбейетін мүмкіншілік мол. Егер қаласаң, бізде қал, бұл дұрыс болады. Немістерді қуып шыққан соң бөлімшенді тауып аласың. Сөйтіп, ағам партизан отрядында қалатын болады.

– Пулеметші екенсің, бірақ бізде казір ондай қару жоқ. Қолға түсірсек, саған береміз. Ал әзірше қолыңнан не келеді? – деп сұрайды. Ағам ағаш шебері екенин, темір де сога алатынын айтады. – Ой, сені бізге Құдай жіберген екен, ағаш жетеді, енді казарма саламыз, – деп Ковпак куанып қалады.

Міпе, осылайша ағамның атақты партизандар қолбасшысы Ковпактың қарауында партизандық өмірі басталады. (Сидор Ковпак ол кезде 55 жаста екен, соғысты партизан отрядының жетекшісі ретінде бастап, екі мэрте Кеңес Одағының Батыры, генерал шенімен аяқтайды. 1967 жылы желтоқсан айында 80 жасында өмірден өтті). Партизандар саны күн санап артып, желтоқсан айында бірнеше жүзге жетеді. Желтоқсан айының соңында партизандар сапқа тұрып, ант қабылдайды.

Содан ортасында үлкен алаң жасалып, казармалар тез арада салынады. Жақын ауылдармен байланыс орнатылады. Немістер орналасқан ауылдарға барлауға көбінесе Ковпактың өзі барып жүріпті. Қайыршы шал болып үй аралап, қай жерде не бар, қандай қару бар, неміс штабы қай жерде орналасқанын – барлығын көріп, есіне сақтап келеді. Ал түнде партизандар шағын отрядпен немістерді оңай басып алып жүреді. Осылайша қару-жарактың неше

турі қолға түседі. Кеіннен жылқы да әкелін, көлік ретінде пайдаланылады.

Сонымен 1942-1943 жылдары партизандар саны өсіп, енді оларды бірнеше отрядтарға белін, Брянск орманын түтел партизандар би-лайді. Бұларды Мәскеудегі орталық штаб біліп, қару-жарак, киім-кешек және басқалармен камтамасыз етіп тұрады.

Немістер партизандармен құресу әскери отрядтарын әкелін, орманға жақын ауылдарға орналастырып, тіпті орман ішін сұзип, партизандарды қырмакшы да болады. Бірақ өздері қырылады. Өйткені, орман жағдайын партизандар жақсы біледі және оларда бұл кезде неше түрлі қарулар да жеткілікті болады. Партизандарды қоянша ұстап қырамыз деп венгр, фин отрядтарынан құрылған шаңғышылар тобын да әкеледі, олар да тойтарылады.

Міне, осылайша Қамза Мөртайұлы атақты С.Ковпактың қол астында партизан болып, 1944 жылдың басына дейін соғыс қимылдарына қатысады. Бұл неміс басқыншыларын біздін әскерлер кейін қуып, өз индеріне жақыннатқан кез болатын. С.Ковпактың құрамасының біразы армия қатарына қосылады, біразы Сабуровтың партизандарына қосылып, жауды өкшелей қуады. Ал Қамза ағамды бір отрядпен Брянск қаласына тұтқындардын лагерін күзетуге жібереді.

Ағайдан үш жылдай хабар болмай, 1942 жылы «қара қағаз» келген. Шешем ешкі сойып, бата оқытқан. Міне, сол ағамнан ойда жоқта хат келгені үй ішімізге үлкен қуаныш әкелді. Шешем көрші үйдің баласын менен «сүйинши» сұрауға жібереді. Мен онда Успенка (Булаев ауданы) деген ауылда жетінші сыныпта оқитынмын. Қуанышымда шек жоқ, мен ауылға келдім. Әкем көрші Пулеметовка ауылындағы тамыр орысынан бір семіз қой әкеліп, той жасады.

Қамзадан хат жиі келип тұрады. Бір рет посылка келгеш есімде. 1946 жылы «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталғаны туралы хат келді. 1947 жылы күзге қарай өзі де үйге аман-сау оралды. Соғыстан оралмаган азаматтардың туыстарына көңіл айтып, бір айдай ұжымшарда балташы болып жұмыс істеді.

1948 жылдың жазында «Чистов» кеншарының үшінші бөлімшесіне көшіп бардық. Сол кеншарда құрылышы болып жұмыс атқарды. Кейіннен механизатор болып жұмыс істеді. 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысып, «Молодежный» кеншары үйымдастырылғанда жаңа шаруашылықтың орталығын салатын бригаданы басқарды. 1954 жылы Сарытомар ауылының тұмасы Майра Оразқызы на үйленді. Өмірінің соңына дейін сол Рошина ауылында тұрады.

Майра жеңгеміз бер Қамза ағамыз төрт ұл, бес қыз тәрбиелеп өсіріп, көздерінің тірісінде барлығын да орнықтырды.

Қамза Мәртаев 1981 жылы қазан айында 61 жасында дүніне салды. Ағамыз жұмысына адал, ары таза, адаптациялықтың ақылшысы бола білген азамат еді. Жалғандыкты, жағымпаздықты жаңы сүймейтін. Арамзалығын, азғындығын, арзандығын кісінің бетіне айтатын, кек сактамайтын, кешірімді болды. Әркімге, әр уақытта қол ұшын беріп, көмектесуғе дайын тұратын. Артында қалған балалары да еке өнегесімен өмір сүруде.

Қамза ағай тірі болса, осы жылы бірінші ақпанды 95 жасқа толар еді. Бірақ өмір шексіз болғанымен, адам өмірі шектеулі. Ел үшін, болашақ ұрпақ үшін жан аямай, қан кешін, осы озық өмірді ұрпаққа сый еткен азаматтарға басымды ипп, тағзым етемін.

Ескендер НҰРЫМОВ, ардагер ұстаз

ПОЛКОВНИК ОРЛОВ ПАТРИОТТЫҚ, ТӘРБИЕНИҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

Адалдық, еңбеккорлық, Отанына деген ыстық сезім – Валерий Орловтың өмірінің негізгі өзегі. Ол – М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің дене шынықтыру факультетіндегі «Әскери және дене тәрбиесі теориясы» кафедрасының аға оқытушысы.

Бұғандегі мектеп қабырғасынан бастап жас жеткіншектерді әскери білім негіздеріне баулып, отан-сүйгіштік қасиеттеріне тәрбиелейтін мамандарды даярлап жүрген Валерий Михайлович жоғары оқу орнына осыдан он жыл бұрын, яғни университет жаңынан әскери кафедра құрылған жылы цикл бастығы болып шақырылған еді. Бұгандері ол – іргелі білім ордасының сыйлы да құрметті ұстаздарының бірі.

Ұзақ жыл әскери қызмет арқалаған отставкадағы полковник бұгандегі күні жетпістің асуына жетті. Әскери отбасының ұрпағы болғандықтан, әу баста мамандық таңдауда қиналмаған.

– Отбасымда екі ағам әскери болған. Екеуде Ұлы Отан соғысы жылдарында Кавказ мен Курск шайқастарында ерлікпен қаза тапқан. Әкем азамат соғысы уақытында батарея командирі болыпты. Сондықтан, 1959 жылы Зеренде орта мектебін аяқтағаннан кейін, еш ойланbastan Вольск зымыран әскерінің әуе-техникалық училищесіне оқуға түстім, - дейді Валерий Михайлович.

Әскери училищені үздік аяқтап, Винницк зымыран әскеріне жолдамамен жіберілгеннен кейін тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жү-

мыстар жөніндегі бөлімнің, кеін полктың саяси бөлімінің бастығы, Сарышағандағы ғылыми-зерттеу сынап дивизиясы командирінін орынбасары және Тверь қаласында ғылыми-зерттеу институтында қызмет атқарған. Кейін туған ауылы Зеренде оралады.

Валерий Орловтың солтүстік өнірде жасаған бір ісі Петропавл Жоғары әскери училищесі, бүтіндері әскери институт атанған оку орнының іргесін қалауға қосқан үлесі еді. Асыл азамат еліне деген адал еңбегі үшін көптеген орден, медальдармен марапатталған. «Адал енбегі үшін» алған медалин «Дон» зымыранға карсы кешенін сынаптан еткізіп, әскери тәжірибеге енгізгені үшін алған. В.Орловтың айтуынша, «Бүгінгі таңда бұл кешен америкалық кешендерден әлдеқайда қуатты».

Валерий Орлов қызмет етіп жүрген М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дің «Әскери және дене тәрбиесі теориясы» кафедрасы жыл сайын «Бастапқы әскери дайындықты ұйымдастыруши педагог» мамандығы бойынша күндізгі және сырттай бөлімде мамандар даярлайды. Кафедраның материалдық негізі барлық кажетті құрылғылармен қамтылған. Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі. Кафедра тұлектері өнір мектептеріндеған емес, кейбіреулері ұстаздарының жолын қызып, жүрек қалауымен сліміздің Карулы Құштерінде қызмет етіп жүр. Осы орайда Валерий Орлов: «Балалар мектептен келеді. Оларды азаматтық өмір жағдайында әскери тәртіпке үйрету киынырақ, дегенмен әскери рух беруге тырысамыз. Менін студенттерімнің әскери атына нұқсан келтірмей, еліне абыройлы қызмет ететіндіктеріне күмәнім жок», - дейді.

Бүгінде Валерий Михайловичтің дайындаған оқулықтарынан Қазақстанның студенттері тәлім алуда. Мол білім, әскери тәртіп пен жауапкершілік қасиеттері бүгінгі кейіпкеріміздің бойынан табылады. Міне, дәл осы қасиеттері бүгінгі үрпаққа үлгі болуда.

*Жанар ОМАРОВА, М.Қозыбаев атындағы
СҚМУ баспасөз орталығының қызметкери*

БІЗДІҢ КӨРГЕНИМІЗДІ ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ БАСЫНА БЕРМЕСІН

Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдар есіме түскенде жүреп-гімді ауыр сезім билейді. Әдетте «Балалық шақ – бақытты шақ» деп жатамыз ғой. Алайда, сол қаһарлы жылдары біз шаттықты бастан кешкен жоқпыш. Соғыс басталған жылы мен 7 жаста едім. Сол жылғы есте қалған ең бір жүрек тебіренткен ауыр сәт майданға аттанғалы жатқан әкеммен қоштасуым еді.

Бәрі есімде. Тұнгі дала. Сабан маясының маңында әр жерде ала-улап от жанып жатыр. Оны жағалай коршап, туган жерлерін тастап шыққан босқындар отыр. Үстінде офицер киімі бар әкем ат үстінде, біз шешем екеуміз үсті жабылған арбада отырымыз. Алдымызда бүкіл Воронеж облысының жерін кесіп өту, яғни оның батысындағы Шаталовка қаласынан әкемнің туыстары тұратын облыстың шығыс шетіндегі Поды ауылына дейінгі ұзақ сапар тұрды.

Шабуылдан келе жатқан немістерден үдере көшін, қашуды суреттеу өте қын. Әсіресе, шешемнің ерік-жігеріне таң қаламын. Өйткені, біз өзімізге таныс емес елді мекендер арасындағы даланың ауыр жолдарымен жүрдік. Кейде батпақты қорыс жерлерден атты арбасымен қоса сүйреп шығаруға тұра келді. Сөйтін, Дон өзенінен жолымыз болып, кездесе кеткен паром арқылы өттік.

Тұнде жолшыбай кездескен бейтаныс ауылдарға қонып жүрдік. Бірде тұнде бір ауылға келіп тоқтадық. Шешем бір ескілеу үйшіктің терезесін қақты. Үй иесі әйел бізді ішке кіргізді. Біз әдейі нашар үйлерге тоқтайтынбыз. Өйткепі, осынау ұзақ сапар барысында жақсы үйлерде тұратын әлді адамдардың үйлеріне тұсірмейтініне көзіміз жеткен-ді. Үй неғұрлым нашар болса, оның иесі солғұрлым қонақжай болатын.

Жолшыбай анам Ресейдін тұрғындарының ауыр да нашар тұрмысын әнгіме етіп айтып отыратын.

– Бірде біз тұсken үйдің әйелі жана пісірілген салмамен тамактан-дырмақ болды, - деді ол. – Біз қуанып қалдық. Әйел балалар дәрет алатын горшоктың ішіндегісін төгіп тастап, шайды да, картоп турал, бір шымшым бидайсымак бірденені салып, былғады. Мына жағдайды қөрген мен құсып жібере жаздадым. Ол байғұста басқа ыдыс болмай шықты. Сөйтіп, ішім ауырып тұр, - деп сылтауратып, әлгі быламықтан бас тарттым.

Осындаі көшип-қонып жүрген сәттерде мені анамнан айрылып қалмасам екен деген қауіпті ой мазалайтын. Адамға жаман ой тегінде жайдан-жай келмейді екен. Бір жолы сазға батқан арбаны сүйреп шығарып жатқанда ат теуіп қалып, шешем анадай жерге домалап кетті. Ол өзіне-өзі келе алмай көп уақыт ессіз жатты. Сонда мен: «Енді кімге керекпін, ендігі күнім не болады?» деп қатты қайғырдым. Кейін талай рет жалғыз қалған кездерім болды, сонда маған: «Пәленшешінің үйіне бар, сонда тұра тұр», дейтін.

Содан ауылдың шетіндегі сол үйді іздел тауып алып, бейтаныс адамдардан: «Сіздерде тұра тұруға бола ма?» - деп көзіме жас алып жалынатынмын. Мұндай күйзеліс жағдайды бастан кешірмеген адам жас баланың сол кездегі жан-дүниесін қайдан түсінсін.

Көп кешікпей соғыс дабылы біз тоқтаған, туыстарымыз тұратын ауылға да жетті. Түнде далада шөп үстінде жатканда алыста жарылған бомбалар мен сартылдаған пулеметтердің үні, немістердің бомбалаушы ұшактарының коркынышты гүрлі естиліп тұратын. Сонда осындай қараңғы түнде дұшпанмен соғысып жатқан солдаттар қандай мықты деген ой келетін. Бұғын соғыс ардагерлерін кездестірген сәттерде де маған сол ой қайта оралады.

1943 жылдың шілде айында шешем екеуміз уақытша Усмань қаласында тұрдық. Сонда үйлердің жертөлесінде тығызып жатып, жарылған бомбадан жердің солқылдағанын сезінетін едік. Бір күні кешке біреу: «Неміс танкілері келе жатыр», - деп айқайлады. Жұрт жапа-тармағай далаға қашты. Ракетаның жарығымен өсіп тұрған қара бидай шінде қайда баарын білмей, жан сауғалап, жанжакқа ышқына жүгіріп бара жатқан жұрттың сұлбасы әлі күнге дейін көз алдымда...

Есіме шешемнің қандай да болса бір азық тауып әкелуі үшін Воронеж қаласына барғаны жөнінде айтқан әңгімесі түсіп отыр. Шешем темір жол вокзалына келген сәтте неміс ұшактары қаланы, оның ішинде вокзалды бомбалайды. Жұрт естері шығып, абыр-сабыр болып қалады.

Кенет жүгіріп бара жатқан шешемнің етегіне қансырап жатқан бір жиғіт жармасып, қемектесуін сұрап, жалынады. Мұндай қысылшаңда біреу-біреуге қарап жатуға уақыт бар ма? Шешем оған қарамай, жұртпен бірге бомбадан паналайтын жерге жүгіреді. Сол сәтten кеін шешемнің шашы ағарып кетті.

Шешем бірде қаладан арасына күріш салынған бүйрек алып оралды. «Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпес» дегендей, соның қайталаңbastай болған дәмі кей кездерде еске түседі. Әйткені, соғыс және одан кеінгі жылдар да ауыр болып, аш-жалаңаш дегендей, біршек болып жүрдік қой.

Бірде шешем екеумізді жаназага шақырды. Устелге борщ қойылды. Ашқарын жүрген мен борщты қомағайланған шікенім сондай, одан кеін әкелген май қосылған тары жармасынан бір қасық та жей алмадым. Үйге келген соң ішім сыздап ауырып, домалап қатты киналдым.

Жазда шөп шабу науқанында пішеншілерге түстікке тарыдан жасалған быламық көже беретін. Содан жесу үшін біз, балалар, бірнеше шақырым жердегі пішеншілерге жаяу баратынбыз. Олар тамақтанып жатқан бізге қарап қойып: «Жендер, тойып алындар, күзде егін соғуға келесіндер», - дейтін.

Айтқанында, күзде жасөспірімдерді қырманда үиілген бидай сабактарын соғуға пайдаланды. Жас болғандықтан, мені ол жұмысқа қосқан жоқ.

Мен алғашкы табысты ауыл шаруашылығы жұмыстарында емес, ширкеуде таптым. Рождество мейрамында өзім тұстас балалармен бірге ширкеуге бардым. Сонда бір әйел 2 тын ақша берді. Ертеңіне мұғалімнің үпнеге барып, одан дәптер сатып алдым. Бұл да бір естен кетпес оқиға болды.

Соғыс аяқталды. Енді халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдары басталды. 1945-46 жылдары біз шешем екеуміз Москва қаласының түбінде тұрдық. Аш-жалаңаш жұртты сонда көрдік. Облыстың барлық жерінен, тіпті, Украинадан аш адамдар біздің ауылдағы Угодский зауытына ағылып келіп жатты. Әйткені, бір кезде мұнда крахмал жасайтын зауыт жұмыс істепті. Осы сөз жан-жаққа кеңірек тарап кеткен екен.

Зауыт ауласында терең қазылған ор болды. Оған жылдар бойы картоптың сығындысы төгіліп келген. Сол терең ордың түбіне аш адамдар күрек, сөмкелерімен түсіп, тізеден келетін езілген қоймалжың балшықты кеше жүріп, жеуге жарайды-ау деген сығындыларды күрекпен шығарып, теріп алып, сөмкелеріне салып, осынау «құнды дүниелерін» аса бір ризашылық сезіммен сыртқа алышып жататын.

Біз шешем екеуміз тұратын жартылай жер үйге украиналық екі әйел қонуға келді. Олар әлгі жинаған сығындыларынан үйдегі кішкене темір пешке құймақ құйып, дәмін татып, тамақтанып, естерін жинаған соң: «Қымбатты Клавдия Петровна! Құймақтың дәмі дәл бидай ұнынан жасалғандай. Сізге бізді қондырып, осында мүмкіндік жасағаныңыз үшін раҳмет. Сіз біздің өмірімізді сақтап қалдыңыз», - деді.

Көктемде біз Валентина Петровна тәтеміз екеуміз картоп отырғызылған егістіктен күзде жиналмай, үсіп қалған картопты жинап әкеліп, тамакка жаратып жүрдік.

«Біздің бәріміз де балалық шақтан шықтық» деген ұлағат сөз бар. Соғыс және одан кейінгі ауыр жылдары көрген киыншылық санада берік сақталып қалды. Казіргі балаларға қарап, ойланасың. Құйып берген бір тарелке салманың жартысы шилмей қалады. Сәл кеберсіген нанды жуындыға тастай салады. Немесе шайға қасық-қасық қант салады...

Кейде балаларға қарап отырып: «Бұлар біздің көргенімізді көрсөй», - дейсің. Дейсің де терең ойланып қаласың. Сонда «Құдай олардың басына біз көрген күйді салмасын», - деп тілейсің.

*Владимир ТРУСОВ,
мұрагат ісінің ардагері*

ӘЖЕМНІҢ ЕРЛІГІ



Бекет Мейірманов

Мейірманов Бекет Қабдешұлы 1925 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауданындағы (қазіргі Шал ақын ауданы) Жанаңжол ауылында дүниеге келген. 1943 жылдың 19 ақпанында Петропавл қалалық әскери комиссариатынан әскерге алынып, 233 атқыштар дивизиясының 734 атқыштар полкінің құрамында соғыска жіберіледі. Майданда қатардағы санитар қызметін атқарып жүріп, кейін белгілі болғанында үрыс даласында 1943 жылдың 20 қазанында жау қолынан қаза табады.

1990 жылдың бас кезінде «Бекет ағамыздың зираты табылды» деген сүйінші хабар жетті. Оған Мырзахмет ағамыз көп еңбек сінгрді. Кейін өзі елге келіп: - Бауырымды таптым,

Украинаның Кировоград облысындағы Успенко деген селосында бауырластар зиратында жерленген екен, енді басына барып қайтуымыз керек, - деді. Бұл хабарға бәріміз қатты қуандық. Өйткені бала кезімізден ізделген атамыз табылды. Әттең, арамызды әжем болса ғой деймін іштей...

Көп ұзамай Мырзахмет ағамыз дүние салды. Бауырының басына барып қайтамын деген ойын іске асыра алмай кетті. Дегенмен, бауырын тауып, атам мен әжемнің алдындағы міндеттін орындалап, жаны жай тапты.

«Ата арманы жалғасар» дегендей, Мырзахмет ағамыздың сол арманы араға бірнеше жыл салып, 2012 жылды орындалды. Бекет атамыздың ағалары Қажымұхаммед пен Жұқылштың балалары Ерік Жұқыпшұлы мен Абылай Қажымұхаммедұлы. Еслі ауданындағы Жаргайың ауылында атам мен әжем жерленген жерден топырақ алып, Украина дағы Успенко селосына барып, Бекет атамыздың қабіріне салып, басына құран оқыды. Ол жақтан топырақ экеліп. атам мен әжемнің зиратының қасынан Бекет атамызға ескерткіш тас орнатып, Құран оқытып, ас берді.

Әжем Үммігүлсім Мұстафақызы Мейірманкелиңі 1973 жылы 87 жасында дүние салды. Соңғы демі таусылғанша «Бекетім тірі жур-

ген шығар, мүмкін келіп қалар» деп күтумен болды. Немерелері біз-дерге хат таныған кезімізден бастап «газет келді ме» деп жиі сұрап, келсе «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттеріндегі «Іздеу саламызы» деген жерін дауыстап оқытатын. Іздеу салушы ағасы Нұрмұхамбет Мейірманов, енді бір газетте Мырзахмет Мейірманов болып жазылатын. Сонда біз: - Эже, сіз кімді іздейсіз, Бекет деген кім? – деп сұрақтың астына алатынбыз. Әжем үн-түнсіз терең күрсініп, штей ойға бататын. Сонын қолына құранын алғып оқи бастайтын. Біз өз жөнімізге кететінбіз. Сол кезде әжемнің бізден бір сыр жасырғанын кеін білдік...

Атамыз Қабдөш (Ғабдөссәләм) үш ағайынды, Қази, Ғабдөнас деген інілері болыпты. Сол інілері әйелдерімен жастай дүниеден өтіпті. Екі отбасынан төрт бала қалады. Қазидан – Жармұхамбет, Мырзахмет, Ғабдөнестен – Шәмшиш (Шамшиздин), Сәйпидден. 1928-30 жылдары байларды кудалап, малдарын тартып алғып, колхоздастыру жүріп жатқан кез болатын. Оның аяғы аштыққа жалғасады. Күнкөріс қындағанда атам малдарын сатып, сата алмағанын ағайын-туыстарына таратып, балаларымен бірге інілерінің балаларын алғып, шіке көшін кетеді.

Кейін Петропавлға келип-кетіп жүріп, 1935 жылы бір үй сатып аллады. Отбасын көшіріп әкеліп, балаларды оқуға бере бастайды. Сонда өз балаларынан бұрын інілерінің балаларын интернатта, улкендерін техникумда оқытады. Қазидын үлкен ұлы Жармұхамбет 22 жасында ауырып қайтыс болады. Мырзахметті Покровкадағы ауылшаруашылық техникумына оқуға береді. Өзінің екі баласын – Ескендір мен мениң әкем Жұқышты (Зұлқарнай) 25-26 жастарында біреулер көрсетіп, сталиндік репрессияға легеді. 10 жылға сотталып, КАРлагта, Долинка деген жерде отырады. Шәмшиш пен Сәйпидден соғысқа кетеді. Үлкен ұлы Нұрмұхамбет денсаулығына байланысты соғысқа бара алмайды. Екінші баласы Қажымұхаммет еңбек армиясында болып, Кемеров облысының Новокузнецк шахталарында жұмыс істейді.

1943 жылы Мырзахмет ағамызға әскерге шақырту қағазы келді. Әжеміз шырылдан: - Атасы, Молдабаланың (Қазидың) шаңырағы жабылып қалатын болды, енді не істейміз? Өз ұлымыз Бекетті Мырзахметтің орнына жіберуді ойластыр, - дейді.

- Сүт кенжемізді қалай ғана қан майданға жіберемін. Қырғын соғыста мерт болса өмірім өкінішпен өтпей ме?! Ажалға қалай ғана қиямын, - деп атам қатты қиналыпты.

- Мырзахметті алты айлығынан бауырыма басып, емшегімді емізіп осірдім. Ешкімнен кем қылмадық. Соғысқа кетіп, мерт болса Қази-

дын шанырағы жабылып қалады ғой, - деп әжем де азар-безер болуын коймайды. Карап отырсан, өзінің емес, қайнысының шанырағының жабылып қалмауын ойлап отырған әжемнің де жасап отырғаны үлкен ерлік. Бір шешімге келе алмай, көздерінен жас емес қан ағып, талай тұнді ұйқысыз өткізеді. Сүм тағдырын сыйға тартқан шер мен мұнын жұта отырып, ақыры атам мен әжем бір Аллаға тапсырып, Бекетті соғысқа жіберуге бел буады. Ол кезде Бекет он алтыға да толмаған кезі. Екеуі ойластырып Бекетті 1925 жылы, ал Мырзахмет ағамызды 1927 жылы туған деп тіркетіп, төлкүжат жасатады. Мырзахмет ағамыздың қолында инемен тесіп жазған 1925 жыл деғен жазу болған. Соны әжем пышакпен қырып өшіріп тастапты.

– Бекетжаным соғысқа аттанатын болды. Жүргегіміз елжіреп, қимастық қөңіл-құймен бәріміз вокзалға шығарып салуға келдік. Қайсарлықпен қайғы шерін көрсетпей, қалтасына салып берген мейізді бір-бірлеп аузына лақтырып тұрды. Дәл аттанар сәтте жанарына толған жасты тұншықтырып, бәрімізге бір қарады да вагонға кіріп кетті, – деп әжем сондағы сәтті есіне алатын.

Артынан Өзбекстанның Терmez қаласында әскери жаттығуларды үйреніп жатырмыз деген үшбұрышты хат келген. Содан хабарсыз кетеді, қара қағаз да келмейді. «Қара қағаз» келмегесін Бекетжаным тірі шығар деген әжемнің үміті де үзілмейді. Көшеде бейтаныс біреу кетіп бара жатса, «әй, қайсың барсың, анау кім» деп сұрайтын әжем. Біз Есілдің жағасында Жарғайың ауылында тұрдық. Есіл тасығанда «қайық әкел» деп арғы жағадан біреу айғайласа «бұл кім екен» деп әжем елеңдеп тұратын. Сол Бекеттің әжем өлгендеш күтті.

Мырзахмет ағамыз әжеміздің ак сүтін ақтады. Сый – күрметін аяған жоқ. Бекеттің іздеп тапты. Алматы ауылшаруашылқ институтын, аспирантурасын бітіріп, диссертациясын қорғап, сонда факультет деканы, кафедра менгерушісі қызметтерін атқарды. Үйлі-баранды болды. Молда баланың шанырағы жабылған жоқ, тұтінін тұтетіп Ермек деген ұлы отыр.

Атамыз 1963 жылы, әжеміз 1973 жылы асыл ұлы Бекетті тосумен, көкіректеріне толған қайғы-мұн мен зарды арқалап көз жұмды. Асылдарым, аруактарың шат болсын, иман байлығын берсін! Ерліктерінді ұрпаққа аныз қылып айттып жүремін. Ол мениң парызым.

*Күннэр ҚАБДӘШЕВА,
Қазақстан Журналистер одагының мүшесі*



АЛПЫС ЖЕТИНІҢ БІРІ - СӘТІБЕК

Есіл мен Көктерек ауылының ортасындағы алқапта биіктігі 45-50 метрғе жуық алып көктерек ағашы өсіп тұратын. Жан-жагына қанатын жайған бұтақтары да мәуелі еді. Шілде айында сол маңда өрісте жүрген мал көктеректің бауырына жиналышп, шыжырган ыстықтан сая табатын. Бала кезімізде өзіміз де сол теректің үшар басына шығып, маңайды қарап қызықтаушы едік. Сонда Жаңажол, Жаңаталап, Кенес, Мектеп, Теренсай, Көктерек, Қарашоқ, Сергеевка ауылдары ап-анық көрінетін. Жуандығы да керемет, бес-алты адамның құшағы жетпейтін. Көктерек ауылы да осы алып терекке байланысты аталса керек. Үлкендердің айтуынша екі ғасырдан артық уақыт қанатын жайып, жайқала өсіп тұрған сол жалғыз көктерек маңайындағы ауылдардың сырын ішіне бүккен қарт күәгердей паң тұлғасын танытып тұратын.

Соның іргесіндегі Көктерек ауылы да не бір тарихи кезеңнің талай оқиғасын басынан кешірді. Бәрін тізіп айтпағанда, сонау Ұлы Отан соғысы басталғанда осы шағын ғана ауылдан жүзге жуық ер азамат ел корғауга аттанды. Солардың алпыс жетісі қанмайданда жаумен айқасып, ерлікпен қаза тапты. Елге оралмаган сол боздақтардың бірі – Сәтібек Хамзин. Өнірімізге есімі белгілі жергілікті қаламгер, милиция полковнігі, өмірден өткен Қобылан Хамзиннің ағасы.

Сәтібек Хамзин 1920 жылы Солтүстік Казақстан облысының қазіргі Шал ақын ауданындағы Көктерек ауылында туған. Өкесі ерте қайтыс болып, бар ауыртпалықты өз мойнына алған ол бауырларына ерекше қамқоршы болды. Бәріне мейірімін төкі. Сөйтіп жүрін, өзі де өмір ағысынан қалған жоқ. Ол кездे техника тілін меңгеру бәрінің қолынан келе бермейтін. Сәтібек оқып, сол кезде елде сирек кездесетін біржарым тонналық «АМО-Ф-15» машинасын жүргізді.



Сәтібек Хамзин
(сол жақта бірінші
отырған), Сөргазы,
Бегалин Төлебай,
Балтабаев Оразалы
жолдастарымен.

1940 жылы Октябрь аудандық әскери комиссариатынан міндетті әскерге алынды. Алғашқы бетте жүргізуши, сосын окуын оқып танк жүргізушісі, механикі қызметтерін атқарған. Соғыс басталған кезде бір топ жолдастарымен суретке түсіп, танк корпусымен шекараға баратындығын жазған.

Иә, соғыстың алғашқы бетінде мұздай қаруланған неміс-фашист басқыншыларына қарсы тұрып, төтеп беру кеңес жауынгерлеріне қынға түскені белгілі. Сол сұрапыл шайқастарға қатысқан Сәтібек Хамзин 1942 жылдың ақпан айынан хабарсыз кеткен. Қанша іздеу салынса да қай жерде қаза тауып, қай жерде жерленгені белгісіз. Әлде танкісімен жаңып кетті ме, беймәлім. Ұлы Жеңіске 70 жылдай уақыт өтсе де мұндай хабарсыз кеткен боздақтарымыз аз емес. Мереке күндері олардың рухына бас ипп, есімдерін ғана еске аламыз.

Жоламан ШАХАНОВ

ӘКЕМІЗ ҚАЙСАР ЖАН БОЛАТЫН



Әбдірахман Айдарханов

Рнағынан аман қалды. Сол сүм соғыста көрген қыншылықтарын, майдан даласында қаза тапқан жауынгер достарын кейде еске алып, бізге әңгіме етіп айттып отырушы еді. Мынау әкеміздің сол әңгімелеринен есімізде қалғаны.

Бұқил еліміз Ұлы Отан соғысы жылдарындағы женістің жетпіс жылдығын тойлағалы отыр. Бұл ұлы мерекені миллиондаған халық және сол соғысқа қатысып, женістің салтанат құруына жанқиярлық ерліктерімен өз үлестерін қосқан мындаған ардагер көре алмай кетті. Солардың ішінде әкеміз Әбдірахман Айдарханов және атамыз Айдархан Жұмадиевтер де бар. Атамыз ел қорғауга соғыстың басынан қатысып, 1942 жылдың тамызынан хабарсыз кетті. Ал әкеміз Ұлы Отан соғысына 1943 жылдың акпанынан аттанып, 1944 жылдың аяғына дейін жүріп, жаумен талай рет бетпе-бет шайқасты. Қиян-кескі ұрыстарда екі рет ауыр жараганып, ажал ты-

Әкеміз Әбдірахман Айдарханов 1925 жылы 25 желтоқсанда Солтүстік Қазақстан облысының Ленин ауданындағы Қарағаш ауылында дүниеге келген. Кеін бұл «30 летия Казахстана» колхозы болып аталған. Әкеміз соғыс басталғанда он алты жаста екен. Бригадир оны бұғанасы қатпаған балаң жігіт санап колхоздың қын жұмыстарына жұмсайтын көрінеді. Ел басына күн туған қын сәтте уақытпен санаатын, салғыласатын кез емес. Әкеміз бригадирдің айтқанын екі етпей орындайды екен. Әсірессе, жер жырту, лобогрейкамен астық бастыру жұмыстарында әкеміз жүршіті.

Тамыз айының аяқ кезінде астық бастырып жүргенде салт ат мінген ауылдық кенестің хатшысы егістік басына келіп әкеме шақырту қағазын берінти. Сол күні осындай шақырту қағазын колхоздың бес қызы да алышты. Ертеңіне олар аудандық атқару комитетіне жиналып, Қарағанды облысындағы темір жол құрылышына баратыпдықтарын біледі. Ол кезде сыңар жолдың салдарынан Қарағандының қемірін Оралдағы қорғаныс техникаларын шығаратын зауыттарға жеткізу қынға түсken. Сол үшін Отанға аса қажет екінші қатардағы жолды салуға жан-жақтан қыз-жігіттерді жинапты. Бір ғана Қарағаштан осы құрылышқа он алты жасөспірім жіберіліпти. Олар Қарағанды облысындағы Ақтасты стансасында орналасып, жол құрылышына қатысады. Жұмыс өте ауыр болған. Он – он екі сағат жұмыс істеген. Ер балалар қыс түсken кезде қатып қалған жерді ломмен, қайламен, кувалдамен ойып, балшық дайындаса, қыздар жалғыз донғалақты қол арбамен, носилкамен оны тасып, жолға төсеген. Соғыс уақыты болғандықтан тамақ та тапшы болған. Оның ақысын өз еңбеккүні есебінен төлеғен. Жатар орындары да сұық, тактайдың үстінде жатқан. Оралға дейін созылған осы темір жолдың бойында мыңдаған әйелдер мен қыз-жігіттер осындай қыншылықпен еңбек етті. Бірақ қажып, шаршауды білмеген. Өйткені, оларда бір-ақ максат болды: Майдандағы жауынгерлерімізге азық-түлік, қару-жарап жеткізетін жолды тезірек іске қосу, жауды жеңін жеңіске тез қол жеткізу. Әкеміз осы құрылышқа ерекше үлес қосқан Дәмежан Жамалиева, Сабира Ескендірова, Таня Ермолаева, Құлап Жұматаева, Шамар Мейірманова, Зейнеш Сыздықова, Қалиш Әубәкіров, Мырзаш Торғаев, Хамит Хамитов сынды жерлестерінің есімдерін жиі еске алып, кейінгілерге үлгі етіп отырушы еді.

Әкеміз осы құрылышта жүргенде З.Сыздықов, К.Әубәкіров, М.Тоғаев деген үш жолдасымен бірге 1943 жылдың ақпан айында Қарағанды облысының Осакаров аудандық әскери комиссариатынан әскерге алынады. Үлардан басқа 300 жиғіт Петропавлдағы Борки селосына жеткізіледі. Олар жауынгерлік жаттығудан өтіп жатқан

37 және 44 атқыштар полкіне қосылады. Әскери жаттығумен қатар біраз жауынгерді кіші командирлікке оқытады, жаттығу кезінде жауынгерлерге қатал талап қойылған. Танғы алтыдан тұрып, кешк сағат онға дейін әскери-соғыс тәсілдеріне машықтанады. Атамың берін әкеміздің ағасы да осы жерде жаттығып майданға аттанған еді. Әкеміз де солар сияқты майданға жіберуге бұйрық күтіп отырады.

Көп кешікпей 178 атқыштар дивизиясының 44 атқыштар полкінде құрамында майданға жіберіледі. Жауынгерлер мінген эшалон Петрапавлдан батысқа бағыт алғып, жиырма күн дегенде Ржев қаласының маңына жетіп токтайды. Осы жерде оларды әскери мамандықтарына қарай әр бөлімге бөледі. Әкеміз сержант шенімен бөлімше командирі болып тағайындалады. Сол жерден қайта эшалонға мініп Ленинград бағытына жөнелтіледі. Бұл кезде кеңес армиясының басым құші Ленинград қоршауын бір жолата бұзып, жауға күйрете сокқы беруге шешуші шайқасқа дайындалып жатқан болатын.

Құрамында әкеміз бар 44 атқыштар полкі де қаланың солтүстік-батысындағы Карелия-Фин шекарасы маңында Ленинград майданының құрамына қосылады. Аз дайындықтан кеін жаудың бірнеше қатар орналасқан мықты бекіністеріне шабуыл басталады. Алдымен ауыр артиллеријалар мен зеңбіректерден бір жарым сағатқа дейін жау жакқа оқ жаудырылады. Аты анызға айналған «Катюша» да аузынан от жалын бүркеді. Жер мен көк от жалынға тұтасқан мұндай шабуылды жау күтпеген еді. Артатыстан кейін жауынгерлеріміз бірден шабуылға шығады. Бірнеше қатар тартылған тікенек сымдарға шинелдерін төсей салып, лек-легімен арғы бетке өтеді. Әбден қаны қайнап, тұла бойларын намыс буған жауынгерлеріміз қарсы келген жауды атқанын атып, найзаға түйрекенін түйреп жер жастандырады. Тірі қалған жау солдаттары бірінші бекіністі тастай салып, тым-тыракай кеін кашады. Осылай жаудың бірінші бекінісін тартып алған жауынгерлеріміз тағы құш жинап, келесі бекіністерді тартып алуға дайындалады. Ленинградты қоршаған мықты бекіністерінен айырылып қалмау үшін жау бар құшін салады.

44 атқыштар полкіне жаудың екінші бекінісін бұзып өтуге тұра бұйрық беріледі. Әр жауынгердің санасында өлсен де бұйрықты орындау. Сондықтан олар жанаямай шайқасады. Жауып тұрган окқа қарамастан бір адым кейін шегінбей алға жылжиды. Біраз жауынгеріміз қиян-кескі ұрыста оққа ұшады. Алдыңғы шептегі ротаның командирі мен көмекшілері де қаза табады. Ұзакқа созылған шайқас кезінде оқ азайып, азық түгесіле бастайды. Командирдің орнын басқан лейтенант Черкасов әкемізді шақырып алғып, бөлімшесімен барып кейінгі шептен оқ, азық әкелуді тапсырады. Олар тапсырм-

ны орындал, алғы шепке келе жатқанда жаудың финдік мергендеріне тап болады. Олар қарағайдын қалың бұтағына жасырынып, арка-ларында коржындары бар бірнеше жауынгерімізді нысанага алады. Осы кезде мергендердің жасырынып отырган жерін аңдап қалған экеміз автоматтан лезде оқ жаудырып, әлгілердің көзін құртады. Өзі де жараланады. Жарасына қарамастан тірі қалған серіктегімен оқ-дәріні, азық-түлікті рота жауынгерлеріне жеткізеді. Тапсырманы орындаған экемізге алғыс айтылып, госпиталға жіберіледі. Екі жұ-мада емделіп шыққан ол қайтадан Ленинград майданына қосылады.

Ленинград коршауын біржола бұзып, жауды кейін шегіндір-ген әскери құрамаларымыз енді Прибалтика елдерін жау шенгел-нен құтқаруға қатысады. Нарва плацдармын басып алғаннан кейін біздің жауынгерлер жаудың үлкен тосқауылына тап болады. Қалың ағаштың қойнауына жасырынған жаудың бірнеше миномет ұялары жауынгерлерімізді алға жылжытпай қояды. Рота командирі кубан-дық казак Мехайлец экемізге бұл жолы да үлкен сенім артып, бірнеше жауынгерімен жаудың ту сыртынан айналып өтіп, миномет ұяла-рын құртуды тапсырады. Экеміз белімше жауынгерлерімен қалың ағаштың ішімен ми батпакты кешіп өтіп, күтпеген жерден миномет ұяларына шабуыл жасайды. Минометтердің үні өшкен кезде негізгі күш бірден лап беріп, жау тосқауылын талқандайды. Осы жолғы ер-лігі үшін экеміз тағы да наградамен марапатталады.

Әкеміз Әбдірахман Айдарханов барлаушы, взвод командирі ретінде бұдан басқа бірнеше ірі шайқастарға қатысып, бірнеше жауын-герлік тапсырмаларды ойдағыдай орындаиды. Ленинградтан бастап Вязьманы, Карелияны, Нарваны, Эстонияны-Тартуды, Абенаны, Выруды және басқа да елді мекендерді азат етуге қатысып, жауын-герлік ерліктерімен көзге түседі. Сол көрсеткен ерліктері үшін үшін-ши дәрежелі «Данқ», бірінші дәрежелі «Отан соғысы» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталады.

Риганы азат ету жолында жау минасына түсіп, үшінші рет ауыр жараланады. Рыбинск қаласында бірнеше ай госпитальда жатып, 1945 жылдың 30 наурызында майдандағы жауынгерлік жолын аяқтайды. Женісті туган жері Қарағашта қарсы алады. Согыс аяқта-лысымен бейбіт еңбекке араласып, Қарағаш мектебінде үстаздық етеді. Петропавл қаласындағы мұғалімдер институтын бітіргеннен кейін әр жерде мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры болып абырайлы қызмет атқарды. 1958 жылдан 1984 жылға дейін ішкі істер органдарында қызмет істеп, полковник шеінімен құрметті демалысқа шықты. Бейбіт жылдардағы абырайлы еңбегі үшін бір-неше медальдармен, Құрмет грамоталарымен, бағалы сыйлықтар-

мен марапатталды. Ұзаққа созылған науқастан кейін 1998 жылдың 19 ақпанында қайтыс болды. Әкеміз Әбдірахман Айдархановтың өз өмірінде Отаны үшін жасаған қызметі біздерге, кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнеге болмақ.

Халида, Сара, Роза ӘБДІРАХМАНҚЫЗДАРЫ

ЕРЛІК ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ



Виктор Булавский

өмірімен танысып, білімдерін толықтыру мүмкіндігіне ие болып отыр.

Жерлесіміздің жасаған ерлігін тарқатып айтар болсак, Ұлы Отан соғысы басталған күннен-ақ неміс-фашист басқыншыларымен батыл айқасқа түскен Виктордың полкі мұның алдында – 1939 жылы Финляндия майданында Суммаяри кентін жаулардан азат етуге қатысады. Сол жерде полк қаланың жанындағы жау шоғырланған 65,5 жотаны басып алу туралы бұйрық алады. Бұйрықты бірнеше рет орындауга тырысканымен, жауынгерлер жау оғының астында қалып шегінуге мәжбүр болады. Себебі, оқты қарша боратқан жаудың пулеметтер мен минометтері әскерлердің алға жылжуына кедергі жасайды. Сонда полк командирі Виктор жеке өзі барлауға шешім қабылдайды. Жасырына жүріп, ашық аланға жеткен соң еңбектей бастаған аға лейтенант

Ұлы Отан соғысы алыстаған сайын өз Отаның қасық қаны қалғанша қорғаған солтүстікқазакстандық ардағерлердің қатары жыл санап сиrep барады. Өскелен ұрпаққа сол жылдардың қынышылығын, ардағерлер еңбегін түсіндіру мақсатында ұрпақ сабақтастыры қажет. Осы орайда мектеп мұражайларының маңызы зор.

Облыс орталығындағы № 2 орта мектептің мұражайында Кеңес Одағының Батыры Виктор Булавскийдің 20 жылдық өмір жолы мен Ұлы Отан соғысындағы ерлігі бајандалған ескерткіш тақта ілүлі тұр. Бұл тақта арқылы мектеп оқуындары соғыс жылдарындағы қыншылық пен атақты жерлестерінің

378

Виктор Булавскийді де жау пулеметтер мен минометтердің оғымен қарсы алады. Төбенің ығына жасырының, бой тасалаған Виктор көрғен-білгенин рациямен батареяға хабарлап, жауға оқ жаудыруды бүйірады. Сол-ақ екен, жауынгерлер де жауға лап қойып, қарсыластың тас-талқанын шығарады. Бұл айқаста іші мен кеудесінен жараланған Виктор сол жерде алған жарақаттан қаза табады.

Ерлігімен жолдастарын өлімнен аман сақтап қалған Виктор Булавскийге ұрыс алаңында көрсеткен ерлігі мен табандылығы үшін Кенес Одағының Затыры атағы берілді. Батыр Сестрорецк қаласында жерленген. Оның есімі Коломна артиллеријалық училищесі жеке құрамының тізіміне мәңгілікке тіркелген. Булавскийдің есімі өзі қаза тапқан жотага, Петропавл мен Санкт-Петербург қалаларының көшесіне беріліп, оқыған мектебінде ескерткіш тақта илуі тұр.

Женіс үшін, біздің болашағымыз үшін қаза тапқан жауынгерлердің есімдері жүргегімізде мәңгі сақталады. Сондықтан біз Виктор Булавскийдің ерлігін мәңгі жадымызда сақтап, дәл сондай қаһармандық жасаған азаматтар бүгінгі өскелен үрпаққа үлгі-өнеге болса екен деймін.

*Анна КУЧЕРЕНКО,
зейнеткер*

АРДАГЕР АНАТОЛИЙ

Ұлы Жеңістің мерекесі қарсаңында сол бір «толарсақтан саз кешіп, мұз жастаған» жылдарды еріксіз еске аламыз. Соған овай мен Солтүстік Қазақстан облысының Естелік кітabyна есімі жазылған майдангер, Ұлы Отан соғысы мен өртке қарсы қызмет органдарының ардагері Анатолий Овсянников туралы айтқым келеді.

Анатолий Дорофеевич 1925 жылы 14 сәуірде Ресейдің Николаев қаласында дүниеге келген. 1941 жылы ол қалалық әскери комиссариат арқылы Қызыл Армия қатарына шақырылыпты. Жауынгер соғыстың алғашқы күнинен соңғы күніне дейін қатысып, алапат шайқастардың ауыр жолдарынан өткен.

Анатолий Овсянников бірінші және екінші Украина майданында Отан алдындағы борышын абыраймен атқарған.

Дүлей толқынды Днепрден өту кезінде көрсеткен ерлігі үшін Анатолий Дорофеевич III дәрежелі «Данқ» орденімен маралаттальды. Осынау су бөгетінен өту Отан үшін от кешкен жауынгерлердің жанқиярлығын танытты. Днепрдегі женіс Киевке жол ашты, оны азат ету 6 қарашада аяқталды.



Анатолий Овсянников

1944 жылы Украинаның оңтүстігін жаудан босату операциясы басталды. Анатолий Овсянников Корсунь-Шевченко операциясы кезінде жау тобын коршауға алып, жойып жіберу ұрыстарына қатысты. Ол Украин майданының жауынгерлерімен бірге Карпат тауының бектеріне жетіп, кейні КСРО-ның мемлекеттік шекарасына шықты. Осы жылдары оның наградаларына II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Украинаны жаудан азат еткен үшін», «Кеңес Одағының маршалы Г.К.Жуков» медальдары қосылды. Одан кейінгі мерекелік медальдардың өзі бір тәбе.

Соғыс аяқталғаннан кейні Анатолий Дорофеевич Қазақстанның қыыр солтүстігіндегі Совет (қазіргі Аққайын) ауданының орталығы – Смирново ауылына қоныс тепті. Ол

1970 жылдан 1985 жылға деін сондағы № 11 өрт сөндіру бөлімінде жүргізуши болып енбек етті. Қазір қарт майдангер осы ауданың Черкасское ауылында жиенімен бірге тұтін тұтетіп жатыр.

Отан соғысының отты жылдары, оның қатал сынақтары мәнгі бақи жадымызда сақталады, үрпактан үрпаққа мирас болып қалады. Шын мәнінде ауқымы мен маңызы жағынан Ұлы Отан соғысы болған, кез келген отбасына қайғы-қасіret әкелген қанды шайқас жайлы естелік адамдардың жүрегінде жатталады. Сол майданда «жауынгер етігімен бүкіл Еуропаны басып өткен» Анатолий Овсянников сынды ардагерлер пер әрқашан да мактанышымыз болып қала бермек.

Болат ЭБІШЕВ,
Аққайын аудандық №9 өрт сөндіру бөлімінің басшысы



БАТЫЛ МАЙДАНГЕР, ТӘЛІМДІ ҰСТАЗ

«КСРО-ның халық мұғалімі», «Қазақ КСР-иң еңбек сінірген мұғалімі» атақтарының иегері, Ұлы Отан соғысының ардагері Григорий Кубраковтың есімі ел есінде екені сөзсіз.

Григорий Кубраков – білікті педагог ретінде бүкіл Қеңес Одағына танылған жан. Өмірінің көп бөлігін жас ұрпаққа білім беру, оларды тәрбиелеу жұмысына арнаған Григорий Максимович өзінен кейінгі талай буынның тәлімгері атанады. «Жасының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген осы болар.

Атақты ұстаздың өмір жолы қайғы-қасіретсіз болған жоқ. 1920 жылы қазіргі Есіл ауданының Петровка ауылында дүниеге келген ол жастай жетім қалып, өгей әкенін қолында өседі. Алты жасынан колхоз жұмысына араласады. Жігері мұқалмайды, тағдыр тауқыметіне де мойынсұнбайды. 1936 жылы Петровка жетіжкілдік мектебін бітірген соң Петропавл медициналық техникумының фельдшерлік бөліміне оқуға түседі. Оны тәммудағаннан кейін 1939-1941 жылдар аралығында Приишим аудандық денсаулық сақтау бөлімінде мемлекеттік санитарлық инспектор болып қызмет атқарады. Ал бұдан кейін ел басына күн туып, ол өз қатарластарымен бірге қан майданға аттанады. 1944 жылға дейін өз жанын шуберекке түйін жүрін, жауынгерлердің өмірін сақтауга тырысқан медицина қызметкері № 243 медициналық санитарлық батальонның қатардағы фельдінері, № 374 танкіге қарсы дивизияның аға фельдшері, тінті, танкіге қарсы қарудың көздеушісі де болған. Зулаған өкітің астында жарапанғандардың өмірі үшін арпалысып, өз міндеттін қалтқысыз орындаған Григорий Максимович 1944 жылы Эстония жерінде ауыр жарапанып, эскерден медициналық қызметтің лейтенанты атағымен босатылады.

Елге II топтагы мүгедек болып оралған ол Ленин аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болады және Приишим аудандық денсаулық сақтау бөлімінде қызмет атқарады. Сондай-ақ аудандық



Григорий Кубраков

«За большевистские колхозы» газетінің редакторы болады. Міне, соғыстан кейінгі 8 жылда осындай жауапты қызметтерді атқарды. Ол үнемі халық назарында, ал елдің ахуалы оның көз алдында болды. Содан да болар, бұл жылдары Григорий Кубраковты соғыс жылдарынан кейін әке тәрбиесін көрмей, есіп келе жатқан жас буынның болашағы қатты толғандырады. Ол педагогикалық тәрбиеге назар аударып, Антон Макаренконың тәжірибесімен танысады. Осы ынтасының арқасында 32 жастағы Григорий Максимович Петропавлдағы мұғалімдер институтына оқуға түсіп, оны аяқтаған соң бірден Мамлют ауданындағы Воскресеновка жетіжылдық мектебіне директор болып тағайындалады. Ізденисті серік етіп, өз білімін үздіксіз жетілдіріп оғырған педагог 1958 жылы К.Д.Ушинский атындағы Петропавл мемлекеттік педагогикалық институтын сырттай оқып, тәмамдайды.

Медициналық білімі мен аңсары ауған ұстаздығының қабыстыра білген педагог 1963 жылы Мамлют санаторийлік мектеп-интернатына директор болып тағайындалған шакта тағы бір тынысы ашылғандай болды. Денсаулығы әлсіреген, өкпе ауруына шалдықкан және соған бейім балаларға арналған бұл оку орны Г.Кубраков басшылыққа келгенде құрылды қалдықтарының ортасында, улдеген желдің өтінде тұрған болатын. Қазір көлдан өсірілген жасыл бақтың ортасында тұрған мектеп-интернат атақты ұстаздың атқарған жұмыстарының, озық тәжірибесін мұрасы іспетті.

Міне, өз дәуірінде толағай табысқа, бір адамға жетерлік құрметке ізденімпаздығының арқасында жеткен үлгі одақтық, республикалық кеңестерге қатысып, бұқаралық ақпарат құралдарының сүйікті кейіпкеріне айналды. 20 медальмен, 10 Құрмет белгісімен, 30-дан артық Құрмет грамоталарымен марапатталған соғыс ардагері, педагог Григорий Кубраковтың бұл даңқы, атақ-абыройы – қажырлы енбекгін, аңы тердін жемісі. Өз дәуірінде жұлдызы жарқыраған ұстаз өмірден озса да, оның есімі әріптестерінің, шәқірттерінің мәңгі есінде.

Григорий Максимович 25 жыл еңбек еткен Мамлютка санаторийлік мектеп-интернаты бүгінгі күні оның салып кеткен сара жолымен нық басып келеді. Ол құрған әртүрлі жақсы жасақтар, өзі енгізген оқушыларды өзін-өзі басқару кенесі, оқушылардың шығармашылық, сондай-ақ тәжірибе участкесіндегі жұмыстарға колдау жалғасуда. Жылдар өте жаңара түскен бас ордасының қалыптасқан дәстүрлери қалпында сақталған. Туганына 90 жыл толып отырған атақты педагогтің құрметші мектеп-интернат кабырғасына ескерткіш тақтаниң орнатылуы да оған көрсетілген шекسіз құрмет пен ризашылықты білдіреді.

Бибісара САМБАЕВА,
Мамлютка санаторийлік мектеп-интернатының мұғалімі

ӨМІРІ ДЕ, ӨНЕРІ ДЕ – ӨНЕГЕ

Ұлы Отан соғысында женіске қол жеткізген ардагерлеріміз жыл сайын азайып барады. Сондай ардагерлеріміздің бірі тірі болса биыл 90 жасқа келетін, эттең осыдан 2 жыл бұрын дуниеден өткен полковник Қайырбек Сыздықұсов ағамыз еді.

Қайырбек Сыздықұлы 1922 жылдың 23 ақпанында қазіргі Жамбыл ауданындағы Айтуар ауылында туған. Сол аудандағы Майбалық орта мектебін бітіргеннен кейін 1939 жылдың 1 қыркүйегінен бастап әуелі Ұлгі жетіжылдық, сосын Баян жетіжылдық мектептерінде мұғалім болады.

1940 жылдың қазан айында әскерге шақырылып, Амур облысындағы Свободный қаласында орналасқан 3-ші Қырым дивизиясының 18-ші Крачанский Қызылтулы полкіне жіберіледі.

Ұлы Отан соғысы басталысымен, Комсомольск-на-Амуре қаласына 2-ші Владивосток жаяу әскер училищесіне жіберіледі. 1942 жылғы акпанда училищені лейтенант шенімен бітірген Қайырбекті Кеңес Армиясының командирлік құрылымына кіргізеді де, Краснояр өлкесінің Канск қаласында орналасқан Сібір әскери округінің 120-ыншы запастағы полкіне станковый пулемет взводының командирі етіп жібереді. Сол жылғы наурызда Волхов майданына жіберіледі. Ал сол жылғы сәуірде 120-ыншы запастағы полкке қайтарылып, сонда 1944 жылғы тамыз айына дейін взвод командирі қызметінде солдаттар мен сержанттарды үйретіп тәрбиелейді. 1944 жылғы тамызда Сібір әскери округінде білімін жетілдіру курсында болады. Курсты бітіргеннен кейін Омбы жаяу әскер училищесінде кіші лейтенанттар даярлайтын курста сабак береді. 1945 жылғы сәуірден аяғында 3-ші Беларусь майданы 5-ші армия қарамағына жіберіледі де, солармен Шығысқа аттанады. Сол жылғы маусым айында 5-ші армияның 63-ші атқыштар дивизиясының командирі болып тағайындалады. Империалистік Жапониямен соғыс басталғанда 1-ші Кыр-



Қайырбек Сыздықұлы

Шығыс майданының 5-ші армиясындағы 346-ыншы полкта болып соғысқа қатысты. Бұл полк соғыс біткеннен кеін 1946 жылғы маусымға дейін Манчжуриядағы Гирин қаласында тұрды. Қайырбек осы полкта станковый пулеметтер ротасының командирі және атқыштар батальоны командирінің аға адъютанты қызметтерін атқарды. 1956 жылғы мамыр айында ол Қызыл Шығыстан Түркістан әскери округіне жіберіліп, Ақмола қалалық әскери комиссариатының 2-ші бөлімінің бастығы болып тағайындалады. 1960-1972 жылдары Ақмола облысының Вишневский ауданында және Қостанай облысының Боровской ауданында әскери комиссар қызметін атқарды.

Қайрекең әскер қатарында үздіксіз қызмет етіп, 1972 жылды полковник дәрежесінде запасқа шығады. Ол Қарағанды педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. Запасқа шыққаннан кейін де Қайырбек Сыздықов босқа қарап отырған жоқ. 1972-1978 жылдары Солтүстік Қазақстан облыстық табиғатты қорғау қоғамы төрағасының орынбасары болып істеді. Сонымен қатар облыстық «Қазак тілі» қоғамының, ақсақалдар алқасының белсенді мүшесі, облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінін штаттан тыс тілшісі болды.

Соғыста және бейбіт өмірде Отанға сінірген зор еңбегі жоғары бағаланған Қайырбек Сыздықов II дәрежелі «Отан соғысы» және «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, 20-дан аса медальдармен, көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған. Ол – Солтүстік Қазақстан облыстық әскери комиссариатында зейнеткерлер қатарындағы қазақтар арасында КСРО Қарулы Күштерінің ардагері болып «Ардагер» медалімен марапатталған жалғыз офицер.

Қайрекең әңгіме, очерктер, публицистикалық мақалалармен қатар өлең де жазатын. Сонымен бірге ол өзінін кейбір өлеңдеріне және басқа ақындардың өлеңдеріне ән шығаратын сазгер де болды, жалпы ол 20-дан астам ән шығарған. Олардың ишинде Сырбай Мәуленовтың «Қос кару», Махмудбай Әміреевтың «Ардагерлер», Игібай Әлібаевтың «Туған жерім Айтуар», Қәкімбек Салықовтың «Құлшы, еркем», Мақсұт Байсеитовтың «Арманым аңсаған», Мұтәллап Қанғожиннің «Қызылжар» атты өлеңдеріне шығарған әндері бар. Сазгердин кей әндері облыстық, республикалық радио арқылы шырқалып тұрды. Мысалы, Игібай Әлібаевтың сезіне жазылған «Айтуар» әнін белгілі әнші Әскербек Енішбаев республикалық радио арқылы талай рет шырқады. Мұтәллап Қанғожиннің сезіне жазылған «Қызылжар» әнін республикаға белгілі әнші Айғұл Мұхаметжанова орындады. Оның «Ардагер» әнін кезінде облыстық радиодан белгілі әнші Бүркіт Бекмағамбетов айтып жүрді. 1994 жылды мамыр айында облыстық филармонияда қазақ емес ұлттар өкілдерінің мемлекет-

тік тілде өткізілген саз-поэзиялық фестивалінде Қайрекеннің өзінің туған ауылы Айтуардың жастарына арнап шығарған «Сенбесендер, келіп көр» атты әнін Петропавл пединститутының музика факультетінің студенті Новелла Попова нәшіне келтіріп таза қазақ тілінде тамылжыта шыркағанда, жиылған халық зор ризашылықпен қол сокқан еді. Осы әнді тамаша орындағаны үшін Новелла қазылар алқасының шешімімен жүлделі орынга ие болып, марарапатталған болатын. Қайрекеннің «Бұлбұл қызы» атты әнін өзі де бұлбұлдай шырқап айтып жүрген әнші Дәмеш Құрманкина орындады.

Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысқан, КСРО Қарулы Күштерінің ардагері, полковник Қайырбек Сыздықовтың өмірі мен өнері жастарға, әсіресе, оларды отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеуге үлкен үлгі-өнеге болады деп сенеміз.

*Қайролла МҰКАНОВ, Мәдениет қайраткері,
Қазақстан Журналисттер одагының мүшесі*

ЕКІ СОҒЫСҚА ҚАТЫСҚАН ҚАРТ

Жүріс-тұрысы ширақ, кейбір сәттерде төрінде ілулі тұрган домбырасына немесе диванның жанындағы түймелі сырнайына қол созып, көңіл күй күрышын бір қандырып алатын бұл ақсақалдың бүгінде сексенниң сегізине толып отырғанына біреу сенер, біреу сенбес. Шындығы сол – неміс басқыншылары мен жапон милитаристеріне қарсы екі бірдей соғысқа қатысқан қарт майдангер екінші қабаттағы пәтеріне ешкімнің көмегінсіз-ақ кіріп-шығып, үй маңындағы аққайынды орманға барып, күнде кешкілік серуенденеп қайтады. Барлық еңбек жолын орман шаруашылығы қызметіне арнаған ақсақал қартайған шағында мемлекеттің өзіне қамқорлық жасап. жасыл желекті жерден үй бергенін Тәңірдің сыйындағы көреді.

Бала жасынан бейнетті көп көріп, ерте жетім қалған Садиқан Қазыбаевты өмір үлкен сыннан өткізін, шыныққан құрыштай етш



Садиқан Қазыбаев
зайыбы Рабигамен бірге

шығарған. «Жұзге жетпей, өмірден өтерім жок» деп әзілдей айтса да, өзіне қайрат бере сөйлейтіні де сондықтан.

Сәкен – Жамбыл ауданындағы Айтуар ауылynyң тумасы. Ашаршылық ауыртпалығынан жан сактау үшін оның отбасы 1931 жылы аудан орталығы – Пресновкаға кешіп келген, экесі Кожахмет сондағы «Сталин» ұжымшарында ағаш шебері болып істеген. Ел басына түсken аштық зардабынан орыс ағайындардың арасында жүріп, аман қалғандары анық. Алайда, «Жұт жеті ағайынды» дегендей, бала басына түсken ауыртпалық аз болған жоқ. Он жасында анасы Мұслимадан айрылды, одан әрі білім алу туралы ойлау да мүмкін емес еді. Өмір бақи үш-ақ сынып орыс мектебінің білімімен шектеліп қалғаны да сондықтан. Қөп ұзамай экесі істі болып, қамауда жатып кез жұмды. Отбасында қалған бес баланы экесінің апасы Мәкен өз қолына алды. Жоқшылық жылдары оның қандай өмір болғаны белгілі, амалсыздан 13 жасынан еңбекке араласуына тұра келді. Ұжымшарда мал бақты, дала жұмыстарында өгіз басына отырды. Әйтеуір не керек, іні-қарындастарының күнкөрісіне септігін тигізіп, Ұлы Отан соғысы алдында тізе бүкпей енбек етті. Сол бір кездегі толарсағынан боз қырау кешіп, не ішер асқа, не киер киімге жарымаған күндері еске түссе, әлі күнге дейін сай-сүйегі сырқырайды.

Соғыс басталған жылы астық жаман шыққан жоқ. Бірақ соны дұрыс жинап алатын жұмыс күші жетпей жатты. Ұжымшардағылар тайлыш-тұғыры қалмай егінді маялап үйіп, оны кейін қыста соғып алды. Сол кезде кәмелеттік жасқа жетіп қалған Сәкенді ұжымшар басшылары жұмыстың тек ұрымтал тұсына жұмсайтын. Жастайынан енбекпен шыныққан ол өте қажырлы еді, астық маясын айырлап лобогрейка өңешіне лақтырғанда оған тең келетін жан табыла бермейтін.

Жастайынан өмір көрігінде қайнап, әбден ысылған оған майданың жорықты жолдары өзгелерге қарағанда жеңілдеу тигені рас. Әрі орысша аздал сауаттылығы да бар, тілден қындық көрген жоқ. Он сегізге толған өндір жас әскерге 1942 жылдың жазында шақырылып, Алтай өлкесіндегі Бийск қаласында дайындықтан өткен соң келер жылдың наурыз айынан бастап соғысқа кіреді.

– Екі соғысты басымнан өткердім. Әуелі Малиновский қолбасшылық еткен 2-ші Украина майданындағы 73-ші жаяу әскер дивизиясының құрамында Харьков, Молдавия, Румыния, Австрия және Чехословакия бағытындағы азат ету ұрыстарына қатысып, неміс басқыншылары тізе бүккеннен кейін Қыыр Шығыстағы жапон милитаристеріне қарсы шайқастым. Батыс майданында жаудың әуе шабуылы кезінде бір рет қатты контузия алғаным болмаса, денеме

сызат салған басқа жаракатым жоқ. Жаяу әскер – майданның алғы шебіндегі жасақ, кез келген соғыс кимылдарынан соң оның қатары мүлде сиреп қалады. Сол себепті қатардағы жауынгер болғаныммен, ұрыс кезіндес взвод басқарған кездерім де болды. Мәселе шен мен дәрежеде емес, соғыста алдымен бас амандығын тілейсің, «Қырық жыл қыргын болса да, ажалды өлеңді» демекші, әйтеуір, дәм-тұзымызды елден жазды ғой, - дейді Садиқан ақсақал сонау отты жылдарды еске алып.

Айта берсе, оның әңгімесі таусылатын емес. Мысалы, жапонның Квантун армиясын талқандағаннан кейін ондағы кенес әскері Қытай жағына қолдау жасап, басында Мао Цзедуннің жеке басын күзеттуді де өздері жүргізіпті. Ақсақал сол күзеттің құрамында болғанын айтады.

Сәкен әскерде бес жыл қызмет атқарып, елге 1947 жылы ғана оラ-лыпты. Үйде бір іпісі мен бір қарындасты ғана қалған екен, өзінен кейінгі бір інісі әскерге алынып, ал бір қарындасты тұрмысқа шығыпты. Өзі де бірден үй болуды ойлады, Жарқын ауылынан Рабига есімді қызбен көңіл қосып, шаңырақ көтерді. Оған Мәкен апасы шама-шарқынша той жасап берді. Еңбек десе, елегізіп тұратын Сәкен бірден Преснов орман шаруашылығына қатардағы орманшы болып орналасты. Содан табан аудармай 37 жыл жұмыс істеп, зейнет демалысына шықты. Бауырынан тараған жеті баланы өсіріп-оқытып, бәріне жоғары білім беру үшін молырақ мал ұстап, үй шаруасын күйттеді.

Балалар демекші, бәйбішесі Рабига әжей екеуі бүгінде солардың қызығына кенеліп, 14 немере және 4 шөбере сүйді. Отбасына ұйытқы болған асыл ана бұрнағы жылы алтыннан алқа тағып, елінің көпбалалы анаға деген құрметіне бөленіп отыр. Ерлі-зайыпты үйелмендердің бағына қарай Алла гағаланың оларға берген тағы бір сыйы – 65 жыл бір шаңырақтың астында тұтін тұтетіп келе жатқандары. Бұл ілуде біреудің ғана мәндайына жазылған бақыт. Соғыс ардагері мен тыл енбеккерінің отбасына өткен жылы қаланың жаңа ауданынан жайлы коммуналдық пәтер берілді.

– Осындай жақсылық жасап, еңкейген шағымызды екі бөлмелі пәтер беріп, қолымызды жылы суға тигізген алдымен Елбасына және облыс, қала басшыларына айттар алғысымыз мол, - дейді олар.

Жылдағы Женіс мерекесі – Садиқан Қожахметұлы үшін қашанда үлкен мейрам. Қалаға көшіп келгелі мәңгілік алау басындағы салтанатты жиыннан қалып көрген емес. Мерекеге бәйбішесі Рабига ақсақалының төсі орден мен медальға толы костюміп күні бүрын дайындалап қойыпты. Оларды көріп, майдангердің жеңісті жолына

қаныға түстік, атап айтқанда, Харьковты, Кишиневті, Будапешті. Венаны жаудан азат стугс катысқанын білдік. Өңірінде Отан соғысы орденінен басқа Германияны және Жапонияны жеңгені үшін медальдары да жарқырайды.

Тоқтар ЗІКІРИН

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Жаяу әскер, аға сержант Сергей Степанович Балуевтің жауынгерлік өмірбаяны тым қыска қайырылды. Сақа жігіт шағында сол кездегі Преснов аудандық әскери комисариаты оны Железинка селосынан әскерге шакырып еді. Ол бірден майданның алдыңғы шебіне тап болды.

Қызы Надежданың айтуынша, ол соғыс жайын еске ала беруді жақтырмайды екен. Бір көңілі түсіп, жаймашуақ кезі болмаса, көп ашыла бермейтін көрінеді. «Колға таяқ не басқа бір зат түсе ме, сонымен айқастық қой деуші еді әкем, - дейді Надежда Сергеевна. – Қасындағы көршің жарапанып, не өліп қалса, соның винтовкасы не автоматына тезірек жармасатынбыз».

Бірде аға сержант өз жолдастарымен снаряд астында қалып, оның бір аяғын жұлып әкеткен екен. Аяғының тұқылына операция жасамақшы болған. «Операция устелінде қолымда қатты жабысып қалған автоматты әзер дегендеге жазып алыпты ғой. Санитарлар алақанымды зорға ашқан көрінеді», - дейді екен Сергей Степанович.

Госпитальдан шығысымен, ол 1942 жылы елге оралды. Мұнда да оны еш жақсылық күтіп тұрган жоқ еді. Әйелі мүгедекпен бірге тұрғысы келмей кетіп қалды. Әйтеуір, тырбанып жүріп жұрт қатарлы еңбек етті.

1949 жылы ол «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталды. Тек 1951 жылғы 30 мамырда ғана II дәрежелі Отан соғысы ордені өз иесін тапты. Ұлы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында соғыс кезінде көрсеткен ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығы бойынша I дәрежелі Отан соғысы ордені салтанатты жағдайда табыс етілді.

Екінші рет тұрмыс құрып Таисия Александровна екеуі ұзак отбасылық ғұмыр кешті. Өмірге келген үш баласы да тиісті білім алғып, жап-жақсы азаматтар қатарында. Айтпакшы, Таисия Александровнаның өзі де кейіннен «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы ерлік енбегі үшін» медалін омырауына таққан. Қаншама жылдар бойы Железинка селосының неше үрпақ бойы балаларын оқытып, тәрбие берді. Енбегі сіңген мұғалім.

Ұлы Женістін 50 жылдығына бір жыл қалғанда Сергей Степанович дүниеден өтті де, отбасы көп кешікпей басқа жаққа көшін кетті. «Бекер істегенбіз, - дейді жақында әкесінің басына келіп қайтқан кызы Надежда Сергеевна. – Туған елің, туған жеріндегі болмайды екен. О дүниелік болса да әкенде де сағынады екенсің. Бекер істегенбіз».

Әмір, қайткенде, бір шындыққа көзінді жеткізеді.

*Василий ЛУКЬЯНЧЕНКО, «Отан» партиясы
Жамбыл аудандық өкілдігі төрагасының орынбасары*

ҚАҢАРМАН ПАРТИЗАН НИКОЛАЙ ЗЕБНИЦКИЙ

Ұлы Отан соғысына дейін Қазақстанда тұтін тұтетін жатқан адамдардың саны 6,5 миллион болатын, соның төрттен бірі – 1 миллион 700 мыңды туған жерін жаудан қорғауға аттанды. «Толарсақтан саз кешіп, мұз жастанып» жүріп, майдан даласында көрсеткен теңдесі жоқ ерліктері үшін 500 қазақстандық жауынгер Совет Одағының Батыры атанды. Соның бірі – біздің жерлесіміз Николай Зебницкий.

Зұлмат соғыстың алғашқы күнінен бастап неміс басқыншылары уақытша жаулаپ алған КСРО аумағында партизан отрядтары мен жару жұмыстарымен айналысатын топтар пайда бола бастады. Олар қоршауга түсін қалған, майдан шебі арқылы өз әскерише өте алмаған немесе тұтқыннан қашқан Қызыл Армияның командирлері, саяси қызметкерлер мен жауынгерлер болатын. Тарихта бұрын сонды мұнданай бүкілхалықтық қозғалыс орын алмаған еді. Неміс-фашист басқыншыларына қарсы жау тылында ұйымдастыран партизандар қозғалысына Кеңес Одағының барлық халықтары – белорустар мен украиндықтар, орыстар мен қазақтар, түркімендер мен өзбектер, қыргыздар мен татарлар, грузиндер мен башқұрттар, армяндар мен азербайжандар, басқа да ұлттар мен



Николай Зебницкий

ұыстың қатысты. 1943 жылдың сонында жау басып алған аумактың жартысынан астамы партизандардың бақылауында болды. Партизан күрамаларының катарында бірнеше мындаған казақстандықтар да шайкасты. Солардың арасында қаһармандығымен көзге түсken Николай Зебницкийді ерекше атайды аламыз.

Николай Васильевич (17.12.1919-29.11.1975) Новосухотино ауылында, кәзіргі Тайынша қаласында туған. Сонда орта білім алғып, мұғалім болып еңбек еткен. 1940 жылдан Қызыл Армия қатарында. 1941 жылы Орлов жаяу әскер училищесін тәмамдап, соғыстың алғашқы күнінен жау әскерлеріне қарсы корғаныс шайқастарына қатысты.. 1941 жылы қыркүйек айында Батыс майданының ерекше мақсаттағы отрядының взвод командирі болып тағайындалған ол Витебск және Смоленск облыстары аумағында жау тылында арнайы тапсырма орынады.

1942 жылы сәуір айында Батыс майданының Ерекше бөлімінен құралған 50 адамдық топ б-шы армия түрған жерде майдан шебінен етіп, жау тылында партизан қозғалысын ұйымдастыруға кіріседі. Осы кезде мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің кіші лейтенантты Николай Зебницкий (лақап аты «Зимин») «Екінші» («Вторые») партизан отрядының комиссары болып тағайындалады. Отряд ресми турде Дзержинский атын иеленгенімен, Батыс майданының Ерекше бөлімі мен БКСР 1СХК-нің (НКВД) басшылығымен құрылған «жедел-чекист тобының екінши партизан отряды» болғандықтан, көптеген құжаттарда «Екінші» атауымен көрінеді.

1942 жылы шілде айының басында аталмыш топқа белгілі ауданда неміс офицері құпия құжаттармен жүр деген ақпарат келін түседі. Партизан отрядының алдына жекелеген неміс бөлімдерінің орналасу жағдайлары көрсетілген құжаттарды қолға түсіру міндеті қойылады. 4 шілде күні Могилев облысының Краснопольск ауданындағы Пылня деревнясы маңында партизандар тобы неміс офицеріне торуыл ұйымдастырады. Жаумен шайқас кезінде құжаттар қолға түседі, алайда отряд командирі Павел Кочуевский ауыр жаараланып, қаза табады. Комиссар Зебницкий саптан шығып қалған командирді ауыстырып, отряд басшылығын өз қолына алады. Осы жолғы ерлігі үшін Николай Зебницкий Қызыл Ту орденіне ұсынылады.

Оның басшылығымен отряд 1943 жылғы қараша айына дейін жау тылында әрекет етті, Могилев, Гомель, Орлов, Смоленск, Полесье және Чернигов облыстары аумағында зиянкестік-барлау операцияларын жүргізді.

Арнайы отряд жиырма ай бойы жау тылында болды. Орталыққа жау әскерлерінің орналасуы, темір жол эшелондарының, автомо-

бильдер мен бронды танк техникаларының қозғалысы туралы барлау ақпараттарын жіберіп گүрді. 1942 жылы 30 казанды ең алғаш рет немістің бронды поезын апатқа ұшыратқан да – осы «Екінші» отрядтың партизандары болатын.

Әскери операциялардың нәтижесінде жаудың 5 эшелоны техникаларымен және адамдарымен, 19 женел және жүк автомобилдері жойылды, 106 полицей, 7 бургомистр, 377 жау солдаты жер жастанды, 13 болыстық басқарма, 2 тас жол көпірі, 5 шакырым байланыс желісі тасталқан етілді. Бұдан басқа, Василевичтегі түрме құртылып, одан өлім жазасына кесілген 90 тұтқын құтқарылды. Пәрменді үтіп жұмысының арқасында құрамында 27 адамы бар полиция отряды қару-жарагымен партизандар жағына шықты. Могиев облысының Костюкович ауданының Новая Буда деревнясындағы жау горизоны жойылды.

1943 жылы 27 акпанда Зебницкий басқаратын партизандар басқа отрядтармен бірге аудан орталығы Крюководагы горнizonды жойып жіберуге қатысты. Соның нәтижесінде қалалық және аудандық комендатура, май зауыты, түрме, банк, 10 тонна астық, 12 неміс жермен жексен етілді. Операция нәтижесінде 80 винтовка, 2 жазу машинкасы, 1,5 тонна май, 2 жәшік оқ, әртүрлі құжаттар арбасы олжаланды. Отрядта адам шығыны болған жоқ.

Жаумен шайқас кезінде «Екінші» отряд 25 әскери жолдастарынан айрылды, алайда олардың қатары жергілікті тұрғындармен және бұрынғы әскери тұтқындармен толығып отырды. Сейтіп отрядтағы партизандар саны 219-ға жетті. Соған орай отряд базасында Орталықтың бүйрекімен жаңа «Алға» («Вперед»), «Днепр», «Кандастар» («Кровные») барлау топтары құрылды.

Жау тылында жауынгерлік тапсырмаларды үлгілі орындағаны және Белоруссияда партизан қозғалысын дамытуға қосқан ерекше үлесі үшін аға лейтенант Николай Зебницкийге КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының Жарлығымен 1944 жылы 1 қаңтарда Кенес Одағының Батыры атағы берілді.

Ұлы Отан соғысынан кейін Николай Васильевич Гомель және Ростов облыстарында мемлекеттік каяїпсіздік органдарында қызмет етті. 1955 жылы ол майор шенінде запасқа шықты. Екі Ленин, Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және жауынгерлік медальдармен маралатталған Батыр Гомель қаласында жерленген.

2007 жылы желтоқсан айында Гомель облысы бойынша МҚҚ басқармасының ғимаратына Николай Зебницкийдің құрметіне ескерткіш тақта орнатылды. Батырдың тұған жері Тайынша қаласындағы бір көше Николай Васильевичтің есімімен аталады.

ОТ КЕШКЕН КҮНДЕР



Константин Дедов

Қызылжар аудандық ардагерлер кенесіне кіріп келген Константин Дедов бөлме ішіндеғілермен шүйрекелесе амандасып жатты. Сексенниң сенгіріне шықкан соғыс ардагерінің бет-әлпеті солғын тартып, көздері шүңгіреип, жұрісі баурай бастапты. Дегенмен, қарғың көңіл күйі уақыт сынына мұқалмағандай екен. Ардагерді алдағы Женіс мерекесімен құттықтап, амандық-саулығын түлгеннен кейін біз одан қысқаша өмір жолы туралы сұрадық.

— Мен 1925 жылы Новокаменка ауылында дүниеге келіппін. Экемді байдың тұқымынан деп бір түнде ұстап алып кеткені еміс-еміс есімде. Бұғынгы дейін оның сүйегінің

қай жерде жатқанын да білмеймін. Жалғыз қалған шешеме алты баланың төртеуін балалар үзіне өткізуіне тұра келеді. Мені және қарындасымды қасында қалдырыпты. Отбасының құнкерісі қын болғандыктан, 6-7 жастан бастап еңбекке араластым. Мен ес билгенше өзіміздікі деген үй болған жоқ, әркімнің есігінде жүретін едік. Ал соғыс басталған кезде мен малдың соңында жүрген жеткіншек едім. 1944 жылдың қаңтарында Отан қорғаушылардың қатарына іліктім, — деп әңгімесін бастаған қарт әрі қарай қай жерде әскери дайындықтан өткенин, майданга қай тұстан кіргенін әңгімелей жөнелді.

Майданға оны анасы мен қарындасы шығарып салыпты. Ардагердің майдан деректерінде екінші Белорус майданының № 386 атқыштар дивизиясының құрамында болған деп жазылыпты. Жас та болса, өзінің өткір мнезімен, ержүректігімен көзге түскен Константин Тимофеевич бөлім командирі болған. Жауынгер қатарына жазылған кезде мылтықты қалай ұстауды білмейтін жас жігіг сол кезеңді былай еске алады:

— Бау-бақшаның, малдың қасында жүрген ауылдың жалаңаяқ баласы емеспін бе? Осыған дейін елден шалғайға ұзап та көрген жоқпын. Майданға алынып, қолыма мылтық берілген кезде корқыныштың болғаны рас. Бірақ осы уақытқа дейін өмірдің қаншама ауыртпалығын көріп өскендіктен, соғыс тәртібіне үйреніп кетуім қын болған жоқ. Өзім қатарлы бозбалалармен бірге солдат болып кеттім.

Петропавл қаласындағы әскери бөлімде дайындықтан өткен жігіт 1944 жылдың соңында қатарластарымен бірге соғысқа аттанады. Ал 1945 жылдың ақпанында Константин Тимофеевич болған әскери құрам Минскіге жөнелтіліп, олар екінші Белорус майданына қосылады.

Оның есіндегі жақсы сакталған оқиға – 1945 жылдың басында Неман өзенінің жағалауында болған үлкен шайқас. Осы майданнан басталған соғыс Шығыс Пруссияның аумағына дейін жалғасыпты. Бұл жорықта Константин Тимофеевич талай күн қарлы мұздың үстінде жатып, қатты тоңып, сырқаттанып қалса керек. Ауруды асқындырып алған жауынгер әлсіреген күйі госпитальға жіберіледі. Бұл оқиғаның солдаттың есіндегі жақсы сакталу себебі: ол осы аурудан сәл айыққаннан кейін алты күн демалыс алып, туған жеріне келіп қайтыпты.

Константин Тимофеевич демалыстан кейін майданға оралған кезде Женіс күні де таяп қалғантын. Оның есесіне ол жапондықтармен болған соғысқа қатысқан.

– 9 тамыз күні біздің дивизия жапондықтарға қарсы шайқасқа шықты. Бұл жолы адасқан оқтың біреуі мениң басымды жарақаттады. Контузия алдым. Ауруханада ұзак жатып емделдім. Бас жарақатыма тері ауруы қосылып, 1945 жылдың 23 желтоқсан күні созылмалы дертең шалдықкан адам ретінде елге қайттым. Міне, содан бері бұл ауру мені жиі мазалайды, – дейді ардағер ойға шомып.

Бұғандегі Қызылжар ауданының «Құрметті азаматы» атанған Константин Тимофеевичтің соғыстан кейінгі өмірі де мағыналы. Ол өзінің еңбек жолын Новокаменка ауылында жалғастырып, кейін аудан шінінде түрлі жауапты қызметтер атқарғанын айтады. 1967 жылға дейін ауыл шаруашылығында абыройлы еңбек еткен. Зейнеткерлік жасқа жеткен соң еңбекке дағдыланып, қоғамдық жұмыстарға бойы үйреніп қалған карт 10 жыл аудандық ардағерлер кенесінің төрағасы қызметін атқарған. Қай кезде болсын Константин Дедовты ортасы жауапкершілігі мол, кішіпейіл, алдына мұнын шаға келген адамға қашанда көмек қолын созуга дайын пейілі кең адам ретінде таниды.

– Мен Мария Викторовнаға 1950 жылдың үйлендім. Үш бала есірдік. Немерелерім бар. Бақыттымыз. Рас, бізге, ардағерлерге құрмет жасалып жатыр. Жақында тегін сандық теледидар орнатып берді. Әлеуметтік қызметкер үй тіршілігіне көмектесіп тұрады. Керек кезде аудандық әкімдікten көлік те сұрап аламыз. Зайыбыммен отасқаныма 60 жыл болғанда ел болып той да жасап берді. Оның барлығына ризашылығымыз үлкен.

Гүлгүл ҚУАТҚЫЗЫ

АРДАГЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Өнірімізге жұмыс сапарымен келген ҚР Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскер Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары, полковник Мұхаметқали Сатов пептропавлдық қарт майдангер Василий Турашевты Ұлы Жеңістің мерекесімен құттықтады.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің аркасында бейбіт заманда өмір сүрудеміз. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз созінде: «Ардагерлерді құрметтеп, әрқайсысына жеке көңіл бөлінуі тиң», – деген еді. Соғыста жаумен арпалысқан ардагерлерге құрмет көрсету бізге – міндет, жастарға – парыз. Қазақстанды отыз озық елдің қатарынан көру үшін жас ұрпакты патриоттық рухта тәрбиелеу ісіне қосып келген үлесінде үшін де алғысымыз шексіз, – деген елордалық мейман майдангерге ҚР Ішкі істер министрлігінің атынан тоңазытқышты сыйға тартты.

88 жастағы Василий Турашев Ұлы Отан соғысында Белоруссияды жаудан азат етуғе қатысқан. Сұрапыл соғысты басынан соңына дейнн еткерген ардагер Жеңіс күнін Лиепава қаласының манында қарсы алған. Майдангер З-ші атқыштар бригадасының 209-шы қосымша полкінде қызмет еткен. Ұрыс даласындағы ерлігі үшін «Отан соғысы» орденімен және «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

– 1944 жылдың мамырынан бастап 1945 жылдары «Багратион» операциясына қатыстым. Онда біз Белоруссия елиниң жерлерін жаудан азат еттік. Кейін Витебск, Паневежис, Шяуляй, Тукумс қалаларында да ұрысқа түсіп, жаудан құткардық. Соғыс жылдарында 2 мәрте жаракаттанып, ак халаттылардың көмегінің аркасында гана қатарға қосылдым, – деген қарт полковник соғыстың кесапатын ескелең ұрпақ көрмесін деген ақ тілегін жеткізіп, көңіл бөліп келген қонаққа алғысын білдірді.

Кездесу барысында әскери маман елімізде Жеңіс күні мерекесіне арналған «Қайтпас батальон» шарасы басталғандығын хабарлады. Бабалар ерлігін бүтінгі жас ұрпакқа кеңінен дәрінтеу мақсатында Ішкі әскер қолбасшылығы ұйымдастырып отырган шара барысында жиналған ақпарат «Қалқан» газеті мен «Бүркіт» журналында жарияланып, кейін бұл әңгімелер ерлік дастаны ретиде альбом болып жарыққа шықпак. Сондай-ақ, бұл мағлұматтар әскери бөлімдерде тәрбие құралы ретінде де кеңінен пайдаланылмақ.

Қанат АТАМАНОВ

«МАЙДАНГЕРДІҢ ҚЫЗЫМЫН» ДЕП МАҚТАНАМЫН

Кеңес жауынгерлерінің аскан ерлігін, бауырлас халықтардың Отан қорғаудағы жанқиярлығын әлемге паш еткен Ұлы Женісті айтқанда осы күнге жеткізген майдангерлерді еске алмай отыра алмаймыз. Осылардың шінде менің әкем Ғазез Қамытбаев пен оның інісі Қалихан да бар.

Әкем соғыс басталғанда жиырма жеті жастағы тепсе темір үзетін жігіт екен. Әскерге 1942 жылдың ақпанында шақырылып, жауынгерлерді әуе шабуылынан қорғайтын № 223 зенитка-артиллерия полкының қатардағы атқышы болады.

Ол майдан жолын бастағанда немістер басып алуға, сөйтіп Кавказ бен Орта Азияның мұнайлы өңірлеріне тұра жол ашуға ұмтылған маңызды стратегиялық шеп – Сталинград қаласын қоршаудан босатуға қатысады.

1988 жылы жетпіс төрт жасында өмірден өткенге дейін әкем өзінің майдан даласында басынан кешкен шайқастары жайында ауылдастарына, отбасымызға, газет тілшілеріне әңгімелер айтатын. Оның сондай бір әңгімесі – Сталинградты қоршаудан азат ету жолындағы ұрыс жайлы. Ол әңгіме 1942 жылдың жазғы алтabyнда осы қала маңындағы Котельниково деген темір жол стансасының түбінде болған шайқас туралы.

Аспанды неміс ұшақтары қаракүстай торлап, біздің жаяу әскерлерге бомбылар тастайды. Биіктен құлдилаған «Мессершмидтер» өздерін емін-еркін сезініп, стансаны ойрандамақ болады. Оларға біздің зенбіректеріміздің жаудырған снарядтары жете қоймайды.

Осы кезде оларға біздің ұшақтар қарсы әрекет жасап, екіжақты ұрыс үстінде «Мессершмидтер» снарядтар жетер тұска төмендейді. Осыны күткендей, әкей командирдің бүйрығымен жау ұшағын дәл көздел, атып түсіреді. Оның серіктегі атқылаған снарядтар тағы екі ұшақты өртеп жібереді.

Келесі күні кайткенде де, Котельниково стансасын басып алуға жанталасқан немістер аспаннан ұшақтармен, жерден танктермен шабуылды өршітеді. Бірақ жан алысып, жан беріскең шайқаста біздің зенбірекшілер немістің төрт ұшағын атып түсіреді.

Алайда, жау ұшағы тастаған бомбы жақын жерге түсіп, үшінші және төртінші батареялар, адам шығыны болғандықтан, қарсыласа алмай қалады. Осы сәтте әкем де есінен таныш, топырақ көміп тастаған екен.

Осы шайқаста жарапланған ол госпитальда емделіп, соғыс ұрыстағына қайта кіріседі.

1944 жылдың 16 наурызында КСРО Жоғарғы Кенесі Президиумының № 33848 Жарлығымен «Сталинградты қорғағаны үшін» медалімен және Сталинниң Алғыс хатымен марапатталады.

1944 жылдың 22 ақпанында «Перекоп мойнағы» түбінде неміс әскерлерінін қорғағанысын бұзғаны үшін әкем соғысқан құрылым «Перекоп дивизиясы» деп аталады. Асқан ерлікпен жаудын қарсылығын тойтарып, оны өкшелей қуған біздің әскерлермен бірге бұл дивизия Прағаны азат етуге кіріседі. Одан соң Венгрияның аумағын жаудан азат ету міндетті алға қойылады. Осы шайқастарда көрсеткен қаһармандығы үшін дивизия әскерлері жауынгерлік марапаттарға ие боллады. Осындай ұрыстарда көрсеткен ерліктері үшін сол сапта әкем Г. Қамытбаев та III дәрежелі «Данқ», II дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жұлдыз» ордендерін және бірнеше медальдар иеленеді.

Ол түған жерге 1945 жылдың 30 қыркүйегінде оралып, бейбіт еңбекке кіріседі. Механизатор, малшы болып, зайыбы Мәмиламен бірге екі ұл, уш қызы тәрбиеледі.

Ал, әкемнің інісі Қалихан Кызы Шығыстағы Приморье өлкесінде шекараңы болған. Сексен жасқа келіп өмірден озды.

Бұғанде өзім де шау тартып, кеіннігі жастарға ақылшы болып отырмын. Жалғыз мениң ғана емес, көптеген жарапардың жақындары мен туыс-туғандары ел басына түскен қындықты мойымай көтеріп, Отанды зұлым жаудан қорғауда бастарына түскен қауптеп жалтармастан, ерлік көрсетті. Сондыктан біз осы майдангерлерді ардактаң, оларға тағзым етуге тиңспіз.

*Мақпұза ӨТЕГЕНОВА, зейнеткер.
Ұәлиханов ауданы, Бидайық ауылы*



ЖАУЫНГЕР ЖОЛЫ

Мен облыстық теледидарда қырық жылға тарта қызмет аткарганымда Ұлы Отан соғысының ардағерлерімен жүздеген сұхбат журғызсем де, әкеммен бірде-бір әнгіме өткізбеппін. Мұны ыңғайсыз көріп, бір әріптесімнен өтінген едім. Женіс күніне арналған сол әңгімеде әкем жайғана: «Мен Мамлютов Гариф Абдуллович, старшина, бөлімше командирі болдым», деді.

Толқып кеткендіктен, дауысы баяу естілді. Осыған әлі күнге дейін өкінемін. Біздің студияның өзім жасаған майдан жайындағы бай мұрағатында әкем туралы бар болғаны әлгі сөздер қалыпты. Енді, әкем жайлы білгендерімді айтуға оқталып отырмын...

...Біздің арғы атамыз – Маулют Валгузин қоныс тебетін жер іздей, 1786 жылы Казан ғуберниясынан ескі Сібір жолымен шығысқа аттанады. Сол сапарында Петропавлдан қырық шақырым жерге келгенде ақ қайынды, мөлдір сулы көлдерді көріп, өзіне ұнаған соң, ат басын іркеді. Оған илесе Волға бойынан өзге туыстары, жерсіз шаруалар келін, ағаштан үй сала бастайды да, бұл қоныс «Маулют ауылы» атандып кетінгі.

Мениң атам Абдулла Мамлютканың іргетасын қалаған кісінің бесінші ұрпағы болып табылады. Суфия әжем мен атам Гарифулла, Шарифулла, Миннұлла деген үш ұл және Сарби есімді бір қыз өсіріпті.

1938 жылы әкем Гарифулла Мамлютов Киыр Шығыстағы Хасан көлінің маңында жапон әскерлерімен соғысқа қатысып, жарақаттанған соң үйге оралады. Сержант Мамлютов сол соғыста көрсеткен ерлігі үшін полк командирінен алғыс хат алған екен, сондықтан оны тұған жерінде нағыз қаһарман деп күрметтейді.

Көп ұзамай ол өзінің болашақ жары, көрші Становое ауылында тұған Бибикамалмен табысады. Оның үш жасында, қазақтарды жер аударған кезде, әкесін де тұтқындаған екен. Сейтіп, көп ұзамай шешесі де қайтыс болған балдырыған әуелі Становоеда, кеин Мамлютқада туыстарының колында қалыпты.

Екі жас отау құрып, Петропавлда оларға темір жол маңындағы барактардың бірінен бір бөлме тиеді. Гарифулла милицияның темір жол бөлімшесінде қызмет істесе, келіншегі жолаушы вагондарының жол серігі болады.

1941 жылдың 9 маусымында тұңғыштары Равиль туады. Ал әкем 1942 жылдың қантарында майданға аттанады. Алайда, Волгадан өте бергенде' эшелонды неміс ұшақтары аспаннан бомбылап, тас-талқанын шығарады. Жауынгерлердің көбі жау шебіне жетпестен, осы

жерде жан тапсырады. Ат төбеліндей аман қалғандардың бірі әкем, соғыстың соңғы оғы атылғанша майданда болған.

Минометшілер бөлімшесінің командирі Гариулла Мамлютов Днепрді кешіп өткен, Киевті, Бессарабияны, Румынияны, Венгрияны азат етуге катысқан. Осы шайқастардағы ерліктері үшін «Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» және басқа да медальдармен марапатталған.

Әкем соғыстан кейін милицияға қызметке жібериледі. Бірақ, кеп ұзамай, өзінің тілеуі бойынша локомотив депосына аудысады. Жасыратын несі бар, НКВД-ның тегершігі шыр айналып, өзінің халқынан жау іздеп, соғыстан келгендерді де аямаған. Сол жылдары Петропавл қаласы сотталғандардың мекені болған екен. Мұнда Қиыр Шығыстан корейлер, батыстан немістер, поляктар, тұстіктен шешендер, ингуштар зорлықпен жер аударылып келген. Мен оқыған 31-ші мектепте қоныс аударылған ленинградтықтар, киевтіктер, мәскеуліктер сабактар берген. Бірақ біз олардың тағдырларына бойлай қоймаппым...

...Елуинші жылдардың басында әке-шешеміз Жұмысшы кентінде үй салып алды. Күндіз-туні өтіп жататын пойыздардың арсыл-гүрсілінен арылмайтын, баяғы жалғыз терезелі барак емес, мына үйіміз хан сарайында болды.

Он саусағынан өнер тамған анам бізді мерекелерге өз қолымен, арнайы тіккен киімдермен қуантатын. Өйткені, ол кездері матада, кімдер де қымбат әрі қолға түссе бермейтін.

Біз бес баламыз, бәріміз де мектепте оқымыз. 1962 жылы мениң он бес жасында анам дүниеден өтті. Кенжесі төрт жаста ғана еді. Көзін жұмардың алдында: «Сен есейіп қалдың, бауырларыңа баскөз бол», – деді.

Әкемнің көзіне жас алғанын, бізге көрсетпейін десе де, байқап қалдым. Қырық жасында, бес баламен қалды. Бірақ майдан қайсар етіп шынықтырған жауынгер бұл қындықты мойымай көтерді. Көршілер бізді балалар үйіне тапсыруға кеңес беріпті. Ал туыстары Мамлюткаға шақырыпты. Алайда, әкем жігерін жасытпады. Әке орнына әке, ана орнына ана болып, бізді жетілдірді. Сол үшін әкеме мәңгілік басымды иіп, тағзым етемін!

Бір күні ол үйге бір әйелді ертіп келип:

– Мария Сергеевна, сендерге шеше болады! – деді.

Өгей шеше? Шошып кеттік. Кітаптардан өгей шешелер жайында оқығанымыз бар фой. Оны әкемнің достары таныстырыпты. Ал әйелдің туыстары: «Бес баланың үстіне барасың ба?!» – деп райынан қайтармақ болыпты.

Ол ерте жесір қалыпты. Бала көтермеген.
Бақытымызға қарай, қайырымды екен, бізді өгейсінбей, бауырына басты.

Бізден бала сүйіп, асыл әже болды. Ол да соғыс зардабын тартқан екен. Петропавлдағы соғыс мүгедектерінің асханасында еңбек еткен жиырма жасар Мария Билюкова ез еркімен майданға аттаныпты.

1944 жылы Петропавлдан Сталинград майданына бет түзеген № 126 әскери-санитарлық пойызымен аспаз әрі санитар Мария Билюкова соғысқа барып, туған қаласына Женіс күнінен кеін оралыпты.

Әкеміз екеуі ширек ғасыр бакытты ғұмыр кешті. Мария анамыз да өмірден өтіп, әкем жалғыз қалғандай болды. Балаларды жеткізді, немере-жиен сүйді. Біз оны жалғызыратпауға тырыстық.

Тағдырдың жазуы солай шығар, ол 1991 жылы Женіс күні мере-кесі тойланып жатқанда мәңгілік сапарға аттанды.

Біз, балалары, әкеміз жатқан ауруханадан шығып келе жатқанда Петропавл аспанында Женіс күнінің құрметіне мерекелік отشاшу жарқырап, атылып тұрды. Бірақ әкеміз оны ести алмады...

Раиса БИКМУХАМЕТОВА

ӘКЕМ ЖӘНЕ БЕС БІРДЕЙ АҒАМ

Осыдан жетпіс үш жылдай бұрын бұрқ еткен Ұлы Отан соғысы қай шаңырақты шайқалтпады, қай үйдің төріне қайғы бұлтын үиремеді?! Осы қатарда мен де бармын.

Бәрін басынан баяндасам, осы қайғы-касіреттің астары ашыла түседі. 1937-1938 жылдары, неміс-фашист басқыншыларының мұздай қаруланып, Еуропа елдеріне анық қауіп төндіре бастаған кезінде, біздің Бейнеткор, кейін Совет, ал бүгінде Аққайың атанып отырған ауданымыздың сексен үйлі Аралагаш ауылынан біраз азаттар әскерге алынды. Қайсыбір үйден бір-екі адам, ал кейбірінен бес-алты жігіт майданға аттанған.

Осылардың тең жартысы соғыстың құрбаны болып, елге оралмады. Бұл орайда мен өзіме қатысты жайларды айтуды жөн кордім. Әкем Әбдірахманның ағасы Ғабдолла ерте қайтыс болып, оның балаларын жетімсіреппеу үшин ол Ескен, Қазез, Ахмадиді өзінің Қани, Жәни атты ұлдарымен қоса тәрбиелейді.

Әскерге алғашқы лекте шақырылған қос ағамыз Ескен мен Қазездің «Батыс» майданда – Белоруссияның Белосток қаласының

маңында әскери кызметтерін өтейтінін жазған хаттарынан білетінбіз. Ол кездері казіргідей конверт жок, «Дала поштасы» деген атпен үшбұрышты, қолдан жасалған конверттегі хаттар келетін есімде.

Соғыс басталған 1941 жылдың алғашкы айларында немістер Белоруссияның батыс өнірлерін басып алғанын білеміз ғой. Кеңес әскерлері қаншама күш-жігерін жұмсағанымен, қаруы басым жауқойсын ба, біздің әскерлерді орасан шығынға ұшыратты. Міне, осыдан соң екі ағамнан хат-хабар үзілді, олар із-түссіз кетті.

Ал қалған екі ағам Ахмади мен Қани 1942 жылдың қараша айында Сталинград майданында соғысып, Қани сонда қаза тапқан, Ахмади болса, жаудың қоршауында қалған.

Тұтқынға түсken осы ағамды немістер концлагерьге қамайды. Ол осы тұтқыннан біздің әскерлер жеңіспен батысқа беттегенде ғана қашып шығып, өзіміздің жауынгерлерге қосылады. Бірақ біздің үкімет тұтқынға түсkenдерді аямады ғой. Ағамды да ұзак тергеп, ақыры ол, Құдай жазып, сотталудан аман қалады.

Оқиға былай болыпты: оның адап екеніне көзі жеткен шығар, бір офицердің ақылымен елге келудің қауіпті екенін, сотталмай коймайтынын білген соң Мәскеу түбіндегі Ногинск қаласына барады да, сонда тұрып қалады.

Еті тірі ағай Мәскеуде оқып, инженер-энергетик мамандығын алады. Осында шаңырак құрып, дүниеден озған 1987 жылға дейін тұрды.

Бесінші ағам Жәни де батысқа аттанып, Псков қаласы маңындағы бір жерден жазған соңғы хаты келді де, содан кейін хабары ұшты-куйлі үзілді. Ол да хабар-ошарсыз кетті.

Әкемнің өзі де 1942 жылдың қараша айында майданға аттанып, шайқастардың бірінде жараланса да, соғысты Польшаның астанасы Варшаваны азат етумен аяқтап, 1945 жылдың тамыз айында елге оралды.

Бірақ соғыста жүрек ауруына ұшырап, соның салдарынан 1949 жылдың 23 акпанында өмірден озды.

Ағаларым, әкем майданда от пен оқтың ортасында жүргенде елдегі біздер де адам айтқысыз қыншылықтарды бастаң кешірдік. Бәрін Женіске, майданға арнаған бейбіт тұрғындарда техника не атымен болмады, не жоқтың қасы. Мысалы, біздің Аралағаш ауылшының егістік жері сортан болғандықтан, ауылды он екі шақырымда жатқан жаңа қонысқа көшірмек болды. Ол жерге ешкімнің де барғысы келмейді. Соғыс басталар тұста тоғыз үй ғана ірге сөккен еді. Ескі қоныстан осында келіп жұмыс істеу оңай болмады. Бірлі-екілі әбден тозған дәнгелекті ХТЗ тракторының жүргенінен тұрғаны көп.

Ауыстыратын бөлшектер көзге шалынбайды да. Оған жана, жағармайдың тапшылығы қосылады. Соған карамай, түкым сеуіп, астық өсіру керек.

Техниканың орнына әр үйден соқаға жегілген жекеменшік малы жұмысқа салынады. Бұл жұмыстарды әйелдер, кәрі-құрттан қарттар, жас балалар атқарады. Мектепте отын жетіспейді. Балаларды оқытатын мұғалімдер майданға алынған, сондықтан жарытып сабактар да өтпейтін.

Осындай қызын күндерде адамдардың бауырмалдығы, қайырымдыштылығы, жанашырлығы ерекше болды. Бұгінгідей ағайын алауыз болған жоқ. Сексен үйлі ауыл жаға коныска көшип, қазіргідей құрылыш материалдары болмағандықтан, шым ойып, үй салды. Мұның бәрін көп болып, жұмыла жүріп бір кісідей атқарады.

Сол жылдары бар болғаны он жастан асқан бала едім, бұйыртса, осы жылдың бесінші мамырында сексен сезізге толдым. Аққайын ауданындағы Дайындық ауылынан Қызылжарға 2011 жылы көшип келдім. Көрген-білгенімді хатқа түсіріп, кейінгі ұрпақ білсін деп жазып отырмын.

Жанайдар ӘБДІРАХМАНОВ, зейнеткер.
Петропавл қаласы

МАРШАЛДЫ КҮЗЕТКЕН ҲАМИТ

...Ленинград, Волхов майдандарында соғысқа кіріп, талай арпасты басынан өткізіп, 1946 жылы үшіне мүгедек болып оралған Ҳамит Төлемісов – Отан үшін от кешкен майданғерлердің бірі. Омбы облысының Одесса уданындағы Қаржас деген ауылда 1921 жылы дүниеге келіп. жастық шақтың қызығына тоймай жүрген шағында әскерге алынып, өзі сияқты талай қаракөз ұландармен бірге батысқа бет алғанда сұрапыл күндер мен үндерді басынан өткізетіні ойына келді дейсің бе? Мұрнына әлі дәрінің іісі бара қоймаған бозбала бұған дейін 1939-1940 жылдары Новосібір облысының Кыштовск ауданына қарасты Москалевка деревнясында бастауыш мектепте жұмыс істеді. Сосын Петропавлдағы жетіжылдық мектепте мұғалімдер даярлайтын 10 айлық курсты бітіріп. 1941 жылдың желтоқсан айна дейін Қызылту ауданындағы Ленин орта мектебінде орыс тілінен сабак берді.

1942 жылы қақаған қаңтар айында майдан даласына келгенде Ҳамит алдымен Татарск қаласындағы 6-шы запастағы полкке түсті. Сонда пулеметшілер эскадронында болды.

«Біздің кавалерлік полктің командирі, подполковник Ракитин еді. Оның орынбасары – майор Воронов, шаруашылық жөніндегі орынбасары – майор Адаховский, саяси бөлім бастығы – майор Тимошенко. Осы полктеке бізді шілде айына дейін үрретті. Шілдеде училищеге бармай, соғысқа сұранып кеттім», дегендегі Хамит ақсақалдың өз қолымен жазылған сарғайған дәптерінде. Сол полктеке бірге болған Рашат Орынбаев, Қанапия Әбдікенов, Нұрман Оразақов, Қасым Бояубаев сияқты жігіттермен қимай қоштасты. Тағдырың җазуы шығар, училищеде қалған сол жолдастарының бәрі кеін майданға аттанып, қанды шайқастардан оралмады.

Не болса да тәуекел деп, соғысқа өзі сұранған Хамит Ленинградтағы Волхов майданының өтінде тұрған 64-ші гвардиялық дивизия бөлімдерінің біріне алынды. Майдан қолбасшысы, маршал Кирилл Мерецков, соғыс кенесінің мүшелері Лев Мехлис, Климент Ворошилов болатын. Бұл түскен ротаның жігіттері кезектесін осы қолбасшылар ас ішетін шатырды күзетеді екен. Хамит те бірнеше мәрте мәртебелі күзетте болды. Мерецков ірі денелі, жириен кісі, Мехлис одан да зор. Ал Ворошилов – аласалау келген, бір жерде көп тұрақтап тұра алмайтын қунақы адам. Қатардағы жауынгер үшін бүкіл майданың тағдырына жауап беретін сардарды күзету үлкен жауапкершілік еді. Хамит мұны жақсы сезінді.

1943 жылы қаңтар айында Кирилл Мерецков Волхов майданына қолбасшылық жасай отырып, Ленинград майданымен бірге Ленинград құрсауын бұзу операциясын ойдағыдай жүргізді.

«Желтоқсан айы түгел әскердің қызыу даярлығына кетті. Командалық құрам жиі бас қосты. Командалық-штабтық жаттығулар өтті. Бірката бөлімшелер жаттығу қалашақтарында әзірленді. Аэрофото түсірілмдерінің пайдасы көп болды» деп еске алды бұл туралы кейін маршалдың өзі соғыс туралы кітабында.

Операция 12 қаңтарда басталып, 18 қаңтарда 7 күнге созылған ауыр шайқастармен аяқталды, Волхов майданы мен Ленинград майданы жауды тықсыра отырып, бірігіп кетті. Деғенмен, неміс әскерлері Ленинградтың онтүстік жағына мықтап бекініп алды. Ораниенбаум плацдармындағы қорғаныс шебі 20 шақырымға созылып жатты. 1944 жылы 14 қаңтарда Ленинград, Волхов және 2-ші Прибалтика майдандарының жауынгерлері стратегиялық шабуыл операциясын бастады. Қаңтардың 20 жүлдізында Қызыл Армия айтартылғытай табысқа жетті. Волхов майданының бөлімдері Новгородты азат етті.

Тарихта үлкен орны бар осы шайқастарда қатардағы қазақ жауынгері Хамит Төлемісов те өзі сияқты ондаған мың сарбазben бір-

те жеңіске үлес қосты. Жихарево станциясы жанындағы Вороново селосында жан алып, жан берісken үрыста пулеметші Хамиттің bas көтертпей атқан оғы талай фашисті жер жастандырды. Бірақ өзі де кеудесінен жарапанып, госпитальға тұсті. Біршама уақыттан кейін жағдайы түзеліп, енді басқа бір белімде зенбірекші болды. «Синяево биігі» дейтін батпакты жерде қатты қырғын болды. Немістер биік тебениң басына бекініп алыш, кеңес әскерлерін баудай түсірді. Нағыз өрттің ишінде жүрген сарбаз соғыстың қүйін тұрған бір сәтінде ауыр жарапанды. Сол жаракаттың салдарынан әл госпитальда 6 ай емделді. Үш рет операция үстеліне жатты. Снаряд жулымдан кеткен аяғы ірінде, емге ырық берсеші. Бір күні госпитальдың bas отащысы Юдин: «Болмады, аяғынды кесуге тұра келеді» дегенде ризашылық бермей, жылап жібергені өмір бойы есінде калды. Тек емдеуші дәрігер Ольга Полевскаяның көмегімен ұзақ емделіп, аман калды. Соғыстан кейін біраз жылдан соң сол кісінің кезіктіріп, Хамит жылдар бойы жүрегінде сақтап келген алғыс сезімін ағыл-тегіл арнағаны бар.

Жаны қиналған сол бір ауыр күндерде Хамит сыр берген жоқ. Ауылдағы анасын алаңдатпайын деп ыстық сәлемін жолдап жатады. Міне, майдангеодің сонау 1943 жылы жазған бір хаты:

«Амандық хат

Сейітке, Апама, Камажанға, Рашитке, Арынға, Архимедке шексіз сәлем. Менен амандық білмек болсаныздар, аман-есен Бокситогорск деген қалада жарапанып, госпитальда жатырмын, жара аса ауыр емес. Жыырда соғысқа қайта кіремін деп тұрмын. Сұраған жанға шексіз сәлем айттыңыз.

Сы хатпен бірге Т....-ға да хат салдым.

Апа! Мені көп уайымдамаңыз. Қазір біздің Қызыл Армия жеңіп барады. Аманшылық болса, бір күндей де болмас, қайтып келермин. Тез хат салыңыздар. Ленинградқа жақын тұрамын...».

Жарапану, қайта соғысқа кіру көп жағдайда күнделікті майдан «тіршілігі» сияқты көрінеді. Сырттан қарағанда солай. Әйтпесе, денесін оқ тескен, снарядтың жарықшагы тиғен тірі жанының қинальысы оңай болмасы анық. Хамит ондай ауыр сәттерде өзін қайрап, жанына жігер беріп жүрді. Екі рет жарапанып, майданға жарамсыз болғанына қарамастан, 13-ші дербес байланысшылар полкінде радиист болды. Снаряд тасыды. Әйтеуір, майдан өтінде жүрді. Жарасынан сәл айықса болды, жауға қарай оқ атуға даяр тұрды. Елі, жері үшін шайқасты.

Соғыстан кейін Солтүстік Қазақстан облысы Конюхов ауданындағы Қызыл Қазақстан жетіжүйлік мектебінде алдымен оқу ісінің

менгерушісі, кейін мектеп директоры болып, 1953 жылға дейін қызмет етті. Одан кейін Бидайық ауылында жұмысын жалғастырды. Осылай өмір жолы талай бел-белестерден өтті. Ұрпақ өсірді, бала-лы-шағалы болды. Қайда еңбек етсе де, қай жерде жүрсе де Хамит Төлемісов ақсақал ұстаздық ұлағатпен артына ел айтып жүрер өнегелі із қалдырды.

Ғабдул МЕРКҰРМАН

АСУ АСЫП, ЖАУДЫ ЖЕНГЕН



Әшім Шамагұнов

Атапан аталарымыздың кейбірі 1945 жылды емес, 1947 жылдарды елге оралған болатын. Бүгінде тоқсан жасты алқымдаған Әшім ата өзге қазақстандық жауынгерлермен бірге монғол эскерімен бірлескен кеңес армиясының құрамында Қытайға басып кірғен жапондарға қарсы соғысқа катысқан.

Ол кезде жасы енді ғана 18-ге толған Әшім атаниң жастық албырт кезеңі соғыс уақытына тап келіп, талай қын жолдардан өтуге тұра келген. Бүгінгі күні қария сол жылдарды терең күрсініп еске алады.

– 1943 жылы қантардың қақаған аязында Жамбыл ауданының Суаткөл ауылындағы қатарластарыммен бірге поезбен Петухово стансасына жеттік. Бұл жерде бізді топтарға бөліп, қайтадан ашиқ-жабық поезға тиеді. Ешқайсымыз да қайда бара жатқанымызды білмедік.

Ерлік, батырлық тақырыбын қашан, қанша қозғасақ та артық етпесі анық. Себебі, халық басына қаралы күн туган шақта жерімізді жаудан азат еткен батырлардың ерлігі мәнгілік. Осы орайда майдан даласында қасық қаны қалғанша жауға қарсы шайқасқан Ұлы Отан соғысы арда-герлерінің еңбегі өлшеусіз. Осындай арда-герлердердің бірі Петропавл қаласының тұрғыны – Әшім Шамагұнов.

Екінші дүниежүзілік соғыста фашистік-неміс басқыншыларына қарсы жанқиярлықпен күресіп, 1945 жылдың мамырында Женіс туын желбіреткенімен Кенес эскерін сол жылы күншығыс елінде жаңа майдан даласы күтіп тұрған еді. Сөйтіп, батыстан басталған соғысқа ат-

Күндіз тоқтап тұрсақ, тек түнде ғана жүріп отырдық. Ақыры Маньчжурияның шекарасына жеттік. Монголияның «Баян-Өлгий» стансанына жеткен кезде ерінге жағатын бір тамшы су болмады. Іркітелін алынғандар барлығымыз 17-18 жастағы қазақ жігіттеріміз. Орыс тілін, әскери тәртіпті мұлдем білмейміз. Сол кезде әскери басшылық біздің бір иығымызға бір бума шөп, екінші иығымызға бір бума сабан байлаттырып, онға және солға бұрылуды үйретті, – дейді қария.

Майданда артиллерия батальонының 770-ші атқыштар полкының құрамында шайқасқан ақсакал қанды қырғынды да, аштық пен қаруластардың өлімін көзімен көрген.

– Соғыста достарым көп еді, талай боздақтың оққа үшқанын көрдім. Жау жақтан атылған оқтан бұрын сол елдің климатына үйрени алмай, аптап ыстықта, шелге шыдамадық. Соғысты еске алмауға болмайды. Адамзатқа көп киыншылық әкелген соғыс ешқашан ұмытылмайды. Шекара күзеттіп, 3-4 күн тамақ ішпеген кездеріміз болды. Шөл даланың 50 градусқа дейінгі ыстығына да шыдадық. Окопта жатып бір ауыз суды армандайтынбыз, – деп еске алады ардагер.

Әшім атаниң айтуынша, сол тұста Азияның біраз елін жаулап улгерген жапондықтар 1939 жылы Монголияға да басып кірген. 1945 жылдың өзінде фашистік Германия күйрегенімен, кеңес үкіметі жапон самурайларын жеңбей, екінші дүниежүзілік соғысты аяқталды деу ертерек екендігін түсінген еді. Сол себепті, одақ әскері мен Монголия сарбаздары жапон басқыншыларының әскерін жою мақсатында Улкен Хинган жотасының ар жағында орналасқан 1 миллион шамасында жауынгері бар, квантун әскеріне шабуыл жасау мақсатында арнайы операция жоспарлаған.

Бір күні жоғарыдан түскен бұйрықтан кейін олар жолға шыққан. Ұланғайыр Гоби шөлін кесіп өту оңайға соқтайды. Қаншама сарбаз орта жолда шөлден өледі. Болдырып, құмға бір құласаң сол жерде құрыдым дей бер. Ең қинағаны ауыз судың тапшылығы еді. Себебі, әр сарбазға тәулигіне 200 грамм ғана су беріледі екен. Жол бойы кездескен құдықтар құммен жабылған, ал жабылмағаны уланған. Бірақ, бар киындыққа мойынмаған кеңес әскерлері Улкен Хинган жотасын асып өтіп, екі аптаның шінінде Маньчжурияны жапондықтардан азат еткен.

Сейтіп, Улкен Хинган жағынан кеңес әскерін мұлдем күтпеген жау үлкен шығынға ұшыраған. Кеңес жауынгерлері жау бекінген Мукден, Харбин, Чанчунь аудандарын азат еткен.

Екінші дүниежүзілік соғыстың соңғы нүктесі тек 1945 жылғы 2 қыркүйек күні ғана қойылған болатын. Маньчжуриядағы шайқас бір айға жетер-жетпес уақытқа ғана созылса да, көптеген адамның өмірін қиып кетті.

Әшім ата зұлмат соғыс кезінде қашшама жайларды бастан өткөріп өтті. Көрген-білгені де аз емес. Бүгінгі күні ата өзі де жас буынға сол кезде көрген қыындықтарын, соғыс жолдарын айтып беруден жалықпайды.

Әшім ата тек 1947 жылы ғана елге оралды. Петропавл қаласынан туған ауылына деиңгі 200 шақырымдай кашыктықты жаяу жүріп барған. Омырауында «Георгий Жуков» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдары, «Отан соғысы» ордені тағылған жауынгер елғе оралысымен еңбекке араласып кетеді. 1954 жылы бастау алған тың игеру жұмыстарына ат салысыпты. «Қайранкөл» кеншарының «Новое» белімшесіне трактор-егіс бригадасының бригадирі болып тағайындалған. 1977 жылы ол басқарған бригада егін шығым-дышының жөнінен бүкіл Қазакстан бойынша екінші орынға ие болып, «Құрмет белгісі» орденімен, З мың сом ақшалай сыйақымен мара-патталған. Аталмыш саладағы еңбегі бағаланып, омырауындағы «Еңбек ардагері», «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі және тағы басқа марапаттары бейбіт өміріндегі ерен еңбегінің күәсіндей. Бұл жұмыста зейнеткерлікке шыққанша абырайлы қызмет атқарған.

Ол әр істе қарапайым, шешімді, батыл болған. Мұндай қасиеттер оған соғыс кезінен тән еді. Бүгінгі күні Әшім ата облыс орталығында тұрады. Ажар әжемен бірге бала тәрбиелеп, бүгінде еңбегінің зейнетін көріп, жапырағы жайылған бәйтеректей отбасында неме-ре-жиендерінің қызығына бөленип отыр.

Бүгінде жасы тоқсанға жақындағанымен Әшім ата әлі де ширак. Өз ісімен, ерік-жігерімен жас буынға үлгі болып жүр. Оның бар арманы, өздері көрген қыншылықты келешек ұрпақ көрмесін деген тілек кана. Осы кітап дайындалып жатқанда Әшім Шамағұнов Ұлы Жеңістің жетпіс жылдық мерекесін көре алмай дүниеден өтті.

Қанат АТАМАНОВ

АЙБЫНДЫ АРДАГЕРЛЕР – АРДАҚТЫМЫЗ

1941 жылдың жазы. Батыстан лапылдаған соғыс өрті бейбіт жатқан елімізді есекіретіп, берекелі заманымызға қаралы құндер тудырды. Талай баланы жетім қылышп, талай жарды жесір етті. Отанын, елиң қорғаймын деп аға буындарымыз жандарын аямай ерлік көрсетті. Соғыс даласына мыңдаған майдангерлер арасында Есіл ауданындағы Тауағаш ауылынан 112 азамат аттанып, 36 адам ғана

елге аман-есен оралды, 76-сы хабар-оінарсыз кетті. Осы аталарымыздың ерліктерінің арқасында бүтінгі бейбіт заманың қызығын біз көріп отырмыз.

Ардагерлеріміздің бүтінгі таңда екеуі ғана ортамызда. Олар – зейнеткер, зан қызметкері Сапар Дүйсенов пен ардагер ұстаз Қожатай Некібаев. Өкінішке қарай, бұл аталарымыз ауылда тұрмайды. Өмірден өткен ардагерлерімізді атап өтетін болсақ, Балтабек Мұстафин атамыз елде басшы қызметте болды. Есләм Шалабаев, Зұлқарнай Төлебаев, Қайролла Күрсарин, Кәкен Күрсарин, Болат Рахметов аталарымыз елдегі қоғамдық істерге белсene араласып, адап қызметтер атқарды. Кенжебай Қазбеков, Зайнұлқабиден Рахметов, Серғали Сибанбаев аталарымыз ба-лааларға білім беріп, соғыстан кейінгі ғұмырларын болашақ ұрпақ тәрбиесіне арнады.

Бейбіт заманымыздың болашағы білімді, тәрбиелі болсын деген мақсатпен, соғыста көрген қыннылықтарына қарамастан, елдегі балалардың білім алуына көп үлес қосқандардың бірі – Зайнұлқабиден Рахметов еді. Ауылдағы өсіп келе жатқан жас буынның бірі білсе, бірі білмейтін болар, бізге жарқын болаінақ сыйлаған жандар жайында білу, ерліктеріне тағым ету – біздің азаматтық парызымыз. Зайнұлқабиден атамыздың өмірі жайында мол деректі сонында қалған тұяғы Еркебұлан ағамызбен сұхбаттасуда алдым.

З.Рахметов 1925 жылы қазіргі Есіл ауданы (бұрын Преснов ауданы деп аталыпты) Тауған ауылында дүниеге келген. Сұрапыл соғыс басталғанда ол небары 16 жаста ғана болған. Үлкен ағалары Хасен, Болатпен бірге соғыска аттанады. 1943 жылдың бесінші шілдесінде 770-ші атқыштар полкіне түсіп, атқыш қызметінде болады. Женс күнін елден жырақ жерде карсы алып, 1948 жылы аман-есен оралады. Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен ерліктері үшін «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, бірнеіне медальдармен марапатталған.

Елге оралған майдангер 1948 жылы Петропавл педагогикалық институтына оқуға түседі. Ал 1953 жылы Алматының Абай атындағы



Зайнұлқабиден Рахметов

педагогикалық институтында шет тілі мамандығы бойынша жоғары білім алып, елге оралады. Ұлағатты ұстаздық жолды таңдаған атамыз үзбей 40 жыл ғұмырын балаларға білім беруete арнады. Болашақ ұрпақты тәрбиелеуге коскан енбекі бағаланып, «Қазак ССР оқу ісінің үздігі» гөсбелгісімен, мактау грамоталарымен марапатталды. 1984 жылы «Еңбек ардагері» медалін өндіре тракти.

Ұстаз жаны қашанда шығармашылыкка толы болады ғой. Сол қасиет атамыздың бойынан табылған. Колының бос уақытында ұлттық аспаптарда ойнап, өлеңдер шығаруға жаны құмар екен. Солардың бірі:

Дәл осынау жадыранқы жай күні,
Болсадағы қай ғасырдың, қай жылы,
Ұлы Отаным басын иш бір сәтке
Еске алады сол бір ауыр қайғыны, – деп жазыпты.

Осындай өлеңдерін жинақтап, қызы Райхан кітапша етіп шығарған екен.

1960 жылы Мәстура апамыз екеуі шанырақ көтеріп, 4 қыз, бір ұл өсіріп, тәрбиеледі. 1987 жылы 19 сәуірде атамыз өмірден озды. Өмірден езі өткенмен, сонында қалған қыздары, жалғыз ұлы Еркебұлан әке жолын қуып, оның абыройлы ісін жалғастырып келеді. Балаларының барлығы – жоғары білімді ұстаздар. Еркебұлан экесінен 17 жасында қалып, бүгінгі таңда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің ұстазы, ұлғылі отбасы болып отыр.

*Жанат ШАЛАБАЕВА.
Есіл ауданы*

ЕСКЕНДІРДІҢ ЕРЛІГІ

Ел басына күн туғанда етігімен су кешіп, мұз жастаңған, жиырма жасында жасында жарқылдал өте шыққан ерлердің бірі – Кенес Одағының Батыры Ескендір Дәүітов.

Оның туған апасы Гүлсімнен тараған ұрпақтар – Сапар Әубәкіров пен Элия Белденованың және бүтінгі көзі тірі бауырлары, Петропавл қаласында тұратын Дания Садыққызы мен Рәшиит Садықұлының айтуына қарағанда, Садық Дәүіговтің бірінші әйелінен Гүлсім есімді қызы (1921ж. Петропавлда туған.), Ескендір және Шәміл есімді ұлдары болыпты, екінші әйелінен Фарид, Рәшиит, Дания, Рашиль тараған.

Садық Жұсіпұлы жас кезінде жергілікті көпестің приказчигі қызметин атқарып, Азамат соғысы кезінде Қызыл Армия қатарында болған. Кеинін Петропавлдан Омбы облысындағы Есілкөл стан-

циясына қоныс аударып, темір жол станциясына жұмысқа орналасып, паровоз машинисінің көмекшісі болып жұмыс істепті. Сонда 1923 жылы 25 қыркүйекте екінші сәбіи Ескендір туылты. Дәуітовтер отбасы 1927 жылы Петропавл қаласына қайтадан көшіп келіпти.

— Шешеміздің бөлесі Тауфик Шакшақбаевпен (тірек-қымыл мүшелері зақымданған балаларды оцалту және бенімдеу эксперименттік орталығының негізін қалаған Шәміл Шакшақбаевтың экесі) кездескен сайын өзіміз көзben көрмеген нағашымыз Ескендір жайлы айтып беруни сұрайтынбыз. Ол: «Ескендір экесі сиякты өнерлі болатын. Сырнайда ойнап, частушкаларды накышына келтиріп орындаитын.

Сол кездердегі ойын-тойлардың көрігін қыздыратын да Ескендір еді. Ол жасынан зерделілігімен және тәрбиелілігімен көзге түсті. Эсіресе, туған-туыскандарын: экесі мен шешесін, өзінен кейінгі іні-қарындастарын (экесінің екінші әйелінен туған балаларды) жантәнімен сүйді», – деп еске алатын, – дейді Элия Белденова.

Бұл күндері жетпістің бел ортасына келген Рәшиит Садықұлының (Ескендір майданға аттанғанда 9 жасар) айтуынша, Петропавлға қоныс аударған Дәуітовтер отбасы бұрынғы Ерназаров, қазіргі Токсан би көшесінде тұрады. Ескендір сол көшедегі екі қабатты ағаш үйге орналасқан № 4 мектепте оқиды. Жергілікті мектепті аяқтаганнан кейін ол ет комбинаты жанындағы кәсіптика үчилищеге түсіп, еңбек жолын аталмыш кәсіпорында шебер болып бастайды. Ұлы Отан соғысы басталған кезде ол ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының ветеринария бөлімінде оқып жүрген 2-ші курсың студенті болатын.

Қолына қару ұстай алғатындардың бәрі майданға аттанып жатқан шақ. Ескендір де катардан қалмай, көппен бірге ел қорғауға сұранады. Он сегізге жаңада толған жігіт КСРО Халық комиссариаты байланыс ісінің әскери күзет отрядына қабылданып, алғашында Петропавл, сосын Челябі қалаларында, армияға аттанар алдында қайтадан Петропавл қаласында қызмет атқарады.



Ескендір Дәуітов

1942 жылы 27 қыркүйекте қалалық әскери комиссариаттың шақырыммен Кызыл Армия қатарына кабылданады. Ол әскери қызметін 7-ші атты әскер корпусының 16-шы гвардиялық Чернигов дивизиясында, оның 58-ші гвардиялық атты әскер полкінде пулемет взводының нысанашысы болып бастайды. Осы құрамда Ескендер Садықұлы жаумен бетпе-бет келіп, соғыс тарихындағы ең қантөгісі көп болған Днепр үшін шайқасқа қатысады.

1943 жылдың қыркүйек айында 16-шы гвардиялық Чернигов дивизиясының бөлімдері шегініп бара жатқан жауды тықсыра отырып, Днепрге тақап келеді. Бұл Гусаковка хуторының жаны болатын.

«Біздің полкке Могилев-Овруч желісінің бойындағы темір жол көпірінен 3 шақырым қашықтықта Днепр өзенін кесіп өтуге бүйрық берілді.

Алда – үлкен су айдыны. Өзеннің оң жағалауы 4-5 метрлік білк жар еді. Немістер өз жағалауын тұғас траншеялармен бекітіп, қоршауларының бұзылмайтындығына сенімді болғандай кейіп танытты. 27 қыркүйек күнгі көзге түртсе көргісіз қаранды түнде полктің эскадрондары бірнеше бөренеден салдар жасап, шайқастардан әлсіреген жаудың есін жиғызбай, өте шапшаң түрде бұырқанған аринасы кең өзеннен жедел түрде өтуді бастады. Немістер біздің шабуылымызды күтпеген болу керек, пулеметтерінен анда-сандаға оқ атып қояды. Жағаға жетпей, біздің салдарымыз қайрандал қалды. Жағалауға қанша барын және тереңдігі қанша екенин білмесем де, салдан түсуге және арнайы белгіленген жауынгерлерге салдарды басқа эскадрондар үшін кері алып баруға бүйрық бердім. Қайран жағадан 70 метрдей жерде екен, судың тереңдігінің кейбір жерлері адам бойынан асады. Жағалауға менимен бірге 87 адам шыкты. Немістер траншеяда ұйықтап жатқандықтан, шайқас ұзаққа созылған жок. Отыздай жауынгерін өлідей қалдырып, немістер дүрлігे қашты. Жарты шақырымдай аланды жаудан босатып, траншея алдына екі пулеметті, екі жақ қапталға бір-бір пулеметтен орналастыруға бүйрық бердім. Оның бірі сіздің балаңыз Ескендердің пулеметі еди.

Днепрден бізді әрі асырып тастау үшін немістер қолынан келгендің бәрін жасайтындығын біз жақсы түсіндік. Күткендей, бір жарым сағаттан кейин гитлершілер шабуылын бастады. Олар бізден он есе көп еді. Алайда, жау біздің оғымызға төтеп бере алмай, кейін шегінді. Олар тағы да шабуылға шыққанымен, біздің тегеуірінімізге шыдай алмай, көп шығынмен кері шегінуге мәжбур болды. Басқа амалдары қалмаған немістер айлаға көшті. Олар бір ротаға жақын автоматшыларын қайыққа отырғызып, оларды өзіміздікі деп ойладап қалсын деген есеппен өзеннен шабуыл жасады. Сіздің ұлыңыз оларды пуле-

меттің нөсер оғымен карсы алды. Ол жүздеген жау әскерінен сескенбей, өзі мерт болса да, біздін карсыластар шабуылын тойтаруымызға мүмкіндік берді. Тірі қалған неміс автоматшылары тым-тырақай қаша жөнелді, ал біздің полктің жауынгерлері мен біздің белгіміз бойынша жағаға түскен десанттың алғашқы легі шабуылды үдете түсті. Плацдармдағы жалпы басшылықты колыма алып, кос қанатты қеңейте түсіді бұйырдым. Эрбір жауынгер өзі және каза тапқан жолдастары үшін жан аямай шайкасты. Таң ата жауды Днепрден әрі ысырып тастанды.

Жауынгер жолдастарды жоғалту оңай емес, оның ішинде сіздің баланыздың казасы ерекше. Ол Отан алдындағы борышын абыраймен аткарып, ерлерше қаза талты.

Құрметті Садық Жұсіпұлы! Өкінішке орай, сіздің ұлыныздың қай жерге жерленгенін хабарлай алмаймын, шабуылға шыққаннан кейін, жауды өкшелей отырып, Сіздің Батыр ұлынызды жерлеу рәсіміне қатыса алмадым», – дегігі Садық Дағитовке жазған хатында полк командирі. Хаттың соына Кеңес Одағының Батыры деп қол қойылыпты. «Оның аты-жөні конвертте болатын. Оны біз сактай алмадық», – дейді Дания Садыққызы. Дағитовтер отбасы сақтаған сарғыш хаттың мәтіні бірінші рет жарияланып отыр.

Осы ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Ескендір Садықұлы Дағитовке 1944 жылы 15 қантарда Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы мен хатшысы 1947 жылы 19 сәуірде қол қойған Марапаттау грамотасы Батырдың әкесіне сол жылы табыс етіліпті.

Садық Жұсіпұлы Мәскеуге, Чернигов облысына хат жазып, майданнан оралмаған баласының қай жерге жерленгенін іздестірумен болған. Оған Чернигов тарихи мұражайынан келген жауап дәлел. Тынымсыз іздестіру өз нәтижесін берген. Қамкөңіл әке Ескендір Дағитовтің денесі Чернигов облысының Репкин ауданындағы Недан-чици селосындағы бауырластар зиратына жерленгендігін анықтап, өткен ғасырдың 60-шы жылдарының басында екінші әйелі Хасана Хафизқызымен (Ескендір анасы қайтыс болғаннан кейін осы кісінің тәрбиесінде болған) бірге ұлының басына барып, мінажат етіп қайтыпты. Кеін Ескендірдің інісі Рәшидтің ұлы Тахир да Отан алдындағы борышын өтеп жүріп, Батыр ағасының зиратына арнайы соққан көрінеді.

Садық Жұсіпұлы қайтыс болғаннан кейін Ескендірдің әкесімен, өгей шешесі X.Хафизқызымен және інісі Шамильмен, құрбысымен бірге түскен екі фотосуретін Марапаттау грамотасын, полк коман-

дирінен келген хатты және тағы да басқа жәдігерлерді соғыстан кейін тұған қарындасы Дания Садыққызы сақтап отыр.

Ескендір Дәуітовтің өзі соғыска дейін шебер болып істеген бұрынғы Петропавл ет-қалбыр комбинатының № 26 училищесі, қазіргі № 5 кәсіптік лицей соңғы жылдарға дейін Батырдың атымен аталып келген еді. Онда Ескендірдің майлы бояумен салынған портреті мен бір беттік қысқаша өмірбаяны ғана бар болатын. – Бір кездері қала басшылары Петропавлдың бір көшесіне Ескендір есімін береміз деген еді. Бұл мәселе әлі күнге дейін сөз жүзінде ғана қалып отыр, – дейді Дәуітовтер отбасы. Бұған алып-қосарымыз жоқ. Көшеге аты берілмек түгілі, енді ұзақ жылдар бойы Ескендір Дәуітов есімін иелешпел келген оқу орны да Батырды мұлдем естен шығарғандай.

Нұрсаійын ШӘРІП

ТАҢ АЛДЫНДАҒЫ ШАЙҚАС

Қатардағы жауынгер Қасен Омаровтың жауынгерлік жолы атқыштар дивизиясында басталған болатын. Бұл құрама Солтүстік Қазақстан облысында жасақталған еді.

Қасен аға фашистік Германиямен соғыстың аса ауыр күндерінде Нева жағасында жауға қарсы қиян-кескі ұрыстарға қатысып, Ленинградты коргады. Ол қала жан-жақтан анталаған жау қоршауында қалған еді. 1941 жылдың күзінде (Ленинград майданының қолбасшылары генерал Георгий Жуков, одан соң генерал Иван Федюнинский болды) фашистер кеңес жауынгерлері бекінген бекіністі алу үшін бірнеше шабуыл жасап бақты. Бірақ олар еш нәтиже шығара алмай, кеңес сарбаздары жау шабуылын тойтара отырып, дүшпанға естен тандыра соққы берді. Осы ұрыста Қасен Омаров та автоматтан оқты қарша боратып, талай гитлершілерді жер жастандырды. Алғашқы «Ерлігі үшін» медалін ол Лодейное поле аудан орталығы үшін болған шайқаста корсеткен ерлігі үшін алды.

Қасен аға, әсіресе, айрықша тау-атқыштар бригадасында «ЗИС-5» автомашинасында жүргізуі міндеттін атқарып жүргенінде асқан ерлігімен, әскери шеберлігімен танылды. Құні-тұні майдандас жолдастары Константин Андреев, Вячеслав Емельянов және Иван Логиновпен бірге майданының алғы шебіне тамақ, жәшік-жәшік оқ-дәрі мен снарядтарды, ал ұрыс алаңынан тылдағы госпитальдарға жаралған жауынгерлерді тасыды.

– Өлі есімде, 1944 жылдың шілде айы болатын, – деп еске алған еді қарт солдат. – Ұрыстарда үйқысыз өткен ауыр түндерімнің есесін

кайтарғым келгендей, қатты ұйыктап, бір түс көрген екенмін. Түсімде соғыс аяқталып, елге аман-есен оралып, көнілім мәз-мейрам, тәбем көкке тигендей бол, машинаммен дала қырманыңан элеваторға бидай тасып жүрмін. Қасымда акқуба аузыы оймақтай, көзі каракаттай жайнаған, сұлу қыз отыр екен. Менен көзін айырмайды, жынығаны жанымды балдай ерітіп барады... Кенет тәтті ұйқымды кезекші бұзды.

– Жолдас Омаров, сізді командир шақырып жатыр, жедел блиндажға жетініз, – деді сержант.

«Шіркін, көрген түсім орындалса скен!..» – деп қиялдан, далаға атып шықсан, көзге түртсе көргісіз қарғысы. Жаңбыр шелектеп құйып тұр. Штабымыз блиндажда болатын. Жаңбырға малшынған денем тітіркенип, аяққа жабысқан батпакты кешіп келемін. Дуркін-дуркін алыстан артиллерияның қағарлы үні естіледі. Блиндажға кіріп келгенімде рота командирі Григорий ІІхно телефон тұтқасын ұстап, біреумен сөйлесуге әзірленіп жатыр екен. Мен көріп, қолымды қысты. Григорий Петрович сақа кісі болатын, біз оны әкеміздей қадірлейтінбіз. Жақсы адам Тәңірдің нұры дегендей, командиріміз өзінің ерлігі мен ақыл-парасатын талай ұрыстарда, бізben күнделікті қарым-қатынаста көрсете билетін.

Командир маған жылы жүзбен қарап, скі қасын түшістіре тіл қатты:

– Омаров, бірнеше түн дұрыс ұйыктамағаныңды білемін. Бәрімізге де күні-түні тыныш жоқ, шабуылдан-шабуыл. Бүйіртса, жауды шыққан апанына тығып, ух, деп шаршағанымызды да басармыз. Бірақ қазір уақыттыңыз. Алғы шепкे жылдам оқ-дәрі жеткізу керек. Колоннаны өзің бастайсың, саға, сенемін. Машинадардың жарығын жағушы болмандар, жау байқап калады. Сақ болындар!

Көп ұзамай жүк артып, жолға шықтық. Таң алдындағы қаранғылық сейіле бастаған екен. Тағы да артиллерия дауысы естілді. Біраз жүргеннен кеін ұзын орманды қыраттар басталды. Кенет, күтпеген жерден аспанда қасқырдай ұльып, жаудың ұшақтары пайда болды. Басыма «Қыын жағдайға душар болдық-ау...» деген ой келгенімен, жүк машинадарын бомбалашуыш ұшактарда саңтар қалуға тырыстым. Алдымыздан шыққан орманды пайдаланып, жасырынғанымыз дұрыс болды. Аспан тажалдары байқамады ма екен, әйтепір, біз тасалаған орманға жақындамай алыстан ұшып әтті. Бірақ жау бомбалашуыштарынан құтылғанымызбен, карсы жақтан фашистердің жаяу ескерлері шыға келді. Колоннаны жылдам тоқтатып, соңымда келе жатқан автомашинаның жүргізушісі Костя Андреевті өзіме шақырдым. Ол қасыма ентіге жетпі келіп:

– Қасен, касық қанымыз қалғанша тосқауыл қоямыз, жаудың аяғын алға бастырмаймыз, – деді.

– Дұрыс айтасың, Костя, – деп оның сөзін бөлдім. – Бірак әр минут санаулы, сейлесуғе уақыт жоқ. Мен жауға бөгет жасаймын, сен колоннаны шегіндіріп, басқа жолмен алып кет! Бұл – бұйрык.

Андреев маған бірдене айтқысы келгенімен, ойымды түсініп, іркіліп қалды да, бұйрығымды орындауға кірісті. Константин ашық мінезді жауынгер, қандай киыншылық болсын, қол үшын беруге дайын, нағыз сенімді жолдас еді. Қан майданда Андреевпен қатар, басқа үлттардың азаматтарымен де арамыздан қыл өтпестей достасып кеттік. «Біреумен достастың ба, оған адалдығынан айныма! Адалдың арқаны ұзын», – деп отыруши еді Мәтжан апам. Сол сөзі шын екен.

Костя үле машиналарды сәл қиғаштай бұрып алып кетті. Фашистер құмырскадай жайылып, автомагтарын кезеніп, менің жағыма ентелей енкейген қалпы жүрін келеді. Жүрегім луппілдеп барады. Эйтсе де, орманның ағаштары қарсы шабуылға шыққан жаудан тасалай тұрып, оқ атуға табылмас бекініс болары сөзсіз. Оның үстіне фашистер қалың орманға кіруге қорқады, оны да талай ұрыстарда көргенмін. Қайткенде мұндай жағдайда ең дұрысы – уақыт оздырмай, ең ұтымды атыс тактикасын таңдау. Ойым – жүк тиелген «ЗИС»-імді гитлершілерге бермеу, әрі оларды алға бастырмау. Колонна алысқа ұзай алды ма екен деп, уайымдап та қоямын. Фашистер бетпе-бет келгенде автоматымнан оқ жаудырдым. Эр тұстан айғай-шу естіле басталды. Жау есіп жинап үлгеріп, орманға қарай үсті-үстіне оқ борратты. Сонан соң «Рус, сдавайся!» дауыстары әлсін-әлсін шығып, құлағыма тыныштық берер емес. Қеудемді ашу-ыза кернеп барады. «Саспа, Қасен!» – деп ішімнен өзіме-өзім рух беріп жатырмын. Барниет-пигылым – қайырымсыз қатал жауды қалай да токтату. Мениң атқан оғыма, лактырған гранатыма ерекісken фашистердің қарсылықтары күшіе тұсті.

Бір сәтте ойламаған жерден кеңес сарбаздары жаппай шабуылға көтеріліп, жан-жақтан гитлершілерге қарсы лап қойды. Ең алдымен Алла, содан соң апамның майданға жүрерде берген батасы қолдаған шығар, таңғы шайқас ұзаққа созылмай, көмекке келген біздің әскерлер алға өршелене ұмтылған фашистерді жайратса соққы берді. Шынын айту керек, менің қуанышымда шек болмай, жаудан құтқарған бөлімше сарбаздарына раҳметімді айтып, «ЗИС» автомашинаммен колоннамың соңына түсіп, қуып жеттім. Осылай сәті түсіп, оқ-дәріні бөлімшелерге уақытында жеткізіп, өзіме берілген тағы бір бұйрықты қанды-кейлек жолдастарымның табандылығы арқасында абыраймен орыннададым.

Қасен аға сол күні айрықша қуанышқа бөленді. Оның ерлігі ерекше аталып өтіліп, тауатқыштар бригадасының командири, гвардия полковнігі Артур Митоян «Қызыл Жұлдыз» орденін омырауына қадады. Сонымен қатар, оған Жоғарғы Бас қолбасшының бүйрығымен үздік әскери іс-кимылдары үшін алғыс жарияланды. Бұдан кеін де қаһарман сарбаз талай ерлік жасады.

Соғыстан кеін Қасен Омаров ауылдағы экесінің шаңырағының тұтінін өшірмей, майданда көрген түсіндегіндей, сұлу қызды өнінде кездестіріп, отау құрды. «Маңдайы терлемегеннің қазаны қайна-майды» деген қағиданы берік ұстанып, көп жылдар бойы жүргізуі болып істеді. Ол автомашина мен трактордың қыр-сырын өзі ғана біліп қоймай, жастарға да үйретіп, тәлімгер атанды. Ардагер адал еңбегімен жерлестерінің сенімі мен құрметіне бөленді. Жұбайымен бірге алты бала тәрбиелеп, өсірді. Олардың бәрі де ержетін, өз алда-рына бір-бір шаңырақ құрды.

Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Қасен Омарұлы өмірден озғанынша өзі басынан өткерген сұрапыл жылдарды еске алғып, кей-інгі жастарға: «Біз сияқты аталарыңың өсietіne беріk болындар! Халқымыздың жыртығы болса – жамау, тесігі болса тығын болуга тырысындар! Тұған еліміздің бейбіт те жарқын өмір сұруіне үле-стерінді қосындар!» – деп отырушы еді. Лайым солай болғай!

*Сапарғали ЖАҒЫПАРОВ,
әскери журналист, полковник.
Айыртау ауданы, Дәуқара ауылы*

ЖАЗЫЛМАЙТЫН ЖАРА

Ұлы Отан соғысындағы Женістің жетпіс жылдығы да жақындаған келеді. Жетпіс жыл аз уақыт емес. Десек те, қаншама ошақтың отын өшіріп, талай шаңыракты шайқалтқан сұрапыл соғыс салған жа-раның орны әлі де сыйздайды. Өзіміз соғыстан кеін тусақ та, сол өрттің жалынына шарпылып жүрген жайымыз бар. Әкеміз Кәйкен соғыстан аман-есен оралғанымен, майданда көрген қындығы ден-саулығына сызат түсіріп, өмірден ерте озды.

Ол бакильтык болғанда үлкен әпкеміз небәрі жеті жаста екен. Жеті жастағы бала не биледі? Қазір әкем жайлы сұрасам, «Мениң есімде бар қалғаны кішкене ғана қос қабат үйде тұрдық. Бойын сырқат ден-деп, аяғынан баса алмай қалған ағатайым (шешемнің бірінші күй-еуінен туған балалар оны осылай атаған соң, өз балалары да солай атап кеткен) тесегін үйдін оймақтай терезесінің тубіне салғызып,

күні бойы сарылып, далаға қарап жататын. Менің мектептен келе жатқанымды көріп: «Қайни, Ләзкен (Ләzzat) келе жатыр, шайынды қоя бер!», – деп, шешемізге бірінші хабар беретін де өзі болатын. Балалық на, сол кезде ауыруы жанына батып жатқан әкемнің о жақ, бұжагынан шығып ойнаймын. Ол болса, маған елжірей қарап, «Ләзкенім мениң» деп мандайымнан емірене іскейтін. Содан кейін мені тап солай ешкім еркелеткен емес », – дейді әпкем, сағыныштан көзіне жас алып. Оның әкем жайлы бар билетінің осы ғана. Ал бес жастағы Ақтай мен екіге де толмаған Бектай және әкеміз қайтқанда іште қалған мен ол жайлы ештене де білмейміз. Есесіне кейінгі үшеуіміздің есімізде жетімдікten көрген қорлығымыз қалды. Экесіз болуды біз Құдайдан тілеп алғандай, төрт құбыласы түгел балалар бізге менсінбей қарап, тіпті бірге ойнаудан да қашқалақтайдын. Бізде олар сиякты киімді таңдал кип, тамақты талғап ішетін мүмкіндік болған жоқ. Төртінші сыныпта оқып жүргенімде мектептің «материалдық көмек» деп берген кендеу палъосын сегізінші сыныпты бітіргенше кигенім есімнен кетер ме? Ал пима ше? Ол Ақтай ағама шақ еді.

Мен үйдегі ер азаматтардың ересегі Дулатты (шешемнің бірінші қүйеуінен туған Магрой есімді әпкем, Дулат, Әскер деген ағаларым болды) «папа» деп өсілпін. Әкемнің жоқ екенін мектеп табалдырығын аттарда бірақ білдім. Мектепке Дулат ағам апарды. Ол мені қолымнан жетектеп, үйден шыға бергенде анам: «Құлыным, мектепте әкенің атын сұрайды, сонда «Кәйкен» деп айт. Дулат сениң аған», – деді. Сол күннен бастап оны «этэй» дейтін болдым.

Есейе келе шешемнен «Әкемнің түрі қандай болды?», «Суретін көрсетші?», – деп сұрайтынын. Бірақ қанша сұрағаныммен оның түрін де білмей, суретін де көрмей өстім. Өйткені, ол соғыстан елге 1947-1948 жылдары оралған екен. Соғыста жарапанып тұтқынға түсken. Елге келгенде тұтқында болғандарды «Сатқындар» деп сottап жатқандықтан, қолында бар құжаттарын, суреттерін отқа жағып жіберіпті. Әкеміз жайлы шешемізден қанша сұрасақ та, оның ашылып ештеңе айта қоймайтынының бір сырьы да осында екен.

Осының барлығын айтып отырғаным, біз соғыстың кесірінен әкеден ерте айрылып, зардабын үйлі-баранды болып кеткенге дейін тарттық. «Бақытты балалық шақты» көргеміз жоқ, қазір балалығымды есіме алсам, жылағым келеді. Осындаі күйге бауырларым да түсетініне мен кәміл сенімдімні.

Әкем жайлы білсем деген ой мені әркез мазалайтын. Осы біледі-ау дегендердің бәрінен сұрадым. Естігендерімді көңіліме тоқи бердім. Сейтіп жүріп біраз жайға қанықтым.

...Ауылдың қарапайым жігіті Кәйкенді ел-жұрты, туған-туысқандары ақ батасын беріп майданға аттандырғанда, ол әлі шанырак құрып та үлгермеген екен. Бірнеше ай әскери дайындықтан өткен соң, өзі сияқты өрімдей жігіттермен бірге алғы шепке аттандырылады. Жас жауынгерлер де өлім мен өмір беттескен ұрыс даласында от пен оқтын арасында жүріп әрқайсысы сүйкті Отаны, кіндік қаны тамған туған жері, ардакты аналары, сүйген жарлары, бауыр еті балалары үшін жан аямай, қасық қандары қалғанша неміс басқыныларына қарсы тұрады.

Осылай бір кескілескен шайқастан кеін оларға көмекке басқа отрядтың солдаттары қосылады. Кеңес жауынгерлері жанкештілікпен неміс басқыншыларын тойтарып, саябыр тауып, әркім өз інаруасымен айналысып жатқан кезде Кәйкен өзіне қадалған жанарды сезгендей болады. Міне, ғажап! Өз көзіне өзі сенер емес. Туған жерден жырақта, ауылдасы әрі жамағайыны – Қайыржанды кездестірем деп кім ойлаған?! Баяғы ауылдан әскер қатарына аттанғандағыдай емес, жағы суалған, ортадан жоғары бойы да, келбетті жүзіне келісті орныға қалған қыр мұрыны да жүдегендіктен болар, ұзарып кеткендей. Бірақ қайратты, көпті көріп, есейгені көрініп тұр.

Қанша өзгерді дегенмен, жанары сол қалпы. Ол да Кәйкенді деп басып танымай, сол ма, жоқ әлде ұқсас біреу ме деп тұрса керек, жанарлар түйіскең кезде әлгі құдіктің бәрі сейіліп, екі құшак айқаса кетеді. Мынандай қын уақыттағы кездесу тіпті ыстық болады екен, бір-бірін туғанындағы қапсыра құшақтаған олардың көнілдері босап, бір сәт көздеріне де ерік береді. Бұл әрине, қысылтайын кезде, елден, туған-туысқандарынан еш хабар ала алмай жүрген жандардың сағыныш жасы, қуаныш жасы еді.

Қайыржанның Кәйкеннен екі-үш жас үлкендігі бар. «Он үште отау иесі» деген ата-салты бойынша ерте үйленген. Оның үйленуінің де өзіндік тарихы бар. 1929 жылдардағы аштық кезінде Қайыржанның әкесі Тікшекей әйгілі Сырымбеттін баурайына қонған Сұлықөл ауылындағы Махмет деген кісінің Қайни есімді қызын баласына алып береді. Тікшекей ауқатты кісі болса керек, ішерге тамақ таппай отырған Махметті төрт қап бидайға қызын беруге көндіреді. Отбасының басқа мүшелерін аштықтан аман сақтап қалу үшін Махмет әлі ештеңенің мәнісін түсінбейтін қызын «нағашыңа барасың» деп алдалап, арбаға салып жібереді.

Бар-жоғы он үш жасында келін болып түсken Қайнидың бағына қарай, Қайыржан өте гәрбиелі, адамғершілігі мол азamat болып шығады. Әкенің ықпалымен үйленген ол жас келіншегін қарындасында көріп, қамқорлық көрсетеді. Олар тіпті туған бауырлардай

тату-тәтті күн кешіп, ауылдың өздері құралыптас балаларымен қосылып ойнап кетін, енесінен талай таяқ жеген кездері болады....

Қайыржан мен Қайнидың тұңғыштары Мағрой, одан кейін Дулат өмірге келеді. Зайыбы Қайни үшинші балаға жүкгі болған кезінде Қайыржан әскерге шақырылады. Борышын өтеуге аттанарда Қайыржан: «Аман-есен жаңың қалып ұл тусан, атын «Әскер» деп қой», – деп тапсырады. Осылайша, үш баланың әкесі атанған Қайыржан әр шайқасқа шықкан сайын, елдегі бала-шағасы мен жастай қосылған жарын, туған-туысқандарын ойлап, Жеңісті жақыннату үшін аянбай құреседі. Ауылдас бауыры Кәйкенмен кездескен сәтте де ең алдымен солардың амандығын сұрайды.

Олар біраз уақыт бірге соғысады. Бірақ тағы бір катты шайқас кезінде Қайыржан жараланып, госпитальға түседі. Соғыс саябырысып, тыным болған сәттерде Кәйкен оның халин білуге барып тұрады. Сондай бір кездескен кездерінде Қайыржан:

– Соғыс болса мынау, қарша бораған оқтың астында қыршынынан қызылып, мұрттай ұшып, баудай түсіп жатқан жауынгерлерді көзіміз көріп жүр. Бұл соғыстан елге аман жетеміз бе, жоқ па, бәрі – бір Алланың колында. «Жаман айтпай – жақсы жоқ». Егер туған жерден дәм тартпай, бұл жақтан мен қайта орала алмай, сен аман жетсек, балаларыма бас-көз бол, – дейді.

Құдай аузына салды ма екен, содан кейін олар қайтып кездеспейді. Қайыржан сол жerde қалады да, Кәйкен басқаларымен бірге әрі қарай майдан даласына аттанады. Әр қадам жер үшін қантөгіс. Екі жақ та аянып жатқан жоқ. Қолқаны ашытып, көзді аштырмайтын түтін иісі мен ішан, қан... Көктен де, жерден де зуылдаған оқ, жарылған снарядтар мен бомбалардан жер солқылдайды... Ол есін жиған кезде басы қорғасын құйып қойғандай, зілдей. Көзі де топыраққа толып қалған ба, аштырмайды. Өң мен түстін арасындағыдан күй кешіп жатқандай. Құлагына немістердің дауысы келетіндей... Экеміз осылайша тұтқынға түседі.

«Көрешекті көрмей, көрге түспейсін», – дегендей, мұнда қүйлері майдан даласындағыдан бетер қыын болады. Тұтқындарды өз жақтарына тарту үшін немістер оларды қорқытып, үркітіп, неше түрлі азапқа салады. Бірде тұтқындарды сапқа тұрғызып қойып, әр бір оныншы адамды ата бастайды. Сонда әкемнің жаңында тұрған бір тұтқын оның біресе оң жағына, біресе сол жағына шығып, жаңын қоярға жер таппайды. Алайда, ажалдан құтылмай, оныншы болып оққа үшады.

Аман қалғандарын да ондырмайды, ауыр жұмысқа жегеді. Аштықтан әлсіреген тұтқындарды ауыр жұмыс тіпті титықтатады.

Каншама адам аурудан, аштықтан кырылады. Жұмысқа жарамай қалғандары да солардың кебін киеді. Жантәсілім еткен жандарды арбаларға тиеп, далада казылған орға төгеді. Осылайша, «өлді» деп орға төгілгендердің арасында шала-жансар жаны бар біздін әкеміз де болады. Көретін жарығы, тататын дәмі болса керек, өлгендердің арасында жатқан әкеміздің кеудесінде жаны барын көрген бір әйел (ол неміс әйелі болуы мүмкін) оны үиіне жасырын әкеліп, күтіп, адам катарына косады.

«Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі», – деген сөз тегін айтылмаса керекті. Басынан өткерген осындай жағдайлардың бәрінен аман қалған әкемізді Қайыржанның аманат еткен балаларының көз жастары сактады ма екен, кім білсін, 1947-1948 жылдары елге оралғанда Қайыржанның соғыстан қайтпағанын, ал оның жесірі Қайнидың шиеттей үш баласымен қайын енесі Жәмила мен балаларының қолында тұрып жатқанын біледі. Қыын-қыстау кезеңде ауылдастының «бала-шағама көз бол» деген аманатын жерге тастай алмаған ол Қайніға үйленеді. Оның қайын енесі Жәмила мен балаларын қолына алады...

«Аты жок құр арбаны мың шақырым жерлерге, күн жарымда барғызған», – деп мектепте жаттаған өлең жолдарындағыдай, қазақ даласында соғыстан кейінгі жылдарда құрылышы басталған Мойынты-Шу темір жолын салу жұмыстары басталғанда оның құрылышына жер-жерден кісі тартылады. Ол кезде жана үйленген әке-шешеміз темір жол салуға аттанады. Бұрын істеп көрмеген мұндай жұмыс өте кын болады. Алайда, құнқөріс үшін қөпшіліктен олар да қалыспай қолдарына қайла, қүрек алып еңбек етеді. Қазақстанның солтүстігі мен орталығын онтүстікпен түиістіретін, сондай-ак, Орта Азиядағы республикалармен байланыстыратын Мойынты – Шу темір жол торабында әке-шешеміздің маңдай тері мен алақандарының ыстық лебі барын олардан қалған ұрпағы біз мақтан етеміз. Өйткені, осы күнде еліміздің барлық жерінен өтетін Петропавл-Кекшетау-Ақмола-Қарағанды-Шу трансқазақстандық темір жол торабы ел экономикасының күретамырына айналған.

Әкеміз өмірден өтерінде немере інісі Баймолда Рыстин мен ана-мызға ғұтқынға түскенде өзін өлімнен құтқарған әйел жайлы айтқан екен. Бұл жайды біз есейгенде естідік. Сол әйел болмағанда әкеміз елге аман оралар ма еді? Онда біз туар ма едік? Әкемізге және бізге өмір сыйлаған әйелге деген ризашылық сезімін жеткізгісі келген Бектай ағам ол жайында сол кезде жүріп жатқан «Жди меня» хабарына, Германиядағы Бад Арользен қаласындағы халықаралық іздеу қызметініне хат жазып, іздеу салды. Өкінішке орай, әкеміздің

қандай концлагерьде болғаны, онда қалған әйелдің аты-жөні, мекенжайы бізге беймәлім болғандықтан, іздеу еш нәтиже бермеді.

Әкеміз КСРО Жоғарғы Қенесі Президиумының шешімімен Ұлы Отан соғысына катысқаны үшін медалімен марапатталыпты. Бұл награда ол қайтқаннан кейін келген. Бірақ онда да еш дерек көрсетілмеген. Ұлы Женістін 70 жылдығы карсанында мүмкін бірдене табылып қалар деген үмітпен таяуда өзім де облыстық қорғаныс істері жөніндегі департаментке өтініш айтып бардым. Бірақ онын қай жерде соғысқаны, қай әскери құрамда болғаны, тағы басқалары жөнінде мәлімет айта алмағандықтан, олар да «табамыз» демеді...

Ләйла ЖАНЫСОВА

ҚАБЫРҒАҒА ІЛІНГЕН СУРЕТ

Отан қорғау жолындағы қанды шайқастар болып, тарих беттеріне жазылған Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл жетпіс жыл толғалы отыр. Бұл зұлмат қырғын қаншама адамның өмірін қиып, қаншама адамның көз жасын қанмен сорғалатты. Уақыт емші дегенмен, жан жарасының жазылуы оңай емес-ау?! Бүгін біз ашық аспан астында, соғыстың ызғарынсыз өмір сүріп жатырмыз. Мен өзімді осы заманда, осы елдің перзенті болып туғаным үшін бақытты санаймын. Мен жер мен аспанды дірілдеткен соғыс техникаларының жаңғырығын немесе құлактың түбінен ысқырып өткен оқтардың дыбысын естіген жоқпын, соғыстың қыспағындағы аштық пен жалаңаштықты бастан өткерген емесинн. Бірақ бұл соғыс мениң жанымда да өшпес жара салып кетті. Сол зұлмат күндердің салдарынан мениң ардакты әкемнің тағдыры жеңіл болмады. Ол өткен ғасырдың 30-шы жылдарындағы нәубетте ата-анасынан айрылып, балалықтың қызығын көрmedі. Ал Ұлы Отан соғысының қасіретінен жастықтың жалындаған сезімін сағынышқа түмшалатқан әкемнің өмір жолы мені бүгінге дейін налытады.

Әкем – Шал ақын ауданындағы Қожым деп аталған кішкентай ауылдың тұмасы. Екі жасында тұл жетім қалған ол бірге туған екі ағасы және әпкесімен рулас туыстарының есігінде ержетті, бірақ ағаларына үйленіп, тіршіліктің қызығын жалғастырап күндер мен кіші бауырларына қамқор болудың бақыты жазбапты. Тоғыз жасар әкем үшін жетімдіктің тауқыметі енді басталады. Ағалары Қабықен мен Айбастың майданға шақыртылып кеткен күні әкемнің бауырларын соғы көруі еді. Апасы Мәкен екеуі қорғандарынан айрылып, қанаттары қайырылып жүртта қалады.

1941-45 жылдар... Бұл – жұрттың көңіл қүи түсіп, әр отбасы соғысқа кеткен азаматтарынан жақсы хабар тосқан заман болды. Бұл – күннің арайлай атқан сары шуағы олардың сарғайған сағынышын тербеткен, қара түнек түні бойларына қорқыныш ұялатқан, әр шаңырақтың тыныштығын ұрлаған заман еді. Осындай кезде әр ағайынның есігінде жүрген әкемнің қүйі, тіпті, аянышты екендігі, айтпаса да түсінікті.

Мені әкем қашанда өзінің жігерлі мінезімен таңғалдыратын. Оның біреуге шағым айтып, өзінің жайын мұндағанын көрген емеспін. Ол – әр атқан тадына ризашылықпен қарап, айналасындағылардың көңілін аулап, ешкімге артық ауыз сөз айтпай, ғұмыр кеіпкен жан. Біздін балалық көңілімізді қобалжытпас үшін ешқашан ішкі шерін тарқатпайтын. Сондықтан да бүтінде оның ұл-қыздары әкелерінің асқаралы бінк тұлғасын ғана елестете алады.

Әкем үйде бала-шағаның жоғын көрсе, төргі бөлмеге барып, қабыргада үлпін тұрган суретке мұнын шағатындей еді...

Бірде тағы да сол суретке қарап үнсіз отыр екен. Алдынан барып, жанарына тіктеп қарасан, көзінде мөлтілдеген жасты көруге болатынды. Бұл суреттегі әскер киімін киген ер-азаматтың әкемнің бауыры екенін білсем де, оның көңілін аулап, сөзге тартқым келген-діктен, тізесіне отырдым да, мойнынан құшақтап: «Әке, бұл Сіздің қай ағаңыз?» – дедім еркелеп. «Бұл үлкен ағам Қабыкен ғой», деген оның жауабынан кеин, органы ұзақ үнсіздік жайлады. Бала болсам да есімді біліп, сөзді ұғып қалған кезім ғой. Әкемді одан әрі мазалаудың жөні жоқ екендігін сезіп, ақырын орнынан тұрдым да, ойынға қызықкан баланың сыңайын танытып, кетіп қалдым. Алайда, ұзаққа бармай әкемнің әрекетін сырттай бақылап тұрдым. Ол тағы да суретке ұзақ қарады. Осы аралықта оның бет-бейнесі біресе күлімдеді, біраздан соң қабағы түсіп, мұңайды. Бұл қылышына мен еш түсінбедім. Енді бүтінде мен де әкемнің суретіне қарап, осындай күй кешемін. Әкеммен өткен күндердегі оның қылыштары, мінезі кез алдымға елестеген кезде көңілім көтеріледі де, оның ортамызда жоқ екендігі есіме түссе, көңілім құлазиды.

Әкемнің ағасының суреті әлі күнге дейін кіші інімнің шаңырағында сақтаулы. Бүтінде бақылық болған әкемді сағынған кезде мен де сол суретке қарап, өткен күндерді еске аламын. Кейде күндердің күнінде бейтаныс біреулер келіп, маған: «Біз Қабыкен, я болмаса Айбастың балаларымыз», – деп айтатындей көрінеді.

Бұл, әрине, бір отбасыға ғана Ұлы Отан соғысының салған жан жарасы. Сондай-ақ анамның да әкесі соғыстан оралмай, үш бала жетімдікпен ержетті. Ал Төлеш атамыздың інісі Шамған аман-есен

елге оралды. Шамған атамның өз немерелері бар, одан калды ағасынан қалған біз бармыз. Оны «ата» деп қашанда аскак тұтатынбыз. Оның еркелеткенде, бізге айтатын «торпақ» деген сөзінің өзі сондай жылы еді. Ал егер ағаларым мен нағашы атам соғыстан тірі оралғанда, олардан да талай жылы сөздерді естіп өсер едік-ау. Бірак сүм соғыс олай етпеді. Ата-ағаларымыз біздін бүтінгі бақытты өміріміз үшін өздерінің жанын пида етті. Эрине, олардың есімі біздің жүргіміздің түкпірінде мәңгілік сақталды.

Әсемгүл ЕСІМСЕЙТОВА, ұстаз

ӨЗІҢ ЖАҚҚАН ШЫРАҒЫНДЫНЫН

Мамыр басталғаннан өзгеше бір күйге түсемін. Өзіңе тартып қанша мықты болайын десем де, сезімімнің пернелері сағыныштың сазына шыдамай жи үзіледі... Көшеде көзім түскен ардагерлердің ордендері мен медальдары арасынан «Қызыл Жұлдыз» іздеймін, көзіме ілінбейді. Ағаш аяқтылар да жоқ. Ондайда: «Менің әкемнің екі бірдей «Қызыл Жұлдыз» ордені болған», – деген бала күнімнен қаныма сінген мактаныш сезімім толып жатқан орден-медальдар арасынан өзіңе ерекше ыстық, сол себепті де біздің назарымызға айрықша ілінетін кос жұлдызды көз алдыма әкеледі. Біреуінің бір ұшының бояуы жоқ. «Бұл өзіммен майдан даласында бірге жүріп келген орден ғой», – деп, сипап қоятынсың оны. Екіншісі – қырық алтыншы жылы артыңан «іздел» келген, сондықтан жап-жана бољып тұратын.

Әкем соғыс туралы көп айтпайтын. Ілуде бір ыңғайы туып, сұртпактатсаң: «Оны қайтесіндер, құрысын, аты өшсін, енді сендерге оны көрсетпей-ақ қойсын», – деп тұнжырап үнсіз қалар еді...

Соғыс басталысымен, 1941 жылдың тамызында майданға шақырылған әкем – Қабдол Жәменекеұлы бірінші Беларусь майданында, маршал Рокоссовский армиясының қатарында Отан қорғауға қатысқан. Екі рет жарапанып, екі рет қайтадан майданға кірген. Үшінші рет жау снарядының жарықшагы оң аяғының басын жұлып кетеді.

–Снаряд атылған соң түсінікті, қара жердің асты үстіне шығып, топырақ пен түтін араласты да кетті. Окопта жатырмыз, бас көтертпейді. Тағы да гұрс етті, тек әйтеуір басымызды сауғалап, бұға береміз. Бірдене тыз еткендей болды, козғасам, аяқтың басы сылқылдады да қалды, – деп бастайды әкем. – Сәл толастаған сәтте қасымдағы жауынгөр қан тоқтасын деп, резенке жгутпен тізеден

жоғары байлады да, шабуыл басталып, аман калғандары жүгіріп кете барды. Қарағайдын басында немістің снайпері отыр. Қозғалуға, тіпті, ауырсынып ыңырсуға да болмайды: ол – мен мұнданым деп, өзінді-өзің нысана ету. Жаракатым жаныма батып барады, қиналғаннан үстімдегі шинелімді тістерей бердім, кейін қарасам, бір омырауын жұлып тастанаптын. Шинельді өздерің блесіндер қалыңдығы қандай екенін, тісім не деген мықты десенші?! Соның да әсері болды ма, госпитальда үстіңгі күрек тістерім түсіп, мына темірден салып берді ғой, – деп күмістей жарқыраған тістерін көрсетеді. Майданда салған сол тістері қырық жылдан кейін ғана түсіп, қайта салғызыған болатын. Поляк дәрігерлері жұмысының сапалылығын, жаралы жауынгерлерді катарға косудағы олардың жанкиярлығын айтып, сүйсінің жасырмайтын.

– Содан 1945 жылдың тамыз айында бір аяғыма протез киіп, елге оралдым. Аяғының басы жоқ дегенге отырғанда болмаса, журіп келе жатқанда ешкім күдіктенбейтін де, – деп протезben сылтымстан түзу жүргенін, шешелерің де білмей қалды деп, апама қараған жұмысына сыр бүгіп, сәл-пәл мақтанышпен айтатын.

Кейін келе госпитальдан киіп келген протезі тозып, жаңасын жасату үшін калаға бару, тағы басқа жұмыстары көбейген тұста өзі қолдан «ағаш аяқ» жасап алған ғой. Онымен де түзу жүргенімен, тізе бүтіп, сол «аяқтың» үстіне қоятын болғандықтан, шалбардың балағымен жасыруға келмей, көрініп тұратын. Біздер өсе келе әкеміздің бүл «кемістігін» жасырғымыз келип, протез алдырғанымызбен, жатырқап, онымен ұзақ жүре алмайтын болды. Өмірдің, «Аяғымды әперіп жібер» дегенде, жарыса жүгіретін сол аяқты да сағындырыарын кім білген?!

...Жамбыл ауданында біз туып-өскен, ата-бабамыздың зираты жатқан, кіндік қаны тамып, кір жуған атақоныс, күндіз ойыннан, тунде түсінен шықпайтын жетпіс-сексен үйлі шағын ғана Талпын деген ауыл бар. Бір аяқты жан садағасы деп «Германға беріп», кеүдедегі шыбын жанның амандығына тәубе етіп, сол ауылына оралған екен әкем.

...Әз кезегімен уақыт жылжып өте берді. Үйленін, үй болып, соғыстан соңғы бірде бар – бірде жоқ кионы қашқан тіршіліктің қамытын мөйнына ілген әкем өмір көшіне ілесті. Әркімге өз әкесі аскар таудай көрінер, ал мениң әкем шынымен-ақ керемет, қайталанбайтын жан еді. Мен оның төрт-ақ сыныптық сауатымен ауылда қойма, дүкен ұстал, бастауыш партия үйіміның хатшысы болғанын, жалғыз аяқпен трактор айдал, тың көтергенін... айтайын деп отырғаным жоқ. Мениң тілге тиек етпегім – мүгедектігі үшин алатын жиырма

болған бетімізді жуып, шай ішіп болғаннан кейін тұнгі жер жыртуға шығамыз. Әркайсының үш ат жегілген соқалар дайындалып болған соң ат үстіне бізді – балаларды мінгізеді. Қараңғыда дұрыс көрмей, бораздадан ауытқып кетпеу үшін колымызда фонарь болады. Сөйтіп, тұннің бір уағына дейін жер жыртамыз, соқаны ұсташа үшін Қараша бригадир бастаған төрт шал шығады.

Ат үстінде калғып-щұлғып жүріп, бораздадан шығып кететін сәттер болады. Ондайда соқа ұсташа Қарашадан сөз естіп, жылап аламыз. Тоғыздан жаңа асқан маған шалдың боктау сөздері ауыр ти-генімен, әкеммен құрдас аксақалға қарсы бірде-бір дөрекі сөз ай-ттаймын. Өйткені, Қараша шалдың мінезі жайшылықта жайдары, ашуланса тез қайтатын. Және қыстың ұзак тұндерінде біздін үйге келіп әкем Қасенмен көп әңгімелесіп, шаруа жағдайын ақылдасатын. Сол себепті бұл атаны сыйлайтынбыз. Бізben қатарлас жер жыртып жатқан кісілер тарапынан да жағымсыз сөздер, жылаған бала дауысы естиліп жатады. Көктемнің тынық тұнніндегі дыбыс жаңынан шыққандай естілетін. Мұқан шалдың атының басына мін-ген көрши бала қалғып кетіп, құлап түсіп, тобығын шығарып алғып, көп бейнет көргені есімде.

Осылай жыртылған жерге мамырдың аяғын ала дән себіледі. Дән-ді үлкен кісілер мойындарына аузын талмен керіп, дән салған дорба-ны іліп, қолдарымен уысталап, жерге шашып жүріп себеді. Олардың сонынан біз – балалар сиыр жеккен тырмалармен жүріп өтіп, ашық жатқан дәндерді жапкан боламыз. Алайда, көп дән ашық қалады да, оларды қол тырнауышпен тырмалап жабуға тұра келеді.

Машақаты көп дән себу науқаны маусым айының аяғына дейін созылатын. Кеш себілген жерлердегі егін қыркүйек айының сонына дейін піспейтін, одан соғылған бидай кебе келе құрысып қалатын, ондай өнімді колхозшыларға сібеккүндерінс беретін. Себебі, ондай бидайді элеватор алмайтын.

Шілде айының бас кезінде шөп шабу науқаны басталатын. Ол да кілен әйелдер мен бала-шағаның, шал-шауқандардың қолдарымен атқарылатын. Біздін колхозда екі шөп шабатын машина болды. Бір машинаға екі өгіз, бір ат жегіледі. Мен шабылған шөпті тырна-уышпен жинайтынмын. Тырнауышка жегілген ала өгізді басқару-дың өзі бір азап болатын. Мүиздеріне байлаған божыны тартқаным бағына қоймай, зығырданымды қайнатушы еді. Шаршаған өгіз тілін салақтатып жүріп келе жатып, кенеттеген жата қалатын, сондайда биік тырнауыштың үстінде отырған мен отырғыштан ұсташа үлгере алмай, өгіздің үстіне құлап түсsetінмін. Бірде осылай қулағанымда, жіліншігім көлденең тырнауыштың теміріне тиіп, еті тілініп түскен.

Әйтеуір, сүйегім аман қалған еді. Сол сирағымды жуған сайын ескі жараның орны балалық бейнеттің таңбасындаі көрініп, әлі күнге бойымды тітіркендіреді...

...Сона шыға бұл өгіздің мінезі мұлде өзгеріп, шанышқак тигендей басын шайқап, құйрығын шашып, божыға бой бермей, іргедегі қалың шіліктің ішіне койып кетеді. Оны бұл жағдайдан шығару, тіпті де оқай емес. Жақын жерде менің жинаған шәбімді қос өгізбен сырып жүрген Ілияс қартты қемекке шақырамын. Ол кісі аяғына ештеңе кимей, жалаңаяқ жүретін. Себебі, ол кезде аяқкүм тапшы болатын, ал тіктіріп киейін десе, керек былғары болмайтын. Жоқтықтан жалаңаяқ жүрген қарияның табаны қалыңдығы бір елпіе жақын мүйіз болып біткен, шабылған жердің сояуларын, гікендерін жапыра басып журе беретін. Тек анда-санда жарылған табанына солидол майын жағып, шүберекпен байлап, бірер күн емдеп алатын. Шөп шабу, жинау, сыру, шошақ қылып үю жұмыстары қас қарайып, шық түскенше жалғасатын. Бригадир бізді үйге жібермей, сырғауылдардың ұштарын түштіріп, шөппен жапқан қоста кондыратын. Оның қосымша ауыртпалығы күні бойы жұмыс істеп, шөп үйген әйелдерге ауыр тиетін – қосқа қонатын 15 адамға ботқа қайнатып беру солардың ісі болатын. Нан жоқтың қасы. Оны пісіретін ұн да жоқ, өйткені кол диірменмен үgetін бидай болмайтын. Осы шілденің орта кезінде жеті шақырым жердегі көршилес Пулеметовка колхозының қара бидайы пісіп тұратын. Үлкендер торт баланы сол шіскен қара бидайдың бастарын жұлып, дорбаға салып, алып келуге жұмсайтын. Бізді жау шебінен «тіл» алып келердей қайрап, жігерлендіріп, екі биеге екі-екіден мінгестіріп, тұн қараңғысын пайдаланып аттандыратын. Төрт дорбаға тығыздаپ салған масақты көнтіріп, кол диірменмен үгіп, төрт күлді-көмеші пісірлстін. Сол қара нан тоқ болушы еді.

Койбагар бастаған, Жолдыбай, Мақыш және мен қостаған төрт бала әбден құнығып, құнара масақ жұлып әкелеміз. Ал тамыздың ортасынан бастап, Пулеметовка колхозының картобы жеуге жарайтын болатын. Ересектер енді төрт «жауынгерді» картоп әкелуге жұмсайды... Міне, осылай төрт бала бір қос толы шөвшілерді та мақтандыруши едік. Бұл ісіміз қаншалықты «күнә» екенін арамыздағы Ілияс молдасымағымыз шарифат жолымен дәлелдеп, ақыры бұл ісімізді қүнә емес, сауап деп санап, бізді канагтандыра түсегін... Рақымы мол Алла тағала, сол ісімізді кешу қыла ғөр деп, еске ала-мын ол қундерді казір...

Егін орағы кезінде колхоздың астығын екі өгізден жегілген уш арбаның үстіне орнатылған кораптарға тиеп, Булаев астық қабылдау пунктіне апарамыз. Басқарушымыз бір шал, ал қалған екі арбаның

айдаушылары біз – балалар. Ауылдан таңсәріде шыққан үш арба қас қарада Булаеводан үш километр жердегі Медвежка ауылының жаңындағы көл жағасына зорға жетеміз. Жұмыстап әбден қалжыраған өгіздер қанша қамшыласан да, аяннан аспайды. Ұра-ұра жүні түсіп, ак қайыс болып қалған сауырын қиқаң еткізеді де қояды.

Көл жағасының жел жағына өгіздерді дөгарып, қосақтағ, оттауға жіберіш, біз, балалар бағамыз. Жол-жөнекей жинап алған шырпыларымызды сындырып ұсақтаң, құрғак ұлпа шөпті астына салып, от жағуға дайындаймыз. Басшымыз қалтасынан тас шақпақ алып, бір-біріне соғып, одан шыққан ұшқынмен мақта күлі тұтанып, оны еппен үрлеп, шөп ұлпасына тигізгенде, ол лапылдаپ жана жөнеледі. Біз отқа қолымызды жылтырып, қуанып қаламыз. Ал басшымыз бізге: «Өгіздерге ие болындар», – деп тапсырып, өзі бір шелек бидайды алып, ауылға жаяу тартады. Түннің бір уағында манағы шелегі толған сәбіз бен қиярды біздің алдымызға қояды. Біздің қуанышымызды шек болмай, аузымызды қиярга толтырып, кулге көміш пісірген қытырлақ нанды қоса шайнап жегенде патша тамағындей көретіпбіз...

Құзға таң бозара бастағанда өгіздерді қайта арбага жегін, ертелеңте Булаевоның шет жағындағы астық қабылдау пунктіне жететінбіз. Арасында құрысқан дәндері бар, аса кеппеген астықты өткізу қын болатын. Ала қалған күнде арбаларымызды қоймалардың ішіне кіргізіп, астықты қолмен түсіретінбіз. Өнімізді өткізін болғаннан кейін арқамыздан бір үлкен жүк түскендей сезінетінбіз. Бұл женілдікті өгіздер де сезініп, үйге қарай шашшандай жүретін. Жолда өгіздерді бір шалдырып алып, күн бата ауылға жететінбіз.

Мұндайда мені, әсіресе, әпкелерім қуана қарсы алатын, себебі, қойын-қалтам толы сәбіз, қиярды бір үлкен базардан келгендей, жомарттықпен үлестіріп беретінмін.

Әкем болса, маған: «Сендер түнде орыстардың огородына түсіп жүрген жоксындар ма? Олай іstemендер, біреудің енбекпен өсірген өнімін ұрлау обал болады», – деп тіксіне, қатаң көзben қарайтын. Мен көкөністі басшымыздың бір шелек бидайға алғанын айтатынмын. Өніміздің көзбен қаралғандағын, балаларға бірдеңе алып берерсің деп. Әкем осыны билгеннен кеін жібіп, мандайымнан иіскең, бауырына басатын.

Соғыс женіспен аяқталып, елімізде бейбітшілік туы желбіреген күн де туды. Бірақ ауылдағы тіршілік қарекеті елуінші жылдардың ортасына дейін шалдар мен әйелдердің, бала-шағаның қолдарымен атқарылып келді. Өйткені, майданға аттанған азаматтардың көбі ауылға оралмаған еді, оралғандарының көбі мүтедек болатын. Ауыл

тұрмысы тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары ғана жақсара бастады, аузымыз ақ нанға тиіп, жазғытұрым масақ теріп, күн көру тыйылды. Жаңа совхоздар бой көтерін, қазақ жеріне сонау Ресейден келген жастар қоныстанып, үйлі-баранды болып қалғандары көп. Дарқан халқымыз тынгерлерді де өздерінің бауырындай қарсы алып, кең құшагына сыйғызды. Осылай етіп жатқан мениң бұлынғыр бала-лық күндерімнен ерекше есте қалғаны – 1946 жылдың қараша айының бесінші жүлдізы. Бұл кезде мен Еңбекші қазақ деген ауылда бесінші сыныпта оқытынмын. Кешкісін отыз шақырым жерден жаяу үйге келип, шаршанқырап ұйықтап қалған болуым керек, анамның: «Ескенжан, тұрағой, құлыншағым, сені мұна екі азамат сұрап тұр», – деген даусынан оянсам, үйге бірі орыс, бірі қазақ жігіттер келип тұр екен. «Сізге медаль тапсыруға келдік», – деп, үйқылы-ояу тұрган мениң көйлегімнің кеудесіне жарқыраган медальді тағып, арқамнан қағып, құттықтау сөздер айтып жатты. Қазақ жиілі анама да: «Осын-дай ұл өсірген Сізге де алғысымыз мол», – деді. Анамның: «Шырақтарым, шай ішіп кетіңіздер», – деген тілегіне олар тағы да кіретін үйлері бар екендігін айтып, алғыстарын білдіріп, шығып кетті.

Олар кетісімен, шешем шолақ сәкінің үстінде тұрган маган жақындан келип, кеудемдегі медалімді көріп: «Ойпырмау, өзі жалт-жұлт етеді ғой, таза күміс пе? Жоқ, сарғыштау екен, бәлкім алтын, не алтын жалатқан болар...», – деп қолына ұстап, салмағын да бай-қап жатыр...

Мен шай ішіп болған соң, киинін, кеудеме медалімді тағып, көрші үйдегі бірге жұмыс істеген Қойбағарға бардым. Ол да мен си-яқты қуаныш үстінде екен, қолында – дәл менікіндей медаль. Оның бір жақ бетіндегі «За доблестный, самоотверженный труд во время Великой Отечественной войны 1941-1945 годов» – деген жазуды оқып, соны қазақшаға аудара алмай әлек екен. «Доблестный», «Самоотверженный» деген сөздерді біздің бірінші оқып-естуіміз еді. Жарайды, басты қатырып қайтеміз, әйтеуір Ұлы Женіске біздің де қосқан үлесіміз бар екенин ескеріп берген шығар деген қорытындыға келдік. Қойбағардың шешесі Бәден апамыз маған медалінің байға-зысы деп бір мұз кәмпіт берді. Ол кезде мұндай кәмпіттер дүкен-дерде де бола бермейтін. Қойбағар екеуміз медальдарымызды тағып алып, жұмыстас жолдасымыз Мақымның үйіне бардық. Ол үйде екі бірдей қуаныш бар екен: Мақым мен оның ағасы Қабжанға да медаль берліпті. Сонымен ушеуміз медальдарымызды тағып, ауыл үйлерін аралап кеттік. Жұрт байғазыға берген құрт, ірімшікке қалта-мызды толтырып, тұс ауа үйге оралдық. Әкем де үйге келген екен, ол кісі Веселовка деген ауылдан почта таситын. Оғизбен баарда кол-

хоздың сүтін ала кетін, қайтарда хат-хабар ала келетін. Әкем мениң медалімді көріп, бауырына басып, маңдайымнан иіскеп: «Ата-бабам тақпаған медальді сен тақтың, атадан бала озар деген осы. Сен енді балалық шақтан еттін, жігіттік шағың басталады. Бала демей, сендердің енбектерінді бағалап, медальмен марапаттаған Үкіметке де раҳмет! Женіске қоскан үлестерің, адап енбектерің бағаланды. Өмірлерің медальдарыңдай жарқырап, бейбіт өмірде бақытты болындар!» – деп, әкем алақанымен бетін сипап, батасын берген еді. Әкемнің сол сездері, берген батасы қолыма жастықтың жалауын ұстатқандай сезіндім. Бұлынғыр балалық шағымның көк жиегі бұлдырап, артта алыстап бара жатқандай көрінді...

*Ескендір НҰРЫМ, ардагер ұстаз.
Петропавл қаласы*

ЖАДЫНДА БЕЛОРУСЬ ОРМАНЫ...



Куанышбай Байманұлы
зайбы Бадыгүл

жара қалдырыды ғой. Сол жылдардағы оқигалардың бірен-саранығана есімде, тіпті, ондағы қандыбалаш жолдастарымның аттарын да ұмытып қалыптын. Тек көз алдымға даланың көк түнекке оранғаны елестеп, айналада гүрс-гүрс еткен зеңбіректің дауысы естілгендей болады. Әсіресе, оң аяғым сыйдаған кезде, соғыстың қасіреті де неміді шымырлатады. Бірақ еліме, жеріме неміс басқыншыларының

Ұлы Женістің мерекесі күн Украина мен Белорусь елдерінен жолданған үшбұрышты екі хатты әжім қолдарымен қыса түскен ардагер көзіне жас алды. Қол орамалын алып, көзін сүрткен қарттың бұл толғанысының жөні бар: ол өзінің жігіттік шағының жеті жылын сол елдерде өткізген. Бұл өмір мен өлім арпалысқан қылыш заман болатын.

– Е, қарғам, 96 жасқа аяқ басқан кәріден не сүрайсың?! Соғыс зобалаңы жүрекке өшпес

аяктары тимегеніне қуанамын. Жарымжан болсам да, еліме аманесен оралғаным үшін тағдырыма разымын. Тәуба, Алла тағала маған ұзак ғұмыр берді. – деген Қуанышбай ақсақалдың көңілі жадырай бастады.

1939 жыл. Қуанышбай Байманов өзінің туған жері – бүгінгі Есіл ауданы Жарқайың ауылынан әскер катарына шақыртылған кезде 23-ке енді қараған жиіл болыпты. Ата-анасы ерте бакилық болып, жетімдіктің тауқыметін, заманның зобаланың көріп ержеткен оның мінезі жасынан қайсар екенін солдат киімімен түскен ескі суреті анғартып тұрғандай.

Украинада әскери борышын өтеп, енді елге ораламын деп жүрген кезде фашистердің кенеттен соққы жасаған таңы Қуанышбай ақсақалдың санасында касіретті күн ретінде қалған. Ол да ел қатарлы мылтық асынып, соғысқа аттанады. Жау шабуылына төтеп бере алмай, артқа шегінген 2-ші Беларусь майданынан бөлінін қалған оның ротасы орман ішінде партизандық жасайды.

– Уш жыл бойы мекеніміз Беларусынан қалың орманы болып, жауға қарсы астыртын іс-әрекеттер жасадық. Мақсатымыз – мандағы жау әскерінің қозғалысын аңдып, шамамыз жеткен жерде оларға соққы беру, көздерін жою. Майданға алып бара жатқан қару-жарастарын, азық-түліктерін өткізу. Жұмысымыздың нәтижелері мен бағыттары туралы жақын мандағы Гомель қаласындағы штабымызға хабарлап тұрдық. Қырық шақты партизан болды. Ал біздің алты адамнан тұратын тобымызды Леонид Демін деген жігіт басқарды. «Кияңқылығымыздан» шаршаған немістер бізді ұстап алуға әрекет жасады. Оларды ізімізге түсірмеу үшін батпақты жерді паналаймыз. Бүгін орманның батысында жүрсек, ертеңіне шығысынан бірақ шығамыз. Сондықтан біздің тұракты орнымыз да, демалатын жеріміз де болған жоқ. Жертөлс жасап алып, сонда жатамыз. Аяғымыз саз, үстіміз су. Оны кептіреиқ десек, от жағуға болмайды. Ағаштан күркे жасап, соның ішінде тығылып отырып, от жағып, шай қайнатамыз, киімімізді кептіреміз. Қорғанымыз да, асыраушымыз да – табиғат. Орманда жортып келе жатқанда түтіннің исі шықса, қалага жақындағанымызды жорамалдаймыз. Эртүрлі табиғи құбылыштарға қарап, ауа райын болжаймыз. Карайн аш. Немістердің майданға алып бара жатқан вагондарының тасталқанын шығарған кезде, солардың тамағына бір тойып қаламыз. Уақыт өте ауыр болды. Төздік. Ең бастысы – жауынгерлердің бір-біріне деген күрметінің, сыйластығының, түсіністігінің, жанаңырлығының арқасында женіске жеттік, – деген қарттың сездері жігерлі естіліп, жанарынан үшқын сезілді.

Куанышбай қарт сондағы қандыбалақ жолдастарымен байланыстың кейін үзіліп қалғанына өкінішін білдіреді: «Негізгі әскерге қосылғаннан кейін бір-бірімізден көз жазып қалдық. Аға-бауырдай болған олардың бет-бейнесі әлі күнге дейін көз алдыма елестейді. Сағынамын», – дейді ардагер ауыр күрсіне.

Оның өз ротасынан ажырап қалу себебі: 1944 жылы Кенес армиясы Беларусь жерін неміс басқыншыларынан тазарту үшін жауды кудалай отырып, Батысқа қарай жылжиды. Алайда, Куанышбай Байманұлы шайқаста жарақат алып, ғоспитальға түседі де, майдандастары әрі қарай жылжып кетеді. Екі ай бойы ауруханада жатқан солдат жазылып, майданға оралған кезде қайта жарақат алады. Оң аяғының тобығына тиген оқ сүйегін үгіте тесіп өтін, ол аурухана көреуетіне тағы танылады. Иванов облысындағы әскери ғоспитальға жеткізілген жауынгер Женісті сонда қарсы алыпты. Жеті жыл солдат етігімен батыстың топырағын таптаған қазақ жауынгерінің еліне деген сағынышы үдеп, бір жылдан кейін балдаққа сүйеніп тұра бастағанда-ақ жолға жиналып, еліне оралады.

Куанышбай Байманов әскер қатарына шақыртылғанға дейін техниканың құлағында ойнайтындардың бірі болған. Сондықтан соғыстан кейін де оған жұмыс дайын тұрады. Ол бейбіт заманда әртүрлі жұмыстарды атқарып, еліне абыройлы қызмет еткен. 1974 жылы зейнеткерлік жасқа жетсе де, екі қолын кусырып отыра алмайтын қарт ауыл қырманында 70 жасқа дейін жұмыс істейді.

– Куанышбай соғыстан оралғанда 30-ға таяп қалған жігіт еді. Оның немере ағасы келіп, құда түскенде мен 19 жаста едім. Екеуміз 65 жыл отасып келеміз. Екі ұл мен қызы өсірдік. Бүгінде немере-жиннін қызығын қызықтап қана отырмыз. Ендігі арманымыз – шөберелердің мандайынан бір иіскеу. Ол – енбекте замандастарының алды болды. Өз тағдырыма осындей жардың жолыққанына ризамын, – дейді зайыбы Бадыгүл әжей.

Куанышбай Баймановтың төсінде Ұлы Отан соғысы ордені мен бірнеше медальдар жарқырайды. Ал осыдан екі жыл бұрын соғыс ардагеріне Петропавл қаласында екі бөлмелі пәтердің кілті табыс етилген. Бұл, әрине, майдангер үшін үлкен қуаныш, бірақ 96-ға аяқ басқан ардагердің басты тілегі – ұрпағының бейбіт өмір сүруі.

Гүлгүл КУАТҚЫЗЫ



ҰМЫТПАС САН ҰРПАҚТАР ЕРЛІГІНДІ

Міне Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 70 жыл толғалы отыр. Кеңес Өдағының 27 миллиондай адамын жалмаған канқұйлы соғыста Қазақстаниң да көптеген жауынгерлер жауға қарсы жан аямай шайқасты. Осынау соғыста КСРО бойынша 12 мыңдан астам жауынгерлер, командирлер, қолбасшылар, партизандар, қарапайым халық өкілдері Кеңес Өдағының Батыры атағын иеленді. Солардың қатарындағы 103 қазақ қаһарманының бірі – Ысқақ Ыбыраев еді.

Менин атам Ысқақ Ыбыраев 1911 жылы Есіл ауданының ең әсем, сұлу өнірлерінің бірі – Алua көлінің жаңында жайғасқан Қаратал ауылында дүниеге келген. Атам Ыбырай мен әжем Жәкілдің Мәди. Әди, Сулеймен, Мейрам, Ысқақ, Смағұл деген алты ұлы мен Бәйни, Құлشاура деген екі қызы болған.

Тұған ауылының 7 жылдық мектебін ойдағыдай аяқтаған Ысқақ 17 жасында комсомол қатарына қабылданады. 1930 жылы Петропавл педагогикалық техникумын тамамдаған соң Жамбыл және Есіл аудандарындағы Орталық, Бірлік, Жарғайың ауылдарында 12 жыл мұғалім болды. Әскер қатарына алынбас бұрын жастар арасында тәрбие жұмысымен айналысқан. Ысқақ Жамбыл ауданының Орталық орта мектебінде мұғалім болып жүрген кезінде неміс басқыншылары кеңес өкіметінің жеріне басып кіріп, Ұлы Отан соғысы басталды. Әзге құрдастары сияқты Ысқақ та бірнеше рет өз еркімен майданға аттануға ниет білдірғенмен, тек 1942 жылдың шілдесінде кеңес әскері қатарына шақырылып, Горький (қазіргі Нижний Новгород) қаласындағы әскери-саяси қызметкерлер курсын тамамдайды.

Сол жылдың қазан айында Прибалтика майданына жіберілген жас азамат 50-ші полктиң рота командирінің саяси бөлімі жөніндегі орынбасары қызметін атқарады. Ал 1944 жылы Могилев жаяу әскер училищесін бітіргеннен кейин 1-ші Беларусь майданының 5-ші



Ысқақ Ыбыраев

екпінді армиясына қарасты 60-шы гвардиялық агыштар дивизиясы 177-ші гвардиялық атқыштар полкінің взводын басқарады.

1945 жылдың қантарында Висланың батыс жағалауы плацдармдарынан 1-ші Беларусь және 1-ші Украина майдандарының, ал онтүстікке таяу 4-ші Украина майданының оң жақ қанатының құрамалары шабуылға көшін, тарихқа Висла-Одер операциясы атымен енген шайкас басталған болатын. Одер өзенінен өту кезінде Ы.Ыбыраевтың взводы жаудың берік ірі қорғаныс тірегін басып алғып, қанаармандақтың ерен үлгісін көрсетті.

Нактырақ тоқталар болсақ, 1945 жылы шабуылға шықкан 5-ші екпінді армиясының бөлімшелері жаудың қыр соңына түсіп, бір селоға жақындаған бергенде үлкен бөгетке тап болады. Бұл жерге бұрын жеткен немістер алдын ала бекініс дайындал, орналасып үлгерген екен. Жаудың мина көмген жерінде бірсыныра бөлімшелер сарбаздары каза тауып, өте алмаған соң саперлерді күтеді. Ұрыс арасындағы үзіліс кезінде өзінің жауынгерлерін дүшпан минасын залалсыздандыруға үйреткен Ысқақ Ыбыраевтың жауынгерлері тоқтамай ылгерілей берді. Гитлершілер миномет, пулемет оғын жаудырып түрғанда Ысқақ тайсалмастан алға шығып, взводымен мина даласынан өткел салды. Сөйткен соң Буде-Августовское селосындағы дүшпан бекінісінің оң жақ қанатынан келип бас салды. Өларға қарсы шықкан неміс танкілерінің екеуін жайратқан соң жау солдаттары орналасқан траншеяға басып кірген Ысқақтың сарбаздары қоян-қолтық ұрыста немістің күшін жойды.

Бұдан әрі қозғалған жауынгерлер село інетінде жау дзотына тап болады. Осы жерде екі топқа бөлінген сарбаздар қосымша екі дзотты іске қоспақ болған жаудың ту сыртынан шығып, шабуыл жасайды. Сөйтіп, әскери айла-тәслідің арқасында жаяу әскерге әрі қарай жол ашылады. Ысқақ Ыбыраевтың сарбаздары салған ізімен мина даласын еш шығынсыз өткен бөлімшелердің бірлескен шабуылына тойтарыс бере алмаған немістер селоға қарай шегінуге тұра келеді.

Бұл шайқастан соң Мало-Боже елді мекенінің жанындағы Одер өзенінің арғы бетіндегі аланқайда орналасқан жау біздің әскерге қарсы тойтарыс беруге тырысып бақты. Гвардия лейтенанты Ысқақов взводты екіге бөліп, әрқайсысына жеке-жеке міндеттер жүктеді. Өзімен бірге 6 сарбазды ерткен ол түскен тұманның арқасында өзендей еш дыбыс шығармастан кесіп өтіп, неміс құрамына шабуылға шығып, жаудың назарын өзіне бұрады. Сөйтіп, сарбаздарының басым бөлігіне алға жылжуға мүмкіндік берді. Ыбыраевтың азғантай тобын жоюға бар күшін салғанмен, жау өз дегенине жете алмады. Күн бата бір топ сарбазға қемекке жеткен өзге бөлімшелердің әске-

рилері лейтенант Ыбыраев бастаған шағын топтың ондаған жаудың көзін құрткандығын байқайды.

Аталмыш ұрыста ауыр жаараланғанымен, ұрыс даласын тастамаған Ысқақ катардағы жауынгерлерге ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Ақыр-сонына дейін Отан, жолдастары алдында жауынгерлік міндетін орындалап, өзгелерге үлгі болды.

Қазак халқының адал ұлы, талантты офицер Ысқақ Ыбыраевтың жауынгерлік еңбегі жоғары бағаланып, оған 1945 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Қанқұйлы соғыс аяқталып, бейбіт өмір басталды. 1945 жылдың тамыз айында туған өңірге оралған Ысқақ Ыбыраев 1946 жылдың қыркүйегіне дейін облыстық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 1948 жылы Алматыда Жоғары партия мектебін бітіріп, ұзак жылдар осы салада қызмет етті. Атап айтқанда, Октябрь аудандық партия комитетінің хатшылығына сайланып, осы жерде 1954 жылға дейін нәтижелі қызмет атқарады. Бұл уақытта Н.С.Хрущевтың бастамашылдығымен Қазақстанның төрт өнірінде тың игеру науқаңын бастау жоспарланып жатқан болатын. Бұл бастамаға Қазақстанның біраз азаматтары қарсы болған еді. Солардың қатарында Ысқақ Ыбыраев та болды. Партияның жоспарына қарсы болғандар әкімшилік жауапкершілікке тартылды. Кеңес әкіметінің назарына иліккен Ысқақ 1957 жылы «Новопокровка» совхозының партия ұйымының хатшысы болып жіберіледі. Ал 1964 жылдың қазан айында «Теренсай» совхозының коммунистері Ысқақты өздерінің партия ұйымының хатшылығына сайлайды. Бұл жерде Ысқақ Ыбыраев өмірінің соңғы күніне дейін жұмыс істейді. Денсаулығы сыр берген Кеңес Одағының Батыры Ысқақ Ыбыраев 1965 жылдың 13 шілдесінде өмірден өтеді.

Ұлы Отан соғысы – аталарамыз беріліміздің майдан шебіндегі тендересі жоқ ерлігі мен қажыр-қайратының, бірлігінің дәлелі. 1969 жылдың 9 мамыр күні Ыбыраев атындағы совхозда Кеңес Одағы Батырына ескерткіш орнатылды. Сондай-ақ Сергеевка қаласының көшелерінің біріне, бүгіндегі өндірістік бірлестік болып қайта құрылған, сол кездегі совхозға батырдың есімі берілді. Бүгінгі таңда Сергеевканың тарихи-өлкетану мұражайында Ысқақ Ыбыраевтың ерлігі жайында мол мағлұмат бар. Ал залдардың бірінде әлі күнге дейін батырдың портреті ілулі тұр.

Ысқақ Ыбыраевтың өмірден өткеніне қанша жыл толса да, оның жасаған ерлігі ешқашан жадымыздан өшпейді. Батырдың ерлігі тарихта қалып, өскелен ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала бермек.

Отан алдындағы ерлігі, енбегі үшін Ысқак Ыбыраев Ленин, «Қызыл Жұлдыз», «1941-45 жылы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгейн үшін», «Варшаваны азат еткен үшін», «Құрмет Белгісі» ордендерімен, басқа да көптеген медальдарымен марапатталған.

Сабыр ЫБЫРАЕВ,
М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дің тарих
және құқық факультетінің деканы

БІЗ КӨРГЕНДІ ЕШКІМНІҢ БАСЫНА БЕРМЕСІН

1932 жылы Алланың жазуымен біз, әке-шешем, туған-туыстарымыз Ресей Федерациясының Қазақстанға шекаралас Түмен облысына қоныс аударған едік. Оның себебі құғын-сүргін, аштық кезінде сол жерлерге көптеген қазақтар барып, бас сауғалап, жан сақтағанды.

Біз орналасқан жерде ел азаматтары күн көру үшін колхоз құрып, 50-60 үй болып, ауыл-ауылға жайғасқан. Соғыстың бастапқы жылдары біздің ауылдан 60 жігітті әскер катарына алып кетті. Ол жауынгерлерді әскери дайындықтан өткізбестен, тұра соғыс майданына алып барса керек. Оны дәлелдейтін мағлұматтар – сол кезде келін жатқан алғашқы хаттар мен «қара қағаздар» еді. Қолына қару ұстай алады дегендерді соғысқа, ал қалғандарын «Енбек армиясына» деп, елдегі ересек ерлерді алып кетті де, ауылда қалғандары бірен-саран карттар мен қыз-келіншектер, бала-шага ғана еді. Сондықтан елдегі жұмысқа жұмылдырар жұрт – сол әйелдер мен кәмелетке толмаған, буындары қатпаған балалар болатын. Мен сол кезде 10 жаста едім. Сабақ берер мүғалімдер тапшы болғандықтан, мектебіміз жабылды да біз колхоз жұмысина араласып кеттік.

Есімде: сол жылдары елде қалған ересектер қол соқаның басын ұстап жүрсе, біз секілді балалар аттың басындағы шылбырын ұстап, алқап бетінде күні бойы ат жетектеумен боламыз. Күнде таңың аты-

Сапура ТӘШЕНОВА



сынан кешкі батуына дейінгі жүрістен аяғымыз жараланып, қанап келеді. Дәрі ерлік көмек тұрмак, дәрі-дәрмек те жоқ. Тойып ішетін тамак та, киетін киім де тапшы. Егін жинап болған соң шашылған ма-сактарды тереміз. Тышқанның іні кездессе, ол – бір бақыт, қазғанда 5 килодай бидай аламыз. Соны үйге әкеліп, жуып, кептіріп, қуырып жейміз. Ол кезде дүкен де жоқ, жарық та жоқ. Кешкіліктे майшамға мақтаны қыстырып, соған тоң май құйып, сол жанып біткенше отырамыз. Өйткені, колхоздың жұмысынан басқа да істейтін шаруалар жеткілікті еді. Мысалы, біз бір сиыр ұстадық, соның сүтінен айна 4 кило майды майдандағылар үшін тапсыру керек және жұмыс арасында болсын, жұмыстан кейін болсын, әйтеуір, айна 4 пар жүн шұлық тоқып беруіміз керек. Бұл – тылдағылардың нормасы...

Барлық бастан кешкен, көзбен көрген қындықтарымызды айтып жеткізу мүмкін емес, сондықтан шет жағасынан хабардар етейін деген ниетім ғой. Өзім соғыста болмасам да, сол отты жылдардың күәгері ретінде өз басымнан өткендерді еске алсам, бүтгінде жасым 80-нен асса да, әлі күнге дейін көзіме жас үйріледі...

...Сол 60 жігіттің соғыстан 4-еуі ғана елге аман оралды. Қаншама отбасы, ата-ана, бала-шага аңырап жылап қалды десеңізші?! Бұл – бір ауылдың ғана қасіреті. Ал кең ауқымда алғанда сүм соғыс аса ұлкен апат еді...

Сол сұрапыл майданнан оралмаған жерлесіміз Қази Жанмұсаулы ағайдың елге жазған хаттарынан есімде қалған үзінді:

...Тілеймін медет бер деп Құдайымнан,
Қайғырган еш нәрсе өнбес уайымнан.
Фашистпен соғысқалы 4 жыл болды,
Дамылсыз күндіз-түні ұдайынан.

Күн болды күндіз-түні жауды қуған,
Асырдық Днепр атты өзен-судан.
Құтылмас қашқан қасқыр қуған ерден,
Ұзамас енді көпке бұл антүрган.

Біз күдік келген жауды қойдай қырып,
Соғыстық тәуекелмен карсы тұрып.
Қаһарман Қызыл әскер екпініне,
Шыдамай, қашты фашист Құдай ұрып.

Он бесте ай нұрланып толар деймін,
Кең бақыт қайта айналып қонар деймін.

«Сары алтын – сабыр түбі» деген сөз бар,
Сабыр ет, жақсылығы болар деймін.

Сарыарка, сұың күміс, бір жер жетпес,
Көруге сені аман мен тілекtes.
Жастықта осы кезде көрген бейнет
Қарт болып, қартайсак га, естен кетпес...

Қазіргі жастарға, соғысты көрмегендеге, соғыс зардабын шекпегендеге Алла тағала ешқашан оны көрсете көрмесін! Елімізге әрқашан тыныштық, бейбітшілік тілеймін! Егемендігіміз үstem болып, Қазақстанымыз жылдан-жылға гүлденіп, көркейе берсін!

*Сапура ТӘШЕНОВА, зейнеткер.
Петропавл қаласы*

90-ФА КЕЛСЕ ДЕ, ТӨБЕСІНЕН ТІК ТҮРАДЫ

Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері, ауданымыздың қадірлі ақсақалы, жас пен көрінің үлгі тұтар адамы, Ленинград ауылдың тұрғыны Ерденбай Юсупов биыл торқалы 90 жасқа келді.

Ол кісіні сырттай қарағанда 60-тан енді ғана аскан ел ағасы деп ойлайсын. Жүріс-тұрысы, қымылды әлі ширақ қария – саламатты өмір салтын ұстанып, әлі күнге дейін спорттан қол үзбекен адам. Өзінің қазіргі жас көрінуін себебін дene шынықтырумен үзбей айналысқандығымен байланыстырады. Күнде таңертен 10-15 минут гимнастика жасап, сұық сумен жуынады. Көз жаттығуларын жасап, төбесінен тік тұру арқылы бастағы тамырлардың жұмысын жақсартуға жағдай жасайды. Соның арқасы болу керек, казірдің өзінде көзілдірікіз ине сабақтап, газет-журнал оқиды.

Сонымен қатар, Ерекең – өзімен әңгімелескен адамды жалықтырмайтын, тілге бай, сөзге шешен, тұнып тұрган энциклопедия адам. Жас кезінде болған оқиғаларды кеше ғана болғандай етіп суреттеп жеткізеді. Сол кездегі бір көрген адамының ерекше белгілерін, малдың түр-түсіне дейін айтқанда, ол кісінің есте сақтау қабілетінің қаншалықты зор екендігіне қайран қалмасқа амалын жок.

Ерденбай атамыз мемлекет және қоғам қайраткерлері Смағұл Сәдуақасов, Габбас Тоғжанов, даңқты спортшы Ахметжан Қазымбетов және басқа да көптеген атақты азаматтар шықкан қазіргі Ұялы ауылдық округіне қарасты Жарқын ауылында 1923 жылы 23 ақпан-

Ауданда өтетін барлық қоғамдық іс-шараға Ерекең өзі қатысқанымен қоймай, майдандас жолдастарын да калдыrmай ала келеді. Елбасының 1997 жылдан бергі халыққа Жолдауын насиҳаттауда, жастардың басы қосылған үлкен жиындар мен спорттық іс-шараларда Ерекең міндепті тұрдеге сөз сөйлеп, ой-пікірлерімен бөлісін келеді. Теледидар көріп, газет оқып, саяси сауатын күнде жетілдірін отыратын ақсақал кез келген басқосуда, көпшилік арасында елде болып жатқан жағдайды түсіндірін, кейбіреулердің алыпқашпа сездерін жоққа шығарып отырады. Президент және Парламент сайлауларында үнемі үғіт-насиҳат тобының мүшесі болып, Елбасының және «Нұр Отан» партиясының жеңіске жетуіне өзіндік үлесін қосып жүр. Бүгінде үйінің төрінде Елбасының Алғыс хаты мен «Нұр Отан» партиясының грамоталары ілулі тұр. Ардағер бейбіт жылдардағы жемісті енбегі үшін «Ерен енбегі үшін» және бірнеше мерейтойлық медальдармен маралатталған.

Сонымен қатар, Ерекең жас кезінде сал-серілік құрып, «Сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт атанған. Жүйрік ат баптап, тазы ит жүгіртіп, аң аулағанды жақсы көрген. Атпен қасқыр соғып алған әнгімесінің өзі адамға үлкен әсер қалдырады.

26 жасында Қапиза апамызбен көңілі жарасып, үйленіп, 5 бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде олардың ұл-қыздарының өздері де ата-әже атанип, немере тәрбиелеуде.

*Ибраї ИЛЬЯСОВ.
Ақжар ауданы, Талышық ауылы*

ҒҰМЫРЫ ФИБРАТҚА ТОЛЫ

Ардағерлер – Ұлы Отан соғысы жылдарында оқ пен от ортасында күй кешіп, шыбын жандарын шүберекке түйін, елі үшін, туған жерінде қалған жұрты үшін жанкешкен жандар. Халықтың басына қасірет болып төнген сындарлы жылдары бірнеше ондаған ұлттар мен ұлыстардан құрылған жауынгерлердің тілі басқа болса да – тілегі бір, жузі басқа болса да – жүрегі бір болып, баршасы жұдырықтай жұмылып, жауды жеңді. Ал тылда қалғандар әр күнгі мандай төрін Женіс кунін жақыннатуға бағыттап, ер азаматтардың аман-есен елге оралуы үшін қажымай еңбек етті. Осылайша Женіс туы Берлиндегі Рейхстагтің төбесінде желбірейтін күн де келин жетті. Сол жылдары жауынгердің шинелі мен етігін киіп, Қазақстаннан Еуропаға жол тартқандардың бірі – бүгінгі Кішкенекөл ауылының тұргыны Арын Исакаев ақсақал болатын.

Арын Сәкенұлы өткен ғасырдың 1927 жылы бұрынғы Қызылту ауданы, 5-ші декабрь атаптаң ұжымшарда дүниеге келіпти. Заманың ауыр кезеңімен тұспа-тұс келген оның балалық шағынан айтылар әңгіме көңіл көтере қоймайды. Ол бала күннен қатарының алды болуға тырысып, окуфа қызығушылығын танытып, бір жерден екінші мектепке ауысып жүрін, бүгінгі Кішкенекөл ауылындағы орта мектепті тәмамдаған. Арын ақсақал: «Мен 14 жасқа қараганда соғыс басталды. Әскер қатарына сұранғанмен жас мөлшерім жетпеді. Үлкендер біздің пайдамызды еңбек майданында көргісі келді. Сондықтан соғыс жылдарының балалары жұмысқа ерте араластық. Әсіресе, шөп шабуға жәрдемдесіп, егін орағы науқанында өгіз айдадық», – деп өткен күндерді еске алады.

Ол жылдары бойын жастықтың жалыны шарпып тұрған сәтте, халықтың төбесине үйірілген қасіретті сейілту үшін қолға қару алып, қанды шайқас даласына баруды мақсат етпеген ер азamat кемде кем шығар. Ол 17 жасқа толған бойда әскер қатарына сұранып, тыл даласында жүрген туған-туыстарымен, жора-жолдастарымен қош айтысып, солдат қапшығын арқасына ىлп, әскери дайындықтан өтүге Саратов маңындағы Полевой штабына аттанады. Ол жердегі үш айлық әскери жаттығулар Москва түбіне орналасқан әскери бөлімде жалғасып, жас жігітке кіші сержант шені беріледі. 1944 жылдың тамыз айында ол өзі қатарлас жауынгерлермен бірге Румыния мемлекетінің аумағында неміс басқыншыларына соққы беріп жатқан Екінші Украина майданына қосылып, бірнеше ұрысқа қатысады. Қатты бір шайқаста Арын ақсақал аяғынан жарақат алып, Николаев қаласындағы госпитальге жәнелтіледі. Ем-дом қабылдан, беті бері қараган кезде жауынгердің әлі де бала екенін көрген әскери аурухана басшысы оған аяушылықпен қарап, 10 күндік демалыс беріп, ауылына жібереді.

Бұл – 1944 жылдың қарашасы болып қалған кез. Сол жолғы оқиғаны еске алған ақсақал: «Мені жас дейді. Қайдам?! Сол демалысқа келген уақытта, бір қызбен көңіліміз жарасып, сөз байласып қайттым», – дейді күліп.



Арын Исақаев

Ол қайтадан майдан даласына аттанып бара жатқанда, Көкшетау қаласындағы медициналық байқаудан өткен кезде, ондағы комиссияның шешімі жарақаттан толық айықпаған жас жігітті соғыс даласына аттандырмая болады. Оған Теміртау қаласында салынып жатқан металлургия комбинатына жолдама беріледі. Онда Арын Сәкенұлы карулы вахталық күзеттің қарастылған базасы болып тағайындалады. Бұл қызметті абыраймен аткарып жүрген оны 1945 жылдың желтоқсан айында МҚК-ға қызметке шақыртады. Арын Исакаев одан кейін аудандық қаржы бөлімінің салық жинау жөніндегі аға есепші, аудандық атқару комитетінің жоспар бөлімінің төрағасы, селолық кеңес төрағасы қызметтерін абырайлы атқарады. Сондай-ақ ол 1963–1985 жылдар аралығында аудандық кеңес депутаты, аудандық атқару комитетінің мүшесі болған. Сондағы көңілі жарасқан бойжеткенге үйленіп, екі ұл мен үш қызды ер жеткізген. Бұғандегі ұрпағының ортасында көңілі шалқып отырған ақсақалдың 13 немере-жиеннен тараған шөбере-жиеншарлары бар.

Айтулы мерекелерде салтанатты киңіп шықкан Арын Исакаевтің кеудесінде «Еңбек Қызыл Тү» ордені, «Еңбек озаты» «Майдан жылдарындағы ерен еңбегі үшін», «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медальдары және Ұлы Отан соғысының 30, 40, 50, 60, 65 жылдығына арналған мерекелік медальдар жарқырайды. 90-ға таған қарттың болашаққа айтар тілегі – елдегі тыныштық пен халықтың ауқатты өмірі. Біз де ардақты ардагерлеріміздің ортамызда ұзак жыл жүргенін тілейміз.

*Сарман АЯЗБЕКОВ,
Кішкенекөл ауылы, Үәлиханов ауданы*

ЕКІ СОҒЫСТЫҢ КУӘГЕРІ


Самариков Сейітбаттал (Секен) 1925 жылы 15 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы, М.Жұмабаев ауданындағы Аралағаш ауылында дүниеге келген. 1943 жылы ескер қатарына алынып үшінші гвардиялық қызылтулы атқыштар бригадасының отряд командирі ретінде Ұлы Отан соғысына қатысады. 1945 жылы мамыр айында Қыыр Шығыста Жапониямен болған соғысқа жіберіледі. Сөйтіп екі майдандағы шайқастарға қатысып көрсеткен ерліктері үшін екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков» медальдарымен, басқа да мерекелік 10 медальмен марапатталған.

Соғыс аяқталғаннан кейин ол төрт жылдай Шығыс шекарасында әскери қызмет атқарады. Елге оралғаннан кейин Қарағанды кеншарында 35 жыл бухгалтер, есепші, газ тарату шебері қызметтерін ойдағыдай атқарып, зейнет демалысына шықты. Оның бейбіт өмірдегі еңбегі де ескерусіз қалған жоқ. Облыстық атқару комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Зайыбы Алма екеуі сегіз бала тәрбиелеп өсірді. Бәріне жоғары білім алуға жағдай жасады. Олардың ішінде мұғалім, экономист, заңгер, дәрігер және банк саласының мамандары бар. Ұлдары Ғосман, Ғомар, Талғат – құқық қорғау қызметкерлері, Жанат – ішкі істер қызметінің подполковнигі, Қайдар – тіс дәрігері. Қыздары Ғалия-Бану – экономист, Жәния – санитарлық-эпидиомолог дәрігері, Бейнегүл – банк қызметкері. Қазір 16 немересі, 3 шебересі ата ұрпағын жалғастырып келеді.

Сейітбаттал Самаратұлы 2010 жылы 15 қыркүйекте 85 жасында дүниeden өтті.

Таңат СҮГІРБАЕВ



Сейітбаттал Самаратов

АУДАН АТАСЫ

Қара би, Жабай мен Сексен батырлардың ұрпагы, ұзақ жылдар Преснов селосында қаржы саласында қызмет еткен Файзуллин Әбдул өмір жолына көз жіберсек, ол еңбек жолын бастағаннан-ақ өзін талантты, болашағынан зор үміт құттаретін маман ретінде көрінген. 1932-1937 жылдары Төңкеріс аудандық тұтынушылар одагында есепші, аудандық қаржы бөлімінің тексерушісі, бас есепшісі болып істейді. 1937 жылы Қызыл Армия қатарына алынып, үш жыл азаматтық борышын отейді. Ал 1941 жылы фашистік Германия елімізге аяқ асты шабуыл жасағанда Әбу Файзоллаұлы өз замандастарымен бірге Отан қорғауга аттанады. Ол бірінші екпин-ді Армия қатарында Солтүстік-Батыс майданындағы шайқастарға



Әбу Файзуллин

қатысады. 1944 жылы майдан да-
ласында жарапаланып, туған еліне
оралады. Соғысқа дейін бастаған
қаржы саласындағы қызметін
жалғастырады. 1948 жылдың ма-
усымында КСРО мемлекеттік
банкінің Преснов аудандық бөлім-
шесінің бастығы болып тағайында-
лады. Осы қызметті ол 32 жыл абы-
роймен атқарды.

Сол жылдары Әбен басқарған
Преснов банкісі облыс бойынша
үнемі алдыңғы қатардан көрініп,
ауыспалы Қызыл Туды иеленін
отырды. Халқымызда «Ұлық бол-
сан, кішік бол», - деген мақал бар.
Әбу Файзоллаұлы осы мақалды өзі-
не ту етіп алған сиякты. Себебі ол
кісі туралы жоғары қызметтегілер
мен карапайым халыктың пікір-

лерінің арасында алшақтық жоктығы осының дәлелі. Ал өз жұмы-
сында ете тәртіпті, белсенді, саяси сауатты Әбекен қаты талап коя
білген. Оның жұмыстағы кредиті «Қалай жұмыс істеуді білмесең
сұрап ал, үйретеміз, ақыл айтамыз, ал үйреткеніміздей істемесең
орындарымыз» екен.

Әбекен тамаша әнгімешіл еді, айтқандары ұғымды болатын,
көркем әдебиетті көп оқитын. Ол жерлес жазушыларымыз Сәбит
Мұқанов, Иван Шухов, Сафуан Шаймерденовпен кездескендерін
қызықты да тартымды етін әнгімелейтін, тыңдаушылары зер са-
лып тындайтын. Жастарға білікті ұстаз бола білді, оларға әкелік
қамқор көрсетіп, іскерлікке баулыды. Ел оны осындай тамаша қа-
сietтері үшін сыйлап, қадірлеп «аудан атасы» деп атایтын.

Таңат СҮТІРБАЕВ

МӘЛГАЖДАРДЫН СОНҒЫ ХАТЫ

Шал ақын ауданындағы Ы.Ыбыраев атындағы ауылда (бұрын Ленин ауылы) қырқыншы жылдары жүз елуге жуық үй түтіп түтетті. Ұлы Отан соғысы басталғанда осы ауылдан Отан корғауға жүз елуге жуық ер азамат майданға аттанды. Олардың деңі алғашқы кездे соғысқа кіріп, артынан хабарсыз кетті. Солардың бірі менің жиен ағам Жұнисов Мәлгаждар. Ол кісі 1943 жылы Октябрь аудандық әскери комиссариатынан әскерге алынып бірден Батыс майдан шебіне жөнелтілген. Алғашқы айларда бір-екі хат келді де содан хабар үзілді. Күні бүтінге дейін хабарсыз. Мынау сол Мәлгаждар ағамның олеңмен жазған бір хаты еді.

Аттандым жиырма алтыншы сентябрьде,
Танкентке кетіп барам жол үстінде.
Қоштасып бір – екі ауыз сөз жазайын
Зар болдым, елде жүрген бір күніме.

Сәрсен бар ертедегі жан жолдасым,
Шора, Сейтжан, Шопанов замандастым,
Аттандық 6 бала, біреуі орыс,
Ел – жүртты, туғандарды сағынасын.

Кешінде Жаңаталап келдік жетіп,
Ас алып, машинамен жүріп кеттік.
Жалтақтап артымызыға қарайлаумен
Барамыз Қызылжарға Мәуліттепіп.

Таңы атты, бесінші октябрь
Қалага келдік біз Новосібір.
Ойласам еш ақылға сыймайды екен,
Келем деп бұл араға неше бір жыл.

Япырмай көргенімде жалған бар ма,
Ойлаған арманына жеткен бар ма?
Замандастар, құрбы-құрдас қолынды алсам,
Жаралы жолбарыста арман бар ма?

Қош-сау бол артта қалған туған елім,
17 жыл, ойнақ салып жүрген жерім.

Бауырлар тұған-түйс қош-аман бол,
Созамын баршаңызға он жак қолым.

Отырмын, ойланамын, толғанамын,
Сейтем де қаламымды қолға аламын.
Сәлемін үзбей жазып тұратұғын,
Ойлаймын бауырымның болмағанын. /

Бір кетсем енді айналып қайту қыын,
Ел дәмін татамын деп айту қыын.
Балалық балбыраған жастық шақта,
Көз жұмып, сапар шегіп тарту қыын.

Қаратал, Ленин менен Көктегерегім,
Жаңажол, Жаңаталап, Алқа – жерім.
Марьевка, Сергеевка сен де аман бол,
Сайрандап сауық құрган Сары белім.

Тастақ сай, қош есен бол Есл еркем,
Тоғайың мойыл, терек қандай көркем.
Көшесін көре алмай кете бардым,
Ауылдар Мектеп, Кенес, Өрнекпен.

Шоқ ағаш, Сәрбел менен Ақсақ қасқыр,
Сағынған тұған жерін біз бір бакыр.
Келгенше енді айналып аман болғай,
Кәтлауан, Қаратерек, қайда жатыр!

Сайрандап өскен елім тағы аман бол,
Жәнібек, Қабай, Тұяқ ел аман бол.
Ортада көрік болған жалғыз мектеп,
Ескерткіш, сельпо менен сен де аман бол.

Ереке, Секен, Қасым, Сейтжан аға,
Қажақан, Әке, Мөкіш, Қәсен аға,
Мәлгаждар балаларың хат жазушы,
Тапсырам үй ішімді ойыма ала.

1943 жыл.

*Хатты қазақга түсірген
нагашысы Әлимжан МӘЖИТОВ*

ӨМІР МЕКТЕБІНДЕ ШЫНЫҚҚАН

Ұлы Отан соғысына қатысқан ардағерлердің бастаң кешкен небір қиямет-қайым оқиғаларын естіп отырғанда жаңың түршігін, тұла бойынды бір аяушылық сезім билегендей болады. Әйтсе де, ел үшін қеудесін окқа да, отқа да тосып, қасқып қарсы тұрып жаумен шайқасқан олардың қаһармандық ерліктеріне сүйсіспесін, өр тұлғаларын мактанды тұтасын. Тындаунысын сондай сезімге бөлеген ардағерлердің бірі – әкеміз Сыздықбай Әубекіров.

Ол кісі 1919 жылдың бесінші мамырында Солтүстік Қазақстан облысының Есіл ауданындағы Қарабұлак ауылында дүниеге келген. Әлі сәбілік сезімі бойынан тарқай қоймаған шағында әке-шешесі қайтыс болып, ерте 1930-жылда Әубекір атамыздың інісі Қозбай атамыз сол кездегі тұрпалығына байланысты Сыздықбайды Петропавл жетім балалар үйіне тапсырады.

– Алғашқы кезде балалар үйіне көндігіп кете алма сезіне бастадым. Әке-шешемнің мейірімін сағындым те бір қабатты қызыл үйдің шатырына шығып, жаңы шыққан екі-үш баламен шатыр саңылауынан ел жакі рабтынбыз. Қара жолда келе жатқан қара кезімізге ыл отыратынбыз. Сөйтіп жүріп жетімдер үйінің тіршілігі кеттік, – дейтін әкеміз кейде өткен өмірін есіне алғанд

Әйтеуір жетім балалар үйі мемлекеттің қамкорлық дықтан ондағы тәрбиленушілер де білімсіз қалған жаалып шығады. Оқуды әрі жалғастыратын кезінде Ұлы басталады. Сол жылдың аяқ кезінде әскерге алынып, нақталған әскери құрамдардың қатарында жауынгерлік етеді. 1942 жылдың бас кезінде алдымен 83-ші таулы дивизиясының, кейін 91-ші гвардиялық дивизиясын



Сыздықбай Әубекіров

дирінің көмекшісі ретінде соғысқа жіберіледі. Жаумен бетпе-бет шайкасты Калинин, Ленинград майдандарында қарсы алады. Бұл кезде неміс басқыншылары аз уақыттың ішінде Ленинградты басып аламыз деген дақпыртпен осы бағытқа таңдаулы құштерін тоғыстырып, киян-кескі ұрыстар жүргізіп жатқан болатын. Тоғыз жүз күн қаланы бір неше құрсаумен қоршауда ұстаған жау ақыры дегендеріне жете алмай, орасан зор шығынмен жеңіліс тауып, кейін шегінгендері белгілі ғой. Құрамында әкеміз бар саперлер батальоны да осы бағытта жаумен талай қоян-қолтық ұрыстар жүргізді. Жаудың ұрыс даласында құрып қойған миналарын тазартып, жауынгерлеріміздің шабуылға шығуына мүмкіндік туғызып отырды.

Великие-Луки қаласының маңындағы ұрыста әкеміз сол аяғынан ауыр жарапанады. Жақын түскен снарядтың жарықшақтары аяғының сүйектерін тізесіне дейін сындырып жіберген еken. Блиндажға жаралыларды жинаған бірі орыс, бірі қазақ санитар қыздар әкеміздің жарасын элсін-элсін таңып, қолдан келген көмектерін көрсетеді. Ақыры қан тыылмай жатқасын орыс қызы: - Аға, айнала соғыс жүріп жатыр, жаралыларды госпитальге әкететін машина қашан келетіні белгісіз. Аяғынызды кесіпесек гангренге ұласып, өміріңізге қауіп төнгелі тұр, - дейді. Мұны естіген қазақ қызы аяушылық білдірді ме еken: - Аға, аяғынызды кестірменіз, - деп шыр-шыр етеді. Онсыз да ұрыс даласында үш күн жатып қалған әкеміз шыбын жаны үшін аяғын кестіруге келісімін береді. Орыс қызы батылдылық таңытып, сол жерде қолармен әкеміздің аяғын кесіп, қалың қылып орап тастайды. Әкеміз бір күннен кейін госпитальге жеткізіледі. Мұндағы хирург санитар қыздың өжеттілігі мен тапқырлығына, әкеміздің шыдамдылығы мен қайсарлығына риза болып; - Дұрыс істеген еken, әйтпесе бізге аман жетуіңіз екіталай болатын еді, - дейді. Госпитальде бес айдай емделген әкеміз 1944 жылдың аяғында елге бірінші топтағы мүгедек болып оралады. Соғыста көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін бірінші дәрежелі «Отан соғысы», «Қызыл Жүлдyz» ордендерімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальмен марапатталады.

Елге келісімен мүгедектігіне қарамай, бірден еңбекке араласады. Жекекөл бастауыш мектебінде директор, Октябрь орта мектебінде интернат менгерушісі қызметтерін атқарады. Тың игеру жылдарында жаңадан құрылған «Амангелді» кеншарында 1959 жылы ауылдық кеңестің тәрағалығына сайланады. Бұл қызметті 1975 жылға дейін атқарап, шаруашылықтың экономикалық, әлеуметтік дамуына, тұрғындардың әл-аухатын жақсартуға елеулі үлесін қосады. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де үйде қарап отырмай, шаруашылықтың техникалық хаупсіздік жөніндегі инженері болып қызмет істейді.

Бұл міндетті жеті жыл бойы атқарады. Бейбіт өмірдегі жемісті енбегі үшін бір неше медальмен, аудандық, облыстық партия комитеттерінің, атқару комитеттерінің Құрмет грамоталарымен марапатталады.

Әке-шешеміз – Сыздықбай мен Жамал тату-тәтті өмір сүріп, іргелі отбасының үйытқылары болып, жеті бала тәрбиелеп өсірді. Олардың бәріне жоғары, арнаулы орта білім әперді. Әке-шешеміз мейірімді де рахымшыл жандар. Соғыстан кейінгі жылдары тіренері жоқ кемінр-шалды қолдарына алып күтті. Біраз баланы үйлерінде тұрғызып, орта мектепті бітіргенше оқытты. Бұгінде олар әке-шешеміздің сөл бір қын жылдардағы қамқорлығы мен қайырымдыштықтарын еске алып, алғыс сезімдерін білдірін отырады. Әкеміз 1991 жылы 23 мамырда дүниеден өтті. Артында қалған шешеміз, ұл-қыздары мен немере-шөберелері ол кісінің есімін әрдайым еске алып, рухына бас ін отырамыз.

Қанат, Марат ӘУБӘКІРОВТАР

КЕГІ ҚАЙТҚАН ЖАУЫНГЕР

1945 жылдың наурыз айы. Жауынгерлердің әскери дайындық алаңы. Олар әртүрлі жаттығулар жасап, машыктануда.

– Саулығынызды тілеймін, жолдас генерал-майор, кіруге рұхсат етініз!

– Ия, Мұқатай Айтбаевич, төрлетіңіз, - деп жылы шыраймен екі қолын созған генерал-майор Н.Артемьев орнына жайгаса беріп, қандай жұмыспен келдің дегендег үзын бойлы, ак құба келген 19-20 жасар жігітке сұраулы жүзбен қарады. Басшысының ұсынған орындығына әскери тәртіпте тізе бүкпей тіктүріп, оған тіке қараған жігіт:

– Мынау мениң майданға жіберуіңізді өтінген кезекті баянатым, алдыңғы сұрауларыма берген жаубаңызды ұмытқан жоқпын, - деп жанарын төмен түсірді.



Мұқатай Айтбаев

– Кымбатты, Мұқатай Айтбаевич, сізді жаудың оғынан мерт болған екі ағаңызың кегі мазалап жүргенін білемін. Алайда, әлі де көрер қызығының алда ғой, артыңызда күткен кәрі еке-шешеніз бар дегендей. Сізді майданға жіберуді көnlім қаламай тұр, -деген басу сездерін өтіне айтты.

– Жолдас генерал-майор, мен бір жылдан аса уақыт әскери дайындықтан өтіп, әбден ысылған солдатпын. Ал менің бауырларымның қанын жаудың қанымен жусам деген тілегімді былай қойғанда, елімнің, жұртымның, одан қалды өзіңіз айтып отырғандай ата-ана-мның алдында азаматтық борышым да бар емес пе? Мен ертеңгі күні соғыстың ызғарын тек штабтың маңында дайындықпен сезіндім деймін бе? Одан да майдан шебінде атымды ерге лайық етейін, - деген сездері өжеттene жеткізді.

Қақкан қазықтай қаздып тұрған казақ солдатының басынан аяғына дейін көзін жүгіртпі өткен Николай Васильевич сауыттағы қаламын алып, қағазға асықпай қолын қойды.

– Ал, жас батыр. Жолың болсын!-деді күлімсіреп.

1943 жылдың ақпан айынан бастап, осы бүйрықты тосумен сарылып жүрген аға лейтенант Мұқатай Айтбайұлы өзінің тілегі орындалғанына қатты қуанды. Сөйтін, көп кешікпей алта сайын майданға жіберілетін жауынгерлер тізіміне оның да аты қосылды. Ол сол 300-ге жуық солдат пен 10 медбике құраған топты басқарып майдандағы Александр Суворов орденді Днепропетровск танк корпусына қосылу туралы нұсқау алды. Жаңадан жасақтың қосылуын күтіп отырған майдан шебіндегі командирлер өздеріне бөлінген жауынгерлерді ертіп, орынды-орынына тарасып жатты. Ен соңында қалған аға лейтенант М. Айтбаев нөмірі 287-ші Красноармейск мінномет полкіндегі 2-ші атқыштар взводының командирі болып тағайындалды. Полк ақырын жылжи отырып, екі айдың ішінде Польшадан бастап, Германияның шығыс қақпасы саналатын Штремберх пен Котбуса қалаларына дейін азат ету жорықтарына катысты. Сол кезде полк маршал Иван Конев басқарған 1- ші Украина майданының құрамында болатын.

– Мұқатай, біз неміс басқыншыларын жендік. Женістің қызыл туы Рейхстагтың төбесінде желбіреді. Гитлер армиясының күл-талқаны шықты! - деп қуанышын жасыра алмаған майдандас орыс жігіті қайта-қайта оны құшты. Сол күнгі Женістің, бейбітшиліктің желі ескенін сезінген солдаттар аспанға оқ жаудырып, дүниенің азан-қазын шығарды.

Неміс армиясының женіліс тапқаны туралы құжаттарға қол қойылғанымен, әр жерде бұғынып жатқан жау әскерлері бой көтере қал-

са, күйрете соккы беру кажет болғандықтан Кеңес армиясы еліне қайтуға асықпады.

Фалкенбург қаласынан 10 шақты шакырым жердегі қарағайлар нұрдағы орманда немістің қанқұйлы 33 тобының жазғы лагері болған. Әдетте, неміс әскері жолында кездескеннің бәрінің құлн көкке ұшырып, өзіне де, өзгеге де жоқ қылыш кететін болса, бұл мекенге қолдарын да тигізбенті, бәрі сол қалпында сақталған. Әлде Кеңес жауынгерлерінің қаһарына төтеп бере алмай, кеін асыға шегінген жау есінен таныш қалды ма екен? Ол жағы туғаннан кейін.

Полк командирі өзіне бірнеше барлаушылар мен саперлерді шакырып алғып, қарағайлар ормандагы лагерьдің төнірегін шолып, қауіп-кательдің алдын кесуге жіберді. Ымырт түсे аттанған жауынгерлер көп кешікпей кеін оралды. Жаңалықтары жағымды. Ешқандай қауіп аңғарылмаған. Ертеніне немістердің жайлары казармасын миномет полкі жайлады.

Полк күнделікті әскери жаттығуларын жалғастыра отырып, маңайдағы елді мекендерге барлауладын күштейтіп, өздеріне жүктелген тапсырманы орындаі берді.

Араға уақыт сала елден хабар тасып тұратын почта көлігі көкжидектен көрінгенін аңғарған барлаушылардың жүздері жадырап сала берді.

— Махмуд, казармаға барып, почташының бізге әкелген сәлемдемесі болса алғып келши, біз жұмысымызды әрі қарай жалғастыра берелік-деді орта бойлы капитан

— Құп болады, жолдас капитан, - деді екі аяғына сүріне-қабына жүгіре тартқан жас жігіт.

Мұқатай да алшаң басып, почта машинасына қарай жақындалды. Конверт сыртындағы адрестен әр солдаттың атын дауыстарап оқып тұрган почташы «Айтбаев» деген кезде оның селк етіп, орнынан қозғала алмай тұрып қалғанын көрген майдандас жолдасы Иван жымысып, «бар алсаңшы» дегендей ишарат білдірді. Мұқатайдың үш бұрыштап бүктелген қағазға созған колы қалтырап, оны түсіріп те алды. Топтың ортасынан ақырын сыйылыш шығып, бойындағы дірілі басылмай, жанталасып аша бастады. Анадайдан жолдасының көңіл-күйин бақылап тұрган Иван майдандасының бірессе күлімдел, бірессе сұрланып қалған бет-бейнесін көріп, ақырын жақындалап қасына жеткенде жанары мөлтілдеп жасқа толып, көнілінін босап кеткеніне ыңғайсызданған Мұқатай геріс айналды.

— Мұқатай, жайшылық па? - деп ентөлей түскен досынан оңайлықпен құтылмасып сезген ол хаттың қысқаша мазмұнын баяндалап берді.

– Ия, отбасынцың жағдайы киын екен. Оның үстіне, сені де соғыснып жүрген шығар. Әке-шешенің халін тұсінуге болады. Екі баласы опат болды. Бірінен әлі күнге дейін хабар жоқ. Сен болсаң еліңнен әлі де жырақта жүрсің, қысылма, жыласаң жылағандай екен, - деп досын иығынан құшақтай алды.

Ауылдың 1943 жылға деінгі тіршілігін елестетін, соғыстың зобаланынан кейін тұрмысын оңалта алмай жатқан жерлестерінің бейнесін көз алдына елестеткен Мұқатайдың жүрегінде бауырларына, әке-шешесіне деген соғынышы өрши тұсті. Ол ақырын тенселін барып, кереуетке қисайды. Досының ішкі сырына қанық Иван өз ойымен арпалысқан Мұқатайға бөгет жасамайын дегендей үңсіз отырды да, үйиқтап бара жатқанын байқап, ақырын тұрып шығып кетті.

Дабырлаған адамдардың дауысынан қатты талықсып үйиқтап кеткен Мұқатай шошып оянды. Кереуеттің басын ұстап, өзіне үңіле қарап тұрған адамның сұлбасын көрғен ол орынынан атып тұрды. Ол соғыс жаңалықты естіген полк командирі болатын.

– Абыржымаңыз, жолдас аға лейтенант, біз сізді елінізге демалысқа жіберуді үйғардық, – деді дауысын сәл басыңқырай сөйлеп. Өнді мен түсін айыра алмай, дел-сал болып тұrsa да, бойын тік ұстаған Мұқатай қалалы саусақтарымен жирен шашын артқа тарап, не айтарын білмей тұрып қалды. Көп кешкпей бір айға Солтүстік Қазақстан облысына «Елім, қайдасың?» деп жолға шықты да кетті.

Тұған жері «Ұшқұдық» ауылдың жұпар ауасы, сайын даласы мен зәмзәм сұымен сусындаған қундер көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Ата-анасы, әпкесі мен карындасы оның он екі мүшесі түтел аман екендігін көріп, көңілдері жай тапты. Оның үстіне осы кезде ағасы Ахметжан да соғыстан оралды. Екі баласын Женістің жолында құрбан етіп, екі баласын тірідей құшқанына шаттанған әкениң де қуанышында шек жоқ. Дегенмен, Мұқатай әскерге кайтар уақыт жақындаған сайын анасының тынышы қаша бастады.

– Балам, соғыс болса бітті. Енді елге оралсаншы. Тым болмаса, қалғандарының қызығын қызықтайық та,- деген ана сөзін аяқтай алмай, көзіне іркілген жасты орамалының жиегімен сұртті.

– Сәл шыдашы, апа. Еліміздің жауларының тынышталғанына әбден көз жеткізелік. Содан кейін мен сенін қасындан шықпаймын. Әлі-ак мені әрі кетші деп таяқпен қуасың,- деп Мұқатай қарқылдай құлғенімен, анасының жүзіне қарап іштей налыды. Бір айғы демалысы қас-қағымда өте шығып, Мәскеу арқылы Германияға қайта оралған Мұқатай Айтбаев офицерлік кызметін әрі жалғастырды.

Үш айдан кейін Герман жеріндегі совет армиясының солтүстік майданын басқарған Константин Рокоссовскийдің көмекшісі неміс поселкісінде пәтерде тұрып жатқан М.Айтбаевка маршалдың қабылдауына келуін жеткізді. Еңсегей бойлы, кен жауырынды, келбетті қолбасшы К.Рокоссовский қазак жігітіне жылы шырай таныта амандасты.

– Ал, солдат, сен үшін майданның соны жеткен сияқты. Елиңе барап, еңбегінді жалғастыр, -деді күлімсірей қолын қысып тұрып.

Бұл 1946 жылдың 19 тамызы болатын...

Бұғанде соғыс ардагері Мұқатай Айтбаев сексеннен асқан асқаралы аксақал. Бес бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын кияға қондырған ол солардың қызығын қызықтап Петропавл қаласында тұрады. 24 жыл ішкі істер органында абыройлы қызмет аткарған Мұқатай Айтбайұлы отставкадағы майор. Таққа сүйеніп жүретін жас келсе де, бойын тік ұстап, кербездене сөйлеген қарттың мінезі оның өмір жолы да жауынгерлік тәртіпке бағынып, әр ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтындығын анғартады.

Гүлгүл ҚУАТҚЫЗЫ

ӘКЕМНІҢ ӘДІЛДІГІ

Әкем Шаяхмет Шаханұлы 1904 жылы қантар айында қазіргі Шалакын ауданындағы Жаңажол ауылында дүниеге келген. Ертеректе бұл ауыл Есей ауылы деп аталған. Есей әкемнің бесінші атасы. Ол кісі кітап ашып, болашақты болжап, кісі емдеп, қадір-қасиетімен әулие атанған. Жүргөнде ерекше құрметтеп, сыйлап, кесем тұтқандықтан болар ауылдың солай аталуы. Көнекөз қариялар бергінде дейін «Есей ауылы, Есей ауылының жігіттері-ай» деп тамсанаңып отыратынын талай естігенім бар. Ауыл жігіттерінің ұйымшылдығы, батылдығы, әділділігі жайында жүргөнде арасында айтылатын әңгімелер де аз емес. Сол ауылда өскен әкем ғасырға жуық ғұмырында өмірдің талай соқпақты жолын жүріп өтті.



Шаяхмет Шаханов

Жеті жасында әке-шешесінен бірдей айырылып жетім қалды. Күнкөріс үшін бай есігінде жаіданып еңбек етті. Ауыл молдасынан, одан кейін ересектер мектебінде оқып, төрт сыныптың білім алған. Кеін артель, колхоз құрылсыны белсene араласып, «лениндік шақырумен» партия қатарына өтеді. Отызыншы жылы аудандық НКВД-ға қатардағы милиция болып қызметке алынады. Екі айдан кейін каладағы арнайы курска окуға жіберіледі. Окуға барған әкем курс бастығымен келісіп, екі карын сары май беріп ауылға қайтып келеді. Кеін: «Әке, сол кезде неге оқымадың. Үлкен милиция қызметкері болар ма едіңіз» дейтінбіз. Сонда: «Ол кез өте ауыр кезең болды ғой. Жазықтыны да, жазықсыздыны да тергеуге тасып, көбіне ақ-қарасын айырмай абақтыға қамап жататын. Мұндай жұмыс маган ұнамайтын. Сосын курс бастығымен келісіп, жұмысқа жарамайды деген қағаз алып, елге қайтып келдім» дейтін. Соғысқа деин әкем колхоздың белсенді мүшесі болып, еңбек еткен.

Ұлы Отан соғысы басталғанда алдымен 1902 жылы туған ағасы Сұлтан Октябрь аудандық әскери комиссариатынан әскерге шақырылып, ауылдың он шақты жігіттерімен бірге соғысқа жіберіледі. 1942 жылдың бас кезіне деин майданда жүргенін білдіріп хат жазып тұрады да, сол жылы хабарсыз кетеді. Артында Ақбала, Ақажан есімді ұл-қызы мен зайдыбы Көкия апамыз қалады. Сұлтан атамыз соғысқа аттанғанда Ақажан іште қалған екен. Соғы өткінде Сұлтан: «Егер ұл туса есімін Ақажан» деп қой» деп аманат еткен екен. Көкия сол аманатын орындал, ұл-қызын өсіріп, өмірінің сонына дейін Сұлтанды құтумен болды. Облыста озат комбайншы атандып, үш орденнің, бірнеше медальдің иегері болған Ақажан кенеттен қайтқанда, соның қайғысы ана жүрегін одан сайын қарс айырды. Сол ауыр қайғыдан Көкия апамыз 1977 жылы көз жұмды.

Әкем ағасының артынан 1942 жылдың сонында әскерге алынып, ешқандай әскери дайындықсыз бірден соғысқа жіберіледі. Қатардағы жауынгер, атқыш ретінде Калинин бағытындағы шайқасқа қатысады. Ауылдан бірге барған Шекен Тайқошқаров деген жолдасымен осы бағыттағы бір неше ұрыстың бел ортасында жүреді. Бірде немістер қарша бораткан оқты былай қойып, оғнеметпен атқылап, жауынгерлеріміздің бегін қайтаруға тырысады. Сол атыста Шекеннің шекпенінс от тиіп лаулап жана бастайды. Мұны байқап қалған әкем жауып тұрған оқтың астымен жер бауырлап барып, өз шепкенімен жолдасының үстіндегі лапылдаған жалынды жауып сөндіреді. Енді кейін қайтайын десе Шекен жаралы екен. Бұл кезде немістер де қоян-қолтық ұрыстан жеңіліп, кейін шегіне бастайды. Осы сәтті пайдаланған әкем жолдасын екі иығынан сүйреip, дәрігер-

лік көмек орналасқан блиндажға жеткізеді. Әкемнің осы бір өлімнен құтқарған жолдастық ерлігін Шекен атамыз өле-өлгенше аузынан тастамай айтып жүрді.

Әкеміз 1943 жылдың қыркүйек айында сұрапыл бір шайқаста аяғынан ауыр жараланады. Жанына жақын түсіп жарылған снарядтың төрт бірдей жарықшағы тобығы мен жіліншіктің сүйегіне кіріп кеткен. Смоленскінің госпиталында алты айдай жатып емделеді. Дәрігерлер «аяғынды кесеміз» дегенге көнбейді. Сөйтіп балдаққа сүйеніп жүргүре жараганнан кейін, бірінші топтағы мүгедек болып елге оралады. Кешікпей балдағын тастап, колхоз, кейін кеңшар жұмысина араласады. Сатушы, жағармай стансасынан менгеришсі болып жұмыс істеп, 1965 жылы зейнеткерлікке шығады. Соның өзінде де кеңшар жұмыссынан біржола қол үзіп кетпейді. Жаз айла-рында коғамдық малға талдан мал қорасын тоқуға, егістікті дәрілей-тін кезде түнде самолетті құзетуге тағы басқа жұмыстарға қолқабыс тигізіп жүрді. Әкем жетпіс жасына деін осы маусымдық жұмыстарға қолқабыс тигізуі үйреніпкі әдетіне айналдырды.

Алпысыншы жылдары аяғынан бірінші, екінші топтағы соғыс мүгедектеріне «Запорожец» женіл машинасын тегін беретін болдығой. Әкеме де машина алу үшін комиссиядан өтуге қағаз келді. Ауданнан сол қағазды әкелген жігітке әкем:

— Шырағым, елімізде бір аяғын кестірген мүгедектер он мындала-саналады. Оны соғыста өз көзіммен көрдім. Үкімет алдымен соларға берсін. Мениң аяғым жүргүре жарайды, — деп кейін қайтарып жіберді. Ол кезде біз жаспыш, мәнісіне түсінген жоқпыш. Әрі әкемнің бір айтқанынан қайтпайтын мінезі бар. Ұлы Женістің 50 жылдығы қар-санында әлгіндей мүгедектерге жана үлгімен шығарылған «ОКА» женіл машинасы берілетін болды. Інім Дулат екеуміз әкемізді осы машинаны алуға азғыра бастадық. «Тоқсанға келгенде, мені машина жүргізеді дегенге кім нанады. Койындар, жұрт күлер» деп әкеміз көнбеді. Баласының жүргізушилік куәлігі болса береді дегенді алға тартып, ақыры көндіріп, облыстық ВТЭК-тің комиссиясына әкелдік. Сонда айнаға түсірген дәрігердің әкемнің аяғындағы төрт жарық-шакты көріп таңкалғаны бар. Барлық дәрігердің байкауынан өткен әкем екінші топтағы мүгедек болып, машинаның кезегіне тұруға қағаз алды. Бірақ бұл кезек әкеме жетпеді. 1995 жылдың 16 қараша-сында әкеміз қайтыс болды.

Жоламан ШАХАНОВ

Ирина Седельникова анасының айтуы бойынша есінде қалған біраз жайттардан да хабардар етті. Қала құрсауда болған кезде Ладога көлі арқылы «Өмір жолы» ашылып, азық-түлік жеткізілгенде тамақты көп жеп қойған талай адам өліп кеткен. Ересектер арғы беттен жеткізілген тамақты таратқан кезде «аз-аздап жендер, бірден көп жеуге болмайды», – деп ескертетіндері де Ирина Васильевнаның есінде еміс-еміс сакталған екен. Бұл жол талай адамдардың өмірін қиды, өйткені өзен арқылы өткен машиналарға фашистер бомба та-стап, тас-талқан етіп, машиналар жүргізушилерімен бірге суға батып кететін», – дейді ол анасының әнгімесін есіне алыш.

– Біз соғыстың не екенин өз басымыздан өткердік. Бүгінгі Донецк қаласының қирап жатқанын теледидардан көрген сайын Ленинград есіме түседі. Сондықтан ондай күн енді қайтып келмесін, оған сіздер жол бермен:здер», – деді.

Ирина Васильевна Петропавлға 1956 жылы келип, зауытта жұмыс істеген. Ол өмірден өз орнын тауып, адал енбек етті, екі бала тәрбиелеп өсірді.

Облыстық ассамблея хатшылығының менгерушісі Наиль Салимов та еткен жылдарды еске түсірді. Ол: «Бүгінгі таңда Қазақстан тұрактылықтын аралы іспетті. Бұл көптеген елдерде болмай жатқан құбылыс, өзге елдер бізге қызыға қарайды. Сондықтан осы тыныштығымызды, осы татулығымызды сактауымыз керек. Ол әрқайсымызга байланысты», – деді.

Қазақстандағы бейбіт өмірді көздің қарашығындей сактап, аға буын өкілдерінің шыдамдылығын, қандай қыншылық болса да төзімділігін болашак ұрпаққа ұлғы ете отырып, жастарды да сондай рухта тәрбиелеу мақсатын көздеген шара барысында соғыс тек қайғы-касірет әкелін, адамдар, балалар жапа шегетіні баса айтылды.

«Соғыстың болашағы жоқ, бейбітшилік, ынтымақ, бірлік болғандаған жарқын өмірғе қол жеткіземіз. Өткенді еске алу өлілерге емес, тірілерге керек, сіздің жастарға айтқан өмірлік естелігіңіз үшін алғыс білдіреміз», – деген «Қазақстанның орыс қауымдастығы» қофамдық бірлестігінің төрағасы Николай Авдеев Ирина Седельниковаға тарту-таралғы жасады.

Шараға Петропавлдағы №43 орта мектептің оқушылары да белсene қатысып, соғыс жайлар әзірлеген бейне слайдтарын көрсетін, сол кездегі ауыр тұрмысты жан тебіренте сипаттап берді.

Ләйла ЖАНЫСОВА

ТИХОНОВ СЕРАФИМ



Тихонов
Серафим Сергеевич,
Тихонова
Ефросинья Ефремовна

Тихонов Серафим Сергеевич 1905 жылы дүниеге келген. Отан алдындағы азаматтық борышын Забайкальеде атты әскер полкінде өтеген. Әскерден оралған соң Мәскеудегі май жасау шеберлерін дайындайтын курсқа окуға жібериледі. Курсты бітіргеннен кейін Забайкальенің Тавда қаласында май жасайтын зауытта алдымен мастер, кейін директоры болып қызмет атқарады. Ол өте жарапты, адаптациялық майданда май жасауда да көмектескендегі күштіліктердің негізгісі болып саналады. Сондықтан да ұжым мүшелері оны ерекше құрметтеп бағалады.

Отбасы жағдайына байланысты Солтүстік Қазақстан облысындағы Марьевка селосына қоныс аударалы. Мұнда Серафим Сергеевич өзі ұнатқан мамандықты – сатушылықты менгеріп, одан кейін жинақтау кассасының кассирі және бакылаушысы болып енбек етеді. 1941 жылдың 15 шілдесіне дейін яғни майданға

алынғанина осы қызметті абыраймен атқарады. С.Тихонов ұзақ жыл Сібірде тұрды, шаңғымен тайганы аралап, аңшыларға андарды аулауға көмектескен. Мүмкін сондықтан да шығар, оны Сібір атты әскер полкінің шаңғышылар батальонына мерген етіп қабылдайды. 1942 жылдың сәуірінде ауыр жарақат алып, Марьевкаға келіп емделеді. Сауыққаннан кейін майданға қайта оралып, 1943 жылдың екінші ақпанында Курск қаласының маңында болған шайқаста окка үшады. Казначеев хуторындағы бауырластар зиратына жерленген.

ӨМІРІНІҢ ЖАЛҒАСЫМЫЗ

Әкем Сұлтан Әбділманов 1919 жылы 2 мамырда Солтүстік Қазақстан облысының Приишім ауданындағы Октябрь ауылында дүниеге келген. 1941 жылдың 6 маусым күні Отан алдындағы азаматтық борышын өтеш үшін міндетті әскерге шақырылады. Петропавл қала-



сында бір жұмалық медициналық ірктеуден өткен соң, бірден Харьков қаласындағы авиациялық училищеге жіберіледі. Бірақ Ұлы Отан соғысы басталып, Мәскеудің 11 авиа училищесіне курсант болып қабылданып, оқуды жалғастырады. Училищенің қысқартылған курсын бітіріп, авиа механик, арнаулы қызмет мемандығын алып шығады. Аға сержант шенімен механик мамандығымен Москвандың қорғау жолындағы талай қиян-кескі ұрыстарға қатысады. Ұнақтарды кезекті шабуылдарға дайындауда ерекше іскерлік танытып, тындырымдылығымен көзге түседі. Бірде қалың қарағайдың қойнауында ұшактарға техникалық дайындық жүргізіп жатқанда жау ұшактары байқап қалыш, сол нүктені бомбалай бастайды. Ауыр бомбалардан қопарылған топырақтың астында қалып жараланады. Госпитальде емделіп шыққаннан кейін қайта соғысқа кіреді. Соғыстың аяғына дейін жүріп Берлинге дейін барады. Жәңістігі осында қарсы алады.

1945 жылы қараша айында елге оралады. Петропавл қаласында соғыстан кейінгі жылдары төлкүжаттарды рәсімдеу бөлімінде қызмет істейді. Одан кейін ауылға көшіп барып, Октябрь онжылдық мектебінде мұғалім болып жұмысқа орналасады. Кейін мектеп арнаулы мамандармен толықтырылғаннан кейін интернат менгерушісі, мектеп директорының інаруашылық жөніндегі орынбасары қызметтерін аткарады Зейнеткерлікке шықканға дейін Покровка селосындағы Есіл көпірінә карауыл-құзетші болып жұмыс істейді. Соғыс кезінде көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін бірінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен «Москвандың қорғаганы үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдармен марапатталады. Бейбіт еңбекте де біраз құрметке ие болады. 1985 жыль 18 мамырда қайтыс болып, Амангелді ауылында жерленеді. Шенем Күлжиян екеуі тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. Төрт бала соның ішінде үлкен ұлы Серік әскер қатарында азаматтық борышын өтеп жүргендегі апарттан қайтыс болды. Қалғанымыз өмірден өткен эке-шешеміздің, бауырларымыздың рухтарына бас ип, олардың өміріп абыраймен жалғастырып келеміз.



Сұлтан Эбділманов

Рима СҰЛТАНҚЫЗЫ

АБЫРОЙЫ АСҚАҚ АРДАГЕР



Елан Қожахметов

Әттең, өмір шексіз болғанымен ғұмырдың шегі бар ғой...

Елан ағаның өмірбаян беттеріне үңілек, майдангер, жауынгер, ұлағатты ұстаз, тыңгер, ауылдық кеңестің төрағасы, партия үйімінің хатшысы деген сөздерді кездестіреміз. Осы сөздердің тәнірегінен небір салмакты ой, салиқалы сыр өрбігендей болады. Ғасырға жуық ғұмырында осы қызыметтерді атқарған оның өмірі өнеге, абыройы асқақ, мәртебесі биік.

Елан Қожахметов 1919 жылы 20 мамырда Солтүстік Қазақстан облысындағы Приишим ауданының Октябрь ауылында дүниеге келген. Бастауыш, одан кейин орта білім алған ол Петропавл қаласындағы мал дәрігерлерін даярлайтын техникумға оқуға түсіп, оны 1940 жылы бітіріп шығады. Жасы жеткендіктен сол жылы міндетті әскерге шақырылады. Отан алдындағы азаматтық борышын Қыыр Шығыста Приморье өлкесінде өтеп жургенде, кенеттен Ұлы Отан соғысы басталады. Арнайы әскери даярлықтан өткен, соғыс тактикасы мен техникасын меңгерген мұндағы жауынгерлерді әскери құрамаларға біріктіріп, майданға жіберіп жатады. 1943 жылдың наурыз айында кезек оған да жетін, бірінші Украина майданының темір жолдарды пайда-

Откен жылдың жиырмасыншы мамырында 95 жасқа толып, үрімбұтағын жинап, ұлан-асыр той жасаған Елан Қожахметов жақында дүниеден өтті. Ұлы Женістің 70 жылдық мерекесін көріп, тағы бір той думанына бөлену, өзі айтқандай соңғы бір арманы еді. Бірақ ол арманына жете алмады. Көзі тірісінде жыл сайынғы Ұлы Женіс мейрамы күні майданда біре болып, су кешіп, мұз жастанып, жауған өктын астында бірге жатып, тағдырын біріктіріп, достығын байланыстырган майдандастарын еске алып, о дүниеліктердің рухына бас иш, тағым етуді, тірілеріне жүрек жарды сәлеміш жолдауды өзінің басты парызы санаушы еді. Осы ойы алдағы Ұлы Женістің жетпіс жылдық мерекесінде де көкеинде тұратын.

лану полкінің әскери бөлімшелері құрамында соғысқа кіріп, жаумен бетпе-бет шайқаска түседі. Соғыс кезінде өзінің саяси сауаттылығы мен іске жауапкершілігін көрсетіп, взвод командирінен ротаның саяси жетекшілігіне дейін қызмет атқарады. Отан үшін, бүгінгі үрпақтың бакытты болашағы үшін талай рет оқ пен оттың ортасына түсіп, талай рет жауынгерлік ерліктер жасады. Украинаның, Польшаның қалаларын, жау басып алған талай елді мекендерді азат етуге қатысты. Халқымызды дүбірлі қуанышқа бөлеген Ұлы Женісті 1945 жылы 9 мамырда Берлиннен сексен километр жердегі Годбус қаласында карсы алды. Бұл Женістен кейін де сол төңіректе жағдайдың тұрақсыздығынан әскери міндеттін 1946 жылға дейін атқарады. Соғыс жылдағында көрсеткен жауынгерлік ерліктері үшін екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» және бұдан басқа да бірпеше медальдармен марапатталды.

1946 жылы елге оралған Елан ағай бірден бейбіт өмір құрылышына кірісіп кетті. Октябрь орта мектебінде ұстаздық жасап, жаңа жеткіншектерге білім әліппесін үйретті. Талай шәкірттерінің бойына тәлім-тәрбие нұрын құйып, өмірдің сан-тарау жолдарына аттандырды. Бүгінде сол шәкірттері еліміздің әр түкпірінде белді де белсенді қызмет атқарап, ұстаздары сияқты құрметті зейнеткерлердің қатарында жур.

1952 жылы Елан ағай аудандық партия комитетінің нұсқауымен Совет қазіргі Аққайын ауданындағы Қызыл Жұлдыз ауылына партия ұйымының хатшысы қызметіне жіберіледі. Мұнда да жемісті еңбек етіп өз қолтаңбасын қалдырады. Аудан, облыс басшыларына барып, ауылға жана мектеп салуға қол жеткізеді. Тың иферу жылдарында осы аудандағы «Ленинский» кеншарының іргесін қала-сып, шаруашылығын нағайтуға атсалысады. 1958 жылы аудандық кенестің депутаттығына сайланады. Он жыл бойы кеншар кенесінің тәрағасы қызметін атқарады. Соғыста талай киян-кескі шайқаста аман келген ол бейбіт өмірде жол апатына ұшырап, мүгедек болады. Бірақ өмірге деген құштарлығы оны үйде отырғызбайды. Мүгедектігіне қарамастан кеншардағы «Ленин» орта мектебіне ұстаз болып орналасып, жас жеткіншектерді білім нәрімен сусыннатуды одан әрі жалғастырады. Осы мектептен зейнеткерлікке шығады.

1946 жылы қосылып, отау құрған Елан ағай мен Ұмсындық тәтей жеті бала тәрбиелеп өсірді. Ұл-қыздарының бәрі жоғары оқу орындарын бітіріп, әр салада жемісті еңбек етуде. Олардан тараган немерелер мен шеберелер де еңбекте, окуда өз тенділерінің алды болып, жақындаған дүниеден өткен ардақты аталарының асқақты абырай-ын биік ұстауды өз парыздары тұтуда.

Жоламан ШАХАНОВ

СЕЙДАХМЕТОВ ЗҮЛҚАРНАЙ (ЖҰҚАН)



Зұлқарнай Сейдахметов

қызмет істеп, өзінің күшінейілділігімен, қарапайымдылығымен әрі жұмысқа жауапкершілігімен жұрт құрметтіне бөленеді. Бертынге дейін көзі көрген көнекөз қариялар оның осы адами қасиеттерін ерекше ризашылықпен айтып жүретін.

Зұлқарнай Сейдахметов Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылы әскерге алынып, алга什қы лекпен Отан қорғауға аттанады. 112 атқыштар полкінің 3-ші батальонында қатардағы жауынгер болып Ленинград майданы бағытында соғысқа кіреді. Осы бағытта жаумен талай бетпе-бет шайқасып, жауынгерлік ерлігі үшин «Кызыл Ту» орденімен және төрт медальмен марапатталады. 1942 жылы қанды шайқастың бірінде ауыр жаараланып, екі көзінен айырылған бірінші топтағы мүгедек болып елге оралады. Соғыс зардабынан бойына сіңген сырқат ақыры жаңына батып, 1953 жылы 4 наурызда қайтыс болады. Артында қалған ұлы Әлібек, әке әuletiniң отын өшірмей, бүгінде іргелі отбасының үйітқысы болып отыр.

Зұлқарнай Сейдахметов 1906 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь, қазіргі Шал ақын ауданындағы Жаңажол ауылында дүниеге келген. Ауыл тұрғындары ол кісінің есімін Жұқан деп атап кеткен. Мұны жергілікті жұрттың бірі білсе, бірі біле бермейді.

Зұлқарнай ауыл молдасынан сауатын ашып, кейін ересектер мектебінде жанаша оқып, білім алып шығады. Ол кезде ауылда білімді ер азаматтардың қатары сирек болатын. Колхоз құрылышы басталған кезде осындай білімі бар азаматтар колхоздың басшы мамандықтарына қызметке тартылады. Зұлқарнай да соғыс басталар жылдың алдында сондай қызметке тартылып, Алқағаш колхозына басқарма болып тағайындалады. Мұнда ол біраз жыл

73 ЖЫЛДАН КЕЙІН

Дүниенің төрт бұрышын дүр сілкіндірғен екінші дүниежүзілік соғыс уақыт өткен сайын тарих қойнауына тереңдей сіңіп бара жатса да, оның адамзат баласының басына салған қайғы-қасіреті, жүргегіне түсірген мұң-шері әлі күнге дейін ұмытылар емес. Жауды өз ұясында күретіп, Ұлы Женіске қол



жеткізгендікке мине, 70 жыл да болып қалды. Бірақ сол сүм соғыс басталғанда Отан-Анасын қорғауга қолына қару алып, қан майданга аттанған, содан хабар-ошарсыз кеткен асыл аталары мен әкелерні, ағалары мен жанжарларын, балалары мен бауырларын әлі күнге дейін күткен, қай жerde қаза тауып, қай жerde жерленгенін білуден күдерлерін ұзбекен отбасылар, әuletter жоқ емес. Сондай әuletтің бірі-біздің Тұрғыновтар әuletті еді. Ұрынғы Ленин, қазіргі Есіл ауданындағы Бірлік ауылында тұрмыс құрған ата-әжеміз Тұрғын мен Қанапия Сақтағановтар отбасы бес ұл, бір қызы өсіріп, соғыс алдында балалы үйге, базарлы көңіл-күйге айналған отбасы болатын.

Ұлы Отан соғысы басталғанда Тұрғын атамыз алғашқы лекпен елин қорғауга аттанады. Ұлдың ұлкені Бимолда да әкесінің сонынан соғысқа сұранады. Бірақ Ленин аудандық әскери комиссариат жасың толмайды деп кейін қайтарып жібереді. Ақыры Бимолда он сегізге толып, 1942 жылы әкесінің артынан майданға кетеді. Қанапия әжеміз Байман, Аманкелді, Сейтжан, Аманжол есімді төрт ұлымен, Куаныш есімді бір қызымен олардың артында қалады. Өмірдің небір ауыртпалығына қарамастан колхозда еңбек етіп, сол ұл-қыздарын өсіріп, оқытады. Соғысқа кеткен Тұрғыннан да, Бимолдан да еш хабар болмайды. Күйеуі мен тұңғыш ұлы «хабар-ошарсыз кеткендер» қаралы тізімге тіркелсе де күдерін ұзбейді. Сол қайғы-қасыретпен жүріп әжеміз 2005 жылы 103 жасында дүниеден өтеді.

Тұрғынның ұлы Байман еттірлігімен оқып, қажырлы еңбегімен Мамлют ауданындағы Краснознаменный кеңшарында 25 жыл бас агроном болып, екі мәрте Ленин орденін кеудесіне тағып, Социалистік Еңбек Ері атағын алады. Кейінгі ұл-қыздары да өмірден өз

орындарын тауып, еңбектерімен елге елеңіп, үлгілі үйлі-баранды болады. Еңбек Ері атанған Байман ағаммен мениң әкем Сейтжан ұзак жылдар бойы атамыз Тұрғынды, ағамыз Бимолданы іздеп, Мәскеудің тиісті орындарына хат жазады. Бірақ еш нәтиже болмайды. Соғысқа кеткен атамыз Тұрғын мен ағамыз Бимолда «хабар-ошарсыз кеткендер» каралы тізімге жазылған күйінде қалады. Іздестірудің сонына түскен ағам Байман да, әкем Сейтжан да өмірден өтті.

Осылайша құдеріміз үзіліп бара жатқан шакта, жақында, нақты айтқанда осы жылдың 10 ақпанында ғаламтордан қарап отырып, Бимолда атамыз жайында бір жайлы хабар байқап қалдық. Ғаламтор мұрагатының дерегіне үңілсеқ, атамыз Бимолда Тұрғынұлы 1924 жылы туылған. СКО Ленин аудандық әскери комиссариатынан соғысқа шақырылған. 135 ОИПТД 273 атқыштар дивизиясында әскери қызмет жасаған. 1944 жылдың 12 қыркүйегінде Польша жерінде қаза тапкан. Кельпада жерінде жерленген. Ғаламторды одан әрі актарып атамыз Тұрғын Сақтағанұлы туралы еш дерек таба алмадық.

Әйтсе де Ұлы Отан соғысының 70 жылдық мерекесі қарсаңында Тұрғыновтар әулеті осыдан 73 жыл бұрын соғысқа қатысып, хабар-ошарсыз кеткен етжақындарын тауып, үлкен қуанышқа бөлснуде. Енді артында қалған ұрпақтары, туыстары аталарымыздың рухына басымызды ипп, дүға бағыштап, еске аламыз.

*Немересі Ержан Сейтжанұлы,
шөбересі Аружан Ержанқызы Тұрғыновтар*



МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	5
Облыс әкімі Ерік Сұлтанов.	
Солтүстікқазақстандықтар Отан үшін от кешті	6
Тоқтар Зікірин. Майдангерлер – мықтылар!	9
Ерлік шежіресі	10
Уалихан Қуанышұлы. Қырық бірдің жазы еді.....	18
Жоламан Шаханов. Жауды есінен тандырған танкист	20
Айтмағанбет Дауылбаев. Капитан Кәбжаттың ерлігі	23
Жоламан Шаханов. Құпия нысандарды қорғаған	25
Амандақ Жантеміров. Батыр барлаушы	28
Жадыра Есенгелді. Қан майданда қашалған достық.....	34
Жомарт Қажырақымов. Соғысқа қатысқан алты атам -	
мен үшін бәрі де батырлар.....	37
Нұрым Омаров. Ерлік өнегесі	41
Лейла Орынбайқызы. Қайран, Боздақ ағалар	43
Тайлақ Жалмұрзенов. Батальон комсорғы.....	45
Шолпан Сыздықова. Шаңырақ оты өшкен жоқ.....	47
Зейнолла Әкімжанов. Рухымыз мықты, жігеріміз	
жалынды еді	48
Жамбыл Тасеменов. Ерлігі де, еңбегі де үлгі.....	52
Социал Жұмабаев. Нан құдіреті.....	54
Ақбөке Жұсупова. Естелік ескірмейді	57
Жабал Ергалиев. Қайран мениң ағаларым!.....	58
Азамат Өтешов. Фибратты ғұмыр	61
Қанат Тілеуттай. Құпия әуежай	62
Алма Қуандыққызы. Ерді елімен қауыштырған азамат	
атасының аманатын орындағы.....	64
Жоламан Шаханов. Варшаваны азат етуте қатысқан	67
Зейнеп Тәнібаева. Ер есімін ел сақтар.....	68
Гүлгүл Куатқызы. Карагайларды құлатқан қайсар	
қыз болған бұл әже	71
Зейнолла Әкімжанов. Ағаш аяқ	74
Амандақ Жантеміров. Мен дүниеге қызықкан емеспін.....	75
Зейнолла Әкімжанов. Қару мен қаламды қатар ұстаған.....	80
Амандақ Жантеміров. Мінезін майдан	
шындаған қаламгер	82
Ләzzат Рұстембаева. Жүректе қалған сағыныш	84
Сейіл Байтоқов. Жігіттер, бұл жалғанға біз бір қонақ.....	86
Мұратбек Шайкенов. Сонау күндер әлі есте.....	91

Жасұлан Қазбеков. Ауылдың алғашқы мұғалімі	92
Тайлақ Жалмұрзенов. Офицер күнделігі.....	93
Алма Қуандықзы. Барлаушы Иван Ошмарин	96
Балқия Оразбайқызы. Рухы күшті еді	99
Амантай Қақжанов. Бір ауылдан – 63 адам	102
Сапар Дүйсенұлы. Ерлікке тағым	103
Жәлел Қызатов. 43-тің жана жылы еді.....	108
Ғалым Қадірәліұлы. Қайратты қария.....	111
Қойышбай Шәниев. Тектің тұяғы	113
Ахметжан Қуантаев. Мен билеттің сүм соғыс	118
Әсия Баталова. Ұшып ек бір ұядан ұш балапан	122
Асылбек Амандықұлы. Майдангердің хаты өлмейді	126
Мәрия Түкенова. Ұмытылмас асыл еді ғой.....	128
Қайролла Мұқанов. Білкті қолбасшы, шынайы патриот	131
Қазбек Тастамбеков. Тылдағы тағдыр	134
Қайролла Мұқанов. Қырық ұш «қара қағаз»	136
Райхан Жақсыбаева. Ер Мәті – мениң ағам	139
Бикен Кенжетайқызы. Қайран біздің аналар қайсар еді-ау! ...	142
Мәжит Сейітмағамбетұлы. Барлаушы Балтабай	144
Жұмаш Сейітбеков. Бұғанамыз қатпаған бала едік.....	146
Тұменбай Сәрсенбаев. Сиырды жетектеп, соқа айдадық.....	149
Ысқақ Арқаев. Ардагер бақыты	152
Қабдырахим Жарылғапов. Тағдыр.....	154
Ыбырай Илиясов. Тұрабайдың ерлігі	156
Отты жылдар күжаттары	157
Мәжікен Ғаббасов. Сталинград бағытында	159
Сәүле Мәлікова. Жаудың құтын қашырган дивизия	164
Қабдырахман Зікірияұлы. Майданнан хат	167
Қобылан қажы Хамзаұлы. Өмірі – өнеге, көкірегі шежіре еді	168
Сіздерге сүйенеміз, әрі сүйінеміз.....	171
Қайролла Мұқанов. Батыл десантшы	172
Қайролла Мұқанов. Майдангер хаты.....	175
«Қайран ел, қалдың артта...»	178
Күлпән Хайроллақызы. Қаһарлы күндер естелігі	180
Мәжит Қасенов. Бір соғыстан – бір соғыс	182
Ожан Қали. Белгісіз солдат.....	186
Кәрібай Мұсырман. Кім кінәлі?	188
Айгүл Ысқақова. Соғыс соқпағы шындаған	189
Венера Зейнина. Ел есінде.....	191
Мұтэллап Қанғожин. Аламның алғысы	192

Алма Балтабаева. Ардагер арманы	197
Алтай Сұлтан. Қылы тағдыр	201
Зәйіг Қаскеев. Ізгінің ізі өшпейді	203
Зина Оразова. Асылдай анам	208
Кәрібай Мұсырман. Ең мықты ағам	209
Жәмет Кәкімов. Ерте есейдік	212
Туған елге	213
Анаға сәлем	213
Отты жылдар күжаттары	216
Амандық Жантеміров. Қайран, Бөкес алам-ай!	217
Әлия Мұратқызы. Аталарымыз – біздің мақтанышымыз	221
Серікбай Құсайынов. Женісті Берлинде қарсы алды	222
Қуаныш Қожахметов. Қан майданда ерлікпен қаза тапқан....	225
Жоламан Шаханов. Воронежден Берлинге	
деңін майдан шебінен өткен ардагер	227
Зейнолла Экімжанов. Қазақстанның тұнғыш батыры	231
Тілек Әбдірахманов. Аға буын ардақтымыз	234
Жоламан Шаханов. Алғашқы және соңғы хат	239
Зәйт Қаскеев. Орындалған арман.....	242
Айтқожа Исин. Соғыста – медаль,	
бейбіт еңбекте – орден	245
Майданға жолданған хаттар	246
Қанат Қасенов. Қарт майдангер	248
Сәду Айғожаұлы. Азырак сәлем жаздым елімізге	250
Мақпал Өміrbайқызы. Қан майданда ерлік көрсеткен	252
Мұхамеджан Мұқанжарұлы. Сырымды баян	
еттім сұрағанга.....	253
Саяхат Жұбанышұлы. Елім деген ерлер бар	256
Фалия Сәдуақасқызы. Қырқыншы жылдардың	
қойын дәптері.....	257
Жоламан Шаханов. Өнеге тұтар тұлға	260
Жоламан Шаханов. Жауды оз ұсында	
күреткен жауынгер	264
Қасым Жұнісов. Ұзақ жолдар	267
Сагидолла Икенов. Парашютші Ешекен	272
Жоламан Шаханов. Құралайды козден атқан мерген	274
Өшпес даңқ.....	278
«Олар арыстандай айқасып жүр».....	280
Жансұлу Мәженова. Замана зауалы	281
Тоқтар Зікірин. Бір уыс топырақ	282
Отты жылдар күжаттары	284

Мәкен Қалиұлы. Әкесіз ерте есейдік.....	286
Әлімжан Мәжитов. Жеңіске қосқан үлесім бар.....	289
Жоламан Шаханов. Бауыржандай батыр болар ма еді.....	292
Сағидолла Икенов. Есімі тарихқа енгізілген	295
Қадыrbай Керейбайтегі. Талқан қылып, жауды жеңіп кайтармын, көңілденіп домбырамды тартармын	298
Жұмабай Құдайқұлов. Жау ұшактарын жер жастандырган.....	302
Дастан Қасенұлы. Өң мен түстей.....	305
Жоламан Шаханов. Қайсар Қасым	307
Қошан Қали. Өке жолы	309
Елизавета Болатбаева. Аға туралы сөз	311
Болат Қожахметов. Өмір темірge айналғанда қайыспаган қазақ әйелі бар.....	316
Айгүл Іскакова. Ағалы – інілі үшеуі де алапат соғыска қатысты	318
Қошан Қали. 17 жасында жауынгер атанған	321
Жоламан Шаханов. Ержүрек барлаушы болған.....	322
Токтар Зікірин. Шығыста да батыста да шайқасты.....	325
Молдахмет Сұрағанов. Курск иннінде көз жұмды	327
Таңат Сұтірбаев. Жауынгер ұстаз	328
Молдахмет Сұрағанов. Тағдыры бір үш үрпак.....	331
Токтар Зікірин. Десантшы Аманжол	333
Зейкен Жандосов. Бәрі де Женіс үшин.....	335
Бикеш Құлыбекова. Атам асыл жан еді	337
Мақпал Сәркенқызы. Есімі есімізде	340
Мырзаш Алғазин. Отқа оранған жастық шақ.....	343
Орынбай Нұрмұқанов. Естелігі ерліктің	345
Токтар Зікірин. Қадірлі қария.....	347
Валерий Бенюх. Қайсар мінезді қаһарман еді	349
Нұрсайын Шәріп. Александр Невский ордені омырауда жарқыраган лейтенант	351
Еркіндік Рахметова. Қайран атам, қандай еді	354
Болат Құсайынов. Өмір шындаған.....	356
Шолпан Сыздықова. Соғыс жалыны шарпыған	358
Ескендір Нұрымов. Ары таза азamat еді.....	360
Жанар Омарова. Полковник Орлов патриоттық тәрбиенің үйітқысы.....	365
Владимир Трусов. Біздің көргенімізді қазіргі жастардың басына бермесін	366

Күннэр Қабдөшева. Әжемнің ерлігі.....	370
Жоламан Шаханов. Алпыс жетінің бірі – Сәтібек.....	373
Халида, Сара, Роза Әбдірахманқыздары.	
Әкеміз қайсар жан болатын	374
Анна Кучеренко. Ерлік елдің есінде	378
Болат Әбішев. Ардагер Анатолий Овсянников – мактандыш ..	379
Бибісара Самбаева. Батыл майдангер, тәлімді ұстаз.....	381
Қайролла Мұқанов. Өмірі де, өнері де – өнеге	383
Тоқтар Зікірии. Екі соғыска қатысқан карт	385
Василий Лукьянченко. Өмір өткелдсі	388
Нұрсайын Шәріп. Қаһарман партизан Николай Зебницкий...	389
Гүлгүл Куатқызы. От кешкен күндер	392
Қанат Атаманов. Ардагерді құттықтады	394
Мақуза Өтегенова. «Майдангердің қызымын»	
деп мақтанамын	395
Райса Бикмухаметова. Жауынгер жолы.....	397
Жанайдар Әбдірахманов. Әкем және бес бірдей ағам	399
Ғабдул Меркұрман. Маршалды күзеткен Хамит	401
Қанат Атаманов. Асу асып, жауды жеңген	404
Жанат Шалабаева. Айбынды ардагерлер – ардақтымыз.....	406
Нұрсайын Шәріп. Ескендірдің ерлігі.....	408
Сапарғали Жағыпаров. Таң алдындағы шайқас	412
Ләйла Жанысова. Жазылмайтын жара	415
Әсемгүл Есімсеитова. Қабырғаға ілінген сурет	420
Жанкүміс Қабдолқызы. Өзиң жаққан шырағының	422
Ескендір Нұрым. Бұлынғыр балалық шағымның белгісі ..	424
Гүлгүл Куатқызы. Жадында Белорусь орманы.....	430
Сабыр Ыбыраев. Үмытпас сан үрпактар ерлігінді	433
Сапура Ташенова. Біз көргенді ешкімнің басына бермесін ..	436
Ибраїл Ильясов. 90-ға келсе де, төбесінен тік тұрады	438
Аязбеков Сарман. Ғұмыры ғибратқа толы	440
Таңат Сүгірбаев. Екі соғыстың күәгері.....	442
Таңат Сүгірбаев. Аудан атасы	443
Әлімжан Мәжитов. Мәлгаждардың соңғы хаты.....	445
Қанат, Марат Әубекіровтар. Өмір мекебінде шынықкан	447
Гүлгүл Куатқызы. Кегі қайтқан жауынгер	449
Жоламан Шаханов. Әкемнің әділдігі.....	453
Жанысова Ләйла. Ленинград құрсауында	
болғандардың бірі	456
Тихонов Серафим Сергеевич.....	458
Рима Сұлтанқызы. Өмірінің жалғасымыз	458

Жоламан Шаханов. Абырайы аскак ардагер	460
Сейдахметов Зұлқарнай (Жұқан)	462
Ержан, Аружан Тұрғыновтар. 73 жылдан кеини	463

ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҚ
70 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛАДЫ

ӨШПЕС ЕРЛІК

Компьютерный набор: Нұржамал Байтепова

Дизайн и верстка: Екатерина Ржавина

Отпечатано
в ТОО «Издательство
«Северный Казахстан»
ул. Кошукова, 5

